Том 40

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

40
ТОМ

Декабрь 1919 — апрель 1920

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1980

ББК 11.5
Л 40

Л $\frac{10102-203}{401(07)-80}$ 1—80 0101020000

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының қырқыншы томына 1919 жылы декабрьде—1920 жылы апрельде жазылған шығармалары еніп отыр. Бұл кезең Антанта мен ішкі контрреволюцияның біріккен күштеріне қарсы күресте совет әскерлері шешуші жеңістерге жеткеннен кейін, 1920 жылдың басында туған қысқа мерзімді тыныс алу кезеңі еді.

Лениннің бұл кезеңде жазылған еңбектерінде большевиктік партияның социалистік отанды сыртқы және ішкі жаулардан қорғау ісін ұйымдастыру жөніндегі, советтік мемлекеттік және қоғамдық құрылысты нығайту жөніндегі орасан мол тәжірибесі қорытылды. Октябрь социалистік революциясының және Совет өкіметі өмір сүрген алғашқы жылдардың тәжірибесі негізінде Ленин марксизмнің капитализмнен социализмге өту кезеңі туралы аса маңызды теориялық қағидаларын дамытады, пролетариат диктатурасы дәуіріндегі тап күресінің заңдылықтарын ашып көрсетеді және партияның социалистік қоғам орнатуға бағытталған саясатын белгілейді.

Осы томның беташары болып отырған «Құрылтай жиналысының сайлауы және пролетариат диктатурасы» деген еңбегінде, «Ғасырлық укладты талқандаудан жаңаны жасауға қарай» деген мақаласында Ленин, дүние жүзіндегі тұңғыш Советтік социалистік мемлекеттің өмір сүруінің екі жылдық тәжірибесіне сүйене отырып, пролетариат диктатурасының қажеттігін дәлелдейді,

оның міндеттерін сөз етеді. Бұл еңбектерінде Ленин былай деп көрсетеді: *«бір таптың, пролетариаттың, қолындағы мемлекеттік өкімет пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасын пролетариат жағына тартудың құралы, бұл бұқараны буржуазиядан және ұсақ буржуазиялық партиялардан өз жағына қаратып алудың құралы бола алады және болуға тиіс»* (осы том, 11-бет).

Ленин советтік демократияның буржуазиялық жалған демократиядан орасан зор артықшылықтарын сөз етеді, «таза демократияны» уағыздаған және пролетариат диктатурасын теріске шығарған социал-демократиялық партиялардың оппортунистік лидерлерін әшкерелейді. «Пролетариаттың *революцияшыл* бөлегі оппортунизмді қуып шығуға және жаныштауға өте байсалды түрде, жан-жақты әзірленбейінше, пролетариат диктатурасы туралы ойлаудың өзі де қисынсыз. Қазір пролетариат диктатурасын сөз жүзінде танумен жалтарып кеткісі келетін «тәуелсіз» герман социал-демократиясының, француз социализмінің, т. т. көсемдерінің орыс революциясының бұл сабағын мықтап жадында сақтағаны дұрыс болар еді»,—деп жазды Ленин 1919 жылы декабрьде (6-бет). Ленин 1917 жылы октябрьде Россияда большевиктердің жеңіске жетуінің себебі ең алдымен мынада екенін көрсетіп берді: олар пролетариаттың орасан зор көпшілігін, ал оның ішінде — осы алдыңғы қатарлы таптың ең саналы, жігерлі және революцияшыл бөлегін өз соңынан ерте білді.

Ленин пролетариат пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасының бірден-бір сенімді басшысы болып табылатындығын түсіндіріп берді, сөйтіп пролетариат диктатурасының жоғары принципі — жұмысшы табының шаруалармен одағы туралы ілімді одан әрі дамыта түсті. Өтпелі кезеңде таптар сақталып қалатындықтан, деп үйретті Ленин, пролетариат диктатурасын жеңіп алумен тап күресі тоқталмайды, тек қана басқа формада, басқа құралдармен жүргізіледі. Пролетариат диктатурасы дегеніміз жұмысшы табының таптық күресі, бұл күрестің бір міндеті — ұзақ уақыт бойы жинақталған тәжірибеге, бірсыпыра практикалық мысалдарға сүйене отырып, пролетарлық емес еңбекшілер топтары-

на олардың буржуазия диктатурасынан гөрі пролетариат диктатурасын жақтағаны тиімдірек екендігін дәлелдеу.

«Жұмысшы табы,— делінген КПСС Программасында,— өзінің жаңа қоғамды жасаушы ретіндегі тарихи миссиясын *пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасымен,* ең әуелі шаруалармен берік *одақтасқанда* ғана орындай алады».

Жеңген пролетариат мемлекеттік өкіметті өзінің таптық мақсаттарына пайдаланып буржуазияның қарсылығын басып-жаншуды жүзеге асыруға, еңбекші шаруаларды өз жағына тартуға, ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды қамтамасыз етуге, ірі машиналы өндірісті ұйымдастыруға, социализм орнатуға тиіс.

Томға еніп отырған мақалалар, баяндамалар мен сөздер В. И. Лениннің пролетариат диктатурасын нығайту, елдің барлық күшін халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне жұмылдыру жолындағы, Коммунистік партия мен Совет мемлекетіне басшылық жасау жөніндегі алуан түрлі саяси және ұйымдастырушылық қызметін бейнелейді. Оларда Совет өкіметінің сыртқы және ішкі саясатының мәселелері, дүние жүзілік коммунистік қозғалыстың аса маңызды проблемалары сөз болады.

1919 жылғы кескілескен ұрыстарда Қызыл Армия Антантаның итаршылары — Колчакты, Деникинді, Юденичті, Миллерді бірінен соң бірін талқандап, интервенттер мен ақ гвардияшылардан Совет елінің территориясын түгел дерлік азат етті. Бұл жеңіс жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағына, Россиядағы барлық халықтар еңбекшілерінің достығына негізделген советтік құрылыстың күшін паш ететін бүкіл дүние жүзілік-тарихи жеңіс болды. «Бүкіл дүние жүзілік-қуатты Антантадан біз енді қорықпаймыз: шешуші айқастарда біз оны жеңіп шықтық»,— деп мәлімдеді Ленин 1920 жылы 1 мартта еңбекші казактардың Бүкіл россиялық I съезінде (197-бет).

Қызыл Армияның азамат соғысы майдандарындағы жеңістері нәтижесінде елдің халықаралық және ішкі жағдайында ірі өзгерістер болды, Совет республикасы-

ның халықаралық жағдайы жақсарды. Англияның, Францияның және Италияның билеуші топтары 1920 жылы январьда экономикалық блокаданы тоқтату туралы шешім қабылдауға мәжбүр болды. Өзінің бейбітшіл сыртқы саясатының принциптерінен айнымайтын Совет үкіметі 1920 жылы февральдың басында Эстониямен бітім шартын жасасты, бұдан кейін Латвиямен, Литвамен және Финляндиямен бітім шарттары жасалды. Мұның өзі пролетарлық мемлекеттің халықаралық көлемдегі орасан зор жеңісі және дүние жүзілік капитализмнің ірі жеңілісі еді.

Совет халқының интервенттер мен ішкі контрреволюцияны жеңуі—социалистік революцияның ұлы жеңістерінің, капитализмді құлатқан еңбекшілердің жеңілмес құдіретті күшінің нәтижесі, бұқара арасында шексіз сенімге ие болған большевиктер партиясының ұйымдастырушылық және бағыттаушылық қызметінің нәтижесі. «Партияның сақ болуының, партияның аса қатаң тәртіпті болуының арқасында ғана,— деді Ленин,—партияның беделі барлық ведомстволар мен мекемелерді біріктіргендіктен ғана, Орталық Комитет ұсынған ұран бойынша ондаған, жүздеген, мыңдаған, сайып келгенде миллиондаған адамдар бір кісідей болып күреске аттанғандықтан ғана, құлақ естімеген құрбандықтар болғандықтан ғана,—тек сондықтан ғана керемет жасалуы мүмкін еді, керемет жасалды да. Тек сондықтан ғана, Антанта империалистері мен бүкіл дүние жүзі империалистерінің екі рет, үш рет, төрт рет жорық жасағанына қарамастан, біз жеңіп шыға алдық» (262—263-беттер).

Осы томға еніп отырған бірқатар еңбектерде —«Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы VII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясында жасаған баяндамасында», «Москва торабы теміржолшыларының конференциясында сөйлеген сөзінде», шетел газеттерінің тілшілеріне берген интервьюлерінде және басқа еңбектерінде Ленин Совет мемлекетінің халықаралық жағдайына жан-жақты сипаттама береді, дүние жүзілік империализмнің жыртқыштық, қарақшылық саясатын ашып көрсетеді, оған советтік сая-

сатты — халықтардың бейбітшілігі, достығы және ынтымақтастығы саясатын қарама-қарсы қояды. Шағын елдердің халықтарына осы халықтардың ұлттық намысын қорлап, суверенитетін аяққа басатын ірі империалистік державалардың тонаушылық мақсаттарын түсіндіре келіп, Ленин Советтік Россияның уақытша оккупацияланған аудандарында, сондай-ақ Финляндияда, Польшада және Латвияда өздерін тонаушылар, қарақшылар және зорлықшылар етіп көрсеткен ағылшын, француз және американ империалистерін ашу-ызамен әшкерелейді.

Сонымен бірге Ленин Совет елі мен капитализм елдерінің бейбіт қатар өмір сүру принциптерін жүзеге асыру жолында тынбастан күрес жүргізді, Советтік Россияның бейбітшілікке, барлық елдермен іскерлік, экономикалық қатынастар орнатуға ұдайы ұмтылып отыратынын атап көрсетті. Ленин бұған «американ капиталистері (сол сияқты барлық өзге де капиталистер) жағының империализмі» (159-бет) кедергі болып отыр деп атап көрсетті. Американ «Universal Service» информациялық агенттігінің Берлиндегі тілшісінің Америкамен тату тұру негіздері туралы сұрағына Ленин 1920 жылы 18 февральда былай деп жауап берді: «Американ капиталистері бізге тимейтін болсын. Біз оларға тимейміз. ...Біз ешқайсысын шетке қақпай барлық елдермен де одақтасуды жақтаймыз» (158—159-беттер).

Американ «The World» газетінің басқа бір тілшісімен әңгімелескенде,— бұл әңгіменің жазбасы Шығармаларға бірінші рет енгізіліп отыр,— Ленин 1920 жылы 21 февральда былай деді: «Біз өзіміздің бітімге ұмтылатындығымыз туралы... талай рет мәлімдедік. Бірақ біз бітімге бола өзімізді тұншықтырып өлтіруге жол беру ниетінен аулақпыз.

Біздің мемлекетіміз сияқты социалистік мемлекеттің капиталистік елдермен неліктен шектеусіз іскерлік қарым-қатынастар жасай алмауына мен ешқандай себепті көріп отырғаным жоқ» (166-бет). Ленин осы интервьюінде түрлі елдердің экономикалық өзара тәуелділігін көрсетіп берді, дүние жүзінің орыс товарларына мұқтаж болып отырғанын атап айтты. Европа Россияға тәуелді,

деді ол, Европа Россиясыз аяғынан тік басып кете алмайды, ал Европа әлсіреп отырғанда, Американың халі мүшкіл болмақ.

Совет мемлекетінің лениндік бейбітшіл сыртқы саясатын дүние жүзінің барлық халықтары қолдап келді және қолдап отыр. Осы саясаттың арқасында, деді Ленин, біз барлық халықтардың тілектестігіне ие болдық, барлық елдерде миллиондаған одақтастар таптық. «Бұл — біздің бейбітшіл саясатымызды жер жүзіндегі халықтардың орасан зор көпшілігі мақұлдайды деген сөз» (193-бет). Лениннің 1920 жылы айтқан бұл сөздері бейбітшілік жолындағы қуатты қозғалыс өрістей түскен қазіргі кезде де ерекше күшпен естіледі, ал Коммунистік партия басшылық еткен совет халқы сол қозғалыстың алдыңғы сапында келеді. Бейбітшіл сыртқы саясаттың лениндік принциптері барлық елдер халықтарының бейбітшілік жолындағы күресінде олардың интернационалдық топтасуының қуатты құралы болып отыр. Бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті үзілді-кесілді жақтайтын жүздеген миллион адам қазір жер жүзінің барлық континенттерінде бейбітшілікті қорғау ісіне жұмылған. Социалистік елдердің халықтары, бүкіл дүние жүзінің прогресшіл күштері дүние жүзілік соғыстарды қоғам өмірінен аластау үшін ойдағыдай күрес жүргізуде. Социализмнің бүкіл дүние жүзінде жеңуі қандай да болсын соғысты туғызатын әлеуметтік және ұлттық себептерді біржолата жояды. **«Соғыс атаулыны жою, жер бетінде мәңгілік бейбітшілік орнату»** — Коммунистік партия өзінің жаңа Программасында жариялаған коммунизмнің тарихи миссиясы міне осы.

Интервенттер мен ішкі контрреволюцияны талқандауда лениндік ұлт саясатының, Россияның барлық халықтарын тығыз топтастыру саясатының зор маңызы болды. «Деникинді жеңгендігіміз жөнінде Украина жұмысшылары мен шаруаларына хатта» және басқа еңбектерінде Ленин Коммунистік партия мен Совет өкіметінің ұлттық саясатының мәнін белгілеп береді. Коммунистер — ұлттардың қастасуына, ұлттардың араздығына, ұлттардың оқшаулануына қарсы, олар — интернационалистер. Социализм мүдделері, деп түсіндірді Ленин, түрлі елдер-

дің еңбекшілері арасында мейлінше толық сенім, мейлінше тығыз одақ болуын талап етеді. Капитал—халықаралық күш, оны жеңу үшін жұмысшылардың халықаралық одағы керек.

Ленин ұлт сенімсіздігінің сарқыншақтарына өте сақ, төзімді және олар жөнінде икемге келгіш болуға шақырды. Ұлттардың ерікті одағын, деп жазды ол, бірден жүзеге асыруға болмайды, бұл одаққа асқан төзімділікпен және сақтықпен жету керек. Хатта Ленин Совет мемлекетінің тағдыры және азамат соғысының нәтижесі үшін орыс және украин халықтарының достығы мен одағының өте-мөте маңызды екенін атап көрсетті. «Кімде-кім великорус және украин жұмысшылары мен шаруаларының бірлігін және ең тығыз одағын бұзса, ол Колчактарға, Деникиндерге, барлық елдердің жыртқыш капиталистеріне көмектеседі» (48-бет). Россия мен Украинаның еңбекші бұқарасы, Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, мызғымас саяси, әскери және шаруашылық одақ құрды, бұл одақтың беріктігі азамат соғысы жылдарында, халық шаруашылығын қалпына келтіру және социализм құрылысы жылдарында, 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жылдарында сыналды. Совет Одағының барлық халықтары, тығыз одақтаса отырып, коммунизм салтанатына қарай алға басып келеді.

1920 жылдың басына қарай азамат соғысының басты кезеңі артта қалған еді, алда бейбіт құрылыс міндеттері тұрды. Соғыс қаупінің әлі жойылып бітпегенін, Қиыр Шығыста, Закавказьеде және Қырымда интервенция әлі жүріп жатқанын Ленин сол кезеңдегі бейбіт тыныс алудың ерекшелігі деп білді. Антанта әсіресе Польшаға және Балтық жағалауындағы елдерге қатты қысым жасады, бұларда Антантаның жаңадан жорық жасауы үшін ағылшын және француз соғысқұмарларының басшылығымен ақ бандит элементтерінен армиялар құрылды. Ленин өзінің сөздері мен баяндамаларында және мақалаларында совет халқын қырағы болуға, социалистік отанды қорғауға шақырды. «Азат болған Россияны, екі жыл бойы азап шегіп өзінің советтік революция-

сын басынан кешірген Россияны, осы Россияны біз қасық қанымыз қалғанша қорғаймыз!» — деді Ленин (198-бет).

Совет республикасы Қызыл Армияны демобилизациялауға бірден кірісе алмады, Совет мемлекетін қорғау үшін өзінің армиясын жауынгерлік әзірлікте ұстауға мәжбүр болды. Американ тілшісінің: Россия сырттан болатын контрреволюциялық қол сұғушылықтан әлі де қорқуға тиіс пе? — деген сұрағына Ленин былай деп жауап берді: «Амал не, қорқуға тиіс. Өйткені капиталистер — ақымақ, ашқарақ адамдар. Олар осы сияқты талай-талай ақымақтық, ашқарақтық қол сұғушылық әрекеттерін жасады, сондықтан әр елдің жұмысшылары мен шаруалары өздерінің капиталистерін *қайта тәрбиелеп шыққанша* мұның қайталануынан қорқу керек» (160-бет).

Партия мен Совет үкіметінің шешімі бойынша армия күштерінің бір бөлегі транспортты, отын өнеркәсібін қалпына келтіру жөніндегі жұмысқа ауыстырылды. Жекелеген армиялар еңбек армиялары болып қайта құрылды. Еңбек армияларын құру бейбіт тыныс алудың осы, нақты жағдайларында туған қажеттілік, лажсыздан қолданылған, уақытша шара деп саналды. Совет мемлекеті ол кезеңде шаруашылық міндеттерін әскери коммунизм жолында шешуге мәжбүр болған еді.

Қызыл Армияның азамат соғысы майдандарындағы жеңістері арқасында еліміздің аса маңызды шикізат, отын және азық-түлік аудандары қайтарылып алынды. Бірақ 1920 жылдың басында Совет республикасы төрт жылға созылған империалистік соғыстың, екі жылға созылған шетел соғыс интервенциясының және азамат соғысының салдарынан терең экономикалық күйзелісті басынан кешірген еді. Темір жол транспорты, металлургия өнеркәсібі мен отын өнеркәсібі апатты жағдайға жетті. Фабрикалар мен заводтардың көпшілігі жұмыс істемеді, көптеген шахталар мен рудниктерді су басып қалды, өнеркәсіпке отын мен шикізат жетпеді. Қызыл Армияның соққысынан шегінген кезде интервенттер мен ақ гвардияшылар мыңдаған көпірлерді қопарды, темір жолдарды бұзып тастады, заводтарды қиратты,

отынның, шикізаттың мол қорын тиеп әкетті немесе жойып жіберді. Ауыл шаруашылығында да жағдай ауыр еді: егіс көлемі азайды, егін шығымдылығы төмендеп, мал саны кеміп кетті. Совет республикасының еңбекшілері адам айтқысыз мұқтаждыққа ұшырады. Елде аштық жайлап, сүзек және басқа жұқпалы аурулар тарады. Әсіресе Москваның, Петроградтың, Иваново-Вознесенскінің және басқа өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары өте-мөте ауыр жағдайға душар болды.

Осындай аса қиын жағдайда Ленин басшылық еткен Коммунистік партия мен Совет үкіметі күйзелісті жеңіп, еңбекшілердің жағдайын жеңілдету үшін мүмкін болған шаралардың бәрін қолданды. Ең алдымен темір жол транспортын қалпына келтіру, отын өндіруді жолға қою жолындағы күрес өрістетілді. Еңбек өнімділігін арттыру мақсатымен еңбек азық-түлік паегі және жұмысшыларға заттай сыйлық беру енгізілді. Пресня ауданының жұмысшылары мен қызыл әскерлерінің партиялық емес конференциясында, халық шаруашылығы Советтерінің 1920 жылғы январьдағы Бүкіл россиялық III съезінде сөйлеген сөздерінде, медициналық-санитариялық еңбек қызметкерлерінің Бүкіл россиялық II съезінде 1 мартта сөйлеген сөзінде Ленин ел қорғау ісін ұйымдастыру жөніндегі бүкіл тәжірибені қан төгілмейтін майданда — шаруашылық майданында, бейбіт құрылыс міндеттерін орындау ісінде қолдануға шақырды. Коммунист-жұмысшылармен қатар мыңдаған мамандар жауапты қызметтер атқарды. Егер революцияның бас кезінде ескі интеллигенцияның өкілдері жұмысшы табына сенімсіздікпен қараса, сөйтіп буржуазиялық қоғамның қайта орнауын арман етсе, Совет өкіметінің екі жылы ішінде тек пролетариатпен біріккенде ғана Россияны мәдени жағынан гүлдендіруге болатындығына олардың көзі жетті. Ленин: «ғылым өкілдерінің, пролетариаттың және техниканың одағы алдында ешқандай дүлей күш шыдап тұра алмайды», — деп атап көрсетті (206-бет). Тек ғылым қайраткерлері мен жұмысшылардың ынтымақтастығы ғана қайыршылықтың, мешеуліктің және аурулардың азабын түгел жоя алады.

Ленин экономикалық қызметті социалистік мемлекеттің басты, тұрақты функциясы деп есептеді. Оның ұсынысы бойынша, Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советі 1920 жылы апрельдің бас кезінде Еңбек және Қорғаныс Советі болып қайта құрылды, күштерді ел қорғау ісіне жұмылдырумен қатар, барлық ведомстволардың жұмысын шаруашылық құрылысына бейімдеп үйлестіру және күшейту Еңбек және Қорғаныс Советінің аса маңызды міндеті етіліп қойылды.

Ленин елді электрлендіру негізінде халық шаруашылығын қалпына келтіру мен қайта құрудың бірыңғай шаруашылық жоспарын жасауды бірінші кезектегі міндет етіп алға қойды. Ленин өзінің осы жоспар жөніндегі нұсқауларында Россияның экономикасын қалпына келтіру және өрге бастыру озық техникаға негізделуге тиіс деп атап көрсетті. Елді электрлендіру — күйзелген және мешеу қалған елді бай әрі қуатты индустриялы социалистік державаға айналдырудың бірден-бір дұрыс та төте жолы міне осы. Ленин Россияны электрлендіру жоспарын жасау жөніндегі негізгі қағидаларды белгілеп берді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Россияны электрлендіру туралы 1920 жылы февральда қабылдаған қарарында Лениннің нұсқаулары нақты бейнеленді.

Лениннің инициативасы бойынша және оның басшылығымен Россияны электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссия (ГОЭЛРО) тарихта тұңғыш рет пролетарлық мемлекеттің халық шаруашылығын өркендетудің ғылыми перспективалық жоспарын — 10—15 жылға арналған электрлендіру жоспарын әзірлеуге кірісті. Ленин Россияны электрлендіру жоспарын жасау жөніндегі жұмысқа қалың жұртшылықтың назарын аудару қажет деп есептеді. Жұмысшылар мен шаруалардың, ғылым мен ағарту қайраткерлерінің алдында, партия активінің жиналыстарында сөйлеген сөздері мен жасаған баяндамаларында Ленин елді электрлендіру идеясын тынбастан насихаттады, ГОЭЛРО жұмысының маңыздылығын көрсетті. Бұл жоспар туралы Ленин VII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясында Бүкіл россиялық Орталық Ат-

қару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің жұмысы жайында 2 февральда жасаған баяндамасында, мектептен тыс білім беру жөніндегі Бүкіл россиялық III кеңесте 25 февральда сөйлеген сөзінде, басқа да сөздері мен баяндамаларында айтты.

Ленин еңбекші казактардың Бүкіл россиялық I съезінде 1 мартта жасаған баяндамасында азық-түлік қорын жасау қажеттігі туралы мәселені мейлінше қатты қойды, өйткені азық-түлік қоры жасалмайынша, өнеркәсіпті, транспортты қалпына келтіру, электрлендіру жөніндегі жұмыстарды бастау мүмкін емес еді. Өнеркәсіп құрылысын, елді электрлендіру ісін бастау үшін астықты және азық-түлік өнімдерін көп мөлшерде дайындап, оларды елдің өнеркәсіп орталықтарына тасып жеткізу керек еді.

Россияны электрлендіру жоспарында электр станциялары құрылысын кең көлемде жүргізу, халық шаруашылығын қалпына келтіру, Россияның экономикасын қайта құру көзделді. Ағылшын «Daily Express» газеті тілшісінің сұрақтарына берген жауабында Ленин электрлендірудің маңызы туралы 1920 жылы 18 февральда былай деп жазды: «Электрлендіру Россияны жаңартып жібереді. Советтік құрылысқа сүйеніп жүргізілетін электрлендіру ісі біздің елімізде коммунизм негіздерінің, қанаушыларсыз, капиталистерсіз, помещиктерсіз, көпестерсіз орнайтын мәдениетті тұрмыс негіздерінің біржолата жеңуін қамтамасыз етеді» (162-бет).

«Менінше,—деді Ленин басқа бір шетел тілшісімен әңгімесінде,— электрлендіру ісі — біздің алдымызда тұрған барлық ұлы міндеттердің ең маңыздысы» (170-бет).

Халық шаруашылығын қалпына келтірудің және социалистік жолмен қайта құрудың лениндік жоспарына 1920 жылы марттың аяғында болып өткен партияның IX съезінде көп көңіл бөлінді.

«Партия съезіне әзірлену туралы РКП ұйымдарына хатта» Ленин съездің мақсаты — шаруашылық құрылыстың практикалық міндеттерін белгілеу болып табылады деп атап көрсетті. «Ілгері басу керек,—деп жазды

ол,— алға қарау керек, съезге шаруашылық құрылыстың ойластырылған, партияның барлық мүшелері жаппай еңбектеніп, жаппай күш салып, мұқият *қайта қараған практикалық тәжірибесін* әкелу керек» (155-бет). Съезде 29 мартта жасаған баяндамасында және съезді жабарда сөйлеген қорытынды сөзінде Ленин бәрін де бірыңғай шаруашылық жоспарды жүзеге асыру ісіне бағындыруға шақырды. Шаруашылық майдандағы күрес, деді ол, күшті сарқа жұмсауды, халқымыз жауларға қарсы күресте көрсеткен және біз қазір көрсетуге тиіс болып отырған ерік бірлігін талап етеді.

Партияның IX съезінің шешімдеріне негіз болған, Россияны электрлендіру жоспары туралы Лениннің идеялары мен нұсқаулары жалпы партиялық директиваның күшіне ие болды. Съезд шаруашылық жоспарды кеңінен насихаттау, оны орындау жолында күрес жүргізу қажеттігін атап көрсетті. Партия съезінің бірыңғай шаруашылық жоспар және елді электрлендіру программасы туралы шешімдерінде социалистік жоспарлаудың лениндік принциптері нақты бейнеленді.

Елді электрлендіру жоспары Советтік Россияда социализм орнатудың лениндік программасының негізі болды.

Бұл жоспарға оппортунистік элементтер өршелене қарсы шықты, олардың позициясы шындығында социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау программасын іске асыртпай тастауға әкеп соқтыратын еді. IX съезд күндерінде, партия Россияны электрлендіру жоспарын талдап жасау жөнінде лениндік директиваларды қабылдап, елді озық техника негізінде қалпына келтіру және қайта құру жолдарын белгілеп жатқан кезде, троцкистер бұған қарама-қарсы өз «шаруашылық жоспарын» ұсынды, бұл жоспар олардың Совет елінде социализмнің жеңуі мүмкін емес деген капитулянттық пайымдауларын бейнелейді. Ленин СССР-де социализм орнату мүмкіндігіне сенбеген троцкистерді, оңшыл оппортунистерді, скептиктер мен сары уайымшылдарды аяусыз әшкереледі.

Ленин съезде Т. В. Сапроновтың, Н. Осинскийдің,

В. М. Смирновтың және басқалардың антипартиялық «демократиялық централизм» («децистер») тобын ақырына дейін әшкерелеп, қатты сынға алды; бұл топ та партияның шаруашылық құрылыстағы бағытына қарсы шығып, Совет өкіметі тағайындаған өндірістегі дара басшылық принципін теріске шығарды, сөйтіп коллегиялылықты шексіз қолдануды талап етті. Съезде «децистерді» А. И. Рыков пен М. П. Томский қолдады. «Децистер» көзқарастарының «демократиялық централизм» принципін маркстік, большевиктік тұрғыдан түсінумен ортақ ештеңесі жоқ еді. Ол көзқарастар өнеркәсіп пен шаруашылық кәсіпорындарды басқару ісінде жауапсыздықтың орын алуына, партияның Совет мемлекеті мен социалистік құрылыстағы басшылық ролін әлсіретуге жол беретін еді. Съезд «децистер» тобына үзілді-кесілді тойтарыс беріп, олардың антипартиялық ұсыныстарын қабылдамай тастады. Съезд «Шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері туралы» қарарында халық шаруашылығын басқарудың формалары мен әдістері туралы лениндік қағиданы баянды етті.

Ленин съезде жасаған баяндамасында партия мен елге басшылық жасаудың коллективтік органы—партияның Орталық Комитетінің ролін баса көрсетті. Ол: «Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросында немесе Саяси бюросында, немесе пленумында қабылданған Орталық Комитеттің коллегиялық шешімдерін ғана, кілең тек осындай мәселелерді ғана партияның Орталық Комитетінің секретары жүзеге асырып отырды. Бұлай болмаған күнде Орталық Комитеттің жұмысы дұрыс жүргізілуі мүмкін емес»,— деп көрсетті (260-бет).

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің өмірінде РКП(б) IX съезінің маңызы зор болды. Съезд партияны, жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерді экономикалық күйзеліске қарсы күресуге, халық шаруашылығын қалпына келтіру міндеттерін практика жүзінде шешуге жұмылдырды, халық бұқарасының творчестволық инициативасы мен еңбек өрлеуін дамыту жөнінде нақты шаралар белгіледі. Съезді жабарда сөйлеген сөзінде Ленин жұмысшы табы және шаруалардың еңбекші бұ-

қарасы Коммунистік партияның басшылығымен халық шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде съезд алға қойған міндетті толық орындайды деп кәміл сенім білдірді.

«Съезіміздің шешімдеріне сүйене отырып,— деді Ленин,— партияның 600 000 мүшесінің бір кісідей болып жұмыс істеуіне жетіп, шаруашылық органдарымен және кәсіподақ органдарымен неғұрлым тығыз байланыс орната отырып,—біздің бұл міндетті де соғыс міндетін шешкеніміздей жеңімпаздықпен шеше алатындығымызға... мен сенімдімін» (313-бет).

Делегаттардың бір тобы IX съездің қорытынды мәжілісін Лениннің туғанына елу жыл толуының жақындап қалғанына байланысты оған құрмет көрсетуге арнауды ұсынды. Өзінің жеке басын, өзінің сіңірген еңбектерін мадақтауға және дәріптеуге ешбір жол бермеген Ленин мұндай ұсынысты мақұлдамады. Алайда, Лениннің қарсылық білдіргеніне қарамастан, съездің барлық делегаттары бұл ұсынысты ду қол шапалақтап қолдады. Екі шешеннің сөзін тыңдағаннан кейін Ленин мәжілістен кетіп қалды. 1920 жылы 22 апрельде бүкіл еліміз Лениннің елу жылдығын атап өтті. Москвада салтанатты мәжілісте А. М. Горький, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский және басқалар В. И. Ленин туралы сөз сөйледі. Ленин мәжілістің аяқ кезінде ғана келіп, өзінің жауап сөзін Коммунистік партияға және оның ұлы тарихи міндеттеріне арнады. Ленин партияны тоқмейілсуден сақтандырды, өз сөзін большевиктер «өзіміздің партиямызды дандайсыған партияның жағдайына қалай да түсірмеуіміз керек» деген тілекпен аяқтады (356-бет).

Лениннің нұсқауларын басшылыққа алған Коммунистік партия ешқашан да табысқа тоқмейілсімейді, қол жеткенді місе тұтпайды, қайта жаңа табыстарға жетуге күш салады. Бейқамдық пен дандайсушылықтың белгілеріне қарсы күрестегі ең күшті қару, партияның жауынгерлік қабілетін күшейтудің негізгі шарты сын мен өзара сын болып табылады, өйткені сын мен өзара сын — жұмыс істеудің сыннан өткен әдісі, қателіктер мен кемшіліктерді ашудың және түзетудің, кадрларды дұрыс тәрбиелеудің жолы.

Ленин советтік құрылысты, еңбекші бұқараның творчестволық қызметін соғыстағы жеңістердің де, сондай-ақ социалистік құрылыстағы қиыншылықтарды жеңудің де сарқылмас қайнар көзі деп білді. «Партия съезіне әзірлену туралы РКП ұйымдарына хатта», РКП(б) IX съезінде жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде, бұқараға арнаған мақалалары мен сөздерінде Ленин шаруашылықты басқару ісін ұйымдастыру, мемлекеттік аппаратқа жұмысшыларды көп тарту, кәсіптік одақтарды шаруашылық құрылысына қатыстыру, бюрократизмге қарсы күрес жүргізу мәселелерін көтерді. Ленин пролетариаттың бірлігі мен топтасқандығын, жаңа еңбек тәртібіне тәрбиелеуді шаруашылық майданының аса қиын міндеттерін шешуде табысқа жетудің кепілі деп білді. Ленин еңбек тәртібін социализмнің бүкіл шаруашылық құрылысының түйіні деп атады. Ол қанаушыларға қарсы күресте теңдесі жоқ ерлік істеген, батылдықтың тамаша үлгілерін көрсеткен, адам айтқысыз мұқтаждықтар мен құрбандықтарды бастан кешірген жұмысшы табы мен шаруалардың таңдаулы адамдары күйзелісті де жеңе біледі деген сенім білдірді. Ленин жаңаша жұмыс істеуге үйренуге шақырды.

РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясында 1919 жылы 20 декабрьде сенбіліктер туралы жасаған баяндамасында Ленин өтпелі кезеңнің заңдылықтарын ашып көрсетеді, бір қоғамдық-экономикалық формацияның, бір қоғамның екі фазасы болып табылатын социализм мен коммунизм туралы қағидаларды дамытады. В. И. Ленин алғашқы сенбіліктерден жаңа, коммунистік еңбектің, яғни ешқандай өкімет, ешқандай мемлекет нормаламайтын, тегін еңбектің, жеке адамдардың жалпының пайдасына бола істейтін еңбегінің өркендерін көрді. Бұл орайда Ленин былай деп атап айтты: мұның өзі деревняда қашан да болып келген көршіге көрсетілетін көмек емес, «жалпы мемлекеттік қажеттерді өтеу үшін істелетін, кең көлемде ұйымдастырылған және тегін еңбек» (38-бет).

Ленин «Ғасырлық укладты талқандаудан жаңаны жасауға қарай» деген мақаласында коммунистік еңбекке

мынадай классикалық анықтама берді: «Сөздің неғұрлым тар және дәл мағынасында алғанда коммунистік еңбек дегеніміз қоғамның пайдасына тегін істелетін еңбек, еңбек болғанда белгілі бір міндеткерлікті өтеу үшін істелетін еңбек емес, белгілі бір өнімдерге право алу үшін істелетін еңбек емес, күн ілгері белгіленген және заңдастырылған норма бойынша істелетін еңбек емес, ерікті еңбек, нормадан тыс еңбек, сыйлық алуға дәмеленбей, сыйлық туралы шарт қоймай істелетін еңбек, жалпының пайдасына бола еңбек ету әдеті бойынша және жалпының пайдасына бола еңбек ету қажеттілігінен туатын саналы (әдетке айналған) көзқарас бойынша істелетін еңбек, сау организмнің мұқтажы ретіндегі еңбек» (344-бет). Ленин өнеркәсіпте, транспортта, ауыл шаруашылығында, халық шаруашылығының басқа да салаларында еңбекті социалистік жолмен ұйымдастырудың жаңа өркендерін барынша қолдап отырды және оларды қолдауға, дамытуға шақырды.

Шығармаларға бірінші рет енгізіліп отырған документтерде—«РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Жұмысшы инспекциясы туралы мәселе жөніндегі директивасында», ««Жұмысшы және Шаруа инспекциясы туралы ереженің» жобалары жөніндегі ескертпе мен қосымшада»— В. И. Лениннің социалистік бақылау органдарын құру және нығайту жолындағы қызметі бейнеленген. Бұқараның ролін социалистік құрылыстағы шешуші фактор деп таныған Ленин бақылау органдарының еңбекшілердің оларға белсене қатысуы негізінде құрылуын, халыққа коммунистік тәрбие беру және бұқараны мемлекет басқару ісіне даярлау мектебі болуын талап етті. «Жұмысшы және Шаруа инспекциясы туралы ереженің» жобалары жөніндегі қосымшада Ленин «...*барлық* еңбекшілер бұқарасын, еркектерді де, *әсіресе әйелдерді,* Жұмысшы-Шаруа инспекциясына қатыстырып отыру» міндетін қойды (70-бет).

РСФСР Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1920 жылғы 7 февральдағы осы декретіне байланысты Мемлекеттік бақылау орталықта да, жергілікті жерлерде де бірыңғай социалистік бақылау органы — Жұ-

мысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты болып қайта құрылды.

Ленин шаруашылық құрылыстың және Совет республикасын нығайтудың орасан зор міндеттерін бұл іске әйелдер белсене қатыспайынша шешуге болмайды деп үйретті; партия мен совет мемлекеті әйелдерді елдің шаруашылық және саяси өміріне қатыстырып отыруға тиіс. «Бізге жұмысшы-әйелдің тек заң жүзінде ғана емес, өмірде де жұмысшы-еркекпен тең болғаны керек. Бұл үшін қоғамдық кәсіпорындарды басқаруға және мемлекетті басқаруға жұмысшы-әйелдер барған сайын көбірек қатысулары керек... Әйелдерге толық бостандық алып бермейінше, пролетариат толық бостандыққа жете алмайды» (172—173-беттер). Лениннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия мен Совет үкіметі совет әйелінің жаңа өмір құрылысына қатысуына кең жол ашып берді. СССР Конституциясы Совет Одағы әйелінің тең праволылығын қамтамасыз етіп отыр.

Шығармаларға бірінші рет енгізіліп отырған «Губерниялық төтенше комиссиялардың төртінші конференциясында сөйленген сөзде» Ленин, Советтік республиканың халықаралық және ішкі жағдайының өзгергенін сипаттай келіп, төтенше комиссиялардың соғыстан бейбіт құрылысқа көшудің жаңа тарихи жағдайларындағы міндеттерін белгілеп берді, Совет өкіметінің алдында тұрған шаруашылық қиыншылықтарды шешудегі және жеңудегі, ең алдымен, транспорттағы күйзелісті жоюдағы олардың ролін айқындады. Ленин сонымен бірге төтенше комиссиялардың қызметкерлерін қырағы болуға, бұрынғысынша толық жауынгерлік әзірлікті сақтауға, қанаушылардың қарсылығын басып-жаншуға арналған аппаратты әлсіретпеуге, өз жұмысын соғыстан бейбітшілікке көшудің жаңа жағдайларын ескере отырып құруға шақырды. «Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімі туралы Қорғаныс Советі қаулысының жобасында» Ленин Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімінің агенттері өз жұмысын коммунистік және кәсіптік ұйымдармен тығыз байланыс жасай отырып жүргізуін талап етті.

«Герман тәуелсіз социал-демократиялық партиясының хатына РКП атынан берілетін жауаптың жобасында (немесе тезистерінде)», «Компромистер туралы» деген және басқа еңбектерінде Ленин халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысы мәселелерін сөз етеді. Ленин шетелдік жас коммунистік партиялардың қызметіне көп көңіл бөледі. Ол пролетариат диктатурасының қажеттігін іс жүзінде мойындау—пролетарлық партияның негізгі белгісі болуға тиіс деп атап көрсетеді. Ленин коммунистік партияларды пролетариат диктатурасы мен пролетарлық интернационализм принциптеріне адалдық рухында тәрбиеледі, туысқан коммунистік партиялар тактикасының аса маңызды мәселелерін түсіндірді.

II Интернационалдың буржуазиялық демократия мен буржуазиялық тәртіптерді мадақтап жүрген социал-демократиялық лидерлері — Каутскийдің, Шейдеманның, Реннердің және социализмге опасыздық жасаушы басқалардың оппортунизмін әшкерелей отырып, Ленин контрреволюцияның жәрдемшілері болып отырған бұларға қарсы мейлінше аяусыз және батыл күрес жүргізуге шақырды.

Шығармаларға бірінші рет енгізіліп отырған «Француз социалистік партиясы қарарының жобасына ескертпелер» ерекше назар аударарлық. Бұл «Ескертпелер» Лениннің «Публицистің заметкалары» деген мақаласына жалғасады, ол мақалада Француз социалистік партиясының Ж. Лонге мен П. Фор бастаған центристік элементтері жан-жақты сыналған болатын. Ленин бұл мақаласында лонгетистердің партияның Страсбургтегі съезіне әзірлеген қарарларының жобалары бұқараның пролетариат диктатурасына тоқтаусыз ұмтылып отырғанын көрген II Интернационал көсемдерінің пролетариат диктатурасын сөз жүзінде мойындай бастағандығының, ал іс жүзінде бұрынғысынша не пролетариат диктатурасының дұшпандары, не оның маңызын түсіне алмайтын, оны жүзеге асыра алмайтын адамдар болып қалып отырғандығының айқын дәлелі екендігін атап көрсетеді.

Томда В. И. Ленин Шығармаларына бірінші рет енгізілген 23 документ басылып отыр. Оның ішінен 21 документ бұрын Ленин жинақтарында, советтік және партиялық мерзімді баспасөзде жарияланған. Екі документ — «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының орыс кооперациясы арқылы Антантаның Россиямен сауда қарым-қатынастарын бастауға әрекет жасауы туралы мәселе жөніндегі қаулысы» мен «ВЦСПС фракциясы мүшелерінің партиялық тәртіпті бұзуына байланысты РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының қаулылары» — бірінші рет жарияланып отыр.

Шығармаларға бірінші рет енгізілген документтердің бірсыпырасы — партия шешімдері мен директиваларының жобалары. Олардың қатарына мыналар жатады: «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Жұмысшы инспекциясы туралы мәселе жөніндегі директивасы», «Үгіт-нұсқау поездары мен пароходтарының жұмысы туралы нұсқаулар», «Троцкийдің «Шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері» деген тезистерінің жобасына жасалған ескертпелер», «Сенбіліктер туралы ереженің жобасына қосымшалар» және украин боротьбистер партиясы туралы екі документ — «Украин боротьбистер партиясы туралы қарардың жобасы», «Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің боротьбистер туралы мәселе жөніндегі қарарына ескертпелер».

Жаңа документтерден «Губерниялық төтенше комиссиялардың төртінші конференциясында 1920 жылы 6 февральда сөйленген сөз» бен «Губерниялық және уездік атқару комитеттері председательдерінің кеңесінде 1920 жылы 1 февральда сөйленген сөз» ерекше назар аударуға тұрарлық. Бес документ Лениннің Халық Комиссарлары Советі мен Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советіндегі қызметін бейнелейді, ол документтер мыналар: «Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімі туралы. Қорғаныс Советі қаулысының жобасы», «Жұмысшылар мен қызметшілерге сыйлық беру туралы ереженің жобасы жөніндегі жазбалар»,

«Кәмелетке толмағандарға жүргізілетін сот туралы», «Советтік шаруашылықтарды ұйымдастыру ісін жақсарту шаралары туралы. Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасы», «Еңбек азық-түлік паегі туралы декрет жөніндегі жазбалар».

Үш документ Совет республикасының сыртқы саясатына, халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыс проблемаларына арналған, ол документтер мыналар: «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасы», «Американ «The World» газетінің тілшісі Линкольн Эйрмен әңгіме» және ««Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген кітапшаның ағылшынша басылуына алғы сөз».

«Дайындық материалдар» бөлімінде алты документ: «Реквизициялау және конфискелеу туралы декреттің жобасы жөніндегі ескертпелер», «П. И. Поповқа хат (РСФСР халқының азық-түлікті Октябрь революциясына дейін және одан кейін тұтынуы туралы)», «Қорғаныс Советінің транспорт жағдайы туралы қаулыларының жобасы», «Қорғаныс Советінің транспорт жағдайы туралы қаулыларына қосымша», «Паровоз жөндеуде істейтін жұмысшыларға берілетін жеңілдіктер туралы. Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасы», «Француз социалистік партиясы қарарының жобасына ескертпелер» және «Қосымшаларда»—«Москва Советі мүшесінің жеке карточкасы» басылып отыр.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН
1920

ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ САЙЛАУЫ ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТ ДИКТАТУРАСЫ

Социалист-революционерлердің «Орыс революциясының бір жылы. 1917—1918» (Москва. 1918. Москваның «Земля и Воля» баспасы) деген жинағында Н. В. Святицкийдің «Бүкіл россиялық Құрылтай жиналысы сайлауының қорытындылары (алғы сөз)» деген тамаша қызық мақаласы басылды. Автор барлығы 79 сайлау округінен 54 сайлау округі бойынша цифрлар келтірген.

Автордың зерттеу құрамына Европалық Россия мен Сибирьдің губерниялары түгел дерлік енгізілген. Мұның ішінен: Олонец, Эстлянд, Калуга, Бессараб, Подольск, Оренбург, Якут және Дон губерниялары енгізілмеген.

Біз әуелі Н. В. Святицкий жариялаған негізгі қорытындыларды келтірмекпіз, одан кейін бұл деректерден туатын саяси қорытындыларды қарастырамыз.

I

54 округ бойынша 1917 жылы ноябрьде барлығы 36 262 560 дауыс берілді. Автор 7 өңірге (армия мен флотты қоса) бөлінген 36 257 960 цифрын келтіреді, бірақ жеке партиялар бойынша ол келтірген цифрлардың жиынынан нақ мен көрсеткен цифрлар шығады.

Партияларға бөлгенде мынадай болып шығады: орыс эсерлері 16,5 миллион дауыс алды, ал егер басқа ұлт-

тардың (украин, мұсылман және басқалар) эсерлерін қосса, 20,9 миллион болады, яғни 58%.

Меньшевиктер 668 064 дауыс алды, ал егер бұған «халықтық социалистердің» (312 мың), «Единствоның» (25 мың), кооператорлардың (51 мың), украин социал-демократтарының (95 мың), украин социалистерінің (507 мың), неміс социалистерінің (44 мың) және финн социалистерінің (14 мың) сондай топтарын қосса, жиыны 1,7 миллион болады.

Большевиктер 9 023 963 дауыс алды.

Кадеттер 1 856 639 дауыс алды. Оларға «жер меншікшілері мен жер иелерінің одағын» (215 мың), «оңшыл топтарды» (292 мың), ескі дәстүршілерді (73 мың), ұлтшылдарды: еврей ұлтшылдарын (550 мың), мұсылман ұлтшылдарын (576 мың), башқұрттарды (195 мың), латыштарды (67 мың), поляктарды (155 мың), казактарды (79 мың), немістерді (130 мың), белорустарды (12 мың) және «әр түрлі топтар мен ұйымдардың тізімдерін» (418 мың) қосқанда, помещиктік және буржуазиялық партиялардың дауыс жиыны 4,6 миллион болады.

Эсерлер мен меньшевиктер 1917 жылғы февральдан октябрьге дейінгі бүкіл революция дәуірі бойына блок жасап келгені мәлім. Оның үстіне, бұл уақыт ішінде де, одан кейін де оқиғалардың бүкіл дамуы бұл екі партия бірігіп, ұсақ буржуазиялық демократияның өкілі болып табылатынын, II Интернационалдың барлық партиялары сияқты, ол да қателесіп, өзін социалистік демократия деп ойлайтынын және солай деп атайтынын айқын көрсетті.

Құрылтай жиналысының сайлауындағы партиялардың негізгі үш тобын қосып есептегенде, біз мынадай қорытындыға келеміз:

пролетариат партиясы (большевиктер)	9,02	миллион	= 25%
ұсақ буржуазиялық демократия партиялары (социалист-революционерлер, меньшевиктер. т. т.)	22,62	»	= 62%
помещиктер мен буржуазия партиялары (кадеттер, т. т.)	4,62	»	= 13%
Барлығы	36,26	миллион	= 100%

Енді Н. В. Святицкийдің өңірлер бойынша берген деректерін келтірейік:

Берілген дауыстардың саны, мың есебімен

*Өңірлер** *(және армия бөлек)*	эсерлерге (орыстар)	%	большевиктерге	%	кадеттерге	%	барлығы
Солтүстік	1 140,0	38	1 177,2	40	393,0	13	2 975,1
Орталық—Өнеркәсіпті	1 987,9	38	2 305,6	44	550,2	10	5 242,5
Поволжье — Қара топырақты	4 733,9	70	1 115,6	16	267,0	4	6 764,3
Батыс	1 242,1	43	1 282,2	44	48,1	2	2 961,0
Шығыс—Урал	1 547,7	43(62%**)	443,9	12	181,3	5	3 583,5
Сибирь	2 094,8	75	273,9	10	87,5	3	2 786,7
Украина	1 878,1	25(77%***)	754,0	10	277,5	4	7 581,3
Армия мен флот	1 885,1	43	1 671,3	38	51,9	1	4 363,6

Бұл деректер Құрылтай жиналысының сайлауы кезінде большевиктердің пролетариат партиясы, эсерлердің шаруалар партиясы болғанын көрсетеді. Бірыңғай шаруа, великорус аудандарында (Поволжье-Қара топырақты, Сибирь, Шығыс-Урал) және украин ауданында эсерлер 62—77% дауыс алды. Өнеркәсіп орталықтарында большевиктер эсерлерден басым болды. Бұл басымдылық Н. В. Святицкий аудандар бойынша келтірген деректерде кемітіліп көрсетілген, өйткені ол негұрлым өнеркәсіпті округтерді өнеркәсібі аз және тіпті өнеркәсіпті емес округтермен біріктіріп жіберген. Эсерлер, большевиктер, кадеттер партияларына, одан кейін «ұлттық және басқа топтарға» арнап Святицкий губерния-

* Автор Россияны аудандарға әдеттегіше емес, біраз ерекше бөлген: *Солтүстік аудан:* Архангельск, Вологда, Петроград, Новгород, Псков, Лифляндия губерниялары.— *Орталық — Өнеркәсіпті аудан:* Владимир, Кострома, Москва, Нижний Новгород, Рязань, Тула, Тверь, Ярославль губерниялары. — *Поволжье — Қара топырақты аудан:* Астрахань, Воронеж, Курск, Орел, Пенза, Самара, Саратов, Симбирск, Тамбов губерниялары. — *Батыс аудан:* Витебск, Минск, Могилев, Смоленск губерниялары. — *Шығыс Урал ауданы:* Вятка, Қазан, Пермь, Уфа губерниялары. — *Сибирь ауданы:* Тобольск, Томск, Алтай, Енисей, Иркутск, Забайкалье, Приамурье губерниялары. — *Украина:* Волынь, Екатеринослав, Киев, Полтава, Таврия, Харьков, Херсон, Чернигов губерниялары.

** Жақша ішіндегі цифрды, 62 процентті, Святицкий мұсылман және чуваш эсерлерін қоса есептеп алған.

*** Жақша ішіндегі цифрды, 77 процентті, мен украин эсерлерін қоса есептеп алып отырмын.

лар бойынша келтірген деректер, мәселен, мынаны көрсетеді:

Солтүстік өңірде большевиктердің басымдылығы болмашы сияқты болып көрінеді: 38%-ке қарсы 40%. Бірақ бұл өңірде эсерлер басым болған өнеркәсіпті емес округтер (Архангельск, Вологда, Новгород, Псков губерниялары) мен мына өнеркәсіпті округтер қосып жіберілген: Петроград астаналық округі — большевиктер (дауыс саны бойынша) 45%, эсерлер 16%; Петроград губерниясы — большевиктер 50%, эсерлер 26%; Лифляндия губерниясы — большевиктер 72%, эсерлер —0.

Орталық-Өнеркәсіпті өңірдің губерниялары ішінде: Москва губерниясында большевиктер — 56%, эсерлер 25% дауыс алды; Москва астаналық округінде большевиктер 50%, эсерлер 8%, Тверь губерниясында большевиктер 54%, эсерлер 39%, Владимир губерниясында большевиктер 56%, эсерлер 32%, дауыс алды.

Жол-жөнекей айтып өтейік: осындай фактілер болып отырғанда, большевиктердің соңынан пролетариаттың «азшылығы» ерді және еріп отыр деген сөздер қандай адам күлерлік! Ал мұндай сөздерді біз меньшевиктерден де (большевиктердің 9 миллион дауысына қарсы 668 мың дауыс, ал Закавказьені қосқанда, тағы да 700—800 мың дауыс), II Интернационалдың социал-сатқындарынан да естіп отырмыз.

II

Мұндай керемет қалай бола қалды: буржуазиямен одақ (коалиция) жасап келген жәпе онымен бірге дауыстардың $^3/_4$ бөлігін алған ұсақ буржуазиялық демократтарды дауыстардың $^1/_4$ бөлігін алған большевиктер қалай жеңді?

Өйткені қазір, Антанта[1]—бүкіл дүние жүзілік-қуатты Антанта — большевизм жауларының бәріне екі жыл бойы көмектескеннен кейін, жеңіс фактісін мойындамау тіпті адам күлерлік нәрсе.

Істің мәнісі де осында: жеңіліске ұшырағандардың, оның ішінде II Интернационалдың барлық жақтастарының аласұрған саяси өшпенділігі оларға большевиктер-

дің жеңу себептері туралы өте қызықты тарихи және саяси мәселені шындап қоюға да мүмкіндік бермейді. Істің мәнісі де осында: бұл жерде «керемет» тек тұрпайы ұсақ буржуазиялық демократия тұрғысынан ғана болып отыр; бұл сұрақ және оған берілген жауап мұндай демократияның надандығы мен соқыр сенімдерін мейлінше терең әшкерелейді.

Тап күресі мен социализмнің тұрғысынан, II Интернационал безіп шыққан осы көзқарас тұрғысынан қарағанда, мәселе даусыз шешіледі.

Большевиктердің жеңу себебі, бәрінен бұрын, мынада: олар пролетариаттың орасан зор көпшілігін, ал оның ішінде ең сапалы, жігерлі, революцияшыл бөлегін, осы алдыңғы қатарлы таптың нағыз авангардын өз соңынан ертіп алды.

Екі астананы, Петроград пен Москваны алайық. Бұларда Құрылтай жиналысына барлығы 1765,1 мың дауыс берілді. Оның ішінде алынған дауыстар мынадай:

эсерлер	218,0	мың
большевиктер	837,0	»
кадеттер	515,4	»

Өздерін социалистер және социал-демократтар деп атайтын ұсақ буржуазиялық демократтар (Черновтар, Мартовтар, Каутскийлер, Лонгелер, Макдональдтар және К°) «теңдік», «жалпыға бірдей дауыс беру», «демократия», «таза демократия» немесе «дәйекті демократия» тәңірілері алдында қаншама құлшылық етіп, маңдайлары жарылғанша бас ұрса да, бұдан қала мен деревня *теңсіздігінің* экономикалық және саяси фактісі жойылып кете қоймайды.

Бұл — жалпы алғанда капитализм тұсында, жекелеп алғанда капитализмнен коммунизмге көшу тұсында сөзсіз болатын факт.

Қаланың деревнямен тең болуы мүмкін емес. Бұл дәуірдің тарихи жағдайында деревняның қаламен тең болуы мүмкін емес. Қала деревняны қалай да *өз соңынан ертеді.* Деревня сөзсіз *қалаға ереді.* Мәселе тек «қалалық» таптардың ішінде *қандай таптың* деревняны өз соңынан ерте білетіндігінде, бұл міндетті орындай

алатындығында және *қаланың осы басымдығының* қандай формаларда болатындығында.

Большевиктер 1917 жылы ноябрьде пролетариаттың орасан зор көпшілігін өз соңынан ертті. Пролетариат ішінде олармен бәсекелескен партия — меньшевиктер партиясы бұл кезде толық талқандалды (егер 668 мың дауысты және Закавказьенің 700—800 мың дауысын қосса, 1,4 миллион дауысқа қарсы 9 миллион дауыс). Оның үстіне бұл партия он бес жылдық (1903—1917) күресте талқандалды; бұл күрес пролетариаттың авангардын *шынықтырды,* көзін ашты, ұйымдастырды, сөйтіп одан шын мәнісіндегі революцияшыл авангардты *шыңдап шығарды.* Оның үстіне 1905 жылғы бірінші революция одан әрі дамуға әзірлік жасады, екі партияның өзара қарым-қатынасын *практика жүзінде* белгілеп берді, 1917—1919 жылдардағы ұлы оқиғалар жөнінде басты репетиция ролін атқарды.

Өздерін II Интернационалдың «социалистері» деп атайтын ұсақ буржуазиялық демократтар аса елеулі тарихи мәселеден пролетариат «бірлігінің» пайдасы туралы тәтті сөздермен құтылуды тәуір көреді. Осы тәтті сөзуарлыққа салынып, олар 1871—1914 жылдардың жұмысшы қозғалысында *оппортунизмнің күш жинауының* тарихи фактісін ұмытады, 1914 жылы августа оппортунизмнің күйреу себептері туралы, 1914—1917 жылдары халықаралық социализмнің жікке бөліну себептері туралы *ойлануды* ұмытады (немесе ойлағысы келмейді).

Пролетариаттың *революцияшыл* бөлегі оппортунизмді қуып шығуға және жаншып таптауға өте байсалды түрде, жан-жақты әзірленбейінше, пролетариат диктатурасы туралы ойлаудың өзі де қисынсыз. Қазір пролетариат диктатурасын сөз жүзінде танумен жалтарып кеткісі келетін «тәуелсіз» герман социал-демократиясының[2], француз социализмінің, т. т. көсемдерінің орыс революциясының бұл сабағын мықтап жадында сақтағаны дұрыс болар еді.

Содан соң. Большевиктер пролетариаттың көпшілігін ғана, пролетариаттың оппортунизмге қарсы ұзақ және қажырлы күресте шыныққан *революцияшыл* авангардын ғана өз соңынан ертіп қойған жоқ. Олардың аста-

наларда, егер әскери терминді қолдануға болса, қуатты «соққы беретін жұдырығы» болды.

Шешуші кезеңде шешуші пунктте күштердің анағұрлым басым болуы,—соғыста жеңіске жетудің бұл «заңы»—әсіресе таптардың революция деп аталатын кескілескен, қайнаған соғысында саяси жеңіске жетудің де заңы.

Астаналар немесе жалпы аса ірі сауда-өнеркәсіп орталықтары (біздің Россияда бұл ұғымдар бір-бірімен үйлесіп келді, бірақ олар әрдайым үйлесе бермейді) едәуір дәрежеде халықтың саяси тағдырын шешеді,—әлбетте, жеткілікті мөлшердегі жергілікті, деревнялық күштер орталықтарды дереу қолдамағанмен, әйтеуір қолдап отырған жағдайда шешеді.

Екі астанада, Россия үшін ең үлкен екі сауда-өнеркәсіп орталығында, большевиктердің орасан зор, шешуші басым күші болды. Мұнда біздің күшіміз эсерлердің күшінен *төрт есе дерлік* көп болды. Мұнда біздің күшіміз *эсерлер мен кадеттердің екеуін қосып алғандағы күшінен көп болды.* Оның үстіне біздің қарсыластарымыз бытыраңқы еді, өйткені кадеттердің эсерлермен және меньшевиктермен (меньшевиктер Петроградта да, Москвада да не бары 3 проценттен дауыс алды) «коалициясын» еңбекшілер бұқарасы арасында ақырына дейін беделінен айрылды. Эсерлер мен меньшевиктердің бізге қарсы кадеттермен *шын мәнісінде* бірлік жасауы туралы ол кезде сөз болуы да мүмкін емес еді*. Кадеттермен блок жасасу идеясына эсерлік және меньшевиктік жұмысшылар мен шаруаларға қарағанда жүз есе жақын тұрған эсерлер мен меньшевиктердің көсемдері де, тіпті осы көсемдер де, 1917 жылы ноябрьде кадеттерден *тыс* большевиктермен коалиция жасауды ойластырғаны (және бізбен саудаласқаны) мәлім![3]

Большевиктік «армияларды» жинау, шоғырландыру, үйрету, сыннан өткізу, шынықтыру мағынасында да, «жаудың» «армияларын» іріту, әлсірету, бытырату, берекесін кетіру мағынасында да анағұрлым басым кү-

* Ұсақ буржуазия партиялары мен буржуазия партиялары орасан бытыраңқы болған кезде, пролетариат партиясының жоғарыда келтірілген деректерден де көрінетін бірлігі мен топтасқандығын атап көрсету керек.

шіміз және ең зор саяси даярлығымыз болғандықтан, біз астаналарды 1917 жылы октябрь—ноябрьде *сөзсіз* қаратып алдық.

Ал екі астананы, мемлекеттің бүкіл капиталистік машинасының (экономикалық жағынан да, саяси жағынан да) екі орталығын сөзсіз шапшаң, шешуші соққымен қаратып алуға мүмкіндігіміз болғандықтан, біз, бюрократия мен «интеллигенцияның» жанталасқан қарсылығына, саботажға, т. т. қарамастан, мемлекеттік өкіметтің орталық аппараты арқылы пролетарлық *емес* еңбекшілер бұқарасына пролетариат олардың бірденбір сенімді одақтасы, досы және басшысы екенін *іспен дәлелдеп* бердік.

III

Бірақ осы, ең маңызды мәселеге — пролетариаттың пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасына көзқарасы туралы мәселеге — көшуден бұрын әлі *армияға* тоқталу қажет.

Армия империалистік соғыс кезінде халық күштерінің барлық бетке ұстарын өзіне жинады, ал егер II Интернационалдың оппортунист оңбағандары (тек социал-шовинистер, яғни «отан қорғау» жағына тікелей шыққан Шейдемандар мен Ренодельдер ғана емес, «центровиктер» де[4]) өздерінің сөздерімен және өздерінің істерімен армияны неміс тобының да, ағылшын-француз тобының да империалистік қарақшыларының басшылығына бағындыруды ныгайтса, нағыз пролетарлық революционерлер Маркстің 1870 жылы айтқан: «буржуазия пролетариатты қару қолдануға үйретеді»[5] деген сөздерін еш уақытта ұмытқан емес! Империалистік, яғни екі жақтан бірдей тонаушылық соғыста «отан қорғау» туралы социализмнің австро-неміс және ағылшын-француз-орыс сатқындары ғана айта алды, ал пролетарлық революционерлер (1914 жылғы августан бастап) армияны революцияшылдандыруға, оны буржуазияның империалистік қарақшыларына *қарсы* пайдалануға, империалистік жыртқыштардың екі тобы арасындағы әділетсіз және тонаушылық соғысты әрбір елдің пролетарлары мен езілген еңбекшілері бұқарасының «өздері-

нің», «ұлттық» буржуазиясына қарсы әділетті және заңды соғысына айналдыруға баса назар аударды.

Социализм сатқындары 1914—1917 жылдары армияларды *әрбір* ұлттың империалистік үкіметтеріне *қарсы* пайдалануға *әзірлік жасамады*.

Большевиктер 1914 жылғы августан бастап өздерінің бүкіл насихатымен, үгітімен, құпия-ұйымдық жұмысымен бұған әзірлік жасады. Социализм сатқындары, барлық ұлттардың Шейдемандары мен Каутскийлері, әрине, бұл жөнінде большевиктік үгіттің армияны *аздыруы* туралы күрмек сөздермен құтылды, бірақ біз өзіміздің тап жауымыздың күштерін ыдыратып, қанаушыларға қарсы *күресу үшін* жұмысшылар мен шаруалардың қаруланған бұқарасын *одан* өзімізге қаратып алып, өз борышымызды орындағанымызды *мақтан етеміз*.

Айта кетелік, біздің жұмысымыздың нәтижесі 1917 жылғы ноябрьдегі Құрылтай жиналысы сайлауында дауыс берудеп де көрінді; оған (дауыс беруге) Россияда армия да қатысты.

Н. В. Святицкийдің келтірген мәліметі бойынша, бұл дауыс берудің басты-басты нәтижелері мынадай [10-беттегі кестені қараңыз. *Ред.*]:

Мынадай қорытынды шығады: эсерлерді жақтап 1885,1 мың дауыс, большевиктерді жақтап 1671,3 мың дауыс берілді. Ал егер соңғы дауыстарға Балтық флотының 120,0 мың дауысын (шамамен) қоссақ, онда большевиктерді жақтап 1791,3 мың дауыс берілген. Демек, большевиктер дауысты эсерлерден *сәл кемірек* алған.

Демек, 1917 жылғы октябрь—ноябрьдің өзінде-ақ армия *жартылай большевиктік* болған.

Мұнсыз біз жеңе алмаған болар едік.

Бірақ жалпы алғанда армиядағы дауыстардың жартысына дерлігіне ие бола отырып, біз *астаналарға таяу* және тым қашық емес майдандарда анағұрлым басым болдық. Кавказ майданын есептен шығарсақ, большевиктер жалпы алғанда эсерлерден басым болып шығады. Ал Солтүстік және Батыс майдандарды алсақ, эсерлердің 420 мың дауысына қарсы большевиктердің *1 миллионнан астам даусы* болады.

1917 жылы ноябрьде Құрылтай жиналысының сайлауында берілген дауыстардың саны (мың есебімен)

Армия мен флоттың бөлімдері	эсерлерге	большевиктерге	кадеттерге	ұлттық және басқа топтарға	Барлығы
Солтүстік майдан	240,0	480,0	?	60,0**	780,0
Батыс »	180,6	653,4	16,7	125,2	976,0
Оңтүстік-Батыс »	402,9	300,1	13,7	290,6	1 007,4
Румын майданы	679,4	167,0	21,4	260,7	1 128,6
Кавказ »	360,0	60,0	?	—	420,0
Балтық флоты »	—	(120,0)*	—	—	(120,0)*
Қара теңіз »	22,2	10,8	—	19,5	52,5
Жиыны	1 885,1	1 671,3	51,8	756,0	4 364,5
		+(120,0)	+ ?		+(120,0)*
		1 791,3			+ ?

Демек, 1917 жылғы ноябрьдің қарсаңында-ақ большевиктердің армияда да *саяси «соққы беретін жұдырығы»* болды; мұның өзі шешуші пунктте шешуші кезеңде олардың күшінің анағұрлым басым болуын қамтамасыз етті. Пролетариаттың Октябрь революциясына, пролетариаттың саяси өкіметті жеңіп алуына армия тарапынан қандай да болсын қарсылық көрсетілуі туралы сөз болуы да мүмкін емес еді; өйткені Солтүстік және Батыс майдандарда большевиктердің күші орасан басым болды, ал орталықтан қашық басқа майдандарда большевиктердің *шаруаларды эсерлер партиясынан өз жағына қаратып алуға* уақыты мен мүмкіндігі болды, бұл туралы төменде сөз болмақшы.

IV

Құрылтай жиналысының сайлауы туралы деректерге сүйеніп, біз большевизмнің жеңуінің үш шартын зерт-

* Цифр шамамен алынған: 2 большевик сайланған. Н. В. Святицкий сайланған әрбір адамға орта есеппен 60 000 дауыс берілген деп есептейді. Сондықтан мен 120 000 цифрын алып отырмын.

** Қара теңіз флотынан 19,5 мың дауысты қай партияның алғаны туралы мәлімет берілмеген. Бұл бағананың басқа цифрлары түгел дерлік украин социалистеріне қатысты болса керек, өйткені 10 украин социалисі және 1 социал-демократ (яғни меньшевик) сайланған.

тедік: 1) пролетариат арасында басым көпшілік болуы; 2) армияның жартысын дерлік өзіне қаратуы; 3) шешуші кезеңде шешуші пункттерде, атап айтқанда: астаналарда және орталыққа жуық майдандар армияларында күшінің анағұрлым басым болуы.

Бірақ, егер большевиктер пролетарлық *емес* еңбекшілер бұқарасының көпшілігін өз жағына қаратып алмаған болса, оларды эсерлерден және басқа ұсақ буржуазиялық партиялардан өз жағына қаратып ала алмаған болса, бұл шарттар тек өте қысқа мерзімді, баянсыз жеңіске ғана жеткізген болар еді.

Басты мәселе міне осында.

II Интернационал «социалистерінің» (ұсақ буржуазиялық демократтардың деп оқыңыз) пролетариат диктатурасын ұғынбауының басты себебі де олардың мынаны ұғынбағандығында:

бір таптың, пролетариаттың, қолындағы мемлекеттік өкімет пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасын пролетариат жағына тартудың құралы, бұл бұқараны буржуазиядан және ұсақ буржуазиялық партиялардан өз жағына қаратып алудың құралы бола алады және болуға тиіс.

Ұсақ буржуазиялық соқыр сенімдерге шырмалған, Маркстің мемлекет туралы іліміндегі ең басты мәселені ұмытқан II Интернационалдағы «социалист» мырзалар *мемлекеттік өкіметті* қайдағы бір қасиетті нәрсе, пір немесе формальды дауыс берудің тең әсерлі күші, «дәйекті демократияның» абсолюті (және мұндай шатпақтардың тағы да не деп аталатыны сияқты) деп санайды. Мемлекеттік өкімет дегеніміз жай *құрал* екенін, *әр түрлі* таптар бұл құралды *өздерінің таптық мақсаттарына* пайдалана алатынын және пайдалануға (және пайдалана білуге) тиіс екенін олар көрмейді.

Буржуазия мемлекеттік өкіметті капиталистер табының пролетариатқа қарсы, барлық еңбекшілерге қарсы құралы ретінде пайдаланып келді. Ең демократияшыл буржуазиялық республикалар тұсында да осылай болды. Марксизмге опасыздық жасаушылар ғана мұны «ұмытты».

Пролетариат (жеткілікті күшті, саяси және әскери, «соққы беретін жұдырықтарын» жинап алып) бұл *құралды өзінің* таптық мақсаттарына жұмсау үшін буржуазияны құлатуға, одан мемлекеттік өкіметті тартып алуға тиіс.

Ал пролетариаттың таптық мақсаттары қандай?

Буржуазияның қарсылығын басу.

Шаруаларды «бейтараптандыру», мүмкіндігіне қарай оларды — тым болмаса олардың қанаушы емес, еңбекші бөлегінің көпшілігін — өз жағына тарту.

Буржуазиядан экспроприацияланған фабрикалар мен жалпы алғанда өндіріс құрал-жабдықтары негізінде ірі машиналы өндірісті ұйымдастыру.

Капитализмнің қираған орнында социализмді ұйымдастыру.

* *
*

Оппортунист мырзалар, оның ішінде каутскийшілдер де, Маркстің ілімін қорлап, халыққа былай деп «үйретеді»: пролетариат жалпыға бірдей сайлау правосы арқылы әуелі көпшілікті өзіне қаратып алуға, одан соң көпшіліктің осындай дауыс беруі негізінде мемлекеттік өкіметті жеңіп алуға тиіс, тек содан кейін ғана, «дәйекті» (кейбіреулердің айтып жүргеніндей: «таза») демократия негізінде социализмді ұйымдастыруға тиіс.

Ал біздер Маркстің ілімі мен орыс революциясының тәжірибесі негізінде былай дейміз:

пролетариат әуелі буржуазияны құлатып, мемлекеттік өкіметті *өзіне* жеңіп алуға тиіс, ал одан кейін бұл мемлекеттік өкіметті, яғни пролетариат диктатурасын еңбекшілер көпшілігінің тілектестігіне ие болу мақсатымен өз табының құралы етіп пайдалануға тиіс.

* *
*

Пролетариаттың қолындағы мемлекеттік өкімет қайткенде оның таптық күресінің құралы — пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасына өз ықпалын жүргізу жолындағы құралы бола алады? қайткенде оларды проле-

тариат жағына қаратып алу жолындағы құралы бола алады? қайткенде оларды буржуазиядан бөлектеу, өз жағына қаратып алу жолындағы құралы бола алады?

Біріншіден, пролетариат бұған мемлекеттік өкіметтің ескі аппаратын іске қосу жолымен *емес*, оны күл-паршасын шығарып *қирату*, тамтығын қалдырмай талқандау (үрейленген мещандардың байбаламына және саботажшылардың қожаңдауына қарамастан) және *жаңа* мемлекеттік аппарат құру жолымен жетеді. Бұл жаңа мемлекеттік аппарат пролетариат диктатурасына және оның пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасы *үшін* буржуазияға қарсы жүргізетін күресіне бейімделген. Бұл жаңа аппаратты ешкім ойлап шығармаған, ол пролетариаттың таптық күресінен, оның кеңейе де, кеулей тарауынан *өсіп шығады*. Мемлекеттік өкіметтің бұл жаңа аппараты, мемлекеттік өкіметтің жаңа *типі — Совет өкіметі*.

Россия пролетариаты мемлекеттік өкіметті жеңіп алғаннан кейін, дереу, бірнеше сағаттан кейін, ескі мемлекеттік аппаратты (Маркстің көрсеткеніндей, ең демократиялық республика тұсында болса да, буржуазияның таптық мүдделеріне қызмет етуге ғасырлар бойы бейімделіп келген аппаратты[6]) таратылды деп жариялап, *бүкіл өкіметті Советтерге* берді. Ал Советтерге тек еңбекшілер мен қаналғандар ғана енгізілді, барлық және қандай да болсын қанаушылар одан қуылды.

Осындай жолмен, бірден, бір соққаннан, пролетариат мемлекеттік өкіметті жеңіп алғаннан *кейін* дереу, пролетариат буржуазиядан оның ұсақ буржуазиялық және «социалистік» партиялардағы жақтастарының *орасан көпшілігін қаратып алады*, өйткені бұл бұқара—еңбекшілер мен қаналғандар; бұларды буржуазия (оның ішінде буржуазияның сөзін сөйлеушілер, Черновтар, Каутскийлер, Мартовтар және К⁰) алдап келді және бұл бұқара *Совет өкіметіне ие болғаннан кейін*, буржуазияға қарсы өздерінің мүдделері үшін бұқаралық күрес жүргізу құралына *тұңғыш рет* ие болады.

Екіншіден, пролетариат буржуазиядан және ұсақ буржуазиялық демократиядан *«олардың» бұқарасын*, яғни оларға ерген бұқараны бірден немесе тым болмаса өте

тез арада өз жағына қаратып алады,— *помещиктер мен буржуазияны экспроприациялау есебінен бұл бұқараның ең көкейтесті экономикалық қажеттерін революциялық жолмен қанағаттандыру арқылы* қаратып алады және қаратып алуға тиіс.

Буржуазия, қандай да болсын «қуатты» мемлекеттік өкіметі болса да, мұны *істей алмайды*.

Пролетариат өзі мемлекеттік өкіметті жеңіп алған күннің ертеңінде-ақ мұны *істей алады*, өйткені бұл үшін оның аппараты да (Советтер), экономикалық құралы да (помещиктер мен буржуазияны экспроприациялау) бар.

Россия пролетариаты *шаруаларды* эсерлерден нақ осылай *өзіне қаратып алды* және пролетариат мемлекеттік өкіметті жеңіп алғаннан кейін нақ *бірнеше сағаттан соң* өзіне қаратып алды. Өйткені Петроградта буржуазияны жеңгеннен кейін бірнеше сағаттан соң-ақ жеңген пролетариат «жер туралы декрет»* шығарды, ал бұл декретте шаруалар *көпшілігінің* ең көкейтесті экономикалық қажеттерінің бәрін түгел және бірден, революциялық шапшаңдықпен, жігермен және шын берілгендікпен *жүзеге асырды*, помещиктерді толық және төлемсіз экспроприациялады.

Пролетарлар шаруаларға үстем болуды да, оларға билік жүргізуді де тілемейтіндігін, қайта оларға көмектесуді және оларға дос болуды тілейтіндігін шаруаларға дәлелдеу үшін, жеңген большевиктер «жер туралы декретке» *өздерінің бір сөзін де* қосқан жоқ, оны *эсерлердің* газетінде *эсерлер* жариялаған шаруалардың аманаттарынан (әрине, неғұрлым революциялық аманаттарынан) сөзбе-сөз көшіріп жазды[7].

Эсерлер «большевиктер біздің программамызды ұрлап алды» деп күйіп-пісті, ызаланды, тулады, байбалам салды, бірақ жұрт эсерлерге мұнысы үшін тек күлді де қойды; егер партияның программасындағы революциялық нәрсенің бәрін, еңбекшілерге пайдалы нәрсенің бәрін жүзеге асыру үшін оны жеңу және үкіметтен қуып шығу керек болса, онда ол партияның жақсы болғаны ма!

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 24—27-беттер. *Ред.*

II Интернационалдың сатқындары, топастары және педанттары міне осы диалектиканы: пролетариат халықтың көпшілігін өз жағына қаратып алмайынша жеңе алмайды деген диалектиканы еш уақытта түсіне алмады. Бірақ көпшілікті мұндай өзіне қаратып алуды *буржуазияның үстемдігі тұсындағы* сайлауда көпшілік дауыс алумен шектеу немесе осындай шарт қою — барып тұрған милаулық немесе жұмысшыларды әншейін алдағандық. Халықтың көпшілігін өз жағына қаратып алу үшін пролетариат, біріншіден, буржуазияны құлатып, мемлекеттік өкіметті өз қолына алуға тиіс; екіншіден, ол ескі мемлекеттік аппараттың тас-талқанын шығарып, Совет өкіметін орнатуға тиіс, осы арқылы ол буржуазияның және ұсақ буржуазиялық келісімпаздардың пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасы арасындағы үстемдігін, беделін, ықпалын бірден қаусатады. Үшіншіден, ол пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасының экономикалық қажеттерін *қанаушылар есебінен революциялық жолмен* өтей отырып, бұл бұқараның *көпшілігі* арасында буржуазияның және ұсақ буржуазиялық келісімпаздардың ықпалын *жеріне жеткізе құратуға* тиіс.

Мұның бәріне мүмкіндік, әлбетте, капиталистік дамудың едәуір жоғары дәрежеде болғандығынан туып отыр. Бұл негізгі шартсыз пролетариаттың ерекше тап болып бөлінуі де, оның ұзақ даярлығының, тәрбиеленуінің, үйренуінің және ұзақ жылдар бойы жүргізілген стачкалар, демонстрациялар күресінде, оппортунистерді масқаралау, аластау күресінде сыннан өтуінің табысты болуы да мүмкін емес. Бұл негізгі шартсыз орталықтардың экономикалық және саяси рөлінің болуы мүмкін емес; орталықтарға ие болғаннан кейін пролетариат бүкіл мемлекеттік өкіметке немесе, дұрысырақ айтқанда, оның өмірлік жүйкесіне, өзегіне, жүйесіне ие болады. Бұл негізгі шартсыз пролетариаттың жағдайы мен пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасының жағдайы арасындағы туысқандықтың, жақындықтың, байланыстың болуы мүмкін емес; ал бұлар (туысқандық, жақындық, байланыс) пролетариаттың осы бұқараға ықпалын жүргізуі үшін, оның бұларға ойдағыдай әсер етуі үшін қажет.

V

Одан әрі ілгерілейік.

Пролетариат мемлекеттік өкіметті жеңіп алып, советтік құрылысты жүзеге асыра алады, қанаушылар есебінен еңбекшілердің көпшілігін экономикалық жағынан қанағаттандыра алады.

Толық және түпкілікті жеңу үшін бұл жеткілікті ме?

Жоқ.

Капитализм тұсында еңбекшілер бұқарасы өздерінің пәлендей тапқа немесе пәлендей партияға еретіндігін ұзақ күрес тәжірибесінсіз, *тек дауыс беру арқылы ғана* шешерліктей немесе жалпы қалай болғанда да *күн ілгері шешерліктей* мүмкіндігі болып, жоғары саналылыққа, мінез ұстамдылығына, терең түсінікке және саяси кең өрістілікке жете алады деп, тек ұсақ буржуазиялық демократтар, олардың қазіргі басты өкілдері — «социалистер» мен «социал-демократтар» ғана өздерінің жалған үмітімен жори алады.

Бұл — жалған үміт. Бұл — Каутскийлер, Лонгелер, Макдональдтар типтес педанттар мен тәтті тілді социалистердің тәтті ертегісі.

Егер капитализм, бір жағынан, *бұқараны* езілу, жаншталу, қорқу, бытырау (деревня!), қараңғылық халіне ұшыратпаса, егер ол (капитализм), екінші жағынан, буржуазияның қолына өтірік пен алдаудың, жұмысшылар мен шаруаларды жаппай алдаудың, оларды топастандырудың, т. т. зор аппаратын бермесе, онда капитализм капитализм де болмас еді.

Сондықтан *еңбекшілерді* капитализмнен коммунизмге тек пролетариат қана *апара* алады. Ұсақ буржуазиялық немесе жартылай ұсақ буржуазиялық еңбекшілер бұқарасы тарапынан: «жұмысшы табымен бірге болу керек пе әлде буржуазиямен бірге болу керек пе» деген аса күрделі саяси мәселенің күн ілгері шешілуі туралы ойлап жатудың қажеті де жоқ. Пролетарлық емес еңбекшілер топтарының *ауытқитындығы* сөзсіз, олардың өздеріне буржуазияның басшылығы мен пролетариаттың басшылығын *салыстыруға* мүмкіндік беретін *практикалық тәжірибе* алатындығы сөзсіз.

Ең елеулі саяси мәселелерді дауыс беру жолымен шешуге болады деп ойлайтын «дәйекті демократияның» жақтастары, міне, осы жағдайды үнемі естен шығарып та жүр. Егер бұл мәселелер көкейтесті және күресте шиеленіскен мәселелер болса, оларды іс жүзінде *азамат соғысы* шешеді, ал бұл соғыста пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасы (ең алдымен шаруалар) *тәжірибесінің*, олардың пролетариат өкіметін буржуазия өкіметімен салыстыру, салғастыру тәжірибесінің орасан зор маңызы бар.

1917—1919 жылдардағы екі жылдық азамат соғысымен салыстырғанда, Россиядағы 1917 жылы ноябрьде болған Құрылтай жиналысының сайлауы бұл жағынан өте-мөте үлгі боларлық.

Большевиктерге қай аудандарда дауыстың мейлінше аз берілгеніне назар салыңыздаршы. Біріншіден, Шығыс-Урал, Сибирь аудандары: большевиктерге 12% және 10% дауыс берді. Екіншіден, Украина: большевиктерге 10% дауыс берді. Қалған аудандардан большевиктер Великороссияның шаруалы ауданында, Поволжье-Қара топырақты ауданында дауыстардың неғұрлым аз процентін алды, бірақ мұнда большевиктерге 16% дауыс берілді.

Ал 1917 жылы ноябрьде большевиктерге берілген дауыстардың проценті неғұрлым аз болған нақ осы аудандарда біз контрреволюциялық қозғалыстардың, көтерілістердің, контрреволюция күштерін ұйымдастырудың анағұрлым табысты болғанын байқаймыз. Нақ осы аудандарда Колчак пен Деникиннің өкіметі әлденеше айлар бойына сақталып тұрды.

Ұсақ буржуазиялық халықтың ауытқуы пролетариаттың ықпалы бәрінен де кем болған жерлерде, осы аудандарда, ерекше айқын көрінді:

әуелі, большевиктер жер бергенде және армиядан қайтарылған солдаттар бітім туралы хабар әкелген кезде, большевиктерді жақтады. Одан кейін, большевиктер революцияның интернационалдық дамуының мүдделері үшін және оның Россиядағы ошағын сақтау үшін Брест бітімін[8] жасасуға көніп, ең терең ұсақ буржуазиялық, патриоттық сезімдерді «қорлаған» кезде, боль-

шевиктерге қарсы шықты. Әсіресе, артық астық бәрінен де көп болған жерлерде, большевиктер бұл артық астықты тұрақты бағамен мемлекетке тапсыруды қатал және өктемдікпен талап ететінін көрсеткен кезде, пролетариат диктатурасы шаруаларға ұнамады. Уралдың, Сибирьдің, Украинаның шаруалары Колчак пен Деникинге қарай бұрыла бастады.

Одан кейін, колчакия мен деникиядағы кез келген газетші ақ гвардиялық газеттердің әрбір номерінде дәріптеген колчактық және деникиндік «демократияның» тәжірибесі шаруаларға демократия туралы, «құрылтай» туралы бос сөздердің іс жүзінде помещик пен капиталистің диктатурасына бүркеніш болып қызмет ететінін көрсетті.

Большевизмге қарай жаңа бет бұрыс басталып отыр: Колчактың және Деникиннің тылында шаруалардың көтерілістері өріс алып келеді. Шаруалар қызыл әскерлерді азат етушілер ретінде қарсы алып жатыр.

Сайып келгенде, еңбекшілердің ұсақ буржуазиялық бұқарасының негізгі өкілі болып табылатын шаруалардың нақ осы қобалжуы Совет өкіметінің және Колчак—Деникин өкіметінің тағдырын шешті. Бірақ бұл «сайып келгенге» дейін ауыр күрестің және азапты сындардың едәуір ұзақ дәуірі өтті; бұл сындар Россияда екі жыл бойы аяқталған жоқ, нақ Сибирьде және Украинада аяқталған жоқ. Олар енді, айталық, бір жылдың ішінде *түпкілікті* аяқталады деп және басқа сондай деп кепілдік беруге болмайды да.

«Дәйекті» демократияны жақтаушылар бұл тарихи фактінің маңызына ой жібермеді. Олар өздеріне-өздері: капитализм тұсында пролетариат еңбекшілердің көпшілігін «сендіріп», дауыс беру жолымен оларды түпкілікті өз жағына каратып алады-мыс деп балалық ертегіні суреттеді және суреттеп те отыр. Ал өмір шындығы мынаны көрсетеді: *ауытқушы* ұсақ буржуазияның ауыр тәжірибесі тек ұзақ және аяусыз күресте ғана, пролетариат диктатурасын капиталистердің диктатурасымен салыстырғаннан кейін, *оны* алғашқысы соңғысынан жақсы деген қорытындыға *келтіреді.*

Марксизмді үйренген және алдыңғы қатарлы елдердің XIX ғасыр ішіндегі саяси тарихының тәжірибесін есепке алғысы келетін барлық социалистер ұсақ буржуазияның пролетариат пен капиталистер табы арасында *ауытқуының* сөзсіздігін теория жүзінде мойындайды. II Интернационал социалистерінің газеттерінде, листоктарында, кітапшаларында ақиқаттары сан миллион рет қайталанған экономикалық ғылым бұл қобалжулардың экономикалық тамырларын айқын ашып көрсетеді.

Бірақ жұрт бұл ақиқаттарды пролетариат диктатурасының ерекше дәуіріне қолдана білмейді. Ұсақ буржуазиялық-демократиялық соқыр сенімдер мен жалған үміттерді (таптардың «теңдігі» жөніндегі, «дәйекті» немесе «таза» демократия жөніндегі, тарихи ұлы мәселелерді дауыс беру арқылы шешу жөніндегі, т. с. соқыр сенімдер мен жалған үміттерді) олар *таптық күрестің* орнына қояды. Олар мемлекеттік өкіметті жеңіп алған пролетариат мұнымен өзінің таптық күресін тоқтатпайтынын, қайта оны басқа формада, басқа құралдармен жүргізе беретінін түсінгісі келмейді. Пролетариат диктатурасы дегеніміз пролетариаттың мемлекеттік өкімет сияқты құралдың көмегімен жүргізетін таптық күресі; пролетарлық емес еңбекшілер топтарына буржуазияның диктатурасын жақтаудан гөрі, пролетариат диктатурасын жақтау тиімдірек екенін, үшінші еш нәрсенің болуы мүмкін емес екенін, ұзақ тәжірибе арқылы, көптеген практикалық мысалдар арқылы көрсету осы таптық күрес міндеттерінің бірі болып табылады.

1917 жылғы ноябрьдегі Құрылтай жиналысының сайлауы туралы деректер бізге одан кейін екі жыл бойына азамат соғысының дамуы көрсетіп келген көріністің негізгі реңін береді. Бұл соғыстағы негізгі күштер Құрылтай жиналысы сайлауының *өзінде-ақ* айқын көрінді: пролетарлық армияның «соққы беретін жұдырығының» ролі көрінді, ауытқушы шаруалардың ролі көрінді, буржуазияның ролі көрінді. «Кадеттер,—деп жазады өзінің мақаласында Н. В. Святицкий,— сол большевиктер табысқа жеткен өңірлерде: Солтүстік және Орталық-Өнеркәсіпті өңірлерде неғұрлым зор табысқа

жетті» (116-бет). Пролетариат пен буржуазияның арасында тұрған аралық элементтердің неғұрлым дамыған капиталистік орталықтарда бәрінен де әлсіз болғаны табиғи нәрсе. Бұл орталықтарда таптық күрестің бәрінен де қатты болганы табиғи нәрсе. Буржуазияның басты күштері нақ осында болды, пролетариат буржуазияны нақ осында, тек осында ғана талқандай алды. Және тек пролетариат қана оны тас-талқан ете алды. Оны тас-талқан еткеннен кейін ғана пролетариат, мемлекеттік өкімет сияқты құралды пайдалана отырып, халықтың ұсақ буржуазиялық топтарының тілектестігі мен қолдауына біржолата жете алды.

Құрылтай жиналысының сайлауы туралы деректер, егер оларды пайдалана білсең, егер оларды оқи білсең, бізге таптық күрес туралы маркстік ілімнің негізгі ақиқаттарын көрсеткен үстіне көрсете түседі.

Айтқандайын. Бұл деректер ұлт мәселесінің ролі мен маңызын да көрсетеді. Украинаны алыңыз. Украин мәселесі жөніндегі соңғы кеңестерде кейбір жолдастар осы сөздерді жазушыны Украинадағы ұлт мәселесін тым «бадырайтып көрсетеді» деп айыптады. Құрылтай жиналысының сайлауы туралы деректер 1917 жылғы ноябрьдің өзінде-ақ Украинада көпшілік дауысты *украин* эсерлері мен социалистері алғанын көрсетеді (бүкіл Украинада барлығы 7,6 миллион дауыс берілсе, оның ішінде орыс эсерлеріне 1,9 миллион дауыс берілді, ал украин эсерлері мен социалистеріне 3,4+0,5=3,9 миллион дауыс берілді). Оңтүстік-Батыс және Румын майдандарында армияда украин социалистері барлық дауыстан 30% және 34% алды (орыс эсерлері 40% және 59% дауыс алды).

Істің жайы осындай болып отырғанда, Украинада ұлт мәселесінің маңызын елемеу,— осы елемеушіліктің салдарынан великоростар күнәға өте жиі ұшырап жүр (және осының салдарынан великоростарға қарағанда, еврейлер күнәға, сірә, сәл сиректеу ұшырайтын болса керек),— зор және қауіпті қате жасағандық. Украинада орыс және украин эсерлерінің 1917 жылдың өзінде-ақ бөлінуінің кездейсоқ іс болуы мүмкін емес. Сондықтан, интернационалист болгандығымыздан біз, біріншіден,

«орыс» коммунистеріндегі великорустық империализм мен шовинизмнің қалдықтарына (кейде санасыз істелетін қалдықтарына) қарсы ерекше жігермен күресуге міндеттіміз; екіншіден, біз маңызы біршама кемірек мәселе ретіндегі (интернационалист үшін мемлекеттің шекаралары туралы мәселе — оныншы дәрежелі боямағанмен, екінші дәрежелі мәселе) нақ ұлт мәселесінде икемге келуге міндеттіміз. Басқа мәселелер маңызды, пролетарлық диктатураның негізгі мүдделері маңызды, Деникинге қарсы күресіп жатқан Қызыл Армияның бірлігі мен тәртібінің мүдделері маңызды, пролетариаттың шаруаларға басшылық ету ролі маңызды; Украина жеке мемлекет бола ма, жоқ па,— бұл мәселенің маңызы анағұрлым кем. Украин жұмысшылары мен шаруаларының әр түрлі системаларды байқап карауы және РСФСР-мен бірігуді де, одан бөлініп, ерекше дербес УССР болуды да, олардың тығыз одақтасуының әр түрлі формаларын да, т. т. және т. с., айталық, бірнеше жыл бойына практика жүзінде сынап көруі сияқты перспектива да бізді еш қандай таңдандыра алмайды және үркітпеуге тиіс.

Бұл мәселені күн ілгері, біржолата, «нық» және «түпкілікті» шешуге әрекеттену тек ұғымның тарлығы немесе тіпті топастық болар еді, өйткені пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасының *мұндай* мәселеде ауытқуы әбден түсінікті, тіпті сөзсіз, бірақ пролетариат үшін тіпті де қорқынышты емес. Шын мәнінде интернационалист бола білетін пролетариат өкілі *мұндай* ауытқуларға аса сақтықпен және шыдамдылықпен қарауға міндетті, бұл ауытқуды пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасының *өзінің* өз тәжірибесіне сүйеніп *жоюына* мүмкіндік беруге міндетті. Басқа, неғұрлым түбегейлі мәселелер жөнінде, ішінара мен жоғарыда көрсетіп өткен мәселелер жөнінде, біз шыдамсыз және рақымсыз, ымырасыз және табанды болуға тиіспіз.

VI

1917 жылғы ноябрьдегі Құрылтай жиналысының сайлауын және Россиядағы пролетарлық революцияның 1917 жылғы октябрьден 1919 жылғы декабрьге дейінгі дамуын салғастыру қандай да болсын капиталистік ел-

дің буржуазиялық парламентаризміне және пролетарлық революциясына қатысы бар қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Бұл қорытындылардың басты-бастыларын қысқаша баяндауға немесе ең болмағанда белгілеуге тырысып көрейік.

1. Жалпыға бірдей сайлау правосы әр түрлі таптардың өз міндеттерін ұғынуының қаншалықты кемелденгендігінің көрсеткіші болып табылады. Ол әр түрлі таптардың өз міндеттерін қалай шешуге *бейім* екендігін көрсетеді. Бұл міндеттерді *шешудің* өзіне, дауыс беру арқылы емес, азамат соғысына дейін ұласатын тап күресінің барлық формалары арқылы қол жетеді.

2. II Интернационалдың социалистері мен социал-демократтары тұрпайы ұсақ буржуазиялық демократияның көзқарасында болып, оның дауыс беру таптар күресінің түбегейлі мәселелерін шеше алады дейтін соқыр сенімін қостайды.

3. Буржуазиялық парламентаризмге қатысу революцияшыл пролетариаттың партиясына сайлау арқылы және партиялардың парламенттегі күресі арқылы бұқараның көзін ашу үшін қажет. Бірақ таптардың күресін парламент ішіндегі күреспен шектеу немесе бұл соңғы күресті — күрестің басқа формаларын өзіне бағындыратын жоғары, шешуші формасы деп есептеу іс жүзінде пролетариатқа қарсы буржуазия жағына шыққандық болады.

4. II Интернационалдың барлық өкілдері мен жақтастары және «тәуелсіз» деп аталатын герман социал-демократиясының барлық көсемдері іс жүзінде осылай буржуазия жағына шығып отыр, өйткені олар сөз жүзінде пролетариат диктатурасын танып, іс жүзінде өздерінің насихатында оны: сен кейін саяси өкіметтің пролетариатқа көшуі үшін, әуелі капитализм тұсында халықтың көпшілігі еркінің формальды түрде білдірілуіне (яғни буржуазиялық парламентте көпшілік дауыс алуға) жетуге тиістісің деген пікірге иландырмақ болады.

«Тәуелсіз» герман социал-демократтарының және шірік социализмнің басқа да көсемдерінің осы тұрғыдан туатын, «азшылық диктатурасына», тағы сондайларға қарсы байбаламдарының бәрі бұл көсемдердің, тіпті ең

демократиялық елдерде де іс жүзінде үстемдік жүргізіп отырған буржуазия диктатурасын түсінбейтінін және оны пролетариаттың тап күресі арқылы қирату шарттарын түсінбейтінін көрсетеді.

5. Бұл түсінбеушілік әсіресе мынада болып отыр: буржуазиялық партиялар өздерінің халық бұқарасын алдауы арқасында, капиталдың езгісі арқасында орасан зор дәрежеде үстемдік жүргізіп отырғаны ұмытылып жүр; капитализмнің мәні жөнінде өзін өзі алдаушылық бұған қосымша болады; бұл өзін өзі алдаушылық бәрінен де гөрі ұсақ буржуазиялық партияларға тән болып отыр, олар әдетте тап күресін таптарды ымыраластырудың азды-көпті бүркемеленген формаларымен ауыстырғысы келеді.

«Әуелі, жеке меншік сақталып тұрғанда, яғни капиталдың өктемдігі мен езгісі сақталып тұрғанда, халықтың көпшілігі пролетариат партиясын жақтайтынын білдірсін,— тек сонда ғана пролетариат партиясы өкіметті ала алады және алуға тиіс те»,— өздерін «социалистерміз» деп атайтын, іс жүзінде буржуазияның малайлары болып табылатын ұсақ буржуазиялық демократтар осылай дейді.

«Әуелі революцияшыл пролетариат буржуазияны құлатсын, капиталдың езгісін күйретсін, буржуазиялық мемлекеттік аппаратты қиратсын,— сонда, жеңіске жеткен пролетариат, пролетарлық емес бұқара еңбекшілерінің көпшілігін қанаушылар есебінен қанағаттандыра отырып, олардың тілектестігі мен қолдауын өз жағына тез аудара алады»,—дейміз біз. Мұның керісінше болуы тарихта сирек кездесетін ерекшелік (мұндай ерекшелік тұсында да буржуазия азамат соғысын бастай алады, мұны Финляндияның мысалы көрсетті[9]).

6. Немесе басқа сөздермен айтқанда:

«Әуелі, жеке меншік және капиталдың езгісі сақталып отырғанда (яғни формальды теңдік тұсында іс жүзінде теңсіздік болып отырғанда) теңдік немесе дәйекті демократия принципін тануға міндеттенейік және бұл негізде көпшіліктің шешіміне жетуге тырысайық»,— буржуазия және оның сойылын соғушылар, өздерін

социалистер және социал-демократтар деп атайтын ұсақ буржуазиялық демократтар осылай дейді.

«Әуелі пролетариаттың таптық күресі мемлекеттік өкіметті жеңіп ала отырып, іс жүзіндегі теңсіздіктің тіректері мен негіздерін қиратады, содан кейін, қанаушыларды жеңген пролетариат барлық еңбекшілер бұқарасын өзінің соңынан ертіп, *таптарды жоюға*, яғни алдаушылық болып табылмайтын бірден-бір социалистік *теңдікке* бастайды»,— дейміз біз.

7. Барлық капиталистік елдерде, пролетариатпен қатар немесе пролетариаттың өзінің революциялық міндеттерін түсінген және бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін күресе алатын бөлегімен қатар, еңбекші бұқараның көптеген санасы төмен пролетарлық, жартылай пролетарлық, жартылай ұсақ буржуазиялық топтары бар; олар буржуазияның алдауына түскендіктен, өздерінің күшіне немесе пролетариаттың күшіне сенбегендіктен, қанаушыларды экспроприациялау есебінен өздерінің ең шұғыл мұқтаждықтарының өтелуі мүмкін екендігін білмегендіктен, буржуазияға және буржуазиялық демократияға (оның ішінде II Интернационалдың «социалистеріне») ереді.

Еңбекшілер мен қаналғандардың бұл топтары пролетариаттың авангардына одақтастар береді, пролетариат бұл одақтастармен бірге халықтың берік көпшілігі болады, бірақ бұл одақтастарды пролетариат тек мемлекеттік өкімет сияқты құралдың көмегімен ғана, яғни буржуазияны құлатып, оның мемлекеттік аппаратын қиратқаннан кейін ғана өз жағына тарта алады.

8. Қандай да болсын капиталистік елде пролетариаттың күші пролетариаттың жалпы халық санында алатын үлесіне қарағанда анағұрлым зор. Оның себебі — пролетариат капитализмнің бүкіл шаруашылық системасының орталығында және өзегінде экономикалық жағынан үстем болып отырады, сол сияқты, тағы бір себебі — капитализм тұсында пролетариат, экономикалық және саяси жағынан, еңбекшілердің орасан зор көпшілігінің шын мүдделерін білдіріп отырады.

Сондықтан пролетариат, тіпті өзі халықтың азшылығы болған кезде де (немесе пролетариаттың саналы және

шын мәнісінде революцияшыл авангарды халықтың азшылығы болған кезде де) буржуазияны құлата алады, одан кейін, пролетариаттың үстемдігін ешқашан күн ілгері жақтамайтын, бұл үстемдіктің шарттары мен міндеттерін түсінбейтін, пролетарлық диктатураның болмай қалмайтындығына, дұрыстығына, заңдылығына өздерінің кейінгі тәжірибесінде ғана иланатын жартылай пролетарлар мен ұсақ буржуа бұқарасынан көптеген одақтастарды өз жағына тарта да алады.

9. Ақырында, әрбір капиталистік елде ұсақ буржуазияның капитал мен еңбек арасында сөзсіз ауытқып отыратын аса қалың топтары әрдайым болып отырады. Пролетариат өзінің жеңуі үшін, біріншіден, буржуазияға шешуші шабуыл жасау кезеңін дұрыс белгілеуге тиіс, айта кетелік, белгілегенде, буржуазияның өзінің ұсақ буржуазиялық одақтастарымен ажырасуын немесе олардың одағының баянсыздығын, т. т. есепке алуға тиіс. Пролетариат, екіншіден, өзі жеңіске жеткеннен кейін ұсақ буржуазияның бұл ауытқуын оны бейтараптандырарлықтай етіп, оның қанаушылар жағына шығуына бөгет жасарлықтай етіп пайдалануға тиіс, *оның бұлталақтауына қарамастан* белгілі уақыт бойына тұрақтай білуге тиіс, тағысын-тағылар және тағы сондайлар.

10. Пролетариаттың өзінің жеңіске жетуіне әзірлеудің қажетті шарттарының бірі — оппортунизмге, реформизмге, социал-шовинизмге қарсы, тағы сондай буржуазиялық ықпалдар мен ағымдарға қарсы ұзақ, қажырлы, аяусыз күрес жүргізу; мұндай ықпалдар мен ағымдар болмай тұрмайды, өйткені пролетариат капиталистік жағдайда қимыл жасайды. Мұндай күрес жүргізбейінше, жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмді күні бұрын толық жеңбейінше, пролетариат диктатурасы туралы сөз болуы да мүмкін емес. Егер большевизм меньшевиктерді, яғни оппортунистерді, реформистерді, социал-шовинистерді жеңуді және пролетарлық авангардтың партиясынан аяусыз қуып шығаруды алдын ала, 1903—1917 жылдары, үйренбеген болса, онда большевизм 1917—1919 жылдары буржуазияны жеңе де алмас еді.

Сондықтан, оппортунизмнің үлкенді-кішілі талаптарына көне берудің, онымен ымыраласудың, буржуазиялық демократияның (олардың айтқанындай, «дәйекті демократияның» немесе «таза демократияның»), буржуазиялық парламентаризмнің, тағы-басқа-тағылардың соқыр сенімдері алдында құрдай жорғалаудың ескі, дағдылы саясатын *іс жүзінде* одан әрі жүргізіп отырған неміс «тәуелсіздері» көсемдерінің немесе француз лонгетистерінің[10], т. т. пролетариат диктатурасын сөз жүзінде тануы қазір аса қауіпті өзін өзі алдаушылық — ал кейде тұп-тура жұмысшыларды алдағандық болып табылады.

16. XII. 1919.

1919 ж. декабрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 7—8-номерлерінде басылған Қол қойған: Н. Ленин

Журналдың текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

БІЗДІҢ ОРНЫМЫЗДЫ БАСАТЫН ҰРПАҚҚА[11]

Қызыл аптаны өткізу күндерінде Петроград губерниясының жұмысшы-шаруа жастарын құттықтаймын.

Жаңа, жарқын тұрмыс құруға тың, жас күштермен кірісу үшін өздеріңіздің бұл бағыттағы жұмыстарыңызды күшейте беріңіздер, жас өспірім жолдастар.

В. Ульянов (Ленин)

«Смена» № 1,
18 Октябрь, 1919 ж.

«Смена» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПРЕСНЯ АУДАНЫНДА, 1905 ЖЫЛҒЫ ДЕКАБРЬ КӨТЕРІЛІСІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МИТИНГІДЕ 1919 ж. 19 ДЕКАБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, біздер бүгін бұдан 14 жыл бұрын болған Москвадағы декабрь көтерілісі мен Пресиядағы шайқас күнін атап өтуге жиналдық.

Жолдастар, 1905 жылғы Москвадағы көтеріліс орыс революцияшыл жұмысшыларының ең ірі қозғалыстарының бірі болды, ол кезде бұл көтеріліс әлі табысқа жете алмайтын болса да, бұған қарамастан, оның маңызы орасан зор болып шықты. Тек енді ғана, орыс революциясының көп жылғы бүкіл тарихи әзірлігін өз көзімізбен көргеннен кейін ғана, біз 1905 жылғы декабрь көтерілісінің және ол кезде патша өкіметінің күштеріне қарсы Красная Пресня жұмысшылары төтеп бере жүргізген шайқастардың маңызына шындап баға бере аламыз. Жолдастар, ол кезде орыс жұмысшысының күштері әлі өте мардымсыз болғанын қазір біз айқын көріп отырмыз; ол кезде жасалған құрбандықтардың өтеуі еселеп қайтарылғанын көріп отырмыз.

Бірақ мен жұмысшылардың осы әлі әлсіз, енді-енді жандана бастаған көтерілісінің өзін басу үшін патша өкіметі 1905 жылғы декабрьде-ақ өзінің барлық күшін жұмсауға мәжбүр болғанын айтуға тиіспін. Жақын арада партиямыздың Москва ұйымы декабрь көтерілісі туралы, Пресня күндері туралы, астыртын жағдайдағы әлсіз партия ұйымының ол кезде бұл көтерілісті қалай әзірлегені туралы және Москвада тек жұмысшылардың ғана емес, бүкіл еңбекші халықтың бұл көтерілісті қандай зор тілектестікпен қолдағаны туралы естелік әңгі-

мелерге арналған екі жинақ бастырып шығарды. Жақын арада жарияланған бұл жаңа материалдарда жандармерияның қайраткері және полицей болған біреудің мойындауы ерекше назар аударарлық; ол былай дейді: 1905 жылғы декабрьде біздер, патша өкіметін жақтаушылар, әлсіз болдық, мұны революционерлер ол кезде әлі білмеген-ді. «Егер,— деп мойындайды патшаның бұл малайы,— революционерлердің соққысы біраз күштірек болып, ұзағырақ уақытқа созылса, онда, бізде сол кездің өзінде байқала бастаған ыдыраушылық тұсында, біз төтеп бере алмаған болар едік». Охранкашының ерекше қызықты мойындауы міне осындай; бұл мойындау мынаны көрсетеді: ол кезде Пресня жұмысшылары бостандық ісіне және жұмысшыларды азат ету ісіне өз құрбандықтарын текке жасаған жоқ, олар сол кезде-ақ өздерінің қаһармандық үлгісімен жұмысшы табының күшін барлық дұшпандарға көрсетті және өздерінің үлгісімен миллиондаған ұшқындарды жандырды; бұл ұшқындар кейін көп жыл бойы ұзақ және қиын жолмен лаулай келіп, жеңімпаз революцияны туғызды.

1905 жылдан кейін Россиядағы жұмысшы қозғалысына өз тарихының ең ауыр және ең қанды кезеңдерін бастан кешіруіне тура келді. Патша өкіметі 1905 жылы Москвада көтеріліс жасаған қаһармандарды адам естімеген айуандықпен жазалады. Москвадағы көтеріліс басылғаннан кейін Россияның жұмысшы табы жаппай күреске аттануға тағы да бірнеше рет әрекет жасады. 1906 жылы көктемде жаппай стачкалар қаулады және шаруалар қозғалысы басталды; 1907 жылы тағы бір әрекет жасалды,— бірақ бұл әрекеттер реакцияның тегеурінін тек қана бәсеңдетті, бірақ мүлдем тоқтата алмады. Сөйтіп, қозғалыс астыртын жағдайға көшуге мәжбүр болған, жұмысшы табының жүздеген, мыңдаған ұлдары дарға асылып, түрмелерде, айдауда және каторгада қаза тапқан ұзақ жылдар келді.

Ал одан кейін біз жұмысшы табының 1910—1911—1912 жылдан бастап қайтадан күш жинай бастағанын, 1912 жылғы апрельдегі Лена қырғынынан кейін жаппай қуатты ереуілдер толқыны көтеріле бастағанын көреміз; бұл ереуілдер елдің ол шетінен бұл шетіне дейін

жайылып, патша өкіметін қатты шайқалтқандығы соншa — 1914 жылдың жазына қарай Петроградта іс баррикада жасауға дейін барды; мүмкін, патша үкіметінің соғыс бастау жөнінде осылай жан ұшыра шешім қабылдауын тездеткен себептердің бірі, мүмкін, осы себептердің бірі — оның революциялық қозғалысты осындай жолмен басып-жаншудан үміттенуі болған шығар. Бірақ қозғалысты басып-жаншудың орнына, соғыс революциялық қозғалыстың барлық алдыңғы қатарлы елдерге таралуына әкеліп соқтырды.

Төрт жылдық соғысты, біздің айқын көріп отырғанымыздай, жыртқыштар — тек герман империализмі ғана емес, сонымен бірге ағылшын және француз империализмі де — тонаушылық мақсаттармен жүргізді. Германдар 1918 жылы бізге Брест-Литовск тонаушылық бітімін әкеп таңғанда, Франция мен Англияда бұл бітімді айыптаған айқайдың ұшы-қиыры болған жоқ, ал сол 1918 жылы, бір жыл өткен соң, Германия жеңілген кезде, Германияда империя құлаған кезде, француз және ағылшын капиталистері жеңілген Германияға Версаль бітімін[12] әкеп таңды, бұл бітім қазір біздің Брест-Литовск бітімінен де асып түсетін айуандық, зорлық-зомбылық шараларының үлгісі болып отыр.

Ал енді біз Францияның, Англияның және Американың жүздеген, мыңдаған және миллиондаған алданған жұмысшыларының апта сайын көзі ашылып келе жатқанын көріп отырмыз; оларды герман империализміне қарсы соғысасыңдар деп сендірген еді, енді олар бұл соғыста ондаған миллион адамның қаза тапқанын, мүгедек болып қалғанын көріп отыр. Сонда не үшін? бұл соғыстан кейін миллиардерлерге айналған, барлық елдерді күйзеліске жеткізген тек ат төбеліндей ғана миллионерлердің баюы үшін.

Жолдастар, біз қазір, өнеркәсіп және әсіресе қала жұмысшыларына төнген күйзелістер мағынасында алғанда ауыр уақытты бастан кешіріп отырмыз. Бұл уақытты бастан кешіру қандай ауыр екенін, біздің жұмысшы табы қандай қатты аштық пен жалаңаштыққа ұшырап отырғанын өздеріңіз білесіздер. Сол сияқты біз, төрт жыл бойына соғыста азап шеккен және одан кейін

өзіне Англия мен Францияның көмегімен таңылған соғысты екі жыл бойы жүргізіп жатқан, артта қалған Россия ғана, тек сол ғана күйзеліп қоймай, мәселен, Франция мен Америка сияқты, ең алдыңғы қатарлы және бай елдер, жеңген елдер де, толық күйзеліс шегіне жеткенін білеміз. Ол елдер көмір дағдарысына ұшырап отыр, ол елдерде темір жол қатынасын тоқтатуға тура келіп отыр, өйткені өнеркәсіп пен транспорт төрт жылдық соғыста адам айтқысыз бүлініп, қираған. Миллиондаған таңдаулы өндіргіш күштер бұл империалистік соғыста опат болды; мұның нәтижесінде біз мынаны көріп отырмыз: орыс жұмысшы табы 1905 жылдың өзінде, ол патша өкіметіне қарсы көтеріліс жасаған кезде, жұмысшыларға, бүкіл дүние жүзіне көрсеткен жол, орыс жұмысшы табы буржуазияны құлатқан кезде әрі қарай жалғастырған жол,— осы жол барлық, тіпті ең алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшыларының назарын өзіне аударған және тілектестігін туғызған жол болып шықты.

Енді осы қыста бізге адам естімеген күйзелістер мен ауыртпалықтарды бастан өткізуге тура келетінін мен айтып өттім, жолдастар. Бірақ біз өзімізге өзіміз былай дейміз: біз ақырына дейін шыдаймыз, өйткені, барлық ауыртпалықтар мен күйзелістерге қарамастан, жұмысшылардың таңдаулы өкілдері, ең саналы жұмысшылар мен шаруалар бізге көмектесіп келді, Қызыл Армияны құра отырып көмектесті, бұл армияның арқасында біз біржолата жеңіске жетеміз. Қазір, Колчактың әскерлері біржолата талқандалған кезде, жақын арада Сибирьдегі көтерілістер Колчак армиясының қалдықтарын Деникинге жөнелту мүмкіндігін, сірә, жойған кезде, Новониколаевск түбінде орасан зор әскери күштер қолға түсірілген кезде,— сірә ешқандай Колчак армиясының қалмағанын біз білеміз. Қазіргі уақытта оңтүстікте, Деникин өзінің табысқа жеткенін айтып мақтануға мүмкіндік алған жерде, біз ол жерде өзіміздің Қызыл Армияның бірте-бірте күшейіп келе жатқан шабуылын көріп отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, Киев, Полтава және Харьков алынды, біз Донецк бассейніне, көмір кеніне қарай орасан тез алға басудамыз.

Сонымен, жолдастар, капиталды толық жеңу үшін жұмысшы табы бастан кешірген адам естімеген ауыр күйзелістердің бәрі, бұл құрбандықтардың бәрі, енді толық өтелетінін біз көріп отырмыз. Капиталистері әуелі Колчакқа, одан кейін Юденич пен Деникинге соңғы уақытқа дейін миллиондаған сом ақшамен және әр түрлі соғыс жарақтарымен көмектесіп келген шет елдердің енді абыржи бастағанын біз көріп отырмыз.

Өздеріңіз білесіздер, олар блокаданың темір құрсауымен Россияны басқа елдерден кесіп тастады, өздеріңіз білесіздер, олар біздің өкілдерімізді шетелге өткізбеді. Өздеріңіз білесіздер, 1905 жылдан да бұрын большевиктермен бірге патша өкіметіне қарсы күрескен революционерлердің бірі Литвинов жолдас Англияда елші болып тұрған кезде оны жұмысшылардың әрбір жиналысының қол шапалақтап, өздерінің үкіметіне қатты наразылық білдіріп қарсы алғандығы сонша — ағылшындар Литвинов жолдасты кетіруге тырысты. Ал қазір Литвиновты жан-тәнімен жек көретіндер оған Копенгагенге баруға рұқсат етті, рұқсат етіп қана қоймай, оның баруына мүмкіндік те жасады (Литвинов жолдас онда ағылшын крейсерімен барды). Ал Литвинов жолдастың Копенгагенде болған әрбір күні Россия үшін үлкен-үлкен жеңіс болып табылатынын біз білеміз. Онда жұмысшылардың өкілдері, сол сияқты мыңдаған буржуазиялық газеттердің тілшілері одан үнемі бұл бет бұрыстың мәнісін түсіндіруді өтінеді. Ал біздің білуімізше, бұл бет бұрыстың мәнісі мынада: батыс буржуазиясы бұдан былай блокада жасай алмайды, орыс контрреволюцияшыл генералдарына миллиондаған сом ақшамен көмектесе алмайды, өйткені бұл бай және алдыңғы қатарлы елдердің әрқайсысының жұмысшысы батыс буржуазиясының мұны істеуіне жол бермейді.

Итальян палатасында депутаттардың дауыс беруінің қорытындысы европалық елдердің саясатында болған өзгерістің ең айқын белгісі болса керек; бұл туралы біз радио арқылы Франциядан Америкаға берілген және біздің радио станциямыз ұстап алған хабардан білеміз. Бұл хабар мынадай: итальян палатасында орыс мәселесі талқыланған, сөйтіп социалистер Советтік республи-

каны дереу тануды ұсынғанда, олардың ұсынысын жақтап жүз, ал оған қарсы екі жүз дауыс берілген; демек, Советтік республиканы тануды тек жұмысшылар ғана жақтаған, ал буржуазия өкілдерінің бәрі бұған қарсы болған. Ал бұдан кейін бүкіл итальян палатасы бірауыздан: Италия үкіметі одақтастардың блокадасы толық тоқтатуына және орыс істеріне қандай да болса қол сұғуды толық тоқтатуына күш салатын болсын деп қаулы алған. Төрттен үш бөлігі болмаса да, үштен екі бөлігі помещиктер мен капиталистерден құралған депутаттар палатасы қабылдаған, жеңген елдердің бірінде қабылданған, тек қана жұмысшы қозғалысының қыспағымен қабылданған шешім міне осындай.

Бұл шешім халықаралық саясатта шынында өзгеріс туып келе жатқанын, әрбір елдегі жұмысшы қозғалысының орасан зор ішкі күштері шынында біздің әрқашан үміт еткенімізге, біздің Россия жұмысшыларына айтқанымызға жеткізгенін айқын көрсетеді; осының үшін,— дедік біз оларға,— күресте ауыр құрбандықтар жасауға болады және жасалуға тиіс, осының үшін, аштық пен жалаңаштыққа шыдап, біз бастан кешіріп отырған күйзелістер мен азаптардың есесі қайтады. Өйткені бұл ісімізбен біз Советтік Россияны ғана құтқарып қоймай, оның үстіне күрестің әрбір айтасы сайын басқа елдердің сол миллион жұмысшыларының тілектестігі мен қолдауын өзімізге тартамыз. Міне, сондықтан да, қазіргі уақытта біз қаза тапқан жолдастарды және Красная Пресня қаһармандарын еске түсіргенде, біз бәріміз бұл еске түсіруден одан сайын күшті сергектік, жеңіс жақын деген берік байлам табамыз.

Қиыншылықтар мен құрбандықтардың бәріне қарамастан, біз капиталды толық жеңуге өзіміз де жетеміз; барлық елдердің жұмысшыларын да жеткіземіз. (Қол шапалақтау.)

Қысқаша газет есебі
1919 ж. 20 декабрьде
«Известия ВЦИК» газетінің
286-номерінде басылған

Бірінші рет 1950 ж.
В. И. Ленин Шығармаларының
4-басылуының 30-томында
толық басылған

Стенограмма бойынша басылып отыр

РКП(б) МОСКВА ЖАЛПЫ ҚАЛАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1919 ж. 20 ДЕКАБРЬДЕ СЕНБІЛІКТЕР ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[13]

Жолдастар, конференцияны шақырушылардың маған хабарлағанына қарағанда, сіздер сенбіліктер туралы мәселе бойынша баяндама белгілепсіздер, бұл мәселедегі ең басты нәрсені: біріншіден, Москвада сенбіліктердің ұйымдастырылуын және олардың нәтижелерін, екіншіден, оларды бұдан әрі ұйымдастыруға керекті практикалық қорытындыларды егжей-тегжейлі талқылауға мүмкіндік алу үшін, бұл баяндаманы екіге бөліпсіздер. Менің тек жалпы қағидалармен, біздің партиялық және советтік құрылысымыздағы жаңа құбылыс болып отырған сенбіліктерді ұйымдастырудан туатын ой-пікірлермен ғана шектелгім келер еді. Сондықтан практикалық жағына мен тек өте қысқа түрде ғана тоқталмақпын.

Коммунистік сенбіліктер алғаш енді ғана ұйымдастырылған кезде, мұндай құбылыстың қаншалықты көңіл бөлерлік екенін және одан елеулі бір нәрсе шығатын-шықпайтынын айту қиын еді. Әлі есімде, партиялық баспасөзден бұл туралы алғашқы хабарлар көріне бастаған кезде, кәсіптік құрылыс ісі мен Еңбек комиссариатына жақын тұрған жолдастардың пікірлері, пессимистік деп айтпағанмен, тым тартыншақтау болды. Оларға бұл сенбіліктерге зор маңыз беруге ешқандай негіз жоқ сияқты көрінді. Содан бері сенбіліктердің кең өрістегені сонша — олардың біздің құрылысымыздағы маңыздылығына енді ешкім де таласа алмайды.

Шынында да, біз «коммунизм» деген сөзді өте жиі қолданамыз, жиі қолданатындығымыз сонша — оны

партиямыздың атына да енгіздік. Бірақ бұл мәселеге ой жіберсек, оның іле-шала игілік әкелуімен бірге, біздер үшін біраз қауіп те әкелуі мүмкін деген ой келеді. Біздің партияның атын өзгертуімізге II Интернационалдың үстем социализмінен іргені неғұрлым аулақ салу тілегі басты себеп болды. Социализмнің ресми партияларының басым көпшілігі империалистік соғыс кезінде, өздерінің көсемдері арқылы, өз елінің буржуазиясы немесе өз үкіметі жағына шыққанпан кейін, ескі социализмнің орасан зор дағдарысқа ұшырағаны, күйрегені бізге айқып болды. Сондықтан, империалистік соғыс кезінде өз үкіметтерімен бірге болғандарды социалистер деп есептей алмайтынымызды мейлінше ашып көрсету үшін, ескі социализмнің ірігенін, өлгенін көрсету үшін, көбінесе осы үшін де, партиямыздың атын өзгерту туралы ой туды. Оның үстіне, бірыңғай теория тұрғысынан қарағанда «социал-демократия» деген ат әлдеқашаннан-ақ дұрыс болмай келген еді. Қырқыншы жылдардың өзінде, Францияда, бұл ат алғаш рет саяси атауға кеңінен енгізілген кезде, бұл ат, революцияшыл пролетариат партиясына емес, ұсақ буржуазиялық социалистік реформизм партиясына берілген болатын. Сонымен, партияның атын жаңа Интернационалдың атауына айналған атқа өзгертудегі басты себеп, қозғаушы күш ескі социализмнен үзілді-кесілді іргені аулақ салу тілегінен туды.

Егер біз өзімізге өзіміз: коммунизмнің социализмнен өзгешелігі неде деп сұрақ қойсақ, онда біз былай деуге тиіспіз: социализм — капитализмнен тікелей өніп-өсетін қоғам, жаңа қоғамның тұңғыш түрі. Ал коммунизм — қоғамның неғұрлым жоғары түрі, сондықтан ол тек социализм әбден орныққан кезде ғана өрістей алады. Социализм капиталистердің көмегінсіз жұмыс істелуін, ұйымдасқан авангард тарапынан, еңбекшілердің алдыңғы қатарлы бөлегі тарапынан өте қатаң есепке алынып, бақыланып, қадағаланып отыратын қоғамдық еңбек болуын көздейді; бұл ретте еңбек өлшемі де, оған берілетін ақы да белгіленуге тиіс. Бұл анықтаманың қажет болатын себебі — капиталистік қоғам бізге бытыраңқы еңбек ету, қоғамдық шаруашылыққа сенбеу, ұсақ қожайынның барлық шаруа елдерінде үстем болып отырған

ескі әдеттері сияқты іздер мен әдеттер қалдырды. Мұның бәрі шын мәніндегі коммунистік шаруашылыққа қайшы келеді. Ал коммунизм деп біз адамдар қоғамдық міндеттерді атқаруға ерекше күштеп көндіру аппараттарынсыз дағдыланатын, ортақ мүдде үшін тегін жұмыс істеу жалпыға бірдей іске айналатын тәртіпті атаймыз. Капитализмді толық жеңу үшін алғашқы қадам жасаушылардың тұрғысынан қарағанда, «коммунизм» ұғымы өте алысты білдіретіні өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан біздің партиямыздың атын өзгерту қаншама дұрыс болғанмен, оның әкелген пайдасы қаншама зор болғанмен, кең өрістетіле істелген іс қаншама ірі болғанмен,— өйткені коммунистік партиялар қазірдің өзінде бүкіл дүние жүзінде өмір сүріп отыр және, Коммунистік Интернационал[14] құрылғалы әлі бір жыл өтпесе де, жұмысшы қозғалысының тұрғысынан қарағанда, ол өліп бара жатқан ескі, II Интернационалдан әлдеқайда күшті,— дегенмен, «коммунистік партия» деген атауды коммунистік құрылыс қазірдің өзінде жүзеге асырылып жатыр деген мағынада түсінетін болсақ, мұның орасан зор бұрмалаушылыққа және түкке тұрмайтын мақтаншақтыққа әкеліп соқтыратын практикалық зияны болады.

Сондықтан да «коммунистік» деген сөз өзіне өте сақтықпен қарауды талап етеді, сондықтан да коммунистік сенбіліктер, практикаға енгізіле бастаған кезде, ерекше бағалы болып отыр, өйткені өте кішкене осы істе коммунистік бір нәрселер көріне бастады. Помещиктер мен капиталистерді экспроприациялаудан біз тек социализмнің ең бастапқы формаларын жасауға ғана мүмкіндік алдық, бірақ мұнда әлі коммунистік еш нәрсе жоқ. Егер біз өзіміздің қазіргі шаруашылығымызды алатын болсақ, біз онда социализм бастамаларының әлі өте әлсіз екенін және не ұсақ шаруашылықтың басым болуы, не барып тұрған тағылық, жүгенсіз жалдаптық түріндегі ескі шаруашылық формаларының орасан зор үстемдік жасап отырғанын көреміз. Бірақ бізге қарсы шығушылар, ұсақ буржуазиялық демократтар, меньшевиктер мен эсерлер, өздерінің бізге қарсы пікірлерінде: сіздер ірі капитализмді қираттыңыздар, ал мұның орнына сіздерде қуыс-қуыстың бәрінен барып тұрған сорақы жал-

даптық, өсімқорлық капитализм туып келеді дегенде, біз оларға былай деп жауап береміз: егер сіздер ірі капитализмнен тура коммунизмге өте аламыз деп қиялдаған болсаңыздар, онда сіздер революционерлер емессіздер, сіздер реформистерсіздер немесе утопистерсіздер.

Ірі капитализм барлық жерде, тіпті социализмге қарай әлі ешқандай қадам жасалмаған елдерде де, түпкілікті әлсіреді. Бұл тұрғыдан қарағанда, бізге қарсы шығушылардың бұл сындарының бәрі, бұл қарсылық пікірлерінің бәрі мүлде елеуге тұрмайды. Әрине, ірі капитализм қиратылғаннан кейін, оның орнына жаңа, ұсақ, жалдаптық капитализм өркендері туа бастайды. Біз ірі капитализмнің қалдықтарына қарсы жанталаса күрес жүргізудеміз; ірі капитализм әр түрлі ұсақ жалдаптыққа бой ұрды, мұнда оны ұстау қиынырақ, мұнда ол сауданың ең оңбаған, ең берекесіз формасына ие болады.

Соғыс жағдайында анағұрлым шиеленіскен күрес, әсіресе капитализмнің неғұрлым кең көлемде ұйымдастырылған жерлерінде, жалдаптықтың барып тұрған айуандық көрінісін туғызды, сондықтан революциялық жолмен өтуді басқаша түсіну мүлде қате болар еді. Қазіргі экономика тұрғысынан қарағанда, істің жайы осындай болып отыр. Егер біз: Советтік Россияның қазіргі экономикалық құрылысы қандай деп сұрақ қойсақ, біз бұған: ол ірі өндірісте социализмнің негіздерін қалау, капитализм сан миллион формада қатты қарсылық көрсетіп отырған жағдайда ескі капиталистік шаруашылықты жөндеп қайта құру болып табылады деп жауап беруге тиіспіз. Соғыстан нақ біздің еліміз сияқты жүтап шыққан батыс европалық елдердің, мәселен, Австрияның, бізден өзгешелігі тек қана мынау: онда капитализмнің бұл іріп-шіруі, бұл жалдаптық одан да күштірек, ал социалистік құрылыстың өркендері, капитализмге тойтарыс беретін нәрсе, онда жоқ. Бірақ біздің шаруашылық құрылысымызда әзірге коммунистік еш нәрсе жоқ. «Коммунистік» дегеніміз сенбіліктер, яғни жеке адамдардың кең көлемде қоғамның пайдасына істейтін тегін, ешқандай өкімет, ешқандай мемлекет нормаламаған еңбегі пайда болған кезде ғана басталады.

Мұның өзі деревняда әрдайым болып келген көршіге көмек емес, жалпы мемлекеттік қажеттерді өтеу үшін істелетін, кең көлемде ұйымдастырылған және тегін еңбек. Сондықтан «коммунистік» деген сөз партияның атына ғана қатысты қолданылмай, коммунистікті нақты жүзеге асырып жатқан, біздің тұрмысымыздың шаруашылық құбылыстарына да қолданылса, мұның өзі дұрысырақ болар еді. Егер Россияның қазіргі құрылысында коммунистік бір нәрсе бар болса, ол — тек сенбіліктер, ал басқалары — капитализмге қарсы, социализмді нығайту жолындағы күрес қана; социализм толық жеңгеннен кейін барып, біз кітаптардан емес, сенбіліктердегі нақты өмір шындығынан байқайтын коммунизм содан өсіп жетілуге тиіс.

Мұнда, бүкіл мемлекеттің қажеттерін өтеу үшін кеңінен ұйымдастырылған тегін еңбек түрінде, ескі капиталистік ережелердің бәріне қайшы келетін мүлде жаңа нәрсе, капитализмді жеңетін социалистік қоғамнан да жоғары нәрсе жасалатындығын және туа бастағандығын көрсететін сенбіліктердің принциптік маңызы осындай. Сондықтан осы жылы, партияның Орталық Комитетінің елге көмектесу жөніндегі шақыруынан[15] кейін, бұған әуелі, неғұрлым күшті ашаршылық және неғұрлым зор мұқтаждық тұрмыс жағдайындағы Москва — Қазан темір жолының теміржолшылары ұн қосты, ал коммунистік сенбіліктердің некен-саяқ нәрсе болмай, кең тарала бастау және бұқараның тілектестігіне кездесу белгілері көрінгеннен кейін,— мұнда біз орасан зор маңызы бар принциптік құбылысқа ие болып отырмыз, егер принциптік мағынада ғана, капитализмге қарсы күрес тұрғысынан ғана коммунист болып, сонымен шектелуді тілемесек, біз оны шын мәнінде барлық жағынан қолдауға тиіспіз деп айтуға болады. Социалистік қоғамның практикалық құрылысы тұрғысынан қарағанда, бұл әлі жеткіліксіз. Қозғалысты іс жүзінде кең көлемде жүзеге асыруға болатынын айту керек. Біз мұны дәлелдеп көрсеттік пе,— мен бұған жауап беруді міндетіме алмаймын, өйткені біз коммунистік сенбіліктер деп атап отырған қозғалыстың көлемі жайында жалпы ақпарлар әлі жасалған жоқ. Менде тек үзінді мәлімет-

тер ғана бар және мен партиялық баспасөзден бұл сенбіліктердің бірқатар қалаларда барған сайын өте өрістеп келе жатқанын оқыдым. Петроградтық жолдастар сенбіліктердің Петроградта Москвадағыдан анағұрлым кең таралғанын айтты. Провинцияны алатын болсақ, бұл қозғалыспен практика жүзінде таныс көптеген жолдастар маған қоғамдық еңбектің бұл жаңа формасы туралы орасан көп материал жиналып жатқанын айтты. Бірақ, сенбіліктер шын мәнінде бұқаралық іске айналды ма және біз бұл салада шын мәнінде елеулі табыстарға жеттік пе,— мұны айтуымызға негіз боларлық жиынтық мәліметтерді біз бұл мәселені баспасөзде және әр түрлі қалалардың партия конференцияларында сан рет талқылағаннан кейін ғана ала аламыз.

Қалай болғанда да, біз мұндай толық және тексерілген мәліметтерді тез арада немесе кешірек алатын болсақ та, біз үшін мынадай нәрсе күмәнсыз болуға тиіс: принциптік тұрғыдан қарағанда, біздің коммунистер деп аталып қана қоймай және коммунист болуды тілеп қана қоймай, оның үстіне іс жүзінде — тек социалистік қана емес — коммунистік нәрсені де жүзеге асырып жатқанымызды көрсететін басқа құбылыс, сенбіліктерден басқа құбылыс бізде жоқ. Сондықтан әрбір коммунист, коммунизмнің принциптеріне адал болғысы келетін әрбір адам, өзінің бүкіл күш-жігерін, өзінің бүкіл назарын осы құбылысты айқындауға және оны практикада қолдануға көмектесу жолына жұмсауға тиіс. Сенбіліктердің принциптік маңызы осындай. Сондықтан әрбір партия конференциясында бұл мәселені үнемі алға қойып, оны теориялық жағынан да, практикалық жағынан да талқылау керек. Біз бұл құбылысты тек теориялық, принциптік жағымен ғана шектеуге тиісті емеспіз. Коммунистік сенбіліктер біз үшін орасан зор бағалы болғанда, мұның себебі — тек олардың коммунизмді практикада жүзеге асыратындығында ғана емес. Сонымен бірге, сенбіліктердің біз үшін тағы да екі түрлі маңызы бар: мемлекеттік тұрғыдан қарағанда — мемлекетке таза практикалық көмек беру — ал партиялық тұрғыдан қарағанда, біз үшін, партияның мүшелері үшін, тасада қалмауға тиісті нәрсе — партияны оған

бұқпантайлап еніп кеткен элементтерден тазарту үшін, іріп-шіріп бара жатқан капитализм жағдайында партия бастан кешіріп отырған ықпалдарға қарсы күресу үшін сенбіліктердің маңыз алып отырғандығы. Шаруашылық жағынан алғанда сенбіліктер Совет республикасын экономикалық күйзелістен құтқарып, социализмді жүзеге асыра бастау үшін қажет. Мәселенің осы екінші жағына мен әлі де біраз толығырақ тоқталсам ба деймін...*.

Қысқаша газет есебі 1919 ж. 21 декабрьде «Известия ВЦИК» газетінің 287-номерінде басылған

Бірінші рет 1927 ж. 26 октябрьде «Правда» газетінің 245-номерінде толық басылған

Стенограмма бойынша басылып отыр

---

* Осымен стенограмма үзіледі. *Ред.*

[41

(1

Письмо к рабочим и крестьянам Украины по поводу побед над Деникиным.

Товарищи! Четыре месяца тому назад, в конце августа 1919-го года, мне довелось обратиться с письмом к рабочим и крестьянам по поводу победы над Колчаком.

Теперь я перепечатываю это письмо полностью для рабочих и крестьян Украины по поводу побед над Деникиным.

Красные войска взяли Киев, Полтаву, Харьков и победоносно двигаются на Ростов. На Украине кипит восстание против Деникина. Необходимо собрать все силы, чтобы разбить до конца деникинские войска, пытающиеся восстановить власть помещиков и капиталистов. Необходимо уничтожить Деникина, чтобы обезопасить себя от малейшей возможности нового нашествия.

Рабочие и крестьяне Украины должны ознакомиться с теми уроками, которые все русские крестьяне и рабочие вынесли из опыта завоевания Сибири Колчаком и освобождения Сибири красными войсками после долгих месяцев помещичьего и капиталистического гнета.

На Украине господство Деникина было

В. И. Лениннің «Деникинді жеңгендігіміз жөнінде Украина жұмысшылары мен шаруаларына хат» деген қолжазбасының бірінші беті. — 28 декабрь, 1919 ж.

Кішірейтілген

ДЕНИКИНДІ ЖЕҢГЕНДІГІМІЗ ЖӨНІНДЕ УКРАИНА ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ШАРУАЛАРЫНА ХАТ

Жолдастар! Бұдан төрт ай бұрын, 1919 жылғы августың аяғында, Колчакты жеңгендігіміз жөнінде жұмысшылар мен шаруаларға хат* жазуыма тура келген еді.

Енді мен Деникинді жеңгендігіміз жөнінде Украина жұмысшылары мен шаруаларына арнап сол хатты толық көшіріп бастырып отырмын.

Қызыл әскерлер Киевті, Полтаваны, Харьковты алып, Ростовқа қарай жеңіспен алға басуда. Украинада Деникинге қарсы көтеріліс қаулай түсті. Помещиктер мен капиталистердің өкіметін қайта орнатуға тырысқан Деникин әскерлерін ақырына дейін талқандау үшін барлық күшті жинау қажет. Өзімізді жаңа шапқыншылықтың титтей де болсын мүмкіндігінен аман сақтап қалу үшін Деникинді құрту керек.

Украина жұмысшылары мен шаруалары Колчактың Сибирьді жаулап алуы және помещиктер мен капиталистердің көптеген айларға созылған езгісінен кейін қызыл әскерлердің Сибирьді азат етуі тәжірибесінде барлық орыс шаруалары мен жұмысшыларына айқын болған сабақтармен танысуға тиіс.

Сибирьдегі Колчактың үстемдігіндей, Украинадағы Деникиннің үстемдігі де ауыр сын болды. Бұл ауыр сынның сабақтары, Урал және Сибирь жұмысшылары мен шаруалары сияқты, Украин жұмысшылары мен шаруаларын да Совет өкіметінің міндеттерін бұрынғы-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 39-том, 165—174-беттер. *Ред.*

дан да айқын түсінуге және оны бұрынғыдан да табандылықпен қорғауға жеткізетіні күмәнсыз.

Великороссияда помещиктердің жерге иелік етуі толық жойылды. Украинада да соны істеу керек, сөйтіп украин жұмысшылары мен шаруаларының Совет өкіметі де помещиктердің жерге иелік етуін толық жоюды, украин жұмысшылары мен шаруаларын помещиктердің қандай да болсын езгісінен және помещиктердің өздерінен толық азат етуді баянды етуге тиіс.

Бірақ бұл міндеттен және великорус еңбекшілері мен украин еңбекшілері бұқарасының алдына бірдей қойылған және қойылып отырған басқа да бірқатар міндеттерден тыс Украинадағы Совет өкіметінің ерекше міндеттері бар. Осындай ерекше міндеттердің бірі қазіргі уақытта барынша көңіл бөлуді керек қылады. Бұл — ұлт мәселесі немесе: Украина Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасымен одақ (федерация) болып байланысқан жеке және тәуелсіз Украина Советтік Социалистік Республикасы бола ма, әлде Украина Россиямен біртұтас Советтік республика болып біріге ме деген мәселе. Барлық большевиктер, барлық саналы жұмысшылар мен шаруалар бұл мәселені көңіл қойып ойластыруға тиіс.

Украинаның тәуелсіздігін РСФСР-дің (Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасының) ВсеЦИК-і (Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті) де, большевиктердің Россия Коммунистік партиясы да таныды. Сондықтан Украинаны Россиямен біріктіру керек пе, Украинаны дербес және тәуелсіз республика етіп қалдыру керек пе және соңғы жағдайда бұл республика мен Россияның арасында нақ қандай федерациялық байланыс орнату керек деген мәселені тек украин жұмысшылары мен шаруаларының өздері ғана өз Советтерінің Бүкіл украиналық съезінде шеше алатындығы және шешетіндігі өзінен-өзі айқын және жалпы жұрт осылай деп таныған.

Бұл мәселені еңбекшілердің мүдделері тұрғысынан қалай шешу керек? олардың еңбекті капиталдың езгісінен толық азат ету жолындағы күресінің сәтті болуы тұрғысынан қалай шешу керек?

Біріншіден, еңбек мүдделері әр түрлі елдердің, әр түрлі ұлттардың еңбекшілері арасында мейлінше толық сенім, мейлінше тығыз одақ болуын талап етеді. Помещиктер мен капиталистерді, буржуазияны жақтаушылар жұмысшыларды әлсірету үшін, капиталдың өктемдігін нығайту үшін жұмысшыларды бөлшектеуге, ұлт алауыздығы мен араздығын күшейтуге тырысады.

Капитал — халықаралық күш. Оны жеңу үшін жұмысшылардың халықаралық одағы, олардың халықаралық туысқандығы керек.

Біз — ұлт араздығына, ұлт алауыздығына, ұлттық оқшаулыққа қарсымыз. Біз — халықаралықшылармыз, интернационалистерміз. Біз дүние жүзіндегі барлық ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларын бүкіл дүние жүзілік біртұтас Советтік республикаға тығыз біріктіріп, толық қосуға ұмтыламыз.

Екіншіден, капитализм ұлттарды сан жағынан аз, езуші, ұлы державалық (империалистік), толық праволы, нұрсатты ұлттарға және басым көпшілігі езілген, тәуелді және жартылай тәуелді, тең праволы емес ұлттарға бөлгенін еңбекшілер ұмытпауға тиіс. 1914—1918 жылдардағы барып тұрған қылмысты және барып тұрған реакциялық соғыс бұл бөлінуді одан сайын күшейтті, мұның негізінде ыза мен өшпенділікті өршітті. Толық праволы емес және тәуелді ұлттардың ұлы державалық және езуші ұлттарға, украиндар сияқты ұлттардың великорустар сияқты ұлттарға ашынуы мен сенбеушілігі ғасырлар бойы жиналып келді.

Біз ұлттардың *ерікті* одағы болуын,— бір ұлттың екінші ұлтқа зорлық жасауына ешбір жол бермейтін одақ болуын,— мейлінше толық сенімге, туысқандық бірлікті айқын түсінушілікке, толық ерікті ынтымаққа негізделген одақ болуын тілейміз. Мұндай одақты бірден жүзеге асыруға болмайды; істі бүлдіріп алмау үшін, сенімсіздік туғызбау үшін ғасырлар бойы помещиктер мен капиталистердің езгісінен, жеке меншіктен және оны бөлуге, қайта бөлуге бола туған араздықтан қалған сенімсіздікті жоюға мүмкіндік беру үшін, бұл одаққа асқан төзімділікпен және сақтықпен жету керек.

Сондықтан, ұлттардың бірлігіне іркілмей ұмтыла отырып, оларды бөлшектейтіндердің бәрін аяусыз қудалай отырып, біз ұлттық сенімсіздіктің қалдықтары жөнінде өте сақ, төзімді, икемге келгіш болуға тиіспіз. Еңбекті капиталдың езгісінен азат ету жолындағы күресте еңбектің негізгі мүдделеріне қатысы бар істердің бәрінде біз икемге келмейтін, ымыраласпайтын болуға тиіспіз. Ал мемлекеттік шекараны қазір, уақытша — өйткені біз мемлекеттік шекараны толық жоюға ұмтыламыз — қалай белгілеу туралы мәселе — негізгі, маңызды мәселе емес, екінші дәрежелі мәселе. Бұл мәселені кейінге қалдыра тұруға болады және кейінге қалдыра тұру керек, өйткені шаруалар мен ұсақ қожайындардың қалың бұқарасының ұлттық сенбеушілігі көбінесе өте тұрақты келеді, сондықтан асығыстық жасасақ, оны күшейтіп алуымыз, яғни толық және түпкілікті бірлік ісіне зиян келтіруіміз мүмкін.

Россиядағы жұмысшы-шаруа революциясының, 1917 жылғы Октябрь-Ноябрь революциясының тәжірибесі, оның халықаралық және орыс капиталистерінің шапқыншылығына қарсы екі жылдық жеңімпаздық күресінің тәжірибесі поляк, латыш, эстлянд, финн шаруалары мен ұсақ қожайындарының великоростарға ұлттық сенбеушілігін капиталистердің уақытша пайдалана алғанын, осы сенбеушілік негізінде олар мен біздердің арамызда уақытша алауыздық туғыза алғанын айдан анық көрсетті. Бұл сенбеушілік тек өте баяу жойылатынын және өтетінін, ұзақ уақыт бойы езуші ұлт болып келген великоростар неғұрлым көбірек сақтық пен төзімділік көрсетсе, бұл сенбеушілік соғұрлым тез өтетінін тәжірибе көрсетті. Поляк, латыш, литван, эстлянд, финн мемлекеттерінің тәуелсіздігін танығандықтан да біз көршілес шағын мемлекеттердің капиталистер тарапынан бәрінен де гөрі мықтап алданған, ең артта қалған және езілген еңбекшілер бұқарасының сеніміне, жайлап болса да, үнемі ие болып келеміз. Нақ осындай жолмен біз оларды «өздерінің» ұлттық капиталистерінің ықпалынан бәрінен де гөрі тыңғылықты айырып аламыз, оларды толық сенімге, болашақ халықаралық біртұтас

Советтік республикаға бәрінен де гөрі тыңғылықты бастаймыз.

Украинаны Деникиннен толық азат еткенше оның үкіметі, Советтердің Бүкіл украиналық съезіне дейін, Бүкіл украиналық революциялық комитет — Бүкіл украиналық ревком[16] болады. Бұл Ревкомда, украин большевик-коммунистерімен қатар, үкімет мүшелері ретінде, украин боротьбист-коммунистері[17] жұмыс істейді. Айта кетелік, боротьбистердің большевиктерден бір өзгешелігі сол — олар Украинаның сөзсіз тәуелсіздігін жақтайды. Большевиктер *бұған бола* ажырасушылық, ыдыраушылық туғызбайды, *бұдан* достық пролетарлық жұмысқа қандай да болсын кедергі болады деп ойламайды. Капиталдың езгісіне қарсы, пролетариат диктатурасы үшін күресте бірлік болса болғаны, ұлттық шекара туралы, мемлекеттер арасындағы федерациялық немесе басқа байланыс туралы мәселеге бола коммунистер ажыраспауға тиіс. Большевиктердің арасында Украинаның толық тәуелсіздігін жақтаушылар бар, аздьі-көпті тығыз федерациялық байланыстың болуын жақтаушылар бар, Украинаның Россиямен толық қосылуын жақтаушылар бар.

Бұл мәселелерге бола ажырасуға жол беруге болмайды. Бұл мәселелерді Советтердің Бүкіл украиналық съезі шешетін болады.

Егер великорус коммунисі Украинаны Россиямен қосуды талап етсе, мұндай саясатты ол пролетарлардың капиталға қарсы күрестегі бірлігі тұрғысынан емес, ескі великорустық ұлтшылдықтың, империализмнің соқыр сенімдері тұрғысынан қорғайды деп украиндардың күдіктенуі қиын емес. Мұндай сенімсіздік табиғи нәрсе, белгілі дәрежеде болмай қоймайтын және заңды нәрсе, өйткені великоростар, помещиктердің және капиталистердің езгісінде болып, великорустық шовинизмнің масқара және оңбаған соқыр сенімдерін ғасырлар бойы сүйегіне сіңіріп келді.

Егер украин коммунисі Украинаның сөзсіз мемлекеттік тәуелсіздігін талап етсе, ол мұндай саясатты капиталдың езгісіне қарсы украин жұмысшылары мен шаруаларының күресіндегі уақытша мүдделер тұрғысынан

қорғамай, ұсақ буржуазиялық, ұсақ қожайындық ұлттық соқыр сенімдерге байланысты қорғайды деп күдіктенуге болады. Өйткені әр түрлі елдердің ұсақ буржуазиялық «социалистері» — әр қилы социалистсымақтар поляк, латыш, литван, грузин меньшевиктері, эсерлері және басқалары — революцияшыл жұмысшыларға қарсы «өздерінің» ұлттық буржуазиясымен келісу саясатын алдау арқылы өткізу мақсатын ғана көздеп, пролетариатты жақтаушылар болып көріну үшін түстерін бояйтынын тәжірибе бізге жүздеген рет көрсетті. Біз мұны 1917 жылы февраль — октябрьде Россиядағы керенскийшілдіктің мысалынан көрдік, біз мұны барлық және әр түрлі елдерде көрдік және көріп отырмыз.

Сонымен, великорус және украин коммунистері арасындағы өзара сенбеушілік өте оңай туады. Бұл сенбеушілікке қарсы қалай күресу керек? Одан қалай арылып, өзара сенімді қалай орнату керек?

Мұның ең жақсы амалы — барлық елдердің помещиктері мен капиталистеріне қарсы, олардың өздерінің толық өкімет билігін қайта орнату әрекеттеріне қарсы күресте пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметін қоргау жолында бірлесіп жұмыс істеу. Мұндай бірлесіп күресу мемлекеттік тәуелсіздік туралы немесе мемлекеттік шекара туралы мәселе қалай шешілетін болса да, великорус және украин жұмысшыларына міндетті түрде тығыз әскери және шаруашылық одақ керек екенін практикада айқын көрсетеді, өйткені әйтпесе «Антантаның», «Келісу елдерінің», яғни ең бай деген капиталистік елдердің, Англия, Франция, Америка, Жапония, Италия одағының капиталистері бізді бір-бірлеп жаныштап, тұншықтырады. Сол капиталистер ақшамен және қарумен жабдықтаған Колчакқа және Деникинге қарсы біздің күресіміздің мысалы бұл қауіпті айқын көрсетті.

Кімде-кім великорус және украин жұмысшылары мен шаруаларының бірлігін және ең тығыз одағын бұзса, ол Колчактарға, Деникиндерге, барлық елдердің жыртқыш капиталистеріне көмектеседі.

Сондықтан біздер, великорус коммунистері, өз арамызда великорустық ұлтшылдықтың титтей де болсын

белгісін аса қатты қудалауға тиістіміз, өйткені жалпы алғанда коммунизмге опасыздық болып табылатын бұл белгілер біздерді украин жолдастардан ажырастырып, сол арқылы Деникиннің және деникиншілдіктің сойылын соғып, орасан зор зиян келтіреді.

Сондықтан біздер, великорус коммунистері, Украинаның мемлекеттік тәуелсіздігіне, оның Россиямен одақ жасасуының формаларына, жалпы алғанда ұлт мәселесіне қатысты алауыздық туа қалған күнде, украин большевик-коммунистерімен және боротьбистерімен мұндай алауыздық тұсында икемге келгіш болуға тиіспіз. Пролетарлық күрестің негізгі, түбегейлі, барлық ұлттарға бірдей мәселелеріне, пролетарлық диктатура мәселелеріне, буржуазиямен келісім жасалуына жол бермеу, бізді Деникиннен қорғайтын күштердің бөлшектенуіне жол бермеу мәселелеріне келгенде, біз бәріміз, великорус коммунистері де, украин коммунистері де, қандай да болсын басқа ұлттың коммунистері де икемге және ымыраға келмейтін болуға тиіспіз.

Деникинді жеңу, оны, жою, мұндай шапқыншылықтың қайталануына мүмкіндік қалдырмау — великорус жұмысшылары мен шаруаларының да, украин жұмысшылары мен шаруаларының да түбегейлі мүддесі осындай. Бұл ұзақ әрі қиын күрес, өйткені бүкіл дүние жүзінің капиталистері Деникинге көмектесіп отыр және әр түрлі Деникиндерге көмектесе бермек.

Осы ұзақ та қиын күресте біздер, великорус және украин жұмысшылары, мейлінше тығыз одақ жасап алға басуға тиіспіз, өйткені жеке-жеке шыққанда біздер, сірә, жеңе алмаймыз. Украина мен Россияның шекарасы қандай болса да, олардың мемлекеттік өзара қатынасының формалары қандай болса да, бұл оншама маңызды емес, бұл істе икемге келуге болады және келуге тиіспіз, бұл істе мұны да, екіншісін де, үшіншісін де байқап көруге болады,— жұмысшылар мен шаруалардың ісі, капитализмді жеңу ісі бұдан құрып кетпейді.

Ал егер біз өздеріміздің арамыздағы мейлінше тығыз одақты, Деникинге қарсы одақты, өз елдеріміздің және барлық елдердің капиталистері мен кулактарына қарсы одақты сақтай білмесек, онда еңбек ісі көп жылға сөзсіз

құриды, құрығанда капиталистердің Советтік Украинаны да, Советтік Россияны да жаныштап, тұншықтыра *алатындығы* мағынасында құриды.

Сондықтан барлық елдердің буржуазиясы және жұмысшыларға қарсы буржуазиямен одақ жасайтын әр түрлі ұсақ буржуазиялық партиялар, «келісімпаз» партиялар, әр түрлі ұлттардың жұмысшыларын бөлшектеуге, сенімсіздік қоздыруға, жұмысшылардың халықаралық тығыз одағын және халықаралық туысқандығын бұзуға бәрінен де гөрі көбірек әрекеттенді. Буржуазия мұны істей алса, жұмысшылардың ісі ұтылады. Россия мен Украинаның коммунистері төзімділікпен, табандылықпен, қажырлылықпен бірлесіп жұмыс істеп, қандай да болсын буржуазияның ұлтшылдық тіміскі әрекеттерін, қандай да болсын ұлтшылдық соқыр сенімдерді жеңіп, Совет өкіметі жолындағы, помещиктер мен капиталистердің езгісін жою жолындағы, бүкіл дүние жүзілік Федерациялық Советтік Республика жолындағы күресте әр түрлі ұлттардың жұмысшылары мен шаруаларының шын мәніндегі берік одағының үлгісін бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне көрсете алатын болсын.

Н. Ленин

28. XII. 1919.

«Правда» № 3 және «Известия ВЦИК» № 3, 4 январь, 1920 ж.

«Правда» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ДЖОН РИДТІҢ «ДҮНИЕНІ ДҮР СІЛКІНДІРГЕН 10 КҮН» ДЕГЕН КІТАБЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Американ басылымына алғы сөз[18]

Джон Ридтің «Дүниені дүр сілкіндірген он күн» деген кітабын орасан зор ықыласпен, бас көтермей оқып шықтым, мен бұл шығарманы барлық елдер жұмысшыларының оқып шығуына шын жүректен ұсынамын. Мен бұл кітаптың миллиондаған дана болып таратылуын және барлық тілдерге аударылуын қалар едім, өйткені кітап пролетарлық революция деген не, пролетариат диктатурасы деген не екенін түсіну үшін соншалықты маңызы бар оқиғаларды дұрыс және ғажап әсерлі баяндайды. Бұл мәселелер қазіргі уақытта кең талқыланып жатыр, бірақ бұл идеяларды қабылдаудан немесе теріске шығарудан бұрын қабылданатын шешімнің бүкіл маңызын түсініп алу қажет. Джон Ридтің кітабы дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының негізгі проблемасы болып отырған бұл мәселені анықтауға көмектесетіндігінде күмән жоқ.

Н. Ленин

1919 ж. аяғында жазылған

Бірінші рет 1920 ж. 7 ноябрьде «Коммунистический Интернационал» журналының 14-номерінде толық емес күйінде басылған

Бірінші рет 1923 ж. мына кітапта толық басылған: Джон Рид. «Дүниені дүр сілкіндірген 10 күн». Москвада «Красная новь» баспасы басып шығарған

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

ОРЫС ТІЛІН ТАЗАРТУ ТУРАЛЫ

(БОС УАҚЫТТА, ЯҒНИ ЖИНАЛЫСТАРДАҒЫ СӨЗДЕРДІ ТЫҢДАҒАН КЕЗДЕ ТУҒАН ОЙЛАР)[19]

Орыс тілін біз бүлдіріп жүрміз. Шетел сөздерін орынсыз қолдана береміз. Оларды теріс қолданып жүрміз. Кемістіктер немесе кемшіліктер немесе олқылықтар деуге бола тұрса да, «дефектілер» деудің не қажеттігі бар?

Әрине, жалпы алғанда оқуды және әсіресе газет оқуды жуырда ғана үйренген адам газетті құштарланып оқуға кіріссе, ол амалсыздан газеттегі сөз құрылымын үйренеді. Алайда бізде нақ газет тілі де бүліне бастады. Егер оқуды жуырда үйренген адамның, жаңалық ретінде, шетел сөздерін қолдануы кешірімді болса, әдебиетшілердің мұнысын кешіруге болмайды. Шетел сөздерін орынсыз қолдануға қарсы күрес ашатын уақытымыз жеткен жоқ па?

Шынымды айтайын, егер шетел сөздерін орынсыз қолдану мені ызаландыратын болса (өйткені бұл біздің бұқараға ықпал етуімізді қиындатады), газеттерге жазушылардың кейбір қателері тіпті менің шыдамымды таусуы мүмкін. Мәселен, қоздыру, мазалау, ояту мағынасында «будировать» деген сөзді қолданады. Ал француздың «bouder» (будэ) деген сөзінің мағынасы — ашулану, бұртаңдау. Сондықтан будировать шынында да «ашулану» «бұртаңдау» деген сөз. Француздық-нижегородтық сөзді қабылдап қолдану — французша үйренген, бірақ, біріншіден, шала үйренген, ал екіншіден, орыс тілін бұзып сөйлеген орыс помещиктері табының

оңбаған өкілдерінің оңбағандығын өнеге тұтқандық болады.

Орыс тілін бұзып сөйлеуге қарсы күрес ашатын уақыт жеткен жоқ па?

1919 немесе 1920 ж. жазылған

Бірінші рет 1924 ж. 3 декабрьде «Правда» газетінің 275-номерінде басылған

Қол қойған: Н. Ленин

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАД ГУБЕРНИЯСЫ ӘЙЕЛДЕР СЪЕЗІНІҢ БЮРОСЫНА[20]

Жолдастар! Сіздердің съезіңізге қатысуға мүмкіндігім болмағандықтан, мен өзімнің құттықтауымды және өте жақсы табыстарға жетулеріңізге тілектестігімді Сіздерге хат арқылы білдіргім келеді.

Қазір біз азамат соғысын сәтті аяқтап келеміз. Совет республикасы қанаушыларды жеңуі арқылы нығайып келеді. Совет республикасы қазірден бастап өзінің күштерін неғұрлым маңызды, біздің бәрімізге, барлық еңбекшілерге, неғұрлым жақын және тол міндетке: қан төгіссіз соғысқа, аштықты, жалаңаштықты, күйзелушілікті жеңу жолындағы соғысқа баса жұмсай алады және баса жұмсауға тиіс. Міне осы қан төгіссіз соғыста жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер ерекше зор роль атқаруға тиіс.

Петроград губерниясының әйелдер съезі Совет өкіметін бұдан да ұлы жеңістерге жеткізуге тиісті және жеткізетін бұл қан төгіссіз соғыста еңбекші әйелдер армиясын құруға, топтастыруға, ұйымдастыруға көмектесетін болсын.

Коммунистік сәлеммен

В. Ульянов (Ленин)

10/I. 1920.

«Петроградская Правда» № 11, 16 январь, 1920 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯНЫҢ ТРАНСПОРТ БӨЛІМІ ТУРАЛЫ[21]

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[22]

16. I. 1920.

Бүкіл россиялық төтенше комиссия Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімінің қимыл жасау тәртібін ғана анықтап қоймай, сонымен бірге Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімі агенттерінің саботаж жасауды немесе жалдаптық әрекеттерді байқамағаны немесе хабарламағаны үшін қатаң жауапкершілігін де белгілейтін толық нұсқауды 3 апта мерзім ішінде бастырып шығаруға міндетті.

Атап айтқанда Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімінің агенттері темір жол жұмысшыларының өздерінің қызмет бабын үнемі жалдаптық жасау үшін пайдаланбайтын нағыз пролетарлық бөлегінің коммунистік және кәсіптік ұяларымен байланыс жасап отыруға тиіс.

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Азербайжан үкіметінің Деникинге қарсы бірлесіп соғыс қимылдарын жүргізу жөніндегі біздің ұсынысымыздан бас тартып, Каспий теңізінде бізге қарсы әрекет жасаушы Англияның әскери күштеріне көмек көрсетіп отырғаны себепті Сыртқы істер халық комиссариатына Азербайжан үкіметі жөнінде барынша ұстамдылық жасап, оған сенімсіздік көрсету саясатын жүргізу тапсырылсын. Әрбір ұлт еңбекші бұқарасының өзін өзі билеу правосын қалтқысыз мойындайтынымызды барынша айқын баса көрсете отырып, Сыртқы істер халық комиссариаты Азербайжан үкіметінің мұндай әрекетіне үзілді-кесілді наразылық білдіруге тиіс[23].

1920 ж. ерте дегенде 17 январьда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП (б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ОРЫС КООПЕРАЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ АНТАНТАНЫҢ РОССИЯМЕН САУДА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫН БАСТАУҒА ӘРЕКЕТ ЖАСАУЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫ

Кооперативтерді көрінеу капитализмді қайта орнату аппараты ретінде пайдалану мақсатымен Антантаның кооперативтер арқылы товар айырбасын жасасуға ниет етіп отырғаны себепті, Орталық Комитет Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының председателіне, Азық-түлік халық комиссариатына, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі мен Сауда халық комиссариатына кооперативтер туралы мәселені жоғарыда көрсетілген тұрғыдан барынша ұқыпты түрде талқылай, ең алдымен товар айырбасы белгіленуі мүмкін пункттердің бәрінде (Украина, Қиыр Шығыс) кооператив аппаратын толық өз қолымызға алуды қамтамасыз ететін шараларды дереу талдап жасау тапсырылсын.

1920 ж. 17 немесе 18 январьда жазылған

Бірінші рет, протоколдың жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

ГЕРМАН ТӘУЕЛСІЗ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫНЫҢ ХАТЫНА РКП АТЫНАН БЕРІЛЕТІН ЖАУАПТЫҢ ЖОБАСЫ (НЕМЕСЕ ТЕЗИСТЕРІ)[24]

Тәуелсіздердің (неміс тәуелсіздерінің) келіс сөз туралы *ресми* ұсынысын алғаннан кейін, біз енді партия ретінде оларға Коммунистік Интернационал үшін белгілі дәрежеде міндетті болып табылатын «дипломатиясыз» әбден ашық жауап беруге тиіспіз.

Жауап бергенде: пролетариат диктатурасы мен советтік системаға тілектес жұмысшылар бұқарасына,— тек Германияда ғана емес, Францияда да, Англияда да, тағы басқа бірсыпыра елдерде де жұмысшыларға кеңінен түсінікті әлгі ұрандарға (пролетариат диктатурасы және Совет өкіметі) сөз жүзінде ғана қол қойып, ал іс жүзінде жұмысты, насихатты, үгітті және басқаларын бұл ұрандар рухында емес, бұл ұрандарға қайшы рухта, ескіше жүргізіп отырған көсемдердің (саналы және санасыз түрде, яғни өзін өзі алдау себепті) *алдауына түскен* жұмысшылар бұқарасына істің жайын түсіндіретіндей етіп жауап беру керек.

Төмендегі — осындай жауап (РКП-дан неміс Тәуелсіз социал-демократиялық партиясына) тезистерінің алғашқы нобайы:

(пункттердің рет саны *әлі де* өзгертілуге тиіс)

1. Пролетариат диктатурасының мәнісі — еңбекшілер мен қаналғандардың бүкіл бұқарасын революциялық шаралармен, қанаушыларды экспроприациялау арқылы өз жағына (пролетариаттың революциялық авангардының жағына) тартуға шеберлік, әзірлік, батылдық көрсету деген сөз.

Неміс тәуелсіздерінің күнделікті үгітінде (мәселен, «Freiheit»[25]-те) бұл жоқ. Бұл лонгетистерде де жоқ.

2. Атап айтқанда, мұндай үгіт деревня пролетарлары мен жартылай пролетарлары үшін, сондай-ақ, ұсақ шаруалар (егін орағының тіпті ең қызу кезінде де жалдама еңбекті қолданбайтын және т. с. шаруалар, астықты аз сататын немесе сатпайтын шаруалар) үшін мейлінше қажет. Халықтың бұл топтарына күн сайын, барынша қарапайым, ұғымды етіп мейлінше нақты түрде мынаны түсіндіріп отыру керек: пролетариат мемлекеттік өкіметті қолына алған соң, олардың жағдайын *экспроприацияланған помещиктердің есебінен* дереу жақсарта *береді*. Оларды ірі жер иеленушілердің езгісінен құтқарады, оларға, тұтас алғанда, ірі имениелер береді, борыштардан құтқарады, тағысын-тағылар және тағы сондайлар. Қаладағы пролетарлық емес немесе толық пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасына да дәл соны береді.

Мұндай үгітті неміс тәуелсіздері (лонгетистер де) жүргізбей отыр.

3. Советтік система дегеніміз — баспасөзді пара беріп өз жағына қаратып алу бостандығын, байлардың, капиталистердің газеттерді сатып алу бостандығын, капиталистер үшін жұмыс істейтін газеттерді сатып алып, сол арқылы «қоғамдық пікір» дейтінді қолдан жасау бостандығын «баспасөз бостандығы» деп атайтын буржуазиялық өтірікті талқандау.

Неміс тәуелсіздері (бұлар туралы айтқанда *әрқашан* лонгетистерді де, ағылшын тәуелсіздерін де, тағысын-тағылар мен тағы сондайларды да есте ұстаймыз) осы ақиқатты түсінбей отыр, оны жүзеге асырмай отыр, капиталдың баспасөзді кіріптар етуін баспасөз бостандығы деп атап жүрген буржуазиялық демократияның өтірігін революциялық жолмен жою жолында күнделікті үгіт жүргізбей отыр.

Осындай үгітті жүргізбегендіктен, тәуелсіздер Совет өкіметін тек сөз жүзінде ғана танып, (Lippenbekenntniss), ал іс жүзінде бүтіндей буржуазиялық демократияның соқыр сенімі басып-жаныштаған қалпында қалып отыр.

Баспаханалар мен қоймаларды, қағаз запастарын экспроприациялауды, осы *басты* істі ұғындыра білмейді, өйткені өздері түсінбейді.

4. Мұның жиналыстар бостандығына да (бұл — өтірік, өйткені байлар әлі жақсы үйлерді иемденіп немесе қоғамдық үйлерді сатып алып отыр), *«халықты* қаруландыруға» да, ұждан бостандығына да (=капиталдың бұқараны дін апиынымен ақымақтандыру үшін тұтас шіркеу ұйымдарын сатып алу және пара беріп өзіне қаратып алу бостандығы) және басқа барлық буржуазиялық, демократиялық бостандықтарға да қатысы бар.

5. Пролетариат диктатурасының мәнісі — буржуазияны *бір* таптың, пролетариаттың, атап айтқанда, оның нақ революциялық авангардының құлатуы деген сөз. Бұл авангардтың буржуазиялық парламенттерге, буржуазиялық құрылтай жиналыстарына және басқаларына дауыс беру жолымен, яғни *жалдама құлдық сақталып отырғанда,* қанаушылар сақталып отырғанда, солардың езгісінде бола отырып, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік сақталып отырғанда дауыс беру жолымен *алдын ала халықтың көпшілігіне* ие болуын талап ету, мұны талап ету немесе солай болады деп жорамалдау — іс жүзінде пролетариат диктатурасының көзқарасынан мүлдем таю және іс жүзінде буржуазиялық демократияның көзқарасына көшу деген сөз.

Неміс тәуелсіздері мен француз лонгетистері нақ осылай істеп отыр. «Халықтың» (буржуазия алдаған және капитал жаныштаған халықтың) көпшілігі туралы ұсақ буржуазиялық демократтардың құрғақ сөздерін қайталай отырып, бұл партиялар объективтік жағынан әлі пролетариатқа қарсы буржуазияның жағында тұр.

6. Пролетариат диктатурасы пролетариат қандай капиталистік қоғамда болса да, өзінің объективтік, экономикалық жағдайына байланысты, еңбекшілер мен қаналғандардың *бүкіл* бұқарасының, барлық жартылай пролетарлардың (яғни жұмыс күшін ішінара сатумен күн көретіндердің), барлық ұсақ шаруалардың және сол сияқтылардың мүдделерін *дұрыс* білдіреді деген ақиқатты айқын түсінуді көздейді және мұны айқын түсіну деген сөз.

Халықтың бұл топтары буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партиялардың (соның ішінде II Интернационалдың «социалистік» партияларының) соцынан ергенде, өз еріктерін еркін білдіргендігі себепті емес (ұсақ буржуазиялық демократияның ойлайтынындай емес), қайта буржуазияның оларды тікелей алдауы себепті, капиталдың оларды езуі себепті, ұсақ буржуазиялық көсемдердің өздерін өздері алдауы себепті еріп отыр.

Пролетариат өзі жеңгеннен *кейін* ғана, мемлекеттік өкіметті жеңіп алғаннан кейін ғана, яғни ол буржуазияны құлатқаннан кейін, сол арқылы *барлық* еңбекшілерді капиталдың езгісінен азат етіп, пролетарлық мемлекеттік өкіметтің қандай игіліктер (қанаушылардан құтылу бостандығының игіліктерін) беретіндігін оларға практика жүзінде *көрсеткеннен* кейін ғана халықтың бұл топтарын (жартылай пролетарлар мен ұсақ шаруаларды) өз жағына тартады және өз жағына тарта алады да.

Пролетариат диктатурасы идеясының негізі мен мәні болып табылатын осы ойды неміс тәуелсіздері мен француз лонгетистері түсінбейді, мұны бұқара арасына таратпайды, күн сайын насихаттап отырмайды.

7. Пролетариат диктатурасының мәнісі — қанаушылардың қарсылығын күшпен басу қажеттігін ұғыну, мұны істеуге әзірлік, шеберлік, батылдық көрсету деген сөз. Ал буржуазия, тіпті ең республикалық және демократиялық буржуазия да (мәселен, Германияда, Швейцарияда, Америкада), коммунистерге қарсы және іс жүзінде пролетариаттың қандай да болсын революциялық қадамдарына қарсы ойрандау, линчтеу, өлтіру, әскери зорлық, террор жасау әрекеттерін үздіксіз қолданып отырғандықтан, мұндай жағдайда күштеуден, террор жасаудан бас тарту — жылауық ұсақ буржуаға айналу деген сөз, әлеуметтік татулық туралы реакциялық мещандық жалған үміттер тарату деген сөз, нақтылап айтқанда — қылышын жалаңдатқан офицерден қорқу деген сөз.

Өйткені 1914—1918 жылдардағы ең қылмысты және ең реакциялық империалистік соғыс буржуазияның

пайдасын, капиталдың пайдасын көздеп, пролетариатқа қарсы террор әзірлеп жатқан және терроры жүзеге асырып жатқан нақ он-он мыңдаған реакцияшыл офицерлерді барлық елдерде баулыды және барлық, тіпті ең демократиялық республикаларда саясаттың алдыңғы сахнасына шығарды.

Сондықтан неміс тәуелсіздері мен француз лонгетистерінің парламенттік сөздерде, газет мақалаларында, бүкіл үгіт пен насихатта іс жүзінде террорға көзқарасы пролетариат диктатурасының мәнінен іс жүзінде толық безгендік болып табылады, ұсақ буржуазиялық демократияның позициясына іс жүзінде көшкендік болып табылады, жұмысшылардың революциялық сапасын *азғындату* болып табылады.

8. Мұның азамат соғысына да қатысы бар. Империалистік соғыстан кейін, пролетариатқа қарсы террор қолданып жатқан реакцияшыл генералдар мен офицерлер алдында, *жаңа* империалистік соғыстарды *барлық* буржуазиялық мемлекеттердің қазіргі саясаты *осы күннің өзінде-ақ әзірлеп жатқандығы* фактісінің алдында,— саналы түрде әзірлеп жатқаны былай тұрсын, сонымен бірге олардың бүкіл саясатынан объективтік түрде сөзсіз туады,— осындай жағдайда, осындай ретте қанаушыларға қарсы азамат соғысы жөнінде жылапсықтап, оны жазғыру, одан қорқу — іс жүзінде реакционерге айналу деген сөз.

Мұның мәнісі — жұмысшылардың ондаған мың құрбандыққа түсуі мүмкін жеңісінен қорқу және империалистердің күні кеше миллиондаған құрбандыққа түскен және күні ертең социалдық құрбандыққа түсетін жаңа қырғын соғысына кәміл жол беру деген соз.

Мұның мәнісі — буржуазиялық генералдар мен буржуазиялық офицерлердің реакциялық және зорлықшыл қылықтарына, түпкі ойлары мен әзірліктеріне іс жүзінде *дем беру* деген сөз.

Неміс тәуелсіздері мен француз лонгетистерінің азамат соғысы туралы мәселедегі жылымшы, ұсақ буржуазиялық, сентименталдық позициясы — іс жүзінде нақ осындай реакциялық позиция. Олар ақ гвардияның тімiскі әрекеттерін, оны буржуазияның әзірлеп жатқан-

дығын, оны буржуазияның құрғандығын көрмеген болады және қанаушылардың қарсылығын басып-жаныштай алатын пролетарлардың қызыл гвардиясын, қызыл армиясын құру жөніндегі жұмыстан екі жүзділікпен, фарисейлікпен (немесе қорқақтықпен) теріс айналады.

9. Пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметінің мәнісі — буржуазиялық (тіпті республикалық-демократиялық болса да) мемлекеттік аппаратты, соттарды, азаматтық және әскери бюрократияны, т. т. *талқандау*, быт-шыт етіп қирату қажеттігін айқын ұғыну деген сөз.

Неміс тәуелсіздері мен француз лонгетистері бұл ақиқатты түсініп те отырған жоқ, оның пайдасына күнделікті үгіт жүргізіп те отырған жоқ. Одан бетер: олар *бүкіл* үгітті *қарама-қарсы* рухта жүргізіп отыр.

10. Қандай да болсын революция (реформадан өзгеше) — өзін жеке алғанда әрі саяси, әрі экономикалық дағдарыс және өте терең дағдарыс деген сөз. Бұл соғыстан туған дағдарысқа байланысты емес.

Пролетариаттың революцияшыл партиясының міндеті — бұл дағдарысты батыл қарсы алуға және бұл дағдарысты жою үшін керекті *күштердің қайнар көзін* революциялық шаралардан табуға ерлік қажет екендігін жұмысшылар мен шаруаларға түсіндіру. Революциялық энтузиазммен, революциялық жігермен, ең ауыр құрбандықтар жасауға революциялық әзірлікпен аса зор дағдарыстарды жоя отырып қана, пролетариат қанаушыларды жеңе алады және адамзатты соғыстардан, капиталдың езгісінен, жалдама құлдықтан біржолата құтқара алады.

Құтылудың басқа жолы жоқ, өйткені капитализмге реформистік көзқарас күні кеше миллиондаған адамдардың империалистік қырғынға ұшырауын және шексіз көп әр түрлі дағдарыстарды туғызды (және ертең де сөзсіз туғызады).

Осы негізгі ойды,— ал мұнсыз пролетариат диктатурасы құр бос сөз болып табылады,— тәуелсіздер мен лонгетистер түсінбейді, өздерінің насихаты мен үгітінде мұны айтпайды, бұқараға түсіндіріп отырмайды.

11. Тәуелсіздер мен лонгетистер II Интернационалда (1889 — 1914) іс жүзінде басым болған және оның түбіне жеткен реформизмнің шіріктігін және апатқа ұшырататындығын сезіп-білуді бұқара ішінде тереңдетпейді, өрістетпейді, қайта ол сезіп-білушілікті күңгірттендіреді, кеселді бүркемелейді, оны ашып көрсетпейді, әшкерелемейді.

12. II Интернационалдан шыға отырып, оны сөз жүзінде айыптай отырып (мәселен, Криспиннің кітапшасында), іс жүзінде тәуелсіздер Носке мен Шейдеман мырзалардың австриялық партиясының мүшесі Фридрих Адлерге қол созып отыр.

Тәуелсіздер өз ортасында пролетариат диктатурасының барлық негізгі ұғымдарын шетінен бекерге шығаратын әдебиетшілердің болуына төзіп отыр.

Сөз бен істегі бұл алшақтық Германиядағы тәуелсіздер партиясы, Франциядағы лонгетистер партиясы *көсемдерінің* бүкіл саясатын сипаттайды. Советтік систамаға ұмтылушы жұмысшылар *бұқарасының* революциялық тілектестігіне қарамастан, пролетариаттың реформистік жолмен азғындатылған жоғарғы топтары мен ұсақ буржуазиялық демократияның соқыр сенімдеріне пақ көсемдер қосылып отыр.

13. Алдыңғы қатарлы елдердің империалистік үстеме пайдасы олардың пролетариаттың жоғарғы топтарын *пара беріп өзіне қаратып алуына,* бұларға үстеме пайданың (отарлардан және әлсіз елдерді финанс жағынан қапаудан алынатын пайданың) қалған-құтқанын тастап отыруға, үйретілген жұмысшылардың пұрсатты тобын құруына, т. с. мүмкіндік беріп келгенін (және қазір мүмкіндік беріп отырғанын) тәуелсіздер мен лонгетистер түсінбейді және мұны бұқараға түсіндірмейді.

Бұл кеселді әшкерелемейінше, тред-юнионистік бюрократияға ғана қарсы күресіп қоймай, сонымен бірге цехтық мещандықтың, жұмысшы аристократиясының, жұмысшылардың жоғарғы тобы пұрсаттылықтарының барлық белгілеріне де қарсы күреспейінше, бұл рухтағы өкілдерді революциялық партиядан аяусыз қуып шықпайынша, *төмендегілерге,* барған сайын неғұрлым қалың *бұқараға,* қаналғандардың нағыз *көпшілігіне* пек

артпайынша, пролетариат диктатурасы туралы сөз болуы да мүмкін емес.

14. Тәуелсіздер мен лонгетистердің жұмысшылардың империализмге шалдыққан жоғарғы топтарынан қол үзгісі келмейтіндігі немесе қол үзе білмейтіндігі мынадан да байқалады: олар *отар* халықтардың *барлық* көтерілістері мен революциялық қозғалыстарын тікелей және сөзсіз қолдау жолында үгіт жүргізбей отыр.

Мұндай жағдайда отаршылдық саясатты және империализмді айыптау топас мещанның екіжүзділігіне немесе құр күрсінуіне айналады.

15. Тәуелсіздер мен лонгетистер әскер ішінде (әскердің буржуазияға *қарсы* жұмысшылар жағына шығуын әзірлеу *мақсатымен* әскердің ішіне кіру үшін) үгіт жүргізбей отыр. Олар бұл үшін ұйымдар құрмай отыр.

Олар буржуазияның зорлық-зомбылығына, *оның* (империалистік соғыс кезінде де, соғыс аяқталғаннан *кейін* де) «заңдылықты» шексіз бұзуына *құпия ұйымдардың* үздіксіз насихаты арқылы және оларды *құру арқылы* жауап қайтармай отыр.

Жария жұмысты құпия жұмыспен, жария ұйымдарды құпия ұйымдармен біріктірмейінше Германияда да, Швейцарияда да, Англияда да, Францияда да, Америкада да пролетариаттың шын революциялық партиясы туралы сөз болуы да мүмкін емес.

16. Жалпы және тұтас алғанда тәуелсіздер мен лонгетистердің бүкіл насихаты, бүкіл үгіті, бүкіл ұйымы революциялық-пролетарлық болудан гөрі мещандық-демократиялық; — әлеуметтік-революциялық емес, қайта пацифистік.

Осы себептен пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметін «тану» сөз жүзінде тану болып отыр.

Қорытынды: істің жайы осындай болып отырғандықтан, РКП тәуелсіздермен және лонгетистермен бір Интернационалға бірікпеуді, қайта тәуелсіздер мен лонгетистер сияқты партиялардың дәрменсіздігін, қателерін, соқыр сенімдерін, дәйексіздігін француз және неміс

жұмысшыларының революцияшыл бұқарасының *түзетуін күте тұруды* бірден-бір дұрыс деп табады.

РКП-ның пікірінше, Коммунистік Интернационалда мұндай партияларға орын жоқ.

Алайда РКП өзімен кеңескісі, оның пікірін білгісі келетін партиялардың бәрімен *кеңесуден* бас тартпайды.

1920 ж. 20 январьда жазылған

1920 ж. 22 мартта «Коммунистический Интернационал» журналының 9-номерінде толық емес күйінде басылған

Бірінші рет 1924 ж. «Коммунистический Интернационал» журналының 8-номерінде толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Г. М. КРЖИЖАНОВСКИЙГЕ

Глеб Максимилианович!

Мақаланы алдым, оқып шықтым[26].

Тамаша.

Осындай *бірнешеуі* керек. Сонда кітапша етіп шығарамыз[27]. Бізде нақ құлашы кең немесе «болжағыш» мамандар жетіспейді.

1) Ескертулерді *әзірше* алып тастау немесе қысқарту керек. Бұлар газет үшін тым көп (редактормен ертең сөйлесемін).

2) Техникалық жоспарды емес (бұл, әрине, *көптің* ісі және тез істеле қоймайтын нәрсе), саяси немесе мемлекеттік *жоспарды*, яғни пролетариатқа жүктелетін тапсырманы қоса беруге болмас па екен?

Шамалап айтқанда: бүкіл елді аумағы 400 (немесе, одан артыққа күшіміз келмейтін болса, 200) шақырым болатын орталықтармен қамту үшін 10 (5?) жылда *20—30* (30—50?) станция саламыз; бұлар шымтезекпен, сумен, сланецпен, көмірмен, мұнаймен істейтін болады (*шамамен, долбар* есеппен алғанда, бүкіл Россияны қамтитын болу керек). Қазір, айталық, қажетті машиналар мен модельдер сатып ала бастаймыз. 10 (20?) жылдан кейін Россияны «электрлі» Россияға айналдырамыз.

Меніңше, осындай «жоспарды» — қайталап айтайын, техникалық емес, мемлекеттік жоспарды — жоспардың жобасын, Сіз бере алған болар едіңіз.

Мұны көрнекі, түсінікті, бұқара үшін анық және айқын болашаққа қызықтырып әкететіндей етіп (әбден *ғылыми* негізде) қазір беру керек: айталық, жұмысты қолға алдық, сонда біз 10—20 жылда бүкіл Россияны, әрі өнеркәсіпті, әрі егіншілікті Россияны, *электрлі* Россияға айналдырамыз. **Пәлендей** (мың немесе миллион ат күшіндік немесе киловаттық па?? оны шайтан білсін) машина құлдарды және басқаларды жасағанға дейін жұмыс істейміз.

Егер осыған қоса орталықтары мен төңіректері көрсетілген Россияның *болжалды* картасы болса ше? әлде бұл әлі болмай ма?

Қайталап айтайын, жұмысшылар мен саналы шаруалар *бұқарасын* 10—20 жылдық *ұлы* программамен еліктіріп әкету керек.

Телефонмен сөйлесерміз.

23. I. Сіздің *Ленин*

P. S. Красин темір жолдарды электрлендіру біз үшін әлі мүмкін емес дейді. Солай ма өзі? Ал егер солай болса, онда, бәлкім, 5—10 жылдан кейін мүмкін болар? бәлкім, Уралда мүмкін болар?

Картасын, немесе электр станцияларының болжалды тізбесін (санын), бүкіл елде энергияны орталықтандыра алу перспективаларын көрсетіп, электр станциялары желісінің «мемлекеттік жоспары» туралы ерекше мақала жазса қайтер еді?

Осы хатты алған соң маған телефон соға көріңізші, сонан соң тағы сөйлесерміз.

1920 ж. 23 январьда жазылған

Бірінші рет 1925 ж. 22 январьда «Экономическая Жизнь» газетінің 18-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП (б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫ ИНСПЕКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ДИРЕКТИВАСЫ[26]

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің президиумы мен Мемлекеттік бақылауға РКП Орталық Комитетінің директивасын басшылыққа алу тапсырылсын:

1. Мемлекетті басқарудың бірде-бір саласында жаңа мекемелер құрылмасын, қайта қазіргі бар халық комиссариаттары жақсартылсын.

2. Жұмысшы және Шаруа инспекциясы барынша дамытылсын, күшейтіліп, кеңейтілсін, бүкіл жұмыс Мемлекеттік бақылауды толық «жұмысшыландыруға» (және «шаруаландыруға») бағытталсын.

3. Жұмысшы инспекциясына маман жұмысшылар алынбасын, тек маман емес жұмысшылар ғана және көбінесе әйелдер алынсын.

4. Мемлекеттік бақылау жанындағы Жұмысшы және Шаруа инспекциясының жаңа жобасы Аванесовтың қатысуымен дереу жасалып, 28. I. 1920 кешіктірілмей Саяси бюроға ұсынылсын.

1920 ж. 23 январьда жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ШАРУА ИНСПЕКЦИЯСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ» ЖОБАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ МЕН ҚОСЫМША

Сталин жолдасқа. Көшірмелері Аванесовқа, Томскийге, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі Киселевқа

Орталық Комитет берген директива* негізінде, меніңше, 3 жобаның бәрін бір жоба етіп қайта жасау керек.

Меніңше, мыналарды қосу керек:

1) Мемлекеттік бақылау жанындағы Жұмысшы-Шаруа инспекциясы «бөлімі» уақытша болуға, оған Жұмысшы-Шаруа инспекциясын Мемлекеттік бақылаудың *барлық* бөлімдеріне енгізу міндеті жүктелуге тиіс, содан кейін ол ерекше бөлім ретінде жойылуға тиіс.

2) Мақсат: *барлық* еңбекшілер бұқарасын, еркектерді де, *әсіресе әйелдерді*, Жұмысшы-Шаруа инспекциясына қатыстырып отыру.

3) Мұның үшін жергілікті жерлерде тізімдер жасау (Конституция бойынша), қызметшілерді шығарып тастау, т. т.,

— басқаларының бәрін *кезекпен* Жұмысшы-Шаруа инспекциясына қатыстырып отыру.

4) Қатысушылардың жетілу дәрежесіне қарай, бұл қатыстыруды әр түрлі етіп өткізу керек: сауатсыз және мүлде жетілмеген жұмысшылар мен шаруалар үшін «тыңдаушының» немесе куәның, немесе айғақтың, немесе үйренушінің ролінен бастап, сауаттылар, жетілгендер, қандай жолмен болса да *сыннан өткендер* үшін барлық (немесе барлық дерлік) праволармен аяқтау керек.

---

* Қараңыз: осы том, 69-бет. *Ред.*

5) Өнімдерді, *товарларды*, қоймаларды, құралдарды, материалдарды, отынды, т. т. және т. б. (әсіресе асханаларды және басқаларды) есепке алып отыруға айрықша көңіл бөлу (және мүлтіксіз ережелер белгілеп беру) — сондай-ақ бұған Жұмысшы-Шаруа инспекциясының бақылауын *кеңінен* енгізу қажет.

Бұған әйелдерді *міндетті түрде* және *түгелдей* қатыстыру керек.

6) Қатысушылар бұқарасын қатыстыруды шатастырып алмау үшін біртө-біртө, кезекпен қатыстыруды, т. т. белгілеу керек. Сол сияқты қатыстырудың формаларын мұқият ойластыру қажет (бостан-босқа қызметшілерді жұмыстан алаңдатпау үшін 2—3 адамнан, оқтатекте және ерекше жағдайда көбірек болсын).

7) Егжей-тегжейлі нұсқау әзірленуге тиіс.

8) Мемлекеттік бақылаудың чиновниктері (ерекше нұсқау бойынша), 1-ден, өздерінің барлық жұмыстарына Жұмысшы-Шаруа инспекциясының өкілдерін (немесе топтарын) қатыстырып отыруға, ал 2-ден, жұмысшылар мен шаруалардың *партиялық емес* конференцияларында лекциялар оқуға міндетті болуға тиіс (ерекше бекітілген программа бойынша, Мемлекеттік бақылаудың негіздері және оның тәсілдері туралы көпшілікке ұғымды лекциялар оқу: мүмкін, лекцияларды біз өзіміз бастырып шығаратын (ягни, партияның ерекше қатысуымен, Мемлекеттік бақылау, Сталин мен Аванесов бастырып шығаратын) кітапшаны оқумен және бұл кітапшаға түсінік берумен ауыстыруға болар).

9) Орталықтағы Мемлекеттік бақылауға қатыстыру үшін жергілікті жерлердегі шаруаларды (міндетті түрде партияда жоқ шаруаларды) *бірте-бірте* шақырып тұру: ең болмағанда (көбірек шақыруға мүмкіндік болмаса) губерния сайын 1—2 адамнан бастап, одан кейін, транспортқа және басқа жағдайларға байланысты, *кеңейте беру* қажет. Партияда жоқ жұмысшылар үшін де соны істеу керек.

10) Еңбекшілердің Мемлекеттік бақылауға қатысуын партия арқылы және кәсіподақтар арқылы тексеруді бірте-бірте енгізу, ягни еңбекшілердің қаншалықты қатысатынын және қатысушыларға мемлекетті бас-

қару ісін үйрету тұрғысынан бұл қатысудың қандай нәтижелері болғанын солар арқылы тексеріп отыру керек.

Ленин

24/I. 1920.

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПРЕСНЯ АУДАНЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗЫЛ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ЕМЕС КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1920 ж. 24 ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Қызыл Армияның соңғы жеңістеріне байланысты біздің халықаралық жағдайымыз мықтап өзгерді, сондықтан біздің интернационалдық міндеттерімізді шешуге жаңа жолдар іздеу керек.

Совет өкіметі құрылысымен халықаралық капиталдың барлық күштері оған тап берді, ал бұл күштер Совет өкіметінің күштерінен анағұрлым көп, сондықтан ауытқушылар Совет өкіметінің жеңуіне күмәндана алатын еді. Бірақ, сонда да, ол жеңді. Енді, бұдан былай да жоңо бору үшін не істеу керек екенін түсіну мақсатымен Совет өкіметінің қалайша жеңгеніне ой жіберуге болады.

Ленин жолдас капиталдың күштерін жеңу ісінің қандай зор болғанын, Колчакты талқандау ісінің, блокаданы тоқтатуға және Россияны тұншықтыру жоспарынан бас тартуға одақтастарды мәжбүр еткен істің, қандай зор болғанын атап көрсетті.

Біздің анағұрлым күшті жауды осылай жеңуіміз, сіздер дүние жүзілік буржуазияға қарсы шығып, үмітсіз істі бастадыңыздар деушілердің айтқаны емес, большевиктердің айтқаны дұрыс болғанын көрсетеді. Блокаданың тоқтатылуы бізге біраз жеңілдік бере тұрса да, дегенмен Батыс буржуазиясы, сірә, бізбен әлі де күресуге әрекеттенетін болса керек. Блокаданы тоқтатқаннан кейін, қазірдің өзінде ол поляк ақ гвардияшыларын бізге айдап салуда, сондықтан қырағы болу керек, жаңа шабуылдарға төтеп беруге әзірлену керек және екі

жылдық күрестің сабақтарын пайдалану керек, осы уақытқа дейін жеңіп келгенде өзіміз қолданған құралдарды пайдалану керек.

Меньшевиктер екінің бірінде бізге: Батыс пролетарлары біздерді қолдамайды, олар біздерді тұншықтыруға жол береді, олар Венгрияны тұншықтыруға жол берді ғой деп келді[29]. Былай қарасаң, дұрыс та сияқты. Ендеше Антантаның әскерлері Солтүстік пен Одессадан неге кетті? Кеткен себебі — олардың солдаттары, жұмысшылардың өздері, Советтік Россияның ішіне неғұрлым тереңдеп өткен сайын, бізге қарсы соғысудан соғұрлым батыл бас тартуда. Демек, біздің жеңу себептеріміздің бірі сол — бізге қарсы тек зор күшпен ғана соғысуға болады, ал зор армияны жұмысшылар мен шаруалардан ғана құрастыруға болады, бірақ Батыстың бұл жұмысшыларының бізге қарсы соғысқылары келмейді. Демек, біз жеңгенде, күштірек болғандықтан емес, Антанта елдерінің еңбекшілері, өздерінің үкіметінен гөрі, бізге жақынырақ тұрғандықтан жеңдік.

Жеңуіміздің екінші себебі — «14 мемлекет жорығының»[30] сәтсіздікке ұшырағандығы. Мұның мәнісі — шағын мемлекеттер большевиктерге қарсы күресу үшін біріге алмайды, өйткені олар өздері жеңген күнде және мұнымен бірге деникиншілдік жеңген күнде Орыс империясының қалпына келіп, оның тағы да шағын халықтарға күн көрсетпеуінен қорқады. Сондықтан біз Эстониямен бітім жасасып отырмыз, мұның өзі, ресми түрде блокада тек алдау үшін ғана тоқтатылып отырған күнде де, блокаданы біздің енді іс жүзінде бұзғандығымыз болады.

Антантаның үлкен державалары Совет өкіметіне қарсы күресу үшін біріге алмайды, өйткені олар бір-бірімен қатты жауласып отыр. Германия тонаушылық Версаль бітімі үшін Франциядан өш алу ниетін іште сақтайды, Франция Польшаны бізге айдап салады, ал Англия Эстонияға бітім жасасуға рұқсат етеді, мұның есесіне Эстония Англиямен сауда жасасса болғаны. Сибирьде біздің армиямыздан күштірек армиясы бар Жапония империализмнің Қытайдағы отаршылдық мүдделері

үшін өзі жауласып отырған Американың шабуылынан қорыққандықтан бізбен күресе алмайды. Демек, біздің жеңуіміздің екінші себебі сол — жұмысшылар ынтымақтас, ал буржуа, сол буржуй күйінде қалатындықтан, болмашы артық пайдаға бола бір-бірімен қырқыспай, соғыспай тұра алмайды.

Сонымен, біз азамат соғысының алғашқы екі жылында жеңіп шықтық; бұл екі жыл ең қиын жылдар болды, өйткені империалистік соғыс бізді күйзелтті, біздің астығымыз бен көмірімізді бізден бөліп тастады. Ал қазір біздің астығымыз бен көміріміз мол. Сибирьде салым бойынша ғана 21 миллион пұт астық жиналды. Рас, біз оны бірден тасып ала алмаймыз, бірақ транспорт бүкіл Европада қиратылды ғой, ал бізде оны ақ гвардияшылар қасақана қиратты. Олар, Киев көпірінен басқа, Днепрдегі көпірлердің бәрін қиратты, ал соғыс қимылдарының кідіруіне де, астық тасып әкелудің кідіруіне де осы себеп болып отыр. Бізде Гурьев мұнайы бар, Каспий теңізі жағалауының мұзы ерігеннен кейін біз ол мұнайды тасып жеткіземіз. Біз мұның бәрін есепке аламыз және оны тасып жеткізуге әзірлік жасаудамыз. Транспортты қалпына келтіру үшін біз еңбек армияларын[31] құрудамыз, олардың біреуі мұнай тасуға керекті Александров-Гай — Гурьев жолын салуға қазірдің өзінде кірісті. Біз армияны демобилизациялай алмаймыз, өйткені біздің әлі де Польша сияқты жауларымыз бар. Транспорттың бүлінуі де армияны демобилизациялауға бөгет жасап отыр. Сондықтан біз армияны транспортты қалпына келтіруге пайдаланамыз.

Өздерінің барлық листоктарында ақ гвардияшылар: большевиктердің үгіті тамаша, олар үгітке ақшаны аямайды деп жазады. Бірақ халық әр түрлі үгітті — ақ гвардияшылардың да үгітін, құрылтайшылардың да үгітін естіді ғой. Халық большевиктерге ергенде, олардың үгітінің неғұрлым шебер жүргізілгендігінен ерді деп ойлау адам күлерлік. Жоқ, әңгіме олардың үгітінің шыншылдығында.

Деникин мен Колчак өз әрекеттерімен-ақ өздеріне қарсы үгіт жүргізді, Совет өкіметі үшін үгіт жүргізді. Сондықтан да біз жеңдік. Біз патшаны бірнеше сағат-

тың ішінде оп-оңай құлаттық. Помещиктер мен капиталистерді біз бірнеше аптада құлаттық. Бұл жұмыстың тек жартысы ғана. Жаңаша жұмыс істеуді үйрену керек. Бұрын еңбекті қанаушы ұйымдастыратын, бұрын еңбекті аштық біріктіретін, енді еңбекті жұмысшылар мен шаруалардың ауыр жағдайдан шығу үшін еңбек ету керек деген санасы біріктіруге тиіс.

Бірақ бұл сана әлі жұрттың бәрінде бірдей бар болып отырған жоқ. Сондықтан біз осы саналылық үшін қан төгіссіз жаңа күрес бастағалы отырмыз. Осы уақытқа дейін революциялардың бәрі ат төбеліндей капиталистер мен қанаушылардың пайдасына аяқталып келді. Мұның себебі — көтеріліс жасаған еңбекшілердің ынтымақтастық санасы болмады. Әркім өз қамын ойлады, барша жұрт бірімен бірі күресті, сайып келгенде алаяқтар мен жалдаптар үстем шығып отырды.

Міне астығы бар шаруаның қасында аш адам тұр, ол шаруа астықты жұмысшы өкіметіне қарызға беруден гөрі, бұл астықты аш адамға 1000 сомға сатуды артық көреді. Бұл жерде біреу тіпті: «Дұрыс!» дейді. Міне Деникин де, Колчак та еркін саудаға жол беріп көрді, бірақ таңдаулы, саналы жұмысшылар мен шаруалар мұның не екенін іс жүзінде көріп, олардан сырт айналды.

Бұрын: «Әркім өз қамын ойлайды, ал құдай тағала баршаның қамын ойлайды» дейтін; ал бұдан қаншама қасірет-қайғы туды.

Біз: «Әркім жұрттың бәрі үшін, ал біз құдайсыз-ақ өйтіп-бүйтіп күн көреміз» дейміз. Сондықтан біз жұмысшылардың және астықты мемлекетке қарызға беретін шаруалардың туысқандық одағы үшін күресеміз; шаруалардың астықты қарызға беретін себебі — біз әзірге оның есесіне еш нәрсе бере алмаймыз, ал сары-ала қағаздар — ақша емес. Бұған дейін бізге дұшпанның бізді тек тұншықтырып тастамауы үшін ғана күресуге тура келді, ал енді анағұрлым күшті жау талқандалған кезде, біздің қолымыз босады, сондықтан біз жаңа тұрмыс орнату ісіне кірісуге және, ең алдымен, транспортты қалпына келтіруге тиіспіз.

Бізде оңтүстікте астыққа жақын жерлерде Қызыл Армия босатып алған шеберханалар бар, міне осы шеберханаларды, аш адамдардың жұмыс істегеніндей емес, толық күшімен, үш сменамен жұмыс істейтіндей етіп іске қосайық.

Сыртқы жауды жеңуімізге көмектескен коммунистік үгітіміздің барлық күшін транспортты қалпына келтіруге жұмсауға тиіспіз.

Бір кезде біз сыртқы сауданы «тамаша» жүргіздік, шетке 700 миллион пұт астық шығарып тұрдық. Бұдан орыс және шетел миллионерлері байыды, ал орыс жұмысшылары мен шаруалары ашықты. Ал енді біз ауыр жағдайдан шығудың бірден-бір жолы: «бәріміз бәріміз үшін!» екендігіне жұрттың түгел көзін жеткізуге тиіспіз. Астықты тек ат төбеліндей ғана топқа беріп, басқаларды ашықтыратын еркін сауда мен жалдаптықты біз, қаншама қиын болса да, жоюға тиіспіз. Бірден-бір амал — жұмысшы мен қолөнершіге қарызға астық беру екендігіне, ал бұлар алған қарызын сарыала қағаздармен емес, бұйымдармен және кездемемен өтейтіндігіне біз шаруалардың көзін жеткізуге тиіспіз, ал олар бізге сенеді, өйткені еркін жалдаптықтың «игілігін» оларға Деникин көрсеткен болатын.

Біз тез арада аяқталмайтын ұлы соғысты бастадық: бұл еңбек армияларының аштыққа, жалаңаштыққа және бөртпе сүзекке қарсы,— білімді, сәулетті, тамағы тоқ және дені сау Россия үшін жүргізетін қан төгіссіз күресі, ал біз, ақ гвардияшыларға қарсы күресті қандай шешуші жеңіспен аяқтасақ, бұл соғысты да сондай шешуші жеңіспен аяқтаймыз.

Эстониямен бітімнің шарттары туралы сұраққа Ленин жолдас былай деп жауап берді: біз көп кеңшілік жасадық, бұл кеңшіліктердің ең бастысы — орыс халқы мен эстон халқы аралас мекендеген даулы территорияны бердік. Біздің ұлтарақтай жерге бола жұмысшылар мен қызыл әскерлердің қанын төккіміз келмейді, оның үстіне бұл жер мәңгілік берілмейді: Эстония керенскийшілдік дәуірін бастан өткізуде, жұмысшылар өздерінің кәсіптік одақтарды талаған және 20 коммунисті өлтірген

құрылтайшыл көсемдерінің арамзалығын біле бастады, олар көп ұзамай бұл өкіметті құлатып, Советтік Эстонияны орнатады, сөйтіп ол бізбен жаңа бітім жасасады.

«Правда» № 18
және «Известия ВЦИК» № 18,
28 январь, 1920 ж.

«Правда» газетінің
тексті бойынша басылып
отыр

ҮГІТ-НҰСҚАУ ПОЕЗДАРЫ МЕН ПАРОХОДТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛАР[32]

1. Жеке сипатты нұсқаулар:

1) Поездар мен пароходтардың саяси бөлімдеріне агрономдарды, техниктерді енгізу арқылы, техникалық әдебиетті, мазмұны сай келетін киноленталарды және сондайларды сұрыптап алу арқылы олардың жұмыстарының экономикалық және практикалық жағы күшейтілсін.

2) Кинокомитет арқылы өндірістік (өндірістің әр түрлі салаларын көрсететін), ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік, дінге қарсы және ғылыми киноленталар дайындалсын, пютелде Литвинов жолдас арқылы мұндай киноленталарға заказ берілсін. Телеграфпен берілетін заказ Ленин жолдастың қол қоюына берілсін.

3) Бүкіл істелген жұмысты және бұл жұмыс белгіленген аудандарды көрсететін болыстық көрнекі карта үлкен масштабта жасалсын. Бұл карта халық ешқандай пропускілерсіз еркін жиналатын жерге қойылсын.

4) Сапар шегу кездерінде алынған материалдар өңделіп, схемалар, диаграммалар және сондайлар шығарылсын.

5) Киноленталарды мұқият таңдап алып, әрбір кинолентаны көрсету кезінде оның халыққа тигізген әсерін есепке алу қажеттігіне назар аударылсын.

6) Поездар мен пароходтардағы көмекші транспорт құралдарын (мотоциклдер, автомобильдер, велосипедтер) күшейту арқылы, сондай-ақ жергілікті транспорт құралдарын пайдалану арқылы темір жол рельстері мен

теңіз, өзен жағаларынан шеткерірек жерлерде поездар мен пароходтардың жұмыс аумағы кеңейтілсін.

7) Кинолenталар, пленкалар және алуан түрлі кинематографиялық материал сатып алу, оларды тасымалдау үшін шетелде өкілдік ұйымдастырылсын.

8) Поездар мен пароходтарда жүретін қызметкерлерді іріктеп алуға назар аударылсын.

9) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің нұсқау поездары мен пароходтары қызметінің мәселелері жөнінде шұғыл қажет болған ретте Ленин жолдасқа тікелей өтінішін айту жөнінде Буров жолдасқа право беріледі, ал мәселе шұғыл болмаған ретте Ленин жолдасқа секретарь арқылы айтылсын.

2. Жалпы сипатты нұсқаулар:

1) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті, Орталық Комитет, халық комиссариаттары өкілдерінің және поездар мен пароходтарда саяси қызметкер болғандардың жиналысы партияның Орталық Комитеті арқылы дереу шақырылсын. Бұл жиналыс поездар мен пароходтар жұмысының қорытындыларымен танысып, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті, Орталық Комитет және Халық Комиссарлары Советінің атынан сапар шегу туралы ережені әзірлеуге тиіс.

2) Бұл жасалған ережені Ленин жолдас Орталық Комитет, Халық Комиссарлары Советі арқылы өткізетін болады.

3) Халық Комиссарлары Советі жанынан осы жасалған ережеге сәйкес сапар шегуге басшылық ету жөнінде Ерекше тұрақты комиссия ұйымдастыру көзделеді.

1920 ж. 25 январьда жазылған

1920 ж. мына жинақта толық емес күйінде басылған: «ВЦИК-тің үгіт пароходтары мен поездары. Олардың тарихы, аппараты, әдістері мен формалары», Москва

Бірінші рет 1932 ж. мына кітапта толық басылған: Н. К. Крупская. Шығармалар жинағы, II том, «Саяси-ағарту жұмысы»

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

КООПЕРАЦИЯ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ ДИРЕКТИВАЛАР[33]

О. Ю. Шмидт ұсынған жоба жергілікті тұтынушылық емес, өндірістік сипаттағы кооперацияға неғұрлым сақтықпен қарайтын, ал кооперация съездерінің Советі неғұрлым қысқа мерзімде жойылатын етіп, қайта жасалып, кооперацияларды қосу туралы емес, кооперациялардың барлық түрлерін біріктіруді аяқтау туралы декреттің жобасы ертең Халық Комиссарлары Советіне енгізілсін.

Директивалар:

α) Ауқаттылар мен кулактардың ғана емес, еңбекшілердің мүдделеріне көбірек қамқорлық жасалсын. Декреттің кіріспе бөлімінің тұжырымы осы рухта өзгертілсін.

β) Жергілікті инициативаны ерекше күшейтіп, егіншілік пен кәсіпшіліктің жоғары формаларын көтермелей отырып, өндірістік кооперацияларға неғұрлым кең көмек көрсетілсін.

γ) Жаңа Бүкіл кооперациялық орталықтың өндірістік кооперацияларды біріктіру жөніндегі нақты шаралары Халық Комиссарлары Советінің мақұлдауымен жүргізілсін.

а) Цюрупа мен Лежаваға Халық Комиссарлары Советіне қаулының жобасын енгізу тапсырылсын (оны жариялау-жарияламауды алдын ала шешпестен); бұл қаулыда кооперативтердің әр түрлі өнімдерді дайындауға қатысуы туралы, бұл қатысуды жүзеге асырудың

түрлері, формалары, шарттары және әдісі туралы неғұрлым дәл, жүйелі және айқын ережелер көрсетілуі тиіс.

б) Орталық статистика басқармасына... мерзім ішінде Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағымен, Азық-түлік халық комиссариатымен және Халық шаруашылығы жоғары советімен келісіп, жергілікті жерлерде кооперацияның қатысуымен және онсыз-ақ азық-түлік өнімдерін дайындаудың тәсілдері мен нәтижелерін іріктеп тексеру программасын жасау тапсырылсын.

Бекіту үшін және тексерудің өзін тағайындау үшін программа Халық Комиссарлары Советіне ұсынылсын.

Анкетаны да қолдануға болмас па екен?— осыны ойластыру керек және, егер анкетаны да қолдануға болатын болса, Халық Комиссарлары Советіне оның қысқаша жоспары берілсін.

Тексерудің мақсаты: аз да болса, бірақ ерекше сипатты және дәл анықталған, мынадай фактілерді егжей-тегжейлеп зерттеу: қандай өнімдер, атап айтқанда қалай және қаншасы жиналды, тасып жеткізілді, сақталды, тасып апарылды, қандай кашықтыққа апарылды, т. т.? күш қолдану оқиғаларының саны және атап айтқанда қандай? айырбасқа товар берілді ме, қанша және қандай товарлар берілді? салым мен басы артық өнімдердің неше проценті алынды және қандай мерзімде алынды? шаруалардың әр түрлі топтарының астық жеткізуге (және, товарлар алынған болса, бұл товарларды алуға) қатысуы?

1920 ж. 26 январьда жазылған

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуының 30-томында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СОВЕТТЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ III СЪЕЗІНДЕ[34] 1920 ж. 27 ЯНВАРЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ленин жолдас өзінің соңғы кезде көбірек айналысуына тура келген мәселелерге тек үстірт тоқтап өтетінін айтты. Мұндай мәселелердің бірі — басқаруды ұйымдастыру, коллегиялылық және дара басшылық туралы мәселе[35]. Бұл мәселе жөнінде болып жатқан таластарда мәселе жалпылама пайымдаулар негізінде қойылып, бұл пайымдауларда коллегиялылықтың дара басшылықтан артықшылығы дәлелденеді. Бірақ бұл бізді қазіргі уақыттың практикалық міндеттерінен едәуір алыстатып жібереді. Мұндай пайымдаулар бізді Совет өкіметінің бастапқы құрылысының біз бастан өткізген кезеңіне қайтып апарады. Жұмысты неғұрлым іскерлікпен алға қоюға көшетін уақыт жетті.

Советтік басқару ісін ұйымдастырудың негізгі типі ретінде коллегиялылық алғашқы сатыда, жаңадан құруға тура келетін кезде, қажет болатын бастамалық нәрсе болып табылады. Бірақ орныққан азды-көпті тұрақты формалар тұсында практикалық жұмысқа көшу дара басшылыққа, адамның қабілеттерін неғұрлым жақсы пайдалануды және жұмысты, сөз жүзінде емес, нақты түрде тексеруді қамтамасыз ететін жүйе саналатын дара басшылыққа байланысты.

Әскери құрылыс ісінде Совет өкіметі жасаған тәжірибені оқшауланған тәжірибе деп қарауға болмайды. Соғыс құрылыстың барлық салаларының барлық түрлерін қамтиды. Біздің армия құрылысының ойдағыдай нәтижелерге жеткізуінің себебі тек мынау ғана — ол жалпы

советтік құрылыс рухында, қандай да болсын құрылыс саласына әсерін тигізетін таптық арақатынастар негізінде жасалды. Мұнда біз жетекші пролетариат табының нақ сол шағын тобын және шаруалар бұқарасын көреміз. Ал егер басқа салаларда бұл арақатынастардың мәні толық айқын көрінбесе, онда бұл арақатынастар жауға қарама-қарсы тұрып, өзінің әрбір қатесі үшін көп шығынға ұшырайтын армияда нағыз сыннан өтті. Бұл тәжірибеге ой жіберу керек. Бұл тәжірибе заңды түрде дами отырып, кездейсоқ, түрлаусыз коллегиялылықтан бастап, армияның барлық мекемелеріне сіңісіп, ұйымдастыру жүйесіне айналдырылған коллегиялылық арқылы өтті, енді жалпы тенденция есебінде жұмысты бірден-бір дұрыс жолға қою ретіндегі дара басшылыққа келіп жетті. Советтік жұмыстың қайсысында болсын сіздер саны жағынан аз сапалы пролетарларды, толып жатқан жетіліп жетіңкіремеген бұқараны және, мұның бәрінің негізі ретінде, орасан көп шаруалар бұқарасын көресіздер; бұл шаруалар бұқарасы жеке меншікті шаруашылыққа, демек, сауда мен жалдаптық еркіндігіне әдеттеніп қалған; меньшевиктер, эсерлер және партияда жоқтар мұны еркіндік деп атайды, ал біз капитализмнің қалдырған мұрасы деп атаймыз. Бізге осындай жағдайда қимыл жасауға тура келеді және бұл жағдай қимыл жасаудың тиісті әдістерін қолдануды талап етеді. Сөйтіп, армияның тәжірибесі бізге басқаруды ұйымдастырудың әуелгі кездегі коллегиялылық формалардан дара басшылыққа қарай, қазір армияда кемінде оннан бес бөлігінде қолданылып отырған дара басшылыққа қарай заңды түрде дамуын көрсетті.

Коллегиялылық ең жақсы дегеннің өзінде күшті орасан көп ысырап етеді және жұмыстың орталықтандырылған ірі өнеркәсіп жағдайының талабына қарай шапшаң және мінсіз жүргізілуін қамтамасыз етпейді. Егер сіздер коллегиялылықты қорғаушыларды алып қарасаңыздар, олардың қарарларынан тапсырмалардың орындалуы үшін коллегияның әрбір мүшесіне жеке жауапкершілік жүктелуге тиіс деген шектен тыс жалпылама тұжырымды көресіздер. Мұның өзі біз үшін әліппеге айналып отыр. Бірақ практикалық тәжірибесі

бар әрбір адам мұның іс жүзінде жүзден бір ретте ғана қолданылатындығын біледі. Орасан көп ретте мұның өзі қағаз бетінде қалып қояды. Коллегия мүшелерінің ешқайсысы дәл тапсырмалар алмайды және тапсырмалар жеке адамның жауапкершілігі арқылы орындалмайды. Бізде, жалпы алғанда, жұмысты ешқандай тексеру деген жоқ. Айталық, кәсіподақтың Орталық Комитеті Василий Васильевич Васильевті кандидат етіп ұсынған екен, ал сіздер өздеріңізге ол орындаған және іс бабындағы адамдар тексерген тапсырмалардың тізімін беруді өтінген екенсіздер дейік. Сіздер мұндай еш нәрсе ала алмайсыздар. Біз бәріміз де нағыз іскерлікке тек енді ғана кірісе бастадық.

Біздің кінәмыз сол — біз бәрін де өз күшімізбен орындауды армандаймыз. Біздегі ең зор кемшілік — қызметкерлердің жоқтығы, ал біз оларды қатардағы жұмысшылар мен шаруалардың арасынан таба білмейміз; бұлардың арасында толып жатқан таланттар — әкім болатын таланттар да, ұйымдастырушы болатын таланттар да бар. Егер біз жалпылама және көбінесе мүлде пайдасыз таластардан жұмысты іскерлікпен жолға қоюға тезірек көшсек, бұл анағұрлым жақсы болады. Сонда біз іс жүзінде алдыңғы қатарлы тап ұйымдастырушыларының міндеттерін атқарып, жүздеген және мыңдаған жаңа ұйымдастырушы таланттарды табамыз. Біз оларды жоғарылатуға, сынап көруге, оларға тапсырмалар беруге, бұл тапсырмаларды күрделілендіре түсуге тиіспіз. Біздің мынаған жететіндігімізге мен сенемін: халық шаруашылығы советтерінің съезінен кейін, жұмыстың қорытындысы шығарылғаннан кейін, біз осы жолға түсеміз, ұйымдастырушылардың қатарын кеңейтіп, санын көбейтеміз, сөйтіп, бұл екі жылдың ішінде шаршаған өте шағын топты толықтырып, көбейтеміз, өйткені біз алға қойып отырған, Россияны қайыршылықтан, аштық пен жалаңаштықтан құтқаруға тиісті міндеттер үшін бізге ұйымдастырушылар он есе көп керек, бұл ұйымдастырушылар ондаған миллиондар алдында жауапты болған болар еді.

Біз бәрінен де гөрі көбірек мүдделі болып отырған екінші мәселе — еңбек армиялары туралы мәселе.

Бұл арада біздің алдымызға қызметіміздің екі кезеңінің ауысуына қатысы бар міндет қойылып отыр. Түгелдей соғыспен өткен кезең әлі біткен жоқ. Толып жатқан белгілер орыс капиталистерінің соғысты одан әрі жүргізе алмайтындығын көрсетеді. Бірақ олардың Россияға шапқыншылық жасауға әрекеттенетіндігі күмәнсыз. Сондықтан біз сақ отыруға тиіспіз. Ал, бұдан екі жыл бұрын олар бізге қарсы бастаған соғысты біз жалпы және тұтас алғанда жеңіспен аяқтадық, сөйтіп біз бейбіт міндеттерге көшіп отырмыз.

Бұл көшудің ерекшелігін түсіну керек. Еліміз — мейлінше күйзелген ел, аштық пен жалаңаштыққа ұшыраған ел, қайыршылығы жан төзгісіз дәрежеге жеткен ел, осы елде бүкіл дүниені, асырмай-ақ айтқанда, бүкіл дүниені жеңе алатындығына көзі жетіп, өзіне өзі сенген халық өз күшімен көтерілді, сосын да бүкіл капиталистік дүние жеңіліске ұшырады ғой, міне осындай өзгеше жағдайда шұғыл міндеттерді орындау үшін біз еңбек армиясын алға тартып отырмыз.

Біз басты міндетке баса көңіл бөлуге — астықты жинап, оны орталыққа тасып алуға тиіспіз. Бұдан қандай да болсын ауытқу, күшті титтей де болсын бытырату орасан зор қауіп туғызады, ісімізді апатқа ұшыратады. Ал өзіміздің аппаратымызды бүкіл мүмкіндігіне қарай шапшаң пайдалану үшін біз еңбек армиясын құруға тиіспіз. Бұл туралы сіздерде Орталық Комитеттің тезистері мен баяндамалар бар[36], сондықтан мен бұл мәселенің нақты жақтарына бармаймын. Мен тек мынаны ғана айтқым келеді: азамат соғысынан жаңа міндеттерге көшу кезеңінде біз бәрін еңбек майданына жұмылдыруға тиіспіз, сөйтіп барлық күшті осыған жұмылдырып, оны соғыстағыдай батылдықпен, рақымсыз батылдықпен, мейлінше аянбай жұмсауға тиіспіз. Қазір біз ешқандай ауытқуға жол бермейміз. Осы ұранды көтергенде біз жұмысшылар мен шаруалардың барлық нақты күштерін ақыр шегіне дейін жұмылдыруға және олардың бұл істе бізге толық көмектесуін талап етуге тиісті екендігімізді мәлімдейміз. Міне сонда, еңбек ар-

миясын құру жолымен, жұмысшылар мен шаруалардың барлық күшін жұмылдыру жолымен, біз өзіміздің негізгі міндетімізді орындаймыз. Біз жүздеген миллион пұт астық жинай аламыз. Бұл астық бізде бар. Бірақ бұл жүздеген миллион пұт астықты жинап, орталыққа тасып жеткізу үшін адам айтқысыз сұмдық көп еңбек ету, елдің барлық күшін жұмсау, соғыстағыдай батылдық және жігер көрсету керек болады. Мұнда, орталықта, біз көбінесе мұның үшін жоспар жасаумен шұғылданамыз және көбінесе осыны сөз қыламыз, ал басқа мәселелердің бәрін, қаржыландыру, өнеркәсіп құрылысы мәселелерін және кең программалар жөніндегі барлық мәселелерді алатын болсақ — қазір бұларға алаң болудың керегі жоқ. Біздің алдымызда осы негізгі міндет — кең жоспарлар мен міндеттерге әуестенудің қауіпті әрекетіне қазірден бастап қарсы шығу міндеті тұр. Біз алдымызға қойылған басты міндеттен алаңдаудың қандайына болса да жол бермей, ең басты және негізгі іске баса көңіл бөлуіміз керек, атап айтқанда — астық пен өнімдерді жинауымыз керек, оларды мемлекеттік жолмен, тұрақты бағалар бойынша жинауымыз керек, жалдаптықтың капиталистік жолымен емес, жұмысшы мемлекетінің социалистік жолымен жинауымыз керек және транспорт бүліншілігін жеңіп, ол өнімдерді орталыққа тасып жеткізуіміз керек. Кімде-кім бұл міндетті ұмытса, бұл қылмыс істегендік болады.

Өзіміздің негізгі міндетімізді орындауды азды-көпті дұрыс жолға қою үшін, барлық мемлекеттік органдардың, оның ішінде халық шаруашылығы советтерінің басшылары мұның үшін ондаған миллион жұмысшылар мен шаруаларды қызметке тартуға тиіс. Мұның үшін Россияны қайта құрудың кең жоспары беріледі. Мұның үшін бізде қаржы, материалдар, техникалық мүмкіндіктер, шикізат жеткілікті, барлық жұмысшылар мен шаруаларды тарта отырып, қайта құрылыс жөніндегі бұл жұмысты барлық жағынан бастау үшін бәрі де жеткілікті. Біз қажырлы күресті өрістете түсеміз, жолдастар; бұл күрес еңбек майданындағы бұл дәуірде көп құрбандықты керек қылады, бірақ біз бұл күресті сөзсіз жүргізуге тиіспіз, өйткені бізде аштық, жалаңаштық,

транспорт бүлiншiлiгi, бөртпе сүзек жайлап отыр. Бiз бұл күйзелiстердiң бәрiмен күресуге тиiспiз және елiмiздi мәдениеттi ету үшiн, қазiргi уақытта дүние жүзiлiк капитализм мен империализм елдерi батып отырған батпақтан дұрыс социалистiк күрес жүргiзу арқылы шығу үшiн өзiмiздiң мемлекетiмiздi iрi машиналы өнеркәсiп негiзiнде құруды барлық жағынан бастауға тиiспiз.

1920 ж. 28 январьда «Известия ВЦИК» газетiнiң 18-номерiнде толық емес күйiнде басылған

1920 ж. 29 январьда «Правда» газетiнiң 19-номерiнде толық басылған

«Правда» газетiнiң текстi бойынша басылып отыр

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ[37]

1/II.

Темір жол транспортының жағдайы мүлде апатқа ұшыратарлықтай. *Астықты тасып жеткізу тоқтап қалды.* Бұл халден құтылу үшін шын мәнісінде шұғыл шаралар керек. Екі ай (февраль — март) бойына мынадай шаралар қолдану керек (және басқа да осындай тиісті шаралар іздестіру керек):

I. Қазіргі нан паегі транспортта жұмыс істемейтіндер үшін *кемітілсін*; жұмыс істейтіндер үшін *көбейтілсін.*

Тағы да мыңдаған адамдар қырылса да, ел құтқарылады.

II. Азық-түлік комиссариатынан және Әскери комиссариаттан басқа барлық ведомстволардағы жауапты қызметкерлердің төрттен үш бөлегі осы екі айға темір жол транспортына және жөндеу жұмысына алынсын. Осыған сәйкес басқа комиссариаттардың жұмысы екі айға тоқтатылсын (немесе 10 есе азайтылсын).

III. Жолдарды тазартуға еңбек мобилизациясын жүргізу үшін *темір жол линияларының* екі жағында 30—50 шақырымдық өңірде *әскери тәртіп енгізілсін және бүкіл* тиісті губернияның болыстық және уездік атқару комитеттеріндегі жауапты қызметкерлердің төрттен үш бөлігі *осы ауданның болыстарына жіберілсін.*

1920 ж. 1 февральда жазылған

Бірінші рет 1924 ж. «Прожектор» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ СЫЙЛЫҚ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. II. 1920.

Сыйлықтар беру жөнінде айрықша күмәндану күшейіп отыр.

§ 4 — норманы мүлде қалай болса, солай белгілей салған (50% — дәл 50% —«ең жақсы» машинадан, яғни ең жақсы машиналар жағдайында және сондайлар. Мұның өзі мүлде қалай болса, солай алына салған. Дәлірек алуға болмай ма? Нормаларды бақылау үшін жариялауға болмай ма? Немесе бюллетеньде жариялап, нормаларды ғылыми-техникалық бөлім үшін жинауға болмай ма, т. с.?).

Қорытынды есеп: сыйлықтардың жоғары деңгейі. Бұл жайында есептер белгіленбеген. Онда іс жүзінде жаппай қиянат жасаушылықтар заңдастырылмай ма?

Нормаларды бақылауға *тұтынушыларды* тарту керек. Мұның мысалы жоқ па екен? Кооперативтерде ше? т. с.

Жоба үстірт, жалпылама түрде жасалған, іскерлік жетіспейді, бәрін уәде етеді, ештеңені тексермейді[38].

Ленин

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РОССИЙСКАЯ
ФЕДЕРАТИВНАЯ
СОВЕТСКАЯ РЕСПУБЛИКА.

Председатель Совета
РАБОЧЕЙ и КРЕСТЬЯНСКОЙ
ОБОРОНЫ.
—о—
Москва, Кремль.

1/II 1920
№

[illegible]

§4 — совершенно произвольное определение нормы (50% — ровно 50% — от „нормальной", т. е. при нормальных машинах и пр. Это совсем произвольно. Не лучше ли точнее? Публиковать нормы для контроля? Или собирать их для Н.-Техн. Отд. и т. п., публикуя в бюллетене?)

[illegible]: вопрос премий [illegible] об этом не упомянуто. Не будут ли тогда

В. И. Лениннің «Жұмысшылар мен қызметшілерге сыйлық беру туралы ереженің жобасы жөніндегі ескертпелер» деген қолжазбасының бірінші беті. — 1 февраль, 1920 ж.

ГУБЕРНИЯЛЫҚ ЖӘНЕ УЕЗДІК АТҚАРУ КОМИТЕТТЕРІ ПРЕДСЕДАТЕЛЬДЕРІНІҢ КЕҢЕСІНДЕ 1920 ж. 1 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Сессияның[39] ашылуы алдында өткен атқару комитеттері председательдерінің кеңесінде, қазіргі кезеңге тоқтала келіп, Ленин жолдас былай деді:

Халықаралық жағдай қазірдегідей күйінде қалып отырғандықтан, ал бүкіл жағдай, оқиғалардың бүкіл барысы оның тұрақтылығын көрсетіп отырғандықтан, шаруашылық жұмысының міндеттерін біз бірінші кезекке қоюға тиіспіз. Ал транспортымыз жөніндегі мәселені бірінші кезекке қойып қана қоймай, бұл транспортты шын мәнісінде құлағынан тартып тұрғызуымызға, апат төніп келе жатуы себепті оны аман сақтап қалуымызға тура келеді. Бізде астық тиелген поездар тоқтап қалуда, ал астық өзіміздің тасып жеткізерлік мүмкіндігімізге қарағандағыдан көп. Транспорттың жеткіліксіздігінен соғыс операциялары жиі қиыншылыққа ұшырауда. Февраль айы — транспорт үшін ең бір ауыр ай, сондықтан біз шын мәнісінде апатқа ұшырау алдында тұрмыз.

Транспорт бүлiншiлiгiне байланысты бізге Юденич пен Деникиннің неғұрлым үлкен жеңістерге жеткен күндері — октябрьдегіден де гөрі күшті қауіп төніп отыр. Транспортты аман сақтап қалу үшін көбірек күш-жігер жұмсау қажет. Бұл арада біз мобилизацияны жүргізген үстіне жүргізе түсуге тиіспіз. Біздің толып жатқан мекемелерден қызметкерлерді сыпырып алуымызға, транспорт бүлiншiлiгiне қарсы күресу үшін тағы да сыпырып алуымызға тура келеді.

Басқару мен саясат ісінің бүкіл өнері — өзіңнің басты күштерің мен назарыңды қайда жұмылдыру керек екенін дер кезінде есепке алып, біліп отыруда. Біз осы екі ай ішінде транспортты олқылықтан шығарып алуымыз керек. Егер біз екі ай ішінде транспорт жөнінде де Колчак жөніндегідей керемет іс жасамасақ, бізге апат қаупі төнеді.

Бірқатар жігерлі әрі революциялық шаралар керек. Мұның өзі әскери және жауынгерлік міндет, сондықтан ол соғыстағыша жауынгерлік қимыл жасауды талап етеді.

«Красная Газета» (Петроград)
№ 24, 3 февраль, 1920 ж.

«Красная Газетаның» тексті бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ VII САЙЛАНҒАН БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНДА 1920 ж. 2 ФЕВРАЛЬДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

Жолдастар, Халық Комиссарлары Советінің және мәжілістер аралығындағы уақытта міндеттерін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы атқарған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қызметі туралы менің есебім, әлбетте, екі негізгі бөлімшеден тұрады: біріншіден, халықаралық саясат туралы, Совет республикасының халықаралық жағдайы туралы және, екіншіден, ішкі құрылыс пен негізгі шаруашылық міндеттер туралы. Есеп беріліп отырған уақыт ішіндегі, яғни соңғы екі ай ішіндегі жұмысымыздың басты-басты фактілерін міне осы ретпен баяндауыма рұқсат етіңіздер.

Совет республикасының халықаралық жағдайына келсек, бұл жағдайды белгілейтін негізгі факт Қызыл Армияның жетістіктері болды. Өздеріңіз білесіздер, Колчак армиясының соңғы қалдықтары Қиыр Шығыста жойылды деуге болады, ал өзара формальды түрде одақтас державалар Жапония мен Америка арасында бақталастық, дұшпандық барған сайын айқын байқалуда; бұл олардың Совет республикасына қарсы тегеурінінің барлық күшін өрістетуге мүмкіндік бермей отыр. Юденичтің әскерлері құртылғаннан кейін, оңтүстікте январьдың бас кезінде Новочеркасск мен Дондағы Ростов алынғаннан кейін олардың әскерлерінің негізгі бөлігіне шешуші соққы берілгендігі сонша — Совет республикасының соғыстағы жағдайы барынша тыңғылықты өзгерді және, соғыс аяқталмаса да, олардың Совет рес-

публикасының әскери күштерін жаныштауымыз мүмкін деген бұрынғы үміттерінің күйрегендігі қай мемлекетке болса да айқын болды.

Совет республикасының халықаралық жағдайындағы бұл тыңғылықты өзгерісті мойындағандығы одақтастардың Жоғарғы советінің шешімін бізге радио арқылы берген (ресми түрде жарияланбаған) хабардан көрінді. Бұл шешімді олар 16 январьда қабылдады және онда Совет республикасына жасалған блокаданың тоқталатындығы айтылды. Жоғарғы совет қабылдаған шешімнің негізгі бөлегінде былай делінген: (о қ и д ы)[40].

Менің бұл тұжырымдағы дипломатияны сынауымның қажеті жоқ, одақтастардың Россияға көзқарасы өзгермегендігіне тоқталып жатуға да тұрмайды, ол өздігінен-ақ айқын. Егер одақтастар өздерінің саясатын: блокаданың тоқтатылуы — бұрынғы саясаттың өзгергендігі емес деп түсінсе, олар мұнысымен өз саясатының негізсіздігін көрсетеді. Бірақ біз үшін бұл шешімнің саяси жағы емес, экономикалық жағы маңызды. Блокаданың тоқтатылу фактісі халықаралық маңызы бар үлкен факт болып табылады және социалистік революцияның жаңа кезеңі басталғанын көрсетеді. Өйткені блокада Советтік Россияны тұншықтыру үшін бүкіл дүние жүзі империалистерінің қолындағы шын мәнісінде басты, шын мәнісінде мықты құрал болды.

Советтердің соңғы съезінде маған мына пікірді айтып, дамытуға тура келген еді: Советтік Россияға қарсы күрес Францияның, Англияның және басқа алдыңғы қатарлы елдердің жұмысшылары мен шаруаларының өз үкіметтерін күрестен бас тартуға мәжбүр етуіне ғана жеткізіп қоймай, оның үстіне бұл күрес сол елдердің өз ішінде халықтың ұсақ буржуазиялық бұқарасының блокадаға қарсы оппозицияны күшейте бастауына да әкеп жеткізді*. Әрине, Англия мен Франция сияқты елдердің өз ішіндегі халықтың орта топтарының мұндай оппозициясы халықаралық империалистердің саясатына әсер етпей қоймады. Олардың дипломатшылдығын білетін біздер олардан, ешқандай ескерту

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 39-том, 419—421-беттер. *Ред.*

жасамай, ескіні қайтарып алуды, өздері қазір ашық жүргізе алмайтын ескі саясатын қандай да болсын айламен өткізуді аңсамай, турасынан ашып айтуды күте алмаймыз. Бірақ мынаны айту керек: біз негізінде орасан зор жеңістерге жеттік, тек одақтастардың ғана қолында болған қаруды — флотты, тіпті осы қаруды да олардың қолынан қағып түсірдік; ауытқушы элементтердің флот жеңдірмейді дегенді айтып, бізді қорқытпақ болғанына қарамастан, қағып түсірдік. Сөйтіп, саяси қатынастардың дамуы бұл жеңдірмейтін флоттың да бізге қарсы тұра алмайтындығын көрсетті. Біз, теңізде соғысып қарсылық көрсетуге мүмкіндігіміз болмаса да, империалистік державаларды бұл қарудан бас тартуға мәжбүр еттік.

Әрине, саясаттың халықаралық көлемде осылай өзгеруі бірден байқала қоймайды, бірақ біздің бүкіл дүние жүзілік мемлекетаралық қатынастар саласына енгендігіміз — факт, мұның өзі неғұрлым алдыңғы қатарлы елдерден көмек алуға мүмкіндік береді. Әрине, бұл елдердің экономикалық және финанстық жағдайы өте аянышты, олардың бәрі де құлдырап барады, сондықтан біз көп нәрсе дәмете алмаймыз, бірақ өзімізде өнеркәсіпті дамытуға мүмкіндігіміз болғандықтан, біз өндіріске керекті машиналар, өнеркәсібімізді қалпына келтіруге керекті машиналар алудан үміттене аламыз. Ал ең бастысы — бізді алдыңғы қатарлы елдерден мүлде бөліп тастау, блокада жасау жолымен бөліп тастау жойылды.

Одақтастар советі бұл қарудан бас тартуға мәжбүр болғаннан кейін біз халықаралық саясат саласында одан әрі жеңістерге жете бердік және бұл жеңістердің ең үлкені сол — біздің Эстониямен бітім жасасуға қолымыз жетті. Бүгін біз Иоффе мен Гуковскийден хабар алдық; бұл хабарда былай делінген: «Бүгін, 2 февральда, Москва уақыты бойынша түнгі сағат 2-де Россия мен Эстония арасындағы бітімге қол қойылды. Қол қояр кезге Ревельден Эстония сыртқы істер министрі Бирк келді».

Жолдастар, өте көп талқыланған және орасан зор маңызы бар документ болып табылатын бұл бітім до-

кументінің тексті курьермен жіберілді, ол ертең таңертең келуге тиіс, бірақ біз қазір дәл текстіні телеграф арқылы алып отырмыз, ол ертең-ақ таратылады. Ол қаралып, бекітіледі. Бұл документтің біз үшін орасан зор маңызы бар. Россияның Эстониямен жасасқан бітім шартының бүкіл дүние жүзілік-тарихи орасан зор маңызы бар, сондықтан, өзі де демократиялық болып келе жатқан және енді бізбен тұрақты қатынасы болатын, бірақ бұл уақытқа дейін бүкіл империалистік дүние қолдап келген үкіметпен бітім шартын жасасқаннан кейін біз бұған орасан зор тарихи маңызы бар акт деп қарауға тиіспіз.

Империализм мен демократияның аралығында тұратын адамдар әдетте әрдайым белгілі бір жаққа өтіп отыратынын біз білеміз. Сөйтіп, өздеріңіз көріп отырғанындай, біз күмәнсыз жеңіске жетудеміз, өйткені бітімге қол қойылды, сондықтан енді бұл мемлекет біздің жауымызға қарсы шығуға тиіс. Бұл фактінің принциптік маңызы мынадай: империалистік заманда бүкіл дүние жүзі орасан көп үлкенді-кішілі мемлекеттерге бөлінеді, оның үстіне кішкене мемлекеттер мүлде дәрменсіз болады; бірқатар кішкене әлсіз мемлекеттерді өздеріне бүтіндей бағындыратын аса бай державаларға қарағанда, олар болмашы бір топ болып табылады. Империализм бүкіл дүние жүзі, жер бетіндегі бүкіл халық азшылық қанаушы елдерге — жаныштаушы елдерге және олардың отарлық тәуелділігінде болатын әлсіз, халқы аз көпшілік елдерге бөлінетін заманды туғызды.

Біз Эстляндиямен бітім жасасқанда біз пролетарлық және коммунистік мемлекет ретінде өзіміздің алға баса білетінімізді дәлелдедік. Немен дәлелдедік? Өзімізге қарсы жақтардағы және буржуазиялық үкіметтердегі бізге деген тілектестік, кішкене елдің тілектестігі, осы кішкене елді бүкіл дүние жүзілік қуатты державалармен байланыстыратын бүкіл соғыс егісінен, бүкіл финанстық көмектен және барлық экономикалық байланыстардан күштірек екені бітімге қарсы болған Антантаның барлық соғысып жатқан державаларына дәлелдеп көрсетілді. Біздің зорлықты қолданғанда ғана емес, басқа жағдайда да жеңе алатынымызды Антанта

көрді,— бүкіл дүние жүзіндегі буржуазиялық үкіметтердің: большевиктер зорлықпен ғана жан сақтап отыр деп бізге қарсы тарататын өтірігі мен жаласын біз бекерге шығара аламыз. Патшалық помещиктік Россия тарапынан әрдайым зорлық көріп келген Эстляндия жөнінде біз дүние жүзілік империализмнің біріккен күштерін немен жеңдік? Халықаралық капиталдың бүкіл қолдауына қарамастан, кішкене мемлекеттің буржуазиялық үкіметінің тілектестігіне ие болып, бейбіт саясатқа көшу үшін зорлықтан дер кезінде және адал бас тарта білетіндігімізді дәлелдеуімізбен жеңдік. Бұл — тарихи маңызы бар факт. Эстляндия — кішкене ел, кішкене республика, бірақ бүкіл дүние жүзілік империалистік капиталдың оны мыңдаған әрі экономикалық, әрі әскери әдістермен жаныштағаны сонша — оның бүкіл халқы осылай жаншылып отыр. Қатты қажығанымызға, әлсіздігімізге және бытыраңқылығымызға қарамастан, олар қолдап келген ақ гвардияшылар армиясын біздің жеңе білетіндігімізді міне осы бітім дәлелдейді. Қуатты Антанта зорлыққа неғұрлым жеңісті зорлықпен жауап бере біледі, ал бұл бітім біз буржуазияның тілектестігі мен қолдауын өз жағымызға зорлықсыз аудара білетіндігімізді дәлелдейді.

Бұл арада аса қиын халықаралық міндет алға қойылды. Капитализм әр түрлі елдерде әр түрлі қарқынмен, әр түрлі жағдайда және әр түрлі тәсілдермен, әдістермен дамуда. Бір елдің социалистік республикасы бүкіл дүние жүзінің капиталистік елдерімен қатарлас болып, олардың буржуазиясын қобалжуға мәжбүр етеді. Осыдан келіп: «Демек, сіздердің жағдайыңыз үмітсіз: егер сіздер ақ гвардияшыларды зорлықпен жеңген болсаңыздар, қалған бүкіл дүние жүзі бар ғой, оған не істейсіздер?» деген қорытынды жасады.— Біз оны да жеңеміз. Бұл құрғақ сөз емес, бұған дәлел — Эстляндиямен жасасқан бітім. Біздің зорлықтан бас тартуымыз адалдық деп танылған жердің бәрінде халықаралық капиталдың бүкіл қысымы жеңілді. Халықаралық капитал: «Большевиктермен бітім жасаспаңдар, әйтпесе біз сіздерді аштықпен жаулап аламыз, финанстық көмек те, экономикалық көмек те бермейміз» деді. Ал Эстлян-

дия өзіне-өзі: «Антантаның бүкіл дүние жүзілік-қуатты демократиясынан гөрі, большевиктердің неғұрлым әлсіз басқа халықтармен, тіпті буржуазиялық үкіметпен де тату тұра алатындығына біз көбірек сенеміз» деп айтқан кішкене, формальды түрде тәуелсіз елдердің бірі болып шықты.

Демократия соғыс пен бітім туралы негізгі мәселеде мейлінше айқын көрінді. Барлық державалар жаңа империалистік соғыс дайындау жағдайында. Бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары мұның бәрін күн сайын көріп отыр. Бүгін болмаса ертең Америка мен Жапония бірбіріне тап береді; Англияның Германияны жеңгеннен кейін отарларды көп басып алғандығы сонша — басқа империалистік мемлекеттер бұған еш уақытта көнбейді. Жаңа сұрапыл соғыс әзірленуде, бұқара мұны сезіп отыр. Міне, осы жағдайда Эстония орасан зор күштері бар Россиямен демократиялық бітім жасасып отыр; ал—Юденичті, Колчакты және Деникинді жеңгеннен кейін барлық күшін кішкене мемлекетке жұмсайды деп Россияны айыптаушылар бар. Бірақ бітім мынадай шарттармен жасалды: біз ұлттардың өзін өзі билеу принципін қатаң сақтауға толық сай келмейтін бірқатар территориялық кеңшіліктер жасадық, шекара туралы мәселе біз үшін екінші дәрежелі мәселе екенін, ал бейбіт қатынастар мәселесі, әрбір халықтың өз ішіндегі тұрмыс жағдайының дамуын күте білу мәселесі тек аса маңызды принциптік мәселе ғана емес, сонымен бірге бұл мәселеде біз өзімізге дұшпан ұлттардың сеніміне ие бола білгенімізді іспен дәлелдедік. Егер біз Эстляндия жөнінде мұны істей білген болсақ, мұнда ешқандай да кездейсоқтық болған жоқ, бұл жеке өмір сүріп отырған және дәрменсіз, әлсіз сияқты көрінетін пролетарлық республиканың империалистік елдерге тәуелді елдерді өз жағына тарта бастағандығының көрінісі еді, ал мұндай елдер — басым көпшілік. Сондықтан да біздің Эстониямен жасасқан бітіміміздің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар. Антанта соғыс бастау үшін өзінің күштерін қанша жұмсаса да,— тіпті ол осы бітімді тағы да соғыспен ауыстыра алса да,— қалай болғанда да тарихта мына факт бұлжымай қалады: бүкіл дүние

жүзілік капиталдың бүкіл қысымына қарамастан, біз буржуазия басқарып отырған кішкене елдің сепіміне бейне бір демократиялық сияқтанған, ал іс жүзінде жыртқыш империалистік буржуазиядан гөрі көбірек ие бола білдік.

Бүкіл дүние жүзіндегі бейне бір демократиялық сияқтанған, ал іс жүзінде жыртқыш державалардың саясатымен салыстырғанда, біздің саясатымыз мұнда қандай болып шықты деген мәселе жөнінде біздің әлдеқалай қолға түскен ерекше қызықты документтеріміз бар; маған бұл документтерді сіздерге хабарлауға рұқсат етіңіздер. Бұл документтерді ақ гвардияшылар офицерлерінің немесе қызметшілерінің бірі, фамилиясы Олейников деген біреу әкеліп берді; ол бұл аса маңызды документтерді ақ гвардияшылардың бір үкіметінен екіншісіне жеткізуге тапсырма алған, ал ол бұл документтерді бізге әкеліп берді[41]. (Қол шапалақтау.) Бұл документтерді Россияға өткізіп жіберудің сәті түскен, енді мен оларды сіздерге, едәуір көп уақыттарыңызды алатын болса да, оқып берейін. Оның үстіне бұл документтер өте қызықты, өйткені олар саясаттың астарлы сырын өте айқын көрсетеді. Бірінші документ — Сазоновтан министр Гулькевичке жолданған телеграмма:

Париж, 14 октябрь, 1919 ж., № 668.

С. Д. Сазонов, Константин Николаевичке өзінің кәміл құрметпен қарайтындығын куәландыра отырып, осымен бірге Прибалтика провинцияларындағы жағдай туралы мәселе жөнінде Б. А. Бакметевтің № 1050 және И. И. Сукиннің № 23 телеграммаларынан хабардар ету үшін олардың көшірмелерін жолдау абыройына ие болып отыр.

Мұнан кейін одан да гөрі қызығырақ документ келеді,— бұл Вашингтоннан алынған 11 октябрьдегі телеграмма:

1919 ж. 12 октябрьде алынды. Кіріс № 3346.
Бахметев — Министрге.
Вашингтон, 11 октябрь, 1919 ж., № 1050.
Өзімнің № 1045 телеграммама сүйенемін.

(шифр) Мемлекеттік департамент мені Гедке берілген нұсқаумен ауызша таныстырды. Ол американ үкіметінің Россия-

ның Прибалтика провинцияларындағы комиссары деп аталады. Ол орыс үкіметтерінің ешқайсысында уәкіл болып тіркелген емес. Оның міндеті — байқауға алу және мәлімет беріп отыру. Оның әрекеті жергілікті халық арасында американ үкіметі автономиядан да әріге баратын сепаратистік ағымдарды қолдауға ризалық білдіре алар еді деген үміт туғызбауға тиіс. Керісінше, американ үкіметі Прибалтика халқы өзінің орыс туысқандарына олардың жалпы мемлекеттік жұмысында көмектеседі деп сенеді. Одақтастар үкіметтерінің жоғарғы билеушімен жасасқан келісіміне берілген түсінік нұсқауға негіз етіп алынған, ал бұл түсінік менің 17 июньде үкіметке тапсырған меморандумымда баяндалған болатын. Гедке президенттің большевизмге қаһарын төккен соңғы сөздерінен үзінділер беріліп отыр.

Сонымен, американ үкіметі өзінің өкілі қандай да болсын бұйрықтар бере алатынын, бірақ тәуелсіздікті қолдай алмайтынын, яғни бұл мемлекеттердің тәуелсіздігіне кепілдік жасай алмайтынын хабарлады. Мұның өзі тікелей немесе жанама түрде аңғарылып тұрды және ұлы державалардың Эстонияны алдап отырғанын одан жасырып қала алмады. Мұны, әрине, жұрттың бәрі аңғара алатын еді, бірақ бізде документтер бар және олар жарияланады да:

1919 ж. 12 октябрьде алынды. Кіріс № 3347.
Сукин — Министрге.
Омск, 9 октябрь, 1919 ж., № 28.

(шифр) Нокс жоғарғы билеушіге Британия әскери министрлігінің хабарын тапсырды; бұл хабарында министрлік Балтық мемлекеттерінің тәуелсіздігін дереу танымыз деп кепілдік беретін большевиктермен олардың бітім жасасуға бейім тұрғандығын білдіріп, сақтандырады. Мұнымен бірге Британия әскери министрлігі: үкіметтің өз тарапынан жоғарыда көрсетілген мемлекеттердің тілектерін қанағаттандырып, бұл уәделерді күйретуі дұрыс болмас па екен деген мәселе қойды. Біз Нокске жауап қайтарғанда, жоғарғы билеушінің державаларға жолдаған 4 июньдегі нотасында баяндалған принциптерге сүйендік және, мұнымен бірге, біз Балтық мемлекеттерінің большевиктермен бітім жасасуы сөзсіз қауіпті екенін, өйткені ол совет әскерлерінің бір бөлегін босатуға мүмкіндік беретінін, сөйтіп большевизмнің Батысқа өтуіне бөгет жасап отырған кедергіні алып тастайтынын көрсеттік. Бітім туралы сөйлесуге әзір болу фактісінің өзі, біздің пікірімізше, агрессияшыл большевизмнің өтуінен өздері қорғана алмайтын... бұл өзін өзі басқарушы елдер партияларының өте-мөте азғындағанын дәлелдейді.

Большевизмнің одан әрі таралуына державалардың тілектес бола алмайтындығына сенім білдіре отырып, біз Балтық мемлекеттеріне бұдан әрі көмектесуді тоқтату керек екенін көрсеттік,

мұның өзі державалардың қолындағы шын мәнісінде әсер ету әдісі және, оның үстіне, енді түгі де кетпейтін большевиктермен жарыса уәделер беруден гөрі анағұрлым тиімді әдіс болып табылады.

Осы айтылғандарды хабарлай келіп, сізден Париж бен Лондонда тиісті ұсыныс жасауды өтінемін; Бахметевке ерекше жолдама жібереміз.

1919 ж. 9 октябрьде алынды. Кіріс № 3286.
Сабинин — Министрге.
Лондон, 7 октябрь, 1919 ж., № 677.

(шифр) Ағылшындардың Юденичке соғыс жабдығын жеткізуіне жеңілдік жасау үшін Г. біздің тоннажды ұсынғаннан кейін әскери министрліктің оперативтік бөлімінің бастығы әлгі Гучковқа жазған хатында: әскери министрліктің пікірінше, қазір Ю.-те не керектің бәрі бар және Англия оны бұдан әрі жабдықтауды қиынсынады деп хабарлайды. Алайда, бұған қоса, ол: бізде кемелер бар болғандықтан, біз, егер кредит таба алатын болсақ, Ю.-ті коммерциялық негізде жабдықтауды ұйымдастыра алар едік дейді. Генерал Радклиф мұнымен бірге Ю.-тің армиясы лайықты түрде жабдықталуға тиіс екенін, өйткені ол «Балтық мемлекеттері ішінен большевиктерге қарсы белсенді қимылдар жасай алатын бірден-бір күш» болып табылатынын мойындайды.

Министр — Бахметевке, Вашингтонға.
Париж, 30 сентябрь, 1919 ж., № 2442.

(шифр) Швецияның аса сенімді деректемесінен мынаны білдім: Американың Стокгольмдегі кіші елшісі Моррис Америкада большевиктерге тілектестіктің өсіп келе жатқанын, американ саудасының мүдделерін көздеп, Москвамен қарым-қатынас жасау үшін, Колчакқа көмектесуді тоқтату ниеті бар екенін айтады. Ресми өкілдің мұндай мәлімдемелері таңданарлық әсер етеді.

1919 ж. 5 октябрьде алынды. Кіріс № 3244.
Бахметев — Министрге.
Вашингтон, 4 октябрь, 1919 ж., № 1021.
Сіздің № 2442 телеграммаңызға сүйенемін.

(шифр) Мемлекеттік департаментте маған мынаны сеніп хабарлады: шынында Стокгольмдегі кіші елші Моррис және әсіресе Копенгагендегі Хенгут өздерінің жеке бастарының солшылдық ниеттерімен мәлім, бірақ олардың мұнда ешқандай ықпалы және беделі жоқ, үкімет оларға амалсыздан оқтын-оқтын нұсқау беріп, Американың саясаты большевиктерге қарсы күресте үнемі біздің үкіметімізді қолдауға бағытталатынын көрсетіп отыр.

Біз жариялағалы отырған барлық документтер міне осылар; бұл документтер Эстляндия төңірегіндегі және

сол мандағы күрестің қалай жүргенін, Колчакпен, Америкамен бірге Антанта, Англия мен Франция большевиктермен бітім жасалуына жол бермеу үшін Эстонияға барынша қалай қысым жасағанын, территория жағынан кеңшілік жасауға уәде беретін және тәуелсіздікке кепілдік жасайтын большевиктердің бұл жарыста қалай жеңіп шыққанын көрсетеді. Менің айтатыным — бұл жеңістің орасан зор тарихи маңызы бар, өйткені біз бұл жеңіске күш қолданбай жеттік, мұнда біз бүкіл дүние жүзілік империализмді жеңдік, бұл жеңістің арқасында большевиктер бүкіл дүние жүзінің тілектестігіне ие болуда. Бұл жеңіс жалпы бітімнің дәл қазір жасалатынын әсте көрсетпейді, бірақ, оның өсесіне, бұл жеңіс біздің соғысқұмар-империалистік жыртқыштарға қарсы шығып, жер жүзіндегі халықтың көпшілігі жөнінде бейбітшілік мүдделерін көздейтінімізді көрсетеді. Міне, осындай баға берудің нәтижесінде коммунизмнің жауы болып отырған буржуазиялық Эстляндия бізбен бітім жасасты. Егер пролетарлық ұйым, Советтік республика болып отырған біздер империализмнің үлкен алпауыттарының езгісіндегі буржуазиялық үкіметтермен бітім жасасып, олар жөнінде бейбіт рухта іс істеп отырсақ, біздің халықаралық саясатымыздың қалай қалыптасуға тиіс екенін осыдан қорыту қажет.

Біз қазір басты міндетті: қанаушыларды жеңіп, ауытқушыларды өз жағымызға тарту міндетін алға қойып отырмыз, бұл—бүкіл дүние жүзілік міндет. Ауытқып отырған — бірсыпыра буржуазиялық мемлекеттер; олар, буржуазиялық мемлекеттер болғандықтан, бізді жек көреді, ал, екінші жағынан, езілген мемлекеттер болғандықтан,— бізбен тату тұруды артық көреді. Эстониямен бітім жасалуының себебі де міне осында. Әрине, бұл бітім — алғашқы қадам ғана және оның әсері келешекте көрінеді, бірақ оның әсері болатыны — факт. Латвиямен біз, Поляк үкіметімен жүргізгеніміздей, бұған дейін тек Қызыл Крест арқылы ғана келіс сөз жүргіздік[42]. Қайталап айтамын, Эстониямен бітім сөзсіз әсер етуге тиіс, өйткені бәрінің негізі бір —Эстония сияқты, Латвия мен Польшаны да Россиямен соғысқа айдап салуға тырысады. Олардың мұны істей

алуы да ықтимал, сондықтан, Польшамен соғыс басталуы мүмкін болғандықтан, біз қырағы болуға тиіспіз, бірақ біз өзіміздің бітім жасаса алатындығымызға және қандай да болсын демократияның дамуына мүмкіндік беретін кеңшілік жасай алатындығымызға сенеміз және біздің негізгі табыстарымыз муны дәлелдеді. Енді міне мұның ерекше маңызы бар, өйткені Польша жөнінде мәселе өте қатты қойылып отыр. Буржуазиялық, консерваторлық, помещиктік Польшадан тыс, Польшаның барлық капиталистік партияларының әсерінен тыс, Антантаның барлық мемлекеттерінің Польшаны бізге қарсы соғысқа айдап салуға жанталаса тырысатындығы туралы біз бірсыпыра хабарлар алдық.

Өздеріңіз білесіздер, Халық Комиссарлары Советі Польшаның еңбекші халқына арнап үндеу хат шығарды[43]. Польшаның помещиктік топтары жүргізіп отырған айдап салуға қарсы шығу үшін біз сіздерден бұл үндеу хатты бекітуді өтінеміз. Біз поляк еңбекшілері бұқарасына арнап қосымша текст ұсынамыз. Бұл үндеу хат Польшаны бізге қарсы айдап салуға тырысатын империалистік державаларға соққы болады, ал біздер үшін еңбекші көпшіліктің мүдделері бірінші орын алады.

Кеше біз қолға түсірген телеграмманы қазір сіздерге оқып берейін; бұл телеграмма американ капиталының біздерге әлдеқандай жала жауып, Польшамен соғысқа кіліктіру үшін қалай әрекет жасайтынын көрсетеді. Бұл телеграммада былай делінген (о қ и д ы). Мен мұндай еш нәрсе айтқан жоқпын және естіген жоқпын, бірақ олар өтірікті айта салады, өйткені олар өз капиталын жалған лақаптар таратуды көздейтін белгілі бір мақсатқа бостан-босқа беріп жүрген жоқ. Мұны оларға өздерінің буржуазиялық үкіметі қамтамасыз етеді. (Т е л е г р а м м а н ы о д а н ә р і о қ и д ы.) Міне осы телеграмма Европадан Америкаға жіберілген; ол капиталистердің қаржысымен жасалады және барып тұрған арсыздық жолмен бізді Польшамен соғысқа кіліктірудің құралы болуға тиісті істі істейді. Американ капиталы барлық күшімен Польшаға осындай қысым жасауға тырысады және мұны арсыздықпен істейді, іс-

тің жайын: большевиктер, өздерінің барлық «темірдей берік әскерлерін» Польшаға жауып жіберу үшін Колчак пен Деникинді құртқысы келеді деп көрсетеді.

Біз Халық Комиссарлары Советінің қаулысын дәл қазір, осы арада, бекітуіміз керек, ал одан кейін біз бұрын басқа мемлекеттер жөнінде істегенімізді, сол сияқты Колчак пен Деникиннің әскерлері жөнінде қолданғанымызды істеуге тиіспіз. Біз Польшаның демократиясына қазір-ақ сөз салып, істің шын жайын түсіндіруіміз керек. Олардың берекесін кетіру мағынасында мейлінше тыңғылықты әрекет жасайтын бұл құралымызды біз өте жақсы білеміз. Ал, сайып келгенде, бұл әдіс өзімізге керекті жолға әкеп түсіреді, ол барлық елдердің еңбекші халқын осы жолга әкеп түсірді. Бұл саясат, қаншама қиын болса да, белгілі бір бастаманы белгілеуге тиіс, ал біз, бастағаннан кейін, оны толық аяқтаймыз.

Біз басқа мемлекеттер жөнінде де сондай саясат жүргізгенімізді айтуға тиіспін. Біз Грузия мен Азербайжанға Деникинге қарсы келісім жасасуды ұсындық. Олар басқа мемлекеттердің істеріне араласпаймыз деп, бұдан бас тартты. Грузия мен Азербайжанның жұмысшылары мен шаруалары бұған қалай қарайтынын біз әлі көрерміз.

Бұл саясат батыс халықтары жөнінде, Россия халықтары жөніндегіден гөрі, анағұрлым сақтықпен жүргізілді. Россия Латвия, Эстония, Польша сияқты мемлекеттермен, екінші жағынан, бірқатар шығыс мемлекеттерімен істес болып келді; ал бұлардың даму дәрежесі — жер жүзіндегі халықтың көпшілігі болып отырған отар елдердің орасан басым көпшілігінің даму дәрежесіндей. Оларды Англия жаныштады; ол отарлық құлдарды осы уақытқа дейін өз қолында ұстап келеді. Егер біздің батыс европалық мемлекеттер жөніндегі саясатымыз осындай сақтықпен жүргізіліп отырса, олардың өздеріндегі керенскийшілдікті құртуына мүмкіндік беру үшін белгілі бір мерзімді керек етсе, Шығыста біздің саясатымыз одан да гөрі сағырақ және шыдамдылықпен жүргізілуге тиіс, өйткені мұндағы елдер анағұрлым артта қалған, діни фанатизмнің езгі-

сінде болған, орыс халқына сенбеушілікті бойына неғұрлым көбірек сіңірген, ондаған және жүздеген жылдар бойына ұлы державалық Россияның олар жөнінде жүргізген патшалық капиталистік саясатының және империализмнің езгісінде болып келген.

Біз Башқұрт республикасына автономия бердік[44]. Біз автономиялы Татар республикасын құруға тиіспіз[45] және барлық шығыс халықтары жөнінде сол саясатты жүргізе отырып, өзімізге өзіміз былай дейміз: біздер, империализмге қарсы күресушілер, империалистік державалардың орасан зор майданына қарсы тұрып, әскери жағынан тығыз топтасуды талап ететін одақ болып саналамыз және бұл топтасуды бұзу әрекетінің қандайын болса да—мүлде жол беруге болмайтын іс, халықаралық империализмге қарсы күрестің мүдделеріне опасыздық жасағандық деп танимыз. Бірақ, бұл саясатты жүргізе отырып, біз одан да бетер сақ болуға тиіспіз. Егер европалық елдерге керенскийшілдік дәуірін бастан өткізуге тура келетін болса, дамудың төменірек сатысындағы елдерде сенбеушілік элементтері одан да көбірек болады. Оларға неғұрлым ұзағырақ созылатын әдіспен әсер етуге тура келеді. Біз бұл мемлекеттердің тәуелсіздігін және дербестігін қолдаймыз. Біз олардың еңбекші бұқарасына қол артамыз. Біз: әскери күштердің бірлігі қажет, бұл бірліктен шегінуге болмайды дейміз.

Өзіміздің тығыз одақтасу жөніндегі саясатымызды үзбей жүргізе отырып, Шығыс халықтары жөнінде осы уақытқа дейінгіден көбірек табысқа жететін боламыз. Ал бұл табыстар зор. Батыстағы кішкене мемлекетпен бітім жасаса алуымыздың себебі қандай болса, барлық шығыс халықтары арасында Совет республикасының орасан зор беделі болуының себебі де сондай, атап айтқанда, мұның себебі — олар бізді империализмге қарсы табанды күрескер деп таниды, өйткені біз — империализмге қарсы соғыс жүргізіп отырған және қандай да болса жағдайды пайдалана білетін, зорлықпен әрекет жасамай, зорлық жасаудан бас тарту арқылы да жеңе білетін бірден-бір республикамыз.

Украин республикасы жөнінде де анағұрлым қалыптасқан түрдегі сол саясат жүргізіліп отырғаны өзіненөзі түсінікті. Мұнда мәселе бұдан бұрын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Украин Советтік Республикасының Орталық Атқару Комитеті арасында жасасылған шарт арқылы жеңілдетілді[46]. Империалистік елдерге қарсы күресте екі республиканың тығыз федерациясы болып табылатын бұл шарт негізінде біз барған сайын тығыз одақ жасасып отырмыз. Ал украин шаруалары мен жұмысшылары бұқарасы деникиндік өктемдіктің күйініштi тәжірибесі арқылы мынаған көз жеткізіп отыр: Россия республикасымен жасалған мейлінше тығыз одақ қана халықаралық империализмге шын мәнісінде жеңдірмейтін одақ болады және мемлекет ретінде бөлектену империализмге қарсы күрес жағдайында тиімді бола алмайды, өйткені ол қандай да болсын бөлінуді Совет өкіметін жаныштау үшін пайдаланады; мұндай бөліну қылмыс болып табылады. Біздің саясатымыз Украинада терең тамыр жайып келеді, сондықтан біз жұмысшылар мен шаруалар Советтерінің алдағы Бүкіл украиналық съезінің бұл саясатты салтанатты түрде мақұлдайтындығына сенеміз. Халықаралық жағдай туралы мәселе жөнінде менің айтайын деген аздаған ескертпелерім міне осындай, ал өзім Халық Комиссарлары Советі мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің атынан жолдауға тиісті болған практикалық ұсыныстарды мен атап көрсеттім және бұл жобалардың бәрін осы сессияда бекітуді өтінемін.

Ішкі құрылыс жұмысына көшкенде мен әуелі біздің үкіметіміздің кейбір жеке шараларына тоқталуға, ал одан кейін ең басты мәселеге — жаңа жолға көшу, соғыс міндеттерінен мемлекеттік құрылыс міндеттеріне көшу мәселесіне тоқталуға тиіспін.

Есеп беріліп отырған екі айдың ішінде ағымдағы жұмыстар қатарында азды-көпті көрнекті орын алған, біздің ішкі саясатымыздың негізгі шараларын алатын болсақ, мұнда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бекітуін керек ететін мына қаулының ерекше маңызы бар. Бұл — өлім жазасын жою туралы қаулы. Өздеріңізге мәлім, Деникинді талқандаған басты жеңіс-

тен кейін, Ростовты алғаннан кейін, Бүкіл россиялық төтенше комиссияға және ішкі істер халық комиссариатына басшылық етуші Дзержинский жолдас, Төтенше комиссия тарапынан өлім жазасын қолданудың қандайын болса да жою үшін Халық Комиссарлары Советіне ұсыныс енгізіп, оны өз ведомствосында өткізді. Егер Европада буржуазиялық демократия Советтік Россияны көбінесе террорист деп көрсетіп, оған қарсы өтірікті барлық күшін сала таратып отырса, егер бұл өтірікті буржуазиялық демократия да, II Интернационалдың социалистері де таратып отырса, егер Каутский «Терроризм және коммунизм» деген атпен арнаулы кітап жазып, онда: коммунистік өкімет терроризмге сүйенеді деп отырса, бұл жөнінде қандай өтірік таратылып жатқанын өздеріңіз түсінерсіздер, сондықтан, бұл өтірікті бекерге шығару үшін, біз Дзержинский жолдас ұсынған және Халық Комиссарлары Советі мақұлдаған шараны қолдандық, осы шара да Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бекітуін керек етеді.

Бүкіл дүние жүзілік-қуатты державалар еш нәрседен тартынбай, бізге өздерінің шапқыншыларын аттандырған кезде Антантаның терроризмі бізге террорды күштеп әкеп таңды. Егер офицерлер мен ақ гвардияшылардың бұл әрекеттеріне рақымсыздықпен жауап бермесек, біз екі күн де төтеп беріп тұра алмаған болар едік; міне мұны террор деді, бірақ Антантаның террорлық тәсілдері мұны бізге амалсыздан істетті. Сондықтан біз үзілді-кесілді жеңіске жеткеннен кейін, соғыс аяқталмай тұрып-ақ, Ростовты алғаннан кейін дереу өлім жазасын қолданудан бас тартып, бұл ісімізбен біздің өз программамызға көзқарасымыз уәде еткеніміздей болып отырғанын көрсеттік. Біздің айтатынымыз — зорлықты қолдану қанаушыларды жаныштау, помещиктер мен капиталистерді жаныштау міндетінен туады; бұл міндет орындалғаннан кейін біз қандай да болсын ерекше шаралардан бас тартамыз. Біз мұны іс жүзінде дәлелдедік. Сондықтан мен, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Халық Комиссарлары Советінің бұл шарасын бірауыздан бекітіп, оны Россияда өлім жазасын қолдануға мүмкіндік қалмайтындай етіп шешеді деп ойлай-

мын, бұған сенемін және көзім жетеді. Антантаның соғыс тәсілдерін қайтадан қолдану әрекетінің қандайы болса да біздерді бұрынғы террорды қайтадан бастауға мәжбүр ететіні өзінен-өзі түсінікті; біз жақсы сөзбен ештеңе бітпейтін жыртқыштық уақытта өмір сүріп отырғанымызды білеміз; міне біз осыны есте тұттық және үзілді-кесілді күрес аяқталысымен біз басқа державалардың бәрінде өмір бақи қолданылып келе жатқан шараларды дереу жоя бастадық.

Бұдан әрі мен Жұмысшы инспекциясы туралы мәселенің талқылануын айтып өткім келеді. Бұл мәселе жөнінде сіздерге арнаулы баяндама жасалады, сондықтан, егер мен бұл мәселеге ұзақ тоқталып жатсам, мұным дұрыс болмас еді. Бұл арада басқару ісіне қалың бұқараны қатыстыру міндеті біздің алдымызға, бірінші кезекке қойылып отыр және бұл міндет, кең құрылыс міндеттеріне қарағанда, неғұрлым шұғыл қойылып отыр. Сіздерде егжей-тегжейлі жобалар болады, бұл жобаларды талқылап, түзеткеннен кейін сіздер бұл құрылыс жұмысшылардың қалың бұқарасының неғұрлым кеңінен қатысуымен жүргізілуге тиіс екенін түсінесіздер. Бұл — біздің негізгі міндетіміз; қазір байқалып отырған күйзеліс тұсында оған қоян-қолтық келу өте қиын, бірақ біз оған бөгелмей келе жатырмыз.

Біздің алдымызда тағы бір мәселе — кооперация туралы мәселе тұр. Біз бүкіл халықты кооперативтерге, мықтағанда тек жоғарғы топтарды ғана қамтыған ескі кооперациядан өзгеше болуға тиісті кооперативтерге біріктіру міндетін алға қойдық.

Буржуазиялық мәдениет, капитализм мәдениеті жасаған техниканы, мәдениетті, аппаратты пайдалануды үйренбеген социализмнің социализм болуы мүмкін болмас еді. Кооперация осы аппараттардың санына қосылады; ел капиталистік даму дәрежесінде неғұрлым жоғары тұрса, кооперация соғұрлым көп дамиды. Біз өзіміздің кооперациямызға бүкіл елді қамту міндетін жүктедік. Кооперация осы уақытқа дейін жоғарғы топтарды қамтыды, жарна төлеуге қаржысы барларға артықшылық жағдай туғызды, кооперацияның көмегін еңбекшілер бұқарасының пайдалануына мүмкіндік бермеді. Бұл

кооперациядан біз үзілді-кесілді ажырастық, бірақ кооперация атаулыны жоққа шығарарлықтай болып ажырасқан жоқпыз, қайта біз 1918 жылы март пен апрельде кооперацияға бүкіл халықты қамту міндетін жүктедік. Егер кооперативтік қозғалыстың негізін қалаушылардың өсиеттерін (кооперацияның ескі міндеттері — еңбекшілердің мүдделерін қанағаттандыру) бағалайтын кооператорлар бар болса, олар бұған тілектес болуға тиіс. Кооперацияны капиталистік шаруашылықтың және азшылықты байытып, көпшілікті күйзелтетін атышулы сауда еркіндігінің жаңа түрі ғана деп түсінетін буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық көзқарастағы кооперация көсемдері көпшілігінің тілектестігін өзімізге аудардық деп тіпті де бос қиялға берілмесек те, кооператив ұйымдарына қатысушылардың көпшілігі бізге тілектес екендігіне біз сенеміз. Азшылықты байытудың орнына кооперацияның еңбекшілер бұқарасына шын мәнісінде қызмет етуге көшуін, сөйтіп кооперацияның бүкіл халықты қамтуын біз мемлекеттік міндет етіп жарияладық. Мұны бірден істеу мүмкін болмады. Мұндай міндетті жүктей отырып, бұл істі ақырына дейін жеткізу үшін, бүкіл халықты кооперативтерге біріктіру үшін біз үнемі жұмыс істеп келдік және бұдан былай да жұмыс істейміз, біз: мүмкін, бірнеше аптадан, мүмкін, бірер айдан кейін бүкіл Советтік республика еңбекшілердің біртұтас ұлы кооперативіне айналады деп сеніммен айта аламыз. Бұдан кейін еңбекшілердің талапкерлігінің өсуі, олардың құрылысқа қатыстырылуы анағұрлым кең көлемде алға басады.

Мұны аяқтай келіп, біз кооперативтердің барлық түрлерін, тек тұтыну кооперативтерін ғана емес, кредиттік, өндірістік, т. б. кооперативтерді де тиісінше бірте-бірте және сақтықпен Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағына біріктіруге қаулы алдық. Бұл жөнінде біз қолданғалы отырған шараларды Орталық Атқару Комитетінің және жер-жердегі қызметкерлердің қолдайтындығына біз сенеміз; жер-жердегі қызметкерлер, кооперативтерді біріктіруді формальдық жағынан аяқтағаннан кейін, өздерінің шаруашылық құрылысындағы жұмысы және жұмысшылар мен шаруалар көпшілігін бұл жұ-

мысқа тартуы арқылы біз алға қойған аса маңызды міндеттердің бірінің орындалуын: былайша айтқанда, ескі капиталистік мемлекеттен мұраға қалған бюрократизмге қарсы күресте, өзіміздің программамызда да біз аса маңызды міндет етіп жариялаған күресте кооперацияның аса маңызды факторға айналуын қамтамасыз етеді. Ал біз бұл күресті барлық ведомстволарда, барлық жолдармен жүргіземіз, айта кетелік, кооперативке біріктіру жолымен және буржуазиялық кооперацияның жоғарғы топтарын былай тастап, кооператив құрылысындағы дербес жұмысқа тегіс катысуға тиісті нағыз еңбекшілер бұқарасына қол арту жолымен жүргіземіз.

Бұдан соң мен ішкі құрылыс мәселелерінен егіншілік саласында не істелгенін атап өткім келеді. Жер пайдалануды тәртіпке келтіру мақсатымен егіншілік халық комиссары 1919 жылы июльде үлесті жерді жиі-жиі қайта бөлуге қарсы күресу шаралары туралы нұсқау хат бастырып шығарды. Бұл нұсқау хат 1 июльде «Известия ВЦИК»-те жарияланып, «Жұмысшы-Шаруа Үкіметінің заңдары мен жарлықтары жинағына» енгізілді. Бұл нұсқау хаттың маңызды болуының себебі — ол жерді жиі-жиі қайта бөлу ұсақ шаруашылық жағдайында еңбек тәртібін күшейтуге, еңбек өнімділігін арттыруға бөгет жасайтынын көрсеткен шаруалардың көптеген ұсыныстары мен арыздарына сай келеді. Халық Комиссарлары Советі де осы көзқараста; ол Егіншілік комиссариатына жерді қайта бөлу тәртібі туралы ереженің жобасын ұсыну жөнінде тапсырма берді. Бұл жоба таяу уақытта қаралады[47]. Сондай-ақ Егіншілік халық комиссариаты жұмыс көлігі мен шаруашылық құрал-саймандарын қалпына келтіру жөнінде бірсыпыра шұғыл шаралар қолдануды өзінің міндеті етіп қояды. Бұл ретте нақ жергілікті қызметкерлердің жүйелі түрде жұмыс істеуінің зор маңызы бар, сондықтан, Егіншілік халық комиссариатының бұл шараларының мүмкіндігінше неғұрлым қысқа мерзімде жүзеге асырылуы үшін өкімет орындарына Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мүшелерінің тиісінше әсер етіп, көмектесетіндігіне біз сенеміз.

Мен енді құрылысымыздың соңғы мәселесіне және, асылында, ең басты мәселеге — еңбек армиялары мен еңбек мобилизациясы туралы мәселеге көшемін. Қоғамдық өмірдің күрт өткелдері мен өзгерістері тұсындағы ең қиын міндет — қандай да болсын өткелдің өзіне тән ерекшеліктерін ескере алу міндеті. Капиталистік қоғамның ішінде социалистердің қалай күресуі керек — бұл қиын міндет емес және ол әлдеқашан шешілген. Кемелденген социалистік қоғам дегенді қалай түсіну керек — бұл да қиын емес. Бұл міндет те шешілген. Бірақ ескі, дағдылы және жұрттың бәріне мәлім капитализмнен жаңа, әлі туманған, тұрақты базасы жоқ социализмге өтуді практикада қалай жүзеге асыру керек — ең қиын міндет, міне, осы. Бұл өткел, сәті түскеннің өзінде де, көп жылға созылады. Бұл дәуірдің ішінде біздің саясатымыз одан да гөрі кішкене бірқатар өткелдерге бөлінеді. Біздерге жүктелетін міндеттің бүкіл қиындығы, саясаттың бүкіл қиындығы және саясаттағы бүкіл шеберлік — әрбір осындай өткелдің өзіне тән міндеттерін ескере алуда.

Біз соғыс міндетін, әлі ақырына дейін болмаса да, басты-басты және негізгі жақтарынан алғанда енді ғана шешіп отырмыз. Біз ақ гвардияшылардың тегеурінін қалай болғанда да тойтаруды өзімізге міндет етіп қойдық. Біз: бізде бәрі соғыс қажетіне жұмсалуға тиіс дедік. Бұл дұрыс саясат болды. Бұл саясаттың тылдағы адам естімеген ауыртпалықтардан, жалаңаштықтан, аштықтан, күйзелістен көрінгенін біз өте жақсы білеміз, бірақ, айта кетелік, мен оқып бергендей үлгіде бағасын алған Қызыл Армияның бұл міндетті ең артта қалған елде шешкені бұл елде жаңа күштер бар екенін дәлелдейді, әйтпесе бұл үлгілі армияны құру және материалдық жағынан күштірек армияларды жеңу мүмкін болмаған болар еді. Бірақ біз бүкіл мемлекеттік аппаратты осыған жұмылдырып, бұл міндеттің өзіне тән ерекшелігін шеше білгеннен кейін — бәрін де түгелінен соғыс мүдделеріне бағындыра білгеннен кейін,— жағдай шапшаң және шұғыл түрде әдісті өзгертуді талап етеді. Біз соғысты әлі аяқтаған жоқпыз. Бүкіл соғыс әзірлігін сақтау керек, Деникиннің әскерлерін құрту керек, қандай

елдің болса да помещиктері мен капиталистеріне, егер олар Россиямен тағы да соғыс ашып сынаспақ болса, олардың Колчак пен Деникиннің аяғын құшатындығын көрсету керек. Сондықтан бізге өзіміздің әскери күштерімізді нашарлатуға қарай бірде-бір қадам аттауға болмайды. Ал мұнымен бірге бүкіл елді жаңа жолға салып, бүкіл механизмді қайта құру керек. Бәрі де соғыс қажетіне деп, бұдан әрі де соған баса назар аударуға болмайды және оның қажеті жоқ, өйткені соғыс міндеті негізінен шешілді.

Соғыстан бейбіт құрылысқа көшу міндеті тым ерекше жағдайда алға қойылып отыр — бұл жағдайда біз армияны тарата алмаймыз, өйткені біз, ең болмаса, әлі де бізге Антанта айдап салып отырған сол Польшаның немесе қандай да болсын басқа державаның шабуыл жасау мүмкіншілігімен есептесуге тиіспіз. Біз өзіміздің әскери күштерімізді әлсірете алмайтын, бірақ Совет өкіметінің соғысқа жұмылдырылған бүкіл машинасын бейбіт шаруашылық құрылысының жаңа жолына көшіруге тиісті болып отырған кездегі міндеттің бұл өзгешелігі ерекше баса көңіл бөлуді талап етеді және мынаның үлгісін көрсетеді: біз мұнда программаның жалпы формулаларына, жалпы қағидаларына, коммунизмнің жалпы принциптеріне сүйеніп іс тындыра алмаймыз, біз капитализмнен коммунизмге өтудің, елдің бүкіл назары соғысқа аударылған жағдайдан соғыс саласында шешуші жеңіске жеткен және шаруашылық міндеттерін соғыстағыша шешуге, бәріңізге мәлім, жағдай өте ауыр болғандықтан, соғыстағыша шешуге тиіс болып отырған елдің жағдайына өтудің бұл шарттарының өзгешелігін есепке алуға тиіспіз. Қыстың аяғы еңбекші бұқараны адам естімеген ауыртпалықтарға — аштыққа, жалаңаштыққа, күйзеліске ұшыратады және ұшыратты да. Біз мұның бәрін қалай болғанда да жеңуіміз керек. Біз мұны істей алатынымызды білеміз. Қызыл Армияның жігері мұны бізге дәлелдеп берді.

Егер осы уақытқа дейін біз жан-жағымыздан қоршалып, ең астықты және көмірлі аудандарымыздан айрылып қалған кезде күресіп келсек, енді, біз мұның бәрін алған кезде, біздің шаруашылық құрылысының міндет-

терін Украинамен бірге шешуге мүмкіндігіміз болып отырған кезде,— біз негізгі міндетті шеше аламыз: көп астық және азық-түлік өнімдерін жинап, өнеркәсіп құрылысын бастау үшін оларды өнеркәсіп орталықтарына тасып жеткізе аламыз. Біз бұл міндетке барлық күшімізді жұмсауымыз керек. Одан қандай да болсын басқа практикалық міндеттерге ауытқуға болмайды; ол міндетті әскери әдістермен, мейлінше рақымсыздықпен, басқа мүдделердің бәрін мүлдем қоя тұрып шешу керек. Біркатар өте заңды талаптар мен мүдделер зиян көретінін біз білеміз, бірақ, егер біз бұл зиянға бармаған болсақ, соғыста жеңе алмаған болар едік. Енді өзіміздің бейбіт шаруашылық құрылысымыздың базасын жасауға күрт және шапшаң көшуіміз керек болады. Азық-түліктің мол запасын жасап, оны орталық ауданға тасып алу осындай база болуға тиіс; транспорттың міндеті — шикізат пен өнімдерді тасып жеткізу. Егер 1917 жылғы августан 1918 жылғы августқа дейін біз 30 миллион пұт астық, екінші жылы 110 миллион пұт астық жинасақ, енді 5 айдың ішінде өзіміздің Азық-түлік комиссариатының аппараты арқылы, капиталистік әдіспен емес, социалистік әдіспен, еркін рынокта сату жолымен емес, тұрақты бағамен, шаруаларға салым салу жолымен 90 миллион пұт астық жинап отырмыз,— демек, біз өзімізге жол таптық. Бұл жолдың дұрыс екендігіне және біздің орасан зор шаруашылық құрылысын қамтамасыз ететін нәтижелерге жетуімізге мүмкіндік беретіндігіне біз сенеміз.

Барлық күш осы міндетке арналуға тиіс, әскери құрылыста өздерін көрсеткен барлық әскери күштер осы жаңа жолға түсірілуге тиіс. Еңбек армиялары идеясын туғызған, Уралдағы алғашқы еңбек армиясы мен Украин еңбек армиясын құру туралы заңды, одан кейін запастағы армияның күштерін еңбек міндеттерін орындауға пайдалану туралы заңды, одан соң Совет өкіметінің еңбек міндеткерлігі жөніндегі комитеттер туралы шығарған қаулысын[48] туғызған ерекше жағдай, ерекше өту кезеңі міне осындай. Бұл заңдардың бәрін сіздерге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі өзінің егжей-тегжейлі толық баяндамасында

мәлімдейді. Мен, әлбетте, бұл салаға ене алмаймын, өйткені мұның ерекше баяндамада жеткілікті айқын баяндалуы мүмкін. Мен біздің жалпы саясатымыздағы оның маңызын, осы өтудің маңызын ғана атап көрсетемін; бұл өту дәуірі біздің алдымызға ерекше міндеттер қояды — азық-түлік өнімдерінің мол запасын жинап, өнеркәсіп құрылысы орталықтарына жеткізіп алу үшін бұған барлық күштерді соғыстағыша жұмсап, оларды ұйымдастыру міндеттерін қояды. Мұның үшін, қыстың аяғы жалаңаштыққа, аштыққа және қайыршылыққа ұшыратқалы тұрғанда, ең таяу айлардың ішінде транспорттағы күйзелісті қалай болғанда да жеңіп, бұл жан төзгісіз жағдайдан құтылу үшін, қалай болғанда да еңбек армияларын құру керек, соғыстағыша ұйымдасу керек, бірқатар мекемелерді шағындау, қысқарту, тіпті жабу керек. Бұл жағдайдан құтылу керек. Біз мұны істей аламыз. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті еңбек міндеткерлігі мен еңбек армиялары жөніндегі барлық шараларды бекітіп, бұл ойды халықтың қалың бұқарасы арасына одан әрі таратып, барлық жергілікті қызметкерлерден мұны жүзеге асыруды талап еткен кезде,— өзіміздің әскери әзірлігімізді титтей де әлсіретпестен, бұл қиын міндетті орындап шығатындығымызға кәміл сенеміз.

Біз, өзіміздің әскери әзірлігімізді әлсіретпестен, Советтік республиканы қалай болғанда да шаруашылық құрылысының жаңа жолына түсіруге тиіспіз. Таяу апталарда, мүмкін, таяу айларда, бұл міндет орындалуға тиіс. Транспорттағы күйзелісті жойып, астық запасын көбейту үшін әрбір совет немесе партия ұйымы барлық күшті жұмсауға тиіс.

Бізде өнеркәсіп құрылысын кеңінен жүргізуге, Россияны электрлендіруге керекті база, берік негіз сонда, тек сонда ғана болады. Ал бұл жөнінен бізде қиялдан тумай, техника арқылы дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан әзірленген кең жоспарлар барын халыққа, әсіресе шаруаларға көрсету үшін,—мұның үшін, менің ойымша, біз Халық шаруашылығы жоғары советі мен Егіншілік комиссариатына, өздері келісе отырып, Россияны электрлендіру туралы мәселе жөнінде жоба әзірлеуді

жүктейтін қарар қабылдауға тиіспіз,— мен Орталық Атқару Комитеті мұны мақұлдайды деп сенемін.

Мемлекеттік баспаның көмегі арқасында және бұрынғы Кушнерев баспаханасы, қазіргі 17-ші мемлекеттік баспахана жұмысшыларының жігері арқасында мен Кржижановскийдің «Россияны электрлендірудің негізгі міндеттері» деген кітапшасын өте қысқа мерзімде бастырып шығара алдым. Ертең бұл кітапша Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің барлық мүшелеріне таратылып беріледі. Халық шаруашылығы жоғары советінің электротехника бөлімшесінде жұмыс істейтін Кржижановский жолдастың бұл кітапшасы бұған дейінгі істелген жұмысқа қорытынды жасайды және бірқатар мәселелерді алға қояды; бұл мәселелерді насихаттау,— практика жүзінде қолдану емес, насихаттау,— қазір ең маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Орталық Атқару Комитетінің атынан Халық шаруашылығы жоғары советі мен Егіншілік халық комиссариатына бірнеше айдың ішінде,—ол кезде біздің практикалық міндеттеріміз басқаша болады,— ғылым мен техника өкілдерінің көмегімен, Россияны электрлендірудің кең және толық жоспарын жасау міндетін жүктейтін қарарды Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қабылдайтынына мен сенемін. Кітапша авторының бұл кітапшаға: «Бу замапы — буржуазия заманы, электр заманы — социализм заманы» деген нақыл сөздерді эпиграф етіп алуы өте дұрыс. Жаңа экономикалық құрылыс үшін біздің жаңа техникалық базамыз болуға тиіс. Бұл жаңа техникалық база — электр. Біз бәрін осы база негізінде жасауға тиіс боламыз. Бұған көп жыл керек. Біз 10 және 20 жыл бойына жұмыс істеуден қорықпаймыз, бірақ біз шаруаларға мынаны көрсетуге тиіспіз: капитализмге нәр берген, өнеркәсіп жұмысшылары мен егіншілік жұмысшылары арасында алауыздық таратқан ең терең қайшылық болып табылатын өнеркәсіп пен егіншіліктің бұрынғы оқшаулануы орнына, біз шаруалардан астық түрінде қарызға алғанымызды оларға қайтаруды өзімізге міндет етіп қоямыз, өйткені қағаз ақша, әрине, астықтың баламасы

емес екенін біз білеміз. Бұл қарызды біз өнеркәсіпті ұйымдастыру және шаруаларды оның өнімдерімен жабдықтау арқылы қайтаруға тиіспіз. Өнеркәсіпті қазіргі кездегі жоғары техникалық базаға, қала мен деревняны байланыстыратын электрлендіру базасына негіздеп ұйымдастыру қала мен деревня арасындағы алауыздықты жоятынын, деревняның мәдениетін көтеруге, ең қиыр түкпірлерде мешеулікті, надандықты, қайыршылықты, ауруларды және тағылықты жоюға мүмкіндік беретінін біз шаруаларға көрсетуге тиіспіз. Біз бұған өзіміздің кезекті, негізгі міндетімізді орындаған бойда дереу кірісеміз. Біз мұның үшін өзіміздің негізгі практикалық міндетімізден басқаға бір минут та аландамаймыз.

Таяу айларда барлық күш азық-түлікті тасып жеткізуге және азық-түлік базасын кеңейтуге жұмсалсын. Бұдан басқаға титтей де алаң болмау керек. Ал мұнымен қатар ғылым мен техника мамандары бүкіл Россияны электрлендірудің көп жылға арналған жоспарын жасай берсін[49]. Сыртқы дүниемен, капиталистік Европамен біз жүзеге асырған байланыс, Эстониямен бітім жасасу арқылы өзімізге ашқан қақпа біздің қазірден бастап қажетті техникалық көмек алуымызға қызмет ететін болсын. Транспорт пен азық-түлік жөніндегі негізгі міндеттерді таяу айларда шешіп, таяу уақытта басқа еш нәрсеге алаң болмай, өзіміздің барлық күшімізді бүтіндей жұмсайтын еңбек міндеткерлігі жөніндегі міндеттерді шешіп, міне осы міндеттерді шешіп, біз өзіміздің бірсыпыра жылдар бойына құрылыс міндеттеріне, бүкіл Россияны жоғары техникалық базаға көшіру міндеттеріне өте алатынымызды көрсетеміз; ал бұл жоғары техникалық база қала мен деревня арасындағы алауыздықты жоюды және, бұған дейін бүкіл енжарлықтың, бүкіл мешеуліктің, бүкіл езгінің басты себебі болып келген артта қалғандықты, бытыраңқылықты, берекесіздікті, деревнядағы қараңғылықты толық және батыл жеңуге мүмкіндік береді. Міне бұл салада, өнеркәсіпті қайта құрудың қан төгіссіз өтетін майданындағы бұл бейбіт жеңіс саласында,—егер біз өзіміздің соғыстағы барлық дағдымызбен, барлық жігерімізбен, барлық күшімізді осы міндетке жұмылдырып

қимыл жасасақ,— бұл салада, біз соғыс майданында жеткен жеңістерімізден де гөрі батыл, зор жеңістерге жетеміз. (Қол шапалақтау.)

Қысқаша газет есебі 1920 ж. 3 февральда «Праўданың» 23-номерінде және «Известия ВЦИК»-тің 23-номерінде басылған

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуының 30-томында толық басылған

Стенограмма бойынша басылып отыр

МОСКВА ТОРАБЫ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1920 ж. 5 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[50]

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Ду қол шапалақтаумен қарсы алынған В. И. Ленин ұзақ сөз сөйледі.

Эстониямен бітім жасалғандығы, деді Ленин жолдас, халықаралық жағдайдағы ең жарқын факт болды. Бұл бітім — Европа жаққа ашылған қақпа. Мұның өзі Батыс елдерімен біздің товар айырбасын жүргізуімізге мүмкіндік береді. Бізге дұшпандарымыз: Батыстағы революция алыс, ал онысыз сендер тұрақтап қала алмайсыңдар деген еді. Ал біздің тұрақтап қалғанымыз былай тұрсын, сонымен бірге жеңіп те шықтық.

Ешқайдан бірде-бір патрон алмастан жеңдік, жұмысшылар мен қызыл әскерлер не үшін соғысып жатқандығын білгендігінен ғана жеңдік.

Егер Антантаның қолында ойыншық болып табылатын шағын халықтар Советтік Россиямен бітім жасасуға ұмтыла бастаған болса, оның себебі мынада: біз оларды империалистердің қалай алдауға түсіргенін және орыс пролетариатының оларға бітім жасасу үшін құшақ жая қол созып отырғанын іс жүзінде дәлелдедік. Эстониядан кейін Польша келеді. Советтік Россияның бітім жасасу жөніндегі ұсынысын Польшаның талқылайтындығы туралы хабар алынды. Қан төгіссіз қол жеткен бұл жеңістің зор маңызы бар.

Ішкі жағдай туралы мәселеге көшіп, В. И. Ленин бұл жағдайдың транспорттағы күйзеліске қарсы күреске келіп сайып отырғандығын айтты. Қазір темір

жол транспорты қыл үстінде тұр. Егер поездар тоқтап қалса, бұл—пролетарлық орталықтардың құрығаны болады. Транспортты қолдау үшін және аштыққа, жалаңаштыққа қарсы күресті жеңілдету үшін жұмысшылар бұқарасының қаһармандық күш жұмсауы қажет. Егер соншалықты құрбандықтарға ұшыратқан азамат соғысында істі біздің пайдамызға шешкен керемет қаһармандықтар мүмкін болған болса, ол қаһармандықтар мен құрбандықтар қазір де, соғыс екінші майданға — өнеркәсіп майданына ауысқан кезде де қажет. Енді осы қан төгіссіз майданда жеңістерге жету қажет.

Мұнда да құрбандықтардың қажеттігін түсіну керек. Құрбандықтар жасау арқылы елдің шаруашылығын өрге бастыру керек. «Не өлу, не жеңу»—өнеркәсіп майданындағы ұран осы болуға тиіс. Бұл майданда жеңу үшін мейлінше қажырлы күрестің қажеттігін жұмысшылар түсінетін болуы керек. Алда тұрған күрес өте қиын және бұл күресті шаршаған, ашыққан жұмысшылардың жүргізуіне тура келеді; ал егер олар жұмысшы табының тағдыры осы күрестің нәтижесіне байланысты екендігін түсінсе—олар өздерінің дегеніне жетеді.

Транспорт туралы мәселе қазіргі уақытта Қорғаныс Советінде талқыланып жатыр[51]. Бірақ транспорттағы күйзеліске және бұл күйзеліске көмектесіп отырған жалдаптыққа қарсы күресу үшін жұмысшылардың өздері топтасуға тиіс. Кімде-кім мемлекетке басы артық астығын бермесе, темір жолдарды жалдаптықтың құралына айналдырса — ол адам бізге қарсы, сондықтан саналы жұмысшылар бұларға қарсы топтасқан түрде күресуге тиіс.

Біз Қызыл Армияны жеңіске бастағанда үгітпен ғана емес, темірдей берік қатаң тәртіппен де бастадық. Қызыл Армияда жасалғанның бәрін барлық еңбек майдандарында жасау қажет. Еңбекші теміржолшылардың армиясын Қызыл Армия көтерілген биік дәрежеге көтеру үшін Қызыл Армия құрудың бүкіл тәжірибесін осы теміржолшылар армиясы қауымына тарату керек. Құрбандықтар жасалмағанда, темірдей берік тәртіп

болмағанда, мамандарды пайдаланбағанда Қызыл Армия жеңбеген болар еді, мұнысыз теміржолшылар армиясы да жеңе алмайды. (Қол шапалақтау.)

*«Петроградская Правда» № 28,
7 февраль, 1920 ж.*

*«Петроградская Правда»
газетінің тексті бойынша
басылып отыр*

ГУБЕРНИЯЛЫҚ ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯЛАРДЫҢ IV КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1920 ж. 6 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[52]

Жолдастар, сіздердің енді Советтік Россияның жаңа қызмет кезеңіне өтуі жағдайында жұмыс істеулеріңізге тура келеді. Өтпелі кезеңнің бұл талаптары әрі халықаралық, әрі ішкі жағдайлардан туғанын, яғни, дұрысырақ айтқанда, халықаралық майданда да, ішкі майданда да жағдайдың соңғы уақытта өзгеруінен туғанын сіздер, әрине, білесіздер.

Түбегейлі өзгеріс мынада болып отыр: Юденич пен Колчак жеңіліске ұшырағаннан кейін және Деникин жеңілгеннен кейін ақ гвардияшыл контрреволюцияның басты күштері талқандалды. Дегенмен, бұл жөнінде сақ болу керек, өйткені Ростов түбінде, Новочеркасскіде соңғы уақытта мүдіріс болып отыр, мұның өзі Деникиннің қайта күш жинап алу қаупін туғызады. Алайда бұған қарамастан негізгі жеңістер жаңа жағдайды туғызып отыр. Буржуазияның енді өз пайдасына қарай бет бұрыс болады деп шынымен ойлай алмайтыны айқын, ал мұның айқын екені соншалық, халықаралық жағдай да қатты өзгерді, өзгергені соншалық, Антанта блокаданы тоқтатуға мәжбүр болды. Біздің Эстониямен бітім жасасуымыздың сәті түсті. Бұл орайда біз негізгі табысқа жеттік: мұның өзі біздің жағдайымызды өте-мөте нығайтты және, бәлкім, біздің басқа шектес мемлекеттердің бәрімен бітім жасасуға қолымыз жетіп те қалар, сол кезде Антантаның ешқандай шабуылы іс жүзінде мүмкін болмай қалады.

Сонымен, контрреволюцияға қарсы, жасырын болсын, ашық болсын, ақ гвардияшыл қарулы күшке қарсы күрестің шиеленіскен бірінші кезеңі, осы шиеленіскен бірінші кезең, сірә, өтіп бара жатса керек. Бірақ белгілі бір контрреволюциялық қозғалыстар мен көтерілістер жасау әрекеттерінің қайталануы әбден ықтимал, оның үстіне орыс революциялық қозғалысының тәжірибесі мынаны көрсетіп отыр: нағыз террорлық сипаттағы әрекеттер көбінесе жаппай қарулы күреспен қабат келіп отырады, сондықтан қаруды меңгеруге және оны қолдануға әбден-ақ машықтанып алған элемент болуы ғажап емес офицерлердің қарулы контрреволюциялық күші бұл қаруды өз пайдасына қолданудан қашпайды деп күту табиғи нәрсе, мұны күту керек те.

Сондықтан, Ростовты алғаннан кейін Дзержинский жолдастың инициативасы бойынша өлім жазасы жойылғанымен, бірақ ату жазасын қайта қолдану мүмкіндігін өзіміздің ешбір елеусіз қалдырмайтынымызды әуел баста ескерткенбіз. Біздер үшін бұл мәселе қажеттілігіне қарай белгіленеді. Совет өкіметі өлім жазасын қажетті мерзімінен әрі қолданбайтын болады, бұл өзінен-өзі түсінікті, міне осы ретте Совет өкіметі өлім жазасын жою арқылы ілгері қадам жасады, мұндай қадамды бірде-бір буржуазиялық республикадағы бірде-бір демократиялық өкімет жасаған емес.

Барлық шеткері аймақтардың жұмысшылары мен шаруаларының едәуір көпшілігі ақ гвардияшылардың езгісінде негұрлым көбірек болған сайын, біздің жағымызға олардың соғұрлым берігірек шыққанын сіздер білесіздер. Сондықтан да буржуазияның барлық әрекеттерінің сәтсіздікке ұшырайтыны сөзсіз екенін біз білеміз. Бірақ бұл әрекеттердің болуы мүмкін, оны біз екі жыл бойы Совет өкіметінің практикасынан байқадық. Ондаған мың офицерлердің, помещиктік элементтердің неше түрлі қылмыстар жасауға барғанын, көпірлерді бұзу туралы империалистік шетел державаларының агенттерімен шарттар жасасқанын біз көрдік. Сондықтан біз бұл тәрізді әрекеттер тоқталмайды дейміз. Жаңа жалпы мемлекеттік жағдайды еске ала отырып,

біз дегенмен сөзсіз қырағы болуға тиіспіз және зор тарихи көлемдегі қарулы күрес кезеңі аяқталып келе жатқанымен, мұның өзі біздің сақадай-сай отыруға тиіс екенімізді ешбір ретте де қажетсіз етпейтінін естен шығармауға тиіспіз.

Контрреволюцияны басып-жаншу органдарының алдына, Төтенше комиссия органдарының алдына айтарлықтай күрделі де қиын мәселе қойылып келді және қойыла да береді. Бір жағынан, соғыстан бейбітшілікке көшетіндігімізді түсініп, ескеру керек, екінші жағынан, баянды бейбітшілікке қолымыз қаншалықты тез жететінін білмейтіндіктен әрдайым қырағы болуымыз керек, біз осы жаңа әдісті қолданудың буржуазиялық топтарға қалай әсер ететінін ескеруге тиіспіз, бұл өзгерістердің не беретінін есте ұстау керек; іс жүзінде сынап көру керек, осыны есепке ала отырып, осы практикалық тәжірибе негізінде ғана белгілі бір өзгерістер енгізу керек.

Бір сөзбен айтқанда, жауға тойтарыс беруге толық жауынгерлік әзірлігімізді бұрынғысынша сақтауымыз керек. Шанқыншылық әрекеттерінің болуы мүмкін, азамат соғысын соза түсу үшін Деникиннің нығаюы мүмкін, контрреволюционерлер топтары тарапынан террорлық әрекеттер жасалуы мүмкін, сондықтан жауынгерлік әзірлігімізді сақтау біздер үшін міндетті нәрсе болып табылады. Осы жауынгерлік әзірлікті сақтай отырып, қанаушылардың қарсылығын жаныштайтын аппаратты әлсіретпестен, біз соғыстан бейбітшілікке көшудегі жаңа жағдайды ескеруге тиіспіз, сөйтіп тактиканы аздап өзгертіп, жазалау сипатын өзгертуіміз керек.

Бұл мәселе сіздердің талқылауларыңызда аз роль атқармаған болар, практика жүзінде нақты шешімдерге келу үшін керекті мәліметтер менен гөрі сіздерде, әрине, әлдеқайда көп болар деп ойлаймын. Сіздердің бұл материалды нақты және практика жүзінде зерттеп білуге ұмтылатындарыңызға мен күмәнданбаймын. Россияның жуықта азат етілген бөліктерінде, Сибирьде, Украинада контрреволюцияны жаныштау үшін органдар қызметінің қай тұрғыда өзгеріп отырғанын, осыған

сәйкес өз қызметімізді қалайша өзгертуіміз керектігін сіздер ойластыруға тиіссіздер. Мен осының бәрін егжей-тегжейлі ескеріп, бұған ұзақ тоқталып жатпаймын, өйткені мен нақты материалмен таныса алмадым, бірақ мен ең маңызды нәрсе — әрбір Төтенше комиссияда шын мәнінде байқалған нақты мәліметтерді ескеру деп қайталап айтамын. Оның үстіне, мұндай съездердің міндеті: осындай нақты мәліметтерді мүмкіндігіне қарай неғұрлым егжей-тегжейлі талқылауда, әрбір жергілікті қызметкер өзінің тар шеңберінде томаға-тұйық қалып қоймай, қайта пікір алысу арқасында неғұрлым баянды, ұзақ уақытқа белгіленетін тактика жасап алуында болып отыр.

Контрреволюцияны жаныштау органдары алдына, шпионажға және жалдаптыққа қарсы күресу органдары алдына қойылып отырған мәселеге, Совет өкіметінің құрылысы тұрғысынан, жұмысшы-шаруа өкіметін нығайтып, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру тұрғысынан алғанда қазір бірінші кезекке шығып отырған мәселеге, қан төгіссіз еңбек майданы мәселесіне менің ерекше назар аударғым келеді.

Антанта қолдап отырған Колчакқа, Юденичке және Деникинге қарсы күресу міндетінің, осы уақытқа дейін қайтсек те жеңіп шығамыз деп сеніп келген — өйткені олардың жағында бүкіл дүние жүзінің аса бай державалары тұрды — контрреволюцияшыл помещиктер мен капиталистерге қарсы күресу міндетінің бізден елдегі барлық күшті жұмсауды талап еткен міндет болғанын, өйткені біздің алдымызда Совет республикасының өзінің өмір сүруін қорғап қалу мәселесі тұрғанын сіздер білесіздер.

Совет өкіметінің осы екі жылы ішінде керемет деп атауға тұрарлық нәрсе істелді деп айтуға болады, өйткені халықаралық капиталға қарсы күресте дүние жүзі бұрын-соңды білмеген, құлақ естіп, көз көрмеген таңғажайып жеңіске жету мүмкін болды. Өйткені бізде барлық күштер топтасты, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы авангардының, таңдаулы, адал авангардының Совет өкіметі өмір сүріп отырған осы екі жыл ішінде адам айтқысыз ерлік пен батылдық көрсетуі мағына-

сында пролетариат диктатурасы шын мәнісінде жүзеге асты, ал жұмысшы табы мен шаруалардың онша кемелденіп жетпеген бөлегінен шыққан ауытқушы барлық элементтері, адам естімеген орасан зор ауытқулар жасаған элементтері, неғұрлым көбірек ауытқыған сайын, соғұрлым біздің жағымызға көбірек бейімделді. Бұларда неғұрлым қиыншылықтар көбірек болған сайын, соғұрлым олар тезірек біздің жағымызға шығып отырды.

Күштерді осылайша шоғырландыруға жету үшін жұрттың қаншама күрсініп, қапалануы мен шағынуларына қарамастан, біздің күштеу шараларын қолдануымызға тура келді. Октябрь революциясына дейін де, одан кейін де біз революциялық күштеу болмайынша жаңа құрылыстың тууы мүмкін емес, партияда жоқ ұсақ буржуазиялық интеллигенциядан біз естіп жүрген шағынулар мен қапалanулардың бәрі тек реакция ғана болып табылады деген көзқараста болдық. Кескілескеп тап күресінің арқасында ілгері басатын тарих помещиктер мен капиталистердің мәселе ең ақырғы, шешуші зор майдан туралы болып отырғанын сезген кезде, ештеңеден де тайынбағанын көрсетті.

Революциялық күштеу болмайынша жеңіске жету мүмкін еместігін тарих көрсетті. Жұмысшылар мен шаруалардың тікелей жауларына бағытталған революциялық күштеу болмайынша, бұл қанаушылардың қарсылығын жою мүмкін емес. Ал екінші жағынан, революциялық күштеуді еңбекші бұқараның толқымалы, ұстамсыз элементтері жөнінде де қолданбасқа болмайды.

Егер біз Қызыл Армияның аса зор жеңісінің куәсы болып отыр екенбіз, онда Совет өкіметінің басынан кешірген екі жылына бұрылып қарай отырып, өзіміздің бұл жеңістерге қалай жеткенімізді ойлай отырып, біз Октябрь революциясының армия әбден ыдыраған жағдайда, әскери ұйым мүлде болмай отырған жағдайда басталғанын еске түсірмей қала алмаймыз. Біздің армиямыз болмады, біз бұл армияны ұзақ та қиын жолмен ұйымдастыруға, топтастыруға, жинауға, қайта құруға тиіс болдық. Жаңа, тәртіпті Қызыл Армияны

осылай құрғанда да революциялық күштеуді қолдануға тура келді. Ал бұл революциялық күштеу тек өз пайдасын ғана ойлайтын элементтерге мүлде дұрыс қолданылды. Алдыңғы қатарлы бөлік өзінің барлық күшін контрреволюцияға қарсы күреске жұмсап отырғанда, ұрыс майданында аса зор құрбандықтарға барып, мыңмыңдап қырылып жатқанда, осындай уақытта шаруалардың жер алған қараңғы бөлігі және жұмысшылардың қараңғы бөлігі тек өздері үшін ғана жұмыс істеді. Осы кезде алдыңғы қатарлы бөліктің жаңа тәртіпті орнатып, нығайтуына тура келді, бұл тәртіп революциялық күштеу арқылы баянды етілді және оның баянды бола алған бірден-бір себебі жұмысшылар мен шаруалардың, бүкіл еңбекші бұқараның бүкіл саналы бөлігі осы күштеуге тілектестік білдірді, осы темірдей тәртіп болмайынша, Қызыл Армияны құра алмайтынымызды, күрестің екі жылына төзе алмайтынымызды және ұйымдасқан, біріккен капиталға қарсы тегі төтеп бере алмайтынымызды ұғынды. Сондықтан бұл тұрғыдан алып қарағанда тәртіпке баулу, тәртіпті қолдау бұдан былайғы күресте төтеп беру үшін күштерімізді топтастыру міндеттері, осы міндеттер енді бірте-бірте өзгеріп отырады. Әуелінде біз барлық күшімізді, күйзеліске ұшыраған елдің барлық күшін соғысқа төктік. Осыдан келіп бүкіл ел одан сайын күйзеліске ұшырады.

4 жыл бойғы империалистік соғыстан күйзелген ел— Россия азамат соғысының тағы да екі жылына төтеп беретіндігіне бұдан екі жыл бұрын ешкім сенген жоқ. Бәлкім, егер бізден 1917 жылы октябрьдің аяғында бүкіл дүние жүзілік буржуазияға қарсы екі жыл бойғы азамат соғысына сіздер төтеп бере аласыздар ма деп сұраған болса, оған төтеп береміз деп біздің көбіміз жауап берер ме едік, бермес пе едік, ол арасын мен білмеймін. Бірақ оқиғалар жұмысшы-шаруа бұқарасы өршіткен күш-жігердің Октябрь революциясын жүзеге асырған адамдардың жорамалдағанынан гөрі зор болып шыққанын көрсетті. Сонымен, біз сайып келгенде жаңа күштің көзі біздің ойлағанымыздан гөрі әлдеқайда зор екенін көрдік, мұны бізге ішкі майдандар да

көрсетті. Сонымен қатар бұл күштің өзі соғыс майдандарында жеңіске жете білетін Қызыл Армияның ішкі майдандарда жаңа кедергіге кездесіп отырғанын — мұның өзі қазір транспортта айрықша байқалып отырғанын көрсетті. Әрине, бізде қазір азық-түлік жөнінде де жағдай ауыр болып отыр, бізде қазір аштық пен жалаңаштық қай уақыттағыдан да гөрі күштірек, бірақ бізде неғұрлым астықты губерниялардың азат етілуі себепті азық-түлік жағдайы жақсарып келеді, ал қазір біздегі басты дағдарыс—транспорт дағдарысы болып отыр. Ал бұл дағдарыстың мұндай үздіксіз соғысты көрмеген ең бай деген елдердің бәрінде де дәл осындай болып отырғанын атап көрсету керек. Тіпті осы елдердің өздері де вагондардың жеткіліксіздігінің зардабын тартып отыр. Сондықтан алты жыл соғысқан, көпірлер мен паровоздар әдейі қиратылған біздің Россияда не болып жатқанын түсінуге болады ғой.

Бұл жағынан біздің жағдайымыз, әрине, өте ауыр, сондықтан Тотенніс комиссиялардың транспорт бөлімдерінің, олардың бүкіл организмінің, бүкіл саналы революцияшыл күштің міндеті асырып айтпағанның өзінде апатқа жақын жағдай деп атауға боларлық осы қиын-қыстау жағдайдан шығуға көмектесу бағытына жұмылдырылып отыр. Тағы мынаны атап көрсету керек: транспорт жағдайы қыс түскен соң, февраль айында, қар басып қалуы себепті әрқашан да, жай уақытта да, жылдың қай мезгіліндегісінен де нашар болады. Қазіргі уақытта біздегі транспорт дағдарысы темір жолдардың мүлде тоқтап қалу қаупіне дейін жетіп отыр. Соңғы уақытта Москвада үш күнге жетерлік қана астық қоры болды, ал ондаған поездар тоқтап тұрды, өйткені отын жетпеді, оны тасып жеткізе алмады.

Біз осы апат жағдайына қарсы күрестің өзіміз соғыстың екі жылы ішінде қолданып келген тәсілдерін жақсы білеміз. Күрестің бұл тәсілдері — бұқараның саналылығын көтеру және оларға шындықты айту. Әрбір осындай қиын-қыстау жағдайда біз жұмысшы-шаруа бұқарасына сөзімізді арнап, туып отырған ауыр жағдайды оларға түсіндіруді өзіміздің борышымыз деп есептеп келдік. Біз оларға Советтік Россияны аман сақ-

тап қалудың кімге байланысты екенін және нақты бір міндетке барлық күшті жұмсау үшін қандай күш-жігердің қажеттігін көрсетіп айтып келдік. Совет өкіметі өз жауларына қарсы күресіп жатқан кезде бұл міндеттер талай рет өзгерді, сондықтан мемлекеттік жағдайды ұғынудың бәрі күйзелісті жеңіп, бірқалыпты құрылысқа көшу үшін мықтап қолға алынуға тиіс міндеттерді дұрыс есепке алуда болып отыр. Сол сияқты қазір де транспорттың қиын-қыстау жағдайын жұмысшылар мен шаруаларға түсіндіру ісіне көбірек назар аударылғанын сіздер білесіздер. Мұнда пролетариат пен шаруалардың барлық күшін жұмсау керек. Отын тасып жеткізу сияқты нәрсе — қиын міндет, егер жұмысшы-шаруа халық тарапынан өрлеу болмаса, Қызыл Армия жеңістерге жеткен жақсы кездерде жүзеге асырылғандағыдай коллективтік бұқаралық еңбек болмаса, ол міндетті жүзеге асыру мүлде мүмкін емес. Қазір, мәселен, отынды тасып жеткізу, темір жолдарды тазарту ісі шаруаларға өнімдерінің есесін қайтару жөнінде толып жатқан уәделер берілгендіктен қиындап отыр. Отын тасып жеткізудің ат күшін керек ететіні табиғи нәрсе, ал шаруалар болса мұны істей алмай отыр, олар бұған ұнатпай қырып қарайды, өйткені белгілі бір мөлшердегі товарлар түрінде ақы ала алмай отыр; ал біз транспорттың мүлде тоқырап қалуы себепті ең болмаса пәлендей бір мөлшерде товар бере алмай отырмыз. Сондықтан біз ашыққан жұмысшыларды аман сақтап, өнеркәсіпті қалпына келтіру үшін шаруалар мұны өздерінің жұмысшы-шаруа мемлекетіне қарыз ретінде жасауға тиіс дейміз. Шаруалар мұны қарызға беруге тиіс, өйткені, мысалы, кейбір жерлерде шаруалар тұздың жеткіліксіздігінен қатты азап шегуде, ал бізде бұл тұздың орасан мол қоры бар, бірақ біз оны тек тасып жеткізе алмай отырмыз, өйткені транспорт ең қажет болып отырған мөлшерде астық тасымалдау міндеттерін орындай алмай отыр.

Міне, осындай жағдайда тәртіп те керек болып отыр, барлық жұмысшылар мен шаруалардың көзін ашып, біріктіретін насихат пен үгіт те керек болып отыр. Ал қолданылып отырған революциялық күштеу осы тәр-

тіпті орнатады, шындыққа айналдырады, бұл шындық саналы жұмысшы табының алға берік практикалық міндет қойып отырғанын, оны біз ақырына дейін жеткізіп орындайтындығымызды көрсетеді. Юденичке, Колчакқа және Деникинге қарсы ең ауыр күрес кезіндегі сияқты, біз алғы сапқа коммунистерді, жауапты қызметкерлерді қойдық, осы таңдаулы жауынгерлердің өмірін пида етіп, зор құрбандықтар жасадық, сонымен қатар тәртіп орнаттық, тек өз пайдасын ғана ойлаушыларды жазаладық—біз халықтың күш-жігерін барынша толық жұмсадық, сөйтіп жеңіске жеттік. Сондықтан транспортты аман сақтап қалу үшін біз сол бір сыннан өткен тәсілдер арқылы қазір де жоғарыдағыдай мақсатқа қалай болғанда да жетуге тиіспіз.

Бізде астық бар, тұз бар, бізде жеткілікті мөлшерде шикізат бар, отын бар, біз өнеркәсіпті қалпына келтіре аламыз, бірақ бұл көп ай бойы қызу күрес жүргізуді керек етеді, сондықтан бұл күресте Төтенше комиссиялардың органдары пролетариаттың жинақталған еркін жүзеге асыру құралы, өзіміз Қызыл Армияда орната алған темірдей тәртіп орнату құралы болуға тиіс.

Төтенше комиссияның транспорт бөлімі уәкілдерінің қандай роль атқаратыны, олардың қалай ұйымдасуға тиіс екені жөнінде, теміржолшылар әлемінде басқалардағыдан гөрі көп кездесетін жалдаптар мен саботажшыларға қарсы күресу үшін бұл уәкілдердің өз ортасынан жаңа қызметкерлерді қалай өсіріп шығаруға тиіс екені жөнінде осы кеңестен кейін практика жүзіндегі өз жұмысында сіздердің органдарыңыздың және осындағы сіздердің, бір пікірге келетіндеріңізге мен сенемін. Бұл сіздердің практикалық тәжірибеңіздің міндеті, бұл міндетті сіздер пікір алмасу арқылы орындауға тиіссіздер. Темір жол саласының ерекшелігі сол, онда біз жұмысшылар дәрежесіндегі жұмысшылар көпшілік те, ал жалдаптық жасап жүргендер азшылық екенін көріп отырмыз, сондықтан Төтенше комиссия транспорт бөлімінің міндеті: еңбектің дұрыс бөлінуіне күш салу, жұмыс күшін үнемдеуде жауапкершілік болуына күш салу, осының бәріне теміржолшылардың коммунистік

элементінің күш-жігері арқылы жету. Сөйтіп осы таңдаулы бұқараға сүйенгенде ғана біз осы жалдаптық стихиясын жеңетін, патша өкіметінің жаман уақыттарында алынған осы элементтерді жеңетін күшті ұйымдастыра аламыз. Осы күшті, капитализмнен бізге мұра болып қалған күшті жеңу үшін бізде бір құрал бар: бұл тәртіп пен революциялық жігерді барынша өрістету. Төтенше комиссиялар коммунистік ұяларға, кәсіподақтарға сүйенуге тиіс — өз жұмысын насихат және үгіт жұмысымен біріктіріп, теміржолшылар бұқарасы ішінде күреске деген саналы көзқарас туғызуға тиіс.

Ұйымдастыру жұмысының көмегімен, бұрынғы тәжірибемізді есепке алып, біз қарулы күрес саласында қандай жеңістерге жетсек, өзіміздің жаңа жұмысымызда сондай жеңістерге жететіндігімізге мен сенемін. (Ұзақ, ду қол шапалақтау.)

Бірінші рет 1957 ж. «Коммунист» журналының 5-номерінде басылған

Стенограмма бойынша басылып отыр

УКРАИН БОРОТЬБИСТЕР ПАРТИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Боротьбистер әскери күштерді бөлшектеуді насихаттауы арқылы және бандитизмді қолдауы арқылы — мұның өзі ақтар мен халықаралық империализмнің сойылын соғумен бірдей — коммунизмнің негізгі принциптерін бұзушы партия деп танылсын.

Боротьбистердің РСФСР-мен тығыз және өте тығыз одақ жасау уранына қарсы күресі де пролетариаттың мүдделеріне қайшы келеді.

Бүкіл саясатты боротьбистердің алдағы жақын болашақта жойылуына бейімдеп үнемі және бұлжытпай жүргізу керек. Бұл мақсатқа жету үшін боротьбистердің бірде бір айыбы дереу және қатаң жазаланбай қалмасын. Әсіресе олардың партиясы мүшелері көпшілігінің пролетарлық емес және неғұрлым күдікті сипаты туралы деректер жиналсын.

Бұл партияны жою кезеңі қысқа мерзім ішінде белгіленсін, бұл кезеңді Саяси бюро белгілеп, Украин революциялық комитетіне хабарлайтын болады[53].

1920 ж. 6 февральда жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОҒЫС БОЛҒАН СОҢ, СОҒЫСТАҒЫША БОЛСЫН

Россияның жұмысшылары мен шаруалары құлатқан помещиктер мен капиталистер бүкіл дүние жүзі капиталистерінің жәрдемімен бізді екі жылдық азамат соғысына еріксіз киліктірді.

Біз бұл соғысты жеңіспен аяқтап келеміз.

Біз қазірдің өзінде-ақ бірінші бітім жасастық; бұл бітім біздің халықаралық саясатымыздың барлық елдердің біріккен капиталистерінің саясатынан артықшылығын көрсетті. Ол капиталистер Эстонияның бізбен бітім жасасуына бар күшін салып кедергі келтірді. Біз оларды жеңдік. Біз Эстониямен бітім жасастық, бұл — бірінші бітім, бұдан кейін басқа бітімдер жасалады, сөйтіп Европамен және Америкамен біздің товар айырбасын жүргізуімізге мүмкіндік туады.

Қанаушылар бізді еріксіз киліктірген қан төгіс соғысты біз жеңіспен аяқтап келеміз. Екі жылдың ішінде біз жеңуді үйрендік және жеңіп шықтық.

Енді қан төгілмейтін соғыс кезекте тұр.

Аштық пен жалаңаштыққа, бөртпе сүзек пен бүліншілікке, қараңғылық пен күйзеліске қарсы қан төгілмейтін соғыс майданында жеңіске жетейік!

Бұл қан төгілмейтін соғысқа бізді төрт жылдық империалистік соғыс пен екі жылдық азамат соғысы туғызған бүліншілік душар етіп отыр. Бұл соғыстардан туған мұқтаждық пен қайыршылықты, ашаршылық пен апатты жеңу үшін мына ережені берік есте сақтап,

жақсылап ұғып алып, қайткен күнде де барлық жерде жүзеге асыру керек:

Соғыс болған соң, соғыстағыша болсын.

Жұмысшылар мен шаруалар помещиксіз және капиталиссіз, помещикке және капиталиске қарсы — Қызыл Армияны құра білді, қанаушыларды жеңе білді.

Жұмысшылар мен шаруалар бейбіт еңбектің Қызыл армияларын құра біледі,— егіншілік пен өнеркәсіпті қалпына келтіріп, өздеріне жаңа бақыт орната біледі.

Бұған бірінші және негізгі қадам — *транспортты қалпына келтіру* ісін дереу, қайткен күнде де, революциялық жігермен, соғыстағыдай батылдықпен, топтасып, шапшаң, қалтқысыз жүзеге асыру.

Тегіс жұмысқа аттанайық, жолдастар!

Бейбіт еңбек майданында біз қанаушыларға қарсы соғыс майданындағыдан да зор қаһармандық пен жеңістің кереметтерін көрсете білетіндігімізді дәлелдейік!

7 февраль, 1920 ж.

«Правда» № 28, 8 февраль, 1920 ж.
Қол қойған Н. Ленин

«Правда» газетінің текcті бойынша басылып отыр

БЛАГУШЕ-ЛЕФОРТОВО АУДАНЫНЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ЕМЕС КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 1920 ж. 9 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Өзінің сөзінде Ленин жолдас қазіргі советтік дәуірдің көкейтесті екі мәселесіне: халықаралық жағдай мен еңбек майданына тоқталды.

— Біздің Қызыл Армия,— деді Ленин жолдас,— өзінің жеңістерімен Советтік Россияның жағдайын нығайтты және бізге Антантаның империалистерін бірінші рет жеңіп берді. Бұл жеңісті немен түсіндіруге болады? Әрине, бұған тек майдандағы жеңістердің арқасында ғана емес, бізбен соғысқан елдердің солдаттарын өз жағымызға тарта білгендігіміздің арқасында да қол жетті. Одақтастар десант түсіру арқылы өз армиясын өздері ірітті, сөйтіп көп ұзамай оны амалсыздан алып кетті. Солдаттар бізге қарсы шығудан бас тартты. «Совет өкіметі», яғни еңбекшілердің өкіметі деген бір сөздің өзі ғана бүкіл дүние жүзі пролетарларының жүрегін қуанышқа толтырады.

Үгіт пен насихат жүргізу жолымен біз Антантадан оның өз әскерлерін тартып алдық. Біз империалистерді жеңгенде өз солдаттарымыздың жәрдемімен ғана емес, сонымен бірге олардың өз солдаттарының бізге тілектестігіне сүйене отырып та жеңдік. Екінші жағынан, бізбен көршілес шағын мемлекеттер жөніндегі өзіміздің бейбітшіл саясатымызды біз сөз жүзінде емес, іс жүзінде дәлелдедік. Черчилльдің сөздері арқылы Англия бізге 14 мемлекеттің жорығын жасаймыз деп қожаңдады, бірақ біз өзіміздің жеңістерімізбен қатар өзіміздің бейбіт ұсыныстарымызды коймастан қайталай берген соң, ол жо-

рықтың жолы болмады. Біз ешқандай шекарамен санаспай, қайта қайдағы бір шекараға бола жұмысшы-шаруа қанын төккіміз келмейтіндігімен ғана санасып, Эстонияға бітім ұсындық.

Блокаданың тоқтатылу себебі—бізге жау елдер жұмысшыларының Совет өкіметіне айрықша тілектестігінен ғана. Италияда тіпті мынаған дейін барды: социалистік партиялардың съезі Советтік Россияға блокада жасауды тоқтату және онымен сауда қарым-қатынастарын қайта орнату туралы бірауыздан қарар қабылдады. Шағын елдер буржуазиялық үкіметтерінің, олар большевиктерді жақсы көрмесе де, большевиктердің олармен тату көршілік қатынастар орнатуды тілейтіндігіне көздері жетті; ал генерал Деникин немесе басқа бір генерал ынтымақтас болып отырғандарға келсек, олар шағын халықтардың тәуелсіздігі туралы қағаздардың бәрін жеңіске жеткен күнінің ертеңінде-ақ құртып жіберер еді. Біз бір де зеңбірексіз, бір де пулеметсіз, бір де оқ атпастан бітім жасастық және бізбен соғысушы елдердің бәрімен бітім жасасуға негіз салдық. Совет өкіметінің бейбітшіл саясаты алдында барлық үкіметтер қаруларын тастауға тиіс екенін біз іс жүзінде көрсеттік.

Бізде қазірдің өзінде-ақ Европа жаққа қақпа ашылды, мұны біз кең пайдалануға тырысып бағамыз. Бізге Польшаны айдап салуға әрекеттенуде, бірақ бұл әрекеттен түк өнбейді; басқа елдерде бізді танымаймыз деп айтып жүргенімен, олардың бәрімен біздің бітім жасасатын уақытымыз алыс емес. Олар өз үйлерінде большевиктік індеттің етек алуынан оттан бетер қорқады, бірақ олар өздерін қытай қорғанымен қоршап алса да, бәрібір бұл елдердің қай-қайсысында да большевиктік індет қазірдің өзінде-ақ бар, бұл індет олардың өз іштерінде жатыр. Бұл індетті Советтік Россияда болып, оның ауасын жұтқан француз және ағылшын солдаттары алып барды. Сонымен, біз екі жеңіске жеттік. Біз барлық майдандарда ақ гвардияшыл бандаларды талқандадық, біз халықаралық көлемде бейбітшілікке жетіп келеміз және зеңбіректермен емес, жұмысшыларды ғана емес, тіпті шағын халықтардың буржуазиялық үкіметтерін де тілектес ете білуімізбен жетіп келеміз.

Бұдан кейін Ленин жолдас еңбек майданына қысқаша тоқталды.

— Жолдастар,— деді ол,— біз жалаңаштық, аштық, бөртпе сүзек және темір жол күйзелісі болған адам айтқысыз қиын қысты бастан кешіріп, көктемге жақындап келеміз. Біз бұл майданды да жеңуге тиіспіз. Егер біз соғыс кезінде бәрін құрбан ете білген болсақ, барлық таңдаулы күштерді бере білген болсақ,— алдыңғы қатарлы жұмысшылар, коммунистер және курсанттар бүкіл армияның жігерін тасыта отырып, бәрінен бұрын қаза тапты,— қазіргі уақытта да біз: шаруашылық күйзелісінің бұл майданына төтеп беруіміз керек; сол кездегідей, коммунистер мен алдыңғы қатарлы жұмысшылар, ең ар-ұяттылар, ең адал ниеттілер, ең жақсылар, ең табандылар, алға!— дейміз. Әрбір поезд үшін, әрбір паровоз үшін жұлқысу керек, күресу керек. Партиялық емес конференцияны мен осыған шақырамын.

Жолдастар, баяндамамды аяқтамастан бұрын, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің соңғы сессиясы қабылдаған шаралар туралы тағы бірер сөз айтайын. Сессия бірсыпыра шаралар қабылдады; ол шаралар жақында газеттерде жарияланады, оларды барлық жұмысшы жиналыстарында, клубтарда, фабрикаларда, заводтарда және қызыл әскер бөлімдерінде оқып, талдау керек. Менің пікірімше, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мұқият назар аударуды керек қылатын ең маңызды қаулыларының бірі — біздің мекемелеріміздегі бюрократизмге қарсы күресу туралы қаулы. Шаралардың бірі ретінде, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің біздегі Мемлекеттік бақылау аппаратын жұмысшы-шаруа бақылауының немесе жұмысшы инспекциясының аппараты етіп қайта құру туралы қаулысы бар[54]. Біз армиядан мамандарды қуып шықпай, қайта оларға жұмысшы комиссарларды қосып қойғанымыз сияқты, дәл осылай біз ескі чиновниктерді қуып шықпай, бұл буржуазиялық мамандарға жұмысшы топтарын қосып қоюымыз керек, бұл топтар төңірекке көз жіберіп, істі үйреніп, әлгі жұмысты өз қолдарына алатын болулары керек. Барлық мемлекеттік мекемелерге жұмысшылар енгізілетін болуы керек, олар

бүкіл мемлекеттік аппаратты бақылайтын болуы керек және мұны партияда жоқ жұмысшылар істеуге тиіс, олар партияда жоқ жұмысшы-шаруа конференцияларында өздерінің өкілдерін сайлауға тиіс. Шамадан тыс ауыр жұмыстан шаршаған коммунистерге көмекке келу керек. Біз бұл аппаратқа жұмысшылар мен шаруаларды мүмкіндігінше көбірек енгізуге тиіспіз. Біз мұны қолға аламыз, мұны істейміз, сөйтіп біздің мекемелерімізден бюрократизмді қуып шығамыз. Партияда жоқтардың қалың бұқарасы барлық мемлекеттік істерді тексере отырып, басқару ісін өздері үйренетін болуы керек.

«Правда» № 32,
13 февраль, 1920 ж.

«Правда» газетінің
тексті бойынша
басылып отыр

ПУБЛИЦИСТІҢ ЗАМЕТКАЛАРЫ

I

Азамат Жан Лонге маған хат жіберіпті, хатының негізгі мазмұны Лонгенің: «Орыстарды қалай алдап жатыр?» («Populaire»[55] 10. I. 1920) деген мақаласында айтылатын шағымдармен бірдей. «Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің» («Comité pour la Reconstruction de l' Internationale»)[56] листогымен бірге маған Лонге өз газетінің бұл номерін де жіберді. Листокта Француз социалистік партиясының[57] Страсбургте болатын алдағы съезіне арналған екі қарар жобасы басылған. Листокқа «Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің» атынан 24 адам: Амедей Дюнуа, азаматша Фанни Клар, Косси, Делепин, Поль Фор, Л.-О. Фроссар, Эжень Фро, Гурдо, азаматша Лейсиань, Ле Троке, Поль Луи, Жан Лонге, Морис Морен, Майера, Муре, Моранж, Палико, Пешер, азаматша Марианна Роз, Даниэль Рену, Сервантье, Сикст-Кенен, Томази, Верфейль қол қойған.

Жан Лонгенің шағымдары мен тиісулеріне жауап беру менің байқауымша артық сияқты: Ф. Лорионың 1920 жылы 16 январьда «Vie Ouvrière»[58]-де «Лонге, ақырынырақ!» («Tout doux, Longuet») деген атпен жазылған мақаласы және Троцкийдің «Коммунистический Интернационал»[59] журналының 7—8 номеріндегі «Жан Лонге» деген мақаласы жеткілікті жауап болып табылады. Бұған қосатын нәрсе тым аз қалады; әлде 1919 жылғы 21 июльдегі стачканың[60] сәтсіздікке ұшырауының тарихы жөнінде материал жинаған жөн болар ма

еді. Бірақ менің Москвада отырып мұны істеуге мүмкіндігім жоқ. Мен жақында Австрияның бір коммунистік газетінде «Avanti!»[61]-ден келтірілген бір үзіндіні көрдім, онда ең пасық социал-сатқындардың (әлде анархо-сатқындардың ба?) бірі, бұрынғы синдикалистік және антипарламентаристік даурықпа Жуоның (Jouhaux) бұл істегі пасықтық ролі әшкереленді. 1919 жылғы 21 июльдегі стачканың сәтсіздікке ұшырауы туралы мәселе жөніндегі барлық документтерді, европалық коммунистік газеттердің барлық заметкалары мен мақалаларын, барлық мүдделі көсемдерден және қатысушылардан арнайы алынған интервьюлерді жинақтайтын еңбек жазуды Лонгенің біреуге тапсыруына неге болмайды? Мұны Парижде оңай істеуге болады. Бұл еңбекті біз қуана-қуана басып шығарған болар едік. Бүкіл дүние жүзінің «центровиктері» (Германиядағы тәуелсіздер, Франциядағы лонгетистер, Англиядағы I. L. P.[62], т. с.) соншама көп және соншама ықыласпен айтып жүрген «социалистік тәрбие беруді» социализмнің жалпылама қағидаларын, жұрттың бәрін жалықтырып жіберген, 1914—1918 жылдардан кейін ешкім де сене қоймайтын қағидаларын, педанттық доктринерлік қайталау деп түсінбеу керек, қайта, көсемдердің *қателері* мен қозғалыстың қателерін үнемі *әшкерелеу* деп түсіну керек.

Мәселен. Социалистік партиялардың, кәсіптік одақтардың, жұмысшы кооперативтерінің 1914—1918 жылдардағы соғыста «отан қорғау» жағында болған барлық көсемдері, барлық аса көрнекті өкілдері социализмнің сатқындары ретінде әрекет етті. Олардың қатесін үнемі әшкерелеп отыру, бұл соғыс тонап алынған олжаны бөлу үшін *екі жақтан бірдей* қарақшылардың соғысы болғанын, пролетариат буржуазияны революциялық жолмен құлатпайынша дәл мұндай соғыстың қайталанбай *қоймайтындығын* үздіксіз түсіндіріп отыру,— міне «социалистік тәрбие беру» жұмысын іс жүзінде жүргізудің мәнісі осы.

Нақ мен атаған қарарлар осындай тәрбиені сөз қылады, ал іс жүзінде социалистік азғындату жұмысын істейді, өйткені опасыздықтарды, сатқындықтарды, кертартпалықты, енжарлықты, құлқынқұмарлықты, мещан-

дықты, қателерді бүркемелейді және жасырады, ал нағыз тәрбие осыларды жою, осылардан саналы түрде құтылу болып табылады.

II

Лонгетистердің екі қарарының екеуі де түкке жарағысыз. Әйтсе де, бұл қарарлар айрықша бір мақсат үшін: қазіргі кезеңде Батыстағы жұмысшы қозғалысына, бәлкім, ең қауіпті кеселді көрсету үшін әбден жарамды. Бұл кесел мынада: ескі көсемдер, бұқараның большевизмге және Совет өкіметіне тоқтаусыз ұмтылып отырғандығын көріп, құтылу жолын пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметін *сөз жүзінде* танудан іздейді *(және көбінесе осыдан табады да!)*, ал іс жүзінде не пролетариат диктатурасының жаулары болып, не оның маңызын түсіне алмайтын немесе түсінгісі келмейтін және оны жүзеге асырғысы келмейтін адамдар болып қала береді.

Бұл сияқты кеселдің қаупі қандай зор, қандай шексіз үлкен екендігін Венгриядағы тұңғыш Советтік республиканың апат болуы өте-мөте айқын көрсетті (апат болған біріншісінің орнына жеңімпаз екіншісі келеді). Австрия коммунистік партиясының Орталық органы — «Қызыл Туда» («Die Rote Fahne», Вена[63]) басылған бірсыпыра мақалалар бұл апаттың басты себептерінің бірін ашып берді, ол: сөз жүзінде Бела Кунның жағына көшкен және өздерін коммунистерміз деп жариялаған, ал іс жүзінде пролетариат диктатурасына сәйкес келетін саясатты жүзеге асырмаған, қайта ауытқыған, қорғалақтаған, буржуазияға қашқалақтаған, ішінара пролетарлық революцияға ашық саботаж жасап, оны сатып кеткен «социалистердің» опасыздығы. Венгр Советтік республикасын қоршаған империализмнің бүкіл дүние жүзілік-қуатты қарақшылары (яғни Англияның, Францияның, т. т. буржуазиялық үкіметтері) венгр Совет өкіметінің *ішіндегі* бұл ауытқушылықтарды, әрине, пайдалана білді, сөйтіп румын жендеттерінің қолымен оны айуандықпен тұншықтырды.

Күмән жоқ, венгр социалистерінің бір бөлегі *шын жүректен* Бела Кунның жағына шықты және өздерін *шын жүректен* коммунистерміз деп жариялады. Бірақ істің мәнісі бұдан титтей де өзгермейді: өзін «шын жүректеп» коммунист деп жариялаған адам, іс жүзінде мейлінше табанды, бұлжымас батыл, жан аямас өжет және қаһарман саясат (—пролетариат диктатурасының танылуына осындай саясат қана сай келеді) жүргізудің орнына ауытқитын және қорғалақтайтын болса, міне мұндай адам өзінің тұрлаусыздығымен, өзінің ауытқуларымен, өзінің тайсалақтауымен нақ тікелей сатқынның істейтін опасыздығындай опасыздық істейді. Жеке мағынасында алғанда шарасыздықтан сатқындық жасаушы мен әдейі есеппен сатқындық жасаушының арасындағы айырмашылық өте зор; саяси жағынан алғанда бұл айырмашылық *жоқ*, өйткені саясат — миллиондаған адамдардың іс жүзіндегі тағдыры, ал миллиондаған жұмысшылар мен кедей шаруалардың бұл тағдырын шарасыздықтан сатқын болғандар сатып кетті ме, немесе құлқып-құмарлықтан сатқын болғандар сатып кетті ме, бұдан ол ешбір өзгермейді.

Біз қарастырып отырған қарарларға қол қойған лонгетистердің қай бөлегі аталған категориялардың біріншісіне немесе екіншісіне, не болмаса қайсыбір үшінші категорияға жататындығын білуге қазір болмайды және мұндай мәселені шешуге тырысу құр әурешілік болар еді. Маңыздысы сол — бұл лонгетистер, *саяси бағыт ретінде*, қазір Венгрияда Совет өкіметін апатқа ұшыратқан нақ венгр «социалистері» мен «социал-демократтарының» саясатын жүргізіп отыр. Лонгетистер нақ осы саясатты жүргізіп отыр, өйткені олар сөз жүзінде өздерін пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметінің жақтастарымыз деп жариялайды, ал іс жүзінде ескіше әрекет жүргізіп келеді, социал-шовинизмге, оппортунизмге, буржуазиялық демократияға ұсақ кеңшіліктер жасаудың, ауытқушылықтың, қорғалақтықтың, бұлтарушылықтың, жалтарушылықтың, жасырушылықтың және тағы сондайлардың ескі саясатын өздерінің қарарларында да қорғап келеді және өмірде де жүзеге асырып келеді. Бұл ұсақ кеңшіліктер, ауытқушылық, қорғалақ-

тық, бұлтарушылық, жалтарушылық және жасырушылық бәрін қосқанда пролетариат диктатурасына сөзсіз *опасыздық* істеуге әкеліп соғады.

Диктатура деген сөз — үлкен, қатты, қанды сөз, екі таптың, екі дүниенің, бүкіл дүние жүзілік-тарихи екі заманның өліспей беріспейтін аяусыз күресін білдіретін сөз.

Мұндай сөздерді желге жіберуге болмайды.

Пролетариат диктатурасын жүзеге асыруды күн тәртібіне қою және сонымен бірге Альбер Томаларды, Бракк, Самба мырзаларды, мейлінше зұлым француз социал-шовинизмінің басқа да серілерін, сатқын «L'Humanité», «La Bataille»[64] газетінің сабаздарын, т. с. «өкпелетіп алудан қорқу» — жұмысшы табына сатқындық жасау деген сөз, мінезінің ұшқалақтығынан болсын, сапалылығының кемдігінен болсын, тұрлаусыздығынан немесе басқа себептерден болсын, бірақ қайткен күнде де жұмысшы табына сатқындық жасау деген сөз.

Сөз бен істің арасындағы айырма екінші Интернационалдың түбіне жетті. Үшінші Интернационалдың туғанына әлі бір жыл толған жоқ, ал ол қазірдің өзінде-ақ бұқара қайда барса, сонда баратын саясатқұмарлар үшін сәнге және қызықтырғыш нәрсеге айналып отыр. Үшінші Интернационалға қазірдің өзінде-ақ сөз бен істің арасында айырма болу қаупі төне бастады. Қайткен күнде де, қай жерде болса да, бұл қауіпті әшкерелеп отыру керек, бұл кеселдің қандай да болсын белгісін түп-тамырымен жұлып тастап отыру керек.

Лонгетистердің қарарлары (герман лонгетистері болып табылатын неміс тәуелсіздерінің соңғы съезінің[65] қарарлары да) «пролетариат диктатурасын» иконаға айналдырып отыр, екінші Интернационалдың қарарлары кәсіптік одақтардың көсемдері үшін, чиновниктері үшін, парламентарийлер үшін, кооперативтердегі қызмет адамдары үшін сондай икона болған еді: иконаға табынуға болады, иконаның алдында шоқынуға болады, иконаға тағзым етуге болады, бірақ икона практикалық өмірді, практикалық саясатты ешбір өзгертпейді.

Жоқ, мырзалар, біз «пролетариат диктатурасы» ұранын иконаға айналдыруға жол бермейміз, III Интерна-

ционалдың сөзі мен ісі арасында айырма болуына біз көнбейміз.

Егер сіздер пролетариат диктатурасын жақтайтын болсаңыздар, онда социал-шовинизм жөнінде өздеріңіз жүргізіп отырған бұлтарма, жартыкеш келісімпаздық саясатты жүргізбеңіздер; бұл саясат сіздердің біріншi қарарыңыздың бастапқы жолдарында-ақ білдірілген: көресіздер ме, соғыс II Интернационалды «жұлмалапты» (a déchiré), оны «социалистік тәрбие беру» ісінен бөліп әкетіпті (éducation socialiste), ал «бұл Интернационалдың кейбір бөлімдері» (certaines de ses fractions) өкіметті буржуазиямен бөліскендігімен «өздерін әлсіретіпті», тағысын-тағылар және тағы сондайлар.

Мұның өзі пролетариат диктатурасы идеясына саналы түрде және шын жүректен қосылатын адамдардың тілі емес. Бұл — не бір адым ілгері, екі адым кейін басатын адамдардың, не саясат құмарлардың тілі. Егер сіздер мұндай тілмен сөйлесуді тілесеңіздер,—дұрысырақ айтқанда, сіздер осындай тілмен сөйлеп отырғанда, сіздердің саясатыңыз осындай болып отырғанда II Интернационалда қалыңыздар, сіздердің орындарыңыз сонда. Не болмаса өздерінің бұқаралық қысымымен сіздерді III Интернационалға қарай итермелеп отырған жұмысшылар, сіздерді II Интернационалда қалдырып, өздері, *сіздерсіз*, III Интернационалға көшетін болсын. Мұндай жұмысшыларға, Француз социалистік партиясына да, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясына да, Ағылшын тәуелсіз жұмысшы партиясына да нақ сондай шарт қоя отырып, біз: қош келдіңіз!—дейміз.

Егер пролетариат диктатурасын танитын болсақ, егер сонымен қатар 1914—1918 жылдардағы соғыс туралы айтатын болсақ, онда басқаша айту керек: бұл соғыс ағылшын-француз-орыс империализмі қарақшыларының герман-австрия империализмі қарақшыларымен олжаны, отарларды, финанс ықпалы «өрістерін» бөлісуге бола жүргізген соғысы болды. Мұндай соғыста «отан қорғауды» уағыздау социализмге опасыздық істеу болды. Егер осы ақиқатты ақырына дейін түсіндірмесе, егер жұмысшылардың басынан, жүрегінен, саясатынан бұл опасыздықты түп тамырымен аластамаса, капитализм-

нің апаттарынан құтылуға *болмайды*, капитализм тұрғанда *тұтанбай қоймайтын* жаңа соғыстардан құтылуға *болмайды*.

Сіздер мұндай тілмен сөйлескілеріңіз келмей ме, мұндай тілмен сөйлесе алмайсыздар ма, *мұндай* насихат жүргізгілеріңіз келмей ме? Сіздердің өздеріңізді немесе күні кеше Германияда Вильгельмнің тұсында немесе Носкенің тұсында, Англияда және Францияда буржуазия өкіметінің тұсында өздеріңіздің «отан қорғауды» уағыздаған достарыңызды «аяғыларыңыз» келе ме? Онда III Интернационалды *аяңыздар!* өздеріңіздің қатыспауларыңызбен оны бақытты етіңіздер!

III

Мен осыған дейін екі қарардың біріншісі туралы айттым. Екіншісі де оңып тұрған жоқ. «Конфузионизмді» және тіпті «компромисс атаулыны» («toute compromission» — бұл революциялық бос сөз, өйткені компромисс *атаулыға* қарсы шығуға болмайды) «салтанатты түрде» («solennelle») айыптау, ал сөйте тұрып «пролетариат диктатурасы» ұғымын түсіндірмей, қайта оны көмескілеп, бұлтара, жартыкештене ауызға алу, жалпылама жел сөзді қайталау, «Клемансо мырзаның саясатына» дүрсе бас салу (топтар ауысуын режим ауысуы деп суреттейтін Франциядағы буржуазиялық саясат құмарлардың дағдылы тәсілі), *реформистік* негіздегі программаны баяндау — салықтар, «капиталистік монополияларды национализациялау», т. с.

Революциялық жел сөзбен бүркемеленген реформизм II Интернационалдың басты кеселі болғандығын, оның масқара болып күйреуінің, бүкіл дүние жүзін жыртқыш-капиталистердің ағылшын-орыс-француз тобы тонауға тиіс пе, әлде герман тобы тонауға тиіс пе деген үлкен мәселені шешу үшін он миллион адамды қырған соғысты «социалистердің» қолдауының басты себебі болғандығын лонгетистер түсінбеді және түсінгісі *келмейді* (бір бөлегі: түсінуге *қабілетсіз*).

Лонгетистер іс жүзінде өздерінің реформизмін революциялық жел сөзбен бүркемелейтін және «пролетариат

диктатурасы» дейтін жаңа сөзді тек революциялық жел сөз ретінде ғана қолданатын бұрынғы реформистер қалпында қалып отыр. Мұндай көсемдердің, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы көсемдерінің де, Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы көсемдерінің де пролетариатқа керегі жоқ. Мұндай көсемдермен пролетариат өзінің диктатурасын жүзеге асыра алмайды.

Пролетариат диктатурасын тану қайткен күнде де *кез келген* кезеңде штурмға, көтеріліске шығу деген сөз емес. Бұлай деу — сандырақ. Нәтижелі көтеріліс жасау үшін ұлы құрбандықтарға татырлық ұзақ, шебер, қажырлы әзірлік керек.

Пролетариат диктатурасын тану — II Интернационалдың оппортунизмінен, реформизмінен, жартыкештігінен, бұлтарғыштығынан қол үзуді батыл, аяусыз және ең бастысы — әбден саналы түрде, әбден дәйекті түрде жүзеге асыру деген сөз; — ескі дәстүрді жалғастырмай тұра *алмайтын* көсемдерден, ескі (жас жағынан емес, тәсілдері жағынан) парламентарийлерден, кәсіптік одақтардың, кооперативтердің чиновниктерінен, т. с. қол үзу деген сөз.

Олардан қол үзу керек. Оларды аяу — қылмыс, оларды аяу — ондаған немесе жүздеген мың адамдардың болымсыз мүдделеріне бола ондаған миллион жұмысшылар мен ұсақ шаруалардың түбегейлі мүдделерін сатып кету деген сөз.

Пролетариат диктатурасын тану — партияның күнделікті жұмысын негізінен қайта құру, *Советтер* болмайынша, буржуазияны құлатпайынша капитализмнің және соғыстардың апаттарынан құтқаруға болмайтын миллиондаған жұмысшыларға, *батырақтар* мен ұсақ шаруаларға қарай төменге түсу деген сөз. Міне осыны бұқара үшін, ондаған миллиондар үшін нақты, қарапайым, айқын түрде түсіндіріп отыру, *олардың* Советтері *бүкіл* өкіметті қолына алуға тиіс деп, олардың авангарды, революцияшыл пролетариаттың партиясы күреске *басшылық етуге* тиіс деп айтып отыру,— міне, пролетариат диктатурасы дегеніміз осы.

Лонгетистерде осы ақиқатты түсінудің ізі де, мұны күн сайын жүзеге асыруға титтей ниет те, қабілет те жоқ.

IV

Австрияда коммунизм аса ауыр кезеңді: сірә, әлі толық аяқталып бітпеген өсу дерті кезеңін, бұқара арасында ықпал жүргізу үшін терең күрес жүргізбей, өздерін коммунистер деп жарияласа бітті, бір топ адам күшке айналады деген жалған үмітті, адамдарды іріктеп алудағы қателіктерді (әрбір революция үшін бастапқы кезде *болмай қоймайтын* қателіктерді; бізде *толып жатқан* мұндай қателіктер болды) басынан кешірді.

Коммунистердің Коричонер мен Томанның редакциялауымен шығатын күнделікті газеті — «Қызыл Ту» — қозғалыстың елеулі жолға түсіп келе жатқандығын көрсетеді.

Ал австриялық социал-демократтардың қандай топастыққа, азғындыққа және зұлымдыққа жетіп отырғандығын Реннердің және оған ұқсас австриялық Шейдемандардың бүкіл саясаты тым айқын көрсетіп отыр, бұларға — бір жағынан өздерінің асқан ақымақтығынан және тұрлаусыздығынан — кәдімгі опасыздарға айналған Отто Бауэрлер мен Фридрих Адлерлер көмектесуде.

Мұның бір мысалы: Отто Бауэрдің «Социализм жолы» деген кітапшасы. Менің алдымда Берлиндегі «Freiheit» баспасы басып шығарған данасы жатыр; бұл баспа, кітапшаның өзі қандай мүсәпір, азғындық, зұлымдық дәрежеде болса, сондай дәрежеде тұрған тәуелсіз партияның баспасы болса керек.

9-параграфындағы («Экспроприаторларды экспроприациялау») бір-екі жерге көз жіберсе де жеткілікті:

«...Экспроприация капиталистік және помещиктік меншікті дөрекі (brutaler, айуандық) түрде конфискелеу формасында жүргізіле алмайды және жүргізілуге тиіс емес; өйткені бұл формада ол өндіргіш күштерді орасан қирату арқылы ғана жүргізіле алған болар еді, мұның өзі халық бұқарасының өзін күйзелткен болар еді, халық табысының қайнар бұлақтарын бітеп тастаған болар еді. Керісінше, экспроприаторларды экспроприациялау тәртіптелген, реттелген формада...» салықтар арқылы жүргізілуге тиіс.

Сөйтіп, оқымысты қайраткер салықтар арқылы дәулетті таптардан олардың табысының «тоғыздан төртін» алуға болатындығын шамалап түсіндіреді.

Сірә, жетер? Маған келетін болсақ, мен бұл сөздерден кейін (ал мен бұл кітапшаны 9-параграфынан бастап оқыдым) басқа ештеңе оқығаным жоқ және айрықша қажеттігі болмаса Отто Бауэр мырзаның кітапшасынан ештеңе оқымақшы да емеспін. Өйткені социал-сатқындардың бұл мақтаулысы — ең мықтағанда, түзелуден мүлдем кеткен оқымысты ақымақ екені айқын.

Бұл — педанттың, жан дүниесі басынан аяғына дейін ұсақ буржуаның үлгісі. Ол тап күресінің азамат соғысына дейін жетіп шиеленісуі «теориялық» жағынан мүмкін деп санап, соғыстан бұрын пайдалы ғылыми кітаптар мен мақалалар жазған болатын. Ол тіпті 1912 жылғы Базель манифесін[66] жазуға да қатысқан еді (егер менің алған хабарым дұрыс болса); бұл манифест нақ 1914 жылы бұрқ ете түскен соғыспен байланысты *пролетарлық революция* болатындығын тура болжайды.

Ал әңгіме іс жүзінде осы пролетарлық революцияға келіп тірелген кезде педанттың, филистердің табиғаты үстемдік алды, ол қорқып кетіп, *қаулаған революцияға реформистік жел сөздердің* майын *құя бастады*.

Экспроприаторларды конфискелемей-ақ экспроприациялау теориялық жағынан мүмкін дегенді ол мықтап жаттап алған (педанттар ойлай білмейді, олар жадында ұстағыш, жаттап алғыш келеді). Ол мұны әрқашан қайталап отырды. Ол мұны жаттап алған. Ол мұны 1912 жылдың өзінде-ақ жатқа білген. Ол 1919 жылы мұны есіне түсіріп тағы қайталады.

Ол ойлай білмейді. Империалистік соғыстан кейін, соғыс болғанда да тіпті жеңушілерді де апатқа ұшырау шегіне жеткізген соғыстан кейін,— бірсыпыра елдерде азамат соғысы басталғаннан кейін,— империалистік соғыстың азамат соғысына сөзсіз айналуы халықаралық көлемде фактілер арқылы дәлелденгеннен кейін, Христостың туған жылынан бастап санағанда 1919-шы жазда, Вена қаласында капиталистер табысының «тоғыздан төртін» «тәртіптелген» және «реттелген» түрде тартып алуды уағыздау үшін,—бұл үшін не есуас болу керек, не болмаса «кітаптан кітапты қоймай» сүйсіне оқи беретін ескі ұлы герман поэзиясының ескі қаһарманы[67] болу керек...

Аса қадірменді ізгі адам, бәлкім, өте игі ниетті семья басы, мейлінше адал азамат, ғылыми кітаптарды өте-мөте көңіл қойып оқушы және жазушы, кішкентай бір ұсақ-түйекті мүлде ұмытып кетіпті: социализмге әлгіндей «тәртіптелген» және «реттелген» түрде көшу (күмән жоқ, абстракциялы түрде айтқанда, «халық» үшін өте тиімді көшу) пролетариаттың жеңісін әбден баянды етуді, капиталистердің жағдайы әбден үмітсіз болуын, олардың ең адал ниетпен бағынуы қажеттігін және олардың осыған әзір тұруын көздейтіндігін ұмытып кетіпті.

Жағдайдың бұлайша қалыптасуы мүмкін бе?

Теориялық жағынан, яғни осы ретте әбден абстракциялы түрде алып айтқанда, әрине, мүмкін. Мәселен: айталық, тоғыз елде, соның ішінде барлық ұлы державаларда, Вильсондар, Ллойд Джорджлар, Мильерандар, капитализмнің басқа да сабаздары қазірдің өзінде-ақ біздегі Юденичтің, Колчактың, Деникиннің және олардың министрлерінің жағдайындай жағдайда екен делік. Айталық, оныншы кішкентай елде әлгіден кейін капиталистер жұмысшыларға: келіңіздер, біз сіздерге адал ниетпен көмектеселік, «тәртіптелген» және бейбіт (бүлікшіліксіз!) түрде «экспроприаторларды экспроприациялау» жөніндегі сіздердің шешімдеріңізге бағыналық, мұның үшін бірінші жылы бұрынғы табысымыздың 5/9 бөлігін, екінші жылы 4/9 бөлігін алайық, деп ұсыныс жасады делік.

Мен жоғарыда айтқан шарттар бойынша оныншы елдің капиталистерінің өте кішкентай және «бейбіт» елдердің бірінде мұндай ұсыныс жасауы әбден ақылға сыяды, бұл елдің жұмысшылары ол ұсынысты іскерлікпен талқыласа және (саудаласып келіп: көпес бағасын артық сұрамай тұра алмайды) қабыл алса, ол жұмысшылардың тарапынан ешбір жамандылық мүлдем болмайды.

Енді осындай ұғынықты түсініктен кейін, тіпті ғалым Отто Бауэр мен философ (қаншалық сәтті саясатшы болса, соншалық сәтті философ) Фридрих Адлер әңгіменің неде екенін, бәлкім, түсінер?

Жоқ па әлі? Түсінікті емес пе?

Аса қадірменді Отто Бауэр, аса қадірменді Фридрих Адлер, ойлап көріңіздерші, бүкіл дүние жүзілік капитализмнің және оның көсемдерінің жағдайы қазіргі сәтте Россиядағы Юденичтің, Колчактың және Деникиннің жағдайына ұқсас па?

Жоқ, ұқсас емес. Россияда капиталистер жанталаса қарсыласқаннан кейін талқандалды. Бүкіл дүние жүзінде олар әлі де болса өкімет басында. Олар үстемдік жүргізіп отыр.

Егер сіздер, аса қадірменді Отто Бауэр мен Фридрих Адлер, әңгіме неде екенін әлі де түсінбеген болсаңыздар, мен сіздерге бұдан да гөрі ұғымдырақ етіп тағы мынаны айтайын:

Юденич Питер түбінде тұрған кезде, Колчак Уралды, Деникин бүкіл Украинаны иемденген кезде, осы үш сабаздың бәрінің қалталарында Вильсоннан, Ллойд Джордждан, Мильераннан және $К^{0}$-ден ақша, зеңбірек, офицер, солдат жібергендері туралы толып жатқан телеграммалар жатқан кезде, міне осындай кезде Юденичке, Колчакқа немесе Деникинге орыс жұмысшыларының өкілі келіп былай дейді екен делік: біздер, жұмысшылар, көпшілікпіз, біз сіздерге өз табыстарыңыздың $^{5}/_{9}$ бөлігін береміз, ал одан кейін қалған бөлігін «тәртіппен» және бейбіт түрде сыпырып аламыз. Әкел қолды, «бүліншілік болмайды», жарай ма?

Егер жұмысшылардың әлгі өкілі жұпыны киінген болса және оны тек Деникин сияқты орыс генералы ғана қабылдаған болса, ол, мүмкін, жұмысшыны жындыханаға жөнелткен болар еді, немесе қуып шыққан болар еді.

Ал егер жұмысшылардың өкілі тәуір киінген интеллигент болса, оның үстіне құрметті атасының баласы болса (ізгі және қадірменді Фридрих Адлер сияқты), егер мұның үстіне, Деникин жалғыз болмаса, қайта француз немесе ағылшын «кеңесшісімен» бірге қабылдаған болса, онда ол кеңесші, күмән жоқ, Деникинге:

«Тыңдаңызшы, генерал, жұмысшылардың мына өкілі ақылды көрінеді, ол Англиядағы Гендерсон, Франция-

дағы Альбер Тома, Австриядағы Отто Бауэр мен Фридрих Адлер сияқты бізде министр болуға әбден лайықты екен»,— дер еді.

14. II. 1920.

1920 ж. мартта «Коммунистический Интернационал» журналының 9-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Журналдың текстімен салыстырылған қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯ СЪЕЗІНЕ ӘЗІРЛЕНУ ТУРАЛЫ РКП ҰЙЫМДАРЫНА ХАТ

Құрметті жолдастар!

Партия съезі 27 мартқа тағайындалды. Съездің күн тәртібі жарияланды[68], сондықтан съезге әзірлік жұмысы қазір партияның барлық ұйымдарында басталғандығы күмәнсіз. Партияның Орталық Комитеті осы жұмысқа байланысты бірқатар пікірлер айтуды өзінің борышы деп санайды.

15 жылдан бері (1903—1917) қажырлы күрес арқылы өзінің Россия жұмысшы табымен байланыстылығын, оның ішіндегі буржуазиялық ықпалдармен күресуге, мейлінше алуан түрлі және ең қиын жағдайларда пролетариаттың революциялық күресіне басшылық етуге өзінің қабілеттілігін дәлелдеген біздің партиямыз, әрине, Октябрь революциясынан бергі жерде пролетариат диктатурасы міндеттерін тікелей жүзеге асыруды да өз мойнына алуға тиіс болды. Сондықтан партиямыздың съезі бүкіл жұмысшы қозғалысында ғана емес, сонымен бірге Совет өкіметінің бүкіл құрылысында да, россиялық — белгілі дәрежеде әрі халықаралық — коммунистік қозғалысқа күллі басшылық жасауда да аса зор маңыз алады.

Біздің партия съезінің бұл маңызы қазіргі кезеңнің ерекшеліктеріне байланысты одан сайын артып отыр; қазіргі кезеңде Совет өкіметіне өзінің барлық назарын аударған соғыс міндеттерінен бейбіт шаруашылық құрылыс міндеттеріне көшу жөніндегі өте қиын істі жүзеге асыруға тура келіп отыр.

Әсіресе партиялық апталар ішінде жұмысшылар мен шаруалардың орасан көп ағылып келуі арқасында біздің партиямыз өз мүшелерінің саны жағынан мықтап өсті; партиялық апталар революциямыздың ең қиын кезеңдерінде ұйымдастырылды; ол кезде Юденич пен Деникин Петроград пен Москваға өте таяу тұрды. Партияға осындай ауыр кезеңде келген жұмысшылар мен шаруалар революцияшыл пролетариаттың және шаруалардың қанаушы емес бөлегінің ең жақсы және ең сенімді басшы кадрлары болып табылады. Біздің алдымызда партияның осы жас мүшелерінің тәрбиесін жетілдіруге неғұрлым тез, нәтижелі, іскерлікпен көмектесу, осылардан неғұрлым саналы және жауапты қызметтерді атқаруға неғұрлым қабілетті, сонымен бірге бұқарамен, яғни жұмысшылардың және өзгенің еңбегін қанамайтын шаруалардың көпшілігімен тығыз байланысты коммунизм құрылысшылары кадрларын дайындап шығаруға көмектесу міндеті тұр.

Алдағы съездің күн тәртібінің өзекті мәселесі, басымыздан өткізіп отырған тарихи кезеңнің ерекшелігіне сәйкес, шаруашылық құрылысы туралы мәселе, атап айтқанда бас комитеттерді, орталықтарды, жалпы алғанда Совет өкіметінің аппараттарын жұмысшыландыру шаралары, тәсілдері, әдістері, нәтижелері туралы мәселе болмақ.

Бұл мәселе партия съезінің басты мәселесі болуға тиіс, өйткені Россияда бүкіл советтік құрылыстың басты мәселесі (ал Россияға бүкіл дүние жүзілік революцияның опағы болуға тура келгендіктен — едәуір дәрежеде әрі халықаралық коммунизм мәселесі) қанды майдандағы күрестен қан төгілмейтін майдандағы, еңбек майданындағы, күйзеліске қарсы соғысу майданындағы күреске, Россияның бүкіл халық шаруашылығын қалпына келтіру, жақсарту, қайта ұйымдастыру, өркендету жолындағы күреске көшу болып отыр.

Азық-түліктің мемлекеттік мол қорын жинау және тасып жеткізу, бүлінген транспортты қалпына келтіру, осы шараларды соғыстағыдай тездікпен, соғыстағыдай жігермен, соғыстағыдай тәртіппен жүзеге асыру; осымен қатар және осымен тығыз байланысты Совет өкіме-

тінің аппаратын «жұмысшыландыру», одан саботаж бен бюрократизмді қуып шығу, еңбек өнімділігінің максимумына жету, еліміздің шаруашылығын қалпына келтіру үшін оның күшін пеғұрлым мол көлемде сарқа пайдалану,— міне, жағдайдың ерікке қоймай бұйырып отырған шұғыл міндеті, миллион-миллион жұмысшылар мен шаруалардың жан қиярлық революциялық қайратымен шешуді талап етіп отырған міндет осындай.

Партия съезі еңбек армияларының, осы жас және жаңа мекеменің тәжірибесін ескеруге тиіс, Совет өкіметінің барлық аппараттарының екі жылдан астам уақыт ішіндегі тәжірибесін ескеруге тиіс, сөйтіп біздің бүкіл социалистік республикамызға екі есе бекемдікпен, батылдықпен, жігермен, іскерлікпен еңбекші бұқараның барлық күшін күйзелісті тез және ақырына дейін жеңіп шығу жөніндегі шұғыл міндетті ойдағыдай шешуге жұмсауға мүмкіндік туғызатын бірқатар шешімдер беруге тиіс.

Біз партияның барлық мүшелерін, партияның барлық ұйымдарын барлық совет мекемелеріндегі практикалық жұмыста да, съезге әзірлік жұмысында да барлық күшті осы міндетке шоғырландыруға шақырамыз. Өйткені бұл міндеттер ажырамастай біртұтас болып жымдасып жатыр.

Бақытымызға қарай, жалпы мәселелер жөнінде таза теориялық пікірлердің, таластардың, принциптік қарарлар шығарудың мезгілі өтті. Ол енді өткен саты, ол — кеше, бұрнағы күні шешілген міндет. Ілгері басу керек, қазір біздің алдымызда *практикалық* міндет тұрғанын, барлық күшті салып, шын мәнінде революциялық жігермен, біздің ең жақсы жолдастарымыз, жұмысшы, шаруа қызыл әскерлер Колчакты, Юденичті, Деникинді жеңген кездегідей жан қиярлықпен күйзелісті тезірек жеңу үшін *іс жүзіндегі* міндетті шешу керек екендігін ұғына білу керек.

Ілгері басу керек, алға қарау керек, съезге шаруашылық құрылыстың ойластырылған, партияның барлық мүшелері жаппай еңбектеніп, жаппай күш салып, мұқият *қайта қараған практикалық тәжірибесін* әкелу керек.

Біз кейбір нәрселерді үйрендік, енді ілгері басу үшін, күйзелісті жеңу үшін істі қайтадан бастаудың керегі жоқ, оңды-солды қайта құрудың керегі жоқ, қайта осы күнге дейін істелгенді мейлінше *пайдалана* білу керек. Жалпы қайта құру дегенді мүмкін болғанынша азайту керек, басты мақсатымызға жету үшін іскерлік, практикада сыналған, қол жеткен нәтижелермен тексерілген шараларды, тәсілдерді, әдістерді, нұсқауларды мүмкін болғанынша көбірек қолдану керек; ал біздің мақсатымыз: аппараттарымызды әлі де молырақ, әлі де кеңірек, әлі де тезірек, әлі де жақсырақ «жұмысшыландыру»,— өнеркәсіп пен жалпы алғанда халық шаруашылығын басқаруға жұмысшылар мен еңбекші шаруаларды әлі де көбірек тарту,— жұмыста мейлінше жақсы жағынан сыналып көрінген жекелеген шаруалар мен жұмысшыларды ғана емес, міндетті түрде көбірек көлемде *кәсіптік одақтарды* тарту, содан соң партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалардың конференцияларын тарту,—буржуазиялық мамандарды, яғни буржуазиялық жағдайда тәрбиеленген және буржуазиялық мәдениеттің табыстарын игерген мамандардың бірін қалдырмай бәрін (өйткені олар бізде өте аз) тарту,—сөйтіп, біздің еңбекші бұқарамызды шындығында, партиялық программамыздың талабына сәйкес, *солардан үйренетін* ету және сонымен бірге «саналы коммунистер басшылық етіп отырған қатардағы жұмысшылар бұқарасымен қол ұстасқан буржуазиялық мамандардың жолдастық түрде бірлесіп еңбек етуін» жүзеге асыратын ету (партиямыздың программасында осылай делінген),— міне, біздің практикалық басты міндеттеріміз осылар.

Жолдастар! Түңғыш социалистік республиканың жолына тарих қойған адам естімеген қиыншылықтарды біз осы күнге дейін жеңе білдік, өйткені пролетариат өзінің диктатор ретіндегі, яғни барлық еңбекшілердің басшысы, ұйымдастырушысы, тәрбиешісі ретіндегі міндеттерін дұрыс түсінді. Біз жеңе білдік, өйткені ең шұғыл, ең келелі, ең көкейтесті міндетті дұрыс белгілей білдік және шындығында барлық еңбекшілердің, бүкіл халықтың барлық күшін сол міндетке шоғырландырдық.

Соғыстағы жеңістер шаруашылықтағы жеңістерден оңайырақ болады. Колчакты, Юденичті, Деникинді жеңу миллион-миллион ұсақ қожайындар жұмысшылармен қатар, солармен бірге, солардың арасында қорғап отырған, қайта туғызып отырған ескі ұсақ буржуазиялық әдеттерді, қатынастарды, машықтарды, шаруашылық жағдайларды жеңуден әлдеқайда оңай болды.

Мұнда жеңу үшін көбірек ұстамдылық, көбірек шыдамдылық, көбірек табандылық, көбірек қайсарлық керек, еңбекте көбірек жүйелілік болуы, үлкен көлемде көбірек ұйымдастырушылық және әкімшілік шеберлік болуы керек. Бізге, артта қалған ұлтқа, бәрінен де гөрі осы жетпейді.

Партия съезіне тексерілген, қайта қаралған, қорытылған *практикалық* тәжірибе әкелу үшін партияның барлық мүшелері күш жұмсасын. Егер біз барлық күшімізді салып, нақ *практикалық* тәжірибені, нақ біздің әрқайсымыздың істегенімізді, істеп бітіргенімізді, қатарымыздағылардың істегендерінен, істеп бітіргендерінен көргендерімізді ұқыптылықпен, ақылға салып, іскерлікпен жинап, тексеріп, қайта қарай білсек, сонда, тек сонда ғана біздің партиямыздың съезі, оның соңынан біздің барлық советтік мекемелеріміз *практикалық* міндетті: күйзелісті қайткенде тезірек, дұрысырақ жеңіп шығуға болады деген міндетті шеше алады.

Жалпы мәселелерді талқылаған съездер мен жиналыстардан *практикалық тәжірибені* қорытатын съездер мен жиналыстарға бет алу,—біздің заманымыздың ұраны міне осындай. Зиянды нәрсені алып тастап, бағалы нәрсенің бәрін біріктіру үшін, жуықтағы бірқатар практикалық шараларды дәл белгілеп, оларды қалай болған күнде де, қандай құрбандықтар болса да бөгелмей жүзеге асыру үшін практикалық тәжірибені ескеру,— міне біз кезеңнің міндеттерін, партия съезінің міндеттерін осылай түсінеміз.

1920 ж. 17 және 26 февраль аралығында жазылған
1920 ж. 2 мартта «Известия ЦК РКП(б)»-ның 13-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АМЕРИКАН «UNIVERSAL SERVICE» ИНФОРМАЦИЯ АГЕНТТІГІНІҢ БЕРЛИНДЕГІ ТІЛШІСІ КАРЛ ВИГАНДТЫҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП[69]

1. «Біз Польша мен Румынияға шабуыл жасағалы жүрміз бе?»

Жоқ. Біз Халық Комиссарлары Советінің атынан да, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің атынан да өзіміздің бейбітшіл ниетіміз туралы мейлінше салтанатты және ресми түрде мәлімдегенбіз. Амал не, француз капиталистік үкіметі Польшаны (бәлкім, Румынияны да) бізге шабуыл жасауға айдап салып отыр. Мұны тіпті Лиондағы бірқатар американ радиолары да айтып отыр.

2. «Азиядағы біздің жоспарларымыз қандай?»

Европадағыдай: барлық ұлттардың жаңа тұрмысқа, қанаусыз, помещиктерсіз, капиталистерсіз, көпестерсіз тұрмысқа қарай оянып келе жатқан халықтарымен, жұмысшыларымен және шаруаларымен тату тұру. 1914—1918 жылдардағы империалистік соғыс, ағылшын-француз (және орыс) тобы капиталистерінің дүние жүзін бөлісуге бола герман-австрия тобының капиталистеріне қарсы соғысы Азияны оятып, онда, барлық жерлердегідей, жұрттың бостандыққа, бейбіт еңбекке, бұдан былай жаңа соғыстарды болғызбауға ұмтылуын күшейтті.

3. «Америкамен тату тұру негіздері қандай?»

Американ капиталистері бізге тимейтін болсын. Біз оларға тимейміз. Тіпті біз транспорт пен өндіріске пай-

далы машиналар, құралдар және басқалар үшін оларға алтынмен төлеуге де бармыз. Тек алтынмен ғана емес, сонымен қатар шикізатпен төлеуге де бармыз.

4. «Мұндай татулыққа кедергі қандай?»

Біздің тарапымыздан ешбір кедергі жоқ. Бұған кедергі американ капиталистері (сол сияқты барлық өзге де капиталистер) жағының империализмі.

5. «Орыс революционерлерінің Америкадан қуылуына біздің көзқарасымыз қандай?»

Біз оларды қабылдап алдық. Біз өз елімізде революционерлерден қорықпаймыз. Тегінде, біз ешкімнен қорықпаймыз, егер Америка өзінің әлдеқандай жүздеген немесе мыңдаған азаматтарынан әлі де қорқатын болса, онда біз Америка үшін қорқынышты азаматтардың бәрін және қандайын болса да (әрине, қылмыстылардан басқаларын) қабыл алу туралы келіс сөз жүргізуге әзірміз.

6. «Россия мен Германияның арасында экономикалық одақ жасасудың мүмкіндігі қандай?»

Амал не, мүмкіндік аз. Өйткені Шейдемандар — нашар одақтастар. Біз ешқайсысын шетке қақпай барлық елдермен де одақтасуды жақтаймыз.

7. «Одақтастардың соғыс айыпкерлерін ұстап беру жөніндегі талабына біздің көзқарасымыз қандай?»

Егер бұл туралы шындап әңгіме ететін болсақ, онда соғыс айыпкерлері — барлық елдердің капиталистері. Бізге (100 гектардан аса жері бар) барлық помещиктер мен (100 000 франктен аса капиталы бар) капиталистерді ұстап беріңіздер,—біз оларды пайдалы еңбекке баулимыз, біз олардың қанаушылар болған және отарларды бөлісуге бола жүргізілетін соғыс айыпкерлері болған масқара, жексұрын, қанішерлік ролін тастатқызамыз. Сонда, тез арада-ақ соғыстар мүлде болмайтын болады.

8. «Бізбен тату тұрудың Европаның экономикалық жағдайына әсері қандай болмақ?»

Машиналарды астыққа, зығырға, басқа шикізатқа айырбастау — осы айырбас Европа үшін пайдалы болмауы мүмкін бе? Пайдалы болмауы әсте мүмкін емес.

9. «Дүние жүзілік күш ретінде Советтердің болашақ дамуына біздің көзқарасымыз қандай?»

Болашақ бүкіл дүние жүзінде советтік құрылыстікі болады. Мұны фактілер дәлелдеді: кез келген елде Советтерді жақтайтын, Советтерге тілектестік білдіретін кітапшалар, кітаптар, листоктар, газеттер санының, айталық жылдың әрбір тоқсанында, қалай өсіп отырғанын есептеп көрсеңіз болғаны. Басқаша болуы мүмкін емес: қалалардағы жұмысшылар, деревнялардағы жұмысшылар, батырақтар және күндікшілер, содан соң ұсақ шаруалар, яғни жалдама жұмысшыларды қанауға бармайтындар, еңбекшілердің осы орасан көпшілігі, Советтердің бүкіл өкіметті өздерінің қолына беретіндігін, өздерін помещиктер мен капиталистердің езгісінен азат ететіндігін түсінгеннен кейін, советтік құрылыстың бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығуына қалай бөгет жасауға болады? Қалай болғанда да мен мұндай бөгет құралын білмеймін.

10. «Россия шеттен болатын контрреволюциялық қол сұғушылықтан әлі де қорқуға тиіс пе?»

Амал не, қорқуға тиіс. Өйткені капиталистер — ақымақ, ашқарақ адамдар. Олар осы сияқты талай-талай ақымақтық, ашқарақтық қол сұғушылық әрекеттерін жасады, сондықтан әр елдің жұмысшылары мен шаруалары өздерінің капиталистерін *қайта тәрбиелеп шыққанша* мұның қайталануынан қорқу керек.

11. «Россия Америкамен іскерлік қарым-қатынастар жасауға әзір ме?»

Әрине, әзір, сол сияқты барлық елдермен жасауға да әзір. Біз орасан зор кеңшіліктерге барып, Эстония-

В. И. ЛЕНИН

1920

В. И. Лениннің «Американ «Universal Service» информация агенттігінің Берлиндегі тілшісі Карл Вигандтың сұрақтарына жауап» деген қолжазбасының төртінші беті.— 18 февраль, 1920 ж.

Кішірейтілген

4

10. Грозит ли России еще извне „контр-революционное вмешательство“?

Грозит, к сожалению. Ибо капиталисты глупые и жадные. Они сделали ряд таких глупых и жадных попыток вмешательства, что надо бояться повторений, пока рабочие и крестьяне каждой страны не перевоспитают своих капиталистов.

11. Готова ли Россия вступить в деловые „отношения с Америкой“?

Конечно, готова, как и со всеми странами. Мир с Эстонией, которой мы сделали громадные уступки, доказал нашу готовность идти ради этого, при известных условиях, даже на концессии.

18/II 1920. (Ульянов) Н. Ленин).

мен жасасқан бітім, осы үшін, белгілі бір жағдайларда, тіпті концессияға да баруға біздің әзір екендігімізді дәлелдеді.

В. Ульянов (Н. Ленин)

18/II. 1920.

Ағылшын тілінде 1920 ж. 21 февральда «New York Evening Journal» газетінің 12671-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1950 ж. 22 апрельде «Правда» газетінің 112-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АҒЫЛШЫН «DAILY EXPRESS» ГАЗЕТІ ТІЛШІСІНІҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП[70]

1) «Блокаданың тоқтатылуына біздің көзқарасымыз қандай?»

Біз мұны алға қарай жасалған үлкен қадам деп қараймыз. Бізге Антантаның капиталистік үкіметтері әкеп таңған соғыстан бейбіт құрылысқа көшуімізге мүмкіндік туады. Ал біз үшін мұның өзі ең басты нәрсе. Алғашында капиталистердің арасында Дарданелл үшін, отарлар үшін болған соғыстан, содан соң Россия жұмысшыларына қарсы Антанта мен Россия капиталистері жүргізген соғыстан күйзелген еліміздің шаруашылық өмірін қалпына келтіруге барлық күшімізді жұмсай отырып, біз, басқасын былай қойғанда, қазір бірсыпыра ғалымдардың және техниктердің көмегімен бүкіл Россияны электрлендіру жоспарын жасап жатырмыз. Бұл жоспар көп жылға арналған. Электрлендіру Россияны жаңартып жібереді. Советтік құрылысқа сүйеніп жүргізілетін электрлендіру ісі біздің елімізде коммунизм негіздерінің, қанаушыларсыз, капиталистерсіз, помещиктерсіз, көпестерсіз орнайтын мәдениетті тұрмыс негіздерінің біржолата жеңуін қамтамасыз етеді.

Блоканың тоқтатылуы электрлендіру жоспарының жүзеге асуына көмектесуге тиіс.

2) «Одақтастардың шабуылдан бас тарту жөніндегі шешімінің Совет өкіметінің шабуылды қимылдарына әсері қандай?»

Бізге Антанта және оның одақтастары мен малайлары: Колчак, Деникин, бізді қоршаған мемлекеттердің капиталистері шабуыл жасады. Біз ешкімге де шабуыл жасағанымыз жоқ. Біз тіпті материалдық шығындарға дейін барып, Эстониямен бітім жасастық.

Біз одақтастардың «шешімі» олардың *ісімен* дәлелденуін асыға күтіп отырмыз. Амал не, Версаль бітімінің және оның зардаптарының тарихы одақтастардың сөзі мен ісінің көбінесе бір жерден шықпайтындығын, шешімдерінің қағаз жүзінде қалып қоятындығын көрсетіп отыр.

3) «Біз бүгінгі status quo совет саясаты үшін қанағаттанарлық деп санаймыз ба?»

Иә, санаймыз, өйткені саясаттағы status quo атаулының бәрі де ескіден жаңаға көшу болып табылады. Қазіргі status quo, көп жағдайда, соғыстан бейбітшілікке көшу болып отыр. Бізге керегі де осы. Сондықтан және осылай болған соң біз status quo-ны қанағаттанарлық деп санаймыз.

4) «Одақтастар тарапынан соғыс қимылдарының тоқтатылуына байланысты біздің көздейтін мақсатымыз қандай?»

Біздің көздейтін мақсатымыз жоғарыда айтылғанындай, бейбіт экономикалық құрылыс. Бұл құрылыстың толық жоспарын электрлендіру негізінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің февральдағы (1920) сессиясының қарарына сәйкес қазір ғалымдар мен техниктер комиссиясы (дәлірек айтқанда: бірнеше комиссия) жасап жатыр.

1920 ж. 18 февральда жазылған
Ағылшын тілінде 1920 ж. 23 февральда «Daily Express» газетінің 6198-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1950 ж. 22 апрельде «Правда» газетінің 112-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АМЕРИКАН «THE WORLD» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІ ЛИНКОЛЬН ЭЙРМЕН ӘҢГІМЕ[71]

ОДАҚТАСТАР «АЙЛА-ШАРҒЫ» ЖАСАУДА

Одақтастардың блокаданы тоқтатуға үйғарым жасағаны туралы хабар жөнінде Ленин былай деді:

Мұндай түсініксіз ұсыныстың шын ниетпен жасалғандығына сену қиын; бұл ұсыныс, сірә, Польша территориясы арқылы бізге қарсы шабуыл жасау үшін жүргізілетін әзірліктермен ұштасып жатқан болуы керек. Алғаш қарағанда Жоғарғы советтің жоспары — орыс кооперативтері арқылы сауда қатынастарын қайта бастау—кәдімгідей шындық сияқты болып көрінеді. Бірақ кооперативтер әлдеқашан өмір сүруден қалған — олар біздің советтік өнім бөлу органдарымызбен біріктірілді. Сондықтан одақтастардың кооперативтермен істес болғымыз келеді деген сөздері нендей мағынаны білдірмек? Әрине, бұл түсініксіз.

Сондықтан да менің айтарым: неғұрлым мұқият зерттеу біздің көзімізді мынаған жеткізіп отыр: Париждің бұл үйғарымы одақтастардың тағы бір айла-шарғысы болып табылады, оның себебі осы кезге дейін түсініксіз.

Ленин сәл үндемей қалды да, содан соң күлімсіреп тұрып сөзін жалғастырды:

Мысалы, маршал Фоштың Варшаваға келіп қайтпақ ниетінен де гөрі түсініксіз.

Мен одан поляктардың шабуыл жасау мүмкіндігін елеулі мүмкіндік деп есептейсіз бе?— деп сұрадым. (Россияда боль-

шевиктердің емес, қайта большевиктерге поляктардың шабуыл жасайтыны туралы сөз тарап жүргенін ескерте кету керек.)

Ешбір күмән жоқ,— деп жауап берді Ленин.— Клемансо мен Фош өте-мөте көңіл қоярлық мырзалар, ал бұлардың біреуі осы агрессиялық жоспарды жасап отыр да, екіншісі оны жүзеге асырмақшы. Мұның өзі, әрине, елеулі қауіп, бірақ біздің мұнан да гөрі елеулі қауіптерді көруімізге тура келген. Алайда, мұның өзі, одақтастардың мүмкін емес нәрсені әлі де мүмкін етуге ұмтылып отырғандығы себепті: бұл бізге үрейленушіліктен гөрі түңілушілікті көбірек туғызады. Өйткені кезінде Колчак пен Деникин шабуылының орыс проблемасын одақтастарға тиімді рухта шеше алмағаны сияқты, поляк шабуылы да мұны осылай шешуге соншалық қабілетсіз. Польшаның өзінің де әуре-сарсаңының бастан асып жатқанын еске алыңыз. Ал оның бер жағында өз көршілерінің ешқайсысынан, оның ішінде Румыниядан да Польшаның көмек ала алмайтыны айқын.

Алайда бітім жасасу сәті бұрынғыдан гөрі қазір жақын сияқты,— деп жорамал айттым мен.

Иә, бұл дұрыс. Егер бітім жасасу біздермен сауда жасасудың табиғи нәтижесі болып табылатын болса, онда одақтастар бітімнен бұдан әрі жалтара алмайды. Мен Клемансоның мирасқоры Мильеран орыс халқымен сауда байланыстарын жасасу туралы мәселені қарауға ниет білдіріп отыр деп естідім. Мүмкін, мұның өзі француз капиталистері арасында пиғылдың шұғыл өзгеруінің айғағы болар. Алайда Англияда Черчилльдің позициясы әлі де болса күшті, ал біздермен іскерлік қарым-қатынас жасауды қалауы ықтимал Ллойд Джорджның Черчилль саясатын қолдап отырған саяси және финанс топтарынан ашықтан-ашық қол үзуге батылы бармауы мүмкін.

ҚҰРАМА ШТАТТАР СОЦИАЛИСТЕРДІ ҚУҒЫНДАП ОТЫР

Ал Америкада қалай?

Онда не болып жатқанын түсіну қиын. Сіздердің банкирлеріңіз біздерден қай уақыттағыдан да гөрі қатты қорқатын болса керек. Қалай болғанда да, сіздердің үкіметіңіз кез келген басқа үкіметпен салыстырғанда, тіпті реакцияшыл француз үкіметімен салыстырғанның өзінде, социалистерге ғана емес, тұтас алғанда бүкіл жұмысшы табына да қарсы өте-мөте қатаң жазалар қолданып отыр. Ол шетелдіктерді көрінеу қуғынға салып отыр. Ал оның бер жағында өздеріндегі иммигрант жұмысшыларсыз Америка не істеген болар еді? Олар сіздердің экономикалық өркендеуіңіз үшін өте қажет қой.

Алайда кейбір американ кәсіпкерлері Россияга қарсы соғыс жүргізуден гөрі Россияда тиімді істерді тындырудың анағұрлым орынды екенін түсіне бастаған сияқты, ал мұның өзі жақсы нышан. Бізге қандай болсын басқа бір елдің товарларынан гөрі американ өнеркәсібінің бұйымдары — локомотивтер, автомобильдер, т. б.—көбірек керек болады.

Ал сіздердің бітім шарттарыңыз қандай?

Бұл туралы әңгімеге уақыт кетірудің керегі жоқ. Тіпті ең империалистік пиғылдағы капиталистердің өздері әділеттілігіне талас туғыза алмайтын шарттар негізінде бітім жасасуға біздің әзір екеніміз бүкіл дүние жүзіне мәлім. Біз өзіміздің бітімге ұмтылатындығымыз туралы, бізге бітімнің қажет екендігі туралы, сондай-ақ шетел капиталына ең мол концессиялар мен кепілдіктер беруге әзір екеніміз туралы талай рет мәлімдедік. Бірақ біз бітімге бола өзімізді тұншықтырып өлтіруге жол беру ниетінен аулақпыз.

Біздің мемлекетіміз сияқты социалистік мемлекеттің капиталистік елдермен неліктен шектеусіз іскерлік қарым-қатынастар жасай алмауына мен ешқандай себепті көріп отырғаным жоқ. Капиталистік локомотивтер мен ауыл шаруашылық машиналарын пайдалануға біз қарсы емеспіз, ендеше олар біздің социалистік бидайы-

мызды, зығырымыз бен платинамызды пайдалануға неліктен қарсы болуға тиіс? Кез келген басқа астықтың дәмі қандай болса, социалистік астықтың да дәмі дәл сондай ғой, солай емес пе? Әлбетте, олардың құбыжық большевиктермен, яғни Совет үкіметімен іскерлік қарым-қатынастар жасауына тура келеді. Алайда болат өндіретін американ кәсіпкорлері үшін Советтермен іскерлік байланыстар жасау, мәселен, олардың соғыс уақытында Антанта үкіметтерімен соғыс керек-жарақтары туралы мәселе жөнінде істес болуына тура келген кездегіден онша қиын болмайды.

ЕВРОПА РОССИЯҒА ТӘУЕЛДІ

Міне сондықтан кооперативтер арқылы Россиямен сауда жасасуды қайта бастау туралы бұл әңгіме бізге шын ниетпен айтылмаған сияқты, немесе, ең болмағанда, түсініксіз болып отыр,— бұл дереу іліп әкетіліп, жүзеге асырылуға тиіс ашық, тура ұсыныстан гөрі айла-шарғыға көбірек ұқсайды. Оның үстіне, егер Жоғарғы совет блокаданы тоқтатуға шынымен ниет еті отырса, онда ол өз ниеттері туралы бізге не себепті хабарламайды? Біз Париждең ешқандай ресми хабар алғанымыз жоқ. Бізге белгілі азын-аулақ хабарлар біздің радиомыз ауадан ұстаған газет хабарларына негізделген.

Европа мен Құрама Штаттардың мемлекет қайраткерлері Россиядағы қазіргі экономикалық күйзеліс дүние жүзілік экономикалық күйзелістің тек бір бөлігі ғана екенін, сірә, түсінбейтін болса керек. Экономикалық проблема халықаралық тұрғыдан қаралмай, қайта жеке ұлттар немесе ұлттар тобы тұрғысынан қаралып отырғанда, ол проблеманы шешу мүмкін болмайды. Европа Россиясыз аяғынан тік басып кете алмайды. Ал Европа әлсіреп отырғанда, Американың халі мүшкіл болмақ. Егер Америка өз байлығына өзіне қажет нәрсені тауып ала алмаса, ол байлықтан Америкаға не пайда? Америка өзінің жинаған алтынын ішіп-жей немесе кие алмайды ғой, солай емес пе? Америка өзі сатуға тиісті товарына айырбастап алғысы келетін товарлар-

ды Европа оған бере алғанға дейін Америка Европамен тиімді түрде сауда жасаса алмайды, яғни өзі үшін нақты құндылық болып табылатын негізде сауда жасаса алмайды. Ал Европа өзі экономикалық жағынан аяғынан тік басып кетпейінше, Америкаға бұл товарларды бере алмайды.

ДҮНИЕ ЖҮЗІ ОРЫС ТОВАРЛАРЫНА МҰҚТАЖ БОЛЫП ОТЫР

Біздің Россияда бүкіл дүние жүзіне өте қажет болып отырған бидай, зығыр, платина, сақар және көптеген пайдалы қазба кендер бар. Бізде большевизм бе немесе большевизм емес пе, бұған қарамастан, сайып келгенде дүние жүзі осылар үшін бізге келуге тиіс. Осы ақиқатты бірте-бірте түсініп келе жатқандықтың нышандары бар. Алайда тек Россияның ғана емес, сонымен бірге бүкіл Европаның да іргесі сөгіліп барады, ал Жоғарғы совет әлі де болса айла-шарғы саясатын жүргізуді қоймай отыр. Европа сияқты, Россияның да әбден титықтатқан күйзелістен аман шығуына болады, бірақ бұл үшін дереу және тез әрекет жасау қажет. Ал Жоғарғы совет өте баяу, сұмдық баяу қимылдап отыр. Іс жүзінде ол ештеңені шешпей жатып, сірә, таратылған, сөйтіп өз функциясын елшілер советіне берген болуы керек, ал оның орнын аты бар да, заты жоқ, өлі туған Ұлттар лигасы басуға тиіс. Ал Ұлттар лигасы өзінің басты тірегі болуға тиіс Құрама Штаттарсыз жұмыс істей ала ма?

Мен Совет үкіметінің соғыс жағдайына қандай дәрежеде қанағаттанып отырғанын сұрадым.

Барынша қанағаттанып отыр. Бізге қарсы бұдан былай соғыс агрессиясын жасаудың бірден-бір нышаны тек Польша тарапынан ғана байқалады, бұл жайында мен айтып өткенмін. Егер Польша мұндай авантюраға барса, онда мұның өзі екі жақты да жаңа қасіретке, тағы да адам өмірінің босқа опат болуына әкеліп соқтырар еді. Бірақ поляктардың жеңіске жетуін тіпті Фош та қамтамасыз ете алмайды. Егер тіпті Черчилльдің өзі

поляктармен қосылып соғысқан болса да, олар біздің Қызыл Армияны жеңе алмаған болар еді.

Бұл арада Ленин басын кейін шалқайтып, түнжырап жымиып қойды. Содан соң ол неғұрлым байсалды сарынмен сөзін жалғастырды:

Егер одақтас ұлы державалар бізге қарсы өздерінің армияларын жібере алатын болса, бізді ол державалардың қайсысы болсын, әрине, талқандай алар еді. Бірақ олардың мұны істеуге батылы бармайды. Ерекше ғажап нәрсе мынада болып отыр: шексіз ресурстары бар одақтастармен салыстырғанда Россия қаншама әлсіз болғанымен, ол өзіне қарсы одақтастар жіберген британ, американ және француз әскерлерімен қоса қарулы күштердің қандайын болса да талқандағаны былай тұрсын, оның үстіне санитарлық кордон елдерінде дипломатиялық және моральдық жеңістерге де жетті. Финляндия бізге қарсы соғысудан бас тартты. Біз Эстониямен бітім жасастық, ал көп ұзамай Сербиямен* және Литвамен бітімге қол қойылады[72]. Антантаның осы шағын мемлекеттерді қаншама алдап-арбап, қаһарлана қорқытып-үркіткеніне қарамастан, олар бізбен бейбіт қатынастар орнатуды артық көрді.

ІШКІ ЖАҒДАЙДЫҢ ЖАҚСЫ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ БАР

Бұл біздің зор моральдық күшке ие болып отырғандығымыздың айғағы екені күмәнсыз. Балтық мемлекеттері, біздің ең жақын көршілеріміз, олардың тәуелсіздігі мен аман-сау болуына қауіп төндірерлік ешқандай пиғылдың тек бізде ғана жоқ екенін түсінеді.

Ал Россияның ішкі жағдайы ше?

Ішкі жағдай өте қиын, бірақ жақсы перспективалары бар. Көктемге қарай азық-түлік тапшылығы жойылатын болады, тым болмағанда қала халқын аштықтан құтқаратындай дәрежеге жетеді. Сол кезде отын да жеткілікті болады. Қызыл Армияның таңғажайып ерліктері арқасында халық шаруашылығын қалпына келтіру қазірдің

* Газетте қате жіберілген. Сербия Советтік Россиямен соғыс жағдайында болған жоқ. Сірә, әңгіме Латвия жайында болса керек. *Ред.*

өзінде басталды. Қазіргі уақытта бұл армияның бір бөлегі еңбек армияларына айналдырылды; бұл ерекше жағдай тек ізгі мұрат жолында күресіп жатқан елде ғана мүмкін болып отыр. Әлбетте, капиталистік елдерде бұл мүмкін болмаған болар еді. Қарулы жауларымызды жеңіп шығу үшін біз өткен уақытта барлығын құрбан еттік, ал енді біз өзіміздің барлық күш-жігерімізді экономиканы қалпына келтіруге жұмсаймыз. Бұл үшін бірталай жылдар керек болады, бірақ сайып келгенде біз жеңеміз.

Сіздің пікіріңізше, Россияда коммунизм құрылысы қашан аяқталады? Мен сұрақ қиындық туғызар деп ойлап едім, бірақ Ленин дереу жауап берді.

Уралда және басқа жерлерде электр станцияларын салу арқылы біз өнеркәсібіміздің бүкіл жүйесін электрлендірмекпіз. Біздің инженерлеріміз бұған он жыл керек деп отыр бізге. Электрлендірудің аяқталуы қоғамның экономикалық өмірін коммунистік негізде ұйымдастыру жолындағы алғашқы маңызды басқыш болады. Біздің бүкіл өнеркәсібіміз оның барлық салаларын бірдей дәрежеде жабдықтай алатын ортақ негізден энергия алады. Мұның өзі отын іздеудегі өнімсіз бәсекені жойып, өңдеу өнеркәсіп орындары үшін берік экономикалық негіз жасайды, мұнысыз біз бірінші қажетті өнімдерді айырбастаудың коммунизм принциптеріне сай келетін дәрежесіне жетеміз деп үміттене алмаймыз.

Айтпақшы, біз үш жылдан кейін Россияда 50 000 000 қыздыру лампасы жанатын болады деп жорамалдап отырмыз. Менің болжауымша, Құрама Штаттарда мұндай 70 000 000 лампа бар, бірақ электрлендіру ісі енді ғана қолға алынып отырған ел үшін осы мөлшердің үштен екісінен асып түсу орасан зор жетістік болып табылады. Меніңше, электрлендіру ісі — біздің алдымызда тұрған барлық ұлы міндеттердің ең маңыздысы.

СОЦИАЛИСТІК ЛИДЕРЛЕРДІ ҚАТАҢ СЫНАУ

Әңгімеміздің қорытындысында Ленин, рас, баспасөз үшін болмағанымен, Европа мен Американың кейбір социалистік лидерлерінің атына бірқатар қатаң сын ескертпелер айтты, бұдан

шығатын қорытынды: бұл мырзалардың дүние жүзілік революция ісін ойдағыдай ілгері бастыра алатындығына немесе тым болмаса соған ынталы екендігіне ол сенбейді. Сірә, ол большевизм, социализмнің осы «ресми» көсемдерінің көмегінен гөрі, оларға қарамастан, өзі тезірек жол салады деп есептейтін болуы керек.

1920 ж. 21 февральда ағылшын тілінде «The World» газетінің 21368-номерінде басылған

Бірінші рет орыс тілінде 1957 ж. «Коммунист» журналының 15-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр
Ағылшын тілінен аударма

ЖҰМЫСШЫ-ӘЙЕЛДЕРГЕ

Жолдастар! Москва Советінің сайлауы коммунистер партиясының жұмысшы табы арасында нығайғанын көрсетеді.

Жұмысшы-әйелдердің сайлауға көбірек қатысулары керек. Совет өкіметі, дүние жүзінде бірінші және бірден-бір ел болып әйелдердің правосын еркектерден кем жағдайға қоятын, еркектерге, мәселен, неке правосы немесе бала жөнінде артықшылық беретін ескі, буржуазиялық, оңбаған заңдардың бәрін толық жойды. Совет өкіметі еңбекшілердің өкіметі болғандықтан дүние жүзінде бірінші және бірден-бір ел болып, жеке меншікке байланысты артықшылықтарды, семьялық правода тіпті ең демократияшыл деген буржуазиялық республикалардың бәрінде де еркектерге беріліп келген артықшылықтардың бәрін жойды.

Помещиктер, капиталистер, көпестер болған жерде әйел мен еркек арасында тіпті заң бойынша да теңдік болуы мүмкін емес.

Помещиктер, капиталистер, көпестер жоқ жерде, еңбекшілер өкіметі мұндай қанаушыларсыз жаңа тұрмыс құрып жатқан жерде заң бойынша әйел мен еркек арасында теңдік орнаған.

Бірақ бұл аз.

Заң жүзіндегі теңдік әлі өмірдегі теңдік емес.

Бізге жұмысшы-әйелдің тек заң жүзінде ғана емес, өмірде де жұмысшы-еркекпен тең болғаны керек. Бұл үшін қоғамдық кәсіпорындарды басқаруға және мемле-

кетті басқаруға жұмысшы-әйелдер барған сайын көбірек қатысулары керек.

Басқара отырып, әйелдер тезірек үйренеді және еркектерді қуып жетеді.

Советке жұмысшы-әйелдерді, коммунистерін де, партияда жоқтарын да, көбірек сайлаңыздар. Тек ол жұмысты тәуір, ыктиятты жүргізе білетін адал жұмысшы-әйел болса болғаны, партияда болмаса да,— оны Москва Советіне сайлаңыздар!

Москва Советінде жұмысшы-әйелдер көбірек болсын! Москва пролетариаты жеңіске жеткенше күресу үшін, бұрынғы тең праволы еместікке қарсы, әйелдерді бұрынғы, буржуазиялық кемсітуге қарсы күресу үшін қолынан келгеннің бәрін істеуге даяр екенін және істеп жатқанын дәлелдесін!

Әйелдерге толық бостандық алып бермейінше, пролетариат толық бостандыққа жете алмайды.

Н. Ленин

21 февраль, 1920 жыл.

«Правда» № 40,
22 февраль, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ БОРОТЬБИСТЕР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

1) Боротьбистерді ұлтшыл деп *емес, қайта* контрреволюцияшыл және ұсақ буржуазияшыл деп айыптауды қатты талап етемін.

2) Мына бір айыпты қоспасқа болмайды: біздің *өзіміздің* ұсақ буржуазиялық «Бүкіл россиялық мұғалімдер одағымызды» жек көріп отырғанымыздай, олар өздерінің украин спилочник мұғалімдерін *оншама* жек көріп отырған *жоқ* (оларға қарсы аяусыз күрес жүргізбей отыр)[73].

Ленин

22. II.

1920 ж. 22 февральда жазылған

Бірінші рет 1933 ж. мына кітапта басылған: Н. Н. Попов. «Украина коммунистік (большевиктер) партиясы тарихының очеркі». Киев

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

ГУБЕРНИЯЛЫҚ ХАЛЫҚ АҒАРТУ БӨЛІМДЕРІНІҢ МЕКТЕПТЕН ТЫС ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМШЕЛЕРІ МЕҢГЕРУШІЛЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ III КЕҢЕСІНДЕ 1920 ж. 25 ФЕВРАЛЬДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Халық Комиссарлары Советі атынан сіздердің кеңестеріңізді құттықтап, бұл жөнінде сіздерге біраз пікір айтуға рұқсат етіңіздер.

Біздің халықаралық жағдайымызға келсек, Англиядан бүгін алынған радио хабары туралы айтуыма болады, бұл хабар осы халықаралық жағдайды бәрінен де гөрі жақсырақ сипаттайды. Радио былай деп хабарлайды: кеше, 24 күні, одақтас державалардың Жоғарғы советі мынадай қорытындыға келді: егер Россиямен шекаралас мемлекеттер соғыс жөнінде кеңес сұрай қалса, Жоғарғы совет оларға соғыс деп кеңес бере алмайды, соғыс олардың мүдделеріне зиянын тигізуі мүмкін, ал Россияға қарсы шапқыншылық соғыс жүргізуге одан бетер кеңес бере алмайды; ал егер Россия Советтік Республикасы олардың заңды шекараларына шабуыл жасай қалса, Одақтық совет оларды қолдайды. Одан кейін, одақтас мырзалар Россияға Вашингтондағы еңбек комиссиясынан бір комиссия жібергілері келеді. Конференцияны шақырушылар, социал-сатқындар Альбер Томамен кейбір әлеуметтік реформалар туралы келісіп, Ұлттар лигасының[74] бір бөлегі болып табылатын осы адамдарды «цивилизациялы» мемлекеттердің қарапайым талаптарына Россиядағы хал-ахуалдың қаншалықты сай келетінін зерттеу үшін Россияға жібергілері келеді.

Одақтастардың кешегі ұйғарымы туралы бұл хабар бұл мырзалардың қалай шатасқандығын және олардың осы шатасуларынан біздің қандай пайда түсіре алатыны-

дығымызды айқын көрсетеді. Олар соғысты қолдауға жүздеген миллион сом қаржы (ағылшын мемлекеті тарапынан) шашып, енді бұдан әрі соғысты қолдай алмайтындықтарын мәлімдеді. Олардың шапқыншылық желігі осымен бітті, дегенмен соғыс керек-жарақтары Польшаға әлі де тасылып жатыр: олар қару-жарақ тасуларын тоқтатқан жоқ, Польша әскерлерін шабуылға лайықтап қайта топтастырып жатқандығы жөнінде бізде анық мәліметтер бар, сондықтан олардың мәлімдемелеріне біз кәміл сене алмаймыз. Қазір одақтастар тарапынан төнген сыртқы қауіптің оннан тоғызы жойылғанымен де, бірақ қайткен күнде де, ол қауіп белгілі бір дәрежеде әлі де бар; Деникинге қарсы соғысты аяқтағаннан кейін де соғысқа дайын отыруға тура келеді. Толық демобилизация жүргіземіз деп айта алмаймыз.

Сонымен, халықаралық капитализмнің Россияға шапқыншылық жасау қаупінің оннан тоғызы жойылды; олардың лайықты түрде сәтсіздікке ұшырағаны соншалық, Россияға комиссия жіберу туралы әлденеше рет ұсыныс жасап отыр. Егер ол комиссияда соғыс кезінде Россияға келіп қайтқан Альбер Тома сияқты мырзалар болса, онда бұдан олар үшін жанжалдан басқа, ал біздер үшін үгіт жүргізуге өте тамаша дәлелден басқа ештеңе шықпайды. Біз оларды Россиядан мүмкіндігіне қарай тезірек кететіндей етіп қарсы аламыз, олардың бұл ісінен, өзге елдердің жұмысшылары үшін үгіт болушылықтан басқа, ештеңе де шықпайды. Олар бізді қорқытқылары келеді, ал біз оларға: қымбатты қонақтарды қарсы аламыз десек,— олар ниеттерін жасырады. Бұл олардың қандай дәрежеде сасқалақтағандықтарын көрсетеді. Енді біз, Эстониямен бітім жасасудың арқасында, Европа жаққа қақпа аштық, сондықтан негізгі өнімдерді сол жақтан алып тұра аламыз. Біздің халықаралық жағдайымыз шынында да көп ілгерілеп, жақсарды: Советтік республикаға төнетін қандай да болсын сыртқы қауіптің оннан тоғызы жойылды.

Бұл қауіп неғұрлым көбірек жойылған сайын, біз бейбіт құрылыс жұмысымен соғұрлым көбірек шұғылдана аламыз, бұл орайда біз сіздердің қызметтеріңізге, мектептен тыс жұмыстармен шұғылданып жүрген өзде-

ріңізге үміт артамыз. Мектепте білім беру жұмысын неғұрлым байыпты жолға қою үшін, бұл үшін толып жатқан материалдық өзгерістер жасау керек: мектеп салу керек, мұғалімдерді іріктеп алу керек, оқытушылар персоналын ұйымдастыру және іріктеп алу жөнінде ішкі реформалар жүргізу керек. Мұның бәрі де ұзақ дайындалуды керек етеді. Мектептен тыс білім беру ісінде сіздер мұндай ұзақ дайындалу жөнінде көп қыспақ көріп отырған жоқсыздар. Халықтың қалыптасқан мектеп жүйесінен тыс білім алуға ұмтылуы, бұл саладағы қызметкерлерді керексінуі өте күшті өсіп отыр. Бәріміздің көмектесуіміз арқылы, бәріміздің күш салуымыз арқылы бұл уақытқа дейінгіден көбірек жұмыс істеледі деп сенеміз.

Мен қорыта келе, мектептен тыс білім берудің үгіт пен насихатқа байланысты жұмыстарының сипаты туралы айтпақпын. Капиталистік қоғамда оқыту, ағарту жұмысының қойылысындағы түбегейлі кемшіліктердің бірі — оның еңбекті ұйымдастыру жөніндегі негізгі міндеттен оқшау қойылғандығы еді, өйткені капиталиске өзіне бағынышты, жаттыққан жұмысшыларды үйретіп, жаттықтыру керек болды. Капиталистік қоғамда халықтың еңбегін ұйымдастыру жөніндегі шын міндеттер мен сабақ берудің арасында байланыс болған жоқ. Осының салдарынан сабақ беру жұмысы өлі, схоластикалық, үстірт, поптар ықпалымен былғанған сипатта болды, сөйтіп барлық жерде де, ең демократияшыл деген республикаларда да, жаңа, таза атаулының бәрі шет қақпай болып қалды. Тікелей қызу жұмыс жүргізу қиын болып қалды, өйткені мемлекеттік өкімет аппаратынсыз, материалдық және финанс көмегінсіз білім беру жұмысын кең көлемде қоюға болмайды. Біз енді бүкіл советтік өміріміздің әскери әзірлік пен соғысып тойтарыс беру жолынан бейбіт құрылыс жолына көшуіне әзірлене алатындығымыздан және осыған әзірленуге тиіс болғандығымыздан, сіздерге, мектептен тыс білім беру қызметкерлеріне, бұл өзгерісті ескеру керек және өздеріңіздің насихатшылық қызметтеріңізде, бұл қызметтің міндеттері мен программаларында осы өзгеріске сай болу керек және қажет.

Совет республикасының өзгерген міндеттеріне сәйкес білім беру, оқыту, тәрбиелеу және үйрету жұмыстарының міндеттері мен бүкіл сипатын менің қалай түсінетінімді көрсету үшін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің соңғы сессиясында қабылданған электрлендіру туралы қарарды естеріңізге салайын; оны бәріңіз де білетін боларсыздар. Жақында баспасөз бетінде: екі ай мерзімнің ішінде (ресми басылған хабарда: екі апта мерзімнің ішінде делінген — ол қате), екі ай мерзімнің ішінде еліміздің электрлендірудің программа-минимум бойынша 2—3 жылға және программа-максимум бойынша 10 жылға арналған жоспары жасалады деген хабар басылды. Біздің бүкіл насихатымыздың, таза партиялық насихатымыздың да, мектепте оқыту, білім беру жұмысының да сипаты және мектептен тыс оқыту жұмысының сипаты да өзгеруге тиіс, өзгергенде оқыту жұмысының негізі мен бағытын өзгерту мағынасында емес, мына мағынада өзгеруге тиіс: қызметтің сипатын еліміздің өнеркәсіп және экономика жағынан қайта құрудың кең жоспарын көздейтін бейбіт құрылысқа көшуге бейімдеу керек, өйткені жалпы экономикалық қиыншылық пен жалпы міндет — пролетарлық революция ұсақ шаруа шаруашылықтарымен қатар экономикалық өмірдің жаңа негіздерін жасап аларлықтай етіп еліміздің экономикалық күштерін қалпына келтіру міндеті. Бұл күнге дейін шаруаның астықты жұмысшы мемлекетіне қарызға беруіне тура келді: сарғала қағаздар — астықтың орнына берілетін ақша шаруаны қанағаттандыра алмайды. Шаруа ақшаға қанағаттана алмаған соң, заңды правосын талап етеді: берген астығының орнына өнеркәсіп өнімін талап етеді, ал біз ол өнімді, шаруашылығымызды қалпына келтірмей алғанымызша, бере алмаймыз. Қалпына келтіру — негізгі міндет; бірақ біз ескі экономикалық және техникалық негізде қалпына келтіре алмаймыз. Бұл техникалық жағынан да мүмкін емес, оның үстіне әрі тағылық болар еді; жаңа негіз табуымыз керек. Ондай жаңа негіз — электрлендіру жоспары.

Біз шаруаларға, көмірек жетілген бұқараға, бүкіл советтік құрылыстың табысты болуы үшін мәдениеттің,

техникалық білім алудың неғұрлым жоғары сатысына жаңадан көшудің қаншалықты қажет екендігін көрсетіп отырамыз. Сонымен, шаруашылықты қалпына келтіру қажет. Шаруашылықтың соғыстан бүлініп қалғанын, оны қалпына келтіріп алмайынша қайыршылықты жеңуге болмайтынын, қажетті өнімдерді астыққа айырбас-тап алуға болмайтынын ең қараңғы шаруа да түсінеді. Бүкіл насихат, оқыту, ағарту, мектептен тыс білім беру жұмысы шаруалардың нақ осы ең тікелей, зәру мұқтажымен қабысып, сонымен байланысты болуға тиіс, күн-деліктi өмірдің ең зәру мұқтаждарынан қол үзіп қалмауға, қайта, бұл жағдайдан өнеркәсіпті қалпына келтіру арқылы ғана шығуға болатындығын баса көрсе-тіп, соларды шаруаларға кеңінен түсіндіруді көздеуге тиіс. Бірақ өнеркәсіпті ескі негізде қалпына келтіруге болмайды: оны осы заманның техникасы негізінде қалпына келтіру керек. Мұның мәнісі — өнеркәсіпті электрлендіру және мәдениетті көтеру. Электр станция-лары 10 жылға дейін жұмыс істеуді керек етеді, жұмыс болғанда мәдениеттірек, саналырақ жұмыс істеуді керек етеді.

Біз жұмыстың көлемді жоспарын өрістетеміз, бұл жоспар, қалың шаруалар бұқарасының түсінігінде, практикалық жағынан қойылған айқын мақсатпен бай-ланысты болуға тиіс. Мұны бірнеше айдың ішінде істеу-ге болмайды. Минимум программаны кем дегенде 3 жылға мөлшерлеп жасауға болады. Бірақ, қиялға бе-рілмей-ақ, біз 10 жылдың ішінде бүкіл Россияда электр станцияларының желісін тартып, электр өнеркәсібінің осы күнгі техниканың талаптарын қанағаттандыра аларлықтай және шаруа егіншілігінің ескі түрін жоя аларлықтай дәрежесіне көше аламыз деп айтуға бола-ды. Мұның өзі неғұрлым жоғары мәдениетті және бі-лімді керек етеді.

Қазіргі тікелей практикалық міндетіміз — транс-портты қалпына келтіру және азық-түлік тасып жеткі-зу екендігін, еңбек өнімділігінің қазіргі жағдайында кең көлемді міндеттермен шұғылдануға болмайтынды-ғын өздеріңізден жасырмай, сіздер мәдени-техникалық қажетке сай негізде толық қайта құрудың осы мінде-

тін насихат пен ағарту саласында қалайда естеріңізде ұстап, осы міндетті орындап шығуға тиіссіздер. Біз насихаттың тозығы жеткен ескі әдістерінен, осы күнге дейін шаруаға тап күресі туралы жалпылама құрғақ сөзбен қарайтын әдістерден, пролетарлық мәдениет[75], т. т. туралы қайдағы бір ақылға сыйымсыз нәрселерді ойлап шығаруға негіз болған әдістерден, нәресте кездегі балалардың ауруына тым ұқсас бұл сілімтіктен өте тез арыламыз. Насихатта, үгітте, білім беру және ағарту қызметінде мәселені іскерлікпен, байыпты түрде, Совет өкіметінің адамдарына лайықты түрде қоюға көшеміз; ал Совет өкіметінің адамдары екі жылдың ішінде біраз нәрсені аңғарып қалды, олар мужикке бүкіл өнеркәсіпті қайта құрудың практикалық, іскерлік, айқын жоспарын ұсынады, енді білімнің қазіргі дәрежесінде мужик пен жұмысшының бұл міндетті орындай алмайтынын және кірден, қайыршылықтан, бөртпе сүзектен, түрлі аурулардан арыла алмайтынын баяндайды. Мәдениет пен білімді көтерумен байланысы айқын осы практикалық міндет біздің партиялық насихатымыз бен қызметіміздің, біздің оқытуымыз бен үйретуіміздің бүкіл сипатын топтастыратын түйін болуға тиіс. Сонда бұл түйін шаруа бұқарасының ең келелі мүдделерін терең қамтиды, мәдениет пен білімнің жалпы өрлеуін толғағы жеткен экономикалық мұқтаждармен байланыстырады, сонда біз жұмысшы бұқарасының білімге құштарлығын тағы да жүз есе күшейтеміз. Егер екі жылдың ішінде ең қиын соғыс міндетін шешкен болсақ, онда біз 5—10 жылдың ішінде одан да қиын міндетті: мәдениет-білім және ағарту жөніндегі міндетті шеше алатындығымызға кәміл сенеміз.

Міне менің сіздерге айтайын деген тілегім осы еді. (Қол шапалақтау.)

*Қысқаша газет есебі 1920 ж.
2 мартта «Вечерние Известия
Московского Совета Рабочих
и Красноармейских
Депутатов»-тың
481-номерінде басылған*

*Бірінші рет 1930 ж.
25 апрельде «Правда» газетінің
114-номерінде толық басылған*

*«Правда» газетінің текстімен
салыстырылған стенограмма
бойынша басылып отыр*

ЕҢБЕКШІ КАЗАКТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ І СЪЕЗІНДЕ 1920 ж. 1 МАРТТА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА[76]

Жолдастар! Ең алдымен съезді Халық Комиссарлары Советі атынан құттықтауыма рұқсат етіңіздер. Мен съезд ашылған күні сіздердің жиналыстарыңызда бола алмағаныма, сөйтіп Калинин жолдастың баяндамасын тыңдай алмағаныма өте өкінемін. Бірақ оның маған айтқандарынан жасаған қорытындым: советтік құрылыстың ең таяудағы және тікелей міндеттеріне байланысты және казактарға арнайы байланысты мәселелердің көбі-ақ оның сөзінде айтылған. Сондықтан өзімнің баяндамамда Советтік республиканың халықаралық жағдайына және сол халықаралық жағдайға байланысты бүкіл еңбекші бұқараның, оның ішінде казактардың да алдында тұрған міндеттерге көбірек көңіл бөлуіме рұқсат етіңіздер.

Советтік республиканың халықаралық жағдайы еш-қашан да нақ қазіргідей қолайлы және жеңісті болған емес. Егер бұрын-соңды болып көрмеген қиыншылықтармен және сансыз құрбандықтармен өткен екі жылдың ішінде біздің халықаралық жағдайымыздың қалыптасу шарттары туралы ойлансақ, егер осы құбылыстың себептері туралы ойлансақ, онда әрбір ойлай білетін адам басталып отырған осы бүкіл дүние жүзілік революциядағы негізгі күштер мен тетіктерді және күштердің негізгі арақатынасын көре алады.

Біз бұдан екі жылдан астам уақыт бұрын, орыс революциясының бас кезінде-ақ, осы халықаралық бүкіл

дүние жүзілік революцияның жақындап келе жатқандығы туралы айтқанымызда — онымыз алдағыны аңғару, белгілі дәрежеде болжау еді, ал ірі қалаларда тұрмайтын, партиялық мектептен өтпеген еңбекші бұқараның орасан зор көпшілігі жақындап келе жатқан халықаралық революция туралы бұл сөздерге не сенбестікпен, не селсоқ қарады, қалай болған күнде де мұны толық ұқпады. Еңбекші халықтың, әсіресе шаруа, егінші халықтың ұшы-қиырына көз жетпейтін кеңістікте бытырап жатқан қалың бұқарасының халықаралық революцияның неліктен жақындап келе жатқандығы туралы және ол революцияның шын халықаралық революция екендігі туралы күні бұрын біршама дұрыс түсінігі болуын күтуге болмайтын еді және онымыз ерсі болатын еді. Біздің осы адам айтқысыз ауыр екі жылдың ішінде басымыздан кешіргендеріміз, қиыр шеттегі еңбекші бұқараның жасап жатқан тәжірибесі, осы тәжірибе ойлануға тұрарлық тәжірибе еді, ол бір қиын уақыт еді, ал қазір одан әрі жеңіл шақ туды деп өте шығуға болмайды. Жоқ, не себепті осылай болып шыққандығы туралы, мұның не екендігі туралы, бұдан біз қандай тағылым алуға тиіс екеніміз туралы, осы екі жылдың ішінде біздің өміміздің тарихымыз бен бүкіл дүние жүзінің тарихы бірге көрсетіп отырған нәрсені қандай партиялардың көзқарасы растағаны туралы ойлану керек. Мен ең алдымен осы мәселе жайында айтпақпын.

Халықаралық жағдай тұрғысынан қарағанда бұл мәселе өте айқын, өйткені мәселені орасан зор көлемде алып қарасақ, бір партияның немесе бір елдің тұрғысынан емес, барлық елдердің тұрғысынан бірге алып қарасақ, мәселені орасан зор көлемде алып қарасақ, онда жеке нәрселер мен ұсақ-түйектер жайына қалады да, бүкіл дүние жүзілік тарихты анықтайтын негізгі қозғаушы күштер айқындала түседі.

Біз Октябрь революциясын бастап, помещиктер мен капиталистер өкіметін құлатып, соғысты аяқтауға шақыратынымызды жариялап, осы шақыруымызды жауларымызға ұсынған кезімізде, одан кейін біз герман империалистерінің тепкісіне түскен кезімізде, одан соң

1918 жылдың октябрь — ноябрінде Германия жаныштальш, Англия, Франция, Америка және Антантаның басқа да елдері бүкіл жер жүзіне үстемдік етуші болған кезде — біздің жағдайымыз қандай болып еді? Орасан зор көпшілік: большевиктердің халі мүшкіл екені енді анық емес пе? — дескен болатын. Ал көптеген адамдар оның үстіне: халінің мүшкілдігі былай тұрсын, большевиктер өтірікші болып шықты, олар бітім жасасуды уәде етіп еді, ал оның орнына, немістердің тепкісінен кейін, Германия жеңілген соң, большевиктер бүкіл Антантаның, яғни Англияның, Францияның, Американың және Жапонияның — бүкіл дүние жүзіндегі ең қуатты мемлекеттердің жауы болып шықты, сөйтіп, империалистік соғыстан, оның үстіне азамат соғысынан күйзелген, әлсіреген, азап шеккен Россия дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы елдерге қарсы күреске шыдауға тиіс болып отыр, — дескен болатын. Бұған илану оңай еді, сондықтан да сенбеушілік негізінде Совет өкіметіне селсоқ қараушылықтың, тіпті көбінесе оған қарсы нағыз ашық дұшпандықтың барған сайын кең таралғандығы таңырқарлық нәрсе емес. Бұған таңырқауға болмайды. Таңырқарлық нәрсе — дүние жүзіндегі барлық ең бай державалар шамасынан келгеннің бәрін беріп қолдаған Юденичке, Колчакқа және Деникинге қарсы күресте — осы күресте біз жеңіп шықтық, ал жер бетінде ол державаларға тіпті шамамен алғанда да тең түсерліктей бірде-бір әскери күш жоқ болатын. Мұның осылай болғанын жұрттың бәрі, тіпті соқырлар да көріп отыр, соқырдан бетерлер де, тіпті мұны ешбір көргісі келмейтіндер де, дегенмен, бұл күресте біздің жеңіп шыққанымызды көріп отыр.

Бұл керемет қалайша болды? Мен сіздерді зейіндеріңізді көбінесе осы мәселеге аударуға шақырғым келер еді, өйткені бүкіл халықаралық революцияның негізгі қозғаушы күштері осы мәселеде барынша өте айқын көрінеді. Осы мәселені іскерлікпен талдай отырып, біз оған жауап бере аламыз, өйткені бұл — басымыздан өткен іс: біз болған істі өтіп кеткеннен кейін айтып бере аламыз.

Біздің женіп шыққан себебіміз — біз біртұтас болдық және бола алдық, мұның себебі — біз өз жауларымыздың лагерінен одақтастар қосып ала алдық. Ал біздің әлдеқайда қуатты жауларымыздың жеңіліп қалған себебі — олардың арасында бірлік болмады, бола алмайтын да еді және болмайды да, сөйтіп бізге қарсы күрескен олардың лагері ішінде ай сайын ыдыраушылық туып отырды.

Мен осы жағдайларды дәлелдейтін фактіге көшемін.

Германияны жеңгеннен кейін Англияның, Францияның және Американың жер бетінде жауы қалмағанын сіздер білесіздер. Олар Германияның отарларын тонады, Антантаның әскери күштері үстемдік етпеген бірде-бір пұшпақ жер, бірде-бір мемлекет қалған жоқ. Осындай жағдайда, олар Советтік Россияға жау болып тұрған кезде, большевизмнің халықаралық революцияны көздейтінін олар анық түсінген сияқты еді. Ал біз өз революциямыздың тек істің басы ғана екенін, біз бүкіл дүние жүзіне осындай революция отын тұтандырғанда ғана бұл революция істі жеңіспен аяқтауға жеткізетінін ешқашан да жасырған емеспіз, ал капиталистер Совет өкіметінің құтырынған жаулары екенін біз әбден анық түсінген едік. Бір айта кететін нәрсе — Европадағы күрестен олар миллион әскері бар армиямен, орасан күшті флотпен шықты; оған қарсы біз ондай флотты да, қандай да болсын қуатты армияны да қоя алмайтын едік. Сондықтан Антанта бізді соғыс жолымен жаншып тастауы үшін сол миллион әскері бар армиядан бірнеше жүз мың солдатты, Германияға қарсы соғыстағыдай бізге де қарсы салса, соның өзі жетіп жатыр еді. Бұл мәселені теория жағынан пайымдаған адамдар, әсіресе осы соғысты жүргізген, мұны өз тәжірибесі мен өз байқауынан білетін адамдар бұған ешқандай да күмәнданбайды.

Англия да, Франция да Россияны осындай жолмен алуға әрекет жасап көрді. Олар империалистік соғысқа ешқандай дерлік қатыспаған Жапониямен шарт жасасты, Жапония Совет республикасын Қиыр Шығыстан тұншықтыру үшін жүз мың солдат берді, Англия, Кавказдағы әрекетін айтпағанның өзінде, сол кезде Мурманға және Архангельскіге солдаттар төкті, ал Франция

өзінің солдаттары мен матростарын оңтүстікке әкеліп түсірді. Мұның өзі біз төтеп берген күрестің алғашқы тарихи кезеңі еді.

Антантаның ол кезде миллион әскері бар армиясы болған еді; оның солдаттарын сол кезде Россияда әр жерден теріп жинап алынған, ұйымдастырушысы да жоқ, қару-жарағы да жоқ ақ гвардияшыл әскерлермен, әрине, ешқандай салыстыруға болмайтын еді. Антанта сол солдаттарын бізге қарсы қаптатты. Бірақ большевиктердің айтқаны келді. Олар: әңгіме тек орыс революциясы туралы ғана емес, халықаралық революция туралы болып отыр, біздің одақтастарымыз бар, олар — әрбір цивилизациялы елдің жұмысшылары деген еді. Біз барлық елдерге бітім ұсынған кезде[77] бұл болжаулар тікелей жүзеге аса қойған жоқ еді. Біздің шақыруымызға жаппай жауап берілген жоқ еді. Бірақ Германияда 1918 ж. январьда болған стачка[78] біздің онда патша өкіметі тұсында-ақ биік трибунадан Германияның үкіметі мен буржуазиясын қарақшылар деп атай білген Либкнехтіміз ғана емес, сонымен қатар біздің жағымызда жұмысшылардың едәуір елеулі күштері бар екенін де көрсетті. Бұл стачка қан төгіспен, жұмысшыларды басып-жаншумен аяқталды, ал Антанта елдерінде буржуазия, әрине, жұмысшыларды алдады; буржуазия біздің үндеуіміз туралы не өтірік айтты, не оны тіпті жарияламай қойды, сондықтан 1917 ж. ноябрьдегі біздің барлық халықтарға арналған үндеуіміз тікелей орындалмай қалды, ал революция тек осы үндеудің бір өзінен ғана туады деп ойлаған адамдар, әрине, қатты түңілуге тиісті болды. Бірақ біз бір үндеу хатқа ғана сүйенбеген едік, біз одан да гөрі тереңдегі қозғаушы күштерге сүйенген едік, біз: революция әр түрлі елдерде түрліше жолмен болады, және, әрине, мәселе тек қолшоқпар Распутинді немесе жүгенсіз помещикті ығыстыруда ғана емес, мәселе апағұрлым өрісі кең, білімді буржуазиямен күресу туралы болып отыр деген едік.

Сонымен, Англия солтүстікке, Франция оңтүстікке әскерлерін әкеліп төккен кезде нағыз сынға түсетін, мәселені түбегейлі шешер күн туды. Осы арада кімдікі

дұрыс?—деген мәселе анықталды. Осы күресте жеңіп шығу үшін жұмысшыларға үміт арту керек деген большевиктердікі дұрыс па екен, әлде, бір елде революция жасау әрекеті ақылсыздық, авантюра болады, өйткені ол революцияны басқа елдер жаншып тастайды деген меньшевиктердікі дұрыс па екен. Мұндай сөзді сіздер партияда бар адамдардан ғана емес, саясат туралы жаңа ғана пайымдай бастаған адамдардың бәрінен де естідіңіздер. Сонымен, нағыз сынға түсетін күн туды. Мұның нәтижесі қандай болатынын біз көпке дейін біле алмадық. Көпке дейін біз мұның нәтижесі қандай болатынын есептей алмадық, ал қазір, кейіннен барып, мұның нәтижесінің қандай болғанын білеміз; қазір ағылшын газеттерінде де, барлық буржуазиялық газеттердің большевиктерге құтырына жала жабуына қарамастан, сол газеттерде де Архангельск маңындағы ағылшын солдаттарының хаттары басыла бастады; бұл хаттарда ағылшын солдаттарының орыс жерінде ағылшын тілінде басылған листоктарды көргендігі жазылған, ол листоктарда солдаттарды алдағаны, оларды өздерінің мемлекетін құрған жұмысшылар мен шаруаларға қарсы соғысуға әкеле жатқаны түсіндірілген. Бұл солдаттар өздерінің соғысуға риза емес екендігін жазған. Біздің Франция жөнінде білетініміз — онда матростардың көтерілісі болған, сол үшін қазір тағы да ондаған, жүздеген, бәлкім, мыңдаған француздар каторгада отырған шығар. Ол матростар өздерінің Совет республикасына қарсы бармайтындығын мәлімдеген. Қазір Францияның әскерлері де, Англияның әскерлері де не себепті бізге қарсы шықпайтынын, ағылшын солдаттарының Архангельск маңынан не себепті әкетілгенін, оларды ағылшын үкіметі біздің жерімізге әкелуге не себепті бата алмайтынын біз енді көріп отырмыз.

Біздің саяси жазушыларымыздың бірі, Радек жолдас, орыс жері — сондай, ол жерге аяғын басқан басқа ел солдаты соғыса алмайды деп жазған еді. Мұнысы тым асыра айтқандық, өтірік уәде сияқты болып көрініп еді. Бірақ сол айтқаны келді. Советтік революция жасалған жер барлық елдер үшін аса қауіпті болып шықты. Патша өкіметі тұсында жұмысшылар арасында бірлік жасап

үлгірген орыс большевиктерінікі дұрыс болып шықты, ал жұмысшылар сол кезде кішкене ұялар құрып үлгірген еді, бұл ұялар өздеріне сенген барлық адамдарды, француз жұмысшыларын да, ағылшын солдаттарын да, олардың өз тілдерінде үгіт жүргізумен қарсы алды. Рас, бізде тек болмашы листоктар ғана басылды, ал ағылшын, француз баспасөзінде үгітті мыңдаған газеттер жүргізіп, олардың әрбір сөзі ондаған мың бағана болып жарияланып отырғанда, бізде не бары айына ширек баспа табақ көлемінде 2—3 листок басылып, мықтағанда он мың француз солдатына бір листоктан келді[79]. Тіпті сонпадан келгеніне де менің күмәнім бар. Дегенмен, француз солдаттары да, ағылшын солдаттары да бұл листоктарға не себепті сенді екен? Себебі — біз шындықты айттық, себебі — олар Россияға келген кезде өздерінің алданғандығын көрді. Оларға: өздеріңнің Отаныңды қорғауға тиіссіңдер деп еді, ал Россияға келген кезде олар помещиктер мен капиталистердің өкіметін қорғауға, революцияны тұншықтыруға тиіс болып шықты. Егер екі жылдың ішінде бұл адамдарды біз өз жағымызға қаратып үлгірсек, мұның себебі мынада: олар өздерінің корольдерін қалай дарға асқанын ұмытып кетсе де, орыс жеріне келіп кіргеннен кейін орыс революциясы және орыс жұмысшылары мен шаруаларының жеңістері Франция мен Англияның солдаттарына олардың өз революцияларын естеріне түсірді, Россиядағы оқиғалардың арқасында бір кезде олардың өз елдерінде болып өткен істер олардың естеріне қайта түсті.

Большевиктердікі дұрыс екендігі осы арада расталды; бізде қаржы да, қару-жарақ та болмағанына, ал Антантаның қару-жарағы да, жеңілмес армиясы да болғанына қарамастан, капиталистердің үмітіне қарағанда, біздің үмітіміз анағұрлым келелі болып шықты. Сол жеңілмес армияларды біз өз жағымызға қаратып алдық. Біз ағылшын солдаттарын да, француз солдаттарын да бізге қарсы әкеле алмайтындай еттік, өйткені мұндай әрекет олардың өздеріне қарсы әрекет болып шығатындығын олар тәжірибеден біледі. Советтік Россияда болған кереметтердің бірі міне осы.

10 миллион адам қаза тауып, 20 миллион адам мүге-

дек болған соғыстың төрт жылы өткеннен кейін, енді империалистер өздеріне: соғыс не үшін болды? — деп сұрақ қойғанда, мұндай сұрақтар өте көңіл қоярлық әшкерелеулерге әкеліп тірейді. Жуырда Францияда 1916 жылы жүргізілген келіс сөз жарияланды. 1916 жылдың өзінде-ақ Австрия монархы Франциямен бітім туралы келіс сөз жүргізе бастапты, ал Франция мұны жасырып қойған. Өзін социалиспін деп атаған, сол кезде министрлікте отырған Альбер Тома сол кезде II Николайға Константинопольді, Дарданеллді және Галицияны беруге уәде ету үшін Россияға келіп қайтыпты. Міне осының бәрі енді әшкереленіп, жарық дүниеге шықты. Бұлар француз газетінде басылды. Қазір француз жұмысшылары Альбер Томаға: «Сен министрлікке барғанда, француз отанын және француз жұмысшыларының мүдделерін қорғау үшін бардым деп едің, ал 1916 жылы Австрия монархы бітім ұсынғанда, сен, Альбер Тома, оны жасырыпсың, соның кесіріпен, француз капиталистерінің баюы үшін миллиондаған адамдар қырылды» — деп отыр. Бұл әшкерелеулер әлі біткен жоқ. Біз әшкерелеулерді құпия шарттарды басып шығарудан бастадық, енді миллиондаған жандардың не үшін қырылып, миллиондаған құрбандықтардың не үшін болғанын бүкіл дүние жүзі көріп отыр. Осының бәрі II Николайдың Дарданелл мен Галицияны алуы үшін болыпты. Мұны барлық империалистер білген. Мұны меньшевиктер мен эсерлер де білген, ал егер білмеген болса, егер француз газеттерінде қазір жарияланып отырған нәрселерді білерліктей дәрежеде саясат пен дипломатияны үйренбеген болса, онда олардың барып тұрған пақұрыс болғаны. Бұл әшкерелеулер қазір тереңдеп барады, мұның шегі көрінер емес. Осының арқасында әрбір елдің жұмысшылары мен шаруалары шындықты барған сайын көбірек сезіп, империалистік соғыстың не үшін болғанын түсініп келеді. Олардың бізге барған сайын көбірек сене бастаған себебі — біз шындықты айттық, ал империалистер отан қорғауға апара жатырмыз деп оларға өтірік айтты.

Әскери күші жағынан алып қарағанда әлсіз, дәрменсіз біз Англия мен Францияның солдаттарын өзімізге қаратып алғандағы керемет міне осы себептен болды. Бұл

енді болжау емес, факт. Рас, біз бұл жеңіске адам естімеген қиыншылықтар арқылы жеттік, ол үшін адам айтқысыз құрбандықтар жасадық. Соңғы екі жылдың ішінде адам айтқысыз аштық азабын тартып отырмыз. Бұл азап бізге, әсіресе астығы мол шығыс пен оңтүстік бізден бөлініп тасталған кезде тап болды. Сонда да біз жеңіп шықтық; бұл жеңіс біздің еліміздің ғана жеңісі емес, барлық елдердің, бүкіл адамзаттың жеңісі болып табылады. Әскери күші жағынан өте қуатты мемлекеттердің әскери күші жағынан әлсіз Совет республикасына қарсы тұра алмағанындай жағдай тарихта ешқашан болған емес. Бұл кереметтің болған себебі не? Себебі — біздер, большевиктер, орыс халқын революцияға бастағанда, бұл революцияның азапты болатынын, миллиондаған құрбандық жасайтынымызды өте жақсы білдік, сонымен қатар барлық елдердің еңбекші бұқарасы біздің жағымызда болатынын да, біздің шындығымыз жалған атаулының бәрін әшкерелеп, барған сайын көп жеңіске жете беретінін де білдік.

Россияға қарсы жорық жасаған державалар сәтсіздікке ұшырағаннан кейін басқа қаруды қолданып көрді: ол державаларда буржуазияның жүздеген жылдық тәжірибесі бар, сондықтан ол өзінің сенімсіз қаруының орнына басқа қару қолдана алды. Бұрын Россияны буржуазияның солдаттары жаншып, тұншықтырып еді. Енді буржуазия Россияны шеткері аймақтардағы мемлекеттердің көмегімен тұншықтыруға әрекет жасады.

Патша өкіметі, помещиктер, капиталистер шеткері аймақтардағы толып жатқан халықтарды — Латвияны, Финляндияны, т. т. тұншықтырып келді. Олар ғасырлар бойы езіп, бұл халықтардың өшпенділігін туғызды. Қанға боялған бұл халықтардың бәріне де «великоросс» деген сөз ең жек көрініште сөз болып кетті. Ал енді, большевиктерге қарсы өз солдаттарымен күресіп түк шығара алмаған соң, Антанта ұсақ мемлекеттерге қол артып: Советтік Россияны осылар арқылы тұншықтырып байқайық! — десті.

Дәл Николай Романовтың саясатындай саясат жүргізіп отырған Черчилль, парламентпен ешбір санаспастан, соғысқысы келіп отыр және соғысып та отыр. Ол: Рос-

сияға 14 мемлекетті бастап жорықпен барамын деп — мұнысы 1919 жылы еді,— сентябрьде Петроградты, ал декабрьде Москваны аламын деп мақтанған болатын. Бірақ ол сәл асыра мақтанды. Ол әлгі ұсақ мемлекеттердің бәрі де Россияға өшпенді деп дәмелевген еді, бірақ ол осы ұсақ мемлекеттетілер Юденичтің, Колчактың, Деникиннің кім екенін жақсы білетінін есінен шығарды. Оларға толық жеңіп шығу үшін бірнеше апта ғана қалған сияқты болып көрінген кездер де болды. Юденичтің жорығы кезінде, ол Петроградқа жақындап қалған кезде, ағылшынның ең бай «Таймс» газетінде[80] бір мақала басылды,— ол бас мақаланы мен өзім оқыдым,— сол мақалада: Юденичке көмектесіңіздер, бүкіл әлем сіздерге көз тігіп отыр, сіздер бүкіл дүние жүзінде бостандықты, цивилизацияны, мәдениетті құтқарып қаласыздар — большевиктерге қарсы аттаныңыздар,— деп Финляндияға жалынып, бұйырып, талап етіп жазды. Мұны Финляндияға Англия, бүкіл Финляндияны өзінің уысында ұстап отырған Англия айтты, егер Англия бермесе өз астығы бір аптаға да жетпейтін Финляндия борышқа белшесінен батқандықтан тыри ете алмайтын еді.

Осы ұсақ мемлекеттердің бәрін большевиктерге қарсы күреске шығару үшін міне осындай талаптар қойылды. Бірақ бұлары екі қайтара сәтсіздікке ұшырады, сәтсіздікке ұшыраған себебі — большевиктердің бейбітшіл саясаты байсалды саясат болып шықты, бұл саясатты оның жаулары барлық өзге елдердің бейбітшіл саясатына қарағанда неғұрлым адал саясат деп бағалады, өйткені толып жатқан елдер өздеріне: өзімізді тұншықтырған Великороссияны біз қаншама жек көргенімізбен де, бізді тұншықтырған большевиктер емес, Юденич, Колчак, Деникиндер екенін біз білеміз деді. Финн ақ гвардияшыл үкіметінің бұрынғы басшысы Финляндияның тәуелсіздігін біздің сөзсіз мойындайтындығымыз туралы ешқандай қобалжымастан жазылған документті 1917 ж. ноябрьде өзі менің қолымнан алғандығын ұмытпады[81].

Ол кезде бұл жай ишара сияқты көрінген болатын. Финляндия жұмысшыларының көтерілісі мұны ұмытуға мәжбүр етеді деп ойлаған болатын. Жоқ, мұндай нәрсе-

лерді белгілі бір партияның бүкіл саясаты қуаттап отырғанда, олар ұмытылмайды. Сондықтан Финляндияның буржуазиялық үкіметі, тіпті соның өзі де былай деді: «Кәне, пайымдап көрейікші: орыс патшаларының езгісінде 150 жыл болғанда біз дегенмен біраз нәрселерді үйрендік. Егер біз большевиктерге қарсы шықсақ, онда біз Юденичті, Деникинді, Колчакты таққа отырғызуға көмектесеміз. Ал олар кімдер? Оларды біз білмейміз бе? Олар Финляндияны, Латвияны, Польшаны және басқа да толып жатқан халықтарды тұншықтырып келген кешегі патша генералдары емес пе? Біз енді сол дұшпандарымыздың большевиктерге қарсы күресіне көмектеспекшіміз бе? Жоқ, біз күте тұрармыз».

Олар тура бас тартуға бата алмады: олар Антантаға тәуелді еді. Олар бізге тікелей көмек көрсете алмады, олар аңысын аңдады, сөзбұйдаға салды, ноталар жазды, делегациялар жіберді, комиссиялар құрды, конференцияларға қатысып, онда қашан Юденич, Колчак және Деникин жаншылып болғанға дейін отырды, сөйтіп Антанта екінші науқанда да соққыға ұшырады. Біз жеңіп шықтық.

Егер осы ұсақ мемлекеттердің бәрі бізге қарсы аттана қалса,— ал оларға жүздеген миллион доллар берілді, ең жақсы зеңбіректер, қару-жарақтар берілді, оларда соғыста тәжірибе алған ағылшын нұсқаушылары болды,— егер олар бізге қарсы шыға қалса, ешқандай күмән жоқ, біз жеңілетін едік. Мұны әркім-ақ жақсы түсінеді. Бірақ олар бұған бармады, өйткені олар большевиктерді басқалардан гөрі анағұрлым адал деп білді. Большевиктер қай халықтың болсын тәуелсіздігін мойындайтындығын, патшалық Россияның басқа халықтарды езуге негізделгендігін, большевиктердің мұндай саясатты ешқашан да қолдамағандығын, қазір де және келешекте де қолдамайтындығын, большевиктер біреулерді езу үшін ешқашан да соғыс бастамайтындығын айтқанда,— олар міне осыны айтқанда жұрт оларға сенеді. Мұны біз латыш немесе поляк большевиктерінен біліп отырған жоқпыз,— Польшаның, Латвияның, Украинаның, т. т. буржуазиясынан біліп отырмыз.

Мұның өзі большевиктік саясаттың халықаралық ма-

цызының эсері болды. Бұл орыс топырағында емес, халықаралық көлемде сынап көру еді. Бұл құр сөзбен емес, қанды жорықпен сынап көру еді. Бұл ең ақырғы шешуші күресте сынап көру еді. Империалистер өздерінде солдаттың жоқ екенін, тек халықаралық күштерді жинағанда ғана большевизмді тұншықтыруға болатынын түсінген еді, бірақ осы халықаралық күштердің бәрі де соққыға ұшырады.

Империализм дегеніміз не? Ол: ат төбеліндей ең бай державалардың бүкіл дүние жүзін тұншықтыруы, олардың бүкіл дүние жүзінде бір жарым мың миллион адамның өз қолдарында екенін білуі және оларды тұншықтыруы, ал осы бір жарым мың миллион адамның ағылшын мәдениеті, француз мәдениеті және американ цивилизациясы дегеннің не екенін сезіп білуі. Ол — әркім шама-шарқынша талаи берсін деген сөз. Бұл күнде Финляндияның төрттен үш бөлігін американ миллиардерлері сатып алған. Біздің шеткері аймақтарымыздағы мемлекеттердің әскерлерін үйрету үшін оларға Англия мен Франциядан келген офицерлер, жеңіп алған елдерінде орыстың арсыз дворянсымақтары өздерін қалай ұстаған болса, солай ұстады. Олар оңды-солды жалдаптық жасады. Финляндия, Польша және Латвия жұмысшылары неғұрлым ашыға түскен сайын оларды ат төбеліндей ағылшын, американ және француз миллиардерлері мен солардың приказчиктері соғұрлым сыға түседі. Бұл бүкіл әлемде осылай болып отыр.

Тек Россия Социалистік Республикасы ғана шын азаттық жолындағы соғыстың туын көтерді, сондықтан бүкіл әлемде жұрттың тілектестігі оның пайдасына қарай ауып келеді. Біз ұсақ елдер арқылы жер жүзіндегі барлық халықтардың тілектестігін өз жағымызға қаратып алдық, ал мұның өзі — жүздеген миллион адам. Олар қазір езілген, жаншылған, олар — халықтың ең артта қалған бөлегі, бірақ соғыс олардың көзін ашты. Империалистік соғысқа орасан көп халық бұқарасы тартылды. Англия немістерге қарсы соғысу үшін Индиядан полктар келтірді. Франция немістерге қарсы соғысу үшін миллиондаған негрлерге мылтық асындырды. Бұлардан соққы беретін топтар құрастырылды, бұлар

пулеметтер баудай қырқып түсіп жатқан ең қауіпті жерлерге жіберілді. Сөйтіп, олар кейбір нәрселерді аңғаратын болды. Патша тұсында орыс солдаттарының: қырылсақ — помещиктерге қарсы соғысып қырылайық дегеніндей, олар да: қырылатын болсақ — француз қарақшыларының неміс қарақшы-капиталисін тонауына көмектесу үшін қырылмайық, неміс капиталистерінен де, француз капиталистерінен де азат болу үшін қырылайық десті. Дүние жүзіндегі барлық елдерде де, үш жүз миллион ағылшын батырақтары жаныштап отырған сол Индияның өзінде де, елдің санасы оянып, революциялық қозғалыс күн санап өсіп келеді. Олардың бәрі бір ғана жұлдызға, Совет республикасы жұлдызына көз тігіп отыр, өйткені империалистерге қарсы күресу үшін Совет республикасының орасан зор құрбандықтар жасағанын және арпалысқан шайқастарда төтеп бере алғанын олар біледі.

Антантаның соғылған екінші картасы дейтініміз міне осы. Бұл — халықаралық көлемде жеңу деген сөз. Бұл — біздің бейбітшіл саясатымызды жер жүзіндегі халықтардың орасан зор көпшілігі мақұлдайды деген сөз. Бұл — біздің одақтастарымыздың саны барлық елдерде де өсіп келеді, рас, біздің ойлағанымыздан гөрі баяулау өсуде, дегенмен өсіп келеді деген сөз.

Черчилльдің бізге қарсы дайындаған шабуылына қарсы тұрып, жеңіп шығуымыз біздің саясатымыздың дұрыстығын көрсетеді. Бұдан кейін біз үшінші жеңіске ие болдық — барлық елдерде де бізге құтырына қарсы шыққан буржуазияшыл интеллигенцияны, эсерлер мен меньшевиктерді жеңіп шықтық. Енді олар да Советтік Россиямен соғысуға бәрі қарсы шығып отыр. Барлық елдерде буржуазияшыл интеллигенция, эсерлер мен меньшевиктер — бұлардың тектестері, амал не, барлық елдерде де бар (қол шапалақтау) — Россияның ісіне қол сұғуды теріс деп тапты. Барлық елдерде де олар мұны масқаралық деп мәлімдеді.

Англия немістерге Советтік Россияға блокада жасауды ұсынып, Германия оның тілін алмай жауап қайырғанда, ағылшын эсерлері мен меньшевиктері, басқа да эсерлер мен меньшевиктер бұған шыдай алмады. Олар:

«Біз — большевиктерге қарсымыз, оларды зорлықшылар, тонаушылар деп есептейміз, бірақ Россияны ашаршылық блокадасы арқылы бізбен бірлесіп тұншықтыру үшін немістерге жасалған ұсынысты біз қолдай алмаймыз»,— деді. Сонымен, жау лагерінің ішінде, олардың өз елдерінде, Парижде, Лондонда, т. т. большевиктерді қудалап, оларға патша тұсында революционерлерге қалай қараса, солай қарайтын жерлерде,— барлық қалаларда буржуазияшыл интеллигенция: «Советтік Россиядан қолыңды тарт!» деген үндеу хат таратты. Англияда мұның өзі ұранға айналып, буржуазияшыл интеллигенция осы ұранмен митингілер өткізіп, үндеу хаттар жазатын болды.

Міне сондықтан блокаданы тоқтатуға тура келді. Олар Эстонияны ұстап тұра алмады, біз онымен бітімге қол қойдық, енді сауда қарым-қатынасын бастауымызға болады. Біз цивилизация әлемі жаққа қақпа аштық. Еңбекшілер көпшілігінің тілектестігі біздің жағымызда, ал буржуазия Россиямен неғұрлым тезірек сауда жасай бастаудың қамын ойлап отыр.

Енді империалистер бізден қорқады, қорқатын да жөні бар, өйткені Советтік Россия бұл соғыстан бұрын болмаған дәрежеде нығайып шықты. Ағылшын жазушылары: бүкіл дүние жүзінде армия азып барады, егер бүкіл дүние жүзінде армиясы нығая түскен ел болса, ол — Советтік Россия, деп жазды. Олар: мұның себебі — орыс армиясы аяусыз қатал шаралар қолдану арқылы және шеберлікпен жүргізілген кең үгіт арқылы темірдей берік тәртіпте ұсталып отыр деп, Троцкий жолдасқа жала жабуға әрекет жасады.

Біз бұдан ешқашан да тартынып көрген емеспіз. Соғыстың аты соғыс, ол темірдей берік тәртіп болуын талап етеді. Ал сіздер, капиталист мырзалар, мұндай шараларды қолданып көрмеп пе едіңіздер? Сіздер, капиталист мырзалар, кеңінен үгіт жүргізбеп пе едіңіздер? Сіздерде қағаз бен баспахана жүз есе көп емес пе? Егер біздердің әдебиетіміздің мөлшерін сіздердікімен салыстырсақ, біздердікі төбешік, сіздердікі таудай болып шыға келмей ме? Алайда сіздердің үгіттеріңіз түкке аспады, ал біздің үгітіміз жеңіп шықты.

Эсерлер мен меньшевиктер капиталистермен бейбіт бітісуге болмас па екен, солардан әлеуметтік реформаларға көшуге болмас па екен деген тәжірибе істеп көрді. Олар Россияда капиталистерді ренжітіп алмай, ағайыншылықпен әлеуметтік реформаға көшуді тіледі. Олар капиталист мырзалардың капиталист екендігін, оларды тек жеңіп алу ғана мүмкін екенін естерінен шығарды. Олар: большевиктер азамат соғысында елді қанға бояды, дейді. Ал сіздер, эсер мен меньшевик мырзалар, өз тәжірибелеріңізді іске асыру үшін 8 ай уақыт өткізген жоқ па едіңіздер? Сіздерге барлық кадеттер, бүкіл Антанта, дүние жүзінің барлық ең бай елдері көмектескен кезде, сіздер 1917 жылы февральдан октябрьге дейін Керенскиймен бірге өкімет басында отырған жоқ па едіңіздер? Сонда сіздердің программаңыз азамат соғысынсыз әлеуметтік өзгерістер жасау болған еді. Егер сіздер шынында да әлеуметтік реформа жасай бастаған болсаңыздар, онда әлемде революция жасауға ұмтылған тым болмаса бір ақымақ табылар ма еді? Сіздер оны неге істемедіңіздер? Оның себебі — сіздердің программаңыз бос программа, құрғақ қиял еді. Оның себебі — әсіресе төрт жылға созылған империалистік соғыстан кейін капиталистермен мәмлеге келуге, оларды өздеріңізге бейбіт бағындыруға болмайды. Сіздер қалай ойлайсыздар,— Англияда, Францияда, Германияда өздерінің осы соғысқа отарларды бөлісу үшін кіріскенін түсінетін есті адамдар жоқ дейсіздер ме? 10 миллион адам өліп, 20 миллион адам мүгедек болғанда мұның олжа бөлісу үшін болғанын олар түсінбейді дейсіздер ме? Бұл капитализм дегеніңіз міне осындай. 20 миллион адамды мүгедек етіп, 10 миллион адамды қырған бұл капитализмді қалай көндіруге, онымен қалай келісуге болады? Сондықтан біз меньшевиктер мен эсерлерге былай дейміз: «Сіздердің тәжірибе істеуге мүмкіндіктеріңіз болды емес пе, ал не себепті одан ештеңе шықпады? Оның себебі — сіздердің программаңыз бос қиял еді, ол Россияда ғана емес, тіпті Германияда да қиял еді, ал Германияда қазір өкімет басында өздерін ешкімге де тыңдатқыза алмайтын неміс меньшевиктері мен эсерлері отыр, Германияда бақайшағына дейін қарулатқан неміс Корниловы

реакция дайындап жатыр[82], герман республикасында қалалардың көшелерінде 15 000 жұмысшы қырғынға ұшырады. Осы да демократиялық республика деп аталады-ау!». Ал неміс меньшевиктері мен эсерлері әлі де: большевиктер оңбаған, олар елді азамат соғысына ұрындырды, ал бізде әлеуметтік татулық болып отыр, көшелерімізде не бары 15 000 жұмысшы ғана өлді!— деулері мүмкін.

Олардың айтуынша, бізде азамат соғысы мен қан төгістің болу себебі — біз артта қалған елміз. Ендеше, нақ осындай оқиға Финляндия сияқты артта қалмаған елдерде де болып жатқан себебі не, соны айтыңызшы? Венгрияда бүкіл дүние жүзін ашындырған ақ террор неге жүріп жатыр? Кайзер құлатылғаннан кейін өкімет басында меньшевиктер мен эсерлер отырған герман республикасында Люксембург пен Либкнехт неге өлтірілді? Онда меньшевиктер неге күшті емес, Корнилов неге күшті және онда одан гөрі большевиктер неге күшті, бұлар, жанышталып отырса да, өз істерінің дұрыстығына сенетіндігімен, бұқараға жасап отырған ықпалымен күшті болып отырған жоқ па?

Міне бұл халықаралық революция; бұл революция жөнінде большевиктер онымен халықты алдап жүр деушілер болды, ал шынында келісімге келу жөніндегі үміттердің бәрі де бос сандырақ болып шықты.

Буржуазиялық елдердің өздері арасында үлкен қырқысу болып жатыр. Америка мен Жапония бір-біріне тап беруге таяу тұр, өйткені Жапония империалистік соғыс кезінде тың отырды және Қытайды түгелімен дерлік өзіне алып қойды, ал Қытайда 400 миллион адам бар. Империалист мырзалар былай дейді: «Біз республика жағындамыз, біз демократия жағындамыз, бірақ біздің көз алдымызда отырып-ақ жапондардың шамадан тыс көп ұрлап әкеткені қалай?». Жапония мен Америка соғыс қарсаңында тұр, тағы да 10 миллион адам қырылып, 20 миллион адам мүгедек болатын бұл соғысты болдырмауға ешқандай мүмкіншілік жоқ. Франция да: «Отарлар кімге тиді?— Англияға тиді»,— деп отыр. Франция жеңді, бірақ ол борышқа белшесінен батты, оның ешбір лажы қалмай отыр, ал бұл екі арада Англия

байып алды. Онда қазір жаңа комбинациялар мен одақтар қайта құрыла бастады, онда отарларды бөлісу үшін қайтадан бір-біріне тап беріскелі отыр, сөйтіп империалистік соғыс қайтадан тұтанғалы отыр, оны тоқтату мүмкін емес,— мүмкін болмайтын себебі — капиталист жеке алғанда жауыз адам болғандықтан емес,— олардың әрқайсысы жеке алғанда кәдімгі адам,— оның себебі — олар осылай стпесе финанс бұғауынан құтыла алмайды, оның себебі — бүкіл дүние жүзі борышқа батқан, кіріптарлыққа түскен, оның себебі — жеке меншік соғысқа әкеліп ұрындырды және әрқашан да ұрындыра бермек.

Осының бәрі барған сайын тереңдей беретін халықаралық революцияны туғызғалы отыр. Осының арқасында біз француз және ағылшын солдаттарын өз жағымызға қаратып алдық, осының арқасында біз кішкене мемлекеттердің сеніміне ие болдық, сондықтан біздің халықаралық жағдайымыз енді бұрын болып көрмеген дәрежеде жақсы. Қарапайым есепке сүйеніп біз былай дейміз: біздің алдымызда тұрған қиыншылықтар әлі де көп, бірақ ең үлкен қиыншылықтардан өтіп кеттік. Бүкіл дүние жүзілік-қуатты Антантадан біз енді қорықпаймыз: шешуші шайқастарда біз оны жеңіп шықтық. (Қол шапалақтау.)

Рас, олар әлі бізге Польшаны айдап салуы мүмкін. Поляк помещиктері мен капиталистері 1772 жылғы территорияны[83] алғымыз келеді десіп, Украинаны өзімізге бағындырғымыз келеді десіп, дуылдасып, айбат шегіп отыр. Францияның Польшаны өшіктіріп, оған миллиондаған қаржыны шашып отырғаны бізге мәлім, өйткені Франция бәрібір банкрот болды, сондықтан соңғы үмітін Польшаға артады. Ал біз Польшадағы жолдастарға, басқа да халықтардың бостандығын сақтағанымыз сияқты, Польшаның да бостандығын сақтайтындығымызды, патша өкіметінің езгісін басынан кешірген орыс жұмысшысы мен шаруасы бұл езгінің не екенін жақсы білетінін айтып отырмыз. Польшаның неміс, австриян және орыс капиталының бөлісіне түскені орасан зор қылмыс болғанын, осы бөліс поляк халқын ұзақ жылдар езгіге душар еткенін, бұл кездерде ана тілін пайда-

лану қылмыс болып саналғанын, бұл кездерде бүкіл поляк халқы бір ой-пікірде — осы үш жақты езгіден құтылу ой-пікірінде тәрбиеленгенін біз білеміз. Сондықтан да поляктың жанын жайлап алған өшпенділікті біз ұғамыз, сол себепті біз оларға қазір біздің әскерлеріміз тұрған шекарадан,— ал ол шекара поляк халқы тұратын жерлерден әлдеқайда алыс жатыр,— ешқашан да әрі аттап баспайтынымызды айтамыз. Сөйтіп, біз осы негізде бітім ұсынамыз, өйткені мұның Польша үшін зор жетістік болатынын біз білеміз. Біз территориялық шекараға бола соғысқымыз келмейді, өйткені біз кезкелген великоросс езуші деп саналған қарғыс атқан ескілікті жойғымыз келеді.

Бірақ егер біздің бітім жөніндегі ұсынысымызға Польша үндемей қалса, егер ол өзін Россияға қарсы соғысуға айдап салып отырған француз империализміне ерік беріп қоятын болса, егер Польшаға соғыс керекжарақтары тиелген поездар күн сайын келе беретін болса, егер поляк империалистері Россияға қарсы соғысамыз деп бізге қожаңдай берсе, онда біз: «Байқап көріңдер! Онда сендер өмірі естеріңнен шықпайтын сабақ аласыңдар»,— дейміз. (Қол шапалақтау.)

Империалистік соғыс кезінде солдаттар патша мен помещиктердің баюы үшін қырылып жатқанда, біз империалистік соғыста отанды қорғау сатқындық екенін, Дарданеллді, Константинопольді, т. т. алуға тиісті болған орыс патшасын қорғау екенін тура, ашық айттық. Ал біз құпия шарттарды жариялаған кезде, біз империалистік соғысқа қарсы революция жасауға барған кезде, біз осы революция үшін адам естімеген азаптарға төтеп берген кезде, біз Россияда капиталистердің жаныштлғанын, олардың ескі құрылысқа қайта оралуды ойлауға да батылы бармайтынын дәлелдеп отырған кезде біз былай дейміз: біз бөтен халықтарды тонау правосын қорғап отырған жоқпыз, біз өзіміздің пролетарлық революциямызды қорғап отырмыз, оны біз ақырына дейін қорғаймыз. Азат болған Россияны, екі жыл бойы азап шегіп өзінің советтік революциясын басынан кешірген Россияны, осы Россияны біз қасық қанымыз қалғанша қорғаймыз! (Қол шапалақтау.)

Өзімізді жан-жағымыздан империалистердің армиялары қыспаққа алған кезден, Россиядағы еңбекшілер біздің міндеттерімізді әлі түсіне алмай жатқан кезден өткенімізді біз білеміз. Ол кезде партизаншылдық басым болды, тұтастықты ескермей, әркім қару-жарақты өзіне алғысы келді, жергілікті жерлерде бассыздық, тонаушылық етек алды. Осы екі жылдың ішінде біз біртұтас, тәртіпті армия құрдық. Бұл өте қиын міндет еді. Әскери іске бірден үйренуге болмайтыны өздеріңізге мәлім. Әскери ғылымды тек офицерлер — патша армиясынан қалған полковниктер мен генералдар ғана білетіні де өздеріңізге мәлім. Осы ескі полковниктер мен генералдардың қырсығынан опасыздықтардың көп болғанын, олардың ондаған мың адамның басын жұтқанын, әрине, сіздер естідіңіздер. Осындай опасыздардың бәрін түгел аластау керек болды, сонымен қатар жұмысшылар мен шаруалардың үйренуі үшін командирлер құрамын бұрынғы офицерлерден іріктеу керек болды, өйткені осы заманғы армияны ғылымсыз құруға болмайды, сондықтан оны әскери мамандардың қолына беруге тура келді. Бұл — қиын міндет, бірақ біз оны да игердік.

Біз біртұтас армия құрдық, ол армияны қазір тәжірибелі коммунистердің алдыңғы қатарлы бөлегі басқарып отыр, олар үгіт пен насихат жұмысын барлық жерде де жолға қоя білді. Рас, империалистер де өз үгітін жүргізіп жатыр, бірақ енді шаруалар үгіттің де үгіті бар екенін түсіне бастады. Шындықтың қайда екенін, өтіріктің қайда екенін олар өздерінің ішкі түйсігімен аңғара бастады. Қалай болған күнде де меньшевиктер жүргізе бастаған үгіт, Колчак пен Деникин тарапынан жүргізілген үгіт қазір бұрынғыдай нәтиже бермейді. Олардың плакаттары мен кітапшаларын алып көріңіз. Оларда Құрылтай жиналысы туралы айтылады, бостандық пен республика туралы айтылады, бірақ қанын төгіп бостандық алған жұмысшылар мен шаруалар «Құрылтай» деген сөздің тасасында капиталист тұрғанын енді түсінетін болған. Егер Колчак пен Деникинді ұлы державалардың қолдағанына қарамастан, Колчак пен Деникинге қарсы күрестің нәтижесі біздің пайдамызға

шешілген болса, оның себебі — ұзақ уақыт бойы қарсы жақта болып келген шаруалар да, еңбекші казактар да, ақырында, енді жұмысшылар мен шаруалардың жағына шықты, соғысты сайып келгенде тек осы ғана шешіп, бізді жеңіске жеткізді.

Осы жеңіске сүйене отырып, біз барлық күшімізді салып, енді бұл жеңісті басқа майданда, қан төгілмейтін майданда, бізді помещиктерге, капиталистерге, Колчак пен Деникинге қарсы соғыс душар етіп отырған күйзеліске қарсы соғыс майданында баянды етуге тиіспіз. Бұл жеңістің бізге қаншалықты қымбатқа түскенін сіздер білесіздер, біз астықты аудандардан, Урал мен Сибирьден бөлініп қалған кезімізде қандай жойқын күреске шыдауымызға тура келгенін сіздер білесіздер. Сол кезде Москва мен Петроград жұмысшылары адам төзгісіз аштық азабын бастан кешіруге тиіс болды. Кейбіреулер сіздерді «пролетариат диктатурасы» деген сөздермен қорқытты. Бұл сөздермен шаруаларды және еңбекші казактарды қорқытып, оларға диктатура деген жұмысшылардың озбырлығы деп түсіндіруге тырысты. Ал шынында, ол кезде Англия мен Америка Колчак пен Деникинді қолдауға тырысып жатқан кезде, орталықтағы қалалардың жұмысшылары, өз диктатурасын жүзеге асыра отырып, жұрттың бәріне өздері үлгі болып, помещиктер мен капиталистерден қалай бөлектеніп, еңбекшілермен қалай бірге жүру керек екендігін, өйткені еңбектің жұртты біріктіретінін, ал меншіктің жұртты ажырататынын көрсетуге тырысты. Өзіміздің екі жыл бойы төтеп берген сол тәжірибеміз бізді жеңіске жеткізді. Бізді нақ сол еңбек біріктірді, ал Антанта ылғи ыдыраумен келеді, өйткені меншік империалистерді тағы хайуанға айналдырды, олар үнемі олжа үшін қырқысумен келеді. Ал еңбек бізді барлық еңбекшілерді біріктіретін күшке айналдырды. Енді «диктатура» деген сөз тек мүлде қараңғы адамдарды ғана қорқытуы мүмкін, бірақ Россияда енді ондай адамдар қалды ма екен.

Қайдам, Колчак пен Деникин үйретпеген, пролетариат диктатурасы деген — астаналық қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының пролетариаты еңқашан да

осы екі жылдағыдай ауыр жағдайда болған емес деген сөз екенін ұқпаған тым болмаса бір адам қалды ма екен. Қазір өндіруші губерниялардағы шаруалардың жағдайы мынадай: олар жерге ие болған, бүкіл өнімді өздері алады. Мыңдаған жылдардың ішінде тұңғыш рет, большевиктердің революциясынан кейін, орыс шаруалары өздері үшін жұмыс істеп, өздерінің ішіп-жемін жақсартуға мүмкіндік алып отыр. Ал сонымен қатар күрестің осы екі жылында жұмысшы пролетариат, өз диктатурасын жүзеге асыра отырып, адам естімеген аштық азабын басынан кешірді. Диктатура дегеннің — басшылық екендігі, бөлшектелген бытыраңқы еңбекшілер бұқарасын біріктіру екендігі, капиталистерді жеңу үшін, 10 миллион адамның басын жұтып, 20 миллион адамды мүгедек еткен қанды қырғынның бұдан былай қайталанбауы үшін капиталистерге қарсы біртұтас болып топтасу екендігі енді сіздерге түсінікті. Аса қуатты армияларға, осы заманғы мәдениетке сүйеніп отырған күшті жеңу үшін, бұл үшін барлық еңбекшілердің топтасуы керек, темірдей берік біртұтас жігер керек. Ал мұндай темірдей берік біртұтас жігер тек еңбекшілер бұқарасында ғана, тек жұмысшы пролетариатта ғана, тек саналы жұмысшыларда ғана болады; бұл жұмысшылар ондаған жылдар бойы стачкалар, демонстрациялар арқылы күресте тәрбиеленді, патша өкіметін құлата алды, бұл жұмысшылар адам естімеген азамат соғысының екі жылында күллі ауыртпалықты өз мойындарымен көтерді, ондаған мың маңдай алды жұмысшылар, шаруалар және курсанттар енген біртұтас Қызыл Армияны ұйымдастырып, алдыңғы сапта соғысты, олар ең алдымен қаза тапты, олар Москвада, Петроградта және Иваново-Вознесенскіде, Тверьде, Ярославльде, барлық өнеркәсіп орталықтарында адам естімеген аштық азабын шекті. Міне бұл азап жұмысшыларды топтастырды, өндіруші губерниялардың шаруалары мен еңбекші казактарын большевиктер айтқан шындыққа сенуге мәжбүр етті, өйткені большевиктер мұнысымен олардың ақ гвардияшыларға қарсы күресте төтеп беруіне мүмкіндік туғызды.

Міне сондықтан да жұмысшы табы: осы екі жылдағы құрбандықтармен, соғыспен бүкіл еңбекші шаруаларға, әрбір еңбекші казакқа біздің бірігуіміз керектігін, топтасуымыз қажеттігін дәлелдедім деуге праволы. Астықты тұрақты баға бойынша сатпай, пұтын мың сомнан сату пайдалы болғандықтан, аштықты пайдаланып жалдаптық жасаушыларға қарсы күресуіміз керек. Мұндай жалдаптықпен баюға болады, бірақ мұның өзі кері, ескі уақыттарға қарай сүйрейді, онда біз тағы да баяғы қарғыс атқан апанға, патша өкіметі үстемдік еткен кезге, капиталистер өздерінің пайдалары үшін адамзатты империалистік қырғынға айдап салған кезге қайта түсеміз. Мұның өзі кері сүйрейді, бұған жол беруге болмайды. Колчак пен Деникинге қарсы күрестен кейін, топтасудың қажет екендігі жөніндегі шындық еңбекші шаруаларға да, казактарға да айқын болды, олар енді жұмысшыларға қосылып отыр, жұмысшы табын өздерінің жетекшілері деп танып отыр. Еңбекші шаруалар жұмысшы өкіметінен ешқандай зәбір көрген жоқ және көруі мүмкін де емес; тек помещиктер, капиталистер, кулактар ғана зәбір көрді, ал бұлар — еңбекшілердің қас жаулары, бұлар — халықты неше түрлі апатқа, қанды соғысқа ұрындырған империалистердің одақтастары. Барлық жұмысшылар, бүкіл еңбекші бұқара топтасуы қажет, тек сонда ғана біз жеңеміз.

Қанды соғыс аяқталды, енді біз төрт жылдық империалистік соғыс пен екі жылдық азамат соғысы бізді душар еткен бүліншілікке қарсы, күйзеліске, қайыршылыққа, ауруларға қарсы қан төгілмейтін соғыс жүргізіп жатырмыз. Бұл күйзелістің сұрапылдығы өздеріңізге мәлім. Қазір Россияның шеткері аймақтарында, Сибирьде, оңтүстікте ондаған миллион пұт астық бар, қазірдің өзінде миллиондаған пұт астық жинадық және тасып жеткіздік, ал Москва әлі аштық азабын шегіп отыр. Астықты тасып жеткізе алмағандықтан жұрт аштан өліп жатыр, ал тасып жеткізе алмаудың себебі — азамат соғысы елімізді әбден күйзелтті, транспортты бүлдірді, ондаған көпірлерді қиратты. Паровоздар бұзылды, ал оларды тез жөндеп алуға бізде мүмкіндік жоқ. Біз қазір шетелден көмекті әрең алып отырмыз. Бірақ

өнеркәсіпті толық қалпына келтіруге көшуге енді мүмкіндік бар екенін біз білеміз.

Товар жоқ болғандықтан, астыққа товар бере алмай отырғанымызда, өнеркәсіпті қалпына келтіру үшін не істеуіміз керек?

Совет өкіметі шаруалардан астықты тұрақты баға бойынша алғанда, оларға тек қағаз ақша ғана бере алатынын біз білеміз. Бұл қағаздардың қаншалық бағасы бар? Олар астыққа өтеу бола алмайды, ал біз тек қағаз ақша ғана бере аламыз. Бірақ біз: осылай ету қажет, шаруалар астығын қарызға беруге тиіс дейміз. Ал енді егер жұмысшы тойынған соң өнімдерін өзіне қайтарып беретініне көзі жетсе, бірде-бір тоқ шаруа ашыққан жұмысшыға астық беруден бас тартар ма еді? Бірде-бір адал, саналы шаруа астығын қарызға беруден бас тартпайды. Артық астығы бар шаруалар астығын мемлекетке қағаз ақшаға беруге тиіс — қарыз дейтініміз міне осы. Мұны түсінбейтіндер, ұқпайтындар — тек капитализм мен қанаушылықты жақтаушылар ғана, тоқ адам аш адамның есебінен бұрынғыдан бетер байи түссін деушілер ғана. Бұл жұмысшы өкіметі жол бере алмайтын нәрсе, сондықтан бұған қарсы күресуде бізге ешқандай құрбандықтар бөгет бола алмайды. (Қол шапалақтау.)

Біз енді барлық күшімізді өнеркәсіпті қалпына келтіруге жұмсап, осы жаңа соғыста ұдайы ілгерілеп келеміз; осы күнге дейін қандай жеңіске жетіп келсек, бұл соғыста да сондай жеңіске жетеміз. Біз ғалымдар мен техниктер комиссиясына Россияны электрлендіру жоспарын жасауды тапсырдық. Бұл жоспар екі айдан кейін дайын болады, сөйтіп, бүкіл Россияда бірнеше жыл ішінде электр сымдарының желісі қалай тартылатынын, Россияның ескіше емес, жаңаша қалпына келтірілетінін, Россия біздің тұтқында болған адамдарымыздың Германияда көргендеріндей мәдениетке қалай жететінін айқын көруге толық мүмкіндік туады.

Біз өнеркәсібімізді осылай қалпына келтіруге тиіспіз, біз шаруалардан қарызға алған астығымызды осылай еселеп қайтарамыз. Бұл істі бір не екі жылда істеуге болмайтынын біз білеміз; электрлендірудің минимум

программасы кемінде үш жылға арналған, ал осы мәдениетті өнеркәсіптің толық жеңіп шығуы үшін кемінде он жыл керек. Ал егер біз осындай қырғын соғыста екі жыл бойы төтеп бере алған болсақ, енді барлық қиыншылықтардан өтіп, он жыл бойы да, одан да көп жыл төтеп бере аламыз. Біз еңбекші бұқараға жұмысшылар арқылы басшылық ету тәжірибесін игердік; бұл тәжірибе күйзелушілікке қарсы күрестегі осы бір қан төгілмейтін майданда барлық қиыншылықтардан алып өтеді, сөйтіп бізді халықаралық империализмге қарсы соғыстағы жеңістерімізден де асып түсетін жеңістерге жеткізеді. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

1920 ж. 2 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 47-номерінде толық емес күйінде басылған

1920 ж. 2, 3 және 4 мартта «Правда» газетінің 47, 48 және 49-номерлерінде толық басылған

«Правда» газетінің тексті бойынша мына кітапшаның текстімен салыстырылып басылып отыр: В. И. Ленин. «Еңбекші казактардың Бүкілроссиялық бірінші съезінде сөйленген сөз». Москва, 1920

МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ II СЪЕЗІНДЕ 1920 ж. 1 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[84]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

(Көпке дейін басылмаған қол шапалақтаумен және «Интернационалды» шырқаумен қарсы алынған Ленин жолдас қысқаша құттықтау сөз сөйледі.) Жолдастар, сіздердің съезіңізді Халық Коммисарлары Советі атынан құттықтауыма рұқсат етіңіздер. Мұнда съездің міндеттері туралы және сіздердің сіңірген еңбектеріңіз туралы көп сөйлеудің қажеті жоқ. Бәлкім, соғыс майданынан кейін басқа ешқандай жұмыста нақ сіздердегідей көп құрбандық жасалмаған болар. Төрт жылға созылған империалистік соғыстың салдарынан бірнеше миллион адам мүгедек болып қалды және бірсыпыра жұқпалы аурулар тарады.

Біздің үлесімізге орасан зор, ауыр, жауапты міндет тиді. Соғыс майданындағы күрес империалистердің әрекетінен түк шықпағанын дәлелдеді. Соғыс ісінің ең үлкен қиыншылықтары артта қалды, ал қазір бейбіт құрылыс міндетін жүзеге асыру керек. Қанды майданда алған тәжірибемізді біз қан төгілмейтін майданда да қолданамыз; мұнда бізге тілектестер анағұрлым көп болады.

Біз мыңдаған мамандарды, орасан көп офицерлерді, генералдарды қызметке тарта білдік; олар коммунист жұмысшылармен бірдей жауапты қызметтерде отыр. Азамат соғысының бүкіл батылдығын, бүкіл тәжірибесін біз жұқпалы ауруларға қарсы күреске бағыттауымыз керек.

Бір кездерде медицина мамандығының өкілдерінде де жұмысшы табына сенбеушілік болды, бір кездерде олар да буржуазиялық құрылысты қайта орнатуды арман етті. Тек пролетариатпен бірлесіп қана Россияны мәдениет жағынан гүлдендіруге болатынына енді олардың да көзі жетті. Ғылым өкілдері мен жұмысшылардың ынтымақтастығы,— тек осындай ынтымақтастық қана қайыршылықтың, ауру-сырқаудың, ластықтың бүкіл езгісін жоя алады. Және бұл істеледі де.

Ғылым өкілдерінің, пролетариаттың және техниканың одағы алдында ешқандай дүлей күш шыдап тұра алмайды.

Қысқаша газет есебі 1920 ж. 6 мартта «Известия ВЦИК»-тің 51-номерінде басылған

1920 ж. мына кітапта толық басылған: «Всемедиксантруд» одағының емдеу-санитария ісі қызметкерлерінің Бүкіл россиялық екінші съезі. Протоколдар мен қарарлар». Москва

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

ТРОЦКИЙДІҢ «ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ» ДЕГЕН ТЕЗИСТЕРІНІҢ ЖОБАСЫНА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Жобаға жасалған ескертпелер

1-параграфқа

а) 1-параграф: *«Еңбек өрлеуі туралы»*[85] деп аталсын. Екінші жолдағы «еңбекке деген ерік өрлеуін» деген сөздер *«еңбек өрлеуін»* деген сөздермен ауыстырылсын.

б) Мынадай қосымшалар жасалсын

жұрттың бәрі мойындаған және халық шаруашылығы советтерінің көптеген съездері және басқалар қуаттаған принцип — белгілі бір операцияларды немесе жұмыстарды немесе тапсырмаларды орындау үшін әрбір қызметкердің (коллегия мүшесінің, жетекшінің, басқарушының, т. б.) дәлме-дәл жауапкершілігін белгілеу принципі қажырлы және табанды түрде, қалай болғанда да, жүзеге асырылатын болуға тиіс. Бұл принцип осы кезге дейін мүлде жеткіліксіз жүзеге асырылып келеді.

в) Тұтынушылар — тұтыну қоғамдары, т. с. арқылы — өндіріске бақылау жасау ісіне үнемі қатыстырылып отыруға тиіс.

г) Жұмысшы-Шаруа инспекциясы өнімді өндіру мен бөлуге бақылау жасау ісіне барған сайын көп қатысуға дағдылануы керек.

д) Жалдаптық пен созбұйдалыққа қарсы, сондай-ақ бюрократизмге қарсы күрес бірінші кезекке қойылуға тиіс.

е) Барлық күш-жігер жарысты ұйымдастыруға жұмсалуға тиіс. Тәртіпті және еңбек өнімділігін арттыру

жөніндегі шаралардың қатарына түзелмейтіндер үшін паскті кеміту, т. с. кіруге тиіс.

ж) Троцкийдің 4-параграфының аяғы (соңғы 9 жол) алып тасталсын немесе жұмсартылсын, немесе неғұрлым жалпы түрде тұжырымдалсын.

(Менің алдын ала жасамақ бастапқы ескертпелерім осындай.)

Ленин

3/III.

1920 ж. 3 мартта жазылған

Бірінші рет 1934 ж. мына кітапта басылған: «РК(П(б) тоғызыншы съезі. Март—апрель, 1920 ж.»

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІНЕ

Капитализм ресми теңдікті экономикалық, демек, әлеуметтік теңсіздікпен біріктіріп отырады. Бұл — капитализмнің буржуазияны жақтаушылар, либералдар бүркемелеп жүрген, ұсақ буржуазияшыл демократтар ұқпай келе жатқан негізгі ерекшеліктерінің бірі. Капитализмнің осы ерекшелігінен, айта кету керек, экономикалық теңдік жолындағы шешуші күресте капиталистік теңсіздікті ашық мойындау, тіпті, белгілі бір жағдайларда, теңсіздікті осылай ашық мойындауды пролетарлық мемлекеттіктің негізі етіп алу (Советтік конституция) қажеттігі туады.

Бірақ тіпті ресми теңдік жөнінде де (заң жүзіндегі теңдік, тоқ пен аштың, меншік иесі мен жарлының «теңдігі») капитализм дәйектілік *көрсете алмайды.* Осы дәйексіздіктің өрескел көріністерінің бірі — әйелдің еркекпен *тең праволы еместігі.* Толық теңдікті ешбір мемлекет, тіпті ең прогресшіл деген республикалық, демократиялық, буржуазиялық мемлекет те берген емес.

Ал Россияның Советтік республикасы әйел теңсіздігі жөніндегі заңның іздерін *түк қалдырмай түгел* сыпырып тастады, әйелге заң жүзінде толық теңдікті бірден қамтамасыз етті.

Мәдениеттің дәрежесін бәрінен де гөрі әйелдердің заң жүзіндегі жағдайы сипаттайды деседі. Бұл нақыл сөзде терең ақиқаттың дәні бар. Осы тұрғыдан қарағанда да тек пролетариат диктатурасы ғана, тек социалистік

мемлекет қана мәдениеттің жоғары дәрежесін жүзеге асыра алатын еді және жүзеге асырды да.

Сондықтан әйелдердің жұмысшы қозғалысына жаңа, бұрын-соңды болмаған қуатты қозғау салу тұңғыш Советтік республиканың орнауына (және орнығуына),— ал сонымен қатар және соған байланысты Коммунистік Интернационалға — сөзсіз байланысты.

Әңгіме капитализмнен тікелей немесе жанамалап, жаппай немесе ішінара езгі көргендер туралы болып отырғандықтан, мұнда нақ советтік құрылыс, тек советтік құрылыс қана демократияны қамтамасыз етеді. Мұның өзі жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың жағдайынан анық көрінеді. Мұның өзі әйелдердің жағдайынан анық көрінеді.

Бірақ советтік құрылыс *таптарды жою* жолындағы, экономикалық және әлеуметтік теңдік жолындағы ең ақырғы шешуші майдан болып табылады. Демократия, тіпті капитализмнен езгі көргендерге, оның ішінде езілген жынысқа берілген демократия да — *бізге жеткіліксіз.*

Әйелдердің жұмысшы қозғалысы әйелдердің тек ресми теңдігі үшін ғана емес, экономикалық және әлеуметтік теңдігі үшін күресуді өзінің басты міндеті етіп қойды. Әйелді қоғамдық-өнімді еңбекке тарту, оны «үйдегі күңдіктен» құтқару, оны топастандыратын және еңсесін көтертпейтін бағыныңқылықтан — өмір бақи және тек қана ас үйде, балалар бөлмесінде жүруден азат ету — міне басты міндет осы.

Бұл — қоғамдық техниканы да, құлықты да түбегейлі өзгертуді талап ететін, ұзаққа созылатын күрес. Бірақ бұл күрес коммунизмнің толық жеңісімен аяқталады.

4 март, 1920 ж.

«Правда», 8 март, 1920 ж.
(арнайы басылым)
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің
тексті бойынша
басылып отыр

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ЖҮРГІЗІЛЕТІН СОТ ТУРАЛЫ[86]

ДЕКРЕТ ЖОБАСЫНА ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР МЕН ТҮЗЕТУЛЕР

1) Арасын айырып қарау теориясы *жарамсыз.*
2) Соттар мен түрмелер *бұзады.*
3) Балалардың психологиясын *кім* біледі? соттар ма әлде экспертиза ма?
4) Ерекше орындар?
5) Жалдаптар және басқалар? *р е ц и д и в?*

---

1) Денсаулық сақтау халық комиссариатымен, Халық ағарту комиссариатымен, Орталық статистика басқармасымен келісе отырып, кәмелетке толмағандарды жауапқа тартудың әрбір оқиғасы туралы есеп беру формалары мен олар жайындағы істі қарау формаларын белгілеу Юстиция халық комиссариатына тапсырылсын.
2) Кәмелетке толмаған кемістер үшін емдеу-тәрбиелеу мекемелерін ұйымдастыру жөніндегі жұмысты күшейту Халық ағарту комиссариаты мен Денсаулық сақтау халық комиссариатына тапсырылсын.

Кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссия мүшелерінің адам құрамына және олардың өз міндеттерін қалай орындап жүргеніне неғұрлым қатаң бақылау жасау Юстиция халық комиссариатына тапсырылсын.

1920 ж. 4 мартта жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫ МОСКВА СОВЕТІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1920 ж. 6 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, председатель жолдас менің Москва Советінің мүшесі екендігімді[87] айтын, әлгінде меңзеп өткен міндеттерді, сірә, орындап шыға алмаймын-ау деп қатты қынжылып тұрмын, бірақ, дегенмен, Москва Советінің жаңа құрамын құттықтауға мүмкіндік туғанына өте қуаныштымын. Еліміздің жалпы жағдайына байланысты, әсіресе Москва жұмысшыларына, көбінесе және ең алдымен Москва Советіне жүктелетін міндеттер туралы бірер сөз айтуыма рұқсат етіңіздер.

Жолдастар, бүкіл дүние жүзіндегі капиталистермен одақтасқан помещиктер мен капиталистер бізге душар еткен соғысты біздің, сірә, жуық арада толық жеңіспен аяқтармыз деген зор сеніміміз бар. Әлі де қалып отырған барлық майдандардың ішіндегі ең ақырғы елеулі майдан болып табылатын Кавказ майданының революциялық-әскери советінің мүшесінен мен бүгін жаңа ғана телеграмма алдым. Бұл телеграммада барлық бағыттарда дұшпанның қарсыласуы тойтарылды деп хабарлайды (қол шапалақтау), сонымен енді, Колчак майданы мен Архангельск майданы жойылғаннан кейін, біз үшін, сірә, Деникин майданы да біржолата жойылатын күн қашық болмаса керек. Бірақ, жолдастар, азамат соғысының нәтижелері мен халықаралық жағдай біз үшін қаншама қолайлы болып тұрғанмен де, империалистік державалар біржолата жеңілудің аз-ақ алдында тұрғаны айқын болғанымен де, олардың бізге қарсы соғысу үшін кімді болса да біріктіруден тайынбаған әре-

кеттерінің бәрі күйреп аяқталғанымен де,— бұл жағдай қаншама қолайлы болғанмен де, қауіптен, тіпті сыртқы қауіптен де, әлі арылып болмағанымызды айтуымыз керек. Польшаны Россияға қарсы соғысқа айдап салу әрекеттері, әсіресе империалистік Франция тарапынан, әлі де істеліп жатыр. Сіздердің бәріңіз де, әрине, баспасөзден, Орталық Атқару Комитетінің шешімдерінен, казактардың съезінде және көптеген басқа да съездерде жасалған мәлімдемелердің бәрінен мынаны білесіздер: осы соғысты болдырмау үшін Совет республикасы өз тарапынан мүмкін болғанның бәрін істеді, біз поляк халқына ресми түрде ғана емес, ең достық пейілмен де, бітім ұсындық, поляк мемлекетінің тәуелсіздігін мейлінше салтанатты түрде мойындап, бұл жағынан нағыз айқын мәлімдемелер жасадық. Соғыс жөнінде біз поляк помещиктері мен капиталистерінің өз ниеттерін — бұл, бәлкім, өздерінің де емес, оларды аңдып отырған, оларды борышқа белшесінен батырып отырған империалистік Францияның ниеттері болар,—жүзеге асыру мүмкіндігіне бөгет жасау үшін қолдан келгеннің бәрін істедік. Бұл капиталистер мен помещиктердің поляк халқын Россияға қарсы соғысқа айдап салу жөніндегі ниеттерінің жүзеге асуына бөгет жасау үшін біз қолдан келгеннің бәрін істедік. Бірақ, біз мүмкін болғанның бәрін істегенімізбен де, бұдан былайғы іс бізге байланысты емес. Ертең не істейтіндерін тіпті поляк помещиктері мен капиталистерінің өздері де білмейді. Польшаның ішкі жағдайының қиындығы сонша — таптық жағдайы көрер көзге қауіпті болып отырғандықтан, өздерінің тек құрығалы тұрғанын сезгеннен кейін де олардың мұндай авантюраға баруы мүмкін. Сондықтан, тіпті сыртқы қауіпсіздік тұрғысынан қарағанда да, біз көптеген жеңістерге жете тұрсақ та, біздің ешқандай кепілдігіміз жоқ, сондықтан сақ болуға тиіспіз, жұмысшы табының алдында тұрған міндетті жүзеге асыру үшін өзіміздің соғысқа дайындығымызды қалпында сақтап, дамытып, күшейтіп отыруға тиіспіз. Егер, барлық күш-жігерді аямай жұмсағанымызға қарамастан, Франция қолдап отырған Польша империалистері Россияға қарсы соғыс бастап, өздерінің соғыс авантюрасын жүзеге асыра қалса, онда

олар өздерінің бүкіл күйреуік капитализмі мен империализмі біржолата быт-шыт болатындай тойтарыс алуға тиіс және ондай тойтарысты алады да.

Қазір тағы да күш жұмсау, тағы да орасан зор құрбандықтар жасау керек болып отырғанын, транспортымыздың күйзеліске ұшырауына байланысты мұқтаждық, аштық, азап тағы да күшейе түскен нақ осы қыстың аяғы — февраль—март айларында бұл құрбандықтардың одан сайын ауыр болып отырғанын біз өзімізден және ең алдымен Москвадағы және басқа да орыс жұмысшыларынан ешбір жасырмаймыз. Сондықтан мен сіздерге мынаны айтуға тиіспін: қанды майдандағы соғыс, империалистерге қарсы бағытталған азамат соғысы қай жағынан қарағанда да аяқталып келе жатса да, бізге қарсы жаншай соғыс жүргізу әрекетінде Антанта біржолата жеңіліп қалғандықтан, қалай болған күнде де, жау бізге елеулі қауіп туғыза алмайтын болса да,— қалай болған күнде де, қан төгіссіз майданда соғыс жүріп жатыр және көпке дейін жүре береді, өйткені біз соғыс қаупінен негұрлым қашықтаған сайын ішкі құрылыс жөніндегі міндеттер бізге соғұрлым жақындай түседі, ал еңбекші бұқараға жетекшілік ету миссиясын өз мойнына алып отырған жұмысшы табы бұл міндеттерді орындамай қоймайды. Бұл міндеттер — бүлінген елді, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіру, социалистік қоғам құру міндеттері — қан төгіссіз майданда шайқасқа шықпайынша жүзеге асырылуы мүмкін емес. Қазір жаңа Москва Советін құрып жатқан алдыңғы қатарлы жұмысшылар міне осыны өздерінің санасына бәрінен де берік түйіп алуға тиіс, өйткені Москва жұмысшылары әрқашан басқа қалалардың жұмысшылары қолдайтын өнеге болып келді және біраз уақыт бойы сөзсіз өнеге болып қалады да.

Біз социалистік революция міндетін халқының көпшілігі шаруалар болып табылатын елде жүзеге асырып жатқанымызды ұмытпауымыз керек. Қазір бізге Сибирьдегі шаруалар бұқарасы қосылып отыр, ондағы шаруалардың басы артық астығы бар, оларды капитализм жаман үйреткен, олар сауданың бәз-баяғы еркіндігін жақтайды, мұны өздерінің қасиетті правосы деп

есептейді, бұл ретте оларды меньшевиктер мен эсерлер адастырып отыр,— бұл енді олардың өкінішті үлесі, оларға бұдан басқа істейтін іс те қалған жоқ,— сол шаруалар басы артық астығымен еркін сауда жасауды өздерінің қасиетті правосы деп санайды, осы право өздерінде сақталып қалуы мүмкін деп ойлайды. Олар осы азаматтық теңдік дегеннің өзі тоқтың ашты қапауы болып табылатындығымен, өйткені басы артық астығы бар және сол астығын ашыққандарға бергісі келмейтін шаруалар капиталистік қатынастардың негізін жүзеге асыратындығымен есептеспейді. Бұлар жүздеген жылдар бойы өздері қанауда болып келіп, енді тұңғыш рет өздеріне өздері қожалық жасаушы, өздерінің басы артық астығымен жұмысшыларды, өнеркәсіптің күйзеліске ұшырауына байланысты астыққа балама тауып беруге мүмкіндігі болмай отырған жұмысшыларды кіріптарлыққа түсіруі мүмкін адамдар болып отыр. Сондықтан осы миллиондап саналатын, қолында басы артық астығы бар болған соң: біз ілгері басқан сайын өздерін байи түсеміз деп, ашаршылық неғұрлым күшейген сайын астығы бар адамдарға ол соғұрлым пайдалы болады деп ойлайтын осы ұсақ буржуазиялық меншікшілер, ұсақ жалдаптар жөніндегі біздің міндетіміз мынадай — біздің оларға көзқарасымыз соғыстағыдай болуға тиіс. Мұны біз ашық айтамыз, мұның өзі пролетариат диктатурасының негізі болып отыр; пролетариат барлық жұмысшылар мен шаруалар бұқарасына ашық түрде былай дейді: «Еңбеккер шаруа — біздің одақтасымыз, біздің досымыз және туысымыз, ал шаруа өз шаруашылығының қажетінен артық астығы бар меншікші ретінде әрекет етсе және бізге меншікшідей, тоқтың ашқа қарағанындай қарайтын болса, ондай шаруа — біздің жауымыз, біз онымен мейлінше батыл, мейлінше аяусыз күресеміз». Ұсақ меншікшіні, ұсақ жалдапты жеңу қиын. Оларды бір жылдың ішінде құртуға болмайды, оларды жою үшін бірсыпыра ұзақ жылдар керек, ұйымдасқан түрде табандылық көрсету керек, ұзақ уақыт бойы ұдайы ілгері баса отырып, қажырлы жұмыс істеу керек, күн сайын толассыз күрес жүргізу керек; бұл күрес өте ауыр болмақ және көп жағдайда жұмысшыны жалдап-шаруа-

ға жығып беріп отырады. Бірақ тоқтардың басы артық астығын аштардың алуы үшін біз, еш нәрсеге қарамастан, эсерлер мен меньшевиктердің еркін сауданы жүзеге асырып, тоқтардың басы артық астығын өздерінде қалдыруды тілейтіндігіне де қарамастан, қан төгіссіз майданда күрес жүргіземіз.

Біз осы екі жылдың ішінде орасан көп жұмыс жүргіздік. Біз бұл жұмысқа шаруалар мен жұмысшылар бұқарасын тарттық, біз өзімізге керекті нәрсені барлық жерден де ала білдік. Ақ офицерлер, бұрынғы патша офицерлері, бізге қарсы біздің жауларымыз жағында соғысып жатқан кезде, ондаған, жүздеген осы мамандарды біз өз жағымызға тартып, өз жұмысымызға бейімдеп алдық. Олар өз комиссарларымызбен бірге бізге жұмыс істеуге көмектесті. Олар өздері бізден жұмыс істеуді үйренді және оның есесіне бізге өздерінің техникалық білімдерін берді. Қызыл Армияның қол жеткен жеңістері тек солардың көмегімен ғана мүмкін болды. Енді біз барлық осы жұмысты басқа арнаға салуға тиіспіз. Бұл жұмыс бейбіт сипаттағы жұмыс болуға тиіс, біз бәрін де еңбек майданындағы жұмысқа бұруға тиіспіз. Біз өзіміздің жауымыз болған бұрынғы меншікшілерге басшылық етуге тиіспіз. Біз еңбек етуге қабілеттілердің бәрін де іске жұмылдырып, оларды өзімізбен бірге жұмыс істетуге тиіспіз. Біз қалай болғанда да меньшевиктер мен эсерлердің адамның жеке басының бостандығы, т. т. туралы айтатын саясатының ізін жер бетінен өшіруге тиіспіз, өйткені бұл саясат бізді ашаршылыққа душар етеді. Бұл көзқарас біздің бүкіл жұмысымызда жүзеге асырылуға тиіс. Пролетариаттың алдыңғы қатарлы бөлегі қалған халыққа басшылық етуді өз міндетіне алып, былай дейді: «Сіздер біздің жағымызға барған сайын көбірек шығып отырсыздар, сіздерді осы дәрежеге жеткізгеніміз сияқты біз сіздерді біздің идеяларымызды толық түсінетіндей және жүзеге асыратындай дәрежеге жеткізуге тиіспіз».

Москвада ластық пен салақтық орын алып отыр, біздің алдымызда ең алдымен оны осыдан тазарту міндеті кезекте тұр. Мұны біз бүкіл елімізге өнеге болу үшін істеуіміз керек; елімізде жұқпалы аурулар мен жай ау-

рулар тарататын осы ластық барған сайын көбейіп барады. Біз бұл өнегені осында, Москвада, көрсетуіміз керек; мұндай өнегені Москва талай рет көрсеткен болатын.

Біз алдымызда транспортты қалпына келтіру міндеті тұрғанын естен шығармауымыз керек. Көктемнен бастап жұмысшы бұқарасының бақылауын жүзеге асыруға тиіспіз. Мұны біз Москваның төңірегіне орналасып алып, қасындағы туысының ашыққанын пайдаланып, миллиондаған сом қаржыны қалтасына тығып жатқан огородшылар жөнінде жүзеге асыруымыз керек. Әрбір бай огородшы өзінің кедей көршісінің есебінен адам айтқысыз көп ақша тауып байи алатындығы себепті сорақы әділетсіздік орнап отыр, бұған біз жол бере алмаймыз.

Біз не істеуіміз керек? Біздің идеяларымызды жүзеге асыру үшін мамандар өздерінің білімін бізге берулері керек. Қазір Москва Советін жаңартып отырған тап осы жұмысқа жұмыла кірісуге тиіс. Бұл жұмыс бұрынғыдан гөрі неғұрлым нақтырақ және неғұрлым тереңірек жүзеге асырылуы керек.

Пролетариат сан жағынан онша көп емес екенін біз білеміз, бірақ сонымен қатар Қызыл Армияның алдыңғы сапында болған Петроград жұмысшыларының бізге қажет болған кездерде өздерінің ең жақсы күштерін бергенін, оларды жауға қарсы күресу үшін бергенін, біздің бере алады ғой деп шамалағанымыздан артық бергенін де білеміз. Петроград, Москва, Иваново-Вознесенск бізге орасан көп адам берді,— дедік біз,— бірақ бұл әлі жеткіліксіз: олар бізге қанша керек болса, сонша беруге тиіс. Қазір бізге барлық буржуазиялық мамандарды пайдалану керек, бұрын білімді молынан қамтып қалған олар енді сол білімдерінің бізге ақысын төлеуге тиісті. Міне біз жұмысымызды осы мамандардың көмегімен жүргізуге тиіспіз, солардың көмегімен біз керегіміздің бәрін де жеңіп алуға тиіспіз, жеңіп шығып, өзімізде жауынгер жұмысшы сантарын құруға тиіспіз; олар сол мамандардан үйреніп, оларға жөн көрсетіп отыруға тиіс, олар осы тәжірибені жұмысшылардың қалың ортасына барып түсіндіріп отыруға тиіс. Маңызы жағынан бірінші қатардағылардың, пролетарлық Совет-

тердің ең ірілерінің бірі болғандықтан, Москва Советіне міне осыны қалай болғанда да жүзеге асыруға тура келеді. Москва Советінің бір жарым мың мүшесі, оған қоса кандидаттары, — міне осы аппарат арқылы сіздер қалың бұқарадан күш алып, әлі тәжірибесі жоқ сол бұқараны мемлекет басқару ісіне ұдайы тартып отыра аласыздар.

Біздің бүкіл мемлекетімізді құруға тиісті жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы енді мемлекеттік бақылауды жасауға тиіс. Сіздер бұл аппаратты жұмысшылар мен шаруалар бұқарасы арқылы, жұмысшы-шаруа жастары арқылы аласыздар; бұл жастарда мемлекетті басқару ісіне өздері араласу жөнінде бұрын болмаған көрмеген дәрежеде дербес тілек, әзірлік және батылдық туып отыр. Соғыстың тәжірибелерінен түсінік алған соң, біз совет мектебінен өткен, мемлекет басқаруға қабілетті мыңдаған адамдарды жоғарылатамыз. Жұмысшы инспекциясына сіздер тіпті ең қорғалақ, білімі жоқ, буйығы деген жұмысшыларды да тартуға және оларды жоғары көтеруге тиіссіздер. Олар осы жұмыста өсейтін болсын. Жұмысшы инспекциясының мемлекеттік істерге қалай араласатынын көрген, олар әуелі қолынан келетін қарапайым жұмыстан,— алғашқы кезде тек қатысушы есебінде ғана араласып,— бара-бара мемлекеттік істердегі маңыздырақ қызметтерге ауысатын болсын. Сіздердің сонда жәрдемшілер алатын жерлеріңіз көбейеді, олар мемлекеттік істердің ауыртпалығын өз мойындарына алып, сіздерге көмекке келіп, жұмыс істейтін болады. Ондаған мың жаңа озат жұмысшылар керек. Партияда жоқ жұмысшылар мен шаруаларға сүйеніңіздер, соларға сүйеніңіздер, өйткені біздің партиямыз, жан-жағынан жау қамалап отырғандықтан, шағын көлемде қалуға тиіс. Жау элементтер күрестің, алдау мен арандатудың барлық тәсілдерін қолданып, партияға жармасуға, сөйтіп үкіметтік партияның белгілі бір дәрежеде жеңілдіктер беретін жағдайын пайдаланууға тырысып отырған кезде бізге партияда жоқтармен байланыса отырып қимыл жасау керек. Жұмысшы-шаруа инспекциясы туралы заңдар мемлекетті басқару ісіне партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалардың өкілдерін және олардың конференцияларын тартуға право береді. Бізге бірқатар

жылдар ішінде ішкі майданда жеңіске жету үшін жұмысшылар мен шаруалардың санын көбейтуге мүмкіндік беретін шаралардың бірі — осы аппарат. Бұл жеңіс нақ соғыс майданындағыдай қарапайым, үзілді-кесілді және анық болып әлі күнге дейін аңғарыла қоймайды. Бұл жеңіс қырағылық пен күш-жігерді керек етеді, бұл жеңісті сіздер Москвадағы және оның төңірегіндегі құрылыс міндеттерін орындау арқылы, транспортты қайта құру жөніндегі, жалдаптардың тікелей және жаманалай жасайтын ықпалынан арылуға және капитализмнің ескі дәстүрлерін жеңуге жәрдемдесетін жалпы шаруашылық ұйымды қайта құру жөніндегі жалпы жұмысқа көмектесу арқылы қамтамасыз ете аласыздар. Бұған бірнеше жылды жұмсау өкінішті емес. Тіпті осындай жағдайдың өзінде де мұндай қоғамдық өзгерістер жасау бұрын-соңды болып көрмеген өзгерістер болады, сондықтан бұл арада қысқа мерзімге арналған міндеттер қою үлкен қателік болар еді.

Жаңарған Москва Советі, бұрынғы құрамның азамат соғысы барысында алған тәжірибесінің бәрін ескере отырып, жастар қатарынан жаңа күш алады, сөйтіп, тамаша болмаса да, оның есесіне ананғұрлым жомақты әрі елеулі жеңістерге жету үшін, соғыс ісіне қалай жігерлі, табанды, қажырлы түрде кіріскен болсақ, шаруашылық құрылысы ісіне де дәл солай кіріседі деген үмітпен және сеніммен сөзімді аяқтауға рұқсат етіңіздер.

Қысқаша газет есебі 1920 ж. 7 мартта «Известия ВЦИК»-тің 52-номерінде басылған

Бірінші рет 1921 ж. кітапта толық басылған: «Жұмысшы, шаруа және қызыл әскер депутаттары Москва Советі пленумы мәжілістерінің стенографиялық есептері», Москва

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

МОСКВА СОВЕТІНІҢ III ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ БІР ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСІНДЕ 1920 ж. 6 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, Коммунистік Интернационал құрылғаннан бері бір жыл өтті. Осы бір жылдың ішінде Коммунистік Интернационал біз күткеннен табыстарға жетті. Коммунистік Интернационалды құрғанда мұндай орасан зор табыстарға қол жетеді деп ешкім де ойламағанын батыл айтуға болады.

Революцияның бастапқы кезінде жұрттың көбі Батыс Европада империалистік соғыс аяқталысымен-ақ социалистік революция басталып кетеді деп үміттенген еді, өйткені ол кезде бұқараның қолында қару барда Батыстың кейбір елдерінде де революция барынша нәтижелі өте алатын еді. Егер Батыс Европада пролетариат арасындағы жіктеліс өте терең болмаса, бұрынғы социалист көсемдерде сатқындық көп болмаса, осылай болатын да еді.

Демобилизацияның қалай өткенін, соғыстың қалай жойылып жатқанын біз осы күнге дейін анық білмейміз. Біз, мәселен, Голландияда не болғанын білмейміз; тек голландиялық бір коммунистің сөйлеген сөзі туралы хабарланған бір мақаладан ғана,— кездейсоқ, бір мақаладан,— ондай мақалалар көп болған,— мен мынаны білдім: Голландияда, империалистік соғысқа аз араласқан бейтарап елде, революциялық қозғалыстың ұлғайғандығы соншалық — тіпті Советтерді құру ісі қолға алынған, сондықтан да Голландия оппортунистік социал-демократиясының аса көрнекті тұлғаларының бірі Трульстра:

жұмысшылардың өкіметті өз қолына алуына болатын еді деп мойындады.

Егер Интернационал қысылшаң кезде буржуазияны құтқарып жіберген сатқындардың қолында болмаса, онда соғыс аяқталысымен-ақ соғысушы елдердің көбінде және халқы қаруланған кейбір бейтарап елдерде революцияның тез болуының мүмкіндігі көп еді, онда нәтиже де басқаша болатын еді.

Бірақ олай болмай шықты, революция ондай тез қарқынмен өтпеді, сондықтан біздің бірінші революцияға дейін, 1905 жылға дейін, бастауымызға тура келген даму жолын түгелдей өту керек болады, ал біз 1917 жылға дейін он жылдан астам уақыт өткендіктен ғана пролетариатқа басшылық етуге қабілетті бола алдық.

1905 жылы, былайша айтқанда, революцияның репетициясы болды, бір жағынан, осының арқасында Россияда империалистік соғыстың күйреген кезеңін пайдаланудың сәті түсті, осы кезеңде өкімет пролетариатқа көшті. Тарихи оқиғалардың себебінен, самодержавиенің әбден шірігендігі себебінен біз революцияны оңай бастай алдық, бірақ революцияны бастау неғұрлым оңай болғанымен де, бұл жалқы елге оны ілгері жүргізу соғұрлым қиынға соқты, енді өзіміз бастан кешірген осы бір жылға қарап, біз өзімізге былай дей аламыз: жұмысшылары неғұрлым жетілген, өнеркәсібі молырақ, жұмысшыларының саны анағұрлым көбірек басқа елдерде революция неғұрлым баяу жолмен дамыды. Ол біздің жолымызбен дамыды, бірақ оның дамуы анағұрлым баяурақ болды.

Жұмысшылар осы баяу жолмен ілгері басып, пролетариат жеңісіне жол ашып келеді; бұл жеңіс біздегісінен гөрі күмәнсыз көбірек жылдамдықпен жақындап келеді, өйткені III Интернационалға қарасаң, III Интернационалдың жеңістен жеңіске жетіп, қалай тез таралғанына таң қаласың.

Біздің «большевизм» деген сөз сияқты құбыжық сөздердің бүкіл дүние жүзіне қалай таралып бара жатқандығын қараңыздаршы. Біздің коммунистік партия деп аталатындығымызға, «коммунист» деген аттың ғылыми, жалпы европалық атау екендігіне қарамастан, бұл сөз

Европада және басқа елдерде «большевик» деген сөзден аз таралған. «Совет» деген біздің орыс сөзі — ең көп таралған сөздердің бірі, ол басқа тілдерге тіпті аударылмайды да, қайта барлық жерде орысша айтылады.

Буржуазиялық баспасөздің өтірігіне қарамастан, бүкіл буржуазияның құтырына қарсыласуына қарамастан, осыларға қарамастан, жұмысшы бұқарасының ықыласы Советтер жағында, Совет өкіметі мен большевизм жағында болып шықты. Буржуазия неғұрлым көбірек өтірік айтқан сайын, ол біздің Керенский жөнінде істеген тәжірибемізді бүкіл дүние жүзіне таратуға соғұрлым көбірек көмектесті.

Германиядан келген большевиктердің бір бөлегі бізде жала жабумен, қудалаумен қарсы алынды; бұл қудалау «демократиялық республикада» таза американ үлгісі бойынша ұйымдастырылды; бұл қудалауға Керенский, эсерлер мен меньшевиктер барынша көмектесті. Сөйтіп, олар пролетариат топтарын ашындырды, большевиктерді бұлай қудалауларына қарағанда, сірә, большевиктердің бір жақсы жағы бар-ау деп ойлауға ол топтарды мәжбүр етті. (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Ал енді анда-санда шет елдерден тиіп-қашты хабар алғанында, бүкіл баспасөзді қадағалап отыруға мүмкіндік болмағандықтан, мәселен, ағылшынның ең бай газеті — «Таймстың» номерін оқып шығып, онда большевиктер соғыс кезінің өзінде-ақ азамат соғысын уағыздағанын дәлелдеу үшін большевиктік сөздер келтірілгенін көргеніңде, буржуазияның тіпті ең ақылды деген өкілдері де естерінен жаңылған екен деген қорытындыға келесің. Егер ағылшын газеті «Ағымға қарсы» деген кітапты атап көрсетіп, оны ағылшын оқырмандарына ұсынып, большевиктерді империалистік соғыстың қылмыстылығы туралы айтатын және азамат соғысын уағыздайтын ең жаман адамдар деп көрсету үшін цитаттар келтіріп отырса, онда бізді жек көретін буржуазия түгелдей бізге көмектесіп жатқанына көзің жетеді,— бұл үшін оларға тағзым етіп, алғыс айтамыз! (Қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Европада да, Америкада да біздің күнделікті баспасөзіміз жоқ, біздің жұмысымыз туралы хабарлар өте аз, біздің жолдастарымыз өте қатал қуғындалады. Ал енді

жүз мыңдаған басқа газеттер өздеріне мәлімет алып отыратын одақтастардың ең бай империалистік баспасөзінің соншалықты шектен шығып, большевиктерді күйрету үшін большевиктердің шығармаларынан мол-мол цитаттар келтіріп отырғанын, соғыстың қылмыстылығы туралы біздің айтқанымызды және соғысты азамат соғысына айналдыруға тырысқанымызды дәлелдеу үшін ол цитаттарды соғыс кезінде шыққан басылымдардан қазбалап алып отырғанын көргенімізде,— олар, осы бір өте ақылдысынған мырзалар, біздің Керенский мен оның жолдастары сияқты, ақымақ болып қалады деген қорытындыға келесің. Сондықтан бұл адамдар, ағылшын империализмінің басшылары, коммунистік революцияға көмектесуде өз істерін таза және берік істеп шығады деп кепілдік беруге болады. (Қол шапалақтау.)

Жолдастар, соғыстан бұрын жұмысшы қозғалысындағы басты бөлініс — социалистер мен анархистер болып екіге бөлінушілік сияқты болып көрінетін еді. Тек солай сияқты болып қана көрінген жоқ, солай болды да. Империалистік соғыс пен революциядан бұрын ұзақ уақыт бойы еуропалық елдердің басым көпшілігінде объективті түрде алғанда революциялық жағдай болған жоқ. Міндет осы баяу жұмысты революцияға дайындалу үшін пайдалану болды. Социалистер бұл істі бастады, ал анархистер бұл міндетті түсінбеді. Соғыс революциялық жағдай туғызды, содан кейін бұл ескі бөліністің күні біткен болып шықты. Бір жағынан, анархизм мен социализмнің жоғарғы топтары шовинистер болып кетті, олар бөтен буржуазияның тонаушыларынан өз буржуазиясының тонаушыларын қорғау дегеннің не екенін көрсетті, осыларға бола соғыс миллиондаған адамның басын жұтты. Екінші жағынан, ескі партиялардың төменгі топтарында соғысқа қарсы, империализмге қарсы, әлеуметтік революцияны жақтайтын жаңа ағымдар туды. Сөйтіп, соғыстың себебінен аса терең дағдарыс туды, анархистер де, социалистер де жікке бөлінді, өйткені социалистердің парламенттегі көсемдерінің жоғарғы топтары шовинистер қанатына барып қосылды да, ал төменгі топтарда барған сайын көбейе түскен азшылық олардан кетіп, революция жағына шыға бастады.

Сөйтіп, барлық елдердің жұмысшы қозғалысы жаңа жолмен кетті, анархистер мен социалистердің жолымен емес, пролетариат диктатурасына жеткізе алатын жолмен кетті. Бүкіл дүние жүзіндегі бұл жіктеліс III Интернационалдың өмір сүруінен бұрын байқалған және бұрын басталған еді.

Егер біз табысқа жетсек, оның себебі — біз революциялық жағдай туған кезде, жұмысшы қозғалысы барлық елдерде бар болған кезде келдік, сондықтан да біз қазір социализм мен анархизмнің ішінде жіктеліс туғанын көріп отырмыз. Бұл бүкіл дүние жүзінде коммунистік жұмысшылардың жаңа ұйымдар құруға қатысуына, ол ұйымдардың III Интернационалға бірігуіне әкеліп жеткізіп отыр. Мұндай көзқарас неғұрлым дұрыс көзқарас болып табылады.

Егер тағы да, мәселен, парламентаризмді пайдалану туралы алауыздық туып отырса, онда орыс революциясы мен азамат соғысының тәжірибесінен кейін, бүкіл дүние жүзі алдында Либкнехттің тұлғасы көрініп, оның парламентаризм өкілдері арасындағы ролі мен маңызы айқындалғаннан кейін парламентаризмді революциялық жолмен пайдалануды теріске шығарудың ешбір қисыны жоқ. Мемлекет туралы мәселені бұрынғыша қоюға болмайтындығы ескі ұғымдағы адамдарға айқын болды, бұл мәселенің ескіше, кітаптағыша қойылысы орнына революциялық қозғалыстың себебінен жаңа, практикалық қойылысы дүниеге келді.

Буржуазияның бүкіл біріккен, орталықтанған күшіне пролетариаттың біріккен, орталықтанған күшін қарсы қою қажет. Енді мемлекет туралы мәселе басқа жолға қойылып отыр, сөйтіп ескі алауыздық мағынасын жоя бастады. Жұмысшы қозғалысын ескіше бөлудің орнына жаңаша бөлу пайда болды. Совет өкіметі мен пролетариат диктатурасына көзқарас ең басты мәселе етіліп қойылды.

Советтік конституция орыс революциясының нені жасап шығарғанын айқын көрсетті. Біздің тәжірибемізде, оны зерттегенімізде былай болып шықты, ескі міндеттерді топтастырудың бәрі бір мақсатқа келіп саяды: Совет өкіметін не жақтау керек, не оған қарсы болу ке-

рек,— не буржуазия өкіметін, демократияны, демократияның тоқ пен ашты теңгеруге, сайлау бюллетеньдерін беруде капиталист пен жұмысшыны теңгеруге, қанаушылар мен қаналғандарды теңгеруге уәде етіп, капиталистік құлдықты бүркемелейтін формаларын жақтау керек,— не пролетариат өкіметін, қанаушылардың аяусыз жаныщталуын, совет мемлекетін жақтау керек.

Буржуазиялық демократияны тек капиталистік құлдықты жақтаушылар ғана жақтай алады. Мұны біз Колчак пен Деникиннің ақ гвардиялық әдебиетінен көріп отырмыз. Көптеген орыс қалаларын осы сілімтіктерден тазартқаннан кейін олардың әдебиеттері жиналып алынып, қазір Москваға жөнелтіліп жатыр. Чириков сияқты орыс интеллигенттерінің немесе Е. Трубецкой сияқты буржуазияшыл ойшылдардың жазғандарын көруге болады,— Деникинге көмектесіп отырған олардың Құрылтай жиналысы туралы, теңдік, т. т. туралы қалай пайымдайтындығын білу қызық. Құрылтай туралы мұндай пікірлердің бізге пайдасы тиеді; олар ақ гвардияшылар бұқарасы арасында осындай үгіт жүргізгенде азамат соғысының бүкіл барысымен, оқиғалардың барысымен бірге бізге көмектесіп отырды. Өздерінің дәлелдемелерімен олар Совет өкіметін жақтайтындардың капиталистерге қарсы күреске тілектес шын революционерлер екендігін дәлелдеп берді. Азамат соғысының барысында бұл әбден айқындала түсті.

Істелген тәжірибеден кейін, Россияда, Финляндияда және Венгрияда болған оқиғалардан кейін, демократиялық республикаларда, Германияда болған бір жылдық тәжірибеден кейін, пролетариаттың алдыңғы қатарлы бөлегінің топтасуы үшін, өкіметті қолында берік ұстап, мемлекетті дамытып, жаңа жолға қою үшін орталық өкіметтің, диктатураның және ерік бірлігінің қажеттігіне қарсылық білдіру және осы тақырып жөніндегі пайымдауларды жазу мүмкін болмай қалады. Демократия өзін өзі біржолата әшкерелеп берді; міне сондықтан да Совет өкіметі жолындағы, пролетариат диктатурасы жолындағы коммунистік қозғалыстың күшеюінің көптеген белгілері барлық елдерде мейлінше алуан түрлі формаларда тоқтаусыз өсті.

Бұл өсушілік мынадай дәрежеге жетті: неміс тәуелсіздері мен француз социалистік партиясы сияқты партияларда үстемдік етіп отырған, жаңа үгітті де, жаңа жағдайларды да түсінбейтін, парламенттік қызметті мүлде өзгертпей, қайта оны маңызды міндеттерден мылжың сөздермен құтылудың және парламенттегі көпірме сөздермен жұмысшыларды алдандырудың құралына айналдыратын ескі типтегі көсемдер,— тіпті осындай көсемдер де пролетариат диктатурасы мен Советтер өкіметін мойындауға мәжбүр болды. Бұлай болған себебі — өзін танытып отырған жұмысшы бұқарасы оларды осылай істеуге мәжбүр етті.

Неміс тәуелсіздері партиясының бұл бөлініп кетуінің, пролетариат диктатурасы мен Совет өкіметінің бұл мойындалуының II Интернационалға берілген соңғы шешуші соққы болғаны сіздерге басқа жолдастардың сөйлеген сөздерінен мәлім. Істің жағдайын ескере келіп: II Интернационал жойылды, енді Германияда, Англияда және Францияда жұмысшы бұқарасы коммунистер жағына шығып жатыр деуге болады. Англияда да біз тәуелсіздер партиясының қазір де жариялылықты жақтау көзқарасында қалып, большевиктерді зорлық жасайды деп айыптайтынын көріп отырмыз. Жуырда олардың газетінде айтыс бөлімі пайда болды. Айтыс дегеніміз — талқылау. Міне онда Советтер туралы мәселе талқыланып жатыр, онда ағылшын жұмысшы газеттерінде басылған мақаламен қатар, бір ағылшынның мақаласын көреміз; ол социализм теориясымен сапасқысы келмейді, теорияға бұрынғыша — топастықпен әлі менсінбей қарайды, бірақ, ағылшын өмірінің жағдайларын ескере отырып, белгілі бір қорытындыға келіп: біз Советтерді айыптай алмаймыз, қайта оларды жақтауға тиіспіз дейді.

Бұл — Англия сияқты елдердегі жұмысшылардың артта қалған топтарында да ілгерілеу басталғандығының белгісі, сондықтан социализмнің ескі формалары мәңгіге жойылды деуге болады.

Европа революцияға біз сияқты келе жатқан жоқ, бірақ Европа, шындығында, біздің істегенімізді істеп

отыр. Өз меньшевиктеріне де қарсы, өз оппортунизмі мен эсерлеріне де қарсы ішкі күресті әрбір ел өзінше жүргізуге тиіс және жүргізе де бастады; ал эсерлер бірінде көп, бірінде аз болғанымен, басқаша атпен барлық елдерде де өмір сүріп отыр.

Осы тәжірибені олар өз бетімен бастарынан кешіріп отырғандықтан да, барлық елдерде коммунистік революцияның жеңбей қоймайтындығына кепілдік беруге болады және жаулардың сапында ауытқушылықтар мен қобалжушылықтар неғұрлым көп болса, соғұрлым бізге жақсы, бұл қобалжушылықтар олардың: большевиктер — қылмыскерлер, олар бізбен ешқашан да бітіспейді деген мәлімдемелерінен көрініп тұр.

Енді олар: егер сауда жасасатын болсақ, онда мұны большевиктерді мойындамай істеу керек деседі. Біздің бұған қарсылығымыз жоқ: бәлкім, байқап көрерсіздер, мырзалар. Ал сіздердің бізді мойындамауларыңызға келсек, мұны біз түсінеміз. Егер сіздер бізді мойындасаңыздар, онда біз мұны сіздердің тарапыңыздан жасалған қателік деп есептер едік. Ал егер сіздер соншалықты шатасып, әуелі большевиктерді құдайдың да, адамның да барлық заңдарын бұзушылар деп жариялап, большевиктермен сөйлеспейміз, бітіспейміз деп жариялап, ал соңынан, біздің саясатымызды мойындамай-ақ, айырбас жасауға кірісеміз дейтін болсаңыздар, онда бұл — біз үшін жеңіс; бұл жеңіс әрбір елдің халық бұқарасы ішінде коммунистік қозғалысты ілгерілетіп, тереңдете түседі. Бұл қозғалыстың тереңдегені сонша — III Интернационалға ресми түрде қосылғандардан басқа, алдыңғы қатарлы елдерде бірсыпыра қозғалыстар байқала бастады; бұл қозғалыстар социализмге де, коммунизмге де қосылмай, большевизмді айыптай отырып, сонымен бірге, оқиғалардың күшімен, большевизмге қарай жақындап келеді.

XX ғасырдағы соғыс цивилизациялы елде үкіметтерді өздерін өздері әшкерелеуге мәжбүр етеді. Француз газетінде 1916 жылы Францияға бітім жасасуды ұсынған Австрияның бұрынғы императоры Карлдың документтері жарияланды. Енді оның хаты жариялануда отыр,

сөйтіп жұмысшылар социалистердің лидері Альбер Томадан: сіз сол кезде үкімет құрамында болдыңыз, сіздің үкіметіңізге бітім туралы ұсыныс жасалған екен ғой. Сонда сіз не бітіріп отырдыңыз?— деп сұрайды. Альбер Томадан осыны сұрағанда, ол үнсіз қалды.

Бұл әшкерелеулер тек енді ғана басталды. Халық бұқарасы сауатты, Европада да, Америкада да олар соғысқа енді бұрынғыша қарай алмайды. Олар: не үшін 10 миллион адам қырылып, 20 миллион адам жарымжан болып қалды?— деп сұрайды. Бұл сұрақты қою — халық бұқарасын пролетариат диктатурасына қарай бұру деген сөз. Бұл сұрақты қою — оған: кім көбірек баюға тиіс — неміс капиталистері ме, әлде ағылшын капиталистері ме?—деген мәселені шешу үшін олар 10 миллион адамды қырып, 20 миллион адамды жарымжан етті,— деп жауап қайыру деген сөз. Бұл — шындық, мұны қаншама жасырғандарымен, ол өзіне жол ашып келе жатыр.

Капиталистік үкіметтер күйремей қалмайды. Өйткені, егер үкімет басында империалистер мен буржуазия қалса, онда жаңадан осындай соғыс болмай қоймайтынын жұрттың бәрі көріп отыр. Жапония мен Америка арасында жаңа таластар мен жанжалдар туып келеді. Оларды екі елдің де дипломатиясының ондаған жылдарға созылған тарихы дайындаған. Жеке меншік бар болып тұрғанда соғыстар болмай қоймайды. Отарларды талап алған Англия мен өзін құр қалдым деп есептейтін Францияның арасында соғыс болмай қоймайды. Соғыстың қай жерде және қалай бұрқ ете түсетінін ешкім білмейді, бірақ соғыстың болмай қоймайтынын, оның тағы да әзірленіп жатқанын жұрттың бәрі де көріп, біліп, айтып отыр.

XX ғасырда түгелдей сауатты елдерде қалыптасқан бұл жағдай бізге ескі реформизм мен анархизм туралы сөз болуы мүмкін еместігін қамтамасыз етеді. Оларды соғыс жойған. Соғысқа жүздеген миллиард сом жұмсаған капиталистік қоғамды реформалармен өзгертеміз деуге, бұл қоғамды революциялық өкіметсіз, күш қолданусыз, орасан зор сілкіністерсіз өзгертеміз деуге,— олай

деуге болмайды. Кімде-кім солай дейтін және солай ойлайтын болса, ол адамда ешқандай мән қалмағаны.

Коммунистік Интернационалдың күші мынада — ол бүкіл дүние жүзілік империалистік қырғыннан алған сабаққа сүйенеді. Әрбір елде миллиондаған адамдардың тәжірибесі Коммунистік Интернационалдың позициясының дұрыстығын барған сайын көбірек дәлелдеп отыр, қазір Коммунистік Интернационалға қарай ұмтылған қозғалыс бұған дейінгісінен жүз есе ұлғайып, тереңдеп отыр. Осы қозғалыс бір жыл мерзім ішінде II Интернационалды толық күйретті.

Дүние жүзіндегі елдердің ішінде, тіпті ең артта қалған елдердің ішінде де, барлық ойлай білетін жұмысшылары Коммунистік Интернационалға келіп қосылмаған, оған идея жағынан қосылмаған бірде-бір ел жоқ. Бұл — оншама ұзаққа созылмайтын мерзімнің ішінде бүкіл дүние жүзінде Коммунистік Интернационалдың жеңісі қамтамасыз етілетіндігінің толық кепілі. (Қол шапалақтау.)

Қысқаша газет есебі 1920 ж. 7 мартта «Правданың» 52-номерінде және «Известия ВЦИК» газетінің 52-номерінде басылған

1920 ж. 14 июньде «Коммунистический Интернационал» журналының 10-номерінде толық басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТТІК ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ІСІН ЖАҚСАРТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ[88]

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

1-ден, ақшаға және жарма-жарымға, т. с. арендаға беруден беті ашылған қиянат жасаушылықтың көрінеу помещиктік сипатына қарсы, 2-ден, еңбек тәртібінің мүлде жеткіліксіздігіне және еңбек өнімділігінің өте төмендігіне қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуді совхоздарды ұйымдастыру мен олардың шаруашылығын жақсарту жөніндегі бүкіл жұмыстың өзегі етіп қою керек.

Губерниялық жер бөлімдері мен совхоздардан өздерінің қандай күрес шараларын қолданғаны туралы және іс жүзінде қандай практикалық нәтижелерге жеткені туралы дәл мәліметтер талап етілсін. Жауапты адамдар тағайындалсын, осы қаулы орындалмаған, қиянат жасаушылық жойылмаған жағдайда олар сотқа тартылсын. Ең нашар шаруашылықтарда әкімшіліктің бүкіл құрамын түгелдей ауыстырудан тартынбау керек. Оқу-үлгі, арнаулы, өндірістік және таза тұтыну типіндегі совхоздар іріктеліп алынсын және бұл шаруашылықтардың хал-жағдайы туралы фактілер жеке тіркелсін.

1920 ж. 9 мартта жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СУ ТРАНСПОРТЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ III СЪЕЗІНДЕ[89] 1920 ж. 15 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Су транспорты жұмысының қазір Советтік Россия үшін өте-мөте ерекше маңызы мен мәні бар, сондықтан су транспорты қызметкерлеріне жүктелетін міндеттерге съезд ең зор ықыласпен және қамқорлықпен қарайды деп сенуге болады. Маған қазір коммунистер партиясы, кәсіподақтар бәрінен де көрі көбірек көңіл аударып отырған және, күмән жоқ, сіздер де қызу сөз етіп жатқан мәселеге — өнеркәсіпті басқару мәселесіне тоқталуға рұқсат етіңіздер. Бұл мәселе партия съезінің күн тәртібіне арнайы қойылып отыр. Бұл мәселе жөнінде тезистер жарияланады. Бұл мәселені сушы жолдастардың да талқылаулары қажет.

Баспасөзде де, жиналыстарда да қызу айтыс тығызып жүрген талас мәселелердің бірі дара басқару мен коллегиялық басқару мәселесі екені өздеріңізге мәлім. Бұл мәселеде коллегиялық басқаруды артық көрушіліктің жиі кездесуі, менің ойымша, республика алдында тұрған міндеттерді жеткілікті түсінбеушілікті көрсетеді, тіпті ол ол ма — көп жағдайда таптық сананың жеткіліксіз дәрежеде екенін көрсетеді. Мен осы мәселе туралы ойлағанымда әрқашан да: жұмысшылар буржуазиядан әлі де жеткілікті үйренбеген екен дегім келіп тұрады. Бұл қазір Европа мен Америкада әр түрлі жамылғылар арқылы, әр түрлі формаларда буржуазиямен одақтасу арқылы басқару ісіне араласып жүрген демократиялық социалистер немесе социал-демократтар үстем елдерде айқын байқалып отыр. Ескі соқыр сенімдер-

де қалуды оларға құдайдың өзі жазған, ал бізде, пролетариаттың үстемдік еткеніне екі жыл өткеннен кейін, пролетариаттың таптық санасы буржуазияның таптық санасынан кейін қалмауына тек тілектестік білдіріп қана қоймай, сонымен бірге күш салу керек. Өздеріңіз қараңыздаршы: буржуазия мемлекетті қалай басқарып отыр? Ол буржуазия табын қалай ұйымдастырып еді? Бұрынғы уақытта, өзі буржуазияның көзқарасында болған және оның сенімді қорғаушысы болған адамдардың ішінде: дара билік өкіметі өмір сүріп отырғанда бұл да мемлекет басқару болып па, деп ойлаған бірде-бір адам табылды ма екен? Егер буржуазия ішінен ондай ақымақ табыла қалса, оны өз табы ішіндегі жолдастары келеке қылған болар еді, ол капиталист және буржуй мырзалардың бірде-бір жауапты жиналысында сөйлей де алмаған болар еді, пікір де айта алмаған болар еді. Оған: жеке адам арқылы басқару керек пе, әлде коллегия арқылы басқару керек пе деген мәселенің, бұл мәселенің тап мәселесімен байланысы бар ма?— дер еді.

Ең ақылды және бай буржуазия — ағылшын және американ буржуазиясы; ағылшын буржуазиясы американ буржуазиясына қарағанда көп ретте тәжірибелірек және жақсырақ басқара біледі. Ағылшын буржуазиясы барынша дара билік диктатурасын орнатып, барынша шапшаң басқарып, өкіметті толық және түгел өз табының қолында сақтап, бізге үлгі көрсетіп отырған жоқ па? Жолдастар, меніңше, егер сіздер осы сабақ туралы ойланып көрсеңіздер, егер сіздер Россияда Рябушинскийлер, Морозовтар және басқа да капиталист мырзалар үстемдік еткен біршама бертіндегі уақытты еске алсаңыздар, егер самодержавие құлатылғаннан кейін, Керенский, меньшевиктер мен эсерлер 8 ай бойы өктемдік жүргізген кезде, олардың өте жақсы, тамаша шапшаңдықпен түстерін өзгерте қойғандығын, өздерін кім деп атауға да, сырттай қандай формальды кеңшілік жасауға да көніп, өкіметті өз табының қолында толық әрі түгел сақтап қала алғандығын еске алсаңыздар,— меніңше, ағылшын сабағы мен әлгі нақты мысал туралы ойлану дара басқару мәселесін ұғынуда теориядан туған, күні

бұрын жазылып алынған көптеген жалпылама қарарлардан гөрі көбірек көмектеседі.

Коллегиялылық — жұмысшылардың басқаруы, ал дара басқару — жұмысшылардың басқаруы емес сияқты болып көрінеді. Мәселенің осылай қойылуының өзі, осы сияқты дәлелдеменің өзі бізде әлі жеткілікті айқын таптық сананың жоқ екендігін, жеткілікті айқын сана түгіл, бізде буржуй мырзалардікіне қарағанда таптық сананың айқындығы аз екенін көрсетеді. Бұл түсінікті де. Олар екі жыл емес, екі жүз жыл басқарып үйреяген, ал егер Европа буржуазиясын алсақ, олар 200 жылдан да көп басқарып үйренген. Біз екі жылдың ішінде бәрін үйреніп ала алмадық деп қапа болмауымыз керек, бірақ маңызды нәрсе — мұны оқиғалар да талап етіп отыр — біз жауларымыздан гөрі тезірек үйреніп алуымыз керек. Оларға жүздеген жылдар бойы үйренуге болып еді, олардың қайта үйренуге және өздерінің қателіктерін түзеулеріне мүмкіндігі бар еді, өйткені олар дүние жүзі көлемінде бізден қисапсыз күшті. Бізде үйренуге уақыт жоқ, біз коллегиялық басқару мәселесін нақты дұрыс деректерге сүйеніп қоюға тиіспіз. Мен сіздерді бұл мәселе жөнінде партияның Орталық Комитеті белгілеген бағытқа келеді деп сенемін, бұл бағыт жарияланды[90] және партия жиналыстарының қай-қайсысында да талқыланып жатыр, сондықтан да ол бағыт — іскер адамдар үшін, екі жыл жұмыс істеген су транспорты қызметкерлері үшін талассыз бағыт. Мен басқару ісімен практика жүзінде таныс осындағы адамдардың басым көпшілігі біздің мәселені жалпы тұрғыдан қоюмен шектеліп қалмауға тиіс екендігімізді, коллегияларды қоя тұрып, коллегияларсыз басқаратын іскер, байсалды адамдарға айналуға тиіс екендігімізді түсінеді деп сенемін.

Басқару жұмысының қандайы болса да ерекше қасиеттерді керек етеді. Ең күшті революционер және үгітші бола тұрып, жарамсыз әкім болу мүмкін нәрсе. Практикалық өмірге көз жіберіп қараған, тұрмыстан тәжірибесі бар адам басқару үшін оған сай болу керек екенін, өндірістің барлық жағдайын толық және ұңғылшұңғылына дейін білу керек екенін, сол өндірістің тех-

никасын оның осы күнгі деңгейінде білу керек екенін, белгілі дәрежеде ғылыми мағлұматы болу керек екенін біледі. Біз қалай болған күнде де сай болуға тиісті шарттар міне осылар. Сонымен біз, коллегиялылық немесе дара басқару туралы білгішсінген маңғаз пішінмен баяндайтын жалпы қарарлар қойған кезде, басқару ісі саласында өзіміздің еш нәрсе дерлік білмейтіндігімізге, бірақ тәжірибеге сүйеніп кейбір нәрселерді біліп, әрбір қадамымызды аңдап басуды, әкімшілікке азды-көпті қабілетті әрбір адамды жоғарылатып отыруды үйрене бастағанымызға бірте-бірте көзіміз жетіп келеді.

Іс басына жұмысшыларды қоюға біздің қарсы емес екенімізді сіздер Орталық Комитеттегі айтыстардан білесіздер; бірақ біз: мәселенің шешілуі өндірістің мүдделеріне бағындырылуға тиіс дейміз. Бізге бөгелуге болмайды. Елдің күйзелгені соншa, апаттың қазір орасан зор көлемде күшейіп отырғаны сонша — аштық, жалаңаштық, мұқтаждық жайлап отыр,— мұндай жағдайға бұдан әрі жол беруге болмайды. Егер біз жұмысшылардың өмірін сақтап қалмасақ, егер біз оларға нан тауып бермесек, егер біз ұзақ уақыт кәдеге жарамайтын түрлі түсті қағаз ақшалар арқылы емес, товар айырбасын дұрыс ұйымдастыру арқылы шаруалар тілегін қанағаттандырып, орасан зор көлемде тұз дайындай алмасақ, онда ешқандай да іске берілгендік, ешқандай да жан қиярлық бізді құтқарып қала алмайды. Бұл арада жұмысшылар мен шаруалардың бүкіл өкіметінің өмір сүру мәселесінің өзі, Советтік Россияның өмір сүру мәселесінің өзі екіталай. Басқару ісінің басында жұмысты білмейтін адамдар отырса, отын мезгілінде жеткізілмесе, паровоздар, пароходтар, баржалар жөнделмеген болса,— Советтік Россияның өмір сүруінің өзі екіталай.

Бізде темір жол транспорты су транспортынан әлдеқайда көп бүлінген. Ол көбінесе құрлықтағы жол бойында болған азамат соғысынан қирады; екі жақ та көбінесе көпірлерді бұзды, ал мұның өзі бүкіл темір жол транспортының орасан зор көлемде бүлінуіне себеп болды. Біз оны қалпына келтіреміз. Біз оны аз-аздап қалпына келтіріп жатқанымызды күн сайын дерлік көріп жүрміз. Бірақ оны біз тез арада қалпына келтіре алмай-

мыз. Алдыңғы қатарлы және мәдениетті елдер транспорттың бүліну зардабын тартып отырғанда, Россия оны қалай қалпына келтірмек? Бірақ оны тез түзетіп алу керек, өйткені халық мына биылғыдай қысқа енді төтеп бере алмайды. Жұмысшылар қандай қаһармандық көрсетсе де, қандай жан қиярлық етсе де, жұмысшылар аштықтың, жалаңаштықтың, бөртпе сүзектің, т. т. барлық азаптарына шыдай алмайды. Сондықтан басқару мәселесін іскер адамдарша қоюларыңыз керек. Басқару ісін мейлінше аз күш жұмсап жүргізілетін етіңіздер, әкімдер, маман болса да, жұмысшы болса да, қабілетті адамдар болсын, олар жұмыс істеуге де, басқаруға да барсын, егер олар басқару ісіне араласпаса — бұл қылмыс деп есептелсін. Өздеріңіздің практикалық тәжірибелеріңізден үйреніңіздер. Буржуазиядан да үйреніңіздер. Буржуазия өзінің таптық үстемдігін ұстай білді, оның тәжірибесі болды, біз сол тәжірибеге соқпай өте алмаймыз; оны керексінбеу — асқан менмендік болар еді және революция үшін орасан зор қауіп болар еді.

Бұрынғы революциялардың апат болу себебі — атап айтқанда жұмысшылар мықты диктатурамен табан тіреп тұра алмады және жалғыз диктатурамен, жалғыз зорлықпен, күштеп көндірумен ғана табан тіреп тұруға болмайтынын түсінбеді; мәдениетті, техникалық, прогрестік капитализмнің бүкіл тәжірибесін алғанда ғана, сондай адамдардың бәрін қызметке жеккенде ғана табан тіреп тұруға болады. Жұмысшылар басқару ісін тұңғыш рет қолына алып, күні кеше директор болған, миллиондаған пайдамен байып, жұмысшыларды езген маманға, буржуйға, капиталиске жақтырмай қараса, біз: бұл жұмысшылар коммунизмге тек енді ғана жақындай бастады дейміз және, сірә, сіздердің көпшілігіңіз де осылай дейтін боларсыздар. Егер коммунизмді буржуазиялық көзқарастағы мамандардан құруға мүмкіндік болса, бұл өте оңай болар еді, бірақ ол тек фантастикалық коммунизм ғана болар еді. Біз аспаннан дайын еш нәрсе түспейтінін білеміз, коммунизмнің капитализмнен өсіп шығатынын, коммунизмді тек соның қалдықтарынан ғана құруға болатынын білеміз; рас, бұл қалдықтар — жаман қалдықтар, бірақ басқасы жоқ. Сондықтан

мұндай фантастикалық коммунизмді арман ететін адамдарды іс бабындағы жиналыстардың қандайынан болса да қуып шығу керек, мұндай жиналыстарда капитализмнің қалдықтарын іске жарата алатын адамдарды қалдыру керек. Бұл істегі қиыншылықтар орасан зор, бірақ бұл жемісін беретін жұмыс, сондықтан қандай маманды болса да техника мен мәдениеттің бірден-бір игілігі деп, онсыз еш нәрсе, ешқандай коммунизм болуы мүмкін емес деп бағалау керек.

Егер біздің Қызыл Армиямыз басқа бір салада жеңіске жетсе, оның себебі — біз Қызыл Армия жөнінде әлгі міндетті шеше білдік. Патша армиясының мыңдаған бұрынғы офицерлері, генералдары, полковниктері бізге опасыздық жасады, бізді сатып кетті, осының салдарынан мыңдаған таңдаулы қызыл әскерлер қаза тапты,— мұны сіздер білесіздер, бірақ олардың ондаған мыңы, буржуазияны жақтаған күйінде қала отырып, бізге қызмет істеп жүр және оларсыз Қызыл Армия да болмаған болар еді. Өздеріңізге мәлім, бұдан екі жыл бұрын біз Қызыл Армияны оларсыз құрамыз деп талаптанғанда, онымыз партизаншылдық, берекесіздік болып шықты, біздің 10—12 миллион солдатымыз болса да, бірде-бір дивизиямыз болмады; соғысуға жарамды жалғыз да дивизиямыз болмады, сондықтан ақтардың ат төбеліндей тұрақты армиясына қарсы күресуге біздің миллиондаған солдаттарымыздың қабілеті жетпеді. Қанды жолдан өтіп барып біз осындай тәжірибеге жеттік, міне осы тәжірибені өнеркәсіпте қолдану керек.

Бұл арада тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: буржуазиялық мәдениеттің, буржуазиялық білімнің, буржуазиялық техниканың әрбір өкілін бағалау керек. Біз оларсыз коммунизм орната алмаймыз. Жұмысшы табы тап ретінде басқарады, ал ол Совет өкіметін құрғаннан кейін бұл өкімет тап ретінде оның қолында болады, сондықтан жұмысшы табы буржуазияның мүдделерін көздейтін адамдардың қайсысын болса да жағасынан алып, лақтырып тастай алады. Пролетариаттың өкіметі деген осы. Бірақ коммунистік қоғам орнату үшін өзіміздің істі жүргізуге, ұйымдастырушы және әкім болуға өте-мөте шорқақ екендігімізді, кәне, ашық мойындайық. Біз іске

өте зор сақтықпен кірісуге тиісміз, алда тұрған науқан ісіне буржуазиядан шыққан маманды дайындай алатын және адам күшін шығын қылуға бір минутты да артық жұмсамайтын,— ал коллегиялылықта бұл әрқашан да артық жұмсалады,— пролетарий ғана саналы пролетарий екендігін есте түту керек.

Қайталап айтайын, біздің тағдырымыз алдағы уақытта бізге күштеп таңылуы мүмкін Польшамен соғыстан гөрі, су транспортының алдағы науқанына, бәлкім, көбірек байланысты болар. Өйткені соғыс та бүлінген транспортқа келіп тіреліп тұр ғой. Бізде әскер көп, бірақ біз оларды тасып жеткізе алмай отырмыз, оларды азық-түлікпен жабдықтай алмай отырмыз, біз өзіміздегі көп тұзды тасып жеткізе алмай отырмыз, ал мұндай товар айырбасы жасалмаған жерде шаруалармен ешқандай дұрыс қарым-қатынас болуы мүмкін емес. Міне сондықтан да қазіргі су транспорты науқанына бүкіл республика, бүкіл Совет өкіметі, жұмысшы-шаруа өкіметінің бүкіл тіршілігі ерекше, орасан зор маңызды міндеттер артып отыр. Бір аптаны да, бір күнді де, бір минутты да зая кетіруге болмайды, бұл күйзелісті тоқтату керек, мүмкіндіктерімізді үш есе, төрт есе арттыруымыз керек.

Бәлкім, бәрі отынға байланысты болар, бірақ отын жағдайы қазір былтырғыдан жақсы. Біз, егер бейберекеттікке жол бермесек, ағаш отынды сумен көбірек ағызып жеткізе аламыз. Бізде мұнай мәселесі көп жақсарды, бұл орайда Грозныйдың, сірә, таяу уақытта біздің қолымызда болатынын, егер мұның әлі шешілмеген мәселе екенін айтпай-ақ қойғанда да, Ембі өнеркәсібі біздің қолымызда, ал мұнда қазірдің өзінде 10 миллионнан 14 миллион пұтқа дейін мұнай бар. Сондықтан егер су транспорты Саратовқа орасан көп құрылыс материалдарын мезгілінде және тез ағызып жеткізуге көмектессе, біз Ембіге баратын темір жолды жөндеп те аламыз. Ал су транспорты үшін мұнайдың қандай маңызы бар екені өздеріңізге мәлім. Қысқа мерзімнің ішінде темір жолдарды біз жоғары дәрежеге көтере алмаймыз. Құдай оңдап,— яғни, әрине, құдай емес-ау, жұмысшылардың

ескі соқыр сенімдерін жеңе білсек,— темір жолдарды 4—5 айдың ішінде аздап жақсартсақ та жаман емес. Міне сондықтан су транспорты су жолы науқаны кезінде қаһармандық іс істеуге тиіс.

Тек бір ғана серпіліспен, өрлеумен, ынта-жігермен ештеңе де істеуге болмайды; тек қана ұйымдастыру, ұстамдылық, тек қана саналылық көмектеседі, сонда буржуазиялық маманнан қорқатындардың, жалпылама бос сөзбен жарылқайтындардың емес, дара өктемдік болса да, мықты өктемдік орнатып, оны жүзеге асыра алатындардың, және де бүкіл істің су транспортына байланысты екенін ұғына отырып, пролетариаттың мүдделері үшін жүзеге асыратындардың сөзі күштірек естіледі.

Ілгері қарай бастыру үшін саты қою керек; сенбейтіндерді сол сатымен ілгері бастыру үшін істі жолға қою керек, су транспортын жолға қоя алатын адамдарды іріктеп алып, жоғарылату керек. Бізде әскери тәртіп жайында: «Мәссаған! Оның керегі не?» —дейтін адамдар бар. Ондай адамдар Россияның жағдайын түсінбейді, бізде қанды майданда күрестің бітіп келе жатқанын, ал қан төгіссіз майданда күрестің басталып келе жатқанын, мұнда жұмылудың, күш жұмсаудың және құрбандық жасаудың аз керек болмайтынын, бөгеттің де аз болмайтынын, қарсылықтың да аз болмайтынын, қайта әлдеқайда көп болатынын түсінбейді. Жұмысшылардың қамы үшін іс істегісі келмейтін әрбір ауқатты шаруа, әрбір кулак, ескі әкімшіліктің әрбір өкілі,— булардың бәрі — біздің жауларымыз. Өздеріңізді өздеріңіз алдамаңыздар. Жеңіп шығу үшін орасан зор күрес қажет, темірдей берік, әскери тәртіп керек. Мұны ұқпаған адам — жұмысшы өкіметін сақтап қалу шарттарынан да ештеңе ұқпаған адам, ондайлар өздерінің пікірлерімен сол жұмысшы-шаруа өкіметінің өвіне үлкен зиян келтіреді.

Міне, сондықтан, жолдастар, мен алдағы су жолы науқанындағы міндеттерге аса зор ықыласпен қарайтын боласыздар, ешқандай құрбандықтан тартынбай, нағыз, темірдей берік, әскери тәртіп орнатасыздар және біздің Қызыл Армия екі жылда қандай керемет істер істесе, су

транспортында да солай істеуді сіздер алдарыңызға міндет етіп қоясыздар деген үмітпен және сеніммен сөзімді аяқтаймын. (Қол шапалақтау.)

«Правда» №№ 59 және 60, 17 және 18 март, 1920 ж. және «Известия ВЦИК» №№ 59 61 және 62; 17, 20 және 21 март, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ВЦСПС КОММУНИСТІК ФРАКЦИЯСЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1920 ж. 15 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[91]

ПРОТОКОЛДЫҚ ЖАЗБА

Жолдастар, Лозовский жолдас Бухарин жолдас пен Ленин ішінара менімен келіседі деді. Бұл дұрыс. Сіз тезистерді жаздыңыз, бірақ сіз нені қорғап отырсыз? Онда сіздің тезистеріңізді сызып тастау керек, өйткені ол тезистерде: «негізгі принциппен» деп жазылған, ал біз практикаға сүйеніп отырған жоқпыз. Ендеше осылай деп жазыңыз. Онда сіздің тезистеріңізден не қалады? Бүгін менің су жолы қызметкерлерінің жиналысында болып, онда айтысуыма тура келді, Ищенко жолдас та: «Қалай болғанда да, біз мәселені практиктер ретінде қоятындығымызға кепілдік бар» деді. Мұны осылай деп жазу керек еді, ал сіз олай деп жазбағансыз; сіз: «негізгі принциппен» деп жазғансыз. Сіздің дәлеліңіз қайсы, кім қорғайды? Ешкім де қорғамайды. Кейін қарай бұғады. Осыны жазыңыз, сонда алауыздықтардың жартысы жойылады. Ал жазғаныңыздың өзі дұрыс емес қой: коллегиялыққа қарсы қойылған дәлелге сіз қай жерде жауап бересіз,— коллегияға үш, бес, жеті жұмысшы қатысқан кезде қалың бұқараның қатысуы қайда? Қалың бұқараның қатысуын тілейсіздер ме әлде тілемейсіздер ме? Әрине, кімде-кім мұны тілемесе, оны желкелеу керек,— басқа амал жоқ, бірақ бұл дәлел емес қой. Сіз «партияда жоқ қалың жұмысшы бұқарасы» дейсіз. Мұндай бұқара бірде-бір коллегияда жоқ, олай деу дұрыс емес, сондықтан бұлайша пайымдауға болмайды. Партияда жоқ қалың бұқараны тарту үшін мұндай система керек емес: үйрету керек, жоғарылатып, жандандыру

керек. Тоқымашылардың Орталық комитеті және басқалары қанша жұмысшыны қызметке қойды? Үш айдың ішінде олардың нешеуі жоғарылап, нешеуі төмендеді? Маған цифрын атаңызшы, сонда мен: міне бұлар іскер адамдар екен дейін. «Принциптер» деп жазу — баланың ойыны ғой: мәселені екі жыл бойы зерттеп, принциптерді жазыпты,— деп жұрт күлмей ме. Бұл арада дәлел қорытындыға сай келмейді, қалың бұқараның қатысуы жеті—үш адамнан құралған коллегия арқылы қамтамасыз етіледі дейді: бұған жұрт күлетін болады; бұл — бірінші қарсылық.

Екінші қарсылық, мен буржуазияны дәлел етемін: біз буржуазиядан үйренбегенде кімнен үйренуге тиіспіз? Ол қалай басқарып еді? Ол үстем болған кезінде тап ретінде басқарды, ал ол бастықтар қойған жоқ па еді? Олардың даму дәрежесін біз қуып жете қойған жоқпыз. Олар тап ретінде үстемдік ете білді және кім арқылы болса да басқара білді, түгелдей өзі үшін дара басшылық етті, олардың үстінен қарайтын кішкентай коллегия болды, ал олар негізгі принциптер туралы пікірлескен жоқ және мұндай қарарлар жазған жоқ,— бүкіл билік олардың қолдарында болды, ал істі кім білетін болса, сол іске жетік. Жұмысшылар бұған әлі жеткен жоқ, сондықтан жеңу үшін біз ескі соқыр сенімдерден арылуымыз керек. Жұмысшы табының үстемдігі конституцияда, меншікте және пақ біздің істі алға бастыруымызда, ал басқару — бұл басқа іс, бұл шеберлік ісі, машықтану ісі. Буржуазия мұны тамаша түсінді, біз мұны әлі түсінгеніміз жоқ. Ал үйрену керек. Біз осы арада былай деп мәлімдедік: билікті қолымызда мықтап ұстауымыз керек, ал қалай басқару керектігін үйренгеніміз жоқ, біз басқару ісін әлі де үсті-үстіне үйренуіміз керек.

Үшінші дәлел: іске жетіктік. Сіздерше істі жетік білмейінше қалай басқаруға болады, толық білместен, басқару ғылымын білместен басқаруға бола ма? Күлкілі нәрсе! Бұл жерде қандай қисындылық бар, сіздердің осы айтқан сөздеріңіздің бәрінің керегі не? Басқару үшін істі білу керек және тамаша әкім болу керек. Сондықтан коллегиялылық керек деп қай жерде айтылған? Мұның өзі тағы да бізде тәжірибелі қызметкерлердің

аздығынан туып отыр, бұдан коллегиялылыққа жол беруге болмайды деген қорытынды шығады. Ендеше: маманның жанында комиссар, комиссия, т. с. ұстаңыздар делінген тезистерді қабылдаңыздар. Әзірге сіздерде іске жетіктік принципі және маманды құрметтеу принципі болмай отырғанда — біз қарадүрсін көзқараста болып отырамыз. Бұлай еткенде ешқандай өнеркәсіп майданын құра алмайсың. Ерік бірлігі! Мұнсыз майданда ешқандай диктатура болмайды, қайта кереңаулық басады. Онда басқару емес, егес бола беретіні дағдылы құбылыс қой. Тәжірибесі бар маманды қойыңыздар, бірақ біздің қазіргі білетініміз: коллегияда істі жетік білетін адамды істі жетік білмейтін адаммен қосқан кезде, сіздер еріктің кемтігін және толық үйлесімсіздік туғызасыздар. Бұл — бесінші дәлел* Әркім өз тапсырмасы үшін жауап береді деп бәрі қарар жазумен болады. Ал бұл қайда орындалып жатыр? Біздің жауапкершілікті қай жерде осылайша бөлісіп алғанымызды айтсыншы? Екі жыл бойы мемлекетті басқару ісін үйрендік, солай бола тұрса да әлі күнге: «негізгі принцип» деп жазады. Мұның өзі күлкілі нәрсе, бұл 2-класс гимназисінің сөзі (буки, аз — ба), ал өз тәжірибелеріңізді көрсетіңіздерші, сонда біз одан сіздер қандай дәрежеде іске жетік адам екендеріңізді және істі жетік білушіліктің жетіспейтіндігі неден сезіліп отырғанын көреміз. Артиллерия ведомствосы кезінде завод басқармалары нашар болды деседі. Бұл мысалды Лозовский мен Томский келтіріп отыр ғой. Қай кезде? Лозовский жолдас, Совет республикасының жағдайымен санасу керек: біз неден бастап едік, басшылықта кімдер болып еді? — Троцкийге дейін Крыленко, Дыбенко, Подвойский болды, сөйтіп біз осындай коллегия болдық, ал егер бізді Колчак пен Деникин алдап соққан болса, оның себебі неден? Себебі, бізде 7 адам отырған кезде біз 2 жыл үйренуге тиіс болдық, сөйтіп осыдан барып дара басшылыққа көштік. Мұнымен санасу керек пе, жоқ па? Республиканың екі жылдық тарихын алды да, сызып тастады, сонда бұл түкке тұрмайтын нәрсе болғаны ғой. Неге? Ұнамай ма? Онда басынан бастап

* Сірә, коллегиялылыққа қарсы төртінші дәлел де бар болса керек, бірақ ол протоколдық жазбада көрсетілмей қалған. *Ред.*

қайта істеңіздер. Ал Рыков — Чупсовобор (совет қорғанысының төтенше уәкілі) деген не, сөйтіп Рыков жекедара істей бастады. Сіз өз тарихымызды, өзіміздегі Халық шаруашылығы жоғары советінің және Совет республикасының тарихын білмейсіз. Тарих былай дейді: жұмысшылардың коллегиялылығынан ондықтарға көштік, мойнымыз бұратылды, сөйтіп Колчак бізді алдап соқты және алдап соғып жақсы істеді, өйткені біз біраз нәрсеге үйрендік, үйренгенде коллегиялылықты қыспақта ұстау керектігіне үйрендік. Бізде 4 система жазылды — осы 4 системаны[92] қабылдаңыздар, Орталық Комитеттің тезистерін қабылдаңыздар. Сонда Сіздер өздеріңізді шатастыратын қарадүрсін пайымдауларға сүйенбейсіздер, ал Совет өкіметінің екі жылдық тарихына, оның тәжірибесіне сүйенесіздер...* ешбір маманнан қорықпайтын және «егер тәжірибелі адамдарды қойсаңыздар, онда біздің машина жүріп кетеді» дейтін ересек қызметкерге сүйенесіздер. Ересек жұмысшы осылай пайымдайды, ал қорқақтар: «мені мамансыз қалдырмаса игі еді» дейді. Бұл — әлсіздіктің белгісі. Уайымдауды қойып, ересек адамдарға ұқсайтын болыңыздар.

Бірінші рет 1924 ж. мына кітапта басылған: Н. Ленин (В. И. Ульянов). «Кәсіптік қозғалыс мәселелері жөніндегі мақалалар мен сөйленген сөздер». ВЦСПС баспасы

Кітаптың стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

---

* Бұдан әрі стенограммадағы жазба айқын емес. *Ред.*

Я. М. СВЕРДЛОВТЫ ЕСКЕ ТҮСІРУ МӘЖІЛІСІНДЕ[93] 1920 ж. 16 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

ҚЫСҚАША ГАЗЕТ ЕСЕБІ

Марқұм Свердлов жолдастың аса ірі ұйымдастырушылық таланты болғанын көрсете келіп, Ленин жолдас мұның өзі ұйымның маңызы және совет құрылысы ісін ұйымдастырушылардың ролі жөнінде еріксіз ой салатындығын айтып өтті. Ұйымның ерекше маңызын сипаттай келіп, Ленин жұмысшы табының революциялық күрестегі басты қаруы нақ осы ұйым екендігін айтты. Октябрь революциясынан бергі жердегі әр түрлі кезеңдердегі қоғамдық күштердің арасалмағына тоқтала келіп, Ленин: егер еңбекшілер топтаспаған болса, онда пролетариат диктатурасы да мүмкін болмас еді деді. Ол біздің майдандардағы барлық әскери табыстарымыздың, сондай-ақ экономикалық күйзеліспен күресу ісінде біртe-біртe қол жетіп отырған табыстарымыздың басты күші нақ осы ұйым деген қорытынды жасады. Марқұм Свердлов жолдастың ұйымдастырушылық жұмысын осы тұрғыдан бағалай келіп, Ленин былай деп көрсетті: бізде ұйымдастырушылардың мұндай авангарды болған себебі — олар астыртын жұмыс істеуге тура келген кездің өзінде-ақ өмірдің қиын мектебінен өтті. Ұйымдастырушылардың осындай авангарды қазір корниловшылдықты басынан кешіріп отырған Германияға өте-мөте керек. Ленин ұйымдастырушы таланттардың еңбекшілер арасында, тіпті партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалар арасында да көп екенін, бірақ біз оларды іздеп тауып, лайықты орынға қоюды әлі үйрене алмай келе жатқанымызды атап көрсетті. Ол алдағы уақытта

осы ортадан ұйымдастырушылардың көптеп шыға бастайтынына, олар Свердлов жолдастың жұмысын есте тұтып, оның жолын бекем ұстайтындығына сенім білдірді.

«Правда» № 59,
17 март, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ВЦСПС ФРАКЦИЯСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТӘРТІПТІ БҰЗУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ[94]

Саяси бюро — Бухарин, Крестинский және Ленин болған құрамда — ВЦСПС фракциясының Томский және Лутовинов жолдастар қол қойған мәлімдемесін 1920 жылы 17 мартта талқылап, олардың қатысуымен мынаны анықтады: 1) Крестинский жолдас Ищенко, Глебов, Томский және Лутовинов жолдастармен болған жеке әңгімелерінде Орталық Комитеттің алынған шешімі үшін осында болып отырған көзқарастардың ыңғайсыздығы жөнінде (атап айтқанда: партия мүшелерінің партияның Орталық Комитетінің қарарына қайшы келетін қарарларды бейпартиялық съездерде,— бұлардың коммунистік фракцияларында емес,— өткізуі жөнінде) өзінің қауіптенетінін айтпаған.

2) Крестинский жолдас фракция бюросы өкілдерінің қатысуымен Саяси бюрода бір күннен кейін болатын талқылауға дейін бұл мәселені фракцияның талқылауына салмауды ұсынған;

3) Осы әңгімелер кезінде Крестинский жолдас аздап қызбалық жасаған;

екінші жағынан,

мұндай жағдайда бұл мәселені фракцияда талқылау мүлде орынсыз еді және жанжалды қалайда ешбір қажетсіз шиеленістіруге тиіс еді немесе, дұрысырақ айтқанда, Орталық Комитет пен фракция арасындағы алауыздықты нағыз жанжалға айналдыруға тиіс еді;

жоғарыда айтылған мәлімдеме партияда бар әрбір адамның пікірінше тек қызбалық қана емес, сонымен бірге мүлде ұнамсыз кикілжің болып табылады.

Сондықтан Саяси бюро ВЦСПС фракциясының бюросына кіретін жолдастарға мыналарды ұсынуға қаулы етті:

фракцияда оның шешімі жойылсын (бұзылсын), сөйтіп дау осымен бітті деп табылсын.

Саяси бюро. — Бухарин, Ленин, Крестинский жолдастар болған құрамда — 1920 жылы 17 мартта партия мүшелерінің бейпартиялық съездерде партияның Орталық Комитетінің қарарларына қайшы келетін қарарларды өткізуінің орынсыздығы туралы мәселені талқылады.

Саяси бюро партиялық тәртіп тұрғысынан қарағанда мұны сөзсіз дұрыс емес және жол беруге болмайтын құбылыс деп шешті.

Алайда бұл оқиғаның өте-мөте өзгеше жағдайлары (атап айтқанда: партия съезінің тым жақындап қалғандығы, Томский жолдастың тезистерінің жариялануы және кейбір реттерде дара басшылыққа жол берілетін немесе керісінше болатын коллегиялылық туралы партия ішінде әлі талас туғызып отырған мәселенің онша маңызды еместігі) ВЦСПС фракциясының мүшелеріне жеке кәсіподақтардың ағымдағы съездерінде ВЦСПС фракциясының қарарын айтып сөз сөйлеуіне рұқсат етілуін (партия съезінің шешіміне дейін) саяси жағынан алып қарағанда онша көп залал емес деп мойындауға мәжбүр етіп отыр.

1920 ж. 17 мартта жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

«ПРОЛЕТАРЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ ЖӘНЕ РЕНЕГАТ КАУТСКИЙ» ДЕГЕН КІТАПШАНЫҢ АҒЫЛШЫНША БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ[95]

Ағылшынша басылуына алғы сөз

Менің Каутскийге қарсы жазылған, неміс тілінде де шыққан кітапшамды[96] ағылшын тілінде бастырушы жолдастар маған ағылшынша басылуына алғы сөз жазуды ұсынды.

Мен қысқа алғы сөз жазудың орнына Дж. Рамсей Макдональдтың (J. Ramsay Macdonald) қандай болсын бір шығармасына егжей-тегжейлі талдау жасауды жөн көрер едім, менің білуімше, ол аса ықпалды және, шын мәнісінде, «каутскийшілдік» бағыттағы, жұрт неғұрлым көбірек оқитын ағылшын жазушыларының қатарына жатады. Амал не, мен Дж. Рамсей Макдональдтың «Parliament and Revolution» («Парламент және революция»)[97] деген кітабын ала алмадым, бұл кітапта «совет демократиясы» туралы және «совет сайлау правосы» туралы шағын тараулар бар, бірақ осы автордың Макдональдтың өзі редакциялап отырған «Социалистік Шолу» («The Socialist Review», october — december 1919) деген журналда басылған «Socialist Review Outlook» («Шолу және перспективалар») деген мақаласынан автордың «каутскийшілдік» көзқарасы әбден айқын көрінеді. Макдональд марксист емес және де Каутскийдің ерекшелігі болып саналатын маркстік түрге боялған оппортунизм Англияға тән емес.

Қазір Макдональдтың көзқарастарын егжей-тегжейлі талдап жатуға уақытым болмағандықтан, мен Макдональдтың бүкіл саяси қызметінен, оның партиясының («Тәуелсіз» — сөз жүзінде тәуелсіз, іс жүзінде буржуазиялық соқыр сенімдерге әбден тәуелді — «Жұмысшы

партиясының», I. L. P.) газетінен, оның журналынан және әсіресе жаңа ғана аталған мақаласынан белгілі болып отырған оның көзқарастарын қысқаша сипаттауға әрекеттеніп көрумен шектелемін.

Әуелі бұл мақаладан неғұрлым тән бірнеше цитат келтірейін:

Ең алдымен жалпы саяси жағдайды сипаттай келіп, Макдональд былай деп жазады: «...Өз міндеттерін адал орындау, адал еңбек ету ешқашан мұншама аз құрметтелген емес» (Never was honest service and labour held in lower esteem, page 306). «...Біздің соғыс кемелеріміз әйелдер мен балаларды әлі де аштан өлтіріп отыр. Біз Европада демократияны құлату мақсатымен жасалатын сұрқия және жексұрын заговорлардың бәріне қатысып отырмыз. Біздің мемлекетіміз күйреу шегінде тұрса да, өз басының мансапқорлығын қанағаттандыру үшін қайсыбір министр және болашақта өзінің жеке басының пайдаға батуы үшін финансистердің шағын табы орыс авантюрасына арнап тағы жүз миллион фунт стерлингті британ салық төлеушілерінің мойнына артуы мүмкін...» (We are in every mean and wicked conspiracy to subvert democracy in Europe. Though the State is tottering on the verge of bankruptcy, a Minister to gratify his personal vanity, and a small class of financiers to secure personal profit in the future, can add what will probably amount to £ 100 000 000 further burden upon the British taxpayer, for a Russian venture... p. 307)... Париждеп бітім алып келген премьерге партияның парламенттегі басқа мүшелері орындарынан тұрып құрмет көрсеткенде, Ниль Маклиннің (Neil Maclean) орнында отырып қалғаны себепті сәл қабақ шытқаннан қаймығып қалу көрсеткеніндей, парламенттік Жұмысшы партиясы «болмашы зекіренге көне қалуға партияның сондай әзір екенін көрсетіп отыр» («shows this same proneness in the Party to be stampeded by trivial fears»). Жұмысшы партиясы қарсы жақтар сайлауда ол жөнінде листоктарда мынаны айтады деп үрейленді: «Жұмысшы партиясы біздің аса қайырымды монархымызға айтылып жатқан қорлау сөздерге жол беріп отыр (condones) (our Gracious Sovereign). «Істің мұндай жағдайда болуы жақсылыққа жеткізбейді,— деп батыл мәлімдейді жаужүрек Макдональд мырза,— ол ешқандай ұлы реформалар бермейді» (Such a state of things is not healthy; it contains no promise of great reform)...*

1920 ж. кеш дегенде марттa жазылған

Бірінші рет 1958 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Осымен қолжазба үзіледі. *Ред.*

ГРАММОФОН ПЛАСТИНКАЛАРЫНА ЖАЗЫЛҒАН ЕКІ СӨЗ[98]

1

ТРАНСПОРТ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТУРАЛЫ

Жолдастар! Қызыл Армияның ұлы жеңістері бізді Колчактың, Юденичтің шаңқыншылығынан құтқарды және Деникинді де құртуға жақын.

Бүкіл дүние жүзі капиталистерінің көмегімен Россияда өздерінің тежеусіз өктемдігін қайта орнатуды көксеген помещиктер мен капиталистердің әскерлері талқандалды.

Бірақ империалистік соғыс, одан кейін контрреволюцияға қарсы соғыс бүкіл елімізді сұмдық күйзелтіп, әлсіретіп кетті.

Күйзелісті жеңу үшін, өнеркәсіп пен егіншілікті қалпына келтіру үшін, шаруаларға астығының орнына оларға қажетті өнімдерді беру үшін барлық күшімізді салуымыз керек.

Қазір, біз помещиктерді жеңіп, Сибирьді, Украинаны, Солтүстік Кавказды азат еткеннен кейін, еліміздің шаруашылығын әбден қалпына келтіре аламыз.

Бізде астық көп, енді көмір мен мұнай да бар. Қазір бүкіл іс транспортқа тіреліп тұр. Темір жолдар бұзылған. Транспортты қалпына келтіру керек. Сонда біз фабрикаларға астық, көмір және мұнай жеткізе аламыз, сонда біз тұз жеткізе аламыз, сонда өнеркәсіпті қалпына келтіру ісі басталады, фабрика-завод және темір жол жұмысшыларының ашығуы бітеді.

Барлық жұмысшылар мен шаруалар транспортты қалпына келтіру ісіне, ең қажырлы және жан қиярлық жұмысқа кіріссін.

Транспортты қалпына келтіруге қажетті жұмыстардың бәрі зор ынтамен, революциялық жігермен, қалтқысыз берілгендікпен орындалуға тиіс.

Біз қанды соғыс майданында жеңіп шықтық.

Біз қан төгілмейтін майданда, еңбек майданында да жеңіп шығамыз.

Бәріміз де транспортты қалпына келтіру жұмысына жұмыла кірісейік!

1920 ж. марттың аяғында сөйленген

Бірінші рет 1928 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 18-номерінде басылған

Граммофон пластинкасына жазылуы бойынша басылып отыр

2

ЕҢБЕК ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Юденичке, Колчакқа және Деникинге бүкіл дүние жүзінің капиталистері көмектессе де, біз оларды не себепті жеңіп шықтық?

Енді күйзелісті жеңетіндігімізге, өнеркәсіп пен егіншілікті қалпына келтіретіндігімізге біз не себепті сенеміз?

Помещиктер мен капиталистерді біздің жеңген себебіміз—қызыл әскерлер, жұмысшылар мен шаруалар өздерінің төл істері үшін күресіп жатқандығын білді.

Біздің жеңген себебіміз — бүкіл жұмысшы табының, барлық шаруалардың таңдаулы адамдары қанаушыларға қарсы осы соғыста бұрын-соңды болмаған қаһармандық істеді, керемет батырлық көрсетті, құлақ естімеген азаптарға төзді, өздерін құрбан етуге барды, жанаярлар мен қорқақтарды аяусыз қуып шықты.

Енді біз күйзелісті жеңетіндігімізге де сенеміз, себебі — бүкіл жұмысшы табы мен барлық шаруалардың таңдаулы адамдары дәл сондағыдай саналылықпен, дәл сондағыдай бекемдікпен, дәл сондағыдай қаһармандықпен күреске шығып отыр.

Ал миллиондаған еңбекшілер бір кісідей бірігіп, өз табының таңдаулы адамдарының соңынан еріп отырғанда,— мұндай жағдайда жеңіс қамтамасыз етіледі.

Армиядан жанаярларды қудық. Енді бәріміз де былай дейміз:

«Жанаярлар құрысын, өз пайдасын, жалдаптықты ойлайтындар, жұмыстан жалтаруды ойлайтындар, жеңу

үшін қажетті құрбандықтардан қорқатындар жойылсын!»

Еңбек тәртібі, еңбекке ынталылық, жұмысшы мен шаруа ісіне берілгендік жасасын!

Қызыл Армияның алдыңғы сапында қаза тапқандар мәңгі-бақи даңққа бөленсін!

Қазір еңбек армиясының алдыңғы сапында аса зор ынтамен жүріп, миллиондаған еңбекшілерді соңынан ертіп отырғандар мәңгі-бақи даңққа бөленсін!

1920 ж. марттың аяғында сөйленген

Бірінші рет 1928 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 18-номерінде басылған

Граммофон пластинкасына жазылуы бойынша басылып отыр

РКП(б) IX СЪЕЗІ[99]

29 МАРТ—5 АПРЕЛЬ, 1920 ж.

Съезді ашарда сөйленген сөз (қысқаша газет есебі)— 1920 ж. 30 мартта «Правданың» 69-номерінде және «Известия ВЦИК»-тің 69-номерінде, Орталық Комитеттің баяндамасы — 30 және 31 мартта «Правданың» 69 және 70-номерлерінде, Орталық Комитеттің баяндамасы бойынша қорытынды сөз (қысқаша газет есебі)— 31 мартта «Правданың» 70-номерінде, шаруашылық құрылысы туралы сөз (газет есебі)— 1 апрельде «Правданың» 71-номерінде, кооперация туралы сөз (қысқаша газет есебі)— 4 апрельде «Правданың» 74-номерінде, съезді жабарда сөйленген сөз (газет есебі)— 6 апрельде «Правданың» 75-номерінде және «Известия ВЦИК»-тің 75-номерінде басылған.

1920 ж. «Россия коммунистік партиясының тоғызыншы съезі. Стенографиялық есеп» деген кітапта толық басылған

Орталық Комитеттің баяндамасы бойынша қорытынды сөз бірінші рет 1960 ж. «РКП(б) тоғызыншы съезі. Март—апрель, 1920 жыл. Протоколдар» деген кітапта толық басылған

Кітаптың стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

1

СЪЕЗДІ АШАРДА 29 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Ең алдымен маған РКП Орталық Комитеті атынан партия съезіне келген делегаттарды құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Жолдастар, біз кезекті партия съезін аса маңызды кезеңде ашып отырмыз. Революциямыздың ішкі дамуы азамат соғысында жауды мейлінше ойсырата, тез жеңіп шығуға жеткізді, ал халықаралық жағдайға байланысты алғанда бұл жеңіс нақ советтік революцияның осы революцияны жасаған бірінші елде, ең әлсіз, артта қалған елде жеңіп шығуы, біріккен бүкіл дүние жүзілік капитализм мен империализмді жеңіп шығуы болып отыр. Міне осы жеңістерден кейін біз енді бейбіт шаруашылық құрылысының кезекті міндеттеріне еркін, кәміл сеніммен кірісе аламыз, бұл съезд совет жұмысының екі жылдан астам уақыттағы тәжірибесін қорытады және алған сабағымызды шаруашылық құрылыстың алда тұрған неғұрлым қиын, күрделі міндеттерін шешу үшін пайдалана алады деген сеніммен кірісе аламыз. Ал халықаралық тұрғыдан алғанда біздің жағдайымыз еш уақытта дәл қазіргідей тиімді болып көрген емес, ал бізді өте-мөте куанышқа бөлеп, жігерлендіретін нәрсе — біздің күн сайын Германиядан алып отырған хабарларымыз; бұл хабарлар, социалистік революция қаншалықты қиын әрі ауыр жағдайда туып отырса да, Германияда пролетарлық совет өкіметінің тоқтаусыз өсіп келе жатқанын көрсетеді. Россияда корниловшылдық қандай роль атқарса, Германияда неміс

корниловшылдығы нақ сондай роль атқарды. Германияда корниловшылдықтан кейін тек қала жұмысшыларының бұқарасы арасында ғана емес, сонымен қатар село пролетариаты арасында да жұмысшы өкіметіне қарай бетбұрыс басталды, ал бұл бетбұрыстың бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы бар. Ол бізге бағыттың дұрыстығын растаған үстіне толық растап қана қоймайды, ол бізде неміс совет үкіметімен қол ұстасып алға басатын уақытымыз алыс емес деген сенім туғызады. (Қол шапалақтау.)

Съезд ашылды деп жариялаймын, президиум сайлауға кірісуді өтінемін.

2

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ 29 МАРТТАҒЫ БАЯНДАМАСЫ

Жолдастар, баяндаманы бастамастан бұрын, мен оның бұдан бұрынғы съездегі сияқты, екі бөлімнен: саяси бөлімнен және ұйымдық бөлімнен тұратындығын айтып өтуге тиіспін. Бұлайша бөлу Орталық Комитет жұмысының сырттай қарағанда, ұйымдастыру жағынан қалай құрылғанын бәрінен бұрын еске салады. Біздің партия Я. М. Свердлов қайтыс болғаннан бері бір жылды бастан өткізіп отыр, ал бұл қазаның өзі Орталық Комитеттің бүкіл ұйымына әсер етпей қойған жоқ. Ұйымдастыру жұмысы мен саяси жұмысты Свердлов жолдастың бір өзі ұштастыра білгеніндей ешкім де ұштастыра алған жоқ, сондықтан бізге оның істеген жұмысын коллегия болып істеп көруге тура келді.

Есеп беріліп отырған жыл ішінде Орталық Комитеттің жұмысы күнделікті ағымдағы жұмыс мағынасында алғанда Орталық Комитеттің пленумында сайланған екі коллегия — Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы мен Орталық Комитеттің Саяси бюросы[100] арқылы жүргізілді, ал бұл екі мекеменің шешімдерін үйлестіріп, сабақтастырып отыру үшін секретарь екі бюроның екеуіне де кірді. Сонымен, іс былайша ұйымдастырылды: Ұйымдастыру бюросының ең басты міндеті партиялық күштерді орналастыру болды да, ал Саяси бюроның міндеті саяси мәселелер болды. Бұлайша бөлу белгілі бір дәрежеде жасанды нәрсе екені өзінен-өзі түсінікті, тағайындаулар мен ауыстыруларда саясатты білдірмейінше, ешқандай саясат жүргізуге болмайтыны түсінікті.

Демек, ұйымдастыру мәселелерінің қайсысының болса да саяси маңызы бар, сондықтан бізде практика жүзінде, Орталық Комитеттің бір мүшесі айтса болғаны, кез келген мәселе, белгілі бір пікірлерге байланысты, саяси мәселе ретінде қаралып отырды. Орталық Комитеттің қызметін басқаша межелеуге талаптану онша орынды бола қоймас еді және практика жүзінде мақсатқа да жеткізе қоймас еді.

Істі жүргізудің бұл көрсетілген әдісі өте-мөте қолайлы нәтижеге жеткізді: бізде екі бюроның арасында қиыншылық туғызған жағдай болған жоқ. Бұл екі органның жұмыстары жалпы алғанда ынтымақты түрде ұйымдастырылып отырды, ал практика жүзінде қолданылуы секретарьдың қатысуымен жеңілдетілді, ал партияның секретары бүтіндей және ылги Орталық Комитеттің еркін орындап отырды. Ең алдымен мынаны атап көрсету керек: белгілі бір түсініспеушіліктерге жол бермеу үшін Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросында немесе Саяси бюросында, немесе пленумында қабылданған Орталық Комитеттің коллегиялық шешімдерін ғана, кілең тек осындай мәселелерді ғана партияның Орталық Комитетінің секретары жүзеге асырып отырды. Бұлай болмаған күнде Орталық Комитеттің жұмысы дұрыс жүргізілуі мүмкін емес.

Орталық Комитет жұмысының ішкі тәртібі туралы бірер ескертпелерден кейін мен өз міндетіме, Орталық Комитеттің есебіне көшемін. Орталық Комитеттің саяси жұмысы туралы есеп беру,—оны сөздің дәл мағынасында түсінетін болсақ,—өте қиын міндет. Осы жылдың ішінде Саяси бюро жұмысының орасан көп бөлегі саясатқа қатысы бар, барлық совет және партия мекемелерінің, жұмысшы табының барлық ұйымдарының қимылдарын біріктіретін, Совет республикасының бүкіл жұмысын біріктіріп, бағыттап отыруды көздейтін әрбір мәселені күнбе-күн шешіп отыруға келіп саяды. Саяси бюро халықаралық және ішкі саясат мәселелерінің бәрін шешіп отырды. Бұл мәселелерді шамамен болса да атап өтуді өзіңе мақсат етіп қою мүмкін еместігі түсінікті. Орталық Комитеттің осы съезге арнап бастырғандарынан сіздер мәлімет үшін керекті материал таба-

РКП(б) IX съезі делегатының В. И. Ленин 1920 ж. 29 мартта толтырған жеке анкетасы.

Кішірейтілген

Российская Коммунистическая Партия (большевиков).

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

Личная анкета
для делегатов 9-го С'езда Р. К. П. (большевиков).

1. Имя, отчество и фамилия. Владимир Иван [illegible]

2. № делегатского билета решающий / совещательн. 381

3. В какой организации числитесь (уезд, губерния).
Моск.

4. Число членов вашей организации. 35 000

5. Как избраны (на губконференции, уездконференции, общем собрании и т. д.) и когда.
Моск. горконференц.

6. Число представленных членов партии на губконференции, уездконференции, общем собрании, на которой вы были избраны на С'езд.
35 000

7. Возраст. 50

8. Образование. [illegible]

9. Бывшая профессия (указать вполне определенно), или какие специальности знаете.
[illegible] : [illegible]
[illegible]

10. Национальность. великорус

11. Семейное положение. [illegible]

Партийная работа.

12. С какого времени состоите членом Р. К. П. (год, месяц).
с 1893 года

13. На каких Всероссийских партийных С'ездах вы участвовали.
[illegible] на всех

14. Какую партийную работу исполняли, когда и где.
член Ц.К. и [illegible]

15. Сколько времени вы вели нелегальную работу. 1893–1917

16. Какую партийную работу исполняете сейчас [handwritten, illegible]

17. Принадлежали-ли к какой-либо партии до вступления в Р. К. П., когда, сколько времени. нет

Советская работа.

18. Какую советскую работу исполняли, когда, где. [handwritten, illegible]

19. Какую советскую работу исполняете сейчас. [handwritten, illegible]

20. В каких и когда состояли Профессиональных Союзах и в каком состоите сейчас. не состоял

21. Подвергались-ли вы репрессиям за партийную работу, когда, по каким делам. [handwritten, illegible] 1887, 1894 и 1900

22. Где застала вас февральская революция (в ссылке, каторге, тюрьме, заграницей, на военной службе, фабрике и т. д.). в эмиграции (в Швейцарии)

23. Сколько времени провели: в тюрьме, 14 мес. [handwritten, illegible]

" " " в ссылке, 3 года

" " " на каторге, не был

" " " в эмиграции. 1900–1905 и 1908–1917

Подпись [signature]

29 марта дня. 1920 г.

сыздар[101]. Бұл мәліметті баяндамада қайталап айтуға тырысуға менің шамам да келмес еді және, меніңше, мұның өзі делегаттарға қызықты да болмас еді. Біздің әрқайсысымыз, белгілі бір партия-совет ұйымында жұмыс істей отырып, сыртқы және ішкі саяси мәселелердің әдеттен тыс өзгеруін күн сайын қадағалап отырамыз. Совет өкіметінің декреттерінде, партия ұйымдарының қызметінде, әрбір бетбұрыста көрінгеніндей, бұл мәселелерді шешудің өзі партияның Орталық Комитетінің іске баға беруі болды. Мәселелердің сопшалықты көп болғандығын, оларды әрдайым өте-мөте асығыс жағдайларда шешіп отыруға тура келгендігін, сөйтіп коллегия мүшелерінің өзара толық таныстығының, пікір сарындарын білуінің, бір-біріне сенудің арқасында ғана жұмысты орындау мүмкін болғандығын айта кету керек. Әйтпегенде бұған тіпті үш есе үлкен коллегияның да шамасы жетпес еді. Екінің бірінде күрделі мәселелерді жиналыс өткізіп шешудің орнына телефон арқылы сөйлесіп шешуге тура келді. Мұның өзі кейбір, көпе-көрінеу күрделі, даулы мәселелердің шешілмей қалмайтындығына көз жеткендіктен де істелді. Қазір, маған жалпы баяндама жасауға тура келіп отырғанда, мен хронологиялық шолу мен тақырыптарды топ-топқа бөлудің орнына, басты, неғұрлым елеулі кезеңдерге, оның үстіне кешегі күннің тәжірибесін, дұрысырақ айтқанда, өткен жылдың тәжірибесін алдымызда тұрған міндеттермен байланыстыратын кезеңдерге тоқталып өткім келеді.

Совет өкіметінің тарихы үшін әлі уақыт жеткен жоқ. Ал егер жеткен күнде де, біз,—өз атымнан айтамын және Орталық Комитеттің атынан да айтып отырмын ғой деп те ойлаймын,—тарихшы болуды көздемейміз, қайта біз қазіргі уақыт пен алдағы уақытқа назар аударамыз. Есеп беріліп отырған өткен жылды біз материал ретінде, сабақ ретінде, баспалдақ ретінде аламыз; біз осы баспалдақ арқылы ілгері басуға тиіспіз. Осы тұрғыдан қарағанда Орталық Комитеттің жұмысы ірі екі салаға: әскери міндеттер мен республиканың халықаралық жағдайын анықтайтын міндеттерге байланысты болған жұмысқа және ішкі, бейбіт шаруашылық құрылыс жұмы-

сына бөлінеді; бұл соңғы жұмыс, бәлкім, өткен жылдың аяғынан немесе үстіміздегі жылдың басынан, азамат соғысының шешуші майдандарында біздің шешуші жеңіске жеткендігіміз әбден айқын болған кезде, бірінші қатарға қойыла бастаған болар. Өткен жылдың көктемінде біздің соғыстағы жағдайымыз өте-мөте қиын болды, өздеріңіз білесіздер, біздің бірсыпыра жеңілістерді, контрреволюция өкілдері мен Антанта өкілдерінің жаңа, зор, бұрын біз күтпеген шабуылдарын басымыздан кешіруімізге тура келді, бұларды ілгеріректе күтпеген едік. Сондықтан бұл дәуірдің дені әскери міндетті, азамат соғысының міндетін орындау жөніндегі жұмыстармен өткендігі әбден табиғи нәрсе; бұл міндет, меньшевиктердің, эсерлердің және ұсақ буржуазиялық демократияның басқа да өкілдерінің партиясын былай қойғанда, барлық қоян жүректерге, аралық элементтердің көпшілігіне орындалмайтын міндет болып көрінді, мұның өзі оларды — бұл міндет орындалмайды деп, Россия артта қалды, әлсіреді және, Батыстағы революция кешеуілдегендіктен, бүкіл дүние жүзіндегі капиталистік құрылысты жеңе алмайды деп шын ниетпен айтуға мәжбүр етті. Сондықтан бізге, өз позициямызда қала отырып, біз жеңеміз деп мейлінше батыл түрде және толық сенімді сақтай отырып айтуға тура келді, «бәрі жеңіс үшін», «бәрі соғыс үшін» деген ұранды жүзеге асыруға тура келді.

Осы ұранды жүзеге асыру үшін толып жатқан ең зәру деген қажеттерді қанағаттандырмауға барынша саналы түрде және ашықтан-ашық баруға тура келді, сөйтіп екінің бірінде өте көп адамдарды жәрдемсіз қалдыруға, барлық күшті соғысқа жұмсап, өзімізге Антанта әкеліп таңған соғыста жеңуге тиіспіз деген сенімде болуға тура келді. Партияның сақ болуының, партияның аса қатаң тәртіпті болуының арқасында ғана, партияның беделі барлық ведомстволар мен мекемелерді біріктіргендіктен ғана, Орталық Комитет ұсынған ұран бойынша ондаған, жүздеген, мыңдаған, сайып келгенде миллиондаған адамдар бір кісідей болып күреске аттанғандықтан ғана, құлақ естімеген құрбандықтар болғандықтан ғана,— тек сондықтан ғана керемет жасалуы

мүмкін еді, керемет жасалды да. Тек сондықтан ғана, Антанта империалистері мен бүкіл дүние жүзі империалистерінің екі рет, үш рет, төрт рет жорық жасағанына қарамастан, біз жеңіп шыға алдық. Әлбетте, біз істің бұл жағын тек баса көрсетіп қана қоймаймыз, сонымен бірге біз істің бұл жағының сабақ болатындығын, тәртіп болмайынша, бір орталыққа бағыну болмайынша біздің бұл міндетті осы уақытта жүзеге асыра алмайтындығымызды есте ұстауға тиіспіз. Елімізді контрреволюциядан қорғап қалу үшін, орыс революциясының Деникинді, Юденичті, Колчакты жеңуі үшін біздің құлақ естімеген құрбандықтар жасауымыз бүкіл дүние жүзілік әлеуметтік революцияның кепілі болып табылады. Мұны жүзеге асыру үшін партиялық тәртіп, мейлінше қатаң түрде бір орталыққа бағыну керек болды, он мыңдаған, жүз мыңдаған адамдардың құлақ естімеген ауыр құрбандықтары осы міндеттердің бәрін жүзеге асыруға көмектесетіндігіне, мұның өзі шынында істелетіндігіне, қамтамасыз етілетіндігіне кәміл сенім керек болды. Ал бұл үшін біздің партия және диктатураны жүзеге асыратын тап, жұмысшы табы, міне осылар Россияда да, бүкіл дүние жүзінде де миллион-миллион еңбекшілерді біріктіретін элементтер болуы қажет еді.

Егер мұндай тарихи кереметтің болуының, әлсіз, қалжыраған, артта қалған елдің дүние жүзіндегі аса күшті елдерді жеңуінің түпкі негізінде, сайып келгенде, не жатқандығы туралы ойлайтын болсақ, онда біз мұның өзі бір орталыққа бағыну, тәртіп, құлақ естімеген жан қиярлық екенін көреміз. Қандай негізде? Өзгеден көбірек тәрбиеленген елде миллиондаған еңбекшілер ұйымдасуға, әлгі тәртіп пен әлгі орталықтанудың жүзеге асуына тек мынадай негізде ғана жетті: капитализм мектебінен өткен жұмысшыларды капитализм біріктірді, барлық алдыңғы қатарлы елдердегі пролетариат, ол ел неғұрлым алдыңғы қатарлы ел болса, соғұрлым көбірек бірікті; екінші жағынан, әлгі тәртіп пен әлгі орталықтанудың жүзеге асуына меншік, капиталистік меншік, товар өндірісіндегі ұсақ меншік ажыратып отыратындығының нәтижесінде жетті. Меншік ажыратады, ал

біз біріктіреміз, біріктіргенде, бүкіл әлемдегі миллиондаған еңбекшілерді барған сайын көптеп біріктіреміз. Мұны қазір тіпті соқырлар да, ең болмағанда, олардың мұны көргісі келмегендері де көріп отыр деп айтуға болады. Неғұрлым ілгері басқан сайын, біздің жауларымыз соғұрлым көбірек ажыраса берді. Артық астықтарын сатып жалдаптық жасайтын, ашыққан жұмысшылардың есебінен байитын ұсақ қожайынсымақтар болсын, әр түрлі елдердің капиталистері болсын, бәрібір біздің бұл жауларымызды капиталистік меншік, товар өндірісі тұсындағы жеке меншік ажыратты; ал әр түрлі елдердің капиталистерінде әскери күш-қуат болған еді, олар «Ұлттар лигасын», дүние жүзіндегі барлық алдыңғы қатарлы ұлттардың «біртұтас ұлы лигасын» құрған еді. Мұндай бірлік — жаппай жалған, жаппай алдау, жаппай өтірік. Ал біз осы — аса зор мысал — мемлекеттерді билеуге право таратып беруге, дүние жүзін бөлуге тырысқан атышулы «Ұлттар лигасының», осы атышулы одақтың желкөбік болып шыққанын, оның лезде быт-шыт болғанын көрдік, өйткені бұл одақ капиталистік меншікке негізделген еді. Біз мұны аса зор тарихи көлемде көрдік, мұның өзі негізгі ақиқатты растайды, біз өз әділеттігімізді, Октябрь революциясының жеңетіндігіне өзіміздің кәміл сенетіндігімізді осы ақиқатты мойындауға негіздеп құрған болатынбыз, сөйтіп біз, күллі қиыншылыққа, барлық кедергілерге қарамастан, барлық елдердің миллион-миллион еңбекшілерін біріктіретін істі қолға алып отырмыз. Біз өзіміздің одақтастарымыздың барын, бір елде жан қиярлық көрсете білу керектігін, құлақ естімеген құрбандықтардың орнын еселеп толтыру үшін тарих бұл елге құрметті әрі аса қиын міндет жүктегенін білген едік, өйткені біз өз елімізде басымыздан кешіріп отырған әрбір ай барлық елдерде бізге миллион-миллион одақтастар беріп отырады.

Егер, сайып келгенде, біздің жеңіп шыққанымыз, біздің жеңуге тиісті болғанымыз неліктен екендігі туралы ойлайтын болсақ, онда мұның себебі тек мынау ғана: дүние жүзіндегі ең күшті үкіметтермен, капитал өкілдерімен қандай да болсын дәнекерлер арқылы формаль-

ды түрде байланысты болған жауларымыздың бәрі,— олар формальды түрде қалай біріккенмен де,— бөлектенген болып шықты, олардың ішкі байланысы шын мәнісінде олардың өздерін бөлшектеп жіберді, оларды бір-біріне қарсы шабыстырды, сөйтіп капиталистік меншік оларды ыдыратты, одақтастардан тағы айуандарға айналдырды, сөйтіп олар Архангельскіге түсірілген ағылшын солдаттары арасында, Севастопольге түсірілген француз матростары арасында, барлық елдердің жұмысшылары арасында, социал-келісімпаздар алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде капитал жағына шыққан жерлерде Советтік Россия өз жақтастарының санын көбейте түскенін білмей қалды. Ал бұл негізгі себеп, ең түбегейлі себеп, сайып келгенде, бізді нағыз шын жеңіске жеткізді, ол біздің күшіміздің ең басты, бой бермейтін, сарқылмайтын қайнар бұлағы бола берді, мұның өзі біздің былай деуімізге мүмкіндік береді: өз елімізде біз пролетариат диктатурасын толық жүзеге асырып, авангард арқылы, оның алдыңғы қатарлы партиясы арқылы пролетариат күштерін неғұрлым мықтап біріктірген кезімізде, біз дүние жүзілік революцияны күте аламыз. Ал мұның өзі шынында ерікті білдіру, күреске деген пролетарлық құлшынысты білдіру, барлық елдердегі миллиондаған, он миллиондаған жұмысшылардың одақтасуына пролетарлық құлшынысты білдіру болып табылады.

Буржуа мырзалар, II Интернационалдың социалистсымақтары мұны үгіттік құрғақ сөздер деп көкіді. Жоқ, бұл — Россиядағы азамат соғысының қанды, ауыр тәжірибесі арқылы расталған тарихи шындық, өйткені бұл азамат соғысы дүние жүзілік капиталға қарсы соғыс болды, сөйтіп бұл капитал ұрыста өзінен-өзі ыдырап кетті, өзін өзі жалмады, ал біз ашаршылықтан, бөртпе сүзектен жұрт өліп жатқан пролетариат елінде неғұрлым шынығып, неғұрлым күшейіп шықтық. Бұл елде біз еңбекшілерді өз жағымызға қосқан үстіне қоса бердік. Бұрын келісімпаздарға үгіттік құрғақ сөз болып көрінген нәрсені, буржуазия күлкі етуге әдеттенген нәрсені революциямыздың осы жылы, бәрінен де гөрі есеп беріліп отырған жылы біржолата талассыз

тарихи фактіге айналдырды; бұл факт мейлінше толық сеніммен былай деп айтуға мүмкіндік береді: егер біз мұны істеген болсақ, онда бұл арқылы бізде бүкіл дүние жүзілік негіз, бұрынғы революциялардағылардың қандайынан болса да анағұрлым кең негіз бар екендігі дәлелденеді. Бізде халықаралық одақ бар; бұл одақ еш жерде жазылмаған, заңды етілмеген, «мемлекеттік право» тұрғысынан қарағанда еш нәрсе де емес, ал шынында іріп-шіріп бара жатқан капиталистік дүниеде құдіретті одақ болып отыр. Біз өзімізге позиция жеңіп алған кезде немесе біз құлақ естімеген жойқын жауға қарсы берік тұрып алған кезде әрбір ай біздің ісіміздің әділдігін бүкіл дүние жүзіне дәлелдеп отырды, сөйтіп жаңадан миллиондаған адамдарды біздің жағымызға шығарып беріп отырды.

Бұл қиын процесс еді, орасан зор жеңілістер болып отырды. Финляндияда болған сұрапыл ақ террордан[102] кейін нақ осы есеп беріліп отырған жылы венгр революциясы жеңіліске ұшырады; бұл революцияны Антанта өкілдері, Румыниямен жасырын шарт жасасып, өз парламенттерін алдай отырып тұншықтырды.

Мұның өзі халықаралық Антантаның нағыз зұлым сатқындығы, ақ террор арқылы венгр революциясын тұншықтыру үшін жасаған заговоры болды; айта берсек, олар герман революциясын[103] тұншықтыру үшін герман келісімпаздарымен келісім жасасуға барынша ұмтылды; Либкнехтті адал неміс деп атаған бұл адамдар осы адал немісқе неміс империалистерімен бірге құтырған итше жабылды. Олар мүмкін болған нәрсенің бәрінен асып түсті, сөйтіп олардың тарапынан болған мұндай басып-жаншудың қандайы болсын бізді тек қана нығайта, күшейте берді, олардың негізін әлсіретті.

Сондықтан мен өзіміз істеген бұл негізгі тәжірибені бәрінен де гөрі көбірек ескеруге тиістіміз деп ойлаймын. Бұл жерде бәрінен бұрын мынаны ойластыру керек: біздің үгітіміз бен насихатымыздың негізі — біздің неліктен жеңгендігімізді, азамат соғысының бұл құрбандықтары неліктен еселеп өтелгендігін талдау, түсіндіру болуға тиіс, сөйтіп басқа соғыста, қан төгілмейтін

майдандағы соғыста, тек формасын ғана өзгерткен соғыста жеңіске жету үшін әлгі тәжірибеге сүйеніп не істеуіміз керек екендігін түсіндіру болуға тиіс; ал бұл соғысты бізге қарсы ескі капиталистік дүниенің баяғы ескі өкілдері, малайлары, көсемдері жүргізіп отыр, тек бұрынғыдан да бетер өршелене, құтырына, қасарыса жүргізіп отыр. Біздің революциямызда, басқа революцияның қай-қайсысына қарағанда да, мынадай заң көбірек расталып отыр: революция күші, тегеурін күші, жігер, құлшыныс, революция жеңісінің салтанаты сонымен бірге буржуазияның қарсыласу күшін де арттырады. Біз неғұрлым көбірек жеңген сайын, капиталистік қанаушылар да бірігуді соғұрлым көбірек үйренеді, неғұрлым батыл шабуылдарға көшеді. Өйткені Октябрь революциясының бас кезінде жұрттың большевизмді өрескел нәрсе деп есептегендігін бәріңіз де өте жақсы білесіздер,— мұның өзі уақыт тұрғысынан алып қарағанда бертінде болғанымен, ағымдағы оқиғалар тұрғысынан алып қарағанда әртінде болды; ал егер Россияда бұл көзқарастан өте тез бас тартуға тура келген болса, онда пролетарлық революцияның толыспағандығының, әлсіздігінің белгісі болған бұл көзқарастан Европада да бас тартты. Большевизм дүние жүзілік құбылысқа айналды, жұмысшы революциясы бас көтерді. Октябрьде советтік системаны құрғанда біз, өз тәжірибемізді жасай отырып, 1905 жылдың өсиеттерін орындадық; бұл советтік система бүкіл дүние жүзілік-тарихи құбылыс болып шықты.

Ешбір асырып айтпағанда, қазір екі лагерь бүкіл дүние жүзілік көлемде көпе-көрінеу біріне-бірі қарсы тұр. Бұлар тек осы жылдың ішінде ғана біріне-бірі қарсы үзілді-кесілді және түпкілікті күреске шыққанын айта кету керек, сөйтіп біз қазір, нақ съезд жұмыс істеп жатқан кезде, соғыстан бейбітшілікке өтудің, бәлкім, ең ірі, шұғыл, аяқталмаған кезеңдерінің бірін бастан кешіріп отырған боларымыз.

Антантаның империалистік державаларының көсемдеріне қалай етуге тура келгендігін бәріңіз де білесіздер; олар бүкіл дүние жүзіне айқай салып: «узурпаторларға, қарақшыларға, өкіметті басып алушыларға, де-

мократияның дұшпандарына, большевиктерге қарсы соғысты еш уақытта тоқтатпаймыз», деген еді,—олардың әуелі блокада жасауды қалай тоқтатқанын, олардың ұсақ державаларды біріктіруге әрекеттенуінің қалай іске аспай қалғанын өздеріңіз білесіздер, өйткені барлық елдердің жұмысшыларын біздің өз жағымызға тарта білгеніміз былай тұрсын, сонымен бірге біз ұсақ елдердің буржуазиясын да өз жағымызға тарта алдық, өйткені империалистер тек өз елдерінің жұмысшыларын ғана емес, сонымен бірге ұсақ мемлекеттердің буржуазиясын да езеді. Алдыңғы қатарлы елдердің ішіндегі қобалжып жүрген буржуазияны біздің өз жағымызға қалай тартқанымызды өздеріңіз білесіздер, сөйтіп міне енді Антанта өзінің бұрынғы уәделері мен өсиеттерін бұзғап, өзінің шарттарын бұзған кезең келді; айта кету керек, ол бұл шарттарды орыстың түрлі ақ гвардияшыларымен ондаған рет жасасқан болатын, ал қазір ол осы шарттарына байланысты таз кебіне қайта түсіп отыр, өйткені ол бұл шарттарға жүздеген миллион жұмсап, істі ақырына дейін жеткізе алмады.

Антанта қазір, блокада жасауды қойып, іс жүзінде Совет республикасымен бітім келіссөзін бастап отыр, сөйтсе де ол қазір бұл келіссөзді ақырына дейін жеткізбей отыр, сондықтан ұсақ державалар оған сенуден, оның күшіне сенуден қалды. Біз мынаны көріп отырмыз: юриспруденцияның әдеттегі ұғымдары тұрғысынан қарағанда Антантаның жағдайын, оның сыртқы жағдайын тіпті анықтауға болмайды. Антанта мемлекеттері большевиктермен тату да емес, соғыспайды да, олардың бізді танитын жері де бар, танымайтын жері де бар. Сөйтіп біз де біреу ғұрлы боламыз деп сеніп жүрген дұшпандарымыздың мұндай ойсырай құлдырауы олардың өзара қырқысқан және бізге бірдеңе істеуге мүлде шамасы келмей отырған капиталистік бір топ айуандардан басқа ештеңе де еместігін көрсетеді.

Қазір жағдай мынадай: Латвия бітім жөнінде бізге ресми түрде ұсыныс жасап отыр[104]; Финляндия телеграмма жіберді, онда шекараны белгілеу туралы ресми түрде айтылған, ал шын мәнінде мұның өзі — бітім

саясатына көшкендік[105]. Ақырында, Польша, өкілдері қаруын өте-мөте жалаңдатқан және әлі де жалаңдатып отырған Польша, тек Россияға қарсы күресті жүргізе берсе болғаны, артиллерия тиелген поездар мен барлық жағынан көмектесу жөніндегі уәделерді бәрінен көбірек алған және алып та отырған Польша, тіпті үкіметінің жағдайы берік болмағандықтан соғыс арқылы қандай да болсын авантюра жасауға ділгер болып отырған Польша, тіпті осы Польша да бітім келіссөзін бастауға шақырып отыр[106]. Мейлінше сақ болу керек. Біздің саясатымыз бәрінен де гөрі абай болуды керек етеді. Бұл арада дұрыс бағыт табу бәрінен де гөрі қиынырақ, өйткені поезд тұрған рельстерді әлі ешкім де білмейді,— өзінің бұдан былай не істейтінін жаудың өзі де білмейді. Польшаны бәрінен де гөрі көбірек айдап салып отырған француз саясатының өкілдері болған мырзалар мен помещиктік-буржуазиялық Польшаның көсемдері бұдан былай не болатынын білмейді, өздерінің не істегісі келетінін де білмейді. Олар бүгін былай деп отыр: «Мырзалар, бірнеше поезд зеңбіректер, бірнеше жүз миллиондаған сом қаржы беріңдер, сонда біз большевиктермен соғысуға дайынбыз». Олар Польшада өріс алып отырған ереуілдер туралы хабарды жасырып отыр, шындықты жасыру үшін цензураны қыспаққа алуда. Ал онда революциялық қозғалыс өріс алып келеді. Жұмысшылар, герман корниловшылдығынан кейін, қызыл армияларды құрып жатқан кезде, Германиядағы революциялық өрлеу, өзінің жаңа кезеңіндегі, жаңа сатысындағы революциялық өрлеу, жұмысшылардың құлшынған үстіне құлшына түсіп отырғанын (сол жерден келген соңғы телеграммалар) айқын көрсетеді. Буржуазиялық-помещиктік Польшаның өз өкілдерінің санасына мынадай ой кіре бастады: «Кеш емес пе екен, бітім немесе соғыс жөнінде мемлекеттік акт жасаудан гөрі Польшада Совет республикасы бұрын орнамас па екен?» Олар не істерін білмей отыр. Олар өздеріне ертеңгі күннің не әкелетінін білмей отыр.

Біз әрбір ай өзіміздің күшімізді орасан зор арттырып отырғанын, бұдан да гөрі арттыра беретінін білеміз. Сондықтан біз қазір халықаралық жағдай жағынан

алғанда қай уақыттағыдан болса да мықтырақпыз. Бірақ біз халықаралық дағдарысқа мейлінше зер сала қарап, тосын жағдайлардың қандайын болса да дайындықпен қарсы алуымыз керек. Бізде бітім жөнінде Польша тарапынан жасалып отырған формальды ұсыныс бар. Бұл мырзалар торығу жағдайында отыр, торығу жағдайында отырғандығы соншалық — олардың достары, неміс монархистері, көбірек тәрбиеленген, зор саяси тәжірибесі мен білімі бар адамдар авантюраға, корниловшылдыққа ұрынып отыр. Поляк буржуазиясы авантюра поляк корниловшылдығы болып шығатынын сезіп, бітім жөнінде ұсыныс жасады. Өз дұшпанымыздың өте қиын жағдайда тұрғанын біле отырып,— ол дұшпан өзінің не істегісі келетінін, ертең не істейтінін білмейді,—біз өз арамызда: бітім жөнінде ұсыныс жасалғанына қарамастан, соғыс болуы мүмкін деп барынша табанды түрде айтуға тиіспіз. Олардың алдағы уақыттағы қылығын күні бұрын болжап білу мүмкін емес. Біз бұл адамдарды көрген болатынбыз, біз бұл Керенскийлерді, меньшевиктер мен эсерлерді білеміз. Осы екі жылдың ішінде біз олардың бүгін Колчак жағына, ертең большевиктер жағына дерлік, содан соң Деникин жағына ауытқып отырғанын көрдік, ал осының бәрі бостандық пен демократия туралы құрғақ сөздермен бүркеліп отырды. Біз бұл мырзаларды білеміз, сондықтан біз бітім жөніндегі ұсынысты шын ықыласымызбен қарсы аламыз, көптеген кеңшіліктер жасаймыз, кішкене державалармен жасалған бітім, соғысқа қарағанда, істің алға басуын жақсартқан үстіне жақсарта түседі деп сенеміз, өйткені империалистер соғыс арқылы еңбекшілер бұқарасын алдап, осы арқылы Советтік Россия туралы шындықты жасырып келді, сондықтан бітім атаулының қандайы болса да біздің ықпалымызға жүз есе көп және кең жол ашады. Бұл жылдардың ішінде біздің ықпалымыз онсыз да зор болды. III, Коммунистік Интернационал болып көрмеген жеңістерге жетті. Бірақ сонымен қатар біз өзімізге кез келген күні соғыс ашылуы мүмкін екенін де білеміз. Біздің дұшпандарымыз бұл тұрғыдан алып қарағанда

өздерінің не нәрсеге шамасы келетінін әлі өздері де білмейді.

Соғысқа әзірлік жүргізіліп жатыр, бұған ешбір күмән жоқ. Осы мемлекеттік қарулану ісіне қазір Россиямен көршілес елдердің көбі және, бәлкім, көрші емес мемлекеттердің де көбі ұмтылып отыр. Сондықтан да өзіміздің халықаралық саясатымызда бәрінен де гөрі көбірек маневр жасауға және өзіміздің ұстаған бағытымызға мейлінше берік болуға тура келеді, сөйтіп бәріне әзір тұруымыз керек. Бейбітшілік жолындағы соғысты біз асқан жігермен атқардық. Бұл соғыс тамаша нәтижелер беріп отыр. Күрестің бұл саласында біз өзімізді бәрінен де гөрі жақсы көрсеттік, қалай болғанда күнде де Қызыл Армиядағы қызмет саласындағыдан, қанды майдандағыдан жаман емес. Бірақ бізбен бітім жасасу кішкене мемлекеттердің еркіне, тіпті олар бітімді қалаған күнде де, нақ солардың еркіне байланысты емес. Бұлар түгелімен Антанта елдеріне борышқа белшесінен батып отыр, ал ол елдер өзара жан ұшыра қырқысып, тартысып жатыр. Сондықтан біз, азамат соғысы арқылы және Антантаға қарсы соғыс арқылы дәлелденген бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлем тұрғысынан қарағанда, бітімнің, әрине, мүмкін екендігін есте ұстауымыз керек.

Ал бейбітшілікке бет алған қадамымызда өзіміздің бүкіл әскери әзірлігімізді күшейткен үстіне күшейтуге, армиямызды ешбір қарусыздандырмауға тиіспіз. Біздің армиямыз империалистік державалардың титтей де әрекет жасап, титтей де қол сұға алмауына нақты кепіл болып табылады, өйткені олар әуелгі кезде кейбір өткінші табыстарға дәмеленген күнде де, олардың қай-қайсысын болсын Советтік Россия талқандамай қоймайды. Біз муны білуіміз керек, мұның өзі біздің үгітіміз бен насихатымыздың негізі болуға тиіс, сондықтан біз бұған әзірлене білуіміз керек және қаншама қажысақ та үгіт пен насихатты біріктіруді талап етіп отырған міндетті орындауға тиіспіз.

Енді аса маңызды принципті пікірлерге көшемін; бұл пікірлер бізді еңбекшілер бұқарасын негізгі және кезектегі міндеттерді шешу үшін армияны пайдалану жолы-

на батыл бағыттауға мәжбүр етті. Тәртіптің ескі тірегі — капитал әлсіреді, бірігудің ескі тірегі ғайып болды. Біз басқа тәртіп, тәртіп пен бірігудің басқа негізін жасауға тиіспіз. Күштеу болып табылатын нәрсенің бәрі буржуазиялық демократияның ызасын келтіріп, оның айқайын да, шуын да, байбаламын да туғызады; бұл демократия «бостандық», «теңдік» деген сөздерді мадақтайды, бірақ капиталға арналған бостандық жұмысшыларға қарсы жасалған қылмыс екенін, аш пен тоқтың теңдігі еңбекшілерге қарсы қылмыс екенін түсінбейді. Біз өтірікке қарсы күрес жүргізу үшін мыпа жолға түстік: біз еңбек міндеткерлігін және еңбекшілерді біріктіру ісін күштеуден ешбір қорықпай-ақ жүзеге асырамыз, өйткені еш жерде революция күштеусіз жүргізілген емес, сондықтан пролетариаттың қалай болған күнде де өз правосын сақтап қалу үшін күштеуді жүзеге асыруға правосы бар. Буржуа мырзалар, келісімпаз мырзалар, неміс «тәуелсіздері» мырзалар, Австрия «тәуелсіздері» мен француз лонгетистері тарихи фактор туралы таласқан кезде, олар пролетариаттың революциялық құлшынысы, табандылығы мен қайсарлығы сияқты факторды әрдайым ұмытып келді. Ал мұның өзі біздің ел пролетариатының қайсарлығы мен шыныққандығы болып табылады; пролетариат біріміз қалмай бәріміз мерт болғанша өз жерімізді біреуге бермейміз, өз принципімізге, тәртіп пен берік саясат принципіне нұқсан келтірмейміз деп өзіне де, басқаларға да айтып, мұны іс жүзінде дәлелдеді; ал берік саясат үшін біз бәрін де құрбан етуге тиіспіз. Капиталистік елдер, капиталистік тап азып-тозған кезде, бұл тап торығып, дағдарысқа ұшыраған кезде, мәселені тек осы саяси фактор ғана шешеді. Аздылық пен көпшілік туралы, демократия мен бостандық туралы бос сөздер, өткен тарихи дәуірдің сабаздары оларды қаншалықты бетке ұстағанмен де, еш нәрсе шеше алмайды. Бұл арада мәселені жұмысшы табының саналылығы мен табандылығы шешеді. Егер жұмысшы табы өзін құрбан етуге дайын болса, егер ол өзінің барлық күшін жұмсай білетіндігін дәлелдесе, онда міндетті орындайтын осы болады. Барлық күш осы міндетті орындауға жұмсалсын. Жұмыс-

шы табының өз ұранын — «жеңілгенше, өлгеніміз артық» деген ұранды жүзеге асыруға бел байлауы, қайсарлық көрсетуі тек тарихи фактор болып қана қоймайды, сонымен қатар шешуші, жеңуші фактор да болып табылады.

Осы жеңіске, осы сенімге сүйене отырып, біз бейбіт шаруашылық құрылыс міндеттеріне көшеміз және көшіп те отырмыз, ал бұл міндеттерді шешу съезіміздің басты функциясы болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, меніңше, Орталық Комитеттің Саяси бюросының есебі туралы немесе, дұрысырақ айтқанда, Орталық Комитеттің саяси есебі туралы айтуға болмайды; тура және ашық айту керек: иә, жолдастар, бұл — өздеріңіз шешетін мәселе, өздеріңіз партиялық жоғары инстанцияның беделімен салмақтап көретін мәселе. Біз бұл мәселені сіздердің алдарыңызға айқын етіп қойып отырмыз. Біз айқын позиция ұстап отырмыз. Сіздердің міндеттеріңіз — біздің шешімімізді түзетіп немесе өзгертіп, біржолата бекіту. Бірақ Орталық Комитет өзінің есебінде мынаны айтуға тиіс: Орталық Комитет бұл негізгі, толғағы жеткен мәселе жөнінде әбден айқын позиция ұстады. Иә, қазіргі міндет мынада болып отыр: шаруашылық құрылыстың бейбіт міндеттеріне, бүлінген өндірісті қалпына келтіру міндеттеріне пролетариаттың, оның абсолюттік бірлігінің жұмылдыра алатын күшін түгел жұмсау керек. Бұл арада темірдей берік тәртіп керек, темірдей берік құрылыс керек, онсыз біз екі жылдан аса уақыт былай тұрсын,— тіпті екі ай да тұра алмаған болар едік. Өзіміздің жеңісімізді пайдалана білуіміз керек. Екінші жағынан, бұл міндетке көшудің көп құрбандық талап ететінін, ал еліміз онсыз да көп құрбандық жасағанын түсіну керек.

Істің принциптік жағы Орталық Комитетке айқын еді. Біздің бүкіл қызметіміз осы саясатқа бағындырылды, осы рухта жүргізілді. Мәселен, жай мәселе сияқты болып көрінетін, байланысынан айрылса, әрине, өзіненөзі түбегейлі принциптік маңызға ие бола алмайтын мәселе — өздеріңіз шешетін коллегиялылық пен дара басшылық туралы мәселе — қалай болған күнде де, біздің біліміміздің, біздің тәжірибеміздің, біздің револю-

циялық практикамыздың негізгі табыстары тұрғысынан қойылуға тиіс. Мәселен, бізге: «Коллегиялылық дегеніміз қалың бұқараны басқару ісіне қатыстыру формаларының бірі»,— дейді. Ал біз Орталық Комитетте бұл мәселе жөнінде сөйлестік, біз оны шештік, сондықтан біз сіздердің алдарыңызда есеп беруге тиіспіз: жолдастар, мұндай теориялық шатасушылыққа төзуге болмайды. Егер біз өзіміздің әскери қызметіміз жөніндегі, өзіміздегі азамат соғысы жөніндегі негізгі мәселеде осындай теориялық шатасушылықтың оннан біріне жол берсек, біз талқандалып, сазайымызды тартқан болар едік.

Жолдастар, Орталық Комитеттің есебіне байланысты және коллегиялылық немесе дара басшылық негізінде жаңа таптың басқару ісіне қатысуы жөніндегі мәселеге байланысты, маған аздап теория айтуға, таптың қалай басқаратынын, таптың үстемдігі неден байқалатынын баяндауға рұқсат етіңіздер. Ал біз бұл жөнінен бейхабар адамдар емеспіз және де біздің революциямыздың бұрынғы революциялардан айырмашылығы сол — біздің революциямызда утопизм деген жоқ. Егер ескі таптың орнына жаңа тап келген болса, онда бұл тап тек басқа таптарға қарсы жанталаса күрес жүргізгенде ғана өзін сақтап қала алады, сөйтіп ол тап атаулыны жоюға жеткізе алғанда ғана ақырына дейін жеңіп шығады. Тап күресінің өте зор, күрделі процесі мәселені осылай қойып отыр, әйтпеген күнде сіздер шатасушылықтың батпағына бататын боласыздар. Таптың үстемдігі неден байқалады? Буржуазияның феодалдарға үстемдік етуі неден байқалған еді? Конституцияда бостандық туралы, теңдік туралы жазылған болатын. Бұл өтірік. Еңбекшілер барда меншікшілер жалдаптық ете алады және тіпті жалдаптық етуге мәжбүр болады, олар мұны меншікші ретінде істейді. Біз былай дейміз: теңдік жоқ, тоқ адам аш адаммен тең емес, жалдап еңбекшімен тең емес.

Таптың үстемдігі қазір неден байқалып отыр? Пролетариаттың үстемдігі помещиктік және капиталистік меншікті тартып алудан байқалып отыр. Нағыз республикалық, демократиялық конституция делінген бұрынғы

барлық конституциялардың рухы, негізгі мазмұны бір ғана меншікке тірелген болатын. Біздің Конституциямыздың тарихи өмір сүруге правосы бар және бұл правоны ол жеңіп алды, өйткені меншіктің жойылатындығы тек қағаз жүзінде ғана жазылып қойған жоқ. Жеңіп шыққан пролетариат меншікті жойып, ақырына дейін талқандады, таптың үстемдігі дегеніміз міне осы. Ең алдымен меншік туралы мәселеде. Меншік туралы мәселе практикалық жағынан шешілген кезде, осы арқылы таптың үстемдігі қамтамасыз етілді. Осыдан кейін Конституция өмір шешкен нәрсені — капиталистік, помещиктік меншікті жоюды — қағаз бетіне жазған кезде, мынаны қосты: Конституция бойынша жұмысшы табының, шаруаларға қарағанда, праволары көп, ал қанаушылардың ешқандай правосы жоқ,— сөйтіп, біздің өз табымыздың үстемдігін жүзеге асырғандығымыз жазылды, осы арқылы біз еңбекшілердің барлық жіктері мен ұсақ топтарын өзімізбен байланыстырдық.

Ұсақ буржуазияшыл меншікшілер бытыратылды; олардың арасындағы меншігі көптер меншігі аздарға жау болып табылады, сондықтан пролетарлар, меншікті жоя отырып, оларға ашық соғыс жариялайды. Санасыз, қараңғы адамдар әлі де көп; бұлар түгелімен қандай болса да еркін сауданы жақтайды, бірақ бұлар, қанаушыларды жеңу ісіндегі тәртіпті, жан қиярлықты көрген кезде, соғыса алмайды, олар бізді жақтамайды, бірақ бізге қарсы шығуға да дәрменсіз. Меншік жөніндегі көзқарас пен қай таптың үстем болатыны жөніндегі көзқарас тек таптың үстемдігі арқылы ғана анықталды. Өзіміз екінің бірінде байқап жүргеніміздей, кімде-кім таптың үстемдігі неден байқалады деген мәселені демократиялық централизм туралы мәселемен байланыстыратын болса, ол адамның шатасушылыққа жол беретіндігі соншалық — бұл негізде ешқандай жұмыс ойдағыдай жүруі мүмкін емес. Насихат пен үгіттің айқындығы — негізгі шарт. Егер дұшпандарымыз біздің үгіт пен насихатты дамыту ісінде керемет істерді істегенімізді айтып, мойындаған болса, онда мұны бізде үгітшілер көп болды, қағаз көп жұмсалды деп сыртқы мағынасында түсінбеу керек, қайта мұны осы үгітте айтылған

шындық барлық жұрттың миына сіңді деп ішкі мағынасында түсіну керек. Ал бұл шындықтан бұлтаруға болмайды.

Таптар бірін-бірі алмастырған кезде, олар меншікке көзқарасын да өзгертті. Буржуазия феодализмді алмастырып, меншікке көзқарасын өзгертті; буржуазияның конституциясында былай делінген: «Меншігі бар адам қайыршы адамға тең». Мұның өзі буржуазияның бостандығы еді. Бұл «теңдік» мемлекеттегі үстемдікті капиталистік тапқа берді. Ал сіздер буржуазия феодализмнің орнын басқан кезде, ол мемлекет пен басқару ісін шатастырды деп ойлайсыздар ма? Жоқ, олар ондай ақымақ емес еді, олар: басқару үшін басқара білетін адамдарымыз болуы керек, бұл үшін біз феодалдарды аламыз да, оларды қайта тәрбиелейміз деді. Олар солай істеді де. Ал енді мұның өзі қате ме еді? Жоқ, жолдастар, басқара білу аспаннан түспейді, әулиешілік арқылы келмейді, белгілі бір таптың алдыңғы қатарлы тап болғандығынан ол бірден басқару ісіне кабілетті бола қалмайды. Біз мынадай мысалды көріп отырмыз: буржуазия жеңіп тұрған кезінде ол басқару ісіне басқа таптан, феодал табынан шыққандарды алды, әйтпесе ешқайдан алуға да болмайтын еді. Әр нәрсеге байыпты қарау керек: буржуазия өзінен бұрынғы тапты пайдаланды, сондықтан біздің де қазіргі міндетіміз — ол таптың білімін, дайындығын ала, бағындыра, пайдалана білуіміз керек, өз табымыздың жеңуі үшін осының бәрін пайдалана білуіміз керек. Сондықтан біз былай дейміз: жеңген тап кемеліне келген болуы керек, ал кемеліне келу жазумен немесе сенім хат арқылы куәландырылмайды, ол тәжірибе, практика арқылы сендіріледі.

Буржуа басқаруды білмей тұрып-ақ жеңді, олар өздеріне жеңісті былай қамтамасыз етті: жаңа конституция жариялап, рекрут жасады, өз табынан шыққан әкімдерді жинады және бұрынғы таптан шыққан әкімдерді пайдалана отырып, үйрене бастады, өздерінің жаңа әкімдерін де үйретіп, әкімшілік етуге дайындай бастады, бұл үшін бүкіл мемлекеттік аппаратты іске қосып, феодалдық мекемелерге тыйым салды, кім бай болса, мектепке соларды жіберді, сөйтіп ұзақ жылдар, ондаған

жылдар бойы олар өз табынан әкімдер дайындап отырды. Қазір үстем таптың үлгісі бойынша және соған ұқсас құрылған мемлекетте өткендегі барлық мемлекеттердегідей етіп істеу керек. Егер біз шылғи утопизм мен бос сөздер позициясына түсуді тілемейтін болсақ, мынаны айтуға тиіспіз: біз өткен жылдардың тәжірибесін ескеруіміз керек, революция арқылы қол жеткен Конституцияны қамтамасыз етуіміз керек, бірақ басқару үшін, мемлекеттік құрылыс үшін басқару техникасын білетін, мемлекеттік және шаруашылық тәжірибесі бар адамдарымыз болуға тиіс, ал мұндай адамдарды біз тек бұрынғы таптан ғана алмасақ, басқа ешқайдан ала алмаймыз.

Коллегиялылық туралы пайымдау екінің бірінде-ақ нағыз надандық рухқа, мамандарға қарсылық рухына лық толы. Мұндай рухпен жеңуге болмайды. Жеңу үшін ескі буржуазиялық дүниенің бүкіл ең терең тарихын түсіну керек, коммунизм орнату үшін техниканы да, ғылымды да алып, оны неғұрлым қалың топтар арасында тарату керек, ал ол ғылымды буржуазиядан алмасақ, басқа ешқандай алатын жер жоқ. Бұл негізгі мәселені неғұрлым айқын қою керек, шаруашылық құрылыстың негізгі міндеттері етіп қою керек. Біз өзіміз құлатқан таптан шыққандардың көмегімен басқаруға тиіспіз,— ол таптан шыққандардың бойына өз табының соқыр сенімдері сіңген, біз оларды қайтадан үйретуге тиіспіз. Сонымен қатар біз өз табымыздың қатарынан өз басқарушыларымызды да шығаруымыз керек. Біз бүкіл мемлекеттік аппаратты пайдаланғанда оқу орындары, мектептен тыс білім беру, практикалық жағынан даярлау ісі — осының бәрі пролетарлар үшін, жұмысшылар үшін, еңбекші шаруалар үшін коммунистердің басшылығымен жүргізілетін етіп пайдалануға тиіспіз.

Тек осылай еткенде ғана біз істі жолға қоя аламыз. Өзіміздің екі жылдық тәжірибемізден кейін біз бейне бір социалистік құрылысты алғашқы рет қолға алып отырғандай ойлай алмаймыз. Біз Смольный дәуірінде және сол маңда едәуір ағаттық істедік. Мұнда ешбір өрескелдік жоқ. Біз жаңа іске бірінші рет кіріскен кезде қайдан ақылды бола қалайық! Біз олай да байқап көрдік, бұлай да байқап көрдік. Ағынмен ыға бердік, өйт-

кені дұрыс элемент пен теріс элементті айыруға болмайтын еді,— бұған уақыт керек болды. Қазір мұның өзі таяуда болып өткен нәрсе, бұдан біз құтылдық. Бұл берекесіздік пен энтузиазм басым болған шақ еді, ол өтті. Сол өткен шақтың документі — Брест бітімі. Мұның өзі — тарихи документ, оның үстіне мұның өзі — тарихи дәуір. Брест бітімі бізге өзіміздің барлық салада әлсіз болғандығымыздан таңылған бітім. Бұл дәуір қандай дәуір еді? Бұл дәуір әлсіздік дәуірі еді, бірақ бұл дәуірден біз жеңімпаз болып шықтық.Бұл дәуір жаппай коллегиялылық дәуірі болды. Коллегиялылық — басқару мектебі деген кезде, бұл тарихи фактіден бұлтара алмайсың. Мектептің дайындық класында үнемі отыра беруге болмайды ғой! (Қол шапалақтау.) Мұның жөні бола қоймас. Енді біз ер жеттік, сондықтан, егер біз шәкірттерше істейтін болсақ, бізді барлық салада алдап кете береді. Алға басу керек. Жігермен, ерік бірлігімен жоғары өрлеуіміз керек. Кәсіподақтарға аса зор қиыншылықтар түсіп отыр. Олардың бұл міндетті атышулы демократизм қалдықтарына қарсы күрес рухында түсінуіне жету керек. Тағайындалушылар жөніндегі бұл айқай-шулардың бәрін, әр түрлі қарарларда, сөздерде орын алып жүрген бұл ескі, зиянды қоқыстардың бәрін сыпырып тастау керек. Әйтпесе біз жеңе алмаймыз. Егер біз екі жылдың ішінде осы сабақты ұғынбасақ,— біздің артта қалғанымыз, ал артта қалған соққы жейді.

Міндет өте-мөте қиын. Біздің кәсіподақтар пролетарлық мемлекетті құруда аса зор көмек көрсетті. Олар партияны миллиондаған қараңғы бұқарамен байланыстырған буын болды. Жасырынбақ ойнаудың керегі жоқ: азық-түлік жөніндегі жұмыста мемлекетке көмектесуге тура келген кезде, кәсіподақтар біздегі кеселдерге қарсы күрес жүргізу міндетінің бәрін өз мойнымен көтерді. Әлде бұл аса зор міндет болмады ма? Жақында «Бюллетень Центрального Статистического Управления»[107] шықты. Онда статистиктер қорытынды жасады, ал оларға большевикшілдер деп ешбір күдіктенуге болмайды. Онда көңіл аударарлық екі цифр бар: 1918 және 1919 жылдары тұтынушы губерниялардың жұмысшылары жылына 7 пұт алған, ал өндіруші губерниялардың ша-

руалары 17 пұт тұтынған. Ал соғысқа дейін олар жылына 16 пұт тұтынған еді. Азық-түлік күресінде таптардың арасалмағын көрсететін екі цифр міне осындай. Пролетариат құрбандық жасаумен болды. Жұрт зорлық туралы шулайды! Бірақ пролетариат бұл зорлықты ақтап, оны заңды етті, сөйтіп бұл зорлықтың дұрыстығын өзінің аса көп құрбандық жасағандығымен дәлелдеді. Халықтың көпшілігі, біздің ашыққан, күйзелген Россияның өндіруші губернияларының шаруалары, патшалық, капиталистік Россиядағы жүздеген жылдардағыға қарағанда, алғаш рет тәуір тамақтанып отыр. Сондықтан біз: Қызыл Армия жеңіп шыққанша бұқара ашығатын болады дейміз. Жұмысшы табы авангардының бұл құрбандықты жасауы керек болды. Ол бұл күресте мектептен өтті, осы мектептен өткен соң, біз ілгері басуымыз керек. Қазір бұл қадамды қалай болған күнде де жасау керек. Әрбір кәсіподақ сияқты ескі кәсіподақтардың да өз тарихы, өзінің өткен шағы бар. Осы өткен шақта олар еңбекті қанаушыларға қарсы, капитализмге қарсы тойтарыс беретін орган болды. Ал тап мемлекеттік тап болған кезде және оған енді көп құрбандық жасауға, өлуге, ашығуға тура келген кезде жағдай өзгерді.

Жұрттың бәрі бірдей бұл өзгерісті түсіне бермейді, жұрттың бәрі бірдей оған жете көз жібермейді. Бұл арада бізге кейбір меньшевиктер мен эсерлер көмектеспек болып, дара басшылықты коллегиялылықпен алмастыруды талап етеді. Ғапу етіңіздер, жолдастар, мұның жөні бола қоймас! Бұдан біз безгенбіз. Біздің алдымызда қазір өте күрделі міндет тұр: қанды майданда жеңгендіктен, қан төгілмейтін майданда да жеңуіміз керек. Бұл соғыс — негұрлым қиын соғыс. Бұл майдан — нағыз ауыр майдан. Мұны біз саналы жұмысшылардың бәріне ашық айтамыз. Өзіміз майданда төтеп берген соғыстан кейін қан төгілмейтін соғыс болуға тиіс. Мынадай жағдай болып отыр: біз негұрлым көбірек жеңген сайын, Сибирь, Украина, Кубань сияқты облыстар соғұрлым көбейе берді. Онда шаруалар бай тұрады, онда пролетарлар жоқ, ал егер пролетариат бар болса, оны ұсақ буржуазиялық әдеттер бұзған, сондықтан онда алақандай жері бар әрбір адамның былай дейтінін біз біле-

міз: «Мен үкіметке пысқырмаймын да. Мен аш адамнан канша алғым келсе, соншa сыпырып аламын, сондықтан мен үкіметті керек қылмаймын». Деникиннің қолына түскен соң біздің жағымызға ауытқыған жалдап шаруаға енді Антанта көмектесетін болады. Соғыс майдан мен форманы өзгертті. Қазір ол сауда арқылы, қапшықшылдық арқылы соғысуда, ол оны интернационалдық етті. «Известия ЦК»[108] бюллетенінде жарияланған Каменев жолдастың тезистерінде мұның принциптік негізі толық көрсетілген. Олар қапшықшылдықты интернационалдық еткісі келеді. Бейбіт шаруашылық құрылысты Совет өкіметінің бейбіт ыдырауына айналдырғысы келеді. Ғапу етіңіздер, империалист мырзалар, біз сақпыз. Біз былай дейміз: біз соғысып, жеңдік, сондықтан біз өзіміздің жеңуімізге көмектескен ұранды негізгі ұран етіп қоя береміз. Біз ол ұранды, атап айтқанда пролетариаттың табандылығы мен ерік бірлігі ұранын түгелімен сақтап, еңбек саласына көшіреміз. Ескі соқыр сенімдер, ескі әдеттер әлі де қалып қойып отыр, оларды құрту керек.

Сөзімнің қорытындысында Гусев жолдастың кітапшасына[109] тоқталайын; меніңше, ол кітапша екі мәселе жөнінде көңіл аударуға тұрады: ол формальдық жағынан ғана, біздің съезімізге арнап жазылғандықтан ғана жақсы емес. Біз осы уақытқа дейін әйтеуір бәріміз қарарлар жазуға әдеттендік. Жұрт: әдебиеттің іш пыстыратын түрлерінен басқа түрлерінің бәрі де жақсы десcді. Менің ойымша, қарарлар әдебиеттің іш пыстыратын түріне жатқызылуға тиіс. Егер біз, Гусев жолдастың үлгісі бойынша, қарарларды азырақ жазып, кітапшаларды көбірек жазсақ, тәуір болар еді, тіпті Гусев жолдастың кітапшасындай қатесі көп кітапшалар жазсақ та тәуір болар еді. Ал бұл қателеріне қарамастан, мұның өзі — тәуір нәрсе, өйткені онда бүкіл елдің өнеркәсібі мен өндірісін қалпына келтіру жөніндегі негізгі шаруашылық жоспарға баса назар аударылған, өйткені онда бәрі де негізгі шаруашылық жоспарға бағындырылған. Орталық Комитет өзінің бүгін таратылған тезистеріне бүтін бір параграф енгізді; бұл параграфты ол түгелімен Гусев жолдастың тезистерінен алды. Біз бұл негізгі

шаруашылық жоспарды мамандардың көмегімен әлі де егжей-тегжейлі талдап жасай аламыз. Біз бұл жоспардың көп жылға арналған жоспар екенін ұмытпауымыз керек. Біз елді аштықтан бірден құтқаруға уәде бере алмаймыз. Біз былай дейміз: күрес ұрыс майданындағыдан гөрі де қиынырақ болады, бірақ біз оған барынша көңіл қоямыз, ол біздің қазіргі, негізгі міндеттерімізге неғұрлым жақындай түседі. Бұл күрес күшті барынша көп жұмсауды, өзіміз бұрын да көрсеткен, өзіміз қазір де көрсетуге тиіс болып отырған ерік бірлігін талап етеді. Егер біз бұл міндетті орындасақ, онда біз қан төгілмейтін майданда азамат соғысының майданындағыдан кем түспейтін жеңіске жетеміз. (Қол шапалақтау.)

3

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША 30 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Жолдастар, Орталық Комитеттің берген саяси есебінің Сапронов жолдас балагаттау деп атаган жағы басты шабуылга ұшырады. Сапронов жолдас өзінің қорғаған позициясына айрықша белгілі сипат пен түр берді, сондықтан факт жағынан алғанда істің жайы қалай болып отырғанын сіздерге көрсету үшін мен кейбір негізгі даталарды еске салудан бастар едім. Менің алдымда міне 2 март күнгі «Известия ЦК РКП» жатыр; мұнда біз съезді ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде РКП ұйымдарына Орталық Комитет атынан хат басып отырмыз. Ал бірінші хатта біз былай деп отырмыз: «Бақытымызға қарай, жалпы мәселелер жөнінде таза теориялық пайымдаулардың, айтысудың, принциптік қарарлар шығарудың мезгілі өтті. Ол енді өткен саты, ол — кеше, бұрнағы күні шешілген міндет. Ілгері жүру керек, қазір біздің алдымызда *практикалық міндет* тұрғанын, барлық күшті салып, нағыз революциялық жігермен, біздің таңдаулы жолдастарымыз, жұмысшы және шаруа қызыл әскерлер Колчакты, Юденичті, Деникинді жеңгендегі жан қиярлықпен бүліншілікті тезірек жеңу жолындағы *іскерлік* міндетті шешу қажет екенін ұғына білу керек».

Мынаны мойындауға тиіспін: теориялық пайымдаулардың мезгілі өтті деп ойлап, мен бұл арада оптимизм көрсетіп, кінәлы болып шықтым. Шындығында да, революцияға дейін 15 жыл бойы теоришылдыққа салынумен болдық, екі жыл мемлекетті басқардық, енді

іскерлік, практикашылдық көрсету керек, міне сондықтан біз 2 мартта іскерлік тәжірибесі бар жолдастарға сөз салдық. Бұған жауап ретінде 10 мартта «Экономическая Жизньде»[110] Томскийдің тезистері, 23 мартта Сапронов, Осинский, Максимовский жолдастардың тезистері басылды, 27 мартта, ягни өзіміздің партияға арнаған үндеуімізден кейін Москва губерниялық комитетінің тезистері жарық көрді. Бұл тезистердің бәрінде де мәселе теориялық жағынан дұрыс қойылмаған. Егер хаттағы біздің көзқарасымыз оптимистік, қате көзқарас болса, егер бізге өзіміз ол дәуірден өткен сияқты болып көрінсе, онда бұл тезистер ол дәуір әлі өтпегенін көрсетті, сондықтан кәсіптік одақтардағы жолдастардың бізге әділ қарамады деп шағым етер жөні жоқ, сонымен енді біздің алдымызда мынадай сұрақ туып отыр: 2 марттағы біздің үндеуімізден кейін осы тезистердің бәрі қорғаған көзқарас немесе позиция дұрыс па? Бұл тезистердің әрқайсысында іске қатысты толып жатқан материал бар, сондықтан мұны ескеру керек. Егер Орталық Комитет бұған байсалды қарамаса, онда ол түкке тұрмайтын мекеме болар еді.

Бірақ Томский жолдастың не жазып отырғанын тыңдап көріңіздерші:

«§ 7. Өнеркәсіпті реттеу және басқару органдарының құрылысындағы негізгі принцип—партияда жоқ жұмысшылардың қалың бұқарасының кәсіподақтар арқылы қатысуын бірден-бір қамтамасыз ете алатын негізгі принцип осы—Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумынан бастап завод басқармаларына дейін өнеркәсіпті коллегиялық жолмен басқарудың қазіргі қолданылып отырған принципі болып табылады. Тек ерекше жағдайларда ғана, Халық шаруашылығы жоғары советі мен ВЦСПС президиумдарының немесе тиісті одақтар Орталық Комитеттерінің өзара келісімі бойынша, кәсіподақтар мен олардың органдары тарапынан дара әкімдерге міндетті түрде бақылау қою шартымен жеке кәсіпорындарды дара басқаруға жол беруге болады. § 8. Шаруашылық құрылысының біріңғай жоспарын жүзеге асыруды және кәсіподақтар мен шаруашылық органдарының жұмыстарын үйлестіруді қамтамасыз ету үшін одақтардың өнеркәсіпті басқару және оны реттеу ісіне қатысуы мына төмендегі принциптер негізінде белгіленуге тиіс: а) экономикалық саясаттың жалпы мәселелерін Халық шаруашылығы жоғары советі мен оның органдары кәсіподақтардың қатысуымен талқылап отырады; б) басшы шаруашылық коллегияларын Халық шаруашылығы жоғары советі мен оның органдары кәсіподақтар-

дың тиісті органдарымен бірлесе отырып құрады; в) шаруашылық органдардың коллегиялары, өндірістің белгілі бір саласының шаруашылық саясатының жалпы мәселелерін кәсіподақтармен бірге талқылай отырып және өздерінің қызметі туралы кәсіподақтарға мезгіл-мезгіл есеп бере отырып, тек Халық шаруашылығы жоғары советінің ғана органдары болып табылады және тек соның қаулыларын ғана жүзеге асырып отыруға міндетті болады; г) шаруашылық органдардың барлық коллегиялары жеке және коллегиялы түрде Халық шаруашылығы жоғары советінің жоғары органдарының қаулыларын бұлжытпай жүзеге асырып отыруға міндетті, ол қаулылардың орындалуы үшін тек Халық шаруашылығы жоғары советінің алдында ғана жауап береді».

Бұл ең қарапайым теориялық мәселелерді масқара шатастырғандық болып табылады.

Басқару ісін дара әкім жүргізетіні рас, осы әкім болатын адам атап айтқанда кім, маман ба әлде жұмысшы ма — мұның өзі бізде ескі тәртіптен және жаңа тәртіптен қанша әкім барына байланысты. Бірақ мұның өзі ең қарапайым теориялық нәрселер. Осы туралы сөйлесейікші. Ал егер сіздер Орталық Комитеттің саяси бағытын талқылағыларыңыз келсе, онда біз ұсынбаған, біз айтпаған еш нәрсені тықпалай бермеңіздер. Біз 2 мартта жолдастарды өзімізге практикалық көмек беруге шақырған кезде, бұған жауап ретінде біз не алдық? Жергілікті жерлердегі жолдастар бізге жауап ретінде көрінеу теріс теориялық нәрселерді алға тартып отыр. Осинский, Максимовский және Сапронов жолдастардың 23 мартта жарық көрген тезистерінде айтылғандардың бәрі шылғи теориялық бұрмалаған нәрселер. Олар: белгілі бір формадағы коллегиялылық демократизмнің қажетті негізі болып табылады деп жазады. Мен кесіп айтайын: социал-демократияның революциядан бұрынғы 15 жылдық тарихынан сіздер бұған ұқсас ештеңе де таба алмайсыздар. Демократиялық централизмнің мәні тек мынау ғана: жергілікті жерлердің өкілдері жиналып, басқаруға тиісті жауапты органды сайлайды. Бірақ бұл қалай болады дейсіздер ғой? Мұның өзі қанша жарамды адам барына, онда қанша жақсы әкім барына байланысты. Демократиялық централизмнің мәні мынада: съезд Орталық Комитетті тексереді, оны ауыстырады, жаңадан тағайындайды. Бірақ, егер біз осы тезис-

терде жазылған теориялық теріс пікірлерді тексермек болсақ, онда біз мұны еш уақытта аяқтай алмаған болар едік. Мен, шынын айтқанда, мұнан былай бұған тоқталмаймын және бар айтарым — Орталық Комитет бұл мәселеде ұстамауға болмайтын бағыт ұстады. Осинский жолдас және басқалары махнолық және махаевтық көзқарастарға қосылмайды, бірақ махношылдар олардың дәлелдеріне жармаспай тұра алмайды, мен мұны жақсы білемін. Олар осылармен байланысты. Москва губерниялық партия комитетінің бізге үлестіріп берілген тезистерін алып қараңыздаршы. Мұнда былай делініп отыр: қоғамдық еңбек бөлінісі мен адамдардың кәсіптерге байлаулы болуы жоғалатын кемелденген социалистік қоғамда басқару функциясын кезектесіп атқаратын адамдардың мезгіл-мезгіл ауысып отыруы тек кең түрдегі коллегиялылық негізінде ғана мүмкін болады, т. т. және т. с. Мұның бәрі бастан-аяқ шатастырғандық!

Біз жергілікті практиктерге: бізге іскерлік кеңестеріңізбен көмектесіңіздер дедік. Мұның орнына бізге: Орталық Комитет жергілікті жерлермен санаспайды деушілер бар. Не жөнінен санаспайды? Социалистік қоғам туралы пайымдаулар жөнінде ме? Бұл арада практицизмнің жұрнағы да, іскерлік те жоқ. Әрине, бізде интеллигенциядан көп нәрсе қабылдайтын тамаша жұмысшылар бар, бірақ олар кейде жақсы нәрселерді қабылдамай, жаман нәрселерді қабылдайды. Олай болғанда бұған қарсы күресу керек. Бірақ, егер сіздер Орталық Комитеттің практикалық кеңестеріңізді берсеңіздер деген шақыруына жауап ретінде принциптік мәселелер көтерген болсаңыздар, онда біз сол мәселелер туралы айтуға тиіспіз. Онда біз принциптік теріс нәрселерге қарсы күресу қажет деп айтуға тиіспіз. 2 марттан кейін шығарылған тезистерде принциптік тұрғыдан сұмдық теріс нәрселер бар.

Мен мұны кесіп айтамын. Осы туралы сөйлесіп, осы туралы дауласып көрейікші. Мұнан жалтарудың кереғі жоқ! Бұл арада біздер теоретиктер емеспіз дегенді сылтауратудың керегі жоқ. Ғапу етіңіз, Сапронов жолдас, сіздің тезистеріңіз — теоретиктің тезистері. Егер бұл

тезистер практикаға енгізілсе, онда сіз кері кету, мәселелерді іскерлікпен қойылмаған күйінде шешу қажет болатынын көрер едіңіз. Максимовский, Сапронов, Томский жолдастардың тезистерінен практикалық кеңестер табуға дәмеленетін адамдар бар болса, олар қатты қателесер еді, өйткені ол тезистер — негізінен теріс тезистер. Мемлекет құрылысына таптың көзқарасын түп-тамырымен теріс және бізді кейін сүйрейтін көзқарас деп есептеймін. Әрине, артта қалып отырған, осының бәрін әлі басынан кешірмеген элементтердің бәрі де осы көзқарасты жақтап отыр. Сондықтан бұл тезистердің авторларын кінәлағанда, олардың біле тұра ауа жайылғандығы үшін емес, қайта оларға Орталық Комитет ұсынған мәселеде өздерінің теориялық қателерімен нашар элементтерге біршама үстемдік беріп, оларды біршама ақтап отырғандығы үшін кінәлау керек. Ал осының бәрі неге істелді? Жете ойластырмағаннан істелді. Мұның өзі ақиқат документтер бойынша ешбір даусыз анықталып отыр.

Мен Юренев жолдастың Шляпников жолдас жөніндегі айыптауына көшемін. Егер Орталық Комитет Шляпников жолдасты, оппозицияның өкілі болғандықтан, съездің дәл алдында шеттеткен болса, онда мұндай Орталық Комитет күмәнсыз пасықтық жасаған болар еді. Шляпников жолдастың жүргелі жатқанын білген кезде, біз Саяси бюрода: жүрер алдында біз оған директива бермейміз дедік, сөйтіп Шляпников жолдас жүрер қарсаңында маған келіп: мен Орталық Комитеттің директивасы бойынша кетіп бара жатқан жоқпын деп мәлімдеді. Сонымен, Юренев жолдастың құлағына әншейін бір лақап тиген де, ол сол лақапты таратып жүр. (Юренев: «Мұны маған Шляпниковтың өзі айтты...»)

Мұны сізге оның өзі қалай айта алғанын мен білмеймін, өйткені жүрер алдында ол маған келіп, Орталық Комитеттің директивасы бойынша кетіп бара жатқаным жоқ деді. Иә, әрине, егер Орталық Комитет оппозицияны съездің алдында жер аудара алған болса, бұған жол беруге болмас еді. Бірақ жұрт жер аудару туралы жалпы сөз қылғанда, мен: олай болса күштерді дұрыс бөле алатын, бірақ шағым жасауға мүмкіндік қалдырмайтын

Орталық Комитетті саілап көріңіздерші деймін. Әрбір адам риза болатындай етіп қалай бөлуге болады? Егер бұлайша бөлу болмаса, онда централизм туралы сөз қылудың не керегі бар? Ал егер принциптер бұрмаланган болса, онда, мысалдарға сүйене отырып, сол принциптер жөнінде әңгіме қылайық. Егер біз оппозицияның өкілдерін жер аударган болсақ, онда мысал келтіріңіздер, соны қарайық; бәлкім, қате де бар шығар. Бәлкім, Батыс майданнан дұрыс алынбадым деп Саяси бюрога шагым берген Юренев жолдас жер аударылып жіберілген шығар? Бірақ Саяси бюро, мәселені қарай келіп, мұны дұрыс істелген деп тапты. Сөйтіп, сіздер қандай Орталық Комитет сайласаңыздар да, ол күштерді бөлуден бас тарта алмайды.

Содан соң, Ұйымдастыру бюросы мен Саяси бюроның арасында істерді бөлісу жөнінде. Максимовский жолдас ұйымдастыру мәселелеріне келгенде менен тәжірибелірек, ол: Ұйымдастыру бюросы мен Саяси бюро мәселелеріне келгенде Ленин шатастырып отыр дейді. Олай болса, келіңіздер, анығына жетелік. Біздіңше, Ұйымдастыру бюросы күштерді бөліп отырады да, Саяси бюро саясатты басқарады. Егер жұмысты бұлай бөлісу теріс болса, онда осы екі органның атқаратын қызметіне қалай шек қоюға болады? Конституция жазу керек пе? Саяси бюро мен Ұйымдастыру бюросын дәл бөлу, олардың атқаратын қызметіне шек қою қиын. Мәселе атаулының бәрі де, тіпті комендант тағайындау да саяси мәселеге айналуы мүмкін. Басқаша шешім ұсынатындар болса, ұсынып көрсін; Сапронов, Максимовский, Юренев жолдастар, өз ұсыныстарыңызды неге бермейсіздер, Ұйымдастыру бюросы мен Саяси бюроны бөліп, араларына шек қойып көріңіздерші. Мәселенің саяси мәселе деп танылуы үшін бізде Орталық Комитет мүшесінің бір қарсылығының өзі-ақ жеткілікті. Ал бізде барлық осы уақыттың ішінде бірде-бір қарсылық болган жоқ. Таланкерлікке бәрінен де гөрі аз шек қойылып отыр: Орталық Комитеттің кез келген мүшесі мәселені саяси мәселе деп жариялай алады. Ал ұйымдастыру мәселесінен аз да болса тәжірибелі практик, Максимовский жолдасша емес, бұл салада тым болмаса жарты

жыл істеген қызметкерше талдай алатын практик, Максимовский жолдастың сынағанындай етіп сынамауға тиіс. Сыншылар нақты кеңес беретін болсын, біз оны қабылдаймыз және осы тілектерді жүзеге асыратын жаңа Орталық Комитет сайлауға кеңес береміз. Ал біздің алғанымыз тек қана жөнсіз сын, жалған пікірлер.

Ұйымдастыру бюросын сіздер саяси басшылықтан бөлген екенсіздер делік. Сонда саяси басшылықтың мәні неде болмақ?— деп сұрар едім мен. Адамдар басқармаса, кімдер басқарады, бөлісіп басқармаса, қалай басқаруға болады? Белгілі бір директиваларды жүзеге асыра алмайтын адамды зорлауға бола ма? Оған белгілі нұсқаулар беріледі, оның жұмысы тексеріліп тұрады, ақырында, ол басқа жұмысқа қойылады. Ал әлдеқашан теріске шығарылған теориялық түзетуді өздерінің тезистерінде белгілеп отырған Максимовский, Сапронов және Осинский жолдастарды енді қалай үйретуге болады? Олар практикада бұдан да жаман нәрсені жасап, іскерлік сын үшін ешқандай материал жоқ деп дәлелдегенсіп жүр.

Сапронов жолдас олигархия мен талапкерлік туралы көп айтты. Украинаның мысалдарымен дәлелдемегені өкінішті-ақ. Онда жергілікті конференциялардың олигархияға қалай шүйліккенін біз көріп отырмыз. Бұл мәселені съезд талдайды, не Орталық Комитетке тапсырады. Бірақ Сапронов бастаған көпшілік Раковский жолдасқа қарсы шығып, мүлде жол беруге болмайтын жала жапқан украин конференциясы туралы біздің айтарымыз: біз облыстық конференцияның бұл қаулысын танымаймыз. Бұл — Орталық Комитеттің шешімі. Егер ол дұрыс болмаса — бізді жауапқа тартыңыздар, бірақ жел сөзбен құтылып кетпеңіздер, өйткені мұнда сауатты адамдар бар, ал олар: бұл — демагогия дейді. Егер біз Украинадағы жікке бөлінуді бағалауда дұрыс істемей отырған болсақ, Орталық Комитет қателесті деп фактілер келтіріңіздер.

Біздің айтарымыз: біз Сапронов жолдастың бұл конференциясын танымаймыз, қайта екі ескі жолдас пен екі жаңа жолдасты, Ж... жолдас пен боротьбистерді тағайындаймыз. Мен Сапронов жолдастан да, басқалардан

да бірде-бір қарсы пікір, бірде-бір тиянақты дәлел естігем жоқ. Егер біз тұтас бір украин конференциясын таратып жіберген болсақ, дабыл қағу керек еді және сіздер қылмыскерсіздер деп айту керек еді. Ал іс жүзінде бәрі үндемей отыр, өйткені олар талапкерлік, т. т. туралы осы жел сөздердің тасасында барлық іріткі салушы элементтер, Украинада өте күшті болып отырған мещандық пен атамандық элементтері жасырынып, тығылып тұрғанын сезеді. (Қол шапалақтау.)

Мен Сапронов жолдастың сөйлеген сөзінен іске қатысты бір пункт естідім де, сол пунктке қадала көңіл бөлдім. Сапронов жолдас: Советтердің VII съезі жарлық еткен еді, ал біз оның жарлығын бұзып отырмыз, зығыр жинау туралы декрет Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысын бұзғандық болып табылады дейді. Біздің іске асырып жатқан декреттеріміздің оннан бірі де менің есімде тұрған жоқ. Бірақ мен Халық Комиссарлары Советінің секретариатынан зығыр жинау ережелері туралы сұрап білдім[111]. Декрет 10 февральда алынынты. Не байқалды? Саяси бюрода да, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде де талапкерлікті жақтау ниетінде болмаған жолдастар жоқ. Біз оларды осында осы трибунадан көрдік. Олардың сөзге өте ұста екенін жолдастар біледі. Ал олар осы қаулы жөнінде неліктен шағым жасамаған? Қане сіздердің шағымдарыңыз! 10 февральдан кейін бұл шағым болған жоқ. Біз, Рыков жолдастың ұсынысы бойынша, Середа жолдаспен және Азық-түлік халық комиссариатымен келісе отырып, ұзақ таластан кейін барып осы қаулыны алып отырмыз. Бізге: «Сіздер қателестіңіздер!» деушілер бар. Мүмкін. Онда бізді түзетіңіздер. Бұл мәселені Саяси бюроға беріңіздер. Мұның өзі ресми шешім болады. Протокол қане. Егер ол біздің съезд қаулысын бұзғанымызды дәлелдесе,— онда бізді сотқа беру керек. Бұл айыптау қайда? Бір жағынан, Шляпников үшін кінәлайды, екінші жағынан, зығыр жөніндегі шешімді бұздыңдар дейді. Біздің қаулыны бұзғандығымыз жөнінде деректер келтіріп көріңіздерші. Бірақ сіздер факт келтірмей отырсыздар. Сіздердің талапкерлік, тағайындаушылық, т. с. дегендеріңіздің бәрі сөзсымақ болып қала

береді. Олай болғанда централизмнің керегі не? Біз әр түрлі жерлерде әбден титықтап, күйреуден қайтадан жеңіске жетіп отырған екі жыл бойына ешкімді тағайындамаған болсақ, біз екі ай тұра алған болар ма едік? Шляпников жолдасты немесе Юренев жолдасты кері шақырып алудың өздеріңізге ұнамағанына бола, сіздер тобырға, жетілмеген бұқараға осы сөзсымақтарды айтасыздар. Лутовинов жолдас: «Мәселе шешілген жоқ» дейді. Шешуге тура келеді. Егер Иван Ивановичке баға беруде екі халық комиссарының пікірі бір жерден шықпай, біреуі: мұнда бір саясат бар деп отырса,—не істеу керек, мұның әдісін айтыңыздар! Сіздер мезі қылатын мәселелер тек Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумында ғапа деп ойлайсыздар ма? Менің айтатыным — мезі қылатын мәселелер болмайтын мекеме жоқ, сондықтан Мария Ивановна мен Сидор Иванович туралы мәселені жұрттың бәрінің талдап көруіне тура келеді. Бірақ саясат жоқ деп айтуға болмайды, өйткені саясат әр адамның миынан өтеді. Лутовинов жолдас айтты...—қалай айтарымды білмей тұрғаным, Сапронов жолдастың нәзіктікке үйренген құлағын мазалаудан және айтыс сөзді қолданудан қорқамын,— бірақ ол: Крестинский жолдас жік шығарамын деп қорқытты деді. Бұл жөнінде бюроның мәжілісі болды. Бюроның протоколы бар, сондықтан мен съездің барлық мүшелерінің осы протоколды алып, оқып шығуын өтінемін*. Біз: Крестинский жолдас қызбалық көрсетті, ал Лутовинов жолдас пен Томский жолдас, сіздерден кикілжіңнің тым жаман иісі мүңкіп тұрды деген қорытындыға келдік. Бәлкім, біздікі теріс шығар,—онда біздің шешімімізді түзетіңіздер, бірақ документтерді оқымастан, арнаулы мәжіліс болғанын, мәселе Томскийдің, Лутовиновтың қатысуымен қаралғанын ескерместен, бұлай деп айтуға болмайды.

Менің тағы да екі пунктке, ең алдымен Бухарин мен Радек жолдастардың тағайындалуына тоқтала кетуім керек. Бізге: сіздер оларды ВЦСПС-ке саяси комиссарлар етіп жібердіңіздер деушілер бар, сөйтіп олар бұл

* Қараңыз: осы том, 246—247-беттер. *Ред.*

арада талапкерлік бұзылып отыр, бюрократизм жүзеге асырылып отыр деген кінә тақпақшы болады. Бәлкім, сіздер Радек пен Бухариннен гөрі жақсырақ теоретиктерді білетін шығарсыздар, оларды бізге неге айтпайсыздар, мүмкін, сіздер кәсіптік қозғалыспен таныс таңдаулы адамдарды білетін шығарсыздар, оларды бізге неге айтпайсыздар. Әлде кәсіптік қозғалыспен теориялық жағынан анағұрлым жақсы таныс, неміс тәжірибесімен таныс және теріс бағытқа ықпал ете алатын адамдарды кәсіптік одаққа жіберуге Орталық Комитеттің правосы жоқ па? Бұл міндетті орындай алмаған Орталық Комитет басқара да алмаған болар еді! Бізді шаруалар мен Кубань казактары неғұрлым көп қоршап отырса, біздің пролетарлық диктатура жөніндегі жағдайымыз соғұрлым қиындай түседі! Сондықтан бағытты түзету керек және оны қалай болғанда да болаттай берік ету керек, сондықтан біз осы бағытты партия съезіне ұсынып отырмыз.

Бубнов жолдас осында: мен Украинамен тығыз байланыстымын деді, сөйтіп осы сөздерімен өзінің қарсылықтарының шын сырын ашып берді. Боротьбистердің күшейіп кетуіне Орталық Комитет кінәлы, деді ол. Бұл—ең күрделі, ең ірі мәселе, амалдау талап етілген аса күрделі осы ең ірі мәселеде, меніңше, біз жеңіп шықтық. Біз боротьбистерге барынша кеңшілік жасау туралы Орталық Комитетте әңгіме қылған кезде, басқалар бұған күлді, біз тура бармай отырмыз дегенді айтты; бірақ дұшпанның тура бағыты болғанда ғана бетпе-бет айқасуға болады емес пе. Дұшпан тура бағытпен жүрмей, бұлтарыс жолдармен кетіп бара жатыр екен, онда біз дұшпанның ізіне түсіп, оны барлық бұлтарыстардан соғуға тиіспіз. Біз боротьбистерге барынша кеңшілік жасаймыз деп уәде бергенде, олар коммунистік саясат жүргізеді деген есеппен бердік. Осындай жолмен біз өзіміздің аса шыдамды екендігімізді дәлелдедік. Ал бұл кеңшіліктердің әбден дұрыс жасалғандығын дәлелдейтін тағы бір нәрсе — боротьбистердің барлық таңдаулы элементтері қазір біздің партияға кіріп отыр. Біз бұл партияда қайта тіркеу жүргіздік, сөйтіп боротьбистердің сөзсіз болатын көтерілісінің орнына біз Орталық

Комитеттің Раковский жолдас тамаша жүргізген дұрыс бағытының арқасында мынаған ие болдық: боротьбистердің ішіндегі ең таңдаулы дегеннің бәрі біздің бақылауымызбен және тануымызбен біздің партияға кірді, ал қалғандары саяси майданнан жоғалды. Бұл жеңіс екі бірдей жақсы шайқасқа татиды. Сондықтан боротьбистердің күшейіп кетуіне Орталық Комитет кінәлы деу — ұлт мәселесіндегі саяси бағытты түсінбеу деген сөз.

Енді программадан кәсіптік одақтар туралы айтылған нәрсені алып тастау керек деген соңғы сөйлеген бір жолдастың сөзіне тоқтала кетейін. Асығыстықтың үлгісі осындай-ақ болар. Біз бұлай оп-оңай істей салмаймыз. Біз кесіп айтамыз: еш нәрсені де алып тастаудың керегі жоқ, кітапшаларда, мақалаларда, баспасөзде, т. т. талқылау керек. Кәсіптік одақтар шаруашылық өмірді, атап айтқанда өнеркәсіпті қолға алуға қарай келе жатыр. Мамандар кәсіптік одақтарға енгізілмейтін болсын деген әңгімелер — соқыр сенім. Кәсіптік одақтар тәрбиешілер болып табылады, сондықтан оларға қойылатын талап та қатаң. Нашар тәрбиешіге Орталық Комитет төзбейді. Тәрбие дегеніміз ұзаққа созылатын әрі қиын іс. Мұнда декрет шығарумен іс бітпейді, іске шыдамдылықпен, шеберлікпен кірісу керек, ал біз осыған келе жатырмыз және келетін боламыз. Мәселе өте сақ, бірақ тиянақты болуды керек етеді.

4

ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫС ТУРАЛЫ 31 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, ең алдымен болмашы бір-екі ескертпе жасай кетейін. Сапронов жолдас мені ұмытшақ деп кінәлаумен болды, бірақ өзі көтерген мәселені ол түсіндірмей-ақ кетті. Ол: зығыр дайындау туралы декрет Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысын бұзғандық болып табылады деп сендіруге тырысуын қоймады. Мен: партия съезінде мұндай дәлелсіз, оның үстіне тым елеулі айыптар тағып, мұншалық лағуға болмайды деймін. Әрине, егер Халық Комиссарлары Советі Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысын бұзған болса, онда оны сотқа тарту керек болар еді. Бірақ 10 февральдан бастап осы күнге дейін бұл декреттің заңды бұзғандық екені жөнінде не себепті ешқандай шағым түспеді? Бұл—мүлде дәлелсіз айыптау, мұндай айыпты тағу оп-оңай, бірақ күресудің бұл әдістері — мүлде лайықсыз әдістер.

Милютин жолдас: бізде алауыздық жоқ десе де болады, сондықтан Ленин егеске қарсы бола отырып, бұл егесті тағы да өзі қоздыратын секілді болып көрінеді деді. Бірақ Милютин жолдас біраз бұрмалап отыр, ал бұлай етпеу керек. Біздө қарардың Троцкий жолдас жазған, содан соң Орталық Комитетте коллегиялы түрде қайта жасалған бірінші жобасы болды. Біз бұл жобаны Милютин мен Рыков жолдастарға жібердік. Олар біз онымен күресетін боламыз деп жобаны бізге қайтарып берді. Іс жүзінде міне осылай болған еді. Біз үгітті өрістете жүргізіп, одақтастар тауып алғаннан кейін,

олар съезде жан-жақты оппозиция құрды, бірақ бұдан дәнеңе шықпағанын көргеннен соң ғана олар келісуге жақынбыз деп айта бастады. Әрине, бұл солай, бірақ істі ақырына дейін жеткізу керек және осында оппозиция құрылып, коллегиялық негізде топтаспақ болып көргеннен кейінгі жерде, сіздердің келісулеріңіз сіздердің толық сәтсіздікке ұшырағандарыңызды көрсететіндігін анықтау керек. Милютин жолдастың уақыты біткен кезде, 15 минуттан кейін, ол тек сонда ғана барып мәселенің іскерлікпен қойылуы жақсы-ақ болар еді дегенді есіне алды. Әбден дұрыс. Бірақ мен кеш қалдыма деп қорқамын; әлі Рыков жолдастың қорытынды сөзі қалып отырса да, оппозицияны құтқарып қалу мүмкін емес. Егер коллегиялылықты қорғаушылар соңғы екі айдың ішінде өздері жұртқа жар салып отырған нәрсені істеген болса, бізге тым болмаса бір мысал берген болса, мысал болғанда, бір директор бар және бір көмекші бар деген тәрізді мысал емес, қайта мәселе дәл зерттелген, Халық шаруашылығы советтерінің съезі мен Орталық Комитетте қаулы етілгеніндей, коллегиялылық пен дара басшылық салыстырылған анкета берген болса, онда біз әлдеқайда ақылдырақ бола бастар едік, онда біз съезде онша келісті емес принциптік әңгімелер естімеген болар едік, онда коллегиялылықты жақтаушылар іске қозғау салған болар еді. Егер олар, шынында да, бірдей жағдайға қойылған және коллегиялық принциппен басқарылып отырған тым болмаса 10 фабриканы мысалға келтіре алған болса және бұларды дара басқарылатын фабрикалардағы істің қойылысымен салыстырғанда іскерлік көрсеткен болса, онда олардың позициясы күшті болып шығар еді. Мұндай баяндамасы үшін қай баяндамашыға болса да бір сағат уақыт беруге болар еді, сөйтіп бұл баяндамашы бізді әлдеқайда алға жылжытқан болар еді; біз, бәлкім, осы коллегиялық негізде практикалық градациялар белгілер едік. Бірақ барлық әңгіме мынада: практикалық материалы болуға тиісті солардың қайсысы болса да, Халық шаруашылығы советіндегілер де, кәсіподақшылар да, бәрі де еш нәрсе берген жоқ, себебі —олардың қолында дәнеңе жоқ. Олардың қолында түк те жоқ!

Осы арада Рыков жолдас мені француз революциясын өзгерткісі келеді, буржуазияның феодалдық құрылысқа ұласқанын теріске шығарады деп қарсылық айтты. Мен олай дегемін жоқ. Мен былай дедім: буржуазия феодалдық құрылыстың орнын басқанда ол феодалдарды алып, олардан басқару ісін үйренді, ал мұның өзі буржуазияның феодалдық құрылысқа ұласуына мүлде қайшы келмейді. Ал менің жұмысшы табы өкіметті қолына алғаннан кейін өз принциптерін жүзеге асыра бастайды деген қағидаларымды ешкім де бекерге шығарған жоқ. Өкіметті қолына алғаннан кейін жұмысшы табы меншік жөніндегі көзқарасты, өзгерту арқылы және жаңа конституция арқылы, барлық таптар сияқты, сол өкіметті қолында ұстайды, сақтайды және нығайтады. Бұл—менің талас тудырмайтын, бірінші негізгі қағидам! Жаңа тап атаулының бәрі де өзінен бұрынғы таптан үйренеді және басқару өкілдерін ескі таптан алып отырады деген екінші қағида да — абсолюттік ақиқат. Ақырында, менің үшінші қағидам — жұмысшы табы өз ортасынан шығатын әкімдердің санын көбейтіп отыруға тиіс, мектептер құрып, қызметкер кадрларды мемлекеттік көлемде даярлап отыруға тиіс. Бұл үш қағида даусыз қағидалар және кәсіподақтардың тезистеріне түп-тамырымен қарсы келеді.

Мен фракцияда, өзіміз олардың тезистерін талдап тексергенде, біз Бухарин жолдаспен бірге соққы көрген кезде[112], Томский жолдасқа былай дедім: сіздердің тезистеріңіздегі 7-пункт теориялық жағынан әбден шатасқандықтың белгісі болып қала береді дедім. Ол пунктте былай делінген:

«Өнеркәсіпті реттеу және басқару органдарының құрылысындағы, партияда жоқ жұмысшылардың қалың бұқарасының кәсіподақтар арқылы қатысуын қамтамасыз ете алатын бірден-бір негізгі принцип Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумынан бастап завод басқармаларына дейін өнеркәсіпті коллегиялық жолмен басқарудың қазіргі кезде қолданылып отырған принципі болып табылады. Тек айрықша жағдайда ғана Халық шаруашылығы жоғары советі мен ВЦСПС президиумдарының немесе тиісті одақтар Орталық Комитеттерінің өзара келісімі бойынша, кәсіподақтар мен олардың органдары тарапынан дара әкімдерге міндетті түрде бақылау қою шартымен жеке кәсіпорындарды дара басқаруға жол беруге болады».

Бұл — бастан-аяқ түкке тұрғысыз нәрсе, өйткені жұмысшы табының мемлекеттік өкіметті жеңіп алудағы ролі, әдістер қатынасы — бәрі шатастырылған! Мұндай нәрсеге төзуге болмайды! Мұндай нәрселер бізді теория жағынан кері сүйрейді. Сапронов, Максимовский және Осинский жолдастардың демократиялық централизмі жөнінде де дәл осыны айтуға болады. Мен жөнінде демократиялық централизмді ақымақтық деп атайды деген пікір айтып, Осинский жолдас мұны ұмытып отыр. Бұлай бұрмалауға болмайды! Тағайындау туралы мәселенің, жергілікті ұйымдар арқылы өткізу туралы мәселенің бұған қандай қатысы бар? Коллегия арқылы өткізуге де болады және коллегияны да тағайындап отыруға болады. Жөн-жосықсыз көтерілген мәселе! Демократиялық централизмнің мәні тек Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің басқаратындығында ғана емес, сонымен қатар Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жергілікті ұйымдар арқылы басқаратындығында деушілер бар. Коллегиялылықтың немесе дара басқарудың бұған қандай қатысы бар?

Троцкий жолдас өзінің 1918 жылғы баяндамасын есіне алып және өзінің сол кезде сөйленген сөзін оқи келіп: біз ол кезде негізгі мәселелер жөнінде айтысып қана қойған жоқпыз, сонымен бірге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің белгілі шешімі қабылданған болатын деп көрсетті. Мүлде есімнен шығып кеткен өзімнің «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері»* деген ескі кітапшамды ақтарып отырып, мен: дара басшылық туралы мәселенің алға қойылып қана қоймай, сонымен қатар Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің тезистерінде** мақұлданғанын да көрдім. Біз жұмыс істеп жүріп, тек жазғандарымызды ғана ұмытып қоймаймыз, сонымен қатар Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулы еткенін де ұмытамыз, содан кейін барып қаулыға сүйенеміз. Кітапшадан үзінділер келтірейін:

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 179—225-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 299—302-беттер. *Ред.*

«Ұсақ буржуазиялық бетімен жайылушылықтың саналы өкілдері (көбіне, сірә, санасыз өкілдері болар) жеке адамдарға «шексіз» (яғни диктаторлық) уәкілдік берілуін коллегиялылықтың негізінен, демократизмнен және Совет өкіметінің принциптерінен бас тартқандық деп көрсеткісі келді. Кей жерлерде солшыл эсерлер арасында диктаторлық туралы декретке[113] қарсы тура бұзақылық үгіт, яғни жаман сезімдерге, ұсақ меншікшілдік «қарман қалу» ниетіне сүйенетін үгіт күшейді»... «машиналы ірі индустрияның қайсысы болса да — яғни атап айтқанда социализмнің материалдық, өндірістік негізі мен тірегі — жүздеген, мыңдаған, он мыңдаған адамның бірлесіп істейтін жұмысына бағыт беріп отыратын сөзсіз, аса қатаң *ерік бірлігінің* болуын талап етеді. Бұл ерік бірлігінің техникалық жағынан да, экономикалық жағынан да, тарихи жағынан да қажет екені айқын, мұның өзі социализмнің шарты екенін социализм туралы ойлаған адамдардың бәрі де әрқашан мойындаған», — тек осылай еткенде ғана «ең қатаң ерік бірлігін қамтамасыз етуге болады»...

«Бірақ, қалай дегенмен де, машиналы ірі индустрия типімен ұйымдастырылған жұмыс процесінің табысты болуы үшін бір адамның еркіне қалайда *сөзсіз бағыну* қажет. Темір жолдар үшін мұның өзі екі есе, үш есе қажет»...

«Сондықтан біздің барлық міндетіміз, қаналғандардың азаттыққа ұмтылысының саналы түрде көксеушісі коммунистер (большевиктер) партиясының міндеті — осы бетбұрысты ұғу, оның қажеттігін түсіну, азап шеккен, арып-талып бұдан шығудың жолын іздеген бұқараға басшы болу, оны дұрыс жолмен, еңбек тәртібі жолымен алға бастау, жұмыс жағдайлары *туралы* митингілеу міндеттері мен жұмыс *кезінде* совет басшысының, диктатордың ықтиярына сөзсіз бағыну міндеттерін үйлестіру жолымен бастау»...

«Еңбек тәртібінің жоғары формаларына, пролетариат диктатурасының қажеттілігі жөніндегі идеяны саналы түрде ұғушылыққа, жұмыс кезінде Совет өкіметі өкілдерінің дара жарлықтарына сөзсіз бағынушылыққа біржолата көшуге мүмкін болу үшін еңбекшілердің

нақ сол қанаушыларды құлатқан Октябрьдегі жеңісі керек болды, өмірдің жаңа жағдайлары мен жаңа міндеттерді еңбекшілердің өздері әуелі талқылап алуының тұтас бір тарихи дәуірі керек болды...»

«Еңбекшілер бұқарасының дауылдатқан, көктемгі қар суындай тасып, барлық кемерінен асқан митингілік демократизмін еңбек ету кезіндегі *темірдей* қатаң тәртіппен, еңбек ету кезіндегі бір адамның, совет басшысының, *еркіне сөзсіз бағынушылықпен* біріктіруге үйрену керек»*.

1918 жылы 29 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті осы баяндамада айтылған негізгі қағидаларды толық мақұлдайтын қарар қабылдап, өзінің Президиумына негізгі қағидаларды Совет өкіметінің негізгі міндеттері деп тезистер түрінде редакциялауды тапсырды. Сонымен, біз осыдан екі жыл бұрын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің ресми қарарында мақұлданған нәрсені қайталап отырмыз! Сөйтіп, енді бізді әлдеқашан шешіліп қойған мәселе жөнінде, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекітіп, түсінік берген мәселе жөнінде артқа қарай сүйреп отыр, бұл мәселе атап айтқанда мынау: советтік социалистік демократизм дара басшылық пен диктатураға ешбір қайшы келмейді, таптың еркін кейде диктатор жүзеге асырады, бұл диктатор кейде бір өзі неғұрлым көп істейді және екінің бірінде неғұрлым қажет болады. Қалай болғанда да, коллегиялылық жөніндегі, дара басшылық жөніндегі принциптік көзқарас әлдеқашан түсіндіріліп қана қойған жоқ, сонымен қатар оны Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекіткен де болатын. Бұл жағынан біздің съезд мына күйінішті ақиқатты дәлелдеп отыр: принциптік мәселелерді түсіндіруден нақты мәселелерге қарай алға басудың орнына біз шаян сияқты кері басып бара жатырмыз. Егер біз осы қатеден құтылмасақ, онда шаруашылық міндетті орындай алмаймыз.

Менің Рыков жолдастың ескертпелері жөнінде тағы да бір-екі ауыз сөз айтқым келеді. Ол Халық Комис-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 214, 216—219-беттер. *Ред.*

сарлары Советі экономикалық комиссариаттарды біріктіруге кедергі жасап отыр дейді, ал жұрт: Рыков жолдас Цюрупа жолдасты жеп қойғысы келеді дегенде, ол тұрып: «Цюрупаның мені жеп қоюынан қашпаймын, тек экономикалық комиссариаттар біріктірілсе болғаны» деп жауап береді. Мен мұның қайда апарып соғатынын білемін, сондықтан мынаны айтуға тиіспін: Халық шаруашылығы жоғары советінің Қорғаныс Советі мен Халық Комиссарлары Советінен тысқары экономикалық комиссариаттармен бірге бөлек блок жасап алу жөніндегі әрекетін Орталық Комитет байқамай қалмады, сөйтіп оған өзінің теріс көзқарасын білдірді. Енді Қорғаныс Советі Еңбек және Қорғаныс Советі деп аталатын болды. Сіздердің әскери комиссариаттан бөлінгілеріңіз келеді, ең таңдаулы күштерді соғысқа жөнелтіп тұратын бұл әскери комиссариат мынадай мекеме: онсыз сіздер еңбек міндеткерлігін де жүзеге асыра алмайсыздар, ал біз еңбек міндеткерлігін Ішкі істер халық комиссариатынсыз жүзеге асыра алмаймыз. Ал егер почтаны алатын болсақ, біз Почта және телеграф комиссариатынсыз хат жібере алмаймыз. Денсаулық сақтау халық комиссариатын алып қараңыз. Жұрттың 70 проценті бөртпе сүзек болып отырғанда, сіздер экономиканы қалай жөндемексіздер? Біз қандай іс жөнінде болса да экономикалық комиссариатпен келісіп, соған салып отыруымыз керек болып шығады. Мұның өзі мүлде еш нәрсеге үйлеспейтін жоспар ғой! Рыков жолдастың бұған айтарлықтай дәлелі болған жоқ! Сондықтан жұрт бұған қарсы күресті, Орталық Комитет те оны қолдаған жоқ.

Мұнан әрі Рыков жолдас Троцкий жолдастың Гольцман жолдаспен жасамақшы болып отырған блогы жөнінде қалжың сөз айтты. Мен ісі дұрыс партиялық топтардың арасында әрқашан блок болуы керек деген бірер сөз айтқым келеді. Дұрыс саясат үшін мұның өзі әрқашан міндетті шарт болуға тиіс. Егер Гольцман жолдас, мен оны, өкінішке қарай, жөнді білмеймін, бірақ оны металлистер арасындағы жүйелі әдістер қолдануды қатты талап ететін ағымның өкілі деп естігенмін,—жүйелі әдістер қолдану менің тезистерімде де

баса көрсетілген,— егер ол осы тұрғыдан дара басшылықты талап етіп отырса, онда, әрине, мұнысы тек қана өте пайдалы болуы мүмкін. Бұл ағыммен блок жасау аса пайдалы болар еді. Егер Орталық Комитетте кәсіптік одақтардың өкілдігі күшейтілетін болса, онда мұның ішінде коллегиялылықтың демократизм үшін қырқысып, қателесе беретін шетін өкілдерімен қатар, кейбір мәселелер жөнінде теріс болса да, оның есесіне ерекше сипатты, белгілі бағдары бар әлгі ағым өкілдерінің де болғаны пайдалы болады. Орталық Комитетте бұлардың екеуінің де өкілдері болсын — сонда блок болады. Орталық Комитет құрылғанда, партия съезі өтетін бір апта бойына ғана емес, бүкіл жыл бойына блок арқылы жұмыс істеу үшін өріс табуға болатындай етіп құрылатын болсын. Біз жергілікті өкілдік принципінен үнемі бас тартып келдік, өйткені мұнда жергілікті тамыр-таныстық көп болады. Кәсіптік одақтармен мықтап қосылып кету керек болып отырғанда, кәсіптік одақтардың әрбір бағдарын қадағалау керек болып отырғанда, байланыс орнату керек болып отырғанда,— Орталық Комитеттің осылай құрылуы, кәсіптік одақтардың қалың бұқарасымен (бізде партия мүшелері 600 000, ал кәсіптік одақтардың мүшелері 3 000 000) жалғасатын арқаудың болуы, бұл арқаудың Орталық Комитетті партияның 600 000 мүшесі мен кәсіптік одақтардың 3 000 000 мүшесінің біріңғай еркімен бірден байланыстырып отыруы сөзсіз қажет. Мұндай арқаусыз біз басқара алмаймыз. Сибирьді, Кубаньды және Украинаны олардағы шаруа халқымен қоса өзімізге неғұрлым көп қаратып алған сайын, міндет соғұрлым қиындай түсті, машинаның жүрісі соғұрлым ауырлай түсті, өйткені Сибирьде пролетариат аз, ал Украинада ол әлсіздеу. Бірақ біз Сапронов жолдас бейшесінен батқан жартылай демагогиялық коллегиялылықты қорғауға Донецк мен Николаев жұмысшылары тіке тойтарыс бергенін білеміз. Күмән жоқ, Украинадағы пролетарлық элемент Петроградтағыдан, Москвадағыдан және Иваново-Вознесенскідегіден өзгеше және өзгеше болғанда оның жамандығынан емес, қайта таза тарихи уақиғалардан солай болып отыр. Ол элементтің Москва

мен Питер пролетарларының шынықцанындай, аштыққа шыдап, суыққа тоңып, күресте шынығуына тура келген жоқ. Сондықтан кәсіптік одақтармен байланыс жасағанда, Орталық Комитетті ұйымдастырғанда, партияның тек 600 000 мүшесінің ғана емес, сонымен қатар кәсіптік одақтардың 3 000 000 мүшесінің де бағдарын Орталық Комитеттің біліп отыруын, оның қай уақытта болса да барлық жұртты бір кісідей басқара алуын қамтамасыз ету керек! Осындай ұйым қажет! Бұл — негізгі, саяси мүдде, пролетариат диктатурасы мұнсыз диктатура бола алмайды. Блок болса, блок болсын! Одан қорықпау керек, қайта оны қабыл алып, партияның нағыз орталық мекемелерінде мықтап, кеңінен жүзеге асырып отыру керек!

5
КООПЕРАЦИЯ ТУРАЛЫ 3 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[114]

Мен тек кеше кешке және бүгін ғана екі қарардың екеуімен де ішінара таныса алдым. Менің ойымша, комиссия азшылығының қарары анағұрлым дұрыс. Милютин жолдас қорқынышты сөздерді үсті-үстіне жаудырып, бұл қарарға шүйліге түсті, одан жартыкештікті де, тіпті жартылай жартыкештікті де тапты, оны оппортунизмге ұрынды деп те айыптады. Бірақ, менің-ше, шайтан жұрт айтып жүргендей құбыжық емес сияқты. Егер шын мәні тұрғысынан алып қарайтын болсақ, онда мәселені принциптік позицияға қоюға тырысқан нақ Милютиннің дәлелдері, дәл практикалық, іскерлік және марксистік тұрғыдан қарағанда, Милютин жолдастың қорғаған қарарының терістігін, жарамсыздығын көрсетеді. Бұл терістік мына төмендегіге келіп саяды: өзінің қарарында, комиссия көпшілігінің қарарында, болыстық атқару комитетімен қосып жіберу туралы, болыстық атқару комитетіне бағындыру туралы айтылып отыр деді Милютин, сөйтіп ол, азшылық қарарындағы революцияшылдықтың аздығына қарағанда, өз қарарының турашылдығы мен батылдығы осында деп біледі. Біз өзіміздің революциялық науқанымыздың ұзақ уақыты ішінде мынаны көріп білдік: біздің революциялық қимылдарымыз дайындықпен жасалған кездерде ол қимылдар табысты болды; ал оларда революциялық құлшыныс қана болған кездерде ол қимылдар сәтсіздікке ұшырап отырды.

Комиссия азшылығының қарары не дейді? Азшылықтың қарары былай дейді: тұтыну қоғамдарында коммунистік жұмысты күшейтуге және ол қоғамдарда көпшілікке жетуге назар аудар, сол қоғамдарды бергің келетін және содан соң беретін болатын органдарды дайында. Мұнымен Милютиннің ұстаған бағытын салыстырып қараңыздаршы. Ол: кооперация жаман, сондықтан оны болыстық атқару комитеттеріне беріңдер дейді. Ал сіздерде бергілеріңіз келетін осы кооперацияның ішінде коммунистік база бар ма? Істің мәнісі — дайындық жұмысы — былай қалып, тек соңғы ұран ғана беріліп отыр. Егер осы коммунистік жұмыс әзірленген болса және сол жұмысты қолына алып, жүргізе алатын органдар құрылған болса, онда кооперацияны беру ісі түсінікті, онда мұны партия съезінде сөз етудің керегі де жоқ. Бірақ сіздер шаруалар жөнінде қолдарыңызды аз сермедіңіздер ме! Сол Халық шаруашылығы жоғары советінің өзі зығыр жинау ісінде шаруалар мен кооперацияға қолды аз сермеді ме! Егер сіздер біздің жергілікті жұмысымыз бен Халық Комиссарлары Советі жұмысының іс тәжірибесін естеріңізге түсірсеңіздер, онда сіздер: мұның өзі іске дұрыс қарамағандық екен, қызметкер кадрларға коммунистік тәрбие беру және оларды даярлау жұмысы қажет, мұнсыз кооперацияны беру мүмкін емес дейтін қарар дұрыс екен деп айтар едіңіздер.

Екінші негізгі мәселе — тұтыну кооперациясымен байланыс мәселесі. Бұл арада Милютин жолдас өтемөте дәйексіздік көрсетіп отыр. Егер тұтыну кооперациясы барлық тапсырмаларды, яғни кулактарға қарсы бағытталған бірсыпыра декреттерде екі жыл бойы айтылған нәрсені орындамай отырса, онда өкіметтің кулактарға қарсы жұмсайтын, өзімізде бар құралдарының тұтыну кооперациясына да қарсы жұмсалғанын еске түсіру керек. Бұл толығынан жүргізіліп те жатыр. Қазіргі ең басты міндет — өнім өндіруді және оның мөлшерін арттыру. Егер тұтыну кооперациясы мұны орындап үлгірмейтін болса, онда ол бұл үшін жазаланады. Ал егер ол, өндіріс кооперациясымен байланысты бола отырып, өнімдерді тым болмаса біраз көбейтсе, он-

да оған бас ию керек және оның инициативасын өрістете түсу керек. Егер жергілікті өндіріспен неғұрлым тығыз нақты байланыс жасап отырғандығына қарамастан, тұтыну кооперациясы өнімдерді көбейте алмаса, онда мұның өзі кооперация Совет өкіметінің тікелей міндетін орындамады деген сөз. Егер уезде кулактар мен буржуазияға қарсы күресуге әзір тұрған тым болмаса екі-үш жігерлі жолдас болса, онда істің ұтып шыққаны. Ал Чучин жолдастың инициативасы қай жерде ығыстырылып еді? Ол бірде-бір мысал келтірмеді. Ал өндіріс кооперациясын тұтыну кооперациясымен байланыстырып, қандай кеңшілікке болса да бару керек, тек таяу уақыт ішінде өнімдердің мөлшерін көбейтсек болғаны деген пікір, міне бұл пікір біздің екі жылдық тәжірибемізден туып отыр. Бұл пікір кулактық, буржуазиялық типтегі кооперацияға қарсы күресте коммунистік қызметкерлерді де, совет қызметкерлерін де ешбір имендіре алмайды. Ол пікірдің имендірмейтіні былай тұрсын, қайта ол қолға жаңа қару береді. Егер сен бір істі ұйымдастыра білсең, біз саған сыйлық береміз, ал егер сен бұл тапсырманы орындамайды екенсің, онда біз сені контрреволюцияшыл болғаның үшін ғана соққылап қоймаймыз,—осында дұрыс айтылғанындай, бұл үшін Төтенше комиссия бар,—жоқ, біз сені соққылағанда, мемлекеттік өкіметтің, Совет өкіметінің және пролетариаттың тапсырмасын орындамай отырғандығың үшін соққылаймыз.

Милютин жолдас тұтыну кооперацияларын біріктіруге қарсы бірде-бір тиянақты дәлел келтірген жоқ,— бар айтқаны: маған мұның өзі оппортунизм немесе жартыкештік сияқты болып көрінеді деу болды. Рыков жолдаспен бірге үлкен қадам жасамақшы болған, бірақ ол қадамның оннан бірін де жасай алмайтындығына көзі жеткен Милютин жолдастан мұндай сөздерді есту таңқаларлық. Осы жағынан алғанда, тұтыну кооперациясымен байланыс жасау деген жақсы, бұл байланыс өндірісті дереу қолға алуға мүмкіндік береді. Саяси жұмысқа қол сұғушылыққа қарсы барлық құрал жұмсалады, ал өндіріс пен шаруашылық жағынан бағындыру бүтіндей Егіншілік халық комиссариатына, Халық

шаруашылығы жоғары советіне байланысты. Сіздер кооперацияны қандай мөлшерде бақылай алатын болсаңыздар, бұл құралдардың бәрі сіздерде сол мөлшерде бар.

Енді біз үшінші мәселеге, мемлекеттендіру жөніндегі мәселеге көшеміз; мемлекеттендіруді қорғағанда Милютин тіпті естір құлаққа әрсі қорғады. Комиссия құрылды, сойтіп бұл комиссияда Крестинский жолдас азшылықта қалып, Милютин жолдас жеңіп шықты, бірақ қазір ол: «Мемлекеттендіру жөнінде мен таласпай-ақ қоюға бармын» дейді. Ал онда комиссия неге таласты? Егер сіз бұған Чучин жолдастың қарайтынындай қарасаңыз, онда сіз мемлекеттендіруден бас тартып, дұрыс істемей отырсыз. Осында: егер капиталистер национализацияландырылса, онда кулактарды неге национализациялауға болмайды? деушілер болды. Бірақ бұл дәлелге жұрт осында текке күлген жоқ. Шынында да, кісі еңбегін қанамай тұра алмайтын ауқатты шаруаларды қалай санағанымен де, олар дегенмен жарты миллионнан аз емес, бәлкім, тіпті миллионға жуық болып қалар, ал бұларды біз қалай национализациялай аламыз? Бұл құрғақ қиял. Бұл үшін бізде қазір күш жоқ.

Чучин жолдас кооперацияда бірталай контрреволюционерлер отыр дегенде, әбден дұрыс айтты, бірақ мұның әуені басқаша. Осында Төтенше комиссия туралы дұрыс айтылды. Егер сіз өзіңіз иек астындағыны көрмегендіктен кооперацияның кейбір басшыларын әшкерелей алмайды екенсіз, онда сол араға бір коммунисті апарып отырғызыңыз, ол осы контрреволюцияны ашатын болсын, ал егер ол жақсы коммунист болса,— ал жақсы коммунист сонымен қатар жақсы чекист те,— онда тұтыну қоғамына қойылған ол, ең болмағанда, екі контрреволюционер-кооператорды сүйреп шығаруға тиіс.

Міне сондықтан да Чучин жолдастың дереу мемлекеттендіруді уағыздауы дұрыс емес. Бұл жақсы болар еді, бірақ өзіміз оншама игере алмайтын және национализациялауға ешбір келмейтін таппен істес болып отырғандықтан, бұл мүмкін емес. Біз өнеркәсіп орындары-

ның бәрін бірдей национализациялаған жоқпыз. Бас комитеттер мен орталық мекемелердің атынан берілген бұйрық жергілікті жерге барып жеткенше, оның мүлдо күші қалмайды: ол бұйрық не ұшан-теңіз қағаздың арасына түсіп, не жол жоқтығының, телеграф жоқтығының, т. т. тауқыметінен мүлде жоғалып кетеді. Сондықтан қазір кооперацияны национализациялау туралы сөз ету мүмкін емес. Милютин жолдастікі принцип жөнінен де дұрыс емес: ол өзінің әлсіздігін сезіп, бұл пунктті әншейін алып тастауға болады деп ойлайды. Бірақ онда сіз, Милютин жолдас, өз қарарыңызды күзейсіз, онда сіз азшылықтың қарары дұрыс еді деген куәлік бересіз, өйткені сіздің қарарыңыздың рухы — болыстық атқару комитетіне бағындыру (бірінші пунктінде — «шара қолданылсын» деп айтылып та отыр) — шаруашылық мәселеге қате енгізілген чекистік рух. Екінші қарар: ең алдымен коммунистердің санын көбейту керек, коммунистік насихат пен үгітті күшейту керек, базис жасап алу керек дейді. Мұнда жатқан оншалықты керемет ештеңе жоқ, бірден телегей-теңіз молшылық жасалады деп уәде берілмейді. Ал егер жергілікті жерлерде коммунистер болса, онда олар не істеу керектігін біледі, сондықтан Чучин жолдасқа контрреволюционерлерді қайда сүйреу керектігін баяндап жатудың керегі болмайды. Екіншіден, орган дайындау керек. «Органды дайындап, оны іс үстінде тексеріп көр, өндіріс ұлғайып келе ме, соны тексер»,— азшылықтың қарары міне осылай дейді! Ең алдымен база жасап ал, ал одан арғысын,— одан арғысын көре жатамыз. Керек нәрсе осыдан өзінен-өзі істеле жатады. Контрреволюционерлерді Төтенше комиссияға, ал Төтенше комиссия жоқ болса, онда Революциялық комитетке жіберіп отыру керек деген декреттер өте көп ұсынылуда. Бұлайша қол сілтеуді азайту керек. Азшылықтың қарарын қабылдау керек, ол негізгі бағытты беріп отыр.

6

СЪЕЗДІ ЖАБАРДА 5 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар, съезіміздің жұмысын қысқаша қорыта келіп, менің ойымша, біз ең алдымен партиямыздың міндеттеріне тоқталып өтуге тиіспіз. Съезд ұйымдық мәселе жөнінде келелі қарар қабылдады, ал бұл қарарда, күткеніміздей-ақ, партиямыздың мүшелерін тәрбиелеу туралы, оқыту туралы, ұйымдастыру жағынан пайдалану туралы мәселе аса маңызды орын алып отыр. Мандат комиссиясы осы съезге партиямыздың 600 мыңнан астам мүшесінің өкілдері келгенін хабарлады. Үкіметтік партияға,— өзі үкіметтік партия болғандықтан да табиғи ашық және өкімет билігіне жетуге жол ашатын партияға,— жаман элементтердің, ескі капитализм тастандыларының кірігіп кетуіне, жұғысып алуына қарсы күресуге тура келген біздің заманымыз сияқты осы жауынгер заманда партияның қандай орасан зор қиыншылықтарды басынан кешіруіне тура келгенін бәріміз де жақсы білеміз. Сөйтіп, күресу құралдарының бірі партия апталықтарын белгілеу болды. Тек осындай жағдайларда ғана, партия мен қозғалыс өте қиын жағдайды бастан кешіріп отырған, Деникин Орелдің солтүстігінде, ал Юденич Петроградтан 50 шақырым жерде тұрған осындай кездерде ғана еңбекшілерді азат ету ісіне шын берілген адамдар ғана партияға кіре алатын еді.

Бұл жағдайлар енді, ең болмағанда, таяу уақыттың ішінде қайталанбайды, сондықтан мынаны айтуымыз керек: партиямыздың мүшелері санының, өткен съез-

дердегіге қарағанда, қазір қол жеткен және жүзеге асырылған орасан көптігі біраз қауіп туғызады және әбден нақты қауіп бар, бұл қауіп мынада: партиямыздың тез өсуі осы бұқараны оның шын міндеттеріне біздің қаншалықты дайындағандығымыздың дәрежесіне әрдайым сай келіп отырған жоқ. Бұл 600 мың адамдық армияның жұмысшы табының авангарды болуға тиіс екенін, темірдей берік тәртіп болмайынша, екі жыл бойы өз міндеттерімізді жүзеге асырудың мүмкін болуы екіталай екенін біздің үнемі есте ұстауымызға тура келеді. Біздің ең қатаң тәртібімізді қолданудың, сақтаудың негізгі шарты — шын берілгендік: тәртіп қолданудың барлық ескі құралдары мен негіздері қиратылды, біз барынша жете ойлағандық пен саналылықты ғана өз қызметіміздің негізіне алдық. Мұның өзі бізге мынадай тәртіпті жүзеге асыруымызға мүмкіндік берді: ол тәртіп басқа мемлекеттегі тәртіптен жоғары тұр және, егер әлі сақтала алса, капиталистік қоғамда әрең-әрең сақталып келе жатқан тәртіпке ұқсамайтын базиске негізделіп отыр. Сондықтан біз мынаны есте ұстауымыз керек: біздің таяу жылдағы, соғыста қолымыз жеткен тамаша табыстардан кейінгі жердегі, міндетіміз партияны ұлғайтудан гөрі партиямыздың құрамын жетілдіру мағынасындағы ішкі жұмыста болып отыр. Біздің ұйымдық мәселе жөніндегі қарарларымыздың бұған барынша орын беріп отырғаны тегін емес.

Пролетариаттың бұл авангардының, 600 000 мүшесі бар бұл армияның, өзіне жүктелетін міндеттер дәрежесінде болуына қалай болған күнде де қол жеткізуіміз керек, ал оған орасан зор маңызы бар халықаралық және ішкі міндеттер жүктеледі! Халықаралық міндеттерге келетін болсақ, біздің халықаралық жағдайымыз ешқашан қазіргі кездегідей тамаша болып көрген емес. Бізге шетелден ондағы жұмысшылардың тұрмысы туралы хабарлар қалай сирек түскенімен де, бір-екі хат алғанында немесе европалық және американдық социалистік жұмысшы газеттерінің бірнеше номерін алғанында, әрқашан мейлінше рақаттанасың, өйткені бұрын насихатты мүлде көрмеген немесе бейшара оппортунизмге, таза парламенттік социализмге арандап соры қайнаған

бұқараның ішінде жер-жердің бәрінде де, жердің қай түкпірінде болса да, барлық жерде өзіміз білетіндегіден анағұрлым көп мөлшерде Совет өкіметіне, жаңа міндеттерге жұрттың орасан зор ықылас қойып отырғанын, барлық жерде терең революциялық қозғалыс, қобалжу болып жатқанын, революциялық мәселе қойылып жатқанын көресің.

Менің кеше ағылшын социалистік жұмысшы партиясы газетінің бір номерімен танысуыма тура келді. Интеллигент көсемдері болған, ондаған жылдар бойы теорияны жек көру арқылы көзге түскен ағылшын жұмысшыларының әбден анық айтып отырғаны, газеттің де растап отырғаны мынау: қазір ағылшын жұмысшыларының арасында революция туралы мәселеге ықылас қойғандық бар, ревизионизмге, оппортунизмге, парламенттік социализмге, өзіміз өте жақсы біліп алған осы социал-сатқындыққа қарсы күресуге ықылас пайда болып, күшейе түсті. Бұл күрес күн тәртібіне қойылып отыр! Біз американ Р. жолдастың айтқаны әбден дұрыс болып шықты деп ашық айта аламыз, ол Троцкийдің және менің бірсыпыра мақалаларымызды қамтитын, сөйтіп орыс революциясының тарихын қорытып беретін қалың кітап бастырып шығарған. Осы жолдас былай дейді: француз революциясы бүкіл дүние жүзілік-тарихи көлемде жеңімпаз революция болды, ал егер ол революция тікелей жаныштанған болса, оның себебі мынадан: ол революцияны айнала қоршаған елдер Европа континентіндегі неғұрлым артта қалған елдер еді, бұл елдерде дереу еліктеу, тілектестік білдіру және қолдау қимылы туа алған жоқ. Патша өкіметі езгісінің және басқа да толып жатқан жағдайлардың (1905 жылмен байланыс, т. т.) себебінен басқа революциялардан бұрын басталуына тура келген орыс революциясы капиталистік дамудың неғұрлым жоғары сатысында тұрған елдердің қоршауында болды, бұл елдер революцияға баяуырақ келеді, бірақ оның есесіне көрнектірек, берігірек, мығымырақ болып келеді! Біз жыл сайын, тіпті ай сайын Совет республикасының әрбір капиталистік ел ішіндегі жақтастары мен достары санының 10 есе, 100 есе, 1000 есе өсіп келе жатқанын көріп отырмыз, сондықтан біз-

дің достарымыз бен одақтастарымыз өзіміздің білетінімізден көп деп айту керек!

Бүкіл дүние жүзілік империализмнің бізді соғыс жолымен жаныштап тастамақшы болған әрекеті толық күйреді! Қазір халықаралық жағдай бізге революцияның бас кезінде өзімізде болғандағыдан анағұрлым ұзақ әрі берік тыныс алып берді. Бірақ мұның тыныс алудан артық ештеңе емес екендігін есте ұстау керек. Бүкіл капиталистік дүниенің бақайшағына дейін қаруланып, жақсы стратегиялық жағдайларды таңдап, шабуыл әдістерін зерттеп, тиімді кезін күтіп отырғанын есте ұстау керек. Қазір бүкіл экономикалық күш пен бүкіл соғыс күшінің әлі де сол капиталистік дүниенің жағында екенін еш бір ұмытуға болмайды! Дүние жүзілік көлемде әлі әлсіз болсақ та біз тез өсіп келеміз, күшейіп келеміз, дұшпанның қолындағы қаруларының бірінен соң бірін тартып алудамыз, бірақ Совет республикасын қадам басқан сайын дұшпан аңдып отыр! Блокада тоқтатылған күнде халықаралық қапшықшылдықты, халықаралық еркін сауданы біздің ішкі қапшықшылдықпен ұштастырып, қосып, топтастырып, осы қапшықшылдықтың негізінде бізге жаңа соғыс дайындау үшін, тағы да бірсыпыра торлар мен тұзақтар құру үшін қазір халықаралық капитал белгілі бір ниетпен, ойластырылған жоспармен келеді.

Осы арада біз съезіміздің басты мәселесі, баса назар аударған тақырыбы болған негізгі міндетке келіп отырмыз. Бұл — құрылыс міндеті. Бұл ретте съезд өте көп нәрсе берді, атап айтқанда: шаруашылық құрылысы мен транспорт туралы басты мәселе жөнінде бірауыздан қарар қабылданды. Сондықтан біз енді, партия тәрбиесінің арқасында, бұл қарарды кәсіподақтардағы барлық үш миллион жұмысшының бір кісідей болып жүзеге асыратындығына қол жеткіземіз. Біз бұл қарардың өзіміздің барлық күшімізді, тәртіптілігімізді, жігерімізді елдің шаруашылығын қалпына келтіруге, бірінші кезекте транспортты қалпына келтіруге, ал екінші кезекте — азық-түлік жағдайын қалпына келтіруге жұмсауымызға себепкер болуына қол жеткіземіз.

Насихат үшін бізде қазір толып жатқан мәселелер бар, ал бұл ретте шетелден алынған әрбір мәлімет және партияның әрбір жаңа 10 мүшесі бізге насихат үшін жаңа материал береді. Насихат күштерді шашыратпай, бөлшектемей, өз ретімен жүргізілуге тиіс. Біз мынаны мықтап есте ұстауымыз керек: өзіміз соғыс ісінде жеткен табыстардың, көрсеткен кереметтердің негізі болған нәрсе сол — біз әрдайым басты, негізгі нәрсеге көңіл бөліп отырдық, капиталистік қоғам шеше білмеген мәселені біз шештік! Әңгіме мынада: капиталистік қоғам азаматтар өте-мөте көңіл бөлетін нәрселердің бәрін — олардың күн көруінің экономикалық жағдайларын, соғыс пен бітімді,— капиталистік қоғам осының бәрін қоғамның өзінен жасырын шешеді; ең маңызды мәселелерді: соғыс, бітім, дипломатия мәселелерін ат төбеліндей капиталистер шешіп отырады, бұлар тек бұқараны ғана алдап қоймайды, сонымен қатар екінің бірінде тіпті парламентті де алдайды. Дүние жүзінде соғыс пен бітім туралы мәселе жөнінде бұрын-соңды елеулі бір нәрсе айтқан парламент жоқ! Капиталистік қоғамда еңбекшілердің экономикалық өмірінің басты мәселелерін, олардың аш-жалаңаш немесе жақсы күн көру жағдайын капиталист шешеді, мырзаша, құдайша шешеді! Барлық капиталистік елдерде, демократиялық республикаларда, осындай дәуірлердің тұсында сөз бостандығы деп аталатын, халық бұқарасын орға жығып, алдап кету үшін ойдан шығармайтын, қолданбайтын нәрсесі қалмайтын сатылғыш буржуазиялық баспасөз халықтың назарын басқа жаққа аударып отырады! Керісінше, бізде мемлекеттік өкіметтің бүкіл аппараты, саналы жұмысшының барлық назары бүтіндей және тек қана басты, жауапты кезеңге, басты міндетке жұмылдырылды! Әскери салада біз бұл тұрғыдан алып қарағанда орасан зор табысқа жеттік, ал осы тәжірибені біз енді шаруашылық саласына қолдануға тиіспіз.

Біз социализмге өтуге қадам басып отырмыз, сондықтан ең елеулі мәселе — астық туралы, жұмыс туралы мәселе — жеке мәселе емес, кәсіпкердің жеке ісі емес, қайта бүкіл қоғамның мәселесі болып табылады, осы кезде егер мемлекет өзінің бүкіл баспасөзінде, әрбір

мақаласында, газетінің әрбір номерінде транспорт туралы мәселе қойып отырса, онда мұның жалпыға ортақ іс екенін аз да болса ойлай білетін әрбір шаруа айқын сезінуге және түсінуге тиіс! Бұл құрылыс шаруа үшін өзін құлдыққа түсірген надандық пен қараңғылықтан нағыз бостандыққа көшу болып табылады, мұндай бостандық тұсында еңбекшілер өздерінің алдында тұрған қиыншылықтардың бәрін біледі, жылтырауықтарды, сылдырмақтарды және кез келген буржуазиялық елдің газеттік үгітшілері шұғылданып отырған алуан түрлі қарарлар мен сәуегейлік уәделерді желеу етушілікті былай тастап, қоғамдық ұйымның барлық күшін, мемлекеттік аппараттың барлық күшін, үгіттің барлық күшін ең қарапайым, ең елеулі нәрсеге бағыттап отырады! Барлық күшті, барлық назарды осы ең қарапайым шаруашылық міндеттерге жұмылдыру керек, бұл міндеттер әрбір шаруаға түсінікті, бұл міндеттерге аз да болса адал бірде-бір орташа шаруа, тіпті ауқатты шаруа да қарсы бола алмайды және де бұл міндеттерді қай жиналыста қойсақ та, біздің мұнымыз әрқашан мүлде дұрыс болып шығады. Ең басты нәрсе — қазір шаруашылықты қалпына келтіру екенін, қалпына келтіргенде, ол шаруашылық қанаушылардың қолына қайтадан түспейтіндей етіп, ашығып отырған елде, қолында артық астығы бола тұрып, оны баю үшін және кедейлерді ашықтыра беру үшін пайдаланатын адамға ешқандай рақымшылық болмайтындай етіп қалпына келтіру екенін ең жетілмеген жұмысшы және шаруа бұқарасы да растай алады. Артық астықты қара бастың қамы үшін пайдалануды әділетсіздік деп білмейтін, Совет өкіметін жақтаушылардың келтіріп жүрген дәлелдері еңбекшілердің мүдделеріне әбден сай келеді деген пікір бұлдыр, күңгірт түрде болса да ойына келмеген ең қараңғы, ең санасыз адамды таба алмайсыз.

Үлкен капиталистік қоғамдарда кейінгі жаққа ысырылатын және қожайындардың жеке ісі деп саналатын осы қарапайым міндеттерге, осы мәселелерге біз партияның 600 000 мүшесінен құрылған бүкіл бір армияның барлық назарын аударуға тиіспіз, бұлардың арасында біз өз міндетін орындамайтын бірде-бір адамның

болуына төзбеуге тиіспіз, осы үшін бүкіл жұмысшылар бұқарасын асқан жан қиярлықпен, адал берілгендікпен өзімізге толық қосылатын етуге тиіспіз! Мұны ұйымдастыру қиын, бірақ мұның орасан зор моральдық беделі бар, көз жеткізерлік орасан зор күші бар,— мұның өзі еңбекшілердің тұрғысынан алып қарағанда әділетті де! Сөйтіп, съездің жұмыстары арқасында бұл міндет те, соғыс міндетін бірсыпыра жеңілістер мен бірсыпыра қателіктер арқылы шешкеніміз сияқты шешілетін болса да, енді өте жақсы шешіле алады деген сеніммен, осы сеніммен біз былай дей аламыз: барлық европалық және американық елдердің жұмысшылары қазір бізге көз тігіп отыр, көз тіге отырып, өзімізге жүктелген осы неғұрлым қиын міндетті, соғыста жеңу міндетінен қиынырақ міндетті біздің шешуімізді күтіп отыр! Ол міндетті жай қайрат-жігермен, жай жан қиярлықпен және қаһармандық өрлеумен шешуге болмайды! Біздер, орыстар, басқаларға қарағанда әлсіздеу болған осы ұйымдастыру жұмысында, осы өзара тәртіптілік жұмысында, бөгде нәрсені лақтырып тастап, басты нәрсеге жете білу жөніндегі осы жұмыста ештеңені де тез істей алмайсыз, міне осы астық жинау, транспортты жөндеу, шаруашылықты қалпына келтіру саласында, сүйемдеп қана жүріп жатқан, негіз дайындалып, аз нәрсе істеліп, бірақ берік істеліп жатқан салада,— осы жұмыста біздің жаңа жеңістерге жетуімізді күтіп, барлық елдердің жұмысшылары бізге көз тігіп отыр! Съезіміздің шешімдеріне сүйене отырып, партияның 600 000 мүшесінің бір кісідей болып жұмыс істеуіне жетіп, шаруашылық органдарымен және кәсіподақ органдарымен неғұрлым тығыз байланыс орната отырып,— біздің бұл міндетті де соғыс міндетін шешкеніміздей жеңімпаздықпен шеше алатындығымызға, сөйтіп Бүкіл дүние жүзілік Социалистік Совет Республикасының жеңісіне қарай тез әрі нық қадам басатындығымызға мен сенімдімін! (Қол шапалақтау.)

СЕНБІЛІКТЕР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІҢ ЖОБАСЫНА[115] ҚОСЫМШАЛАР

I. СЕНБІЛІКТЕРДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1) Сенбіліктер жұмысшы табының еңбек міндеткерлігі және өзін өзі ұйымдастыруы идеясын насихаттау формаларының бірі болып табылады.

2) Сенбіліктер коммунистік еңбек формаларының лабораториясы болуға тиіс.

3) Сенбіліктер ең әуелі ерекше маңызды және шұғыл жұмыстар үшін басталуға тиіс.

4) Сенбіліктерде жұмыс өнімділігі белгіленген нормалардан кем болмауға тиіс, бірақ сенбіліктерге қатысушылар бұл нормалардан асып түсуге ұмтылулары керек.

+ а) Еңбек өнімділігін арттыру

б) еңбек тәртібін —»—

в) пролетариат диктатурасын жүзеге асыру

г) шаруаларға басшылық ету

д) ашаршылық пен күйзелушіліктен құтқару.

1920 ж. ерте дегенде марттың аяғында жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КОМПРОМИСТЕР ТУРАЛЫ[116]

Ленсбери жолдас менімен әңгімелескенде ағылшын жұмысшы қозғалысының оппортунист көсемдерінің төмендегі дәлелін ерекше атап көрсетті:

> большевиктер капиталистермен компромисс жасап отыр, мысалы, Эстониямен жасалған бітім шартында да орман концессиясына келісіп отыр; олай болса, ағылшын жұмысшы қозғалысының баяу көсемдерінің капиталистермен жасаған компромистерінің де заңдылығы кем емес.

Ленсбери жолдас бұл дәлел Англияда өте кең тараған дәлел, жұмысшылар үшін мәні бар және талдауды өте-мөте талап ететін дәлел деп есептейді.

Осы тілекті орындауға тырысып көрейін.

I

Пролетарлық революцияның жақтаушысы капиталистермен немесе капиталистер табымен компромисс жасай ала ма?

Бұл сұрақ, сірә, жоғарыда мен келтірген пікірдің негізіне алынған болуы керек. Бірақ бұл сұрақ бұлайша жалпылама қойылып отырғанда не сұрақ қоюшының саяси жағынан өте-мөте тәжірибесіз және оның саяси саналылығының төмен екендігін, не оның талауды, тонауды, капиталистік зорлық-зомбылық атаулыны ақтауды сөзуарлық арқылы бүркемелеу жөніндегі алаяқтық пиғылын көрсетеді.

Шындығында, бұл жалпылама сұраққа жоқ деп жауап беру барып тұрған қисынсыздық болар еді. Әрине, пролетарлық революцияның жақтаушысы капиталистермен компромистер немесе келісімдер жасаса алады. Бүкіл әңгіме келісімнің *қандай* келісім екендігіне және *қандай жағдайларда* жасалып отырғандығына байланысты. Пролетарлық революция тұрғысынан қарағанда заңды болып табылатын келісім мен сатқындық, опасыздық келісімнің (тағы да сол тұрғыдан қарағанда) арасындағы айырмашылықтарды осыдан, тек осыдан ғана іздеуге болады және іздеу керек те.

Мұны түсіндіру үшін әуелі марксизмнің негізін салушылардың пікірін естеріңізге салайын, ал содан соң ең қарапайым және көрнекі мысалдар келтірейін.

Маркс пен Энгельстің ғылыми социализмнің негізін салушылар деп саналатыны тегін емес. Олар құрғақ сөз атаулының мейірімсіз жаулары болды. Олар социализм мәселелерін (және соның ішінде социалистік тактика мәселелерін) ғылыми тұрғыдан қоюды үйретті. Өткен ғасырдың 70-жылдары француз бланкистерінің, Коммуна қашқындарының, революциялық манифесін талдауына тура келген кезде, Энгельс оларға ешбір жалтақсыз: сіздердің «ешқандай компромисс болмасын» деп мақтаншақтықпен мәлімдеулеріңіз бос сөз деді[117]. Компромистерден безуге болмайды. Мәселе мынада: барлық компромистер арқылы, кейде жағдайларға байланысты тіпті ең революцияшыл таптың тіпті ең революциялық партиясына қажеттілікпен таңылатын барлық компромистер арқылы, осы компромистердің бәрі арқылы жұмысшы табының және оның ұйымдасқан авангарды — коммунистік партияның революциялық тактикасы мен ұйымын, революциялық санасын, батылдығын, әзірлігін сақтап, нығайтып, шынықтырып, дамыта білу керек.

Маркс ілімінің негіздерімен таныс адам үшін мұндай көзқарас бүкіл сол ілімнің өзінен сөзсіз туып отырады. Ал Англияда бірқатар тарихи себептердің салдарынан марксизм тред-юниондар мен кооперативтердің оппортунистік, жартылай буржуазияшыл көсемдері арқылы чартизм[118] дәуірінен бастап (чартизм көп жағынан

марксизмді әзірлеу, марксизм жөнінде «соңғы сөздің алдындағы сөз» болды) екінші қатарға ысырылып тасталғандықтан, мен баяндалған көзқарастың дұрыстығын әдеттегі, саяси және экономикалық өмірдің барша жұртқа таныс құбылыстары саласынан алынған дағдылы мысалдар арқылы түсіндіруге тырысып көрейін.

Бір кезде өзімнің сөйлеген сөздерімнің бірінде келтірген мысалдан бастайын*. Өзіңіз мініп келе жатқан автомобильге қарулы бандиттер шабуыл жасады делік. Шықшытыңызға револьверді тақаған кезде сіз автомобиліңізді, ақшаңызды, револьверіңізді бандиттерге бересіз делік, сөйтіп бандиттер талаушылық ісін одан әрі де жабай беру үшін автомобильді, т. т. пайдаланады делік[119].

Сіздің қарақшылармен компромисс жасағаныңыз, сіздің қарақшылармен келіскеніңіз, күмән жоқ, анық. Қол қойылмаған және үн-түнсіз жасалған келісім, күмән жоқ, қалай дегенмен де мүлде айқын және дәл келісім болып шығады: «мен саған, қарақшыға, автомобилімді, каруымды, ақшамды беріп тұрмын, сен маған өзіңнен аулақ кетуге мүмкіндік берсең болғаны».

Мынадай сұрақ туады: қарақшылармен *осындай* келісім жасаған адамды сіздер бандиттікке *қатысушы* деп, келісім жасаған адамнан алынған автомобильдің, ақшаның және қарудың жәрдемімен бандиттер тонап алған үшінші бір адамдарға жасалған қарақшылық шабуылға *қатысушы* деп атайсыздар ма?

Жоқ, атамайсыздар.

Бұл мәселе — мүлде айқын және соншалық қарапайым мәселе.

Басқа жағдайда қарақшыларға автомобильді, ақшаны және қаруды үн-түнсіз беріп қоюды есі дұрыс адам бандиттікке қатысу деп танитындығы да сондай айқын.

Қорытынды айқын: жалпы айтқанда, кейде қарақшылармен келісімге келуге болады және ол қажет деген жалпылама қағидаға сүйеніп, бандиттікке қатысуды

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 38-том, 377-бет. *Ред.*

ақтау қандай қисынсыз болса, қарақшылармен жасалатын қандай да болсын келісімнен немесе компромистен безу де сондай қисынсыз.

Енді саяси мысалды алып қарайық...*

1920 ж. март—апрельде жазылған

Бірінші рет 1936 ж. «Большевик» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Осы арадан қолжазба үзіледі. *Ред.*

КЕН ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ I ҚҰРЫЛТАЙ СЪЕЗІНДЕ[120] СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Біріншіден, кен және көмір өнеркәсібі жұмысшыларының бірінші съезіне Халық Комиссарлары Советінің атынан сәлем жолдауға рұқсат етіңіздер.

Жолдастар, осы съездің және өнеркәсіптің бүкіл осы саласының маңызы Совет республикасы үшін ерекше зор. Көмір өнеркәсібі болмайынша ешқандай осы заманғы өнеркәсіп, ешқандай фабрикалар мен заводтар бола алмайтындығын, әрине, сіздер бәріңіз де білесіздер. Көмір — өнеркәсіптің нағыз азығы, бұл азық болмаса өнеркәсіп жұмыс істемейді, бұл азық болмаса темір жол транспорты ең аянышты халге душар болады және ешбір қалпына келтірілмейді; бұл азық болмаса барлық елдердің ірі өнеркәсібі құлайды, ыдырайды, артқа қарай, алғашқы варварлыққа қарай бет бұрады, сондықтан қазір, тіпті Россиядан гөрі әлдеқайда алдыңғы қатарлы елдерде де, соғыста Россиядан гөрі әлдеқайда аз зардап шеккен елдерде де, тіпті жеңген елдерде де көмір тапшылығы мен дағдарысы нағыз жанға батарлық түрде біліиіп отыр. Кен жұмысшыларының берік, күшті, қуатты және саналы одағын құру үшін қазір осында келіп отырған жолдастардың, бұлардың бүкіл Совет республикасы, бүкіл жұмысшы-шаруа өкіметі осы съезге, кен жұмысшыларына қандай орасан зор міндеттер жүктеп отырғанын барынша айқын түсінуі біз үшін өте-мөте қажет, өйткені қазір, бүкіл дүние жүзінің капиталистері қолдаған ақ гвардияшыларға және капиталистерге қарсы екі жылдық қиян-кескі күрестен кейін,

қазір, өзіміздің қолымыз жеткен барлық жеңістерден кейін, біздің алдымызда тағы да ауыр күрес тұр, анағұрлым ардақты күрес болғанымен, қиындығы бұрынғыдан кем емес күрес, атап айтқанда қан төгіссіз майдандағы, еңбек майданындағы күрес тұр.

Қанды майданда помещиктер мен капиталистер Россиядағы Совет өкіметін қиратуға әрекеттенген кезде, Совет республикасының ісі мүшкіл сияқты болып көрінді, Советтік Россия, ең әлсіз, ең артта қалған, ең күйзелген ел, бүкіл дүние жүзінің капиталистеріне қарсы төтеп бере алмайтын сияқты болып көрінді. Дүние жүзінің аса бай державалары бұл күресте орыс ақ гвардияшыларына көмектесті, олар осы көмекке жүз миллиондаған сом ақша жұмсады, қару-жарақ берді, офицерлерді оқыту үшін шетелде арнаулы лагерьлер құрды; дүние жүзінің аса бай капиталистерінің жәрдемімен орыс тұтқындарын және еріктілерін Советтік Россияға қарсы соғысқа жинайтын осы жинау бюролары шетелде қазірге дейін әлі де бар. Советтік Россияның ісі мүшкіл сияқты болып көрінуі, Россия дүние жүзінің бізден гөрі күштірек соғыс державаларына қарсы төтеп бере алмайтын сияқты болып көрінуі табиғи нәрсе. Алайда, керемет істі істеу мүмкін нәрсе болып шықты және осы екі жылдың ішінде Советтік Россия бұл кереметті істеді де.

Дүние жүзінің аса бай державаларының бәріне қарсы соғыста Советтік Россия жеңіп шықты. Неліктен? Әрине, әскери жағынан біздің күштірек болғандығымыздан емес. Әсте олай емес. Жеңген себебі: цивилизациялы мемлекеттерде алдауға көнбейтін солдаттар болды, бұрқыратып қағаздар жазып: большевиктер — неміс агенттері, узурпаторлар, опасыздар, террористер деп дәлелдеуге тырысса да, олар алдауға көнбеді. Осындай жұмыстың нәтижесінде біз мынаны көріп отырмыз: солдаттар Одессадан не сенімі күшті большевиктер болып қайтты, не «біз жұмысшы-шаруа үкіметіне қарсы соғыспаймыз» деп мәлімдеген адамдар болып қайтты. Біздің жеңуіміздің негізгі себебі мынада болды: Батыс Европадағы алдыңғы қатарлы елдер жұмысшыларының бүкіл дүние жүзілік көлемде жұмысшы табын түсінгені

және оған тілектес болғаны соншалық — өздерінің миллиондаған дана басылымдарында большевиктерге жиреніпті жалаларды үйіп-төккен буржуазиялық баспасөздің өтірігіне қарамастан, осыған қарамастан, жұмысшылар біздің жағымызда болып шықты, сөйтіп бұл жағдай біздің соғысымызды шешті. Жұрттың бәріне мына нәрсе айқын болды: егер бізге қарсы жүз мыңдаған солдат Германияга қарсы соғысқанындай соғысқан болса, біз төтеп бере алмаған болар едік. Соғыстың не екенін білетін әрбір адамға бұл айқын болды. Солай бола тұрса да, мынадай керемет жасалды: біз оларды жеңіп шықтық, олар бірімен-бірі қырқысып құлады, атышулы Ұлттар лигасының орнына оларда құтырған иттер лигасы болып шықты, олар бір-бірімен сүйекке таласып, бірде-бір мәселе жөнінде келісе алмай отыр, ал большевиктердің жақтастары, тікелей және жанама, саналы және санасы аз жақтастары, әрбір елде күн сайын емес, сағат сайын өсіп келеді.

Социализмге тілектес адамдардың бәрі 25 жыл бойы, 1889 жылдан 1914 жылға дейін, барлық елдерде социализм қозғалысына басшылық еткен II Интернационал екенін біледі, ал империалистік соғыс басталған кезде II Интернационалдың социалистері өз үкіметтерінің жағына шығып кетті, әрқайсысы өз үкіметін қорғады; республикашылдар, эсерлер және меньшевиктер деп есептеліп келгендердің бәрі әрбір елде өз үкіметтерінің жағына шықты, өз отанын қорғады, құпия шарттарды жасырды, оларды жарияламады; жұмысшы табының көсемдері деп есептеліп келген социалистер капиталистер жағына шықты, орыс жұмысшы табына қарсы болды. Германияда үкімет басында шейдеманшылдар отыр, олар осы күнге дейін өздерін социал-демократтармыз деп атайды, алайда, олар помещиктермен және капиталистермен одақтаса отырып, герман жұмысшы табының көсемдерін, Роза Люксембург пен Карл Либкнехтті өлтірген және 15 мың герман пролетарын қырғынға ұшыратқан нағыз жексұрын жендеттер болып табылады. III, Коммунистік Интернационал құрылғаннан бергі осы уақыттың ішінде, осы жылдың ішінде ол толық жеңіп шықты. II Интернационал біржолата құлады.

Өтірік атаулыға қарамастан, Совет өкіметіне жабылған жаланың бәріне қарамастан, орыс Совет өкіметі бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларына міне осындай күшті ықпал жасады. Солдаттар мен жұмысшылар: өкімет еңбек ететін адамдардың қолында болуға тиіс, кімде-кім еңбек етпесе, ол ішіп-жемейді, кімде-кім еңбек етсе, оның мемлекетте дауыс беруге правосы бар, мемлекеттік істерді шешуге ықпалы бар деп есептейді. Мұның өзі — қарапайым ақиқат, сондықтан жұмысшы табының миллиондары мұны түсінді.

Енді сіздердің алдарыңызда қиын міндет — біздің соғыстағы жеңістерімізден кейін одан да гөрі қиын жеңіске жету міндеті тұр. Бұл жеңістің қиын болатын себебі — бұл арада тек бір ғана ерлікпен қанағаттануға болмайды, бұл арада тек қажырлы еңбек арқылы ғана нәтижеге жетуге болады, бұл арада жылдар бойы талмастан жұмыс істеу керек.

Капиталистер бүкіл дүние жүзінде жұмыс күшін жинап, өндірісті ұлғайтып отыр, бірақ жұмысшылар оларға былай деп жауап беруде: алдымен жұмысшыларды тойындырыңдар, алдымен жұмысшылардың өмірі есебінен жүргізіліп жатқан қырқысты тоқтатыңдар, алдымен қырғынды тоқтатыңдар, өйткені ағылшын жыртқыштарының немесе басқа біреудің үстемдік етуі үшін күні кеше осы қырғындарда миллиондаған адамдар апат болды. Әзірге өкімет капиталистерде болып отырғанда, біз өндірісті өрге бастыру туралы емес, қайта капиталисті лақтырып тастау туралы ойлаймыз.

Ал капиталист лақтырылып тасталған кезеңнен бастап, сіздер капиталистерсіз-ақ өнімділікті арттыра алатындықтарыңызды дәлелдеңіздер, саналы жұмысшыларға қарсы капиталистер таратып жүрген өтірікті жоққа шығарыңыздар, олар: бұл — революция емес, бұл — жаңа тәртіп емес, бұл — тек қырғын ғана, бұл — капиталистерден тек кек алу ғана, елді ұйымдастырып, оны күйзеліс халінен алып шығу ешқашан да жұмысшылардың өздерінің қолынан келмейді, олардың қолынан тек анархия ғана келеді дейді. Міне миллиондаған тәсілдер арқылы барлық елдердің капиталистері таратып отырған өтірік, партияда жоқ адамдар арқылы, большевик-

тердің дұшпандары арқылы мыңдаған тәсілдермен орыс жұмысшылары қауымына да, әсіресе жеткіліксіз тәрбиеленген, капитализм көбірек аздырған немесе неғұрлым қараңғылау қауымға сіңіріліп отырған өтірік осындай. Ал біз мынаны көріп отырмыз: егер Совет өкіметінің 2 жылы ішінде біз бүкіл дүние жүзін жеңген болсақ, біз ең алдымен жұмысшылардың ерлігі арқасында жеңдік.

Бізді пролетариат диктатурасы үшін, жұмысшылардың темірдей берік, мейірімсіз, қатал өкіметі үшін кінәлайды; жұмысшылардың өкіметі еш нәрседен тартынбайды және ол: бізбен бірге болмаған адам — біздің дұшпанымыз, ал бұл өкіметке қарсы жасалған сәл қарсылықтың өзі жанышталады дейді. Ал біз мұны мақтаныш етеміз және жұмысшылардың, осы алдыңғы қатарлы жұмысшы отрядының, осы темірдей берік өкіметі болмаса, біз 2 жыл түгіл 2 ай да тұра алмаған болар едік дейміз. Бұл диктатура бізге мынаны берді: соғыста қиын кезең туған әрбір ретте партия коммунистерді мобилизациялады, сөйтіп ең алдымен олар алдыңғы сапта жүріп қаза тапты, олар Юденич пен Колчак майданында мыңдап қаза тапты; жұмысшы табының таңдаулы адамдары қаза тапты, олар өздерінің қаза табатынын, бірақ ұрпақтарды қорғап қалатынын, талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруаларды қорғап қалатынын түсіне отырып, өздерін құрбан етті. Олар жанаярларды, соғыста өз басының қамын ойлаушыларды аяусыз масқаралап, қудалады және оларды аяусыз атып тастап отырды. Біз осы диктатураны, жұмысшылардың осы темірдей берік өкіметін мақтаныш етеміз, ол өкімет былай деді: біз капиталистерді құлаттық, ал олар өз өкіметін қайтадан қалпына келтіруге сәл әрекет жасаса, біз өліспей беріспейміз деді. Осы екі жылдың ішінде Питер, Москва және Иваново-Вознесенск жұмысшыларының ашыққанындай ешкім де ашыққан жоқ. Олар осы екі жылдың ішінде жылына 7 пұттан артық астық алмағаны қазір есептеліп шығарылды, ал астықты губерниялардың шаруалары 17 пұттан кем ішіп-жемеген. Жұмысшылар үлкен құрбандық жасады, ауруға шалдықты, олардың арасында өлім-жітім көбейді, сөйтіп

олар жұмысшылар капиталистерге қарсы көтерілгенде кек алу ниетімен емес, қайта помещиктері мен капиталистері жоқ әлеуметтік тәртіп орнатуға бекем бел буғандықтан көтерілгендігін дәлелдейді. Міне бұл құрбандықтар сол үшін жасалды, тек адам естімеген осы құрбандықтар арқылы ғана, оның бер жағында ескі тәртіп құралдарын қолданбайтын Қызыл Армияның тәртібіне сүйенген саналы, ерікті құрбандықтар, тек осы орасан зор құрбандықтар арқылы ғана алдыңғы қатарлы жұмысшылар өз диктатурасын сақтап қалды және өздерін бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының құрметіне бөлеу правосына ие болды. Әсіресе большевиктерге жала жауып жүрген адамдар мынаны ұмытпасын: диктатура дегеніміз оны жүзеге асырған жұмысшылар үшін бәрінен көп өздерінің құрбандыққа ұшырауы, бәрінен көп өздерінің ашығуы болды. Осы екі жылдың ішінде Иваново-Вознесенскінің, Питердің және Москваның жұмысшылары қызыл майдандардағы күресте басқа ешкім ешқашан төзбеген жағдайларға төзді.

Мұны бәрінен көп және бәрінен бұрын есте ұстау керек, мұны көмір өнеркәсібінде істеп жүрген жолдастар бәрінен де гөрі берік есте сақтауы керек. Сіздер — алдыңғы қатарлы отрядсыздар. Біз соғысты жалғастырып отырмыз,— бірақ қанды соғысты емес,— біз ол соғысты бітірдік, бақытымызға қарай, Советтік Россияға соқтығуға енді ешкімнің де батылы бармайды, себебі олар өздерінің талқандалатынын біледі, өйткені саналы жұмысшыларды бізге қарсы жібере алмайсың: Архангельскіде ағылшын порттарын бұзғаны сияқты, Одессадағы порттарды бұзғаны сияқты, олар порттарды бұзады. Бұл дәлелденді, мұны біз жеңіп алдық, бірақ біз соғысты жалғастырып отырмыз, қалай болғанда да экономикалық соғысты жалғастырып отырмыз. Ескі капитализм аздырғандарға, «маған көтеріңкі ақы төленуге тиіс, ал басқалардың мүддесі қаперіме кіріп те шықпайды» деп ойлайтын қапшықшылдарға, жұмысшылардың аз ғана бөлегіне — міне біз қазір осыларға қарсы күресіп отырмыз. Олар: «маған екі есе ақы төле, маған күніне 2—3 қадақ нан бер» дейді, ал өздерінің жұмысшылар мен шаруаларды қорғау үшін жұмыс істейтіндігі туралы,

өздерінің капиталистерді жеңіп шығуға баратындығы туралы, бұл туралы олардың қаперіне де кірмейді. Олармен жолдастық тәрбие беру арқылы, жолдастық ықпал ету арқылы күресу керек және мұны кәсіптік одақтардан басқа ешкім де істей алмайды. Ондай жұмысшыларға мынаны түсіндіру керек: егер олар қапшықшылдар мен жалдаптардың жағына, «менде астық неғұрлым көп болса, соғұрлым мен көп байимын», «әркім өз қамын ойлайды, бір құдай баршаның қамын ойлайды» дейтін бай шаруалардың жағына шығатып болса,— капиталист мырзалар және ескі капиталистік әдеттерден арылмай отырған адамдардың бәрі осылай деп ойлайды,— кімде-кім ескіше ойлайтын болса, біз оларды опасыздар, сатқындар деп есептейміз, оларды жұмысшы табы қара бет етіп, масқаралауға тиіс. Бізді, капиталистік елдердің көпшілігі қоршап отыр, олар бүкіл дүние жүзінде бізге қарсы бірігуде, олар біздегі қапшықшылдармен бірігуде, олар бізді күшпен құлатпақшы, олар бізден гөрі өздерін күштірекпіз деп ойлайды. Біз қоршаудағы қамал секілді күйде қалып отырмыз, бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары өздеріне бостандықтың осы жерден баратынын біліп, осы қамалға көз тігіп отыр, сондықтан осы қоршаудағы қамалда біз соғыстағыдай мейірімсіздікпен, соғыстағыдай қатаң тәртіппен және жан қиярлықпен қимыл жасауға тиіспіз. Өз тобының мүдделерін барлық жұмысшылар мен шаруалардың мүдделерімен ұштастырғысы келмейтін жанаярлардың жұмысшылар арасында болуына біз төзбеуіміз керек.

Кәсіптік одақтардың жәрдемімен жолдастық тәртіпті, біздің Қызыл Армияда болған тәртіпті, әрбір таңдаулы кәсіптік одақ арқылы бізде жасалып жатқан тәртіпті орнату керек; қазір кен жұмысшыларының кәсіптік одағын құра отырып, сіздер де бұл тәртіпті орнатады деп сенемін.

Сіздердің одағыңыз ең алдыңғы қатарлы одақтардың бірі болады, бұл үшін ол мемлекеттік өкіметтің біз бере алатын барлық көмегін алады. Берік еңбек тәртібін жасау ісінде, еңбек өнімділігін арттыру ісінде және көмір өнеркәсібінің, бәлкім, ең ауыр, ең лас, денсаулыққа

зиянды еңбекпен, адамзат техникасы түбінде жоюға тырысып отырған еңбекпен шұғылданатын жұмысшыларының жан қиярлығын арттыру ісінде сіздер де осындай құрбандықтар жасайсыздар деп сенемін.

Ал қазір Совет өкіметін сақтап қалу үшін өнеркәсіпке азық, яғни көмір беру қажет. Мұнсыз шаруашылықты қалпына келтіруге болмайды, темір жолдарды іске қосуға болмайды, мұнсыз фабрикаларды іске қосуға болмайды және шаруалардың астығына айырбастау үшін заттар беруге болмайды, шаруалар тек сары ала қағаздармен ғана, әрине, қанағаттана алмайды, олар бізге қарыз беріп отыр, өйткені олар ашыққан жұмысшыларға қарыз беруге міндетті. Ал біз бұл қарызды қайтаруға міндеттіміз, сондықтан да өндірісті он есе көбейту керек, барлық фабрикаларды іске қосу керек.

Міне, жолдастар, барлық саналы жұмысшыларға жүктеліп отырған, мәселе келешек ұрпақтардың бәрін помещиктер мен капиталистердің езгісінен мәңгі-бақи құтқару үшін Совет өкіметі мен социализмді қорғауда және нығайтуда болып отырғанын түсінетін жұмысшыларға жүктеліп отырған орасан зор міндет осындай. Кімде-кім мұны түсінгісі келмесе, ол адам жұмысшылардың арасынан қуылуға тиіс, ал кімде-кім мұны жете түсінбей отырса, ол адамға кәсіптік одақтар өздерінің тәрбиесі арқылы, өздерінің ықпалы мен насихаты арқылы, өздерінің өндіріс пен тәртіпке орасан зор қамқорлық жасауы арқылы әсер етеді. Осы жолмен біз жұмысшы-шаруа өкіметін нығайтамыз; осы, баяу да болса, аса маңызды жұмыс арқылы сіздер біздің Қызыл Армияның майдандағы жеңістерінен де гөрі анағұрлым маңызды жеңістерге жетесіздер және жетуге тиіссіздер.

1920 ж. мына кітапшада басылған: «Кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық I құрылтай съезінің қарарлары мен қаулылары», Москва

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

КӘСІПТІК ОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ III СЪЕЗІНДЕ[121] 1920 ж. 7 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Овацияға айналған, ду, ұзақ қол шапалақтау.) Жолдастар, ең алдымен Бүкіл россиялық үшінші съезге Халық Комиссарлары Советінің атынан сәлем жолдауыма рұқсат етіңіздер. (Қол шапалақтау.) Жолдастар, пақ қазір Совет өкіметіне ерекше маңызды кезеңді бастан кешіруге тура келіп отыр; бұл кезең көп жағдайда біздің алдымызға өзгеріс дәуірінің өте күрделі және өте қызғылықты міндеттерін қойып отыр. Бұл кезеңнің пақ осы ерекшелігі социализм құрылысы ісінде кәсіподақтарға ерекше міндеттер де, ерекше жауапкершілік те жүктейді.

Міне сондықтан жақында ғана аяқталған партия съезінің[122] (бұл туралы сіздерде анағұрлым толық баяндама болады) кейбір шешімдеріне менің онша көп тоқталғым келмеп еді. Мен советтік саясат жағдайындағы социалистік құрылыстың барлық міндеттерін кәсіптік одақтардың қызметімен байланыстыратын өзгерістерге тоқталғым келіп еді. Біз бастан кешіріп отырған кезеңнің негізгі ерекшелігі осы уақытқа дейін Совет өкіметінің назары мен күш-жігерін тұтасымен өзіне аударып келген соғыс міндеттерінен бейбіт шаруашылық құрылыс міндеттеріне көшу болып табылады. Ең алдымен мынаны айта кету керек: бұл арада Совет өкіметі мен Совет республикасына мұндай кезеңді бірінші рет бастан кешіруге тура келіп отырған жоқ. Осы мәселені шешуге біз екінші рет оралып отырмыз,— пролетариат

диктатурасы дәуірінде тарих бейбіт құрылыс міндеттерін алдыңғы қатарға екінші рет қойып отыр.

Бірінші рет бұл 1918 жылдың басында, неміс империализмінің мерзімі жағынан қысқа, соққысы жағынан өте күшті шабуылынан кейін капиталистік ескі армия толық ыдырап жатқан жағдайда, өз армиямыз болмаған және біз оны қысқа мерзім ішінде құра алмай жатқан кезде, неміс империализмінің жыртқыштары бізге Берст бітімін күштеп таңған жағдайда қойылды. Совет өкіметінің нақты күштерінің әлсіздігіне байланысты соғыс міндеттері екінші қатарға ығысқан сияқты болып көрінді. Біз бейбіт құрылыс міндеттеріне көше алатын сияқты болып көріндік. Менің сол кезде-ақ, бұдан екі жыл дерлік бұрын, 1918 жылы 29 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде баяндама жасауыма тура келді*. Орталық Комитет менің баяндамама байланысты басылып шыққан бірқатар тезистер қабылдады**. Мен осыны сіздердің естеріңізге салып отырмын, өйткені еңбек тәртібінің, т. с. осы съездің күн тәртібіне қойылып отырған бірқатар мәселелері сол кезде-ақ тезистерде тізіп көрсетілген болатын. Сондағы кезеңнің қазір біз бастан кешіріп отырған кезеңмен ұқсастығы бар. Мен былай деп кесіп айтамын: бұдан екі жыл бұрын кәсіптік қозғалыста болған таластар мен алауыздықтарға біздің назарымыз қазір де аударылып отыр. РКП IX съезінің шешімдері қазіргі кездегі таластардың нәтижесі болып табылды деу мейлінше қате болады. Мұндай пікір оқиғалардың ақиқат барысын бұрмалауы мүмкін. Сондықтан да, мәселенің мәнін дұрыс түсіну үшін және дұрыс шешімге келу үшін жағдай 1918 жылдың бас кезінде қандай болғанын және ол қазір қандай екенін салыстырып, ойластырған пайдалы.

Ол кезде, неміс империализмімен соғыстағы қысқа үзілістен кейін, біздің алдымызға бірінші кезекте бейбіт құрылыс міндеттері қойылды. Бізде бейбіт құрылыстың ұзақ дәуірі болатындай көрінді. Азамат соғысы әлі басталған жоқ еді. Краснов немістердің көмегін пайдала-

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 257—298-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 299—302-беттер. *Ред.*

нып, Донға жаңа ғана келген еді. Уралда және солтүстікте ешқандай бой көрсетулер болған жоқ еді. Совет республикасының қолында Брест бітімі бойынша тартып алынғаннан басқа, орасан зор территория болды. Жағдай бейбіт жұмыс дәуірі ұзаққа созылады деп есептеуге болатындай еді. Міне осындай жағдайда, Коммунистік партия кезекке қойған және бірқатар қарарларда, әсіресе 1918 жылғы 29 апрельдегі қарарда баса көрсетілген бірінші нәрсе — кең насихаттың қажеттілігі, еңбек тәртібін жүзеге асыруды қатты талап ету.

Диктаторлық өкімет пен дара басшылық социалистік демократизмге қайшы келмейді. Енді мұны еске түсіру өткен партия съезі шығарған шешімдерді, сондай-ақ біздің алдымызға қойылған жалпы міндеттерді түсіну үшін керек. Бұл әсте тек енді ғана көтеріліп отырған мәселелерге жауап болып табылмайды, қайта бастан кешіріліп отырған заман жағдайларының өзімен байланысты. Ал кімде-кім бұған күдіктенетін болса, бұдан екі жыл бұрын болған жағдайды салыстырсын, сөйтіп бастан кешіріліп отырған кезең бүкіл назарымызды еңбек тәртібі мәселелеріне, еңбек армиялары мәселелеріне аударып отырғанын түсінетін болсын, ал бұдан екі жыл бұрын еңбек армиялары туралы сөз де болмаған еді. Мәселенің қазіргі кездегі қойылысын мәселенің сол кездегі қойылысымен салыстырғанда ғана біз дұрыс қорытындыға келе аламыз, ұсақ жеке мәселелерді былай қоя тұрып, жалпы және негізгі нәрсені бөліп ала аламыз. Коммунистер партиясы мен Совет өкіметінің бүкіл назары бейбіт шаруашылық құрылыс мәселесіне, диктатура мәселелеріне, дара басшылық мәселелеріне аударылған. Бізді бұл мәселелердің осылай шешілуіне бастап отырған табан тіرескен азамат соғысының екі жылы ішінде біз жасаған тәжірибе ғана емес.

Біз бұл мәселелерді 1918 жылы бірінші рет көтерген кезде бізде ешқандай азамат соғысы болған жоқ және ешқандай тәжірибе туралы да сөз болуы мүмкін емес еді.

Демек, Қызыл Армияның және жеңімпаз азамат соғысының тәжірибесі ғана емес, жалпы жұмысшы табы диктатурасының міндеттерімен байланысты анағұрлым

маңызды нәрсе бізді қазір, бұдан екі жыл бұрынғыдай, социализмнің бүкіл шаруашылық құрылысының түйіні, пролетариат диктатурасы жөніндегі біздің түсінігіміздің негізі болып табылатын еңбек тәртібінің мәселелеріне бар назарымызды аударуға мәжбүр етті. Капитализмді құлатқаннан кейін біздің революциямыздың әрбір күні бізді мейлінше ұсақ буржуазияшыл ескі интернационалистер даурыға айтып келген түсініктен түбегейлі түрде бөліп отыр; олар: буржуазиялық парламентаризмнің демократиялық мекемелеріндегі көпшіліктің шешімі — жерге, өндіріс құрал-жабдықтарына және капиталға жеке меншік сақталып отырған жағдайда — мәселенің шешілуі бола алады деп ойлайды, ал шынында бірден-бір шешім—тек қиян-кескі таптық күрес қана. Өкіметті жеңіп алу мәселесін шешіп, біз өкіметті практика жүзінде жүзеге асыруға жақындаған кезімізде, осының барысында біздің көз алдымызда пролетариат диктатурасының маңызы, оның шын практикалық жағдайлары өрістей түсті; біз бұдан кейін де таптар күресі тоқталмайтындығын, капиталистер, помещиктер жеңілгенмен де ол таптардың жойылмағандығын көрдік, жеңіс оларды тек қана талқандады,— бірақ біржолата жойып жіберген жоқ. Жұмысшы табының қазіргі кезеңдегі байланысына қарағанда капиталдың халықаралық байланысы әлдеқайда ұзағырақ және берігірек болып отырғандығын дәлелге келтіру жеткілікті.

Капитал, егер оны халықаралық көлемде алып қарасақ, тек соғыс жағынан ғана емес, сонымен қатар экономика жағынан да Совет өкіметі мен советтік құрылыстан қазір де күштірек болып қалып отыр. Осы негізгі жағдайды еске алу керек және оны ешқашан ұмытпау керек. Капиталға қарсы күрестің формалары өзгеріп отырады, ол формалар кейде ашық халықаралық сипат алады, кейде бір елде жинақталады. Бұл формалар өзгеріп отырады. Соғыс жағдайы болсын, шаруашылық жағдайы болсын немесе әлеуметтік укладтың қандай да бір басқа кезеңі болсын, бәрібір күрес жалғаса береді, сөйтіп тап күресінің негізгі заңын біздің революциямыз дәлелдеп отыр. Буржуазиялық таптарды құлата отырып, пролетариат неғұрлым көп топтасса,

соғұрлым көп үйренеді. Революция күрестің өзінің барысында дамиды. Капиталистерді құлатқаннан кейін де күрес тоқталмайды. Бір елде баянды болғаннан кейін ғана бұл құлату бүкіл дүние жүзі үшін практикалық маңыз алады. Октябрь төңкерісінің бас кезінде капиталистер біздің революциямызға өрескелдік ретінде қарады ғой: шет аймақтарда небір қызықтар болмайды дейсің деді ғой.

Пролетариат диктатурасы дүние жүзілік маңыз алуы үшін оның қандай да бір елде практика жүзінде нығаюы керек болды. Тек сонда ғана капиталистердің, басқа капиталистерден дереу көмек сұраған орыс капиталистерінің ғана емес, сонымен қатар барлық басқа елдер капиталистерінің де бұл мәселеге көзқарастың халықаралық маңыз алып отырғанына көздері жетті. Тек сонда ғана халықаралық көлемде капиталистердің қарсыласуы өзінің бар күшімен көрінді. Тек сонда ғана Россияда азамат соғысы өріс алды және жеңген елдердің бәрі түгелдей осы азамат соғысында орыс капиталистері мен помещиктеріне көмекке келді.

Россиядағы тап күресі 1900 жыл қарсаңында толық қалыптасты, ал социалистік революцияның жеңісі 1917 жылы жүзеге асырылды. Ол ол ма, құлатылған тап өзі құлатылғаннан кейін карсыласуын күшейте түсті, бұл қарсыласу пролетариат пен шаруалардың өзара қатынастарынан өз күштерінің жаңа көзін тапты. Марксизмді біршама оқып үйренген адам, марксизмнің бірден-бір ғылыми негізі ретінде социализмді жұмысшы табының халықаралық қозғалысының негізі деген адам мұның бәрін біледі. Марксизм дегеніміз таптарды жоюдың теориялық негізделуі екенін жұрттың бәрі біледі. Бұл не деген сөз? Социализмнің жеңісі үшін капиталистерді лақтырып тастау жеткіліксіз, сонымен қатар пролетариат пен шаруалар арасындағы айырмашылықты да жою қажет. Шаруалар мынадай жағдайда болып отыр: бір жағынан, олар — помещиктерден, капиталистерден ондаған жылдар, тіпті ғасырлар бойы езгі көріп келген еңбекшілер табы, сондықтан олар өздерін бұл езгіден тек жұмысшылар ғана азат еткенін ұзақ уақыт бойы ұмытпайды. Бұл туралы ондаған жылдар бойы таласуға

болады, осы мәселе жөнінде төбе-төбе қағаздар жазылды және осы мәселеде көптеген фракциялық топсымақтар құрылды, ал қазір біз өмір фактілерінің алдында өлгі алауыздықтардың сұры қашқандығын көріп отырмыз. Шаруалар өздерін помещиктерден тек жұмысшылар ғана азат еткендігін еңбеккерлер ретінде ұзақ жылдар бойы ұмытпайды, іс жүзінде осылай болып та отыр. Бұған қарсы таласуға болмайды, бірақ товар шаруашылығы тұсында олар меншікші болып қала береді. Астықты еркін рынокта сатудың әрбір мысалы, қапшықшылдық пен жалдаптық — товар шаруашылығын қалпына келтіру, демек, капитализмді де қалпына келтіру. Біз капиталистерді құлатқапымызда, мұнымыз арқылы шаруаларды, ескі Россияда халықтың көпшілігі болған тапты азат еттік, бұл күмәнсыз. Шаруалар өз өндірісінде меншікші болып қала берді, сондықтан ол буржуазияны құлатқаннан кейін жаңа капиталистік қатынастарды туғызды және туғызып отыр. Біздің экономикалық жағдайымыздың негізгі сипаттары міне осы. Істің жайын түсінбейтін адамдардан біз естіп жүрген қисынсыз сөздер міне осыдан шығады. Қазіргі жағдайда теңдік, бостандық және демократия туралы сөздер — түк те емес. Біз тап күресін жүргізіп отырмыз, сондықтан біздің мақсатымыз — таптарды жою. Әзірге жұмысшылар мен шаруалар сақталып отырғанда, социализм жүзеге асырылмаған күйінде қала береді. Практикада да әрбір қадам басқан сайын ымырасыз күрес жүріп жатады. Мемлекеттік өкімет сияқты күштеудің мықты аппаратын қолына алған пролетариат еңбеккер ретіндегі шаруаны қалай және қандай жағдайларда өзіне тарта алатындығын және меншікші ретіндегі шаруаның қарсылығын қалай жеңе алатындығын немесе бейтарап ете алатындығын, зиянсыздандыра алатындығын ойластыру керек.

Бұл арада тап күресі одан әрі жүргізіліп отыр, сондықтан да пролетариат диктатурасының маңызы бізге жаңа қырынан көрініп отыр. Бұл арада диктатура мемлекеттік өкіметтің бүкіл аппаратын қанаушылардың қарсылығын жаныштау үшін қолданатын күштеу құралдары ретінде ғана көрініп отырған жоқ. Осыған сү-

йене отырып та, біз көп нәрсе істедік дегенде, әрине, жұрт дұрыс айтады, бірақ бізде, мұнымен қатар, басқа да әдіс бар, онда пролетариат еңбек мектебінен, үйрену мектебінен, капиталистік фабрика тәртібінен өткен ұйымдастырушы ретінде роль атқарады. Капитализмнің барлық табыстарын кәдеге асыра отырып және есепке ала отырып, біз шаруашылықты жаңа, анағұрлым жетілген негізде ұйымдастыра білуге тиіспіз. Мұнсыз біз ешқандай социализм мен коммунизмді орната алмаймыз. Бұл міндет — соғыс міндетіне қарағанда сан есе қиынырақ міндет. Соғыс міндетін көп ретте біз оңай шеше аламыз. Оны жігерді қайрау арқылы, жан қиярлық жасау арқылы шешуге болады. Өзінің мәңгілік жауына — помещикке қарсы бару шаруаға оңайырақ әрі түсініктірек болды. Оған жұмысшы өкіметінің және еркін сауданы жеңу қажеттігінің арасындағы байланысты түсінудің керегі болған жоқ. Орыс ақ гвардияшыларын, помещиктер мен капиталистерді, олардың меньшевиктер сияқты барлық көмекшілерін жеңіп шығу оңай болды, ал мына жеңіс уақыт мағынасында да, күш мағынасында да, бізге қымбатқа түседі.

Жеңіске соғыс міндеттерін орындауда қалай жеткен болсақ, шаруашылық міндеттерді орындауда да солай жетуге болмайды. Еркін сауданы энтузиазммен және жан қиярлықпен жеңуге болмайды. Бұл арада ұзақ уақыт жұмыс жүргізу керек, бұл арада мысқалдап ала білу керек, бұл арада пролетариаттың ұйымдастырушы күштері керек, бұл арада пролетариат барлық еңбекшілер үшін және оның ішінде пролетарлық емес еңбекшілер бұқарасы үшін ұйымдасқан, ұйымдық және моральдық аса зор күш ретінде өзінің диктатурасын жүзеге асырғанда ғана жеңуге болады. Біз бірінші және ең қарапайым міндетті — Совет өкіметін қуып жіберуге тікелей әрекет жасаған қанаушыларды басып-жаншу міндетін ойдағыдай шешкендіктен және дәл солай ойдағыдай шешетіндіктен, енді алға неғұрлым күрделі екінші міндет—пролетариаттың күштерін ұйымдастыру, жақсы ұйымдастырушы болып үйрену міндеті қойылады. Еңбекті жаңаша ұйымдастыру керек, еңбекке тартудың, еңбек тәртібіне бағындырудың жаңа формаларын жасау

керек. Бұл міндетті тіпті капитализм де ондаған жылдар бойы шешті. Бұл арада екінің бірінде тым өрескел қателерге жол беріліп жүр. Біздің қарсыластарымыздың ішінде бұл мәселені мүлде түсінбейтіндер көп. Біз өкіметті алуға болады дегенімізде, олар бізді утопистер деп жариялады. Екінші жағынан, олар бізден мынаны талап етеді: біз еңбекті бірнеше жылдың нәтижесін беретіндей етіп бірнеше айдың ішінде ұйымдастыруымыз керек екен. Бұл — сандырақ. Саяси кезеңнің белгілі бір жағдайларында, жұмысшылардың энтузиазмы арқылы өкіметті, бәлкім, бүкіл дүние жүзіне қарамастан, ұстап тұруға болар. Біз мұны дәлелдедік те. Ал қоғамдық тәртіптің жаңа формаларын жасау, бұл — ондаған жылдардың ісі. Ескі ұйымдастыруды жаңа ұйымдастыру етіп қайта жасау үшін капитализмге де талай ондаған жылдар қажет болды. Бізден сіздер еңбек ұйымдастыруды қысқа мерзімде қайта жасай аласыздар деп күткенде және мұны жұмысшылар мен шаруалардың көкейіне құйғанда, мұның өзі — теория жағынан алып қарағанда бастан-аяқ сандырақ.

Тек сандырақ қана емес, сонымен қатар орасан зор зиян, өйткені мұның өзі жаңа міндеттердің ескі міндеттерден айырмасын жұмысшылардың айқын түсінуіне кедергі жасайды. Жаңа міндет — өнеркәсіпті және, ең алдымен, өз күштерімізді ұйымдастыру, ал біз ұйымдастыру жағынан алып қарағанда әлсізбіз, алдыңғы қатарлы халықтардың бәрінен де әлсізбіз. Ұйымдастыра білу машиналы ірі индустриядан дамиды. Басқа ешқандай материалдық тарихи базис жоқ. Миллиондаған адамдардың күн ілгері жасалған жоспар бойынша, машиналы ірі индустрия құралдарымен істейтін өндірісі — басқа ешқандай базис жоқ. Бұл арада пролетариат мүдделері мен шаруалар мүдделерінің үйлесуі де жоқ. Бұл арада күрестің, шаруалармен күрестің қиын дәуірі басталады. Ал екінші жағынан, біз шаруаларға мынаны дәлелдеуіміз керек: олар үшін басқа жол жоқ, не олар жұмысшылармен бірге болуға, пролетариатқа көмектесуге тиіс, не помещиктердің өктемдігіне қайтадан душар болуға тиіс. Аралық жол жоқ, аралық жол меньшевиктерде бар, ол жол — түгелдей шірік жол, ол барлық

жерде тегіс бүлініп жатыр, Германияда да бүлініп жатыр. Шаруалар бұқарасы мұны теориядан, II және III Интернационалды бақылап байқаудан түсіне алмайды. Шаруалар бұқарасы — ондаған миллион адам — мұны тек өз практикасынан, күнделікті өмірден ғана түсіне алады. Шаруалар Колчак пен Деникинді жеңгенімізді түсіне алды. Олар Колчак пен Деникинге жұмысшы табының диктатурасын айқын қарама-қарсы қойды; меньшевиктер мен эсерлер шаруаларды бәрінен де гөрі осы диктатура арқылы көбірек қорқытқан болатын және қазір де қорқытуға тырысып отыр. Бірақ шаруалар іс жүзінде теориямен шұғылдана алмады және шұғылдана да алмайды. Шаруалар бұқарасы меньшевиктер мен эсерлердің бәрі өтірік айтатынын көріп отыр және шаруалар біздің жалдаптыққа қарсы жүргізген күресімізді көріп отыр. Армиядағы біздің саяси бөлімдерден үйренген меньшевиктер де үгіт ісінде кейбір жетістіктерге жеткендігін мойындау керек. Шаруалар пролетариат диктатурасы емес, құрылтай, халықтық өкімет деген сөздер жазылған туды көрді, олар «диктатура» деген сөзді көрген жоқ, олар «диктатура» деген сөзді түсінген жоқ. Бірақ олар Совет өкіметінің жақсы өкімет болып шыққандығын іс жүзінде түсінді.

Міне сондықтан енді біздің алдымызда екінші міндет — шаруаларға моральдық ықпал жасау міндеті тұр. Ал біздің күштеу құралдарымыз шаруалар жөнінде іске аз көмектеседі. Бұл арада шаруалар ішіндегі экономикалық алауыздық мәселесі шешіледі. Жұмысшылар капиталистерді құлатқаннан кейін күресте, екі жылдық азамат соғысында бірікті және топтасты. Ал шаруалар уақыт неғұрлым өткен сайын, соғұрлым көбірек жіктелуде. Шаруалар помещиктер мен капиталистерді ұмыта алмай отыр, оларды естерінен шығара алмай отыр. Екінші жағынан, қазіргі кездегі шаруалар біртұтас емес, бір бөлегінің мүдделері екінші бөлегінің мүдделеріне сай келмейді. Шаруалар топтасқан емес. Шаруалардың бәрінде бірдей артық азық-түлік жоқ қой. Бұл арада ешқандай теңдік жоқ. Теңдік бар деу — мылжың сөз. Шаруаларды жікке бөлу үшін және кулак емес элементтерді өз жағымызға тарту үшін көп уақыт қа-

жет болады. Бұл ұзақ күрес және бұл күресте біз өзіміздің барлық күштерімізді, өзіміздің барлық құралдарымызды пайдаланамыз. Бірақ тек күшпен ғана жеңуге болмайды, моральдық құралдарды да пайдалану керек. Міне, диктаторлық өкімет туралы және дара басшылық туралы мәселенің бәрі осы арада туады; бұл мәселелер көптеген адамдарға,— қалай дегенмен де, мұны сеніммен айтуға болады,— кейбір адамдарға, біздің кешегі күнгі таластарымыздан ғана туған сияқты болып көрінеді. Бірақ бұл қате. 1918 жылмен салыстырып көріңіздерші. Ешқандай талас болған емес.

Неміс бітімінен кейін біздің алдымызға: өкіметті не нәрсеге негіздеу керек деген мәселе қойылысымен-ақ біздер, коммунистер, Совет өкіметіндегі демократизмнің диктатураға қайшы келмейтіндігін түсіндіру керек деп жауап бердік. Бұл ескі Интернационалдың көптеген көсемдеріне ұнамады. Маған Каутский де ұрысты.

Шаруалар — жартылай еңбеккерлер, жартылай меншікшілер, оларды өз жағымызға тарту үшін біртұтас ерік керек, әрбір практикалық мәселе жөнінде жұрттың бәрі бір кісідей қимыл жасауы керек. Біртұтас еріктің жел сөз, символ болуы мүмкін емес. Біз біртұтас еріктің практика жүзінде болуын талап етеміз. Соғыста ерік бірлігі мынадан білінді: егер біреу-міреу өз мүдделерін, өз селосының, өз тобының мүдделерін ортақ мүдделерден жоғары қойған болса, жұрт оны жанаяр деп әшкереледі, оны атып тастады және бұл ату өзінің жеңіске жетуге тиістігін жұмысшы табының адамгершілік тұрғыдан түсінуімен ақталды. Бұл атулар жөнінде біз ашық айттық, біз былай дедік: біз күш жұмсайтынымызды жасырмаймыз, өйткені пролетариаттың артта қалған бөлегін күштемейінше біз ескі қоғамнан шыға алмайтынымызды түсінеміз. Ерік бірлігі міне осыдан білінді. Ал осы ерік бірлігі әрбір дезертирді жазалауда, коммунистер үлгі көрсеткен, алдыңғы сапта жүрген әрбір шайқас пен жорықта практикалық тұрғыдан жүзеге асырылды. Ендігі міндет — осы ерік бірлігін өнеркәсіпке, егіншілікке қолданып көру. Бізде сан мың шақырым байтақ жер, қисапсыз көп фабрикалар бар. Бұл арада сіздер мұны біздің тек күштеу арқылы ғана жүргізе

алмайтынымызды түсінесіздер, бұл арада сіздер біздің алдымызда қандай орасан зор міндет тұрғандығын түсінесіздер, сіздер ерік бірлігі дегеннің не екенін түсінесіздер. Мұның өзі тек ұран ғана емес. Мұны ойластыру керек, ақылға салып көру керек. Бұл ұран бізден күнделікті ұзақ жұмысты талап етеді. 1918 жылды алып қараңыздаршы, онда бұл таластар болған жоқ және сол кезде-ақ мен дара басшылықтың қажеттігін, советтік идеяны жүзеге асыру тұрғысынан бір адамның диктаторлық уәкілдігін тапу қажеттігін көрсеткен болатынмын. Тең праволылық туралы сөздердің бәрі — сандырақ. Біз тап күресін тең праволылық негізінде жүргізіп отырғанымыз жоқ. Тек осылай еткенде ғана пролетариат жеңе алады. Ол жеңе алады, өйткені бұл жерде біртұтас ерікті білдіретін жүздеген мың тәртіпті адамдар бар және ол шаруалардың экономикалық бытырандылығын да жеңе алады; фабрикадағы, заводтағы, қалалардағы пролетариатты топтастыратын ортақ база шаруаларда жоқ. Шаруалар экономика жағынан бытыраңқы. Олардың бір бөлегі — меншікшілер, ал екінші бір бөлегі — еңбеккерлер. Меншік оны капитализмге қарай сүйрейді: «Неғұрлым тиімді етіп сатсам, соғұрлым жақсы». «Егер аштық болса — соғұрлым қымбат сатамын». Ал еңбеккер-шаруа өзінің помещиктен езгі көргендігін, ол езгіден өзін жұмысшы азат еткендігін біледі. Бұл арада екі түрлі жанның күресі бар, ол күрес шаруалардың экономикалық жағдайынан туып отыр. Осы екі түрлі жанды ажырата білу керек. Сөйтіп, берік бағытты жүзеге асырғанда ғана жеңіске жетеміз. Барлық еңбекшілер біз үшін әрқашан еңбекшілер болып табылады. Ал меншікші шаруалар болса — олармен күресуге тура келеді. Оның бер жағында, олар өзара қырқысып жатады, олар әлі де караңғы. «Ұлттар лигасындағы» мырзалар, құдайға шүкір, қараңғы емес, олар, бәлкім, біздің меньшевиктер мен эсерлерден гөрі білімдірек шығар, алайда онда не істеліп жатыр? Жапония «Ұлттар лигасын» дәріптейді, ал өзі Американың, т. т. аяғынан шалып отыр.

Олар бәрі жанжалдасып жатыр, ал біз біртұтаспыз, сондықтан да барлық елдердің жұмысшылары біздің

жағымызға шығып жатыр. Егер біз халықаралық саясаттың басшылары тәрізді оқыған мырзаларды, бізден гөрі жүз есе көп зеңбіректері мен дредноуттары бар мол тәжірибелі, бай адамдарды талқандаған болсақ, онда біз шаруа мәселесін шеше алмаймыз деп ойлау — кісі күлерлік нәрсе. Бұл арада тәртіп, адалдық, ерік бірлігі жеңеді. Жүздеген және ондаған мың адамдардың еркі бір адам арқылы біліне алады. Бұл күрделі ерік советтік жолмен жасалады. Шаруалар мен жұмысшылардың съездері біздегідей дүние жүзінің бірде-бір мемлекетінде осыншалық көп болған емес. Сананы біз осындай жолмен дамытамыз. Советтік конституция беріп отырған нәрсені бірде-бір мемлекет 200 жыл бойы бере алған жоқ. (Қол шапалақтау.) Съездердің жай санын алып қарайық,— демократизмнің жүз жылы ішінде бірде-бір мемлекет осыншалық съезд шақырған жоқ, ал біз нақ осындай жолмен ортақ шешімдер қабылдап, ортақ ерікті шыңдаймыз.

Біздің Советтік конституциямыз, біздің Совет өкіметіміз осы аса кең негізде түсініледі. Ол мынаны беріп отыр: Совет өкіметінің шешімдерінде дүние жүзінде теңдесі жоқ бедел күші, жұмысшылар мен шаруалар күші бар. Бірақ бізге бұл аз. Біз — материалистерміз, сондықтан бізді бедел күшімен қанағаттандыра алмайсың. Жоқ, беделді жүзеге асыру үшін еңбектеніңіздер. Ал біз бұл арада ескі буржуазиялық стихия үстемдік алатынын көріп отырмыз, ол бізден гөрі күштірек,— мұны біз ашық мойындауға тиіспіз. Жеке-жеке қожайындық етудің және еркін саудапы ығайтудың ескі ұсақ буржуазиялық әдеттері,— мұның бәрі бізден гөрі күштірек.

Кәсіподақтар жаңа таптық даму құралы ретінде капитализмнен пайда болды. Тап дегеніміз күрес пен даму үстінде қалыптасатын ұғым. Бір тапты екінші таптан бөліп тұрған дуал жоқ. Жұмысшылар мен шаруалар қытай қорғанымен бөлініп тұрған жоқ. Адам бірігуді қалай үйренді? Алдымен цех арқылы, содан соң кәсібі бойынша бірікті. Пролетариат тапқа айналған кезде, оның күшті болғандығы соншалық — бүкіл мемлекеттік машинаны өз қолына алды, бүкіл дүние жүзіне

соғыс жариялап, мұнда жеңіске ие болды. Сонда цехтар мен кәсіптер артта қалған нәрселер болып шығады. Капитализм тұсында да пролетарлардың цехтар мен кәсіптер бойынша біріккен кездері болды. Мұның өзі ол кезде прогрестік құбылыс еді. Әйтпесе пролетариат біріге алмас еді. Пролетариат бірден тап болып біріге алатын еді деу — сандырақ. Мұндай бірігу ондаған жылдар бойы болуы мүмкін. Осындай сектанттық болжамсыздық көзқарастарға қарсы Маркстей ешкім де күрескен емес. Тап капитализм жағдайында өсіп жетіледі, ал революция үшін қолайлы кезең туған кезде ол мемлекеттік өкіметті өз қолына алады. Ал сонда барлық цехтар мен кәсіптер ескірген нәрселер болып табылады, олар артта қалғандардың ролін атқарады, олар кейін қарай сүйрейді, мұның себебі онда қайдағы бір оңбаған адамдар отырғандығынан емес, бірақ бұл жерде оңбаған адамдар және коммунизмнің дұшпандары өздерінің насихаты үшін негіз табады. Біз еркін сауда мен капитализмді тудыратын ұсақ буржуазияның қоршауында отырмыз. Карл Маркс ескі утопиялық социализмге қарсы бәрінен де гөрі көп күресті, ол таптың таптар күресі негізінде өсіп жетілетіндігін және оның пісіп-жетілуіне көмектесу керектігін көрсететін ғылыми көзқарасты талап етті. Нақ сол Маркс жұмысшы табының қатеге ұрынған көсемдеріне қарсы күрес жүргізді. Ағылшын көсемдерін буржуазия сатып алған дегені үшін 1872 жылы федералдық кеңесте Маркске кінә таққан қарар шығарылды. Ағылшын көсемдерін буржуазия сатып алған дегенде, әрине, Маркс оны пәлендей адамдар сатқын деген мағынада айтқан жоқ. Олай деу қисынсыздық. Ол жұмысшылардың белгілі бір бөлегінің буржуазиямен блок жасап отырғаны туралы айтты. Жұмысшылардың осы бөлегін буржуазия тікелей және жанамалап қолдап отырады. Оның беретін парасы да осыдан көрінеді.

Парламенттерге өкілдер өткізуде—бұл жөнінде ағылшын буржуазиясы кереметтер көрсетті, ол басқалардан озық отырды. Маркс пен Энгельс 1852 жылдан 1892 жылға дейін, қырық жыл бойы, буржуазияны әшкерелеумен болды, бірақ буржуазия барлық елдерде де осы-

лай әрекет етеді ғой. Дүние жүзінің барлық жерінде кәсіподақтардың құлдар ролінен құрылысшылар роліне көшуі — үлкен өзгеріс. Біз екі жылдан бері әйтеуір күн көріп келеміз, ал мұның өзі немен байланысты? Қазіргі уақытта мұның мәнісі жұмысшы табы ашыққан үстіне ашығып отыр деген сөз. 1918 және 1919 жылдары мемлекеттің өнеркәсіп жұмысшылары тек 7 пұттан ғана астық алды, ал астықты губерниялардың шаруалары — 17 пұттан астық алды. Патша тұсында шаруада, мықтағанда, 16 пұт болды, ал біздің өкіметіміз тұсында шаруада 17 пұт бар. Бұған статистикалық дәлелдемелер бар. Пролетариат екі жыл ашықты, бірақ бұл аштықта жұмысшының тек өзінің цехтық мүдделерін ғана емес, сонымен қатар өзінің өмірін де құрбан ете алатындығы байқалды. Пролетариат екі жыл бойы аштыққа төзе алды, өйткені оны барлық еңбекшілер адамгершілік жағынан қолдады, сондықтан да ол жұмысшы-шаруа өкіметінің жеңісі үшін өзін өзі құрбан етуге барды. Рас, жұмысшыларды кәсібіне қарай бөлушілік әлі де бар, бұл кәсіптердің ішінде капиталистерге керек болғандары, ал бізге керек еместері көп. Біз бұл кәсіптердің жұмысшылары басқалардан гөрі қатты ашығып отырғанын да білеміз. Басқаша болуы мүмкін де емес. Капитализм қиратылды, бірақ социализм әлі орнаған жоқ және ол әлі ұзақ уақыт бойы орнатылмақ. Бұл арада біз әр түрлі түсініспеушіліктерге кездесеміз; бұл түсініспеушіліктер кездейсоқ нәрсе емес, капитализм тұсындағы цехтық біріктірудің және мемлекеттік өкіметті қолына алған жұмысшыларды таптық біріктірудің құралы ретіндегі кәсіподақтардың тарихи ролінің нәтижесі болып табылады. Ондай жұмысшылар барлық құрбандықтарға барады, тәртіп орнатады; ол тәртіп таптық мүдделер цехтық мүдделерден жоғары деп айтуға және оны күңгірт болса да сезуге мәжбүр етеді. Мұндай құрбандықтар жасай алмайтын жұмысшыларға біз жанаярлар деп қараймыз және оларды пролетариат семьясынан аластап тастаймыз.

Еңбек тәртібі туралы, дара басшылық туралы жалпы қойылған негізгі мәселе міне осы; бұл мәселемен партия съезі шұғылданды. Партия съезі шешімдерінің мәні

міне осы, ол шешімдерді бәріңіз де білесіздер және оларды арнаулы баяндамашылар анағұрлым толығырақ әңгімелеп береді. Мұның мағынасы мынаған келіп саяды: жұмысшы табы өсті, есейді; ол өкіметті өз қолына алды, сөйтіп ол бүкіл буржуазиялық дүниеге қарсы күресіп отыр, ал күрес барған сайын қиындай түсуде. Соғыста күресу оңай болды. Қазіргі кезеңде ұйымдастыру ісі, моральдық тәрбие беру ісі талап етіліп отыр. Қазір Россияда пролетариаттың саны онша көп емес. Оның қатары соғыс кезінде сиреп қалды. Жеңісімізге байланысты бізге ел басқару қиындап кетті. Кәсіподақшылар да, жұмысшы бұқарасы да мұны түсінуге тиіс. Біз диктатура туралы айтқанымызда — мұның өзі орталықшылардың бәлденуі емес. Біз жеңіске жеткен облыстар Советтік Россияның территориясын едәуір кеңейтті. Біз Сибирьде, Донда, Кубаньда жеңіске жеттік. Ол жерлердегі пролетариат процент жағынан алғанда болмашы ғана, мұндағы бізденгіден де аз. Біздің міндетіміз — жұмысшыға тіке барып, оған жұмыс жағдайының қиындағандығы туралы ашық айту. Барынша тәртіп, барынша дара басшылық және барынша диктатура керек. Мұнсыз үлкен жеңіс туралы қиялдаудың да керегі жоқ. Бізде үш миллион адамдық ұйымдасқан армия бар. 600 000 коммунист, партия мүшелері, сол армияның авангарды болуға тиіс.

Бірақ жеңіске жету үшін бізде 600 000 коммунистен және 3 000 000 кәсіподақ мүшесінен басқа армия жоқ екендігін түсіну керек. Кулак-шаруа халқы бар территориялардың қосылуы пролетариат күштерін жаңадан жұмылдыруды талап етеді. Біздің алдымызда пролетарлық және пролетарлық емес бұқараның, олардың әлеуметтік және таптық мүдделерінің жаңа арақатынасы туып отыр. Бұл арада тек күш қолданумен ештеңе тындыра алмайсың. Ерекше ұйымдасқандық және моральдық бедел керек. Біздің кәміл сеніміміз осыдан келіп туады, ол сенімді біз партия съезінде бойға сіңіргенбіз және оны қорғап қалуды мен өзімнің борышым деп есептеймін. Біздің негізгі ұранымыз — дара басшылыққа көбірек жақындай түсейік, еңбек тәртібі көбірек болсын, алдыңғыларға теңелейік, топтардың, цехтардың

мүдделерін лақтырып тастай отырып, жеке мүдделердің бәрін құрбан ете отырып, соғыстағыша батылдықпен, табандылықпен, жан қиярлықпен жұмыс істейік! Мұнсыз біз жеңе алмаймыз. Ал егер біз партияның осы шешімін жүзеге асырсақ, оны үш миллион жұмысшы арқылы, содан соң социализм жеңісі жолында өзін-өзі құрбан еткен адамдардың моральдық беделін, күшін сезетін ондаған миллион шаруалар арқылы бір кісідей болып жүзеге асырсақ, біз мүлде, біржола жеңілмейтін боламыз. (*Ду қол шапалақтау.*)

1920 ж. 8 апрельде «Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық III съезі бюллетенінің» 2-номерінде толық емес түрінде басылған

Бірінші рет 1921 ж. «Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық үшінші съезі. Стенографиялық есеп» деген кітапта толық басылған

«Бюллетеньнің» текстімен салыстырылған кітаптың тексті бойынша басылып отыр

ҒАСЫРЛЫҚ УКЛАДТЫ ТАЛҚАНДАУДАН ЖАҢАНЫ ЖАСАУҒА ҚАРАЙ

Біздің газетіміз[123] коммунистік еңбек туралы мәселеге арналған.

Бұл — социализм құрылысының аса маңызды мәселесі. Сондықтан ең алдымен өзіміз мынаны жақсылап түсініп алуымыз керек: бұл мәселе пролетариат саяси өкіметті жеңіп алғаннан кейін ғана, помещиктер мен капиталистер экспроприациялапғаннан кейін ғана, мемлекеттік өкіметті жеңіп алған пролетариаттың жан ұшыра қарсылық жасауды, контрреволюциялық көтерілістер мен азамат соғысын ұйымдастырған қанаушыларды талқандаған шешуші жеңісінен кейін ғана практика жүзінде қойыла *алды*.

1918 жылдың басында осы кезең туған сияқты болып көрінді — ал ол, шынында, герман империализмінің Россияға февральда (1918 ж.) жасаған соғыс жорығынан кейін туды да. Бірақ бұл кезеңнің қысқа мерзімге туғандығы соншалық, контрреволюциялық көтерілістер мен шапқыншылықтардың жаңа, неғұрлым күшті толқынының тез жайылғандығы соншалық — бейбіт құрылыс мәселелерімен біршама зейін сала және табанды түрде шұғылдануға Совет өкіметінде мүмкіндік болмай шықты.

Енді біз адам естімеген, сұрапыл қиыншылықтардың, ашаршылықтың, мұқтаждықтардың, тауқыметтердің екі жылын, сонымен қатар халықаралық капиталистік реакцияның шапқыншыларын жеңген Қызыл Армияның адам естімеген ғажап жеңістерін бастан кешірдік.

Енді (егер француз капиталистері Польшаны соғысқа айдап салмаса) біз анағұрлым тұрақты, анағұрлым ұзақ бейбітшілікке ие бола аламыз деп үміттенуге елеулі мүмкіндіктеріміз бар.

Социализмге негізделген құрылыстың екі жылы ішінде біз қазірдің өзінде біраз тәжірибе жинақтап отырмыз. Сондықтан коммунистік еңбек туралы мәселені шындап қоюға болады және қою керек те; былайша айтқанда, коммунистік еңбек туралы емес, социалистік еңбек туралы деу дұрысырақ болады, өйткені әңгіме капитализмнен өрбіп-өсетін жаңа қоғамдық укладтың дамуының жоғары сатысы туралы емес, төменгі, бастапқы сатысы туралы болып отыр.

Сөздің неғұрлым тар және дәл мағынасында алғанда коммунистік еңбек дегеніміз қоғамның пайдасына тегін істелетін еңбек, еңбек болғанда белгілі бір міндеткерлікті өтеу үшін істелетін еңбек емес, белгілі бір өнімдерге право алу үшін істелетін еңбек емес, күн ілгері белгіленген және заңдастырылған норма бойынша істелетін еңбек емес, ерікті еңбек, нормадан тыс еңбек, сыйлық алуға дәмеленбей, сыйлық туралы шарт қоймай істелетін еңбек, жалпының пайдасына бола еңбек ету әдеті бойынша және жалпының пайдасына бола еңбек ету қажетілігінен туатын саналы (әдетке айналған) көзқарас бойынша істелетін еңбек, сау организмнің мұқтажы ретіндегі еңбек.

Осындай еңбекті кең көлемде, шын мәнісінде жаппай қолдануға дейін бізге, яғни біздің қоғамымызға, біздің қоғамдық укладымызға, әлі де өте-мөте алыс екендігі әркімге аян.

Бірақ осы жолмен ілгері қарай жасалған қадам болып табылатын нәрсе — бұл мәселенің қойылғандығы, оның бүкіл алдыңғы қатарлы пролетариат тарапынан да (коммунистік партия мен кәсіптік одақтардың), мемлекеттік өкімет тарапынан да қойылғандығы.

Үлкен іске жету үшін кішкенеден бастау керек.

Ал, екінші жағынан, «үлкен» істен кейін, капиталистердің меншігін құлатып, өкіметті пролетариатқа алып берген мемлекеттік төңкерістен кейін шаруашылық

өмірді *жаңа* негізде құру ісін тек *кішкене* нәрседен ғана бастауға *болады.*

Сенбіліктер, еңбек армиялары, еңбек міндеткерлігі — социалистік және коммунистік еңбектің әр түрлі формаларда практикалық жүзеге асырылуы міне осындай.

Бұл жүзеге асырылуда әлі де көптеген кемшіліктер бар. Егер капитализмнің қорғаушылары туралы айтпағанның өзінде, тек мүлде ойлай білмейтін адамдар ғана бұл кемшіліктер жөнінде күлкімен (немесе табалаумен) құтыла алады.

Мұндай жаңа, мұндай қиын, мұндай ұлы істе кемшіліктер, қателер, ағаттықтар болмай қоймайды. Социализм құрылысының қиыншылықтарынан қорқатын адам, өзін қиыншылықтармен қорқытуға ырық беретін адам, торығатын немесе еңсесі түсіп абыржитын адам социалист емес.

Еңбектің жаңа тәртібін орнату, адамдар арасындағы қоғамдық байланыстың жаңа формаларын жасау, адамдарды еңбекке тартудың жаңа формалары мен тәсілдерін қалыптастыру — бұл көптеген жылдардың, ондаған жылдардың жұмысы.

Бұл жұмыс — өте ардақты және өте игілікті жұмыс. Біздің бақытымыз сол — біз буржуазияны құлатып және оның қарсылығын жаныштап, өзімізге осындай жұмысты *мүмкін еткен* негізді жеңіп алдық.

Сондықтан біз бұл жұмысқа бар күш-жігерімізбен кірісеміз. Ұстамдылық, табандылық, әзірлік, батылдық және жүз рет байқап, жүз рет түзетіп, қалай болған күнде де мақсатқа жете білу,— бұл қасиеттерді пролетариат Октябрь революциясынан 10, 15, 20 жыл бұрын өз бойына дарытқан болатын, ол бұл қасиеттерді, адам көрмеген мұқтаждықтарға, ашаршылыққа, күйзеліске, тауқыметтерге төзе отырып, осы революциядан кейінгі екі жыл ішінде де өз бойына дарытты. Пролетариаттың бұл қасиеттері — пролетариаттың жеңетіндігінің кепілі.

8 апрель, 1920 ж.

«Коммунистический Субботник», 11 апрель, 1920 ж. Қол қойған: Н. Ленин

«Коммунистический Субботник» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ТОҚЫМА ӨНЕРКӘСІБІ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ III СЪЕЗІНДЕ[124] 1920 ж. 19 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

(Овацияға айналғанду қол шапалақтау.) Жолдастар, сәлем жолдағандарыңызға алғыс айтумен қатар, Халық Комиссарлары Советі атынан сіздерге де сәлем жолдауыма рұқсат етіңіздер.

Қазір біздің бәріміз де аяқталған партия съезінің және ол шығарған қарарлардың жаңа әсерлерімен жүрміз. Сондай-ақ партия съезі жұмысшылардың алдына, шаруалардың алдына, Совет республикасының бүкіл еңбекші бұқарасының алдына қандай маңызды міндеттер қойғандығы жұрттың бәріне мәлім. Бұл міндеттер біртұтас еңбек майданын құруға келіп саяды.

Қазіргі кезеңде, Россия пролетариатының бақыты мен абыройына қарай, біз азамат соғысын сәтті аяқтап отырған кезде, енді Батыс Европа империалистері күшпен айдап салған Польшаның қоқан-лоқысы ғана қалып отырған кезде ішкі тұрмысты түзеуде адам айтқысыз қиындықтар тұр.

Орасан зор өзгерісті, қазір жұмысшы табының алдында тұрған қиыншылықтарды түсіндіру үшін мен дамудың барлық негізгі сатыларын суреттеп берейін, өйткені орыс пролетариаты коммунистік құрылысқа осы сатылар арқылы өтті.

Жақсы жабдықталған, ең жаңа техниканың кереметтерімен жарақтанған фабрикаға алғаш рет келгенде қараңғы, санасыз шаруалар таң қалды, фабриканың әдеттен тыс әшекейінен именді. Надан шаруа фабрикантты жұмыс беретін, онсыз жұмысшы өмір сүре ал-

майтын есіркеушіміз, асыраушымыз деп білді. Деревня өмірінің алыс, қараңғы түкпірінен келген дәрменсіз жұмысшы фабриканың қайнаған қазанына түсіп, онда тәуірлеу тіршілік етуге және ептеп тамақ асырауға мүмкіндік алып, капиталистік қанаудың езгіш бұғауына ілікті. Россияның және басқа елдердің жұмысшылары осы ауыр кезеңді бастан қалай кешіргені баршаға жақсы мәлім. Бірақ, қарап отырсақ, жұмысшы өзінің шаруалық мешеулігі мен қараңғылығынан бірте-бірте арылады, дамудың неғұрлым жоғары сатысына көтеріле бастайды, қанаушыларға қарсы күресудің алғашқы әрекеттері —стачкалар пайда болады, бытыраңқы пролетариат бұқарасы кәсіптік одақтарға бірігуге әрекет жасайды, жұмысшының бойынан өзгеше күш сезіле бастайды, әрбір стачка, оның нәтижелері мардымсыз болса да, баға жетпес, жаңа, маңызды, мазмұнды нәрсе беріп отырады. Стачка жұмысшыға мынаны түсінуді үйретті: күш — тек басқа жұмысшылармен бірігуде ғана, ол — қуатты күш, машиналарды тоқтата алатын, құлды азат адамға айналдыра алатын және өндірушілердің өздері өндірген игіліктерді өздері пайдалануына право беретін күш. Стачкалық қозғалыстың соңғы он жылдар ішіндегі даму көрінісі, оның ұсақ, бытыранды стачкалардан бірте-бірте ұйымдасқан кең ереуілдерге айналғаны жұрттың бәріне мәлім. 1905 жылы стачкалық қозғалыстың қуатты толқыны бүкіл Россияға жайылды. Капиталистерге қарсы стачкалар жасау жолымен ұйымдасқан күрестің өсуі жұмысшыны бұрын болып көрмеген күшке ие етеді. Бұл ретте алдыңғы орындардың бірін кәсіптік одақтар алады. Жұмысшы мынадай ойға келеді: капиталистер пролетариаттың мүдделеріне зиян келтіріп, өз мүдделері үшін пайдаланып отырған техниканың барлық өнертабыстары, барлық машиналар мен өндіріс құралдары — осының бәрі пролетариаттың игілігі бола алады және болуға тиіс. Осы жаңа фаза, кәсіптік одақтардың көмегі арқылы жұмысшылардың капиталистерге ұйымдасқан түрде тойтарыс беру фазасы — пролетарлық сана-сезімнің даму тарихында ілгері басқан жаңа қадам. Жұмысшы енді езушілердің қолындағы басыбайлы, дәрменсіз құрал емес.

Айналадағы өмірдің бәрі оны үздіксіз, дамылсыз, тоқтаусыз күресу қажеттігіне сендіреді. Өзінің экономикалық жағдайын біраз жақсартуға, жалақыны көбейтуге, жұмыс күнін азайтуға жұмысшының қолы жетеді. Кәсіптік қозғалыстың бұл сатысында жұмысшылар аз да болса тәуірлеу тұрмысқа жетуді арман етеді, үміт етеді.

Бірақ пролетариаттың таптық сана-сезімінің бұл дәрежесі де, өз кезінде ілгері басқан орасан зор қадам болғанымен, енді жеткіліксіз болып көрінетін мезгіл жетті. Өмір ілгері итермеледі.

Барлық елдердің ар-ұяттан безген капиталистері жұмысшылар бұқарасын тұншықтырды, азат етіле бастаған пролетариатты одан сайын езе беру үшін де, бір-бірінен территорияларды талап алу үшін де ұйымдастырылған дүние жүзілік соғыс арқылы жұмысшылар бұқарасын біржолата тығырыққа тіреді. Бақайшағына дейін қаруланған империалистік жыртқыштар соғысқа ұмтылды. Олар: бұл соғыс адамзатты азат етудің пәлендей ұлы идеялары үшін жүргізіліп жатыр деп жұмысшыларды сендірді. Бірақ жұмысшылардың қараңғылығы ұзақ уақытқа созылған жоқ. Брест, Версаль бітімдерінің оқиғалары, Англия мен Францияның барлық отарларды басып алуы — істің ақиқат жағдайын жұмысшыларға жеткілікті дәрежеде айқын көрсетті. Дүние жүзілік соғыс кезінде 10 миллион адамның өлгендігі, 20 миллион адамның жарымжан болғандығы айқындалды және осының бәрі жыртқыштардың бұрынғыдан да көбірек баюы үшін ғана істелді.

Сөйтіп, көзі ашылған жұмысшы капиталдың езгісіне қарсы көтеріледі, әлеуметтік революция бұрқ ете түседі, ал бұл революцияның негізін октябрь оқиғалары қалаған болатын. Біздің ендігі міндеттеріміз өзіміздің кәсіптік ұйымдарымыздың мүшелері болу ғана емес — бұл жеткіліксіз. Езілген таптан үстем тапқа айналу үшін жұмысшы әлі де жоғары көтерілуге тиіс. Шаруаларға үміт артудың әзірге керегі жоқ. Олар бытыраңқы, дәрменсіз және қараңғылықтан жуықта шыға қоймайды. Өзі шаруалар арасынан шыққан, ұйымдасудың күші неде екенін түсінуге үйренген тап қана шаруаларды қараңғылықтың тұңғиығынан шығара алады; ал бұл

тап жақсы тұрмысқа жету үшін тек капитализм тұсында ғана күш салып қойған жоқ, өйткені жақсы тұрмысқа жету үшін Батыс Европа жұмысшылары да күш салып келді ғой, алайда, ол жағдай оларды соғыстан құтқара алмады. Жұмысшы өзінің алдында жаңа, өлшеусіз қиын міндет — мемлекетті басқару ісін түгелдей қолына алу міндеті тұрғанын түсінуге тиіс. Жұмысшы өзіне былай деуге тиіс: жеке меншік әлі де сақталып отырғанда, капитализм әлі де талқандалмай тұрғанда, бөтеннің есебінен күн көруші адамдардың бірде-бірі өкіметке ие болуға тиіс емес.

Совет өкіметі міне осыған күш салып отыр, ал бүкіл дүние жүзі пролетариатының Совет өкіметіне деген тілектестігі ғажап шапшаң өсіп келеді. Жаңа пролетарлық мемлекетті құрып, жұмысшы табы өзіне құлақ естімеген міндет жүктеп отыр. Шаруалармен қоян-қолтық жүргенде ғана жұмысшылар қанаушы таптарды жойып, социализм орната алады. Ал шаруалар өз шаруашылықтарын бұрынғысынша жеке-жеке жүргізіп, артық өнімдерін еркін рынокта сатып, мұнысы арқылы ат төбеліндей жыртқыштарды одан әрі байытып отыр. Шаруалар мұны білмегендіктен істеуде, өйткені олар жұмысшыға қарағанда мүлде басқа жағдайларда өмір сүріп отыр. Ал еркін сауда дегеніміз капиталистік құлдыққа қайта оралу. Бұдан аулақ болу үшін еңбекті жаңаша ұйымдастыру керек, ал мұны істейтін пролетариаттан басқа ешкім жоқ.

Қазіргі уақытта жұмысшы өзінің кәсіптік ұйымының мүшесі ғана емес. Бұлайша көзқараста болу ескіге қайта оралғандық болып шығады. Капиталмен күрес әлі біткен жоқ. Қапшықшылдық арқылы, Сухаревка[125], т. с. арқылы капитализм Совет өкіметінің бастамасын осы күнге дейін тежеп келеді. Бұл күшке жаңа негізде құрылған, өзінің өндірістік мүдделерінің тар шеңберінде емес, бүкіл мемлекет мүдделерінің шеңберінде құрылған жұмысшы ұйымдарының күші ғана қарсы тұра алады. Егер бүкіл жұмысшы табы, өзінің кәсіптеріне қарамастан, біртұтас еңбек армиясын құрып, үстем тап болып біріге алатын болса ғана, тек сонда ғана ол бүкіл дүние жүзінің құрметіне ие болады.

Енді, пролетариаттың күшімен Колчак пеп Деникиннің талқандалғандығына көзі жеткеннен кейін, шаруалар жақсы қожайынның әлуетті қолын сезді. Бірақ ол капитализмді қалпына келтіру әрекетінің қандайына болса да мүмкіндік қалмаған кезде ғана сол қожайынға біржолата сенетін болады. Сонда ғана шаруа пролетариат елінде кулактар мен паразиттерге орын жоқ екендігін түсінеді. Бірақ пролетариат өзінің ұлы міндетін атқарып шыға алатындығына шаруа әзірге әлі толық сеніп отырған жоқ.

Соңғы екі жылдағы адам айтқысыз құрбандықтар, Қызыл Армияның алдыңғы сапында болған Россия пролетариаты саналы түрде жасаған құрбандықтар, әлі де біткеп жоқ. Алдымызда жаңа құрбандықтар, Қызыл майданда жеткен жеңістеріміз неғұрлым коп болған сайын, соғұрлым қиын жаңа міндеттер түр. Сибирь мен Украинаның байтақ өңірлері қайтарып алынды; онда революцияның жеңісін қандай жағдайда да қолдан бермейтіндігін іс жүзінде дәлелдеген Москва, Питер және Иваново-Вознесенск пролетариаты сияқты пролетариат жоқ. Саналы жұмысшылар мемлекеттік өкіметтің барлық буындарына ене алатындай ету керек, шаруалармен жақындаса алатындай, оларды помещиктердің езгісін лақтырып тастап, капиталистерсіз мемлекет құрып жатқан таптың мүдделері үшін ұйымдастыра алатындай ету керек. Жанкештілік қажет, темірдей берік тәртіп қажет. Бүкіл пролетариат, бәрі бір кісідей жұмылып, өзінің қан майданда көрсеткен адам айтқысыз кереметтері сияқты кереметтерді еңбек майданында да көрсетуі қажет. Алғашқы кезде талайлар революция ісінен үміт күтуге болмайды деп есептеді. Армияның толық ыдырауы, майданнан жаппай қашу, снарядтардың тапшылығы,— міне Керенскийден бізге мұра болып қалған нәрселер осылар еді. Россия пролетариаты біртұтас, табанды Қызыл Армияны құрып, бытыранды күштерді біріктіре, топтастыра білді. Қызыл Армия бүкіл дүние жүзінің капиталистерінен жәрдем алған капиталистердің тегеурінін талқандап, небір кереметтер көрсетті. Еңбек майданының міндеттері одан да гөрі өлшеусіз қиын. Ал егер Қызыл Армия үшін тек еркек-

тер ғана керек болған болса, қазір еңбек майданына еліміздің барлық еңбекке жарамды күштері — еркектер де, әйелдер де, тіпті жасөспірімдер де — жұмылдырылуға тиіс. Темірдей берік тәртіп керек —біздерде, орыстарда, осы жағы осал. Қажырлылық, ұстамдылық, табандылық, бірауыздылық көрсету керек. Еш нәрседен тайынбау керек. Бәрі де, барлығы да жұмысшы-шаруа өкіметі мен коммунизмді қорғап қалу үшін жұмылдырылсын.

Соғыс біткен жоқ, ол қан төгілмейтін майданда жүріп жатыр. Бұл арада жаулар бізден әлі де күштірек, мұны мойындау керек. Өз өнімін еркін рынокта сататын ұсақ қожайынсымақтарға дүние жүзілік капитал көмекке келіп отыр, ол бір қолымен сауда қатынасын қалпына келтіруге әзірлікті әкеле жатыр, ал екінші қолымен пролетариат пен Советтік Россияны тұншықтыруға әзір тұр.

Бүкіл 4 миллиондық пролетариат бұқарасы соғыстағыдан кем емес жаңа құрбандықтарға, жаңа мұқтаждықтар мен күйзелістерге әзір болсын. Тек сонда ғана жауды біржолата талқандаймыз деп сенуге болады. Әлі де аңысын аңдап, ауытқып отырған шаруа сонда ғана пролетариаттың күшіне біржолата сенетін болады. Помещиктерді, Деникинді, Колчакты шаруа әлі ұмытқан жоқ, бірақ ол еріншектікті, жалқаулықты көріп, былай дейді: «Мұның өзі, бәлкім, жақсы да нәрсе болар, бірақ бізге қайдан болсын!»

Шаруаларды одан басқа бірдеңені көретіндей ету керек. Жұмысшы табы Қызыл Армияны ұйымдастырғаны сияқты, өндірісті де ұйымдастыратын болсын. Елді өзі басқарып отырғанын әрбір жұмысшы санамен түсінетін болсын. Біз неғұрлым аз болсақ, бізден соғұрлым көп нәрсе талап етіледі. Россия ортақ іс үшін — еңбекшілерді азат ету үшін бәрін де құрбан етуді ерлікпен түсінген орасан зор еңбек армиясына айналатын болсын.

Жұртқа мәлім, тоқыма өнеркәсібі орасан зор күйзелісті бастан кешіріп отыр, себебі — шетелден әкелінетін мақта енді жоқ, өйткені Батыс Европада да шикізаттың тапшылығы қатты сезіліп отыр. Бірден-бір шикізат көзі — ақ гвардияшылардан тек жақында ғана босатылған Түркістан, бірақ онда транспорт жолға қойылмаған.

Қазіргі кезеңде мұнан құтылу жолдарының бірі — дереу шымтезек өндіру және дайындау; мұның өзі барлық электр станцияларын толық іске қосуға және Орталық Россиядан қашық жатқан көмірлі аудандарға толық тәуелділіктен босануға мүмкіндік береді.

Қазіргі күйзеліс тұсында ағаш отынға сенуге болмайды. Шымтезек алынатын жерлер көбінесе тоқыма аудандарында жатыр. Сондықтан тоқыма пролетариатының ең басты міндеттерінің бірі — шымтезек өндірісін ұйымдастыру. Бұл жұмыс өте-мөте ауыр екенін мен жақсы білемін, аяқ киім мен тұрғын үй жоқта тізеңнен суда жүруге тура келеді — бұл орасан зор қиындық. Бірақ Қызыл Армияда қажетті нәрсенің бәрі болып па еді?! Ағылшындардың танктерін тартып ала отырып, белуардан су кешіп екі ай бойы алға ұмтылған қызыл әскерлер қаншама құрбандықтарға, қаншама тауқыметтерге төзді десеңізші. Капиталистер жұмысшылар жүдеп-жадаған, ашыққан, сондықтан олар төтеп бере алмайды деп үміттенеді. Капиталистер жұмысшылардың өкіметін аңдып отыр, ал олардың бүкіл үміті пролетариат біртұтас еңбек майданын құру жөніндегі өз міндетін атқара алмай, өкіметті капиталистерге қайтарып береді дегенге келіп саяды.

Мен алдымызда тұрған жұмыс жеңіл деп тіпті де ойламаймын, бірақ барлық қиыншылық жеңілуге тиіс және жеңіледі де. Әрбір жұмысшы еңбекті ұйымдастыруға көмектесетін болсын, шаруалар оны ұйымдастырушы деп білетін болсын, еңбекке жұмысшы-шаруа өкіметін сақтаудың бірден-бір құралы деп қарайтын болсын. Өздерінің фабрикада қала алмайтындығына Керенскийдің тұсында-ақ көздері жеткен фабриканттар өндірісті бүлдірді, қалай да өнеркәсіпті жұмысшылардың қолына бермеу үшін басқа елдердің капиталистерімен орыс өнеркәсібін құрту жөнінде шарттар жасасты, пролетариатты азамат соғысында титықтатты.

Жұмысшы табының алдында нағыз ұлы сынақ тұр, өйткені әрбір жұмысшы, әрбір жұмысшы әйел қызыл әскерлердің майданда жасаған кереметтерінен де гөрі зор кереметтер жасауы керек. Еңбек майданындағы жеңіс, күнделікті, әншейінгі жағдайдағы жанкештілік —

өлшеусіз қиын іс, бірақ өмірді құрбан етуден гөрі жүз есе бағалырақ.

Ескі томаға-тұйықтық жойылсын! Өзін Еңбек қызыл армиясының мүшесі ретінде көрсете білген жұмысшы ғана кәсіптік одақтың мүшесі болуға лайықты. Жүздеген қателер жіберілсе де, мыңдаған жеңілістер болса да мейлі, біз олардан қорықпаймыз. Өзімізге: біз табанды пролетарлық тегеуірінмен ғана жеңіске жетеміз деуіміз керек.

Пролетариат жұмысшы-шаруа өкіметін екі жыл бойы қорғап келеді. Бүкіл дүние жүзінде әлеуметтік революция пісіп жетілуде. Біздің бәріміз өзімізге жүктелген міндетті орындайтындай дәрежеде екенімізді дәлелдеу үшін біз, қандай ауыр жағдай болса да, өзімізде бүкіл пролетарлық энтузиазмды бүкіл күш-жігерімізбен және сенімімізбен сақтауға тиіспіз, империалистерге және олардың нтарішыларына қарсы күресте Қызыл Армия қан майданда қандай кереметтерге жеткен болса, бейбіт еңбек майданында да сондай кереметтерге жетуіміз керек! (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Қысқаша газет есебі 1920 ж. 20 апрельде «Праваданың» 83-номерінде басылған

1920 ж. мына кітапта толық басылған: «Тоқымашылар одағы Бүкіл россиялық 3-съезінің протоколдары». Москва

Кітаптың стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ РКП(б) МОСКВА КОМИТЕТІ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН ЖИНАЛЫСТА 1920 ж. 23 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[126]

(Ду қол шапалақтау.) Жолдастар! Мен ең алдымен, әрине, сіздерге екі нәрсе үшін алғыс айтуға тиіспін: біріншіден, бүгін менің атыма жолданған құттықтаулар үшін, ал екіншіден, мені юбилейлік сөздерді тыңдаудан құтқарғандарыңыз үшін бәрінен де көп алғыс айтуға тиіспін. (Қол шапалақтау.) Менің ойымша, біз, мүмкін, осылай бірте-бірте, әрине, бірден емес, юбилей үшін осы уақытқа дейін қолданылып келген және кейде ғажап жақсы карикатуралар салуға себепші болған әдістен де гөрі анағұрлым лайықты әдіс жасармыз. Аса көрнекті суретші салған және осы тәрізді юбилейге арналған карикатуралардың бірі міне мынау. Мен мұны бүгін өте-мөте достық ниетпен жазылған хатпен бірге алдым; жолдастар мені юбилейлік сөздерден құтқарып, соншалық мейірімділік жасағандықтан, мен бұл карикатураны бұдан былай да бізді, тегінде, осы тәрізді юбилейлік мейрамдардан құтқару үшін жұрттың назарына ұсынып отырмын[127].

Одан соң большевиктік партияның қазіргі кездегі жағдайы жөнінде бірер сөз айтпақшымын. Мені бұл ойға келтірген — бір жазушының бұдан 18 жыл бұрын, 1902 ж. жазған сөздері. Ол жазушы — Карл Каутский; қазіргі уақытта біз одан мейлінше шұғыл ажырасуға және онымен күресуге тиіс болдық, бірақ ол бұрын неміс оппортунизміне қарсы күресте пролетариат партиясы көсемдерінің бірі болды, бір кезде біз онымен істес те болдық. Ол кезде большевиктер болған жоқ-ты, бірақ

онымен істес болған болашақ большевиктердің бәрі оны жоғары бағалады. Сол кезде, 1902 ж., ол жазушы міне былай деп жазды:

«Ал қазіргі уақытта» (1848 жылға қарама-қарсы алғанда) «славяндар революцияшыл халықтардың қатарына қосылып қана қойған жоқ, сонымен қатар революциялық ой мен революциялық істің дені де бірден-бірге славяндарға ауып барады деп ойлауға болады. Революцияның орталығы батыстан шығысқа ауып барады. XIX ғасырдың алғашқы жартысында революцияның орталығы Францияда, кейде Англияда болды. 1848 жылы Германия да революцияшыл ұлттардың қатарына енді... Жаңа ғасыр мынадай ойға жетелейтін оқиғалардан басталып отыр: біз революция орталығының бұдан былай да орын ауыстыруына қарай, атап айтқанда оның *Россияға* ауыуына қарай беттеп келе жатырмыз... Батыстан соншалық көп революциялық инициативаны қабылдаған Россия енді, өзі сол Батыс үшін революциялық күш-жігердің қайнар көзі болуға дайын шығар. Өршіп келе жатқан орыс революциялық қозғалысы, біздің қатарымызға тарай бастаған бөлбыр филистерлік пен шолақ саясатқұмарлықтың рухын жою үшін, мүмкін, ең күшті құрал болып шығар және күресті көксеушілікті, біздің ұлы мұраттарымызға барынша берілушілікті жаңадан жарқын жалынмен лаулатар. Россия Батыс Европа үшін реакция мен абсолютизмнің жай тірегі болудан қалғалы қашан. Істің жайы қазір, бәлкім, нақ керісінше болар. Батыс Европа Россиядағы реакция мен абсолютизмнің тірегіне айналып келеді... Егер патшаның одақтасы — европалық капиталға да қарсы күресуге тура келмесе, орыс революционерлері патшаны, мүмкін, әлдеқашан бір жайлы қылған болар еді. Бұл жолы олар екі жауының екеуін де бір жайлы қыла алады және жаңа «қасиетті одақ» өзінен бұрынғылардан гөрі тезірек күйрейді, деп сене аламыз. Бірақ Россиядағы қазіргі күрес қалай аяқталса да, осы күрес туғызатын, өкінішімізге қарай, тым көп мөлшерде туғызатын, азап шегушілердің қаны мен бақыты зая кетпейді. Олар бүкіл цивилизациялы дүниеде әлеуметтік төңкерістің өркенін жаяды, оны қаулатып жылдам өсіреді. 1848 жылы славяндар халық көктемінің гүлін үсіткен ызғарлы аяз болып еді. Реакцияның сеңін қирататын, сөйтіп халықтарға жаңа, бақытты көктемді кідіріссіз әкелетін дауыл болу енді, мүмкін, славяндардың үлесіне тиген болар». *(К. Каутский.* «Славяндар және революция». «Искра», 1902 ж., 10 марттағы 18-номер.)

Біздің енді одан үзілді-кесілді ажырасуымызға тура келіп отырған аса көрнекті социалист бұдан 18 жыл бұрын Россиядағы революциялық қозғалыс туралы міне осылай деп жазды. Бұл сөздер мені мынадай ойға қалдырады: біздің партиямыз қазір, бәлкім, аса қауіпті жағдайға,— атап айтқанда, дандайсыған адамның жағ-

дайына түсіп кетуі мүмкін. Бұл жағдай — тым-ақ сорақы, масқара және күлкілі жағдай. Жұртқа мәлім, саяси партиялардың сәтсіздіктерге ұшырап, құлдырауына өте көп ретте ол партиялардың дандайсуына мүмкіндік берген жағдай себепші болды. Шынында, орыс революциясынан күтілген үміттер, әлгінде мен өзіміздің қазіргі оң қас жауымыздың сөздерімен келтірген үміттер — орасан зор үміттер. Біздің осыған дейінгі тамаша табыстарымыз бен тамаша жеңістеріміз басты қиындықтарды біз әлі жеңбеген жағдайларда жасалды емес пе. Олар мынадай жағдайларда жасалды: бізге соғыс міндеттері, өршеленіп тұрған, өте күшті реакциямен — помещиктік, патшалық, генералдық реакциямен күресу міндеттері жүктелді; сөйтіп социалистік төңкерістің мәні болып табылатын міндеттер ұсақ буржуазиялық стихияның, бытырандылықтың, шашырандылықтың, ягни капитализмге қарай кейін сүйрейтін нәрсенің бәрінің күн сайын кездесетіп дағдылы көрінісіне қарсы күрес ұйымдастырудың міндеттері арқылы бізден алыстатылды. Ол міндеттер бізден экономикалық мағынада да, саяси мағынада да алыстатылды: оларға ойдағыдай кірісуге бізде мүмкіндік болмады. Сондықтан жоғарыда келтірілген сөздер ойға түсірген қауіпті барлық большевиктер жеке-жеке де, тұтас саяси партия ретінде де қатты ескеруге тиіс. Біз мынаны түсінуге тиіспіз: партиямыздың соңғы съезінің шешімдері қайткен күнде де жүзеге асырылуы керек, ал бұл — біздің алдымызда орасан зор жұмыс тұр және осы уақытқа дейінгіден де гөрі көп еңбек сіңіруіміз керек деген сөз.

Біз өзіміздің партиямызды дандайсыған партияның жағдайына қалай да түсірмеуіміз керек деген тілекпен сөзімді аяқтауыма рұқсат етіңіздер. (Қол шапалақтау.)

Қысқаша газет есебі 1920 ж.
24 апрельде «Правданың»
87-номерінде және
«Известия ВЦИК» газетінің
87-номерінде басылған

1920 ж. мына кітапшада
толық басылған: «Владимир
Ильич Ульянов-Лениннің
50 жылдығы (1870—23 апрель —
1920)». Москва

Кітапшаның стенограммамен
салыстырылған тексті
бойынша басылып отыр

ЕҢБЕК АЗЫҚ-ТҮЛІК ПАЕГІ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР[128]

1

1) Аты өзгертілсін.

2) Жалпы азаматтық норма жойылсын.

3) Паектің негізі етіп *еңбек паегі,* яғни *жұмыс істелген күндерге берілетін* паек алынсын.

4) Еңбек паегі еңбектің жеңілдігіне немесе ауырлығына қарай категорияларға бөлінсін.

5) 1-категория: ой еңбегі мен кеңсе еңбегі

6) 2- » дене еңбегі

7) 3- » ерекше ауыр еңбек, т. б.

8) «Екпінді топтар» (яғни өндіріс үшін ерекше маңызды мамандықтар мен кәсіпорындар) Халық Комиссарлары Советі мен Қорғаныс Советінің қаулысы бойынша (кейде, ерекше ережелер бойынша) 2, 3-категорияларға көшіріледі, т. т.

9) Жұмыс істемейтіндер, жұмыссыздар үшін, содан соң саудагерлер, т. с. үшін ерекше төмен норма белгіленеді. *Ерекшелік жасалады.*

10) Балалар мен аурулар үшін айрықша ерекшеліктер жасалсын.

2

Атының жобасы:

«Бүкіл азық-түлік системасының негізі ретінде азық-түлік паектерін барынша біркелкі ету туралы және еңбек паегі туралы декрет».

Бұрын «жалпы азаматтық норма» деп аталған нәрсе былай деп *аталатын болсын:*

«жұмыссыздар мен ұсақ меншікшілердің нормасы» немесе: өз кәсіптері бар азаматтардың, жұмыс істемейтіндердің, т. б. (немесе: «ұсақ қожайындардың»), «совет кәсіпорындары мен мекемелерінде жұмыс істемейтіндердің» нормасы.

Пайда: (1) астаналарда және егіншілікпен айналыспайтын, фабрикалық қалалардың бәрінде жұмыс орасан жеңілдейді (өйткені бұларда *бұқара* совет кәсіпорындарында немесе совет мекемелерінде жұмыс істейді).

(2) *Өнеркәсіпті емес* қалаларда совет кәсіпорындары мен совет мекемелерінде жұмыс істемейтін халықты *айқын* боліп шығарамыз, *ал бұл халықты аз-аздап паектен алу керек* (не өз бақшаңды күтіп-бақ, не совет кәсіпорындарына немесе совет мекемелеріне жұмыс істеуге бар).

Кімде-кім совет кәсіпорындарында, не совет мекемелерінде жұмыс істемесе, біз оларды асырап ***отырмаймыз.***

Қандай система жағдайында *карточкалардың азырақ* болатынын және бүкіл системаның оңайырақ болатынын есептеп шығару керек.

27/IV. 1920. *Ленин*

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ШЫНЫ-ФАРФОР ӨНДІРІСІ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІНДЕ 1920 ж. 29 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[129]

Кешегі күн бізге екі жаңалық әкелді: мұның біріншісі аса күйінішті — бұл Польша үкіметінің басшысы Пилсудскийдің үндеуі туралы хабар. Бұл үндеудің текстін мен әлі көргенім жоқ, бұл туралы маған телефон арқылы ғана хабарлады, бірақ күмәнсыз бір нәрсе сол — мұның өзі Польшаның Украинаға соғыс жариялауымен барабар. Польшаның үкімет сферасында Франция империалистерінің ықпалы үстем болып шыққаны анық. Польша үкіметі бізбен бітім жасасу туралы келіс сөздердің төңірегінде амалдай тұру жөніндегі өзінің соңғы саясатын тастап, апағұрлым кең майданда соғыс қимылдарын ашуды ұйғарды. Польша қазірдің өзінде Житомирді алып, Киевке қарай келе жатыр. Мұның өзі бізден пролетариат мүдделерін барынша батыл және дереу қорғауды талап етеді. Бұл мүдделерді қорғай алатындығымызға біз күмәнданбаймыз, Антанта империалистерінің Советтік Россияны тұншықтырмақ болған осы жаңа әрекетінің де Деникин мен Колчак авантюрасының күйрегені сияқты күйрейтіндігіне біз күмәнданбаймыз. Польша соғыс жәрдемін түгел Франциядан, Англиядан және бүкіл Антантадан алып отырғандығы анық. Бұл тұрғыдан алып қарағанда аса сипатты бір нәрсе сол — Қырым туралы бізбен жүргізген келіс сөздерінің соңғы кезеңінде ағылшын үкіметі өзінің бастапқы дұрыс райлы көзқарасын едәуір өзгертіп жіберді. Теңізге тықсырылған Деникин әскерлеріне адамгершілік көрсету туралы Англияның ұсынысына біз

өзіміздің берген жауабымызда: егер Антанта өз тарапынан жеңіліс тапқан венгр коммунистерін Советтік Россияға өткізіп жіберіп, бұлар жөнінде адамгершілік көрсететін болса, онда біз Қырым ақ гвардияшыларын тірі қалдыруға әзірміз деген болатынбыз. Бізге Қырымдағы бұл ақ гвардияшылардың қаны қажет емес, бізде кекшілдік сезім деген жоқ. Бірақ ағылшын үкіметі тарапынан біз өз нотамызға жауап алған жоқпыз, ағылшын үкіметі, сірә, Польшаның шабуылына байланысты, бұл жауап жөнінде асықпай отырған болуы керек. Бірақ ағылшын жұмысшыларынан, тіпті ең оппортунистік пиғылдағыларынан да, интервенцияны жақтаушылар табылмайтындығына біз сенімдіміз.

Бізде мынадай мәлімет бар: тіпті Польшаның өзінде де, Польшада коммунистерді қудалаған поляк социалистік партиясы[130] өзінің баспасөз органында келіс сөздерді Борисовода жүргізу керек деп, Польша тарапынан үзілді-кесілді талап қою арқылы Советтік Россиямен бітім келіс сөздерін бұзуға болмайды деп мәлімдеп отыр. Бұл газет Польша үкіметі тарапынан болған осы әрекетті қылмыс деп санауда. Поляктар бізге соғыс қимылдарын тоқтатпай-ақ, бітім келіс сөздерін Борисовода жүргізу жөнінде ұсыныс жасаған еді, бұлай болған күнде келіс сөздерді нақ осы пунктте жүргізу бізді келіс сөздер кезінде соғыс қимылдарын жүргізу мүмкіндігінен айырған болар еді, ал бұл жағынан алып қарағанда Польшаға толық еркіндік берген болар еді. Әрине, біз бітім келіс сөздерін мұндай жағдайларда жүргізе алмадық та, осы келіс сөздер жүргізілетін орынды, Польшамен өзара келісіп, Парижге, Ревельге, Варшаваға, Москваға немесе басқа бір қалаға ауыстыруды ұсындық. Бұл ұсынысқа жауап Польша әскерлерінің бүкіл майдан бойынша кең шабуылға шығуы болды. Польша үкіметі бұл шабуылды соғысты өз жұмысшыларының еркіне қарсы бастағандығына біздің күмәнымыз жоқ. Міне сондықтан да біз осы жаңа авантюраға мейлінше сабырлылықпен қараймыз; бұл соғыста жеңіп шығатынымызды біз білеміз, бірақ, жолдастар, қандай соғыстың болса да орасан зор қиыншылықтарсыз болмайтынын сіздер білесіздер, бұл қиыншылықтарды жеңу үшін біз жұмысшылар бұқара-

сынан талай рет көмек сұрадық. Польшамен соғысуға бізді еріксіз мәжбүр етіп отыр, Литва мен Белоруссияның тәуелсіздігіне қарсы біздің титтей де жаман ойымыздың болмағаны сияқты, Польшаның тәуелсіздігіне қарсы да біздің титтей жаман ойымыз жоқ, бірақ біздің барынша икемділік көрсеткенімізге қарамастан, бізге соғысты қалай болғанда да еріксіз әкеп таңды, ал олай болса, біз өзімізді де, Украинаны да поляк империалистерінің тегеурінінен қорғап қалу үшін бәріміз бір кісідей аттануға тиіспіз. (Қатты қол шапалақтау.) Бұл үшін біз тағы да біршама шұғыл өзгеріс жасауымыз керек. Біз бейбіт құрылысқа мүмкіндігіне қарай тезірек кірісуіміз келсе де және оны мүмкіндігіне қарай кеңірек өрістеткіміз келсе де, соғысты бізге еріксіз әкеп таңып отырғандықтан, өзіміздің барынша ойдағыдай және жедел нәтижелерге жетуіміз үшін біз бәрін де осы соғыстың мүдделеріне бағындыруымыз керек. Антантаның айдап салуымен Польшаның бізге қарсы неліктен соғыс ашып отырғандығын біз барлық жұмысшылар мен шаруаларға түсіндіруге тиіспіз. Мұның өзі Германия пролетариатын бізден бөлетін бөгетті көбейту үшін, арадағы шыңырауды тереңдету үшін істеліп отырғандығын түсіндіруге тиіспіз.

Екінші жағынан, күні кеше біз Бакуден хабар алдық, бұл хабар Советтік Россияның жағдайы жақсарып келе жатқандығын көрсетеді; біз өнеркәсібіміздің отынсыз қалғанын білеміз, енді міне Баку пролетариаты өкіметті өз қолына алды, Азербайжан үкіметін құлатты деген хабар алып отырмыз. Мұның өзі бізде енді бүкіл өнеркәсібімізді жандандыра алатын экономикалық база бар деген сөз. Бакуде миллион пұт мұнай бар, ол соңғы кезге дейін өтпей келген-ді, осының салдарынан тіпті мұнай өнеркәсіпшісі Нобель сол мұнайды Советтік Россияға жеткізу туралы бізбен келіс сөздер бастауға әрекеттенген де болатын. Сонымен, біздің транспортымыз бен өнеркәсібіміз Бакудің мұнай кәсіпшіліктерінен аса елеулі көмек алатын болады.

Бүгін Азық-түлік жөніндегі халық комиссары Цюрупа жолдас маған Кубань облысы мен Кавказда орасан мол астық қоры барын хабарлады, біз оны осында жет-

кіземіз деп айта аламыз. Демек, бізде өнеркәсіпке отын, адамдарға астық табылады. Транспортты қалпына келтіру ісіне барлық күшімізді саламыз да, біз астық пен мұнай жеткіземіз, мұның өзі жұмысшылар мен шаруалардың қарым-қатынасы үшін дұрыс экономикалық негіз болады. Біз былай дейміз: шаруа өзінің артық астығын жұмысшыларға беруі керек, өйткені қазіргі кездегі жағдайда бұл артық астықты сату қылмыс болар еді, сондықтан, біз өз өнеркәсібімізді қалпына келтірген бойда, шаруаларды қаланың дайын фабрикаттарымен қанағаттандыру үшін барлық күшімізді жұмсаймыз.

Сіздердің алдарыңызда республиканың қазіргі жалпы жағдайын, уақытымның жеткенінше осы бірнеше сөзбен суреттей келіп, мен сөзімді кәсіптік одақтарға ұйымдасқан, ал біз совет саясатын солар арқылы жүргізіп келеміз, төрт миллион жұмысшы шаруалардың қалың тобына сүйене отырып, бұрынғы кездегі сияқты қазір де, өздерінің кәсіптік өмірінің тар шеңберінде тұйықталмай, біздің Польшамен қарым-қатынасымыздың жаңа сатысында, бізге Кубань астығына да, Баку мұнайына да қазір жол ашылып отырғанда, жалпы пролетарлық істің бұдан былай да табысқа жетуіне және дамуына барынша көмек көрсетеді деген сенімімді білдірумен аяқтағым келеді. Тек жұмысшылардың саналылығы, олардың біріккендігі, кәсіподақтардың толық топтасқандығы ғана біздің Қызыл Армияға, өкіметті жұмысшылардың қолында сақтап қалу үшін, шаруаларды өз ішіндегі жанаярларды аластап тастауға үйрете отырып, бұлардың қатарына саналылықты жақсылап енгізушілер болған армиямызға тамаша жеңістер әперген күш болып табылатындығын біз білеміз. Польшамен соғыста және өнеркәсіпті қалпына келтіру ісінде осы саналылық, біріккендік және кәсіподақтардың толық топтасқандығы бізге қазір де керек. Өзімізге барлық өндірістерде қажет тәртіпті қазір де сақтай беру және күшейте түсу талап етіліп отыр. Егер сіздер, жұмысшылар, бүгінге дейін осы тәртіпті көрсетпеген болсаңыздар, онда біз де Венгрияның кебін киген болар едік, мұны саналы жұмысшылар біледі. Жолдастар осыны естерінде сақтасын және өздерінің жергілікті жерлерінде бәрін де бір

негізгі міндетке толық бағындыруға күш салсын: әркім өз қамын ойлайды, ал бір құдай баршаның қамын ойлайды деген осы бір қарғыс атқыр ұранды құрту керек, мүмкіндігіне қарай тезірек құрту керек. Пролетарлық еңбек тәртібін ең жоғары дәрежеге жеткізе күшейту керек, міне сонда біз жеңілмейтін боламыз. Совет республикасын лақтырып тастауға болмайтындығын және дүние жүзіндегі басқа да республикалардың бәрін өзімізге көмек көрсетуге тарта алатындығымызды біз дәлелдейміз. (Съездің барлық мүшелері бірдей Ленин жолдастың сөзіне ұзақ қол шапалақтады: «Біздің көсеміміз, Ленин жолдас жасасын!» деген дауыстар естіліп жатты.)

«Правда» № 92,
30 апрель, 1920 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

РЕКВИЗИЦИЯЛАУ ЖӘНЕ КОНФИСКЕЛЕУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТІҢ[131] ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕР

*Реквизициялау және конфискелеу туралы декрет**

Тексгегі ескертпелерді қараңыз.

... 9. Реквизицияланған және конфискеленген азық-түлік заттары мен басқа да көпшілік тұтынатын заттар РСФСР-дің меншігіне түседі және тартып алынғаннан кейін әрі кеткенде 3 күн ішінде азық-түлік органдары арқылы беріледі; мүліктер мен үй ішінде тұтынылатын заттар бөлу органдары арқылы, ақша мен бағалы заттар халықтық банктер арқылы, қару-жарақ әскери комиссариаттар арқылы, ауыл шаруашылық құралдары, құрал-саймандар, т. с. Егіншілік халық комиссариаты арқылы беріледі, т. с.

Қайда беріледі? Редакциялануы онша жақсы емес.

10. Тартып алуға жатпайтын заттар: Азық-түлік халық комиссариаты белгілеген нормалардан аспайтын мөлшерде # монополияланған және нормаланған азық-түлік заттары, нормаланбаған азық-түлік заттары — егер бұл өнімдер жалдаптық жасауға арналған деген шүбәсыз күдік тумайтын болса, олардың мөлшеріне байланысты емес.

Ал салым ше? Егер *артық өнім* салымға енбеген болса, ол тартып алуға жата ма?? Салым туралы *мәселені Азық-түлік халық комиссариатымен*

Ескерту: Азық-түлік халық комиссариаты аталған нормаларды 1920 жылғы 15 янн-

* Декреттің текстіндегі сөздердің астын сызған В. И. Ленин. *Ред.*

бірге жақсылап ойластыру керек.

варьдан кешіктірмей жариялауға міндеттелсін.

Бұл сөз дәл емес. Демек, тоғыздардың артық шалбары болса, оны тартып алу керек пе? Бұл — тым асыра сілтеушілік. Бұл арада бірдеңе дұрыс айтылмаған, тым жалпылама. Қалай болғанда да басқаша айту керек.

11. Көпшілік тұтынатын заттар, мәселен: тұтынылған киім, аяқ киім, мебель, ыдыс, т. с. реквизициялауға жатпайды; ал тұтынылмаған заттар, сондай-ақ оларды дайындауға қажет материалдар, егер тұтынылған, сондай-ақ тұтынылмаған заттардың мөлшері олардың жалдаптық жасау мақсатымен сақталғандығын көрсетпесе, семья мүшелерінің нақты мұқтаждығын қанағаттандыруға қажет болатын мөлшерде ғана қалдырылады.

Меніңше, бұл арада да шектеушіліктер: тіпті жергілікті өкіметтің емес, қайта *орталық өкіметтің* ерекше қаулылары керек. Әйтпесе 3000 < кітаптарды тартып алу мүмкін емес.

... 13. Кітаптарының саны 3000-нан немесе ноталарының саны 1000-нан аспайтын жеке адамдардың және қоғамдардың, сондай-ақ одан көп мөлшерде кітаптары мен ноталары бар, бірақ олар жөнінде Халық ағарту комиссариатының кітапхана бөлімінен сақтау грамоталарын алған адамдар мен қоғамдардың кітаптары мен ноталары тартып алуға жатпайды. Жоғарыда көрсетілген нормалардан артық кітаптар мен ноталарды тартып алу кезінде олардың иесіне өзінде қалдырылатын кітаптарды немесе ноталарды іріктеу правосы беріледі.

Бұл үшін заң бар ма екен? Демек, шаруаның (5×2000) 10 000 сомнан

14. Семьядағы әрбір адамға шаққанда сол жердегі жылдық ең кем тарифтік ставкадан аспайтын мөлшердегі қағаз ақшалар тартып алуға жатпайды. Осы нормадан

тыс қолда бар артық ақша конфискеленеді.

артық қағаз ақшасын *түгел* конфискелеу керек пе? *Мұны істеуге болмайды.*

15. Алтын және күміс бұйымдар, сондай-ақ бұйымдарға адам басына шаққанда әр текті заттардың бір түрінен аспайтын мөлшерде қондырылған асыл тастар тартып алуға жатпайды.

Бұл арада да шектеушіліктер керек.

Жүзік пе? шолпы ма?

... # 18. Жалдама еңбекті қолданбай, семьяның құрамына және шаруашылықтың жергілікті жағдайларына байланысты, шаруаның шаруашылықты жүргізуге қажет болатын шаруашылық және тұтыну заттары тартып алуға жатпайды. Атап айтқанда, жалғыз ат пен сиыр, ұсақ мал және үй құсы тартып алуға жатпайды.

NB

Ал 2-ші ат ше? 2-ші сиыр ше?

Бұлай істеуге болмайды. Бұл пунктте **анағұрлым** ***сақ*** болу керек.

Бұл жөнінде Азық-түлік комиссариатының және Әскери халық комиссариатының ережелері жоқ па екен?

Бұл, сірә, ең маңызды және ең қауіпті пункт. 2-ші ат пен 2-ші сиырды тартып алуға рұқсат етуге болмайды.

1919 ж. 16 декабрь мен 1920 ж. 24 январь аралығында жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

П. И. ПОПОВҚА ХАТ

(РСФСР ХАЛҚЫНЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ОКТЯБРЬ РЕВОЛЮЦИЯСЫНА ДЕЙІН ЖӘНЕ ОДАН КЕЙІН ТҰТЫНУЫ ТУРАЛЫ)[132]

1

Попов жолдас! Рақым етіңіз — егер бұл Сізге қиындық келтірмейтін болса — қоса жіберіліп отырған кестені өз пікіріңізбен бірге маған қайтарыңыз:

статистикалық ғылымның және оның Россия жөніндегі қазіргі деректерінің тұрғысынан қарағанда

(аа) осындай кестені жасауға бола ма әлде болмай ма (тым болмаса деректердің жеткіліксіздігі себепті)?

(бб) егер жасауға болатын болса, басты-басты түзетулер қандай болар еді?

(вв) осындай кестені жасауды сіздің мамандарыңыздың біреуі қолға алмас па екен (тіпті неғұрлым кең ауытқулармен «мынадан — мынаған дейін» болса да)?

Сіздің *Ленин*

2

РСФСР халқы = 50 миллион деп (дөңгелек есеп үшін, жеңілдік үшін, өте оңай есте сақтау үшін) ұйғаралық

Олар қалай тамақтанады? (қазір)	халықтың %-і	Олар соғысқа дейін (1914—1917 ж.ж. дейін) қалай тамақтанды? [айталық, орта есеппен соғысқа дейінгі 10, 15 жыл ішінде]
а) 10 млн. жұмысшы = норманың 50—60%-і	20%	норманың 70—80%-і
б) 20 млн. кедей шаруа = норманың 70—80%-і	40%	норманың 50—60%-і
в) 15 млн. орта шаруа = норманың 90—100%-і	30%	норманың 60—70 [немесе 90%-і?]
г) 4 млн. бай шаруа = норманың 120—150%-і	8%	норманың 100%-і [немесе 110—120%-і]
д) 1 млн. бұрынғы помещик, капиталист, жоғары қызметші, т. с. = норманың 60—70%-і	2%	норманың 150—200%-і
	100%	

Ғылым бойынша, бір адамға нан, ет, сүт, жұмыртқа және т. с. қанша керек болса, соны норма деп есептеу керек,

яғни норма калорияның саны емес, тағамның мөлшері мен сапасы.

Жұмысшылар деп өнеркәсіп жұмысшыларын айтамыз, ал жұмысшы емес қала халқы тиісті в мен г топтарына қосылып есептеледі.

Әлеуметтік типтер:

а) пролетарлық және жартылай пролетарлық қала халқы
б) село халқы жөнінде де — солай
в) орта шаруалар және жалпы алғанда соларға неғұрлым жақын ұсақ буржуазия жұртшылығы
г) бай шаруалар және қаланың орта буржуазиясы
д) жоғары таптар.

1919 ж. декабрьдің екінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ТРАНСПОРТ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Мәжіліс 2/II. 1920.[133]

(1) Маршруттың 50→100%-і.
(2) Қазан темір жолы.
(3) Самара — Златоуст — Челябинск
?
{ азық-түліктің *жеткізілуі* күшейтілсін.
(4) Челябинск ауданында азық-түліктің тиелуі күшейтілсін.
(5) Ең жауапты қызметкерлер жөндеу шеберханаларына (Петроград пен Москваның) жіберілсін.
(6) Сыйлыққа киім-кешек заттары берілсін.
(7) Батыс майдандағы жөндеу поездары.
+ (8) Аржановты жіберу.
+ (9) Темір жол бастықтарының әскери көмекшілері.
— (10) 1 темір жол армияға берілсін.
(11) Бүкіл россиялық төтенше комиссиядан қызметкерлер алынып, транспортқа берілсін.
(12) Жөндеу заводтары транспорт заводтарына теңестірілсін.
(13) Чусоның* Азық-түлік комиссариатына берілген запастары транспорт жұмысшыларына берілсін.

(14) КГС-тен** және Халық шаруашылығы жоғары советінің басқа бөлімдерінен, басқа ведомстволардан теміржолшы мамандар транспортқа алынсын.	мобилизация

* Қорғаныс Советінің армияны жабдықтау жөніндегі Төтенше уәкілі (Чусоснабарм). *Ред.*
** Мемлекеттік құрылыстар комитеті. *Ред.*

(15) Қар басқынымен күресу үшін әскери күштердің саны көбейтілсін (40 000).
(16) ad 5*+Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшелері.
(17) Жөндеу жөнінде сенбіліктер күшейтілсін.
(18) 30—50 шақырымға—соғыс жағдайы.
(19) Темір жол линиялары маңындағы болыстар қызметкерлермен күшейтілсін.
(20) Отын жөніндегі жұмыс ерекше күшейтілсін.
(21) Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросынан партияға нұсқау хат таратылып, көрсетілген бағыттағы жұмысты күшейту сұралсын.
(22) Азық-түлік пен отын тасымалдарын күшейту мақсатымен тасымал жоспарлары қайта қаралсын.
(23) Кейбір заводтар жабылып, жөндеуге көшірілсін.
(24) Күректер мен қолғаптар дайындау.
(25) Қар тазартқыштар және оларды бөлу.
(26) Темір жол қызметі агенттеріне нұсқау беру.

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ТРАНСПОРТ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫЛАРЫНА ҚОСЫМША

Барлық басшы совет қызметкерлерінің назарын осы шешімдерге айрықша аударамын. Транспорттың халі өте мүшкіл. Жағдайды түзеу үшін нағыз қаһармандық және революциялық шаралар керек.

Ленин

2/II. 1920.

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — 5-пунктке. *Ред.*

ПАРОВОЗ ЖӨНДЕУДЕ ІСТЕЙТІН ЖҰМЫСШЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖЕҢІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[134]

1) Жөндегені үшін сыйлыққа ұсынылатын маршруттар туралы жариялансын.

2) Маршруттарға арнайы жөндеу жұмысы жүргізілмей, оларды жөндеу жөніндегі ең қажетті жұмыстар жүргізілетіндей етіп, маршруттар бойынша сыйлық беру жоспарын жасау Қатынас жолдары халық комиссариатына тапсырылсын.

3) Маршруттар үшін жүргізілген жөндеу туралы барлық мәліметтер Орталық Статистика Басқармасына тексеріп өңдеуге беру арқылы жинақталсын және толықтырылсын.

4) Жөндеу жұмысына ең жақсы шеберханаларды тәуліктегі 24 сағат бойына толық пайдалану туралы мәселені кәсіптік одақтардың Москва, Петроград, Иваново және Тверь советтеріне талдап беру ВЦСПС-ке тапсырылсын[135].

1920 ж. 5 февральда жазылған

Бірінші рет 1933 ж. Лениннің XXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ФРАНЦУЗ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР[136]

1 2 «motions»* (I—13 §§=абзацтар; II—23 §§=абзацтар)

(1) II Интернационалды соғыс «тәрбие» жұмысынан жұлып алды, «айырып тастады».

[? тек осы ғана ма? Бұлай емес]

(2) Оны соғыс «бөлшектеп жіберді» (déchirée), оның «бір бөлігі» өкіметті буржуазиямен бөлісті.

((Қандай? Қашан?))

(3) II Интернационал «*революциялық жағдайға* сәйкес келмейді»...

ΣΣ** =8+9+8 = 25 жолы *су*, мылжыңдау, бұлтару. Наразы, «бірақ»... «restés fidèles»*** элементтер бар (§ 11) II

Былай деу керек еді: II Интернационал социализмге опасыздық жасады, буржуазияның одақтасы болды: ол 1914—1918 жж. соғыста «отан қорғауды» ақтады, ал бұл соғыс *екі* жақтан да жыртқыштық, тонаушылық, реакциялық, империалистік соғыс болған еді.

* — «сөйлем». *Ред.*
** — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*
*** — «адал күйінде қалған». *Ред.*

(4) III Интернационал «se réclame» du programme intégral*... оған пәленшелер мен түгеншелер қосылды

|*әркім-ақ* se réclame. Ал *іс жүзінде ше?*|

(5) II Интернационалдан Швейцария, Құрама Штаттар және герман тәуелсіздері шықты.

$\Sigma\Sigma = 14 + 12 = 26$ Zeilen** су

Мұндай соғыста отан қорғау, яғни тонаушы буржуазияны қорғау емес, қайта оны революциялық жолмен құлату керек. Бұған жеткізетін жол — пролетариат диктатурасы, Советтер өкіметі. III Интернационалдың негізі міне осы.

(6) Француз социалистік партиясы, «sont restés dignes» (??)*** тәуелсіздердің шешімін «ескере отырып», «өзінің қала алмайтындығын» (бірақ шықпайтындығын?) атап көрсетеді. ...Complices du Kaiser ((міне қалай! а complices de Poincaré? de Clémenceau? de Lloyd George? de Wilson?))****.

Былай деу керек еді: шығады (әлде шықпай ма?). Осылай ма әлде осылай емес пе?

{ 12 Zeilen екіұштылық! }

---

* — сындарлы программаға «сүйенеді». *Ред.*

** — жолы. *Ред.*

*** «лайықты болып қалған» (??). *Ред.*

**** —...Кайзердің сыбайластары ((міне қалай! ал Пуанкаренің сыбайластары ше? Клемансонікі ше? Ллойд Джорджікі ше? Вильсондікі ше?)). *Ред.*

(7) Regroupement* (қандай? à la министрліктерді ойыншық ету?) «principes traditionnels du socialisme international»**.	{+12 Zeilen су} {Дəл емес}	«Le traditionnel» неліктен күйреуге басталды? Көсемдер жəне жұмысшылардың жоғарғы тобы. Империалистік үстеме пайдаға қатысу. Оппортунизм, буржуазиямен жасалған блоктар. Революциялық насихатты, үгітті жүргізе білмеу жəне оларды жүргізгісі келмеу, жария жəне құпия ұйымдар.
(8) Орыс революциясы туралы бəрін дəл білуге болмайды... *Бірақ* III Интернационалдың принципті мəлімдемелерінің бірде-бірі социализмнің негізгі принциптеріне қайшы келмейді.	(19 Zeilen, олардың *8-і* дəл, пролетариат диктатурасын *жақтайды* жəне Советтерді жақтайды.)	Сонымен, 8 жол түсінікті, ΣΣΣ = ден = = *94*, яғни, < 10%!! Осы 8 жолды қалдырып, басқасын лақтырған жөн болмас па еді?
Пролетариат диктатурасы — қандай болсын революциялық концепцияның негізі. *Советтерді құру* — ең пəрменді құралдардың бірі.	‖ 7 жол 94 жолдан тəуір ‖	Пролетариат диктатурасын жақтайды! Жұмысшылардың жəне жалдама еңбекті қолданбайтын, өзгенің еңбегін қанамайтын ұсақ шаруалардың Советтерін жақтайды! Бур-

* — Қайта топтау. *Ред.*

** — «халықаралық социализмнің дəстүрлі принциптері». *Ред.*

		жуазиялық парламенттер жойылсын, Советтер жасасын! Бүкіл жұмысты тек осы рухта жүргізген адам ғана — социалист.
(9) Бірақ... өмір сүріп отырған жұмысшы организмдерімен, кәсіподақтармен және кооперативтермен ғана санасып... сондықтан да III Интернационалмен «délibérations en commun»*.	{14 Zeilen екіұштылық}	Олардың ішінде атап айтқанда оппортунист көсемдерді аяусыз қуып, коммунистік ұялар мен коммунистік фракциялар құрып, коммунизмді тыңбастан насихаттау рухында жұмыс істеу—міндет.
(10) Буржуазиямен сыбайлас болуды және әсіресе министериализмді айыптау керек.	(8 Zeilen)	Аа. «condamnation» du *social-chauvinisme*** жоқ.
(11) Француз социалистік партиясы Германия тәуелсіз партиясының ұсынысына қосылады және «II Интернационалдың таптар күресінің принци-	{9 Zeilen екіұштылық}	? Осылай ма әлде осылай емес пе?

* — «бірлесіп талқылау керек». *Ред.*
** — социал-шовинизмді «айыптау». *Ред.*

ліне адал элементтерін» (??) және III Интернационалға кіретін партияларды қосу үшін жұмыс істеуді қалайды.		
(12) «Белсене тілектестік білдіріп»... (Тілектестік азырақ, іс көбірек болсын!), Англияның, Американың *пролетарларымен* «solidaire» (étroitement)* болып қалу керек.	8 Zeilen екіұштылық	Қай бағыттікі? социал-шовинистік және оппортунистік бағыттікі ме немесе революциялық бағыттікі ме? (α) жікке бөліну туралы үндемеу керек!! (β) революцияны күту керек.
(13) III Интернационалмен келіс сөздер жүргізу үшін «социализмнің дәстүрлі принциптеріне» сүйенген партиялар делегаттарының «алдын ала конференциясын» шақыру керек.	10 Zeilen қайталау және екіұштылық.	

$$\text{Жиыны} + \begin{array}{r}94\\49\end{array}$$

Zeilen 143

---

* — «ынтымақтас» (тығыз). *Ред.*

{ бұлардың 8-і айқын, }
{ дәл, іскер, мәнді. }
{ Қалғаны—бұлтару. }

1920 ж. 8 және 14 февраль аралығында жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҚОСЫМШАЛАР

МОСКВА СОВЕТІ МҮШЕСІНІҢ ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ*

Билет №—1 Күні, айы, жылы {кірген уақыты Февраль, 1920 ж. шыққан уақыты ....

Фамилиясы, аты, әкесінің аты Ленин (Ульянов) Владимир Ильич

Адресі ....Кремль телеф. ....5—06, қосымша 5

Делегат болып сайланған жері .... № 3 Мемлекеттік ф-ка бұрынғы А. Сиу мен К° Петроград тас жолы, 13.

Ауданы ....Пресня

Сайлаушылар саны: еркектер — әйелдер — жасөспірімдер — барлығы ....

Жасы ....50-де. Семья жағдайы ....Үйленген ұлты ....орыс білімі ....жоғары

Кәсібі .....Әдебиетші Қызметі..... Халық Ком. Сов. Председателі

Қатысуы: кәсіптік одаққа .... кооперативтік ұйымға ....

Партиялылығы ....Коммунист

Саяси стажы	Партияға кірген уақыты	Саяси істер жөнінде неше рет жауапқа тартылды	Қанша уақыт қамауда болды			Эмиграцияда болды ма, қанша уақыт	Ескерту
			Түрмеде	Айдауда	каторгада		
	1893 (партияға дейін) 1898—партия құрылған жыл	3 1) 1887 2) 1895 3) 1900	14 ай +бірнеше күн	3 жыл	Болғаным жоқ	1900—1905 және 1908—1917	

Қолы ....*В. Ульянов (Ленин)*

1920 ж. 16 және 19 февраль аралығында толтырылған
Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

В. И. Ленин толтырған бланк бойынша басылып отыр

* Карточканың жоғарғы жағындағы жауаптар машинкаға басылған; «Саяси стажы» деген графадағы жауаптарды В. И. Ленин толтырған. *Ред.*

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(16 декабрь, 1919 — 30 апрель, 1920)

1919 ж.

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ САНИТАРЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ М. С. КЕДРОВҚА ТЕЛЕГРАММА

Қорғаныс Советінің Омск темір жол басқармасы үйінің бір бөлегін сүзекпен ауырғандарға лазарет етіп беру туралы 1919 жылғы 24 декабрьдегі қаулысын хабарлаған В. И. Лениннің бұл телеграммасы туралы М. С. Кедровтың «Ильич туралы қызыл дәптерден» деген естеліктерінде айтылады (қараңыз: «Пролетарская Революция», 1927, № 1, 63—64-беттер).

А. И. РЫКОВҚА ХАТ

Халық Комиссарлары Советінің шығыс қағаздары журналында 1919 жылы 26 декабрьде 6378 шығыс номерінде «Лениннің Рыковқа хаты» деп жазылған (Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві).

1920 ж.

А. А. ИОФФЕГЕ ХАТ

В. И. Лениннің бұл хаты туралы А. А. Иоффенің 1920 жылғы 26 январьдағы хатында айтылады (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

ФРАНЦУЗ СОЦИАЛИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ СТРАСБУРГ КОНГРЕСІНЕ АРНАП Ж. ЛОНГЕГЕ ЖОЛДАНҒАН ХАТ

В. И. Лениннің бұл хаты туралы Г. В. Чичерин Копенгагендегі М. М. Литвиновқа 1920 жылы 15 февральда жіберген телеграммасында былай деп жазған: «Лонгенің хатына жауабы француз партиясының съезіне дейін-ақ мәлім болуы үшін Ленин

өзінің бұл жауабын радио арқылы бермекші...» (СССР сыртқы саясатының архиві); Ленин хатының мазмұны жайында 1920 жылы 28 февральда «Leipziger Volkszeitung» газетіндегі Француз социалистік партиясының Страсбург конгресі туралы корреспонденцияда былай деп жазылған: «Француз социалистерінің конгресі Лениннің Лонгеге жолдаған хатын алды. Ленин Француз социалистік партиясынан Альбер Тома, Самба және Брак сияқты адамдар шығарылғанда ғана партия Москва Интернационалына қабылдануы мүмкін деп мәлімдеген».

И. В. СТАЛИНГЕ ТІКЕЛЕЙ ПРОВОД АРҚЫЛЫ БЕРІЛГЕН ЗАПИСКА

В. И. Лениннің 1920 жылы марттың 17-інен 18-іне қараған түні И. В. Сталинмен тікелей провод арқылы сөйлескені туралы Сталин 1920 жылы 18 мартта Ленинге жолдаған телеграммасында айтады (Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архиві).

Х. Г. РАКОВСКИЙГЕ ТЕЛЕФОНОГРАММА

В. И. Лениннің РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы атынан 1920 жылы 24 мартта Харьковқа А. Я. Шумскийге жолдаған телеграммасында (көшірмесі — Украина Компартиясының Орталық комитетіне, Х. Г. Раковскийге) былай делінген: «Ленин кеше түнде Раковскийге жіберген телефонограмманы қуаттай отырып, былай деп хабарлаймыз...» (Совет Армиясының Орталық мемлекеттік архиві).

РКП(б) IX СЪЕЗІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНА ЗАПИСКАЛАР

Жақындап қалған 50 жылдығына байланысты В. И. Ленинге құрмет көрсетуге арналған партияның IX съезі делегаттары мәжілісінің президиумына В. И. Лениннің өз атына мақтау сөздер айтуды тоқтатуды талап етіп жолдаған запискалары туралы Ю. Сирола мен П. С. Заславский өздерінің естеліктерінде жазған (қараңыз: Ю. Сирола. «Ленин туралы естеліктер». «Пролетарская Революция», 1930, № 1, 82-бет; П. С. Заславский. «Менің Ленинмен кездесулерім». Мына кітапта: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 3-бөлім, М., 1960, 184-бет).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕР ТІЗІМІ

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ, ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ (ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ) ДЕКРЕТТЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СОВХОЗДАРДА АЛЫНҒАН АРТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *23 декабрь, 1919 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҒАЛЫМ МАМАНДАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *23 декабрь, 1919 ж.*

СУ ЖОЛЫ ТРАНСПОРТЫН БАСҚАРУ ІСІН ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА КӨШІРУ ЖОСПАРЫ. *(1919 ж. 30 декабрьде Халық Комиссарлары Советі бекіткен).*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ БАС ӘСКЕРИ-САНИТАРЛЫҚ БАСҚАРМАНЫ ӘСКЕРИ МЕКЕМЕ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *2 январь, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕ ОТЫН ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРҒА БАСШЫЛЫҚТЫ РЕТТЕУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *9 январь, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ТЕМІР ЖОЛДАРДА ӘСКЕРИ ТӘРТІП ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕКШЕ КОМИТЕТТІ (ОСКОМ) ТАРАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *16 январь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *17 январь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ПОЧТА МЕН ТЕЛЕГРАФТЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ПОЧТА ЖӘНЕ ТЕЛЕГРАФ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫСЫ. *17 январь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК КІТАПХАНАЛАРДА САҚТАУ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ПАЙДАЛАНУЫ ҮШІН АҚ ГВАРДИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫНА БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *17 январь, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ТЕМІР ЖОЛ КӨПІРЛЕРІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ АРНАЛҒАН АҒАШ ТІРЕУ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ӘСКЕРИ-ШҰҒЫЛ ЖҰМЫС ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *19 январь, 1920 ж.*

УКРАИН ЕҢБЕК АРМИЯСЫ СОВЕТІ ТУРАЛЫ РСФСР ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ БҮКІЛ УКРАИНАЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТПЕН КЕЛІСІМІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ЕРЕЖЕ. *21 январь, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ МОСКВА-ҚАЗАН ТЕМІР ЖОЛЫ АУДАНЫНДА ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫН ЖАҚСАРТУ ҮШІН РЕСПУБЛИКАНЫҢ ЗАПАСТАҒЫ АРМИЯСЫНЫҢ БАРЛЫҚ КҮШТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *23 январь, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ СОСТАВ ЖАСАЙТЫН ЗАВОДТАРДЫ ОТЫНМЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *23 январь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ КООПЕРАТИВТІК СЪЕЗДЕР СОВЕТТЕРІН ЖОЮ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *27 январь, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ЕҢБЕК МІНДЕТКЕРЛІГІ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *29 январь, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ 1-ЕҢБЕК АРМИЯСЫ ҚИМЫЛ ЖАСАЙТЫН АУДАН ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *30 январь, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ТРАНСПОРТТЫҢ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫЛАРЫ. *2 февраль, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МОСКВА ТӨТЕНШЕ САНИТАРЛЫҚ КОМИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *19 февраль, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АҒАШ ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСТАРЫН АЗЫҚ-ТҮЛІКПЕН ЖӘНЕ ЖЕММЕН ЖАБДЫҚТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *19 февраль, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕП ЖАСАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *19 февраль, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ МОСКВА СОВЕТІ ЖАНЫНАН МОСКВА ТЕМІР ЖОЛ ТОРАБЫНЫҢ ШЕБЕРХАНАЛАРЫ МЕН ДЕПОЛАРЫНДА ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *20 февраль, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ КАМАДАҒЫ КӨПІРДІ МЕРЗІМІНЕН 2 АЙ ЕРТЕ САЛҒАН ЖҰМЫСШЫЛАРҒА, ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АҚШАЛАЙ СЫЙЛЫҚ БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *27 февраль, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАЛАЛАР МЕН ӨНЕРКӘСІП ОРТАЛЫҚТАРЫН СҮТ ЖӘНЕ ОГОРОД ӨНІМДЕРІМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҮШІН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *2 март, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЖҰМЫРТҚА ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *2 март, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚОҒАМ ҮШІН ҚАУІПТІ ӘРЕКЕТТЕР ЖАСАДЫ, ДЕП АЙЫПТАЛҒАН КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАР ЖАЙЫНДАҒЫ ІСТЕР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *4 март, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ПАЕГІНЕ КӨШІРУ ЖӨНІНДЕГІ БЮРОНЫ ТАРАТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *5 март, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖАРЛЫҚ БЕРЕТІН МӘЖІЛІСТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ. *10 март, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ АСТРАХАНЬ ЖӘНЕ ЦАРИЦЫН ГУБЕРНИЯЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫ БАЛЫҚ КӘСІПШІЛІКТЕРІНДЕ ЕҢБЕК ЕТУГЕ МОБИЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *12 март, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ АҒАШ ОТЫНДЫ ТЕМІР ЖОЛ СТАНЦИЯЛАРЫ МЕН САЛ АҒЫЗЫЛАТЫН ӨЗЕНДЕРГЕ ТАСЫП ЖЕТКІЗУДІ КҮШЕЙТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЗЕКТЕН ТЫС ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *12 март, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ПАРОВОЗДАРҒА ЖӘНЕ ТЕМІР ЖОЛ ТРАНСПОРТЫН ЖӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН ЗАПАС БӨЛШЕКТЕРГЕ ШЕТЕЛДЕ ЗАКАЗ БЕРУ МҮМКІНДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *16 март, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ВОЛГА ПРИСТАНЬДАРЫНДА ЖАҒАДАҒЫ МҰНАЙ ҚОЙМАЛАРЫН БОСАТУ ЖӨНІНДЕ ШҰҒЫЛ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *19 март, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЕМДЕУ-ТӘРБИЕЛЕУ СИПАТЫНДАҒЫ МЕКЕМЕЛЕРДЕ КЕМІНДЕ 3 АЙ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖҮРГЕН АДАМДАРДЫ ҚЫЗЫЛ АРМИЯҒА ШАҚЫРУДАН БОСАТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *19 март, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЕТКЕ МАЛ ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *23 март, 1920 ж.*

СЫЙЛЫҚ БЕРУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ. *23 март, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ РОССИЯНЫ ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯ (ГОЭЛРО) ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ. *24 март, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ АҒАШ МАТЕРИАЛДАРЫНА МОНОПОЛИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ. *25 март, 1920 ж.*

КОНЦЕССИЯЛАР ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР. *25 март, 1920 ж.*

ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ОМСКІДЕ, ЧЕЛЯБИНСКІДЕ ЖӘНЕ КИЕВТЕ ҚУАТТЫ РАДИО СТАНЦИЯЛАРЫН САЛУҒА ТАРТЫЛҒАН ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ӘСКЕРИ ТӘРТІПКЕ БАҒЫНДЫРУ ТУРАЛЫ 1919 ж. 30 ИЮЛЬДЕГІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ 3 ЖӘНЕ 4-ПУНКТТЕРІН ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *7 апрель, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ЖҮЗІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *8 апрель, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ СОСТАВТЫ ЖӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН МОСКВА ЖӘНЕ САМАРА ЗАВОДТАРЫН САЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *14 апрель, 1920 ж.*

БІРІНШІ ЕҢБЕК АРМИЯСЫНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОВЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ. *15 апрель, 1920 ж.*

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ЕҢБЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫН ЕКІ КОМИССАРИАТҚА: ЕҢБЕК ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА БӨЛУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *1920 жылғы 15 және 21 апрель аралығында.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ОФИЦЕРЛЕРДІҢ ЕСЕБІН АЛУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *16 апрель, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ КІТАП ЖӘНЕ БАСҚА БАСПА БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЗАПАСТАРЫН НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *20 апрель, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ЕКІНШІ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЕҢБЕК АРМИЯСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *21 апрель, 1920 ж.*

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІНІҢ ФРАНЦИЯМЕН ТОВАР АЙЫРБАСЫНЫҢ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *23 апрель, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СОВЕТ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТ АДАМДАРЫНЫҢ ТЕЛЕГРАФ АРҚЫЛЫ БАЙЛАНЫС ЖАСАУЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *27 апрель, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ СЫРТҚЫ САУДА ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНДА ТУАТЫН ПРИНЦИПТІК ЖӘНЕ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАРАУ ҮШІН ЖӘНЕ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНЕ ҰСЫНЫСТАР ЕНГІЗУ ҮШІН КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *27 апрель, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ШЕТ ЕЛДЕН ПАРОВОЗДАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА АРНАЛҒАН ЗАПАС БӨЛШЕКТЕР САТЫП АЛУ ҮШІН АРНАЙЫ САҚТАЛҒАН ҮШ ЖҮЗ МИЛЛИОНДЫҚ АЛТЫН ҚОРЫНАН АЛТЫНМЕН 20 МИЛЛИОН СОМ АЛУ ЖӨНІНДЕ СЫРТҚЫ САУДА ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫНА РҰҚСАТ БЕРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ. *27 апрель, 1920 ж.*

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ТҰТЫНУШЫЛАР ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ ОДАҒЫ УАҚЫТША БАСҚАРМАСЫНЫҢ БІР ТОП МҮШЕЛЕРІНЕ ТАҒЫЛҒАН АЙЫПТАР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫСЫ. *27 апрель, 1920 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жоғарыда аталған декреттер мен қаулылардың В. И. Ленин түзетулер мен қосымшалар енгізген жобалары сақтаулы; олардың бір бөлегі жариялан-

ған (қараңыз: Лениннің XXIV жинағы, 50, 64—67, 79—80, 185—186-беттер; Лениннің XXXV жинағы, 103-бет; В. И. Ленин шығармаларының хронологиялық көрсеткіші. 2-бөлім, М., 1960, 380-бет; «Исторический Архив», 1958, № 4, 22—23-беттер; «Челябинский Рабочий», № 96, 22 апрель, 1960 жыл).

ТЕЛЕГРАММАЛАР

3-ШІ ЖӘНЕ 5-ШІ АРМИЯЛАРДЫҢ ӘСКЕРИ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАСТЫҚТАРЫНА. *16 декабрь, 1919 ж.*

ҚАЗАН ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНЕ. *16 январь, 1920 ж.*

НИЖЕГОРОД ТӨТЕНШЕ КОМИССИЯСЫНА. *5 февраль, 1920 ж.*

М. В. ФРУНЗЕГЕ. *24 февраль, 1920 ж.*

Г. Е. ЗИНОВЬЕВКЕ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК АУДАН ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ КОТЛЯКОВҚА. *19 март, 1920 ж.*

КАВКАЗ МАЙДАНЫНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ӘСКЕРИ СОВЕТІ, Г. К. ОРДЖОНИКИДЗЕГЕ. *15 апрель, 1920 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде жоғарыда аталған телеграммалардың В. И. Ленин түзету енгізген түпнұсқалары сақтаулы; олардың көпшілігі жарияланған (қараңыз: Лениннің XXIV жинағы, 83, 87, 144, 151, 184-беттер).

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ПОЛЬША ЖӨНІНДЕГІ СОВЕТ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

28 январь, 1920 ж.

Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 27 январьдағы мәжілісінде В. И. Ленин мен Л. М. Карахан мәлімдеменің жобасы туралы баяндама жасады; жобаны қарау үшін Лениннің қатысуымен комиссия құрылды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПОЛЯК ХАЛҚЫНА ҮНДЕУІ

2 февраль, 1920 ж.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде үндеудің В. И. Ленин түзету енгізген жобасы сақтаулы.

ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТТЕРІ (ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ПАРТИЯ СЪЕЗІНЕ АРНАҒАН ТЕЗИСТЕРІ)

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркcизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Орталық Комитетке Л. Д. Троцкий ұсынған тезистер жобасына В. И. Лениннің жасаған ескертпелері сақтаулы (қараңыз: осы том, 207—208-беттер); бұл ескертпелердің көпшілігі жобаны қайта өңдеу кезінде ескерілген, мұның өзі Орталық Комитеттің РКП(б) IX съезіне арнаған тезистерінде бейнеленген.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *Антанта* — империалистік державалардың (Англия, Франция және Россия) блогы, 1907 жылы біржолата қалыптасты; Үш жақты одақ (Германия, Австро-Венгрия, Италия) империалистеріне қарсы бағытталды. 1904 жылы жасалған ағылшын-француз келісіміне — «Entente cordiale»-ге («Шын пейілді келісу») сәйкес аталды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде (1914—1918) Антантаға Америка Құрама Штаттары, Жапония және басқа елдер қосылды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін бұл блоктың басты қатысушылары — Англия, Франция, Америка Құрама Штаттары және Жапония — Совет еліне қарсы соғыс интервенциясына дем берушілер, оны ұйымдастырушылар және оған қатысушылар болды.— *4*.

[2] *Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы* — 1917 жылы апрельде Готада өткен Құрылтай съезінде құрылған центристік партия. «Тәуелсіздер» социал-шовинистермен бірлікті уағыздады, тап күресінен бас тартуға дейін құлдырады. Партияның негізгі бөлегі рейхстагтағы «Еңбек ынтымақтастығы» деген каутскийшілдік ұйым болды. 1920 жылы октябрьде Тәуелсіз социал-демократиялық партияның Галльдегі съезінде жікке бөлінушілік туды; оның едәуір бөлегі 1920 жылдың декабрінде Германия Коммунистік партиясымен бірікті. Оңшыл элементтер жеке партия құрып, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясы деген ескі атауды қабылдады; партия 1922 жылға дейін өмір сүрді.— *6*.

[3] Бұл арада большевиктердің Викжельмен (Теміржолшылар одағының Бүкіл россиялық атқару комитетімен) 1917 жылы октябрь—ноябрьде үкімет құрамы туралы жүргізген келіс сөздері айтылып отыр.

Меньшевиктер мен эсерлер басшылық роль атқарған Викжель Петроградтағы Октябрь қарулы көтерілісі жеңгеннен кейін контрреволюция тіректерінің бірі болды. Өзінің бейта-

раптығы туралы мәлімдемелермен және азамат соғысын тоқтатуға шақырған сөздерімен бүркемеленген Викжель Совет өкіметін орнату үшін қарулы күрес әлі жүріп жатқан Москваға Петроградтан революциялық отрядтарды жөнелтуге кедергі жасады, сөйтіп темір жол қатынасын тоқтатып тастау қаупін туғызды. Викжель 1917 жылы 29 октябрьде (11 ноябрьде) қарар қабылдады, онда «большевиктерден бастап халықтық социалистерге дейінгі» барлық партиялардың өкілдері кіре алатын «біртектес социалистік үкімет» дейтін жаңа үкімет құруға шақырды. Дәл сол күні Викжельдің жанынан үкіметтің құрамы туралы мәселе жөнінде шақырылған кеңес ашылды. Үкіметтің және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамын кеңейту туралы келіс сөздердің қандайы болсын тек Советтердің II съезі қабылдаған Совет өкіметінің қызметі программасын мойындау негізінде ғана мүмкін деп біле отырып, большевиктік партияның Орталық Комитеті келіс сөздерге қатысуға болады деп есептеді. Викжель жанындағы кеңесте жүргізілген келіс сөздер, Лениннің берген анықтамасы бойынша, «соғыс қимылдарының дипломатиялық бүркеніші болуға тиіс еді» (Шығармалар толық жинағы, 35-том, 45-бет). Бұл келіс сөздер туралы мәселе РСДРП(б) Орталық Комитетінің 1917 жылғы 1(14) ноябрьдегі кеңейтілген мәжілісінде және Орталық Комитеттің 2 (15) ноябрьдегі мәжілісінде талқыланды. Викжельмен келіс сөздердің барысы туралы және осыған байланысты Каменевтің, Зиновьевтің, Рыковтың, Милютиннің, Рязановтың және басқалардың сатқындық қылықтары туралы мына кітаптан қараңыз: «РСДРП(б) Орталық Комитетінің протоколдары. Август, 1917 — февраль, 1918». М., 1958, 124—132-беттер. — *7.*

[4] *Центризм* — жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі, марксизм-ленинизмге жау ағым, бұл ағым II Интернационалдың социал-демократиялық партиялары ішінде 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғысқа дейін пайда болған.

Жалған марксистік жел сөздерді тілге тиек етіп, «ортодокс марксистер» дегенді бетке ұстаған центристер марксизмді революциялық мәнінен айырды, ашық оппортунистердің, демек, буржуазияның да жұмысшы бұқарасына ықпалын сақтауға тырысты. Центризм идеологиясы — пролетариаттың таптық мүдделерін буржуазияның мүдделеріне бейімдеу, бағындыру идеологиясы. В. И. Ленин: центризм жұмысшы қозғалысына ашық оппортунизмнен гөрі анағұрлым қауіпті, зиянды,— деді, ол центризмге «II Интернационалдың қайшылықтарының, сөз жүзінде марксизмге адал болу мен іс жүзінде оппортунизмге бағынуды біріктірудің әлеуметтік нәтижесі» (Шығармалар толық жинағы, 26-том, 348-бет) деген анықтама берді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында центристер іс жүзінде ашық оппортунистердің, социал-шовинистердің сая-

сатын қолдады, бірақ сонымен бірге жұмысшылардың назарын империалистік соғысқа қарсы революциялық күрестен басқа жаққа аудара отырып, пацифистік ұрандар ұсынды. Центризмнің басты теоретиктерінің бірі Каутский болды, центризмнің Россиядағы өкілдері Троцкий, Мартов, Чхеидзе және басқалар еді.

В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы россиялық центризмге де қарсы, сондай-ақ халықаралық центризмге де қарсы ымыраға келмейтін дәйекті күрескер болды. Россиядағы центризмді әшкерелей отырып, большевиктер II Интернационалдың партияларындағы революцияшыл элементтерге центризмнен арылуға, оппортунистерден қол үзуге және нағыз маркстік коммунистік партиялар құруға көмектесті.— *8.*

[5] Бұл арада К. Маркстің 1870 жылы 13 декабрьде Л. Кугельманға жазған хатындағы сөздері айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 272-бет).— *8.*

[6] Қараңыз: К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» және «Франциядағы азамат соғысы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 205—207-беттер және 22-том, 198—201-беттер).—*13.*

[7] Эсерлердің газетінде жарияланған шаруалардың аманаттары туралы сөз еткенде, В. И. Ленин бұл арада «Үлгі аманат. 1917 жылы Петроградта өткен шаруа депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық I съезіне жергілікті жерлерден депутаттар ала келген 242 аманаттың негізінде жасалған» деген мақаланы айтып отыр; бұл мақала 1917 жылы 19 және 20 августа (1 және 2 сентябрьде) «Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов» газетінің 88 және 89-номерлерінде басылған-ды. Бұл мақалаға Ленин сол бойда-ақ өзінің «Публицистің күнделік дәптерінен. Шаруалар және жұмысшылар» деген еңбегін арнады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 34-том, 122—131-беттер).— *14.*

[8] В. И. Ленин бұл арада Советтік Россия мен Төрт жақты одақ державалары (Германия, Австро-Венгрия, Болгария, Түркия) арасындағы 1918 жылы 3 мартта Брест-Литовскіде қол қойылған және Советтердің Бүкіл россиялық Төтенше IV съезі 15 мартта бекіткен бітім шартын айтып отыр. Бітімнің шарттары Советтік Россия үшін өте-мөте ауыр болды. Шарт бойынша Польша, Прибалтика түгел дерлік, Белоруссияның бір бөлегі Германия мен Австро-Венгрияның бақылауына өтуге тиіс еді. Украина Советтік Россиядан бөлініп шығып, Германияға тәуелді мемлекетке айналуға тиісті болды. Карс, Батум және Ардаган қалалары Түркияның қарамағына өтуге тиісті еді. 1918 жылы августа Германия Советтік Россияға

қосымша шарт пен финанс келісімін күштеп таңды, оларда жаңадан тонаушылық талаптар қойылды.

Брест бітімін жасасуға байланысты Троцкийге және антипартиялық «солшыл коммунистер» тобына қарсы қажырлы күрес жүргізілді. Тек В. И. Лениннің орасан зор күш-жігер жұмсауының арқасында ғана Германиямен бітім шартына қол қойылды. Брест бітімі лениндік тактиканың даналығы мен икемділігінің, өте-мөте қиын жағдайда бірден-бір дұрыс саясат белгілей білудің жарқын үлгісі еді. Брест бітімінің жасалуы парасатты саяси компромисс болды. Брест шарты Совет мемлекетіне уақытша бейбіт тыныс алуға мүмкіндік берді, ыдырап бара жатқан ескі армияны демобилизациялап, жаңа армияны — Қызыл Армияны құруға, социалистік құрылысты өрістетіп, келешекте ішкі контрреволюция мен шетел интервенттеріне қарсы күресу үшін күш жинауға мүмкіндік берді. Брест шартының жасалуы бейбітшілік жолындағы күрестің одан әрі күшеюіне, барлық соғысушы елдердің әскерлері мен халқының қалың бұқарасы арасында революциялық пиғылдың өсуіне жәрдемдесті. Германиядағы монархиялық режимді құлатқан 1918 жылғы Ноябрь революциясынан кейін, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 13 ноябрьде тонаушылық Брест шартын жойды.— *17.*

[9] Бұл арада елдің оңтүстігіндегі өнеркәсіпті аудандарда 1918 жылы январьдың орта кезінде басталған Финляндиядағы пролетарлық революцияны финн реакциялық буржуазиясының басып-жаныштауы айтылып отыр. 15 (28) январьда финн қызыл гвардиясы Финляндияның астанасы — Гельсингфорсты алды; Свинхувудтың буржуазиялық реакциялық үкіметі құлатылды. Өкімет революциялық үкіметті—халық уәкілдерінің Советін құрған жұмысшылардың қолына көшті, бұл үкіметке О. Куусинен, Ю. Сирола, А. Тайми және басқалар кірді. Ұйымдасқан жұмысшылар сайлап қоятын «жұмысшы ұйымдарының сеймдері» елдегі мемлекеттік өкіметтің негізі болды; өкімет типі, В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, «жаңа, пролетарлық тип» (Шығармалар толық жинағы, 36-том, 56-бет) болды. Финляндиядағы революция өзінің сипаты жағынан социалистік революция еді, бірақ күрестің бас кезінде революциялық үкіметтің айқын социалистік программасы болмады және ол көбінесе буржуазиялық-демократиялық революцияның міндеттерін орындауға назар аударды. Жері жоқ шаруалардың өңдейтін жерін олардың толық меншігіне тегін беру туралы заң қабылдау, халықтың ең кедей топтарын барлық салықтардан босату, иелері қашып кеткен кәсіпорындарды экспроприациялау, жеке меншік банктерге (олардың функциялары мемлекеттік банкке берілді) мемлекеттік бақылау орнату және басқа шаралар жұмысшы үкіметінің аса маңызды шаралары болды.

1918 жылы 1 мартта Петроградта Финляндия социалистік жұмысшы республикасы мен РСФСР арасындағы шартқа қол

қойылды. Толық тең праволылық және екі жақтың суверенитетін құрметтеу принциптеріне негізделген шарт екі социалистік ел арасында тарихта тұңғыш рет жасалған шарт еді.

Алайда пролетарлық революция Финляндияның тек оңтүстігіндегі қалалар мен селолық жерлерде ғана жеңген еді. Свинхувудтың үкіметі, елдің солтүстігіне бекініп алып, германдық кайзер үкіметінен көмек сұрады. Герман қарулы күштерінің араласуы салдарынан Финляндиядағы революция кескілескен азамат соғысынан кейін 1918 жылы майда басып-жаншылды.— *23.*

10 *Лонгетистер* — Француз социалистік партиясының Жан Лонге бастаған азшылығын жақтаушылар. 1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде лонгетистер центристік позиция ұстады, сөйтіп социал-шовинистер жөнінде келісімпаздық саясат жүргізді; олар революциялық күресті бекерге шығарып, империалистік соғыста «отан қорғау» позициясында тұрды. Ленин лонгетистерді ұсақ буржуазиялық ұлтшылдар деп атады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 322-бет). Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін лонгетистер сөз жүзінде өздерін пролетариат диктатурасын жақтаушылар деп жариялады, бірақ іс жүзінде оның жаулары болып қала берді. — *25.*

11 В. И. Лениннің *«Біздің орнымызды басатын ұрпаққа»* деген құттықтау хаты Петроград комсомолецтері ұйымдастырған «жастар апталығының» өткізілуіне байланысты Петроград губерниясының жастарына жіберілген болатын; бұл «апталық» жұмысшы-шаруа жастарын қоғамдық жұмысқа мейлінше кеңінен тартуды өзіне міндет етіп қойған еді.— *27.*

12 Ленин бұл арада 1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғысты аяқтаған *Версаль бітім шартын* айтып отыр. Шартқа 1919 жылы 28 июньде, бір жағынан, Америка Құрама Штаттары, Британия империясы, Франция, Италия, Жапония және олармен біріккен державалар, екінші жағынан, Германия қол қойды.

Версаль бітім шартына баға бере келіп, Ленин 1920 жылы 15 октябрьде былай деді: «Бұл бітім ондаған миллион адамды, соның ішінде ең цивилизациялы адамдарды құлдық халге түсірген құлақ естімеген, тонаушылық бітім» (Шығармалар, 31-том, 330-бет). Версаль бітім шарты капиталистік дүниенің жеңімпаз-державалардың пайдасына қайта бөлінуін баянды етуді, сондай-ақ елдер арасында Советтік Россияны тұншықтыруға және бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалысты талқандауға бағытталған қатынастар системасын жасауды мақсат етті. — *30.*

13 *РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясы* 1919 жылы 20—21 декабрьде өтті; онда мынадай мәселелер талқыланды:

Бүкіл россиялық партия конференциясы туралы, отын туралы, сенбіліктер туралы, бөртпе сүзек ауруының таралуы және оған қарсы күресу шаралары туралы, Москвадағы азық-түлік жағдайы туралы, Жалпыға бірдей әскери оқу (Всевобуч) туралы және ерекше мақсатқа арналған отрядтар туралы.

Сенбіліктер туралы мәселе жөнінде қабылданған қарарда сенбіліктердің коммунизмді практикалық тұрғыдан жүзеге асырудың алғашқы қадамдары ретіндегі орасан зор маңызы атап көрсетілді. Партия конференциясы «еңбек өнімділігін арттыру ісіндегі нақты нәтижелер мағынасында және Совет республикасы бастан кешіріп отырған транспорт, отын, азық-түлік дағдарыстары мен басқа да дағдарыстарды жеңілдету үшін» де сенбіліктердің зор маңызы бар деп тауып, партияның барлық мүшелерін «сенбіліктерге міндетті түрде қатысуға және оларда ең қажырлы еңбек өнімділігін көрсетуге» шақырды.

Лениннің баяндамасынан кейін конференция сенбіліктердің ұйымдастырылу жағы туралы баяндаманы тыңдап, нұсқауды бекітті. РКП(б) Москва комитеті «Сенбіліктер туралы ережені» талдап жасап, бекітті (1919 жылы 27 декабрьде «Правда» газетінде жарияланды). Сенбіліктерге тікелей басшылық ету үшін РКП(б) Москва комитеті жанынан сенбіліктер жөнінде ерекше бөлім құрылды.— *34.*

14 *III, Коммунистік Интернационал* 1919 жылы 2—6 мартта өткен Коминтерннің I (Құрылтай) конгресінде құрылды. Конгрестің жұмысына 52 делегат қатысты, олардың ішінде шешуші дауыспен—34, кеңесші дауыспен—18 делегат болды. Мына коммунистік және социалистік партиялардың, топтардың және ұйымдардың: Россия, Германия, Неміс Австриясы, Венгрия, Польша, Финляндия, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия, Эстония, Армения, Поволжьедегі неміс облысы коммунистік партияларының, Швед солшыл социал-демократиялық партиясының, Норвег социал-демократиялық партиясының, Швейцария социал-демократиялық партиясының (оппозиция), Балқан революциялық социал-демократиялық федерациясының, Россияның шығыс халықтары біріккен тобының, Францияның циммервальдтық сол қанатының, чех, болгар, югослав, ағылшын, француз және Швейцария коммунистік топтарының, голланд социал-демократиялық тобының, Американ социалистік насихат лигасының, Америка социалистік жұмысшы партиясының, Қытай социалистік жұмысшы партиясының, Корей жұмысшы одағының, Шығыс халықтары Орталық бюросының Түркістан, түрік, грузин, азербайжан, парсы секцияларының және Циммервальд комиссиясының өкілдері болды.

Бірінші мәжілісте «халықаралық коммунистік конференция ретінде мәжіліс құру» жөнінде шешім қабылданды және мынадай күн тәртібі бекітілді: 1) құрылу, 2) баяндамалар,

3) халықаралық коммунистік конференцияның платформасы, 4) буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы, 5) Берн конференциясы және социалистік ағымдарға көзқарас, 6) халықаралық жағдай және Антантаның саясаты, 7) Манифест, 8) ақ террор, 9) бюро сайлау және әр түрлі ұйымдық мәселелер.

Лениннің буржуазиялық демократия және пролетариат диктатурасы туралы тезистері мен баяндамасы конференцияның жұмысында негізгі орын алды. Конференция Лениннің тезистерімен ынтымақтас екендігін бірауыздан білдірді және оларды әр түрлі елдерде кеңінен тарату үшін бюроға беру жөнінде шешім қабылдады. Конференция сондай-ақ тезистерге қосымша ретінде Ленин ұсынған қарарды қабылдады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 554-бет).

4 мартта, В. И. Лениннің тезистерін және оның баяндамасы бойынша қарар қабылдағаннан кейін, конференция «III Интернационал болып құрылу және Коммунистік Интернационал деп аталу» жөнінде шешім қабылдады. Сол күні-ақ Циммервальд бірлестігін жойылды деп санау жөнінде бірауыздан қаулы алынды. 4 мартта сондай-ақ Коминтерннің платформасы бекітілді, оның негізгі қағидалары мынадай: 1) капиталистік қоғамдық құрылыстың коммунистік қоғамдық құрылыспен ауысатындығының сөзсіздігі, 2) буржуазиялық үкіметтерді құлату үшін пролетариаттың революциялық күресінің қажеттігі, 3) буржуазиялық мемлекеттің жойылатындығы және оның жаңа типті мемлекетпен, коммунистік қоғамға өтуді қамтамасыз ететін Советтер типіндегі пролетариат мемлекетімен ауысатындығы.

Конгресс документтерінің ішінде Бүкіл дүние жүзінің пролетарларына арналған Манифестің аса зор маңызы болды, онда Коммунистік Интернационал Маркс пен Энгельстің «Коммунистік партияның манифесінде» бейнеленген идеяларының мирасқоры болып табылады деп көрсетілді. Конгресс барлық елдердің жұмысшыларын Советтік Россияны қолдауға шақырды, Советтер Республикасының ішкі істеріне Антантаның қол сұқпауын, интервенттердің әскерлерін Россияның территориясынан алып кетуді, Совет мемлекетін тануды, экономикалық блоканы алуды және сауда қатынастарын қалпына келтіруді талап етті. Конгресс ««Социалистік» ағымдарға және Берн конференциясына көзқарас туралы» қарарда «буржуазияның қолындағы құрал ғана болып табылатын» екінші Интернационалды қалпына келтіру әрекетін айыптады және революцияшыл пролетариаттың бұл конференциямен ешқандай ортақ қатынасы жоқ деп мәлімдеді.

III, Коммунистік Интернационалдың негізін қалау жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмді әшкерелеуде, әр түрлі елдер еңбекшілері арасында байланыстарды қалпына келтіруде, коммунистік партияларды құруда және нығайтуда орасан зор роль атқарды.— *36.*

15 В. И. Ленин бұл арада «Шығыс майдандағы жағдайға байланысты РКП(б) Орталық Комитетінің тезистерін» айтып отыр; 1919 жылы 11 апрельде жазылған бұл тезистерде Орталық Комитет партияның барлық ұйымдары мен барлық кәсіподақтардан «жұмысқа революциялық тұрғыдан кірісуді» өтінген болатын (Шығармалар толық жинағы, 38-том, 299—302-беттер).—*38*.

16 *Бүкіл украиналық әскери-революциялық комитет* — Украинадағы революциялық өкіметтің уақытша органы; ол Украина Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша 1919 жылы 11 декабрьде (Полтава мен Харьков азат етілген күні) құрылды, оның құрамына: председатель ретінде Г. И. Петровский, мүшелері ретінде В. П. Затонский мен Д. З. Мануильский және басқа партиялардың екі өкілі кірді. Украина Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің функциялары Революциялық комитетке берілді, оның міндетіне мыналар енді: ақ гвардияшыларды біржола талқандау ісінде Қызыл Армияға барынша жәрдемдесуді ұйымдастыру; помещиктерді және помещиктік жер иелігін жою; Советтік Украина территориясында берік жұмысшы-шаруа өкіметін орнату; украин жерінің басым бөлегі азат етілгеннен кейін дереу Советтердің Бүкіл украиналық IV съезін шақыру.— *44*.

17 *Боротьбистер* — Украин социалист-революционерлер партиясы жікке бөлінгеннен кейін 1918 жылы майда пайда болған ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық партияның мүшелері. Партияның орталық органы — «Боротьба» газетінің атымен аталған. 1919 жылы мартта Украин социалист-революционерлер боротьбист коммунистер партиясы, ал августа Украин боротьбистер коммунистік партиясы деп аталды. Боротьбистер партиясын В. Блакитный, Г. Гринько, А. Шумский және басқалар басқарды. Боротьбистер партиясының қатарында контрреволюцияшыл петлюрашыл элементтер аз емес-ті, бұлар революциялық жол сөзді, коммунистік платформаны танитындығы жайындағы мәлімдемелерді бетке ұстап, іс жүзінде пролетариат диктатурасына қарсы шықты, Украина мен Россия еңбекшілерінің біртұтас революциялық майданын жікке бөлу бағытын жүргізді. Боротьбистер партиясына Лениннің берген бағасын осы томның 133 және 174-беттерінен қараңыз.

Боротьбистер Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитетінен өздерін Коминтернге қабылдауды және Украинадағы негізгі коммунистік партия деп тануды екі рет өтінді. 1920 жылы 26 февральда Коминтерн бұл жөнінде арнаулы шешім қабылдады, мұнда боротьбистердің өз партиясын таратып, Украина Коммунистік (большевиктер) партиясына қосылуы жөнінде ұсыныс жасалды. Украинада қосарлас екінші партия құру жөніндегі тілекті, делінген қарарда, Ком-

мунистік Интернационалдың Атқару Комитеті тек қана еңбекшілер қатарын жікке болу әрекеті деп санайды.

Большевиктердің шаруалар арасында ықпалының өсуіне және Украинадағы Совет өкіметінің табыстарына байланысты боротьбистер лажсыздан өздерін өздері тарату туралы шешім қабылдады.

1920 жылы 17 марттан 23 мартқа дейін болып өткен Украина Коммунистік (большевиктер) партиясының IV конференциясы боротьбистерді Украина Коммунистік партиясының қатарына алуды жақтап пікір айтты, оның бер жағында жаңа қабылданғандардың бәрі қайта тіркеуден өткізілді. Алайда, кейін көптеген боротьбистер Украинадағы контрреволюцияшыл, буржуазияшыл-ұлтшыл элементтердің күресіне басшылық етіп, антисоветтік іс-әрекетін тоқтатпады.— *46.*

18 Американ коммунист-жазушысы Джон Ридтің 1919 жылы Америка Құрама Штаттарында шыққан «Дүниені дүр сілкіндірген он күн» деген кітабы орасан зор табысқа ие болды (бір 1919 жылдың ішінде үш рет басылды). Ленин кітаптың бір данасын авторынан ол Советтік Россияға 1919 жылдың аяғында екінші рет келгенде алған болатын. Ленин жазған алғы сөз кітаптың Америкадағы жаңа басылымына арналған-ды. Алайда Лениннің алғы сөзі берілген кітап Америка Құрама Штаттарында тек 1926 жылы ғана жарық көрді. Джон Ридтің кітабы Советтік Россияда 1923 жылы «Красная новь» баспасынан шықты, В. И. Ленин жазған алғы сөз сонда тұңғыш рет басылған болатын.— *51.*

19 Бұл заметканы В. И. Ленин 1919 жылы немесе 1920 жылы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының бір мәжілісінде жазған. Ол 1924 жылдың аяғында табылып, тұңғыш рет «Правдада» жарияланды. Бұл заметканың жазылған уақытын дәл анықтау мүмкін болмады.— *52.*

20 *Петроград губерниясының жұмысшы әйелдері мен шаруа әйелдерінің бірінші съезі* 1920 жылы 15—16 январьда өтті. Съезге 403 делегат қатысты, олардың ішінде коммунистер — 157, партияда жоқтар — 246. Делегаттардың ішінде мыналар болды: шаруа әйел — 91, жұмысшы әйел — 131, интеллигенттік еңбек өкілдері — 133, тігінші — 15, үй шаруасындағы әйел — 11 және милиционер-әйел — 2. Съезде партияда жоқтар басым көпшілік болғанымен, съезд айқын коммунистік рухта өтті. Съезд мына мәселелерді талқылады: ағымдағы кезең; коммунистер партиясы, жұмысшы әйел мен шаруа әйел; жер мәселесі; тұтынушылар коммунасы туралы; әлеуметтік тәрбие және басқалар. Съездің бірінші күні В. И. Лениннің съезге жолдаған құттықтау хаты оқылды және Ленинге жауап телеграмма жолданды. Съезде РКП(б) Орталық Комитетінің және жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер орталық бөлімінің атынан Е. Д. Стасова құттықтау сөз сөйледі,

ол алдағы «майдан апталығының» ерекше маңыздылығын атап көрсетті және делегат-әйелдерді барлық күштерін қалыпты тұрмысты жөнге келтіру жолындағы жұмысқа аямай жұмсауға шақырды. Жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің губерниялық бірінші съезі жас Совет республикасының құрылысына белсене қатысуға жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдердің ұмтылып отырғанын көрсетті.— *54.*

21 *ВЧК (Бүкіл россиялық төтенше комиссия)* 1917 жылы 7 (20) декабрьде Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша «контрреволюцияға, саботажға және жалдаптыққа қарсы аяусыз күрес жүргізу» үшін құрылды. Пролетариат диктатурасының аса маңызды органдарының бірі болған Бүкіл россиялық төтенше комиссия контрреволюцияның бүлдіру әрекетіне қарсы күрес жүргізуде және Совет республикасының мемлекеттік қауіпсіздігін қорғауда орасан зор роль атқарды. Бұл комиссияның қызметіне баға бере келіп, В. И. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық IX съезіндегі баяндамасында 1921 жылы декабрьде былай деп атап көрсетті: «Есепсіз көп заговорларға, Совет өкіметіне есепсіз көп оқталуларға қарсы бұл мекеме біздің жауды жайратушы құралымыз болды» (Шығармалар, 33-том, 169-бет). Советтердің IX съезі «Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қарарда» Бүкіл россиялық төтенше комиссия органдарының Октябрь революциясының жеңістерін қорғау жөнінде атқарған қаһармандық жұмысын атап көрсете келіп, Совет өкіметінің нығайғандығын ескере отырып, комиссия қызметінің шеңберін тарылта түсуді ұсынды. Бұл қарарда Лениннің ұсыныстары айқын бейнеленді, бұл ұсыныстар РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Бүкіл россиялық төтенше комиссия туралы қаулысының 1921 жылы 1 декабрьде Ленин жазған жобасында бар (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 369-бет). 1922 жылы 6 февральда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Бүкіл россиялық төтенше комиссияны тарату туралы декрет қабылдады.— *55.*

22 В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасы Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советінің 1920 жылы 16 январьдағы мәжілісінде «Темір жолдарда әскери тәртіп енгізу жөніндегі ерекше комитетті (Оскомды) және Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімін (ТОВЧК) қайта құру туралы» баяндама талқыланған кезде бекітілді. — *55.*

23 1920 жылы 2 январьда Совет үкіметі Азербайжан мусаватистік үкіметіне Деникинге қарсы бірлесіп қимыл жасау жөнінде келісім жасасуды ұсынды. Алайда мусаватистік үкімет бұл ұсынысты қабылдаудан бас тартты.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1920 жылы 17 және 18 январьда өткен мәжілісінде Азербайжанмен бейбіт келіс сөз жүргізу мүмкіндігі туралы сыртқы істер халық

комиссары Г. В. Чичериннің баяндамасы тыңдалды. Саяси бюро бұл мәселе жөнінде В. И. Ленин ұсынған қаулының жобасын қабылдады. — *56.*

24 *«Герман тәуелсіз социал-демократиялық партиясының хатына РКП атынан берілетін жауаптың жобасын (немесе тезистерін)»* Ленин Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының Коммунистік Интернационалға кірудің шарттары туралы келіс сөз жүргізу жөніндегі ұсынысына жауап ретінде жазған. 1920 жылы 20 январьда Лениннің тезистері РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде талқыланды; мәжіліс тезистерді негізге алуды және жауаптың түпкілікті нұсқасын әзірлеу — тезистерді хатқа айналдырып қайта өңдеу үшін Лениннің қатысуымен комиссия құруды ұйғарды.— *58.*

25 *«Die Freiheit»* («Бостандық») — күнделікті газет, Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының органы; 1918 жылғы 15 ноябрьден 1922 жылғы 30 сентябрьге дейін Берлинде шығып тұрды.— *59.*

26 Ленин бұл арада Г. М. Кржижановскийдің «Өнеркәсіпті электрлендірудің міндеттері» деген мақаласын айтып отыр; мақала қысқартылған түрде «Правданың» 1920 жылғы 30 январьдағы 20-номерінде басылды.— *67.*

27 Г. М. Кржижановский «Россияны электрлендірудің негізгі міндеттері» деген кітапша жазған болатын. Кітапша 1920 жылы февральда басылып шықты. — *67.*

28 Мемлекеттік бақылауды Жұмысшы-Шаруа инспекциясы етіп қайта құру туралы мәселе 1919 жылдың аяғында қойылды және Советтердің Бүкіл россиялық VII съезінде талқыланды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы ереженің жобасын жасау үшін комиссия құрды, оның құрамына Мемлекеттік бақылаудың, ВЦСПС-тің және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің өкілдері енгізілді. Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы ереженің үш жобасы болды: 1) Москва жұмысшы инспекциясының жобасы («Правда»-ның 1920 жылғы 6 январьдағы 4-номерінде жарияланды), 2) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің ВЦСПС-пен бірлесіп әзірлеген жобасы («Известия ВЦИК» газетінің 1920 жылғы 22 январьдағы 14-номерінде жарияланды) және 3) Мемлекеттік бақылаудың жобасы (жарияланған жоқ). Комиссия ешқандай нәтижеге жете алмағандықтан, мәселе РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының талқылауына берілді, Саяси бюро өзінің 1920 жылғы 23 январьдағы қаулысында Ленин ұсынған осы директиваны берді.

Орталық Комитеттің директивасы мен Лениниің ескертпелері негізінде (қараңыз: осы том, 69, 70—72-беттер) «Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы ереже» жасалды, оны Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы 1920 жылы 7 февральда қабылдады («Известия ВЦИК» газетінің 1920 жылғы 8 февральдағы 28-номерінде жарияланды); бұл ереже бойынша Мемлекеттік бақылау «бұрынғы Мемлекеттік бақылау органдарына жұмысшылар мен шаруаларды тарту негізінде социалистік бақылаудың бірыңғай органы» болып қайта құрылды.

В. И. Ленин Совет мемлекетіндегі бақылауды ұйымдастырудың принциптерін жан-жақты талдап жасады; ол соңғы мақалаларында (1923) Жұмысшы-Шаруа инспекциясын қайта құрудың жоспарын ұсынды. Лениндік жоспардың ең негізгі принциптері партиялық және мемлекеттік бақылауды біріктіру, оның жұмысына жұмысшылар мен шаруаларды кеңінен тарту болды. Ленин мұны жұмыстың табысты болуының кепілі, партия мен мемлекеттің сарқылмас күшінің қайнар бұлағы деп білді. Лениннің нұсқауларына сәйкес, РКП(б) XII съезі біріккен Орталық бақылау комиссиясы — Жұмысшы-Шаруа инспекциясы органын құрды, ол партиялық және мемлекеттік бақылау функциясын атқарды.— *69.*

[29] Бұл арада 1919 жылы 21 мартта Венгрияда құрылған Совет республикасының басылып-жаншылғаны айтылып отыр.

Антанта империалистері Венгрияда пролетариат диктатурасының орнатылуын дұшпандық ниетпен қарсы алды; Совет республикасы экономикалық блокадаға ұшыратылды. Венгр Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясы ұйымдастырылды. Интервенционистік әскерлердің шабуылы венгр контрреволюциясын жандандыра түсті. Халықаралық империализммен одақ жасасқан оңшыл социал-демократтардың сатқындық әрекеті де Венгр Совет республикасының күйреуіне тағы бір себеп болды.

1919 жылы жазда, Советтік Россия барлық жағынан жаулардың қоршауында болып, Венгр Совет республикасына көмек көрсете алмаған кезде, орын алған қолайсыз халықаралық жағдай да теріс роль атқарды. 1919 жылы 1 августа сыртқы империалистік интервенция мен ішкі контрреволюцияның бірлесіп әрекет етуі нәтижесінде Венгриядағы Совет өкіметі құлатылды. — *74.*

[30] Бұл арада Англия мен Францияның Советтік Россияға қарсы бірлесіп және бір мезгілде шабуыл жасау жөнінде Совет республикасымен шектесетін буржуазиялық шағын мемлекеттермен жүргізген келіс сөздері айтылып отыр. Черчилльдің айтқанындай, бұл жорыққа «14 мемлекет» — Америка Құрама Штаттары, Англия, Франция, Жапония, Италия, Финляндия, Эстония, Латвия, Литва, Польша, Украина, Грузия, Азербайжан, Армения қатысуға тиіс болды. Жорықты

ұйымдастырушылар тіпті өздерінің Петроград пен Москваны алатын мерзімін де—1919 жылғы декабрь—белгіледі. Алайда, В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, «Эстляндияны, Финляндияны және, күмән жоқ, Латвияны, Литваны, Польшаны да, осы бүкіл мемлекеттер тобын бізге қарсы шығуға мәжбүр ету үшін финанс, азық-түлік, әскери» (Шығармалар толық жинағы, 39-том, 376-бет) қысымның барлық әдістері қолданылса да, ол «жорық» іске аспай қалды.

Балтық жағалауындағы мемлекеттердің буржуазиялық үкіметтері Советтік Россияға қарсы соғысқа белсенді қатысудан жалтарып бақты, өйткені бітім жасасу жөнінде талай рет ұсыныс жасаған Совет республикасы бұрын Россия империясының құрамына кірген шағын елдердің тәуелсіздігі мен суверенитетіне қол сұқпады, ал Колчак пен Деникин «біртұтас және бөлінбейтін» Россия ұранын жариялаған болатын. Оның үстіне Балтық жағалауындағы мемлекеттердің антисоветтік жорыққа қатысуын қиындатқан тағы да бір себеп — халықтың қалың бұқарасы Советтік Россияға қарсы соғысты тоқтатуды және бітім жасасуды жақтады. Англия үкіметі (осы жорықтың инициаторы және дем берушісі) 1919 жылдың күзінде ағылшын жұмысшыларының қысымымен өз әскерлерін Архангельскіден кері шақырып алуға мәжбүр болды, ал 1920 жылы 16 январьда Жоғарғы одақтастық совет экономикалық блоканы тоқтату «Советтік Россия халқымен» сауда және коммерциялық қатынастарды қайта бастау туралы қаулы қабылдады.— *74.*

31 *Еңбек армиялары*—армиялық аппаратын сақтай отырып, халық шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарға қатыстырылған армиялар. 1920 жылы январьдың басында Уралдағы 3-армияның Революциялық-әскери советі В. И. Ленинге хат жазып, шаруашылықты тезірек қалпына келтіру және ұйымдастыру үшін Қызыл Армия әскерлерін пайдалану жөнінде ұсыныс жасады. Революциялық-әскери совет 3-армияны революциялық еңбек армиясына айналдырған тиімді болады деп есептеді. Совет үкіметі армиялықтардың инициативасын толық қолдады. 1920 жылы 15 январьда Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советі 3-армияны 1-еңбек армиясы етіп қайта құру туралы қаулы қабылдады. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 17 және 18 январьда, әскери бөлімдерді шаруашылық майданда пайдалану туралы мәселені талқылай келіп, Қорғаныс Советінің бұл қаулысын мақұлдады. Темір жол транспортын қалпына келтіру, көмір өндіру, ағаш дайындау жөнінде 1-еңбек армиясы зор жұмыс істеді. Көп ұзамай бұл тәжірибе басқа армияларға да таратылды.

Еңбек армияларын құруды өмірге келтірген ерекше тарихи жағдайлар болатын, олар — Совет республикасына қарсы интервенттердің жаңадан жорыққа шығу қаупі, ал мұның өзі армияны сақтауға мәжбүр етті, сөйтіп бейбіт тыныс алу уақытын бүлінген халық шаруашылығын қызыл әскерлердің

еңбегін пайдалана отырып қалпына келтіру үшін пайдалапу қажет болды. Коммунистік партия мен Совет үкіметі еңбек армияларын құруды бейбіт тыныс алудың осы нақты жағдайларында туған қажеттілік, лажсыздан қолданылған, уақытша шара деп қарады.

Көп ұзамай Польшамен басталған соғыс және Врангельге қарсы соғыс қимылдарының өрістетілуі 1921 жылы таратылған 1-армиядан басқа еңбек армияларын қайтадан жауынгерлік жағдайға көшіруге мәжбүр етті.— *75.*

82 *Үгіт-нұсқау поездары мен пароходтарының жұмысы туралы нұсқауларды* Ленин 1920 жылы 25 январьда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің үгіт-нұсқау поездары істеген жұмыстардың қорытындылары туралы Я. И. Буровтың жасаған баяндамасы бойынша жазған болатын.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің үгіт-нұсқау поездары мен пароходтары бөлімі 1920 жылы 3 февральда былай деп хабарлады: осы нұсқауларға сәйкес бөлім кино комитетімен байланыс орнатты және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің поездары мен пароходтарында үгіт сапарларына шығу туралы ережені әзірлейтін бастапқы комиссия құрылды.— *79.*

83 *«Кооперация туралы қаулылардың жобаларын және директиваларды»* Ленин 1920 жылы 26 январьда өзінің председательдік етуімен өткен кооперация туралы мәселе жөніндегі кеңес үстінде жазған. Лениннің директивалары негізінде кеңес шешім қабылдады; бұл шешім Халық Комиссарлары Советінің «Кооперативтік ұйымдардың барлық түрлерін біріктіру туралы» 1920 жылғы 27 январьдағы декретінің негізі етіп алынды.

Бұл декрет бойынша кредит және несие-жинақ кооперативтік серіктіктері, олардың аудандық, губерниялық және облыстық одақтары тұтынушылар қоғамдарына және олардың одақтарына қосылды. Ауыл шаруашылық, кәсіпшілік кооперациялардың және кооперацияның басқа түрлерінің бүкіл россиялық орталығы Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағымен (Центросоюзбен) оның жеке секциялары правосында біріктірілді. Барлық шараларды жүзеге асыру Азық-түлік халық комиссариаты жанынан ұйымдастырылған Кооперация істері жөніндегі бас комитетке жүктелді. Кооперацияның бүкіл россиялық орталықтарының бәрін Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағымен біріктіруге және кредит кооперациясын тұтынушылар кооперациясымен біріктіруге байланысты Халық Комиссарлары Советінің «Кооперативтік съездер советтерін жою туралы» декреті сол күні — 1920 жылы 27 январьда қабылданды; кооперативтік съездердің бүкіл россиялық және губерниялық советтерінің функциясы мен мүлкі Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы мен губерниялық одақтарына берілді.— *81.*

34 *Халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық III съезі* 1920 жылы 23—29 январьда Москвада өтті. Съезге 500-ден астам адам қатысты. Съездің жұмысына кәсіподақтардың және губерниялық халық шаруашылығы советтерінің өкілдері ғана емес, сонымен бірге ірі өнеркәсіп орындарының жұмысшылары да қатысты. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: Советтік Россияның экономикалық жағдайы, әскери өнеркәсіп және Қызыл Армияны жабдықтау, шаруашылық өмірді басқару ісін ұйымдастыру, еңбек ұйымдастыру, жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі, транспорттағы қазіргі жағдай, отын туралы және басқа мәселелер. Съездің 27 январьдағы пленум мәжілісінде Ленин сөз сөйледі. Ол өзінің сөзінде, негізінен, халық шаруашылығын басқару ісін ұйымдастыру мәселелеріне тоқталды, съезд қабылдамай тастаған дара басшылық принципін қорғады (35-ескертуді қараңыз). Съезд РКП(б) Орталық Комитетінің «Индустрия пролетариатын мобилизациялау, еңбек міндеткерлігі, шаруашылықты әскери тәртіпке бағындыру және әскери бөлімдерді шаруашылық қажеттеріне пайдалану туралы» тезистерін қабылдады. Съезд өзінің шешімдерінде халық шаруашылығын басқаруды орталықтандыруды сақтау қажеттігін атап көрсетті. Бұл орайда жергілікті халық шаруашылығы советтеріне шаруашылық қызметте көбірек дербестік көрсету правосы берілді. Халық шаруашылығы советтерінің үшінші съезі Совет республикасының халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету жөнінде бұдан былай істелетін жұмыстардың жоспарын белгіледі.— *83.*

35 Национализацияланған шаруашылықтың кәсіпорындары мен салаларын басқару ісінде дара басшылыққа көшу 1918 жылдың көктемінде басталған болатын; бұл уақытқа жұмысшы табы басқару жөнінде белгілі бір тәжірибеге ие болған еді; жұмысшы бақылауы органдарында және сайланып қойылатын коллегияларда совет шаруашылық қызметкерлерінің алғашқы кадрлары тәрбиеленіп шығарылды. Өндірісті басқару ісіндегі дара басшылық принципі бәрінен бұрын темір жол транспортында енгізіле бастады. Халық Комиссарлары Советі 1918 жылы 23 мартта «Басқару ісін орталықтандыру, жолдарды күзету және олардың тасымал қабілетін арттыру туралы» декрет қабылдады; бұл декрет бойынша транспортта орталықтандыру, дара басшылық және қатаң тәртіп орнатылды. Ленин 1918 жылы 28 апрельде жарияланған «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақаласында шаруашылықты басқаруға еңбекшілердің кеңінен тартылуымен ұштастырылатын өндірісті басқару ісіндегі дара басшылықтың қажеттігін терең негіздеп берді.

1919 жылдың аяғында, шаруашылық құрылыс мәселелері бірінші кезекке қойылған кезде, кәсіпорындарды басқару ісіндегі коллегиялылық пен дара басшылық туралы мәселе жөнінде айтыс туды. Өндірісті басқару ісіндегі дара басшы-

лықтың лениндік принципіне 1920 жылы 12 январьда ВЦСПС-тің коммунистік фракциясы қарсы шықты; 23—29 январьда болып өткен халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық III съезі де дара басшылыққа қарсы болды; басқарудың коллегиялық формасын ереже ретінде орнықтыру туралы қарар көпшілік дауыспен қабылданды.

Коллегиялылық және дара басшылық туралы мәселе жөніндегі айтысқа партия, кәсіподақ және шаруашылық қызметкерлері қатысты. «Децистер» Т. В. Сапронов, Н. Осинский (В. В. Оболенский), В. Н. Максимовский, В. М. Смирнов коллегиялылықты қорғады, оларды М. П. Томский, А. И. Рыков, А. С. Бубнов және басқалар қолдады. Москва губерниялық партия комитеті де дара басшылыққа қарсы шығып, басқарудың коллегиялылығын жақтады. Харьков губерниялық партия конференциясында «децистер» дара басшылыққа қарсы қарар қабылдата алды, ал Украина КП(б) IV конференциясында (17—23 март, 1920 ж.) өндірісті басқару әдістері туралы қарар дауысқа қойылғанда оны жақтап және қарсы болып берілген дауыстар тең болінді.

РКП(б) IX съезі коллегиялылық пен дара басшылық туралы айтысты біржолата бітірді. Съезд қабылдаған «Шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері туралы» қарарда былай деп атап көрсетілді: «Басқару ісін ұйымдастырғанда негізгі міндет — әңгіме жеке өнеркәсіп орны туралы болсын, немесе өнеркәсіптің бүтіндей бір саласы туралы болсын — білгір, берік, қажырлы басшылық орнату болып табылады». Съезд былай деп нұсқау берді: «өнеркәсіпті басқару дара басшылыққа жақындатылсын, атап айтқанда: шеберханалар мен цехтарда толық және сөзсіз дара басшылық орнатылсын, завод басқармаларында — дара басшылыққа және әкімшілік-өндірістік аппараттың орта және жоғарғы буындарында ықшамдалған коллегияларға қарай қадам басылсын» (РКП(б) тоғызыншы съезі. 1920 жылғы март—апрель. Протоколдар. М., 1960, 410-бет). — *83.*

36 Бұл арада «Правда» газетінің 1920 жылғы 22 январьдағы 14-номерінде жарияланған «РКП(б) Орталық Комитетінің индустрия пролетариатын мобилизациялау, еңбек міндеткерлігі, шаруашылықты әскери тәртіпке бағындыру және әскери бөлімдерді шаруашылық қажеттеріне пайдалану туралы тезистері» және халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық III съезінде тыңдалған «Советтік Россияның экономикалық жағдайы туралы», «Шаруашылық өмірді басқару туралы», «Еңбек ұйымдастыру туралы» баяндамалар айтылып отыр.— *86.*

37 *Қорғаныс Советін (Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советін)* 1918 жылы 30 ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті құрды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысында былай деп көрсетілді: Жұмысшы және Ша-

руа Қорғаныс Советі Совет республикасын әскери лагерь деп жариялаған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1918 жылғы 2 сентябрьдегі декретін жүзеге асыру үшін құрылады. Қорғаныс Советі Совет мемлекетінің елде туып отырған ерекше қиын жағдайдың нәтижесінде дүниеге келген төтенше органы болды. Елдің күші мен қаражатын қорғаныс мүддесіне пайдалануға жұмылдыру ісіндегі бүкіл уәкілдік соған берілді. Қорғаныс Советінің Председателі болып В. И. Ленин тағайындалды.

Қорғаныс Советінің қаулылары орталық және жергілікті ведомстволар мен мекемелер үшін, Совет республикасының барлық азаматтары үшін бірдей міндетті болды. Ол шетел интервенциясы мен азамат соғысы дәуірінде Республиканың ең басты әскери-шаруашылық және жоспарлаушы орталығы болды. Революциялық-әскери советтің және басқа әскери органдардың қызметіне Қорғаныс Советі күшті бақылау жасады.

1920 жылы апрельдің бас кезінде Қорғаныс Советі қайта құрылып, Еңбек және Қорғаныс Советі (СТО) деп аталды. Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің 1920 жылғы декабрьдегі қаулысы бойынша Еңбек және Қорғаныс Советі Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы правосында жұмыс жүргізе бастады, барлық ведомстволардың шаруашылық құрылыс жөніндегі жұмыстарын үйлестіріп отыру оның басты міндеті болды; 1937 жылға дейін жұмыс істеп келді.— *89.*

38 Жұмысшылар мен қызметшілерге сыйлық беру туралы ереже жобасының В. И. Ленин күмәнданған 4-параграфы былайша тұжырымдалған еді: «§ 4. Тағайындалатын жұмыс нормасының негізіне өндіріс құралдары мен жабдықтары бабында болып, өндіріс техникалық жағынан алғанда ең жақсы жағдайда деп табылғанда орындалуы мүмкін жұмыс мөлшері алынсын. Өнеркәсіптің қазіргі қалпының ортақ жағдайлары себепті техникалық жағынан мүмкін деген бұл норма біраз кемітілуге тиіс, бірақ 50 проценттен артық ешбір кемітуге болмайды; бұдан кейін өнімділіктің нақты нормасы белгіленеді, бұл норма әр түрлі өндіріс, кәсіпорын және олардың топтары үшін әр түрлі болуы мүмкін».

Кіші Халық Комиссарлары Советі 1920 жылғы 1 февральдағы мәжілісінде: «Сыйлық беру туралы қаулының жобасы Ленин жолдастың нұсқауларына сәйкес қайта өңдеу үшін Еңбек халық комиссариатына қайтарылсын» деп қаулы алды.

Халық Комиссарлары Советі 1920 жылы 8 июньде «Сыйлық берудің жобаларын бекіту тәртібі туралы» қаулы қабылдады, 10 июньде қаулы «Известия ВЦИК» газетінде жарияланды. — *90.*

39 Бұл арада *жетінші сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясы* айтылып отыр; сессия 1920 жылы 2—7 февральда Москвада өтті. Сессияның күн тәр-

тібі мына төмендегідей болды: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының жұмысы туралы баяндама, халықаралық жағдай, еңбекті және жабдықтау ісін ұйымдастыруға байланысты экономикалық саясат, армияны пайдалануға байланысты еңбек мобилизациясы мәселелері, транспорт, азық-түлік мәселесі, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы, Эстониямен бейбіт келіс сөздердің барысы туралы және басқа мәселелер. 2 февральда сессияда В. И. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы баяндама жасады (қараңыз: осы том, 95—119-беттер). Сессияда «Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы ереже» бекітілді, бұл ереже бойынша Мемлекеттік бақылау халық комиссариаты бұл жұмысқа жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасы тартылатындай етіліп, жұмысшы-шаруа бақылауының аппараты болып қайта құрылды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясы «Транспорт туралы» қарар қабылдады, онда транспортты қалпына келтіру және жақсарту Совет өкіметінің бірінші кезектегі міндеті деп танылды. Сессия қарарларының бірінде халық шаруашылығын электрлендірудің орасан зор маңызы атап көрсетілді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы поляк халқына арналған үндеуді бекітті және Эстониямен бітім шартын бекіту туралы қаулы қабылдады. — *93.*

40 Ленин Антанта елдері үкіметтерінің Советтік Россияға блокада жасауды тоқтатып, Россиямен сауда жасауға рұқсат етуге үйғарғаны жөнінде 1920 жылы 18 январьда орталық газеттерде жарияланған хабарды оқыды. Алайда хабарда бұл қаулы «Совет үкіметі жөніндегі одақтастар саясаты ешбір өзгерді деген сөз емес» деп атап көрсетілді.—96.

41 Ленин атап өткен документтер Совет өкіметі жағына шыққан ақ гвардияшыл офицер Олейниковтан алынған болатын. Ол бұл документтерді Париждегі С. Д. Сазоновтан Швеция арқылы Юденичке жеткізуге тиіс еді.

Документтерде аттары аталғандар: Сазонов — патша үкіметі мен Колчак үкіметінің сыртқы істер министрі және Колчак пен Деникиннің Париждегі өкілі; Гулькевич — Колчактың Швециядағы кіші елшісі; Бахметов — Колчактың Вашингтондағы елшісі; Сукин — Омскідегі Колчак үкіметінің сыртқы істер министрлігін басқарушы (іс жүзінде министр); Саблин — Колчактың Лондондағы дипломатиялық өкілі; Нокс — генерал, ағылшын үкіметінің Колчак жанындағы өкілі.— *101.*

42 Ленин бұл арада Россия Қызыл Крест қоғамының тұтқындарды айырбастау, босқындарды қайтару және т. с. туралы жүргізген келіс сөздерін айтып отыр. — *104.*

[43] В. И. Ленин бұл арада РСФСР Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылы 28 январьда Польша үкіметіне және поляк халқына арнаған мәлімдемесін айтып отыр.

Антанта империалистеріне толық тәуелді болған және Англия мен Франция үкіметтері айдап салған буржуазиялық-помещиктік Польша жас Совет республикасына қарсы ешбір себепсіз, мағынасыз әрі қылмысты соғысқа әзірленді. Совет үкіметі, бейбітшілік саясатын дәйектілікпен және табандылықпен жүргізе отырып, өзінің мәлімдемесінде РСФСР-дің Польша жөніндегі саясаты ұлттың өзін өзі билеу принципін және Поляк республикасының тәуелсіздігі мен суверендігін сөзсіз мойындауды негізге алады деп көрсетті. Совет үкіметі өзінің саясатында Польшаға қарсы агрессиялық пиғыл жоқ екенін растады. Бұл мәлімдемеге толықтыру ретінде 2 февральда VII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясының мәжілісінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің поляк халқына үндеуі қабылданды. Үндеуде Советтік Россияның Польша жөнінде басқыншылық пиғылдары бар деген империалистік мемлекеттердің жаласы әшкереленді және Совет үкіметінің тәуелсіз Польшамен бейбітшілікке және достығы жарасқан тату көршілік қатынастар орнатуға ұдайы ұмтылып келгендігі атап көрсетілді.— *105.*

[44] *Башқұрт автономиялық Совет республикасы* орталық Совет өкіметінің Башқұрт үкіметімен Советтік автономиялы Башқұртстан туралы келісімге келуі нәтижесінде құрылды. Келісімді Халық Комиссарлары Советінің председателі В. И. Ленин және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі бекітті. Келісім Советтік Конституция негізінде автономиялық Башқұрт Совет республикасын құруды белгіледі, республиканың шекарасын және оның әкімшілік жағынан бөлінуін бекітті. Келісім 1919 жылы 23 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 63-номерінде жарияланды.— *107.*

[45] *Татар автономиялық Совет республикасы* 1920 жылы 27 майда құрылды. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің республиканы құру туралы декретіне В. И. Ленин мен М. И. Калинин қол қойды.— *107.*

[46] Ленин бұл арада «Совет республикаларын: Россияны, Украинаны, Латвияны, Литваны, Белоруссияны дүние жүзілік империализмге қарсы күресу үшін біріктіру туралы» Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылы 1 июньде қабылдаған декретін айтып отыр.

Халықаралық империализм мен отандық контрреволюция күштері барлық майдандарда жаппай шабуылға шығып отырғанда, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті, Украина Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 18 майдағы қарарын және Латвияның, Литваның, Белоруссияның ұсы-

ныстарын негізге ала отырып, Россия, Украина, Латвия, Литва, Белоруссия және Қырым советтік социалистік республикаларының әскери ұйымы мен әскери командованиесін, халық шаруашылығы советтерін, темір жол басқармаларын және шаруашылықтарын, финанстарын және еңбек комиссариаттарын тығыз біріктіруді жүзеге асыру қажет деп тапты.

Интервенттер мен ішкі контрреволюцияны жеңіп шығуда орасан зор роль атқарған советтік социалистік республикалардың әскери-саяси одағы осылай қалыптасқан еді.— *108.*

47 Жерді қайта бөлу туралы декрет Халық Комиссарлары Советінде 1920 жылы 30 апрельде қаралып, қабылданды және 13 майда «Известия ВЦИК» газетінің 102-номерінде жарияланды.— *112.*

48 В. И. Ленин бұл арада шаруашылықтың күйзелуіне қарсы күресуді және халық шаруашылығын қалпына келтіруді өзіне міндет етіп қойған үкіметтің бірқатар қаулыларын айтып отыр. Бірінші революциялық еңбек армиясы деп аталған 3-армияны Уралда еңбек мақсаттарына пайдалану туралы қаулыны Халық Комиссарлары Советі 1920 жылы 15 январьда қабылдаған болатын. РСФСР Халық Комиссарлары Советі Бүкіл украиналық Революциялық комитетпен келісе отырып, Украина еңбек армиясы советі туралы ережені 21 январьда қабылдады. Москва-Қазан темір жолы ауданында темір жол транспортын жақсарту үшін Республиканың запастағы армиясының күштері мен құралдарын пайдалану туралы қаулыны Қорғаныс Советі 23 январьда қабылдаған-ды. Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігінің тәртібі туралы қаулы мен жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі жөніндегі комитеттер туралы ережені Халық Комиссарлары Советі 29 январьда қабылдады. Еңбек міндеткерлігі туралы заң негізінен өнімді еңбекпен шұғылданбайтын адамдарға (буржуазияға және онымен байланысты паразиттік элементтерге) қолданылған мұның алдындағы жылдардан өзгеше, бұл заң халықтың барлық топтарына қолданылатын болды. Республиканың әрбір азаматы (еңбекке жарамсыздардан басқалары), тұрақты жұмысына қарамастан, еңбек міндеткерлігінің қайсыбір түрін атқаруға — отын дайындауға және тасуға, ауыл шаруашылық, құрылыс жұмыстарына және т. б. бір рет немесе дүркін-дүркін тартылатын болды. Еңбек мобилизациясына жалпы басшылықты Қорғаныс Советі жүзеге асырып отырды. Жұмыс күшін мобилизациялауға практикалық басшылық жасау үшін Жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі жөніндегі Бас комитет құрылды, оны Ф. Э. Дзержинский басқарды.— *115.*

49 *Бүкіл Россияны электрлендіру жоспары* — Совет республикасының халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің алғашқы ғылыми перспективалық жоспары, оны

В. И. Лениннің тапсырмасы бойынша 1920 жылы Россияны электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік комиссия (ГОЭЛРО) жасаған. Бұл жоспар 10—15 жылға мөлшерленген еді; онда жалпы қуаты 1,5 миллион киловатт 20 жылу электр станциясын (Кизель, Кашира, Штеровск станциялары және басқалар) және 10 су-электр станциясын (Днепр, Свирь, Волхов станциялары және басқалар) салып, 15 жылдың ішінде барлық аудандық электр станцияларының қуатын 1750 мың киловатқа жеткізу көзделді. Электр энергиясын өндірудің жылдық жалпы мөлшерін 8,8 миллиард киловатт-сағатқа жеткізу белгіленді, ал 1913 жылы Россияда не бары 1,9 миллиард киловатт-сағат электр энергиясы өндірілген еді. Жоспарда өнеркәсіпті елдің барлық территориясына тиімді түрде, біркелкі орналастыру көзделді. Жоспар бойынша өнеркәсіп өнімін шығаруды 1913 жылғы өндіріс дәрежесімен салыстырғанда 80—100%, ал 1920 жылғы өндіріс дәрежесімен салыстырғанда әлденеше есе арттыру белгіленді. ГОЭЛРО жоспары негізінен алғанда 1931 жылдың өзінде-ақ орындалды. 1931 жылы СССР-де электр энергиясын өндіру он жылдың ішінде 20 еседен астам артып, 10,7 миллиард киловатт-сағатқа жетті. 1935 жылдың аяғында ГОЭЛРО жоспары барлық негізгі көрсеткіштер бойынша едәуір асыра орындалды.— *118.*

50 *Москва торабы теміржолшыларының конференциясы* 1920 жылы 5—6 февральда Москвада өтті. Конференцияға 1000-нан астам адам қатысты. Мынадай күн тәртібі қабылданды: халықаралық жағдай, шаруашылық күйзелісіне қарсы күрес және еңбек міндеткерлігі, транспорт, әлеуметтік қамсыздандыру, РКП-ның пролетарлық революциядағы міндеттері, денсаулық сақтау, азық-түлік мәселесі.

Конференция транспорт еңбек майданының басты учаскесі деп саналған күндерде өтті. Заводтар мен фабрикаларға шикізат пен отын, халыққа азық-түлік тасып жеткізу транспорттың жағдайына байланысты болды. Ең қысқа уақыттың ішінде мыңдаған паровоздар мен вагондарды жөндеп, темір жолдарды түзеу, көпірлерді қалпына келтіру қажет болды. Партия коммунистерді мобилизациялауды жариялап, таңдаулы күштерін транспортқа жіберді. Конференция ашылған күні В. И. Ленин сөз сөйледі. Конференция қабылдаған қарарда тылдың барлық назары мен жұмысшы табының күшжігерін Советтік Россияның ішкі құрылысына, әсіресе өнеркәсіптік-экономикалық майданға шоғырландыру ұсынылды. Конференция барлық теміржолшыларды «қатаң еңбек тәртібі бар транспорт жөніндегі Қызыл жұмысшы армиясына» айналуға шақырды.— *120.*

51 В. И. Ленин бұл арада Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советінің «Транспорттағы жағдай туралы» мәселе талқыланған (баяндамашы Ленин) 1920 жылғы 2 февральдағы мәжілісін айтып отыр. Қорғаныс Советі бұл мәселе жөніндегі қаулыла-

рында темір жол транспортын көтеру үшін бірқатар шұғыл шаралар белгілеген болатын (қараңыз: Лениннің XXIV жинағы, 63—67-беттер). — *121.*

52 *Губерниялық төтенше комиссиялардың төртінші конференциясында сөйленген сөзді* В. И. Ленин 1920 жылғы 6 февральдағы таңертеңгі пленум мәжілісінде айтқан болатын. Конференция Совет елі Колчакты, Деникинді және Юденичті талқандап, уақытша тыныс алуға қолы жетіп, шаруашылық құрылысының мәселелерімен шұғылдануға мүмкіндік алған кезеңде өтті.

Ленин Совет республикасының халықаралық және ішкі жағдайын сипаттай келіп, төтенше комиссиялардың соғыстан бейбітшілікке көшудің жаңа жағдайындағы міндеттерін белгіледі, Совет елінің алдында тұрған шаруашылық қиыншылықтарын шешудегі және жеңудегі, ең алдымен транспорттағы күйзелісті жоюдағы олардың ролін көрсетіп берді. Конференцияның төрт күнгі жұмысы кезінде алға қойылған барлық мәселелер бойынша толық бірауыздылық бар екені айқындалды.

Конференцияға шешуші дауыспен 69 делегат, кеңесші дауыспен 7 делегат келді. Делегаттардың барлығы коммунистер болатын, мұның өзінде шешуші дауысы бар 69 делегаттың көпшілігі партияға Октябрь революциясынан көп бұрын кіргендер еді. Әлеуметтік жағдайы жағынан көпшілігі жұмысшылар болды. «Правда» газетінің 1920 жылғы 8 февральдағы 28-номерінде жарияланған «Губерниялық төтенше комиссиялардың конференциясы» деген заметкасында осы конференцияға қатысушы Лацис жолдас: «Совет өкіметі төтенше комиссияға қатерлі қаруды ұстатты, бірақ сонымен бірге ол бұл қарудың сенімді қолда болуына да қамқорлық жасады»,— деп атап корсетті. — *123.*

53 Бұдан әрі қолжазбада В. И. Лениннің мынадай мазмұндағы нұсқауы бар: «Әрі кеткенде ертеңнен қалдырмай бұл қарарды дәлірек етіп редакциялап, күні ертең Украина революциялық комитетіне телеграф арқылы шифрмен беру Троцкий мен Раковскийге тапсырылсын».— *133.*

54 В. И. Ленин бұл арада VII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясы қабылдаған Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы ережені айтып отыр. Совет республикасының алдына қойылған шаруашылық-экономикалық және әкімшілік міндеттердің ұлғаюына байланысты, 1919 жылғы 12 апрельдегі декрет бойынша Мемлекеттік бақылауға халық шаруашылығы мен мемлекеттік басқару ісінің барлық салаларында Совет өкіметінің декреттері мен қаулыларының жүзеге асырылуын бақылау және қадағалап отыру жүктелген болатын. Жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасын Мемлекеттік бақылауға қатысуға және

мемлекеттік аппаратты басқаруға тарту мақсатымен орталықтағы және жергілікті жерлердегі Мемлекеттік бақылау социалистік бақылаудың бірыңғай органы етіліп қайта ұйымдастырылып, ол «Жұмысшы-Шаруа инспекциясы» деп аталды (28-ескертуді қараңыз).— *138.*

55 *«Le Populaire»* («Халық Газеті») — француз центристері негізін қалаған газет; 1916 жылдан бастап Лиможде, 1917 жылғы июльден бастап Парижде шығып тұрды. Газет 1921 жылдан бастап Француз социалистік партиясының органына айналды. Қазіргі уақытта газет оңшыл социалистердің қолында.—*140.*

56 *Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитетті* (Comité pour la Reconstruction de L'Internationale) Француз социалистік партиясының Жан Лонге бастаған центристік элементтері 1919 жылдың аяғында құрды. Француз социалистік партиясы ішінде партияның II және III Интернационалдарға көзқарасы туралы мәселенің төңірегінде шиеленіскен күрес жүріп жатқан еді. Оңшыл социалистер—Ренодель, Грумбах, Пуасон, II Интернационалды сақтап қалуды және Француз социалистік партиясының бұдан былай да осы Интернационалда болуын жақтады. Партиялық бұқараның ықпалымен центристер Француз социалистік партиясының II Интернационалдан шығуын жақтап пікір білдірді, бірақ олар бұдан әріге бара алмады. Олар II Интернационалды «қайта құруды» ең жақсы шешім болады деп есептеді. Партияның 1920 жылы декабрьде Турда өткен съезінде Француз социалистік партиясының көпшілігі III, Коммунистік Интернационалға сөзсіз қосылу керектігін жақтағанда, Блюм, Ренодель, Лонге бастаған оңшылдар мен центристер съезден кетіп қалды, сөйтіп партияның жікке бөлінуін ақырына дейін жеткізіп, социалистік партияны (жұмысшы Интернационалының француз секциясын) құрды, ал съездің көпшілігі Коммунистік партияны (Коммунистік Интернационалдың француз секциясын) құрды. Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің көсемдері — Ж. Лонге, П. Фор және басқалар — кейін II Интернационал қатарына қайтып оралды.— *140.*

57 *Француз социалистік партиясы* Франция социалистік партиясы (гедистер) мен Француз социалистік партиясының (жоресистер) қосылуы нәтижесінде 1905 жылы құрылған болатын. Біріккен партияны реформистер басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан бастап партияның басшылары социал-шовинизм позициясына, империалистік соғысты ашық қолдап, буржуазиялық үкіметке қатысу позициясына көшті. Партия ішінде Ж. Лонге басқарған, социал-пацифизм позициясында болып, социал-шовинистер жөнінде келісімпаздық саясат жүргізген центристік бағыт бар еді. Сондай-ақ Француз социалистік партиясы ішінде интернационалистік

позиция ұстаған және көбінесе партияның қатардағы мүшелерінің өкілі болған солшыл, революциялық қанат та болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін партия ішінде, бір жағынан, ашық реформистер мен центристер және, екінші жағынан, партияға қатардағы жұмысшылардың жаппай кіруі арқасында күшейген солшыл, революциялық қанат арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Партияның 1920 жылы декабрьде Турда өткен съезінде революциялық қанат көпшілік дауыс алды. Съезд партияның Коммунистік Интернационалға қосылуы жөнінде шешім қабылдады және Франция Коммунистік партиясын құрды. Реформистік-центристік көпшілік партиядан бөлініп шығып, дербес партия құрды және партияның Француз социалистік партиясы деген бұрынғы атын сақтап қалды.— *140.*

58 *«La Vie Ouvrière»* («Жұмысшы Өмірі»)—газет, Франция революцияшыл синдикалистерінің апталық органы; 1919 жылғы апрельден 1939 жылға дейін Парижде шығып тұрды, бұдан кейін жабылып қалды. Газетті шығару 1944 жылы қайта қолға алынды. Қазіргі уақытта «La Vie Ouvrière» француз жұмысшы табының кәсіптік ұйымы — Жалпы еңбек конфедерациясының органы болып табылады.— *140.*

59 *«Коммунистический Интернационал»* («Коммунистік Интернационал»)—журнал, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің органы, орыс, неміс, француз, ағылшын, испан және қытай тілдерінде шығып тұрды. Бірінші номері 1919 жылы 1 майда шықты. Журналда теориялық мақалалар және Коммунистік Интернационалдың документтері басылып тұрды, онда Лениннің бірқатар мақалалары жарияланды. Журналда халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыс проблемаларына байланысты маркстік-лениндік теорияның негізгі мәселелері жазылып тұрды; журнал Совет Одағындағы социализм құрылысының тәжірибесін де көрсетті; әр түрлі антилениндік ағымдарға қарсы күрес жүргізді. Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының Коммунистік Интернационалды тарату туралы 1943 жылғы 15 майдағы қаулысына байланысты 1943 жылдың июнінде журналды шығару тоқтатылды.— *140.*

60 Бұл арада әңгіме 1919 жылдың 21 июлінде өткізілмекші болған жұмысшылардың халықаралық саяси стачкасы туралы болып отыр; бұл стачка орыс және венгр істеріне империалистік үкіметтердің қол сұқпауын талап етіп, орыс және венгр революцияларын қолдау ұранымен өткізілуге тиіс еді. Англияда, Италияда, Германияда, Норвегияда және басқа елдерде белгіленген күні жекелеген ереуілдер болып өтті. Бірақ барлық елдер пролетариатының бірыңғай бой көрсетуінің сәті түспеді.

Социалистік партиялар мен кәсіподақтардың оңшыл лидерлері халықаралық стачканың жүзеге асырылуына кедергі келтіру үшін қолдан келген әрекеттердің бәрін істеп бақты. Француз социал-келісімпаздары сатқындық әрекет жасады. Алғашқы кезде жұмысшыларды алдау мақсатымен Жуо, Мергейм және Жалпы еңбек конфедерациясының басқа да басшылары стачканы жақтаймыз деп мәлімдеді, ал кейіннен, стачканы өткізу қарсаңында, оны кейінге қалдыра тұруды ұсынып, бұл арқылы стачканы сәтсіздікке ұшыратты.— *140.*

61 *«Avanti!»* («Алға!»)—күнделікті газет, Италиян социалистік партиясының орталық органы; 1896 жылы декабрьде Римде құрылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет реформистерден қол үзбей, дәйексіз интернационалистік позиция ұстады. 1926 жылы газетті Муссолинидің фашистік үкіметі жауып тастады, бірақ шетелде одан әрі шығарыла берді; 1943 жылдан қайтадан Италияда шығып тұрады.— *141*.

62 *I. L. P.— Independent Labour Party* (Англия тәуелсіз жұмысшы партиясы)—стачкалық күрес жанданған және Англия жұмысшы табының буржуазиялық партияларға тәуелсіз болу жолындағы қозғалысы күшейген жағдайда 1893 жылы «жаңа тред-юниондардың» басшылары негізін қалаған реформистік ұйым. Тәуелсіз жұмысшы партиясына «жаңа тред-юниондардың» және бірқатар ескі кәсіподақтардың мүшелері, фабийшылдардың ықпалындағы интеллигенция мен ұсақ буржуазияның өкілдері кірді. Партияны К. Гарди мен Р. Макдональд басқарды. Тәуелсіз жұмысшы партиясы өзі құрылған кезден бастап-ақ буржуазиялық-реформистік позиция ұстады, күрестің парламенттік формасына және либералдық партиямен парламенттік мәмлеге келуге баса назар аударды. Тәуелсіз жұмысшы партиясын сипаттай келіп, Ленин былай деп жазды: «іс жүзінде бұл әрқашан да буржуазияға тәуелді болып келген оппортунистік партия» (Шығармалар толық жинағы, 39-том, 97-бет). — *141.*

63 *«Die Rote Fahne»* («Қызыл Ту»)— газет, Австрия Коммунистік партиясының орталық органы. 1918 жылғы ноябрьден Венада шығып тұрды. Әуелі «Der Weckruf» («Ұран») деген атпен, 1919 жылғы январьдан бастап «Die Soziale Revolution» («Әлеуметтік Революция») деген атпен, ал 1919 жылғы июльден бастап «Die Rote Fahne» деген атпен шыға бастады. 1933 жылы «Die Rote Fahne» құпия жағдайға көшуге мәжбүр болды. 1945 жылғы августан бастап «Österreichische Volksstimme» («Австрия Халық Үні») деген атпен шығып тұрды, 1957 жылғы 21 февральдан бастап ол «Volksstimme» деп аталады. — *142.*

64 *«L'Humanité»* («Адамзат»)— күнделікті газет; Француз социалистік партиясының органы ретінде 1904 жылы Ж. Жорес

негізін салған. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болып, социал-шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы газеттің басшысы, оның саяси директоры француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен болды. 1918—1920 жылдары газет Совет республикасына қарсы күресу үшін өзінің қарулы күштерін жіберген француз үкіметінің империалистік саясатына қарсы шықты. 1920 жылғы декабрьден бастап, Француз социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін, газет Франция Коммунистік партиясының орталық органына айналды.

«La Bataille» («Күрес») — газет, француз анархо-синдикалистерінің органы; жабылған «La Bataille Sindicaliste» («Синдикалистік Күрес») газетінің орнына 1915 жылдан 1920 жылға дейін Парижде шығып тұрды. Грав, Гюйом, Дюбрейли, Жуо, Корнелиссен және басқалар газетке басшылық етіп қатысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында газет социал-шовинистік позицияда болды. — *144.*

65 Ленин бұл арада Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының 1919 жылы 30 ноябрьден 6 декабрьге дейін Лейпцигте өткен төтенше съезін айтып отыр.— *144.*

66 *Базель манифесі* — соғыс туралы манифест, ол 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде болып өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресте қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік соғыс қаупінен сақтандырды, бұл соғыстың тонаушылық мақсаттарын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын» қарсы қоюға шақырды. Базель манифесіне Штутгарт конгресінің (1907) қарарынан В. И. Ленин алып тұжырымдаған пункт енгізілді, онда империалистік соғыс бастала қалған жағдайда социалистер соғыс тудыратын экономикалық және саяси дағдарысты социалистік революция жолындағы күрес үшін пайдалануға тиіс делінген.— *149.*

67 В. И. Ленин бұл арада Гётенің «Фауст» трагедиясынан Вагнердің сөзін айтып отыр:

«Кітапхана — маған қызық тақырып,
Томнан томды жатқан қандай сапырып!»— *149.*

68 РКП(б) IX съезінің күн тәртібі 1920 жылы 11 февральда «Правда» газетінің 30-номерінде жарияланды.— *153.*

69 Қызыл Армия Колчак пен Деникинді жеңгеннен кейін американ баспасөзі, өзінің кәсіпкер топтарының ниғылын білдіре отырып, В. И. Лениннен интервью беруін екі рет өтінді. 1920 жылы 18 февральда Ленин американ информациялық агент-

тігі «Universal Service»-нің Берлиндегі тілшісі Карл Вигандтың сұрақтарына жауап берді. Лениң жауабының тексті радиограмма арқылы Берлинге хабарланды да, одан 1920 жылы 21 февральда Нью-Йоркке берілді; сол күні кешке Лениннің жауабы «New York Evening Journal»-да «Большевиктердің мақсаты — бейбітшілік және көбірек сауда жасау,— дейді Ленин» деген тақырыппен басылып шықты. В. И. Лениннің жауаптары сонымен бірге неміс коммунистік және социалистік баспасөзінде де көшіріліп басылды. — *158.*

70 Лондондағы консервативтік «Daily Express» («Күнделікті Экспресс») газетінің Копенгагенге келген арнаулы тілшісі В. И. Лениннен төрт сұраққа жауап беруді өтінген болатын. Лениннің жауабы Копенгагенде 22 февральда алынып, келесі күні «Daily Express» газетінде басылып шықты.— *162.*

В. И. Ленин 1920 жылы февральдың орта кезінде американ буржуазиялық «The World» («Әлем») газетінің тілшісі Линкольн Эйрге интервью береді. Бұл Советтік Россияда халық шаруашылығын қалпына келтірудің және қайта құрудың жоспарлары жасала бастаған, Совет үкіметі капиталистік елдермен дипломатиялық және сауда қатынастарын орнатудың кең көлемді программасын ұсынған кез еді. В. И. Ленинмен ауызба-ауыз сөйлесіп интервью алу үшін Россияға жіберілген Линкольн Эйрді және кинооператор Виктор Кьюбсті Ленин сол күндері қабылдаған-ды. Әңгіме алғашында Лениннің жұмыс кабинетінде, одан кейін оның Кремльдегі пәтерінде ағылшын тілінде өтті. Әңгіме бір сағатқа созылды және аса маңызды мәселелерді қамтыды. Лениннің интервьюі «The World» газетінде 1920 жылы 21 февральда басылды. Интервью Батыс Европа мен Американың көптеген газеттерінде жарияланды.— *164.*

72 *РСФСР мен Литва арасындағы бітім шарты* 1920 жылы 12 июльде Москвада жасалды. РСФСР мен Латвия арасындағы бітім шарты 1920 жылы 11 августа Ригада жасалды. — *169.*

73 Ленин украин шпилкашыл мұғалімдерін атап өткенде, Украина мұғалімдер одағын айтып отыр; бұл одақты петлюрашыл элементтер басқарған еді.

Вус — Бүкіл россиялық мұғалімдер одағы.— *174.*

74 *Ұлттар лигасы* — бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстардың аралығындағы кезеңде болған халықаралық ұйым. Ол 1919 жылы бірінші дүние жүзілік соғыста жеңіске жеткен державалардың Париж бейбітшілік конференциясында құрылды. Ұлттар лигасының уставы 1919 жылғы Версаль бітім шартының бір бөлігі болды және оған 44 мемлекет қол қойған еді. Ұлттар лигасының қызметін Ассамблея, Ұлттар лигасы

советі және бас секретарь басқаратын тұрақты Секретариат жүзеге асырып отырды. Ұлттар лигасының уставы бұл ұйым агрессияға қарсы күресу, қару-жарақты қысқарту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту мақсатын көздейді деген әсер тудыратындай етіп жасалды. Шындығына келгенде Ұлттар лигасының басшылары агрессорларды қолпаштап, жанталаса қаруланууды және екінші дүние жүзілік соғысқа әзірленуді көтермеледі.

1920 жылдан 1934 жылға дейінгі кезеңде Ұлттар лигасының қызметі Совет Одағына дұшпандық сипатта болды. 1920—1921 жылдары Ұлттар лигасы Совет мемлекетіне қарсы қарулы интервенцияны ұйымдастыру орталықтарының біріне айналды.

1934 жылы 15 сентябрьде француз дипломатиясының инициативасы бойынша Ұлттар лигасына мүше 34 мемлекет Совет Одағына Лигаға кіру жөнінде усыныс жасады. Бейбітшілікті нығайту жолында күресу мақсатын көздеген СССР Ұлттар лигасына кірді. Алайда СССР-дің бейбітшілік майданын құру жөніндегі әрекеттері батыс державалардың реакцияшыл топтарының қарсылығына кездесе берді. Екінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейін Ұлттар лигасының қызметі іс жүзінде тоқтап қалды. Арнайы шақырылған Ассамблеяның қаулысы бойынша 1946 жылы апрельде Ұлттар лигасы ресми түрде таратылды.— *175.*

75 Бұл арада пролеткультшілдер — Пролеткульт мәдени-ағарту ұйымының мүшелері айтылып отыр. Тәуелсіз дербес жұмысшы ұйымы ретінде 1917 жылы сентябрьде-ақ пайда болған Пролеткультке басшылық ету ісі А. А. Богдановтың және оның жақтастарының қолына шоғырланды. Пролеткульт Октябрь революциясынан кейін де өзінің «тәуелсіздігін» қорғауын тоқтатпады, сол арқылы өзін пролетарлық мемлекетке қарсы қойды. Осының салдарынан Пролеткультке буржуазиялық интеллигенттер еніп кетіп, шешуші ықпал ете бастады. Пролеткультшілдер іс жүзінде бұрынғы мәдени мұраның маңызын жоққа шығарды, бұқаралық мәдени ағарту жұмысының міндеттерінен жалтаруға және өмірден қол үзіп, «лабораториялық жолмен» айрықша «пролетарлық мәдениетті» жасауға тырысты. Пролеткульттің басты идеологы Богданов марксизмді сөз жүзінде мойындап, іс жүзінде субъективтік-идеалистік, махистік философияны уағыздады. Пролеткульт біртекті ұйым болған жоқ. Пролеткульттің көптеген ұйымдарына жетекшілік еткен буржуазиялық интеллигенттермен қатар, ол ұйымдарға Совет мемлекетінің мәдени құрылысына шын ниетімен көмектесуге тырысқан жұмысшы жастар да енді. Пролеткульт ұйымдары 1919 жылы барынша дамыды. 20-жылдардың бас кезінде олар құлдырай бастады; 1932 жылы Пролеткульт өзінің өмір сүруін тоқтатты.

В. И. Ленин «Пролетарлық мәдениет туралы» қарардың жобасында (қараңыз: Шығармалар, 31-том, 319—320-беттер),

өзінің басқа да бірқатар еңбектеріндегі сияқты, Пролеткульттің қате бағытын батыл сынады.— *180.*

[76] *Еңбекші казактардың Бүкіл россиялық I съезі* 1920 жылы 29 февраль — 6 мартта өтті. Съезге казактар тұратын барлық облыстардың дерлік өкілдері болып саналатын 339 делегат қатысты. Съездің күн тәртібіне казак облыстарындағы совет құрылысы туралы, азық-түлік саясаты туралы, халық шаруашылығын ұйымдастыру туралы және т. б. мәселелер қойылды. Съездің жұмысына В. И. Ленин қатысты, ол өзінің 1 мартта сөйлеген сөзінде еңбекші казактар түсуге тиісті жолды көрсетіп берді. Съезд казактар ерекше халық немесе ұлт болып табылмайтындығын, қайта орыс халқының ажырамас бөлегі болып саналатындығын және олар Советтік Россиядан бөлініп шығуды мақсат етпейтіндігін көрсетіп берді. Съезд казактардың помещиктермен және буржуазиямен байланысты жоғарғы тобының казактарды барлық еңбекшілердің ортақ ісінен бөліп әкетуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі. Съездің қарарында еңбекші казактардың негізгі міндеті Советтік Россияның жұмысшыларымен және шаруаларымен одақ болып топтасу екендігі атап көрсетілді. Съезд еңбекші казактардың барлық жұмысшылармен және шаруалармен бірге жалпы негізде Совет өкіметі органдарына қатысуын жақтады, казактарды жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайтуға, барлық күш-жігерді елдегі шаруашылық күйзелісін жоюға жұмылдыруға шақырды.— *181.*

[77] Ленин бұл арада *«Бітім туралы декретті»* айтып отыр, ол жұмысшы және солдат депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық II съезінде 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) қабылданды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 35-том, 13—18-беттер).— *185.*

[78] В. И. Ленин бұл арада Брест-Литовскідегі келіс сөздерде герман делегациясы ұсынған бітімнің тонаушылық шарттарына қарсы наразылық білдіру ретінде 1918 жылы 28 январьда басталған Германия жұмысшыларының стачкасын айтып отыр. Қару-жарақ заводтарының 500 мыңнан астам жұмысшысы жұмысты тоқтатты. Ереуілшілер совет делегациясының ұсыныстары негізінде аннексиясыз және контрибуциясыз бітім жасасуды, бейбіт келіс сөздерге барлық елдер жұмысшылары өкілдерінің қатысуын, елдегі төтенше жағдайды жоюды, халыққа демократиялық праволар берілуін талап етті. Көп ұзамай Берлин жұмысшыларына Гамбургтің, Кильдің, Рур облысының, Лейпцигтің және басқа өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары қосылды. Январьдағы саяси ереуілге барлығы 1 миллионнан астам адам қатысты. Ереуілдердің барысында бірқатар қалаларда жұмысшы депутаттарының Советтері құрылды.

Ереуілге негізінен алғанда төменгі кәсіподақ ұйымдарының активистерінен жұмысшылар сайлаған революцияшыл старосталар басшылық етті. Алайда революцияшыл старосталардың көпшілігі қызметін келісімпаздар бағыттап отырған Тәуелсіз социал-демократиялық партияның қатарындағылар еді. Бұл ереуілшілердің күштерін әлсіретті.

Январьдағы саяси ереуіл жұмысшылардың жеңіліске ұшырауымен аяқталды, бірақ оның маңызы орасан зор болды. В. И. Ленин бұл ереуілді «неміс пролетариатының пиғылындағы бетбұрыс пункт» деп бағалады (Шығармалар толық жинағы, 36-том, 575-бет). — *185.*

79 Бұл арада РКП(б) Орталық Комитеті жанынан құрылған шетелдік коммунистік топтар 1918—1919 жылдары шығарып тұрған газеттер айтылып отыр; бұл газеттер интервенттердің әскерлерінде және соғыс тұтқындары арасында тарату үшін ағылшын, неміс және француз тілдерінде шығарылды. Ағылшын тілінде «The Call» («Үндеу») газеті шығарылып, Солтүстік майданда таратылды. Неміс тілінде екі басылым: «Der Völkerfriede» («Халықтар Бейбітшілігі») және «Weltrevolution» («Дүние жүзілік Революция») газеттері шығарылды. Бұл екі басылым да герман соғыс тұтқындары арасында және Украинада таратылды. Француз тілінде Россияның оңтүстігінде таратылған «La Lanterne» («Фонарь») апталығы шығарылды.— *187*.

80 *«The Times»* («Замана»)— 1785 жылы Лондонда құрылған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консервативтік газеттерінің бірі.— *190.*

81 Бұл арада В. И. Лениннің 1917 жылы 18 (31) декабрьде Финляндия буржуазиялық үкіметінің басшысы Свинхувудқа Халық Комиссарлары Советінің Финляндияның тәуелсіздігін тану туралы қаулысын табыс етуі айтылып отыр. Бұл қаулыны 1917 жылы 22 декабрьде (1918 жылы 4 январьда) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті бекітті.— *190.*

82 Ленин бұл арада Германиядағы әскери-монархиялық төңкерістің әзірленіп жатқанын айтып отыр. «Капп бүлігі» деп аталатын бұл төңкерісті Капп бастаған реакцияшыл герман соғысқұмарлары жасаған болатын. Заговоршылар төңкерісті социал-демократиялық үкіметтің көрінеу жол беруі нәтижесінде дайындады. 1920 жылы 13 мартта олар әскери бөлімдерді Берлинге аттандырып, үкімет тарапынан қарсылық кездестірмей-ақ, оны орнынан түсірілді деп мәлімдеді, сөйтіп әскери диктатура жариялады. Германия жұмысшылары бұл төңкеріске жаппай ереуіл жасаумен жауап берді. Пролетариаттың тегеуріні арқасында Капп үкіметі 17 мартта құлады; өкімет басына тағы да социал-демократтар келді, олар алдау жолымен жаппай ереуілді сәтсіздікке ұшыратты.— *196.*

[83] 1772 жылғы шекараға қайта оралу ұранының мәнісі Белоруссияны, Литваны, Украинаның Днепрдің орта ағысына дейінгі бөлегін, Латвияның оңтүстік бөлегін басып алу деген сөз еді және ол поляк буржуазиясы мен помещиктерінің агрессияшыл шовинистік пиғылдарын бейнеледі.— *197.*

[84] *«Всемедиксантруд» одағы емдеу-санитария ісі қызметкерлерінің Бүкіл россиялық екінші съезі* 1920 жылы 25 февраль — 2 мартта өтті. Съезге 312 адам, оның ішінде 125 коммунист қатысты. Съездің күн тәртібі мына төмендегідей болды: «Всемедиксантруд» Орталық Комитетінің қызметі туралы есеп, смета-финанс комиссиясын сайлау, ұйымдық мәселе жөніндегі баяндама, республиканың санитарлық жағдайы, республикада емдеу жөнінде көмек көрсетуді ұйымдастыру және басқа мәселелер. 1 мартта В. И. Ленин қысқаша сөз сөйлеп, съезді құттықтады. Съезд халықтың денсаулығын сақтау ісін ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударды. Съезд сонымен бірге медицина қызметкерлерінің жаңа кадрларын даярлауға қатысты мәселелерді талқылады және медициналық кәсіби білім беру ісін жолға қоюдың жоспарын белгіледі.— *205.*

[85] Троцкий тезистерінің жобасында бірінші параграф «Еңбекке деген ерік туралы» деп аталды (қараңыз: «РКП(б) тоғызыншы съезі. Март—апрель, 1920 жыл. Протоколдар». М., 1960, 533-бет).— *207.*

[86] Кәмелетке толмағандарға жүргізілетін сот туралы декреттің Халық ағарту комиссариаты ұсынған жобасы Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 4 марттағы мәжілісінде талқыланып, Лениннің түзетулерімен бекітілді. Халық Комиссарлары Советінің председателі В. Ульянов (Ленин) қол қойған бұл декрет 6 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 51-номерінде «Қоғамға қауіпті әрекеттер жасағаны үшін айыпталған кәмелетке толмағандардың істері туралы» деген атпен жарияланды.— *211.*

[87] В. И. Ленин 1920 жылы 16 февральда № 3 Мемлекеттік кондитер фабрикасынан (қазіргі «Большевик» фабрикасы) және Николай (қазіргі Октябрь) темір жолының Ховрино станциясының жұмысшылары мен қызметшілерінен Москва Советіне депутат болып сайланды; 20 февральда Москва Советінің мүшесі болып бекітілді және № 1 депутаттық билет алды (қараңыз: осы том, 385-бет). Москва қалалық Советі мүшесінің № 1 депутаттық билеті осы күнге дейін В. И. Лениннің билеті деп есептеледі. Халық депутаттары Москва қалалық Советінің әрбір сайлауында № 1 депутаттық билет В. И. Лениннің атына жазылады, қалған депутаттық билеттер № 2-ден бастап беріледі.— *212.*

[88] 1919 жылы 23 декабрьде Халық Комиссарлары Советінде совет шаруашылықтарынан алынған артық азық-түлік өнімде-

рінің мөлшері туралы мәселе талқыланды. Халық Комиссарлары Советі Азық-түлік халық комиссариатының, Егіншілік халық комиссариатының, Халық шаруашылығы жоғары советінің, Орталық статистика басқармасының және ВЦСПС-тің өкілдері енгізілетін комиссия ұйымдастыруға қаулы алды. Комиссия Лениннің нұсқауы бойынша есеп жүргізуді және совхоздарға бақылау жасауды жақсы жолға қою туралы және оларды ұйымдастыру ісін жақсарту шаралары туралы практикалық ұсыныстар әзірлеуге тиіс болды. Комиссияны шақыру С. П. Середаға жүктелді; оның Халық Комиссарлары Советінде бұл мәселе жөнінде жасайтын баяндамасы үш аптадан кейін тыңдалатын болып белгіленді.

1920 жылы 27 январьда Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде совхоздарды басқару туралы нұсқаудың Середа баяндаған жобасы қаралды. Халық Комиссарлары Советі бұл жобаны бекітті. Комиссияның Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 23 декабрьдегі мәжілісінде тыңдалуға тиісті баяндамасы 1920 жылғы 9 марттағы мәжілісте талқыланды. Бұл мәселе қаралған кезде Ленин жоғарыда басылған Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын ұсынды. Комиссияның баяндамасы бойынша түпкілікті шешімге келу Халық Комиссарлары Советінің келесі мәжілісіне дейін кейінге қалдырылды. Халық Комиссарлары Советі комиссияның председателі С. П. Середаға «осы мәселе бойынша барлық қаулылардың дәл текстін және осыған байланысты әзірленген қаулының жобасын табыс етуді» жүктеді. Егіншілік халық комиссариаты әзірлеген «Совхоздарды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы қаулының жобасын» Халық Комиссарлары Советі 1920 жылы 15 апрельде бекітті. — *230.*

89 *Су транспорты жұмысшыларының Бүкіл россиялық үшінші съезі* 1920 жылы марттың 15-інен 23-іне дейін Москвада өтті. Съезге 161 делегат, оның ішінде 144 коммунист қатысты. Делегаттардың арасында Сибирьдің, Архангельскінің, Украинаның өкілдері болды. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: ағымдағы кезең және кәсіподақтардың міндеттері, Орталық комитеттің және тексеру комиссиясының баяндамасы, халықаралық кәсіптік қозғалыс, азық-түлік мәселесі, кәсіподақтар және халық шаруашылығын басқару органдары, кәсіптік-техникалық білім беру, мәдени-ағарту қызметі және басқалар. 15 мартта, съезд ашылған күні, Халық Комиссарлары Советінің атынан В. И. Ленин сөз сөйледі. — *231.*

90 В. И. Ленин бұл арада РКП(б) Орталық Комитетінің партияның IX съезіне арналған «Шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері» деген тезистерін айтып отыр; бұл тезистер «Известия ЦК РКП(б)»-ның 1920 жылғы 12 марттағы 14-номерінде жарияланды (қараңыз: «РКП(б) тоғызыншы съезі. Март—апрель, 1920 жыл. Протоколдар». М., 1960, 538—544-беттер).— *233.*

91 ВЦСПС коммунистік фракциясының мәжілісі «Экономическая Жизнь» газетінің 1920 жылғы 10 марттағы 54-номерінде жарияланған кәсіптік одақтардың міндеттері туралы М. П. Томскийдің тезистерін талқылау үшін 1920 жылы 15 мартта шақырылды. Томскийдің тезистері ВЦСПС фракциясы бөлген комиссияда алдын ала талқыланды, алайда комиссия тезистердің барлық принципті қағидаларын сақтап қалды. Тезистердің авторы өнеркәсіп орындарын коллегиялы түрде басқару көзқарасында болатын, сөйтіп бұл қағиданы өзінің тезистерінде де келтірді, ВЦСПС фракциясының көпшілігі бұл тезистерді қолдады. В. И. Ленин фракция мәжілісінде бірнеше рет сөз сөйлеп, шаруашылық кәсіпорындарын басқарудағы дара бастылық принципін қорғады, Томский тезистерінің жеке пункттерін сынға алды немесе ол пункттерге түзету енгізді.— *240.*

92 Советтік кәсіпорындарды басқарудың талассыз типі әлі толық жасалып болмауына байланысты толық дара басшылыққа жету жолында өнеркәсіпті басқару ісінде әр түрлі әдістер араластырылып қолданылуына жол берілді, атап айтқанда олар мыналар: 1. Кәсіпорынды жұмысшылардан шыққан өкім-директор басқарады, оның жанында, техникалық жағынан көмекші болып, маман, инженер істейді. 2. Кәсіпорынды іс жүзінде кәсіпорын басшысы болып табылатын маман-инженер басқарады, ал оның жанында жұмысшылардан шыққан, кең праволары бар және істің барлық жағына міндетті түрде араласуға тиісті комиссар болады. 3. Кәсіпорынды маман-директор басқарады, оған коммунистерден заводты басқарудың барлық салаларына араласуға правосы бар және міндетті түрде араласатын, бірақ директордың жарлығын тоқтатуға правосы жоқ бір немесе екі көмекші беріледі. 4. Кәсіпорынды жұмыс үстінде ынтымақтасқан шағын коллегия басқарады, оның председателі болады, председатель түтас алғанда бүкіл басқару жұмысы үшін жауап береді. Өнеркәсіпті басқару ісін ұйымдастырудың мұндай формасы РКП(б) IX съезінде қабылданды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 2-том, 1972, 162-бет).— *243.*

93 Я. М. Свердловтың қайтыс болуының бір жылдығына байланысты 1920 жылы 16 мартта Үлкен театрда салтанатты-қаралы мәжіліс болды. Мәжіліске РКП(б) Орталық Комитетінің, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің, РКП(б) Москва комитетінің мүшелері, кәсіподақтардың, фабрика-завод комитеттерінің өкілдері және осы кезде өтіп жатқан Советтердің губерниялық съезінің делегаттары қатысты. Я. М. Свердловты жақын білген жолдастар ол туралы естеліктерін ортаға салды. В. И. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті атынан Я. М. Свердловты еске түсіруге арнап сөз сөйледі — *244.*

94 *ВЦСПС фракциясы мүшелерінің партиялық тәртіпті бұзуына байланысты РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының қаулыларын* ВЦСПС фракциясы бюросының мүшелері М. П. Томский мен Ю. Х. Лутовиновтан РКП(б) Орталық Комитетінің секретары Н. Н. Крестинский жөнінде РКП(б) Орталық Комитетіне мәлімдеме түсуі себепті 1920 жылы 17 мартта В. И. Ленин жазған болатын.

15 мартта ВЦСПС пен Кәсіптік одақтардың Москва Советі фракцияларының біріккен мәжілісінде Крестинский былай деп мәлімдеді: ВЦСПС фракциясының және оның жауапты басшыларының ұстаған позициясы РКП(б) Орталық Комитетінің позициясынан мүлде өзгеше болғандықтан, ол партияның Орталық Комитеті атынан ВЦСПС фракциясының барлық мүшелеріне кәсіптік съездерде басқарудың коллегиялық әдістерін қорғап баяндама жасамауды ұсынады.

ВЦСПС фракциясы бюросының мүшелері өздерінің жабық мәжілісінде бұлайша түсіндірулерге және партиялық тәртіпті іске асырудың мұндай әдістеріне қарсы үзілді-кесілді наразылық білдіріп, РКП(б) Орталық Комитетінен кәсіптік съездерде өздеріне ВЦСПС фракциясының қарарымен сөз сөйлеуге рұқсат етуді сұрап өтініш жасады. Бұл өтініш РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде талқыланды, сөйтіп мәжіліс Ленин ұсынған осы қарарларды қабылдады. Қаулыларға Саяси бюро мүшелері В. И. Ленин, Н. И. Бухарин және Н. Н. Крестинский қол қойды. Алғашқы қарарға Крестинский былай деп жазған: «Мәселе маған қатысты болғандықтан, қалыс қаламын. Н. Крестинский». Екінші қарардың машинкада басылған көшірмесінде В. И. Ленин жазған мынадай сөздер бар: «ВЦСПС фракциясы мен Крестинскийдің арасындағы жанжал туралы документтер».— *246.*

95 В. И. Ленин алғы сөзді аяқтамаған болатын. Кітапша ағылшын тіліндегі «The Proletarian Revolution and Kautsky the Renegade. By V. I. Ulianov (N. Lenin)» деген атпен 1920 жылы марттың аяғында алғы сөзсіз басылып шықты.— *248.*

96 Кітапша неміс тілінде «N. Lenin. Die Diktatur des Proletariats und der Renegat Karl Kautsky» деген атпен 1919 жылы декабрьдің аяғында басылып шықты.— *248.*

97 В. И. Ленин Р. Макдональдтың кітабын кейінірек алды. Ол кітап Лениннің өз кітапханасында сақталған, кітап беттерінің шетінде оның салған белгілері бар. Кітаптың Макдональд капиталистік қоғамның таптық қайшылықтарын көлегейлеуге тырысқан жерлеріне Ленин айрықша белгілер салған. Макдональдтың кітабына Лениннің салған белгілері Лениннің XXIV жинағында басылған, 253—285-беттер.— *248.*

98 Лениннің сөздерін граммофон пластинкаларына жазып алуды Центропечать ұйымдастырған болатын. 1919—1921 жылдары Лениннің 16 сөйлеген сөзі жазып алынды. Россиядағы граммофон пластинкаларының жалғыз фабрикасын қалпына кел-

тірудің алғашқы кезінен бастап-ақ Ленин граммофон арқылы насихаттау ісіне өте зор көңіл бөліп, бұл күрделі істі жолға қоюға барынша көмектесті. В. И. Лениннің алғашқы сөздері Кремльде, арнайы әзірленген бөлмеде жазылып алынды; соңғы сөйлеген сөзі Центропечатьта жазылды. Пластинкаға жазудың күрделілігі сол — сөзді 3 минутта айтып үлгеру керек еді. Өзінің сөзін осы уақытта дәл айтып үлгірген кездерінде Ленин қатты қуанатын. Лениннің граммофон пластинкаларына жазылған сөздері ондаған мың дана болып таратылды; бұл пластинкалар үгіт пункттерінде, шаруалар жиындарында, клубтарда, Қызыл Армия бөлімдерінде таратылды, сөйтіп бұқаралық үгіт жұмысында олардың орасан зор маңызы болды. Әсіресе «Орта шаруалар туралы», «Совет өкіметі дегеніміз не?» және «Азық-түлік салығы туралы» деген сөздері мейлінше кең тарады — *250.*

[99] *РКП(б) IX съезі* 1920 жылы 29 март — 5 апрельде Москвада өтті. Съезді Үлкен театрда В. И. Ленин кіріспе сөз сөйлеп ашты. Бұдан кейін съездің жұмысы Кремльдегі үйлердің бірінде өткізілді. IX съезд өзінің құрамы жағынан партияның бұған дейін өткен барлық съездерінің ішіндегі ең үлкені болды: оған 715 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен 553 делегат, кеңесші дауыспен 162 делегат қатысты; олар партияның 611 978 мүшесінің өкілдері еді. Съезде Орталық Россия, Украина, Урал, Сибирь және Қызыл Армия жуырда ғана азат еткен басқа аудандардың партия ұйымдарының өкілдері болды. Көптеген делегаттар съезге тура майданнан келді.

Съездің күн тәртібі: 1. Орталық Комитеттің есебі. 2. Шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері. 3. Кәсіптік қозғалыс. 4. Ұйымдық мәселелер. 5. Коммунистік Интернационалдың міндеттері. 6. Кооперацияға көзқарас. 7. Милиция жүйесіне көшу. 8. Орталық Комитеттің сайлауы. 9. Ағымдағы істер.

Съездің жұмысы В. И. Лениннің тікелей басшылығымен өтті. Ленин Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы есепті баяндама жасады және баяндама бойынша қорытынды сөз сөйледі, шаруашылық құрылыс туралы, кооперация туралы сөз сөйледі, съезд жабыларда қорытынды сөз сөйледі және партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидаттардың тізімі жөнінде ұсыныс жасап сөз сөйледі.

Съезд «Шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері туралы» қарарда «таяудағы тарихи дәуірге арналған *бірыңғай шаруашылық жоспарды* бұлжытпай жүзеге асыру — елдің шаруашылық жағынан өркендеуінің негізгі шарты болып табылатындығын» атап көрсетті (КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері, «Қазақстан» баспасы, 2-том, 1972, 156-бет). Қарар біртұтас жоспардың түбегейлі міндеттерін шешудің кезектілігін белгіледі: а) ең алдымен транспорттың жұмысын жақсарту; астық, отын және шикізат тасып жеткі-

зу және олардың қажетті қорын жасау; б) транспортқа және отын, шикізат және астық өндіруге арналған машиналар жасау; в) көпшілік тұтынатын өнімдерді өндіруге арналған машиналар жасауды мықтап өркендету; г) көпшілік тұтынатын өнімдерді өндіруді молайту (қараңыз: бұл да сонда).

Біртұтас шаруашылық жоспарда Ленин 10—20 жылға арналған ұлы программа ретінде алға қойған электрлендіру ісі басты орын алды. Съезд электрлендіру ісін өркендетуді жалпы шаруашылық жоспарды жүзеге асырудың кезеңдеріне сәйкестендіре отырып іске асыруды ұсынды. IX съездің директивалары Россияны электрлендіру жөніндегі Мемлекеттік комиссия (ГОЭЛРО) жоспарының негізі болды, бұл жоспар біржола жасалып біткеннен кейін 1920 жылы декабрьде Советтердің Бүкіл россиялық съезінде бекітілді. Бұл жоспар ұлан-байтақ елдің халық шаруашылығын өркендетудің ғылыми тұрғыдан негізделген, социализмнің өндірістік-техникалық базасын жасауды көздеген, адамзат тарихындағы тұңғыш перспективалық жоспар еді. ГОЭЛРО жоспары белгіленген мерзімінен едәуір бұрын жүзеге асырылды, ол 1935 жылдың қарсаңында-ақ үш есе асыра орындалды.

IX съезд РКП(б) Орталық Комитетінің маман жұмысшыларды мобилизациялауды, еңбек міндеткерлігін жүзеге асыруды, шаруашылықты әскери тәртіпке бағындыруды және әскери бөлімдерді шаруашылық қажеттер үшін пайдалануды көздеген тезистерін мақұлдады. Съезд партия ұйымдарын барлық маман жұмысшыларды өндірістік жұмысқа тарту үшін есепке алуда кәсіподақтарға және еңбек бөлімдеріне көмектесуге, бұл жұмыс армияның қажеті үшін командалық құрамдағы адамдар жөнінде қандай дәйектілікпен және бұлжытпай жүзеге асырылған болса, оны дәл сондай дәйектілікпен және бұлжытпай жүзеге асыруға көмектесуге міндеттеді.

Әскери бөлімдерді еңбек армиялары ретінде шаруашылық міндеттерді орындауға пайдалану уақытша шара еді, бұл шараны Совет үкіметі сол кездегі қалыптасқан жағдайға байланысты қолдануға мәжбүр болды. Троцкий еңбек армияларын халық шаруашылығын жұмыс күшімен қамтамасыз етудің бірден-бір және ең жақсы құралы деп есептеп, әскери әдістерді бейбіт шаруашылық құрылысқа қолдануды ұсынды. Алайда съезд Троцкийдің бұл ұсыныстарының мүлде негізсіз екендігін дәлелдеп, оларды үзілді-кесілді қабылдамай тастады. Съезд тұтас еңбек армияларын шаруашылық қажетіне пайдалану «тұтас алғанда армияны әскери міндеттер үшін сақтау қажет болғандықтан ғана» тиімді деп атап көрсетті («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері, «Қазақстан» баспасы, 2-том, 1972, 167-бет).

Съезде өндірісті басқару ісін ұйымдастыруға зор көңіл бөлінді. Бұл мәселе жөніндегі қарарда дара басшылық негізінде білгір, берік және жігерлі басшылық орнату қажеттігі атап көрсетілді.

Съезд В. И. Лениннің нұсқауларына сүйене отырып, социалистік шаруашылықтың мүдделері үшін ғылымның, техниканың және мәдениеттің жетістіктерін кеңінен пайдалану қажеттігін ерекше атап көрсетті. Съезд Совет республикасының өндірістік мүдделері сферасына мамандарды идеялық жағынан тарту және жұмысшылар мен мамандар арасында жолдастық ынтымақтастық жағдайын орнату міндеті алда тұрғандығына назар аударды.

Съезде партияның шаруашылық құрылыстағы бағытына антипартиялық «демократиялық централизм» тобы (Сапронов, Осинский, В. Смирнов) қарсы шықты. Бұл топ демократиялық централизмді сақтау туралы жел сөздерді тілге тиек етіп, ескі мамандарды пайдалануға, бір орталыққа бағынатын мемлекеттік басқаруға, дара басшылыққа және кәсіпорын басшыларының жеке басының жауапкершілігіне қарсы шықты, сөйтіп коллегиялылықты шектеусіз қолдануды талап етті. Іс жүзінде «децистер» советтік шаруашылық системасындағы централизмді әлсіретуге, жергіліктіліктіліктің өрістетуге, өнеркәсіпке басшылық етуде жауапсыздықтың белең алуына, халық шаруашылығының берекесін кетіруге тырысты. Съезде «децистердің» бұл тобын Рыков, Томский, Милютин, Ломов қолдады, олар да дара басшылықты теріске шығарып, коллегиялылықты өнеркәсіпке басшылық етудің Халық шаруашылығы жоғары советінен бастап завод басқармасына дейінгі бірден-бір принципі деп таныды.

Съезд «децистердің» антипартиялық ұсыныстарын батыл айыптап, қабылдамай тастады.

Съезд партияның транспортты қалпына келтіру саласындағы міндеттерін белгілеп берді. Партия ұйымдарына арнап қабылдаған үндеуінде съезд транспорттағы жағдайдың қатерлілігін атап көрсетіп, ең таңдаулы, сыннан өткен 5000 коммунисті транспортта жұмыс істеуге бөлу туралы РКП(б) Орталық Комитетінің директивасын орындауды ұсынды.

Съезде еңбек жарысы мен коммунистік сенбіліктерге айрықша көңіл бөлінді. Жарысты өрістету үшін еңбекке ақы төлеудің сыйлық беру жүйесін кеңінен пайдалану ұсынылды. Съезд 1920 жылы сенбі күніне сәйкес келген халықаралық пролетарлық 1 Май мейрамын бүкіл россиялық орасан зор сенбілікке айналдыруға қаулы етті.

Съездің жұмысында кәсіподақтар туралы мәселе маңызды орын алды, бұл мәселе кәсіподақтардың бүкіл жұмысын шаруашылық міндеттерді орындауға бейімдеу тұрғысынан қаралды. Съезд бұл мәселе жөніндегі шешімінде кәсіподақтардың ролін, олардың мемлекетпен және партиямен қарым-қатынастарын, коммунистік партияның кәсіподақтарға басшылық ету формалары мен әдістерін, кәсіподақтардың шаруашылық құрылысқа қатысу формаларын айқын белгілеп берді. Съезд кәсіподақтардың «тәуелсіздігін» қорғаған және кәсіподақтарды коммунистік партия мен Совет өкіметіне қарама-қарсы қойған анархо-синдикалистік элементтерге

(Шляпников, Лозовский, Томский, Лутовинов) батыл тойтарыс берді. Лениннің ілімін басшылыққа алған съезд кәсіподақтар, коммунизм мектебі бола отырып, пролетарлар бұқарасын тәрбиелеуге, мәдени, саяси, әкімшілік жағынан ұйымдастыруға және оларды коммунистік құрылысты жасаушылар роліне әзірлей отырып, коммунизмнің дәрежесіне дейін көтеруге тиіс екендігін атап көрсетті.

Съезд 4 апрельдегі жабық мәжілісінде Орталық Комитеттің жаңа құрамын — Орталық Комитеттің 19 мүшесін және оның мүшелігіне 12 кандидатты сайлады. Орталық Комитеттің мүшелері болып А. А. Андреев, Ф. Э. Дзержинский, М. И. Калинин, В. И. Ленин, Я. Э. Рудзутак, Ф. А. Сергеев (Артем), И. В. Сталин және басқалар сайланды.

5 апрельде съезд өз жұмысын аяқтады. Съезд жабыларда сөйлеген сөзінде Ленин съездің жұмысын қорытты және партия, коммунистер мен партияда жоқтардың барлық күш-жігерін шаруашылық міндеттерге жұмылдыра отырып, әскери міндет сияқты, бұл міндетті де жеңімпаздықпен шешетіндігіне кәміл сенім білдірді. Съездің барлық шешімдері бірауыздан қабылданды.

Совет мемлекетінің өмірінде РКП(б) IX съезінің орасан зор маңызы болды. Ол партияны экономикалық күйзеліске қарсы күрес жүргізуге, халық шаруашылығын қалпына келтіру міндеттерін практика жүзінде шешуге бағыттады; өнеркәсіпті басқару ісін ұйымдастыру мәселесін толық айқындап берді, кәсіподақтардың Совет мемлекеті системасындағы ролі мен орнын айқын белгіледі, халық бұқарасының творчестволық инициативасы мен еңбек өрлеуін өрістету жөнінде кең көлемді шаралар белгіледі.— *255.*

100 *РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы (Политбюро) мен Ұйымдастыру бюросы (Оргбюро)* партияның VIII съезі сайлаған Орталық Комитеттің бірінші пленумында, 1919 жылы 25 мартта, партияның VIII съезінің ұйымдық мәселе жөніндегі қарарына сәйкес, тұрақты жұмыс істейтін органдар ретінде құрылды. — *259.*

101 Бұл арада РКП(б) IX съезінің алдында, 1920 жылы мартта «Известия ЦК РКП(б)»-да жарияланған Орталық Комитеттің және оның бөлімдерінің есептері айтылып отыр. 28 марттағы 16-номерінде «Орталық Комитеттің саяси есебі», «Орталық Комитеттің ұйымдық есебі» және «Орталық Комитеттің финанс бөлімінің есебі» басылды. «Известия ЦК РКП(б)»-ның 24 марттағы 15-номері тұтасынан Орталық Комитет бөлімдерінің есептеріне арналды. Бұл номерде мына бөлімдердің есептері басылды: информациялық-статистикалық бөлімнің 1919 жылғы 18 апрельден 1920 жылғы 1 мартқа дейінгі кезеңге есебі, ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің, есепбөліс бөлімінің есептері, «РКСМ Орталық Комитетінің баяндамасы», деревнядағы жұмыс және ««Правда» және «Беднота»

газеттерін шығару жөніндегі есептерден» материалдар. 12 марттағы 14-номерінде «Орталық Комитеттің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің қызметі туралы есеп» басылды. — *261.*

102 В. И. Ленин бұл арада 1918 жылы майда Финляндиядағы революция басып-жанышталғаннан кейін өршігеп ақ террорды айтып отыр. Буржуазия еңбекшілерді құлақ естімеген қаталдықпен жазалады. 90 мыңнан астам адам түрмелер мен концентрациялық лагерьлерге жабылды, 18 мыңға жуық адам атылды-асылды, осыншама адам аштық пен азаптан өлді. Ақ террордың құрбаны болған адамдардың саны революция жолындағы шайқастарда қаза тапқан қызыл жауынгерлердің санынан он есе асып түсті.— *266.*

103 Бұл арада әңгіме Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясының жеңілгені туралы болып отыр, ал бұл революция II Вильгельм монархиясының құлатылуына жеткізген болатын.

Германия социал-демократтарының және центристік Тәуелсіз социал-демократиялық партиясының оңшыл лидерлері капиталистік құрылысты сақтап қалу үшін барлық күшін салды. Оңшыл социал-демократтар мен центристер жаңа құрылған жұмысшы және солдат Советтерінің көбінде басым көпшілік орынға ие болды. 10 ноябрьде Берлин Советінің пленумында құрылған уақытша үкімет оңшыл социал-демократтардан (Ф. Эберт, Ф. Шейдеман, О. Ландсберг) және «тәуелсіз» социал-демократтардан (Г. Гаазе және басқалар) құрылды, бұлар кейін үкімет құрамынан шықты. Үкіметтің программасы буржуазиялық құрылыс шеңберінде әлеуметтік реформалар жүргізуден әрі аспады. Советтердің 1918 жылы 16—21 декабрьде Берлинде болған Бүкіл германдық I съезінде оңшыл социал-демократтардың лидерлері үкіметке заң шығару және атқару билігін беру туралы, Құрылтай жиналысының сайлауын өткізу туралы қарар қабылдаттыруға мүмкіндік алды. Іс жүзінде мұның өзі Советтерді жою деген сөз еді.

Неміс жұмысшы табының революциялық күрес тәжірибесі спартакшылдардың Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясынан біржолата қол үзіп, жұмысшы табының жауынгер революциялық партиясын құрудың қажеттігіне көзін жеткізді. 1918 жылы 30 декабрьде — 1919 жылы 1 январьда болған Құрылтай съезінде неміс жұмысшы табының таңдаулы өкілдері Германия Коммунистік партиясын құрды. Германияның жас компартиясына Құрылтай съезі жұмысын аяқтаған бойда елеулі сынпап өтуге тура келді. Компартияны басшылықтан айыру және жұмысшы табының авангардын талқандау мақсатымен герман буржуазиясы жұмысшыларды мезгілсіз қарулы көтеріліске арандатуды ұйғарды. 6 январьда Берлинде басталған көтерілістің басшылығы «тәуелсіздер-

діц» қолына түсті, ал олар әуел бастан-ақ жауға жедел және батыл шабуыл жасауды ұйымдастырмады, ал одан кейін үкіметпен опасыздық келіс сөздер жүргізуге кірісті. Әскери министр оңшыл социал-демократ Г. Носке бастаған контрреволюцияшыл отрядтар Берлин пролетариатының көтерілісін аяусыз қаталдықпен басып-жаныштады. 15 январьда қарулы бандалар неміс жұмысшы табының көсемдері К. Либкнехт пен Р. Люксембургті қамауға алып, айуандықпен өлтірді. Январь көтерілісін талқандап, неміс жұмысшыларының таңдаулы көсемдерін құртып, герман буржуазиясы Құрылтай жиналысының 1919 жылы 19 январьда болған сайлауында буржуазиялық партиялардың жеңіп шығуын қамтамасыз етті.

Германияда революция пролетарлық революцияға ұласа алмағандығына және герман халқына ұлттық және әлеуметтік азаттық әперу міндеттерін шеше алмағандығына қарамастан, оның үлкен прогрестік маңызы болды. Белгілі дәрежеде пролетарлық әдістермен және құралдармен жүзеге асырылған Ноябрь буржуазиялық-демократиялық революциясының нәтижесінде Германияда монархия құлатылып, буржуазиялық-демократиялық республика орнатылды, ол қарапайым буржуазиялық-демократиялық бостандықтарды, 8 сағаттық жұмыс күнін заң жүзінде белгілеуді қамтамасыз етті. Германиядағы Ноябрь революциясы Советтік Россияға елеулі көмек көрсетіп, тонаушылық Брест бітім шартын жоюға мүмкіндік берді.— *266.*

104 1919 жылы шетел интервенттері мен ақ гвардияшылар талқандалып, Советтік Россияның халықаралық жағдайының нығаюына байланысты Латвияның буржуазиялық билеуші топтары РСФСР-мен бітім жасасуға мәжбүр болды. Латвия сыртқы істер министрлігі 1920 жылы 25 мартта Совет үкіметіне бітім келіс сөздерін бастау жөнінде ұсыныс жасады. 16 апрельде Москвада РСФСР және Латвия өкілдерінің бітім шартын жасасу мәселелері жөніндегі конференциясы ашылды, сойтіп 11 августа Ригада Латвиямен бітім шартына қол қойылды.— *268.*

105 1920 жылдың басына қарай, Советтік Россияның ішкі және халықаралық жағдайының нығаюына байланысты, Финляндияның билеуші топтары РСФСР-мен бітім жасасуға мәжбүр болды. Финляндия сыртқы істер министрлігі 25 мартта Совет үкіметіне демаркациялық линияны белгілеу жөнінде ұсыныс жасады, мұның өзі іс жүзінде бітім туралы келіс сөздерді бастау деген сөз еді. Совет-Финляндия бітім шартына 1920 жылы 14 октябрьде Юрьев (қазіргі Тарту) қаласында қол қойылды. Бұл шарт Совет үкіметі тарапынан 1917 жылы Финляндияға берілген тәуелсіздік пен суверенитетті қуаттады. Шартты Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті 1920 жылы 23 октябрьде бекітті. — *269.*

106 Польшаның келіс сөздер жүргізуге келісуі оның Советтік Россияга қарсы соғысқа әзірленіп жатқанын бүркемелеген айла ғана еді. Совет үкіметінің келіс сөздерді бастау жөнінде талай рет жасаған ұсыныстарына (1919 жылгы 22 декабрьдегі, 1920 жылғы 28 январьдагы, 2 февральдагы, 6 марттагы) поляк үкіметі тек 27 мартта ғана мақұлдаған жауап берді, сөйтіп майдан өңіріндегі Борисов қаласында, тек осы учаскеде ғана соғыс қимылдарын тоқтата тұрып, келіс сөздерді бастауды ұсынды. Соғыс қимылдарын толық тоқтату туралы және келіс сөздер өтетін орынды басқа бір бейтарап мемлекетке көшіру туралы советтік ұсыныстарга поляк үкіметі үзілді-кесілді бас тартып жауап берді. Келіс сөздерді сәтсіздікке ұшыратқаннан кейін Польшаның реакцияшыл топтары 25 апрельде Совет республикасына қарсы соғыс бастады. Қызыл Армияның 1920 жылы күзде жеткен табыстары нәтижесінде поляк үкіметі бітім шартын жасасуға келісуге мәжбүр болды. Уақытша бітім туралы және бітімнің алдын ала белгіленген талаптары туралы шарт 12 октябрьде Ригада жасалды; РСФСР мен УССР-дің Польшамен түпкілікті бітім шартына 1921 жылы 18 мартта Ригада қол қойылды.— *269.*

107 *«Орталық статистика басқармасының бюллетені»* Орталық статистика басқармасы секретариатының редакциялауымен шығарылып тұрды. Оның бірінші номері 1919 жылы 22 январьда шықты. «Бюллетеньде» елдің шаруашылық өмірінің әр түрлі мәселелері жөніндегі шолулар мен статистикалық материалдар басылды. Оны шығару 1926 жылы тоқтатылды.— *278.*

108 *«Известия Центрального Комитета Российской Коммунистической партии (большевиков)»*— Орталық Комитеттің информациялық бюллетені, онда партия өмірінің мәселелері жазылып тұрды; РКП(б) VIII съезінің шешімі бойынша негізі қаланды; 1919 жылғы 28 майдан Москвада шығарыла бастады. Алғашқы номерлері «Правда» газетіне апталық қосымша ретінде, ал 1920 жылғы октябрьден бастап дербес орган ретінде шығарылды. «Известия ЦК РКП(б)»-да қаулылар, нұсқаулар, Орталық Комитеттің жұмысы туралы есептер, информациялар, партия құрылысының мәселелері жөніндегі мақалалар басылды. 1929 жылы «Известия ЦК ВКП(б)» «Партийное Строительство» журналы болып қайта құрылды, сөйтіп 1946 жылдың июніне дейін осы атпен шығып тұрды, ал кейін «Партийная Жизнь» журналы болып өзгертілді.— *280.*

109 В. И. Ленин бұл арада С. И. Гусевтің «Шаруашылық құрылыстың кезектегі мәселелері (РКП(б) Орталық Комитетінің тезистері туралы. РКП(б) 9-шы съезіне материалдар) [Саратов] 1920 ж.» деген кітапшасын айтып отыр. Ленин төменде сөз ететін параграф РКП(б) Орталық Комитетінің партияның IX съезіне әзірлеген қарарының жобасына біршама өзгерті-

ліп енгізілді (қараңыз: РКП(б) IX съезінің «Шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері туралы» қарарының 2-параграфының 4-пункті; мына кітапта «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері» 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 156—157-беттер).

С. И. Гусевтің кітапшасында бұл пункт былай деп тұжырымдалған: «Шаруашылық дәуірдің негізгі міндеті үшін қосалқы мәні бар деп саналмайтын өндірістердің бәрі олардың жұмысы басты міндетті жүзеге асыруға бөгет жасамайтындай дәрежеде ғана қолдау таба алады. Негізгі міндет үшін қосалқы мәні бар өндірістер шын қажеттілігі тұрғысынан ғана дамытылуға тиіс. Сол себепті біртұтас шаруашылық жоспар орталық және жергілікті мекемелерден түскен заказдар негізінде өндірістік секциялар мен жергілікті халық шаруашылығы советтері әзірлеген өндірістік программалардың жиынтығы болмауға тиіс, қайта, керісінше, біртұтас шаруашылық жоспар әрбір секция бойынша өндірістік программалардың мөлшерін белгілеуге тиіс» (С. И. Гусев, «Шаруашылық құрылыстың кезектегі мәселелері», 29—30-беттер).— *280.*

110 *«Экономическая Жизнь»* («Экономикалық Өмір») — күнделікті газет; Халық шаруашылығы жоғары советінің және шаруашылық халық комиссариаттарының органы ретінде 1918 жылғы ноябрьден шығып тұрды. Газет 1937 жылғы ноябрьге дейін шығарылды; соңғы уақытта СССР Финанс халық комиссариатының, Мемлекеттік банктің және СССР-дің басқа финанс мекемелері мен банк қызметкерлері одағы Орталық комитетінің органы болды.— *283.*

111 Халық Комиссарлары Советінің зығыр дайындау туралы қаулысының жобасы 1920 жылы 10 февральда бекітіліп, 12 февральда «Экономическая Жизнь» газетінің 31-номерінде жарияланды. Халық шаруашылығы жоғары советі талдап жасаған бұл декрет жөнінде Егіншілік және азық-түлік халық комиссариаттарымен келісілді. Декретте «жиналуға тиісті зығыр материалдарының мөлшерін зығыр жиналатын аудандарға Тоқыма кәсіпорындары бас басқармасы бөледі» делінген.

Декрет шаруаларды зығыр тапсыруды мерзімінен бұрын аяқтауға ынталандырды, ол үшін, бір жағынан, тапсырылған зығырдың әрбір пұты үшін бір аршын мата есебімен селолық коллективтерге зығыр-мата немесе мақта-мата түрінде сыйлық беруді, екінші жағынан, мерзімінде тапсырылмаған зығырды конфискелеуді тағайындады.

Ол кездегі оппозиция бұл қаулыны шығару тәртібін және зығыр жинауды жақсартуға бағытталған шараларды жергілікті жерлерді, ол жерлердің талапкерлігін елемеушілік, сөйтіп Советтердің VII съезінің және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысын бұзушылық деп есептеді. Оп-

позицияның бұл көзқарасы РКП(б) IX съезінде партияның Орталық Комитетінің саяси қызметі туралы В. И. Лениннің жасаған баяндамасы бойынша Сапроновтың сөйлеген сөзінен байқалды.— *289.*

112 В. И. Ленин бұл арада ВЦСПС фракциясының 1920 жылғы 15 марттағы мәжілісін айтып отыр, онда Томскийдің «Кәсіптік одақтардың міндеттері» деген тезистері талқыланған болатын. Ленин өзінің сөзінде Томскийдің тезистерін, әсіресе басқарудың негізгі әдісі — коллегиялылық туралы 7-ші пунктті қатты сынға алды. Бірақ теріс позиция ұстаған ВЦСПС фракциясының көпшілігі Томскийдің тезистерін жақтап дауыс берді.— *295.*

113 *«Диктаторлық туралы декрет»*— меньшевиктер мен эсерлер Халық Комиссарлары Советінің «Басқаруды орталықтандыру, жолдарды күзету және олардың жүк тасу қабілетін арттыру туралы» декретін демагогтықпен осылай атаған болатын; бұл декрет «Известия ВЦИК» газетінің 1918 жылғы 28 марттағы 59-номерінде жарияланды (қараңыз: «Совет өкіметінің декреттері», 2-том, 1959, 18—20-беттер).— *297.*

114 РКП(б) IX съезі кооперация туралы мәселе жөнінде арнаулы кооперативтік секция бөлген болатын, ол секция 1920 жылғы 2 апрельдегі мәжілісінде съездің талқылауына ұсынылған кооперация туралы тезистердің бірнеше нұсқасын қарады. Секция мәжілісінде алғашында В. П. Милютиннің тезистері негізге алынды, ол кооперацияны мемлекеттендіруді ұсынған болатын. Милютиннің тезистеріне қарсы болған Лениннің сөзінен кейін съезд басым көпшілік дауыспен В. И. Ленин жақтап сөз сөйлеген қарарды қабылдады.— *302.*

115 «Сенбіліктер туралы ереже» жобасының авторы — РКП(б) Орталық Комитеті аппаратының қызметкері А. Н. Соколов. Ереже, тегінде, сенбіліктерді ұйымдастырудың бір жылдығына (1920 жылғы 10 майға) әзірленген болуы керек.— *314.*

116 *«Компромистер туралы»* деген документ Лениннің аяқталмай қалған мақаласының бас жағы болып табылады. Бұл документте баяндалған ой-пікірлерін Ленин өзінің «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабында анағұрлым толығырақ дамытты.

Ленин еске алған әңгіме — ағылшын Тәуелсіз жұмысшы партиясы басшыларының бірі пацифист Ленсберимен әңгіме 1920 жылы 21 февральда Кремльде болды.— *315.*

117 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Коммунаның бланкист эмигранттарының программасы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 510—517-беттер).— *316.*

118 *Чартизм* (ағылшынша — хартия дегеннен шыққан) — ағылшын жұмысшыларының XIX ғасырдың 30—40-жылдарындағы бұқаралық революциялық қозғалысы. Бұл қозғалыстың ұйымдық орталығы «Жұмысшылардың Лондон ассоциациясы» болды. Ассоциация басшылығы 1838 жылы парламентке петиция (Халықтық хартия) әзірледі, онда 21 жасқа толған еркектер үшін жалпыға бірдей сайлау правосының болуы, дауыстың жасырын берілуі, парламент депутаттығына ұсынылған кандидаттар үшін мүлік цензін жою, парламентті жыл сайын қайта сайлап отыру, т. т. талап етілді. 1840 жылы «Ұлттық чартистік ассоциация» құрылды, ол жұмысшы қозғалысы тарихында жұмысшылардың тұңғыш бұқаралық партиясы болды. 1842 жылы 2 майда чартистердің парламентке жұмыс күнін қысқартуды, жалақыны арттыруды және басқаларды талап еткен екінші петициясы тапсырылды. Петицияны парламент қабылдамай тастады. Чартистер бұған жауап ретінде жаппай ереуіл жасады. 1848 жылы чартистер үшінші петициямен парламентке жаппай шеру тартып бармақшы болды, бірақ үкімет әскер шақырып, бұл шеру тартуды болғызбай тастады. Петиция көп ай өткен соң қаралды, бірақ қабылданбады. 1848 жылдан кейін чартистік қозғалыс құлдырап кетті. Чартистік қозғалыстың сәтсіздікке ұшырауының басты себебі оның айқын программасы мен тактикасының және дәйекті революциялық пролетарлық басшылығының жоқтығы болды. Алайда чартистер Англияның саяси тарихына да, сондай-ақ халықаралық жұмысшы қозғалысының дамуына да орасан зор ықпалын тигізді. В. И. Ленин чартизмді «бірінші, кең көлемді, нағыз бұқаралық, саяси жағынан қалыптасқан, пролетарлық-революциялық қозғалыс» (Шығармалар толық жинағы, 38-том, 336-бет) деп сипаттады.— *316.*

119 В. И. Ленин бұл арада 1919 жылы 19 январьда Сокольникиге ормандағы бір мектепте дем алып жатқан Н. К. Крупскаяға бара жатқанда өзінің басында болған оқиғаны айтып отыр. Лениннің машинасына қарулы бандиттер тап береді. Олар Владимир Ильичтің эмиянын, тапаншасын тартып алып, машинасын айдап кетеді. Бүкіл россиялық төтенше комиссияның және қылмыстыларды іздеушілердің қолданған шаралары нәтижесінде машина табылып, қылмыстылар тұтқынға алынды. Бұл оқиғаның егжей-тегжейін мына кітаптан қараңыз: Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 2-бөлім, М., 1957, 435—438-беттер; Бонч-Бруевичтің «Ленинге жасалған шабуыл» деген кітабы (1931).— *317.*

120 *Кен жұмысшыларының Бүкіл россиялық бірінші құрылтай съезі* 1920 жылы 1—6 апрельде Москвада өтті. Съезд халық шаруашылығын қалпына келтіру жолындағы күрестің қызған кезінде шақырылды. Съезге 173 делегат, оның ішінде шешуші дауыспен 153 делегат, кеңесші дауыспен 13 делегат қатысты. Коммунистер 85 адам еді. Съезде кен өнеркәсібінің

200 мыңға жуық жұмысшысының өкілдері болды. Мұнай өнеркәсібінің делегаттары съезге келе алмады, өйткені Кавказ ақ гвардияшылардан әлі азат етілмеген еді.

Съезд делегаттары мынадай күн тәртібін бекітті: ұйымдастыру бюросының есебі, одақтардың міндеттері, ұйымдық мәселе, тариф мәселесі, кен өнеркәсібінің жағдайы, көмір өнеркәсібінің жағдайы, өнеркәсіпті ұйымдастыру мен басқаруға одақтардың қатысу формалары, сайлау. Съезд мәжілістерінің бірінде В. И. Ленин сөз сөйледі; съездің қаулысы бойынша ол құрметті председатель болып сайланған еді. Съезд барлық елдердің кеншi жұмысшыларына құттықтау телеграмма жолдады.— *319.*

121 *Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық үшінші съезі* 1920 жылы 6—13 апрельде Москвада Одақтар үйінде өтті. Оған одақтың 4 миллионнан астам мүшелерінің өкілдері болып табылатын 1600-ге жуық делегат қатысты. Съезде большевиктер басым көпшілік болды: большевиктер мен оларға тілектестер — 1180, меньшевиктер — 57 және басқа партиялардың өкілдері — 69.

Осының алдында ғана аяқталған РКП(б) IX съезі белгілеген шаруашылық құрылыс программасы съезд жұмысының негізі етіліп алынды. Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: ВЦСПС-тің қызметі туралы есеп, Еңбек халық комиссариатының қызметі туралы есеп, одақтардың міндеттері, ұйымдық мәселе, тариф саясаты, жұмысшыларды материалдық жабдықтау, кәсіподақтар және халық шаруашылығы, халықаралық кәсіптік қозғалыс, мәдени-ағарту қызметі.

7 апрельде съездің екінші пленум мәжілісінде Халық Комиссарлары Советінің атынан В. И. Ленин сөз сөйледі, делегаттар оны ду овация жасап, Интернационалды шырқата айтумен қарсы алды. Ол Совет республикасының бейбіт тыныс алу кезеңіндегі міндеттерін белгілеп берді, кәсіподақтардың шаруашылық құрылыс саласындағы міндеттеріне ерекше назар аударды. Лениннің сөзін тыңдағаннан кейін съезд Советтік Россияның жұмысшылары мен барлық еңбекшілерін шаруашылық күйзелісіне қарсы күреске қызу және жігерлі кірісуге, барлық кәсіподақ ұйымдарында қатаң еңбек тәртібін дереу енгізуге, Советтік Россияның жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерінің шынайы мүдделерін бірден-бір бейнелеуші — Коммунистік партияның басшылығымен жұмысшы бұқарасын кәсіподақтар арқылы коммунистік құрылысқа тарту жөніндегі жұмысты күшейтуге шақырған үндеу қабылдауды ұйғарды.

Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық III съезі РКП(б) IX съезінің шаруашылық құрылыс саласындағы қаулыларын толық мақұлдады. Кәсіподақтардың тәуелсіздігін жақтап, оларды коммунистік партияға қарсы қоюға тырысқан меньшевиктік фракцияның өкілдеріне съезд батыл тойтарыс берді.— *327.*

122 В. И. Ленин бұл арада 1920 жылы 5 апрельде жұмысын аяқтаған Россия Коммунистік (большевиктер) партиясы IX съезінің шешімдерін айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаралары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 154—187-беттер).— *327*.

123 Ленин бұл арада 1920 жылы 11 апрельде РКП(б) Москва комитетінің инициативасы бойынша шығарылған «Коммунистический Субботник» деген бір күндік газетті айтып отыр. Бұл газетті 10 апрельдегі сенбілікте Мосвадағы «Правда», «Известия ВЦИК», «Беднота», «Экономическая Жизнь», «Коммунистический Труд» газеттерінің және «Роста» телеграф агенттігінің редакциялары мен қызметкерлері шығарды. РКП(б) Москва комитетінің газет шығару туралы инициативасын баспашы-жұмысшылар қызу қолдады, олар алғашқы «газет» сенбілігінде зор ынта-жігермен жұмыс істеді. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті баспаханасының жұмысшылары теріп, басып шығарған газет 11 апрельдегі жексенбілікте таратылды. Газетке В. И. Ленин, Ем. Ярославский, А. М. Коллонтай, Демьян Бедный, А. С. Серафимович, К. А. Тимирязев және басқалар қатысты.— *343*.

124 *Тоқыма өнеркәсібі жұмысшыларының Бүкіл россиялық үшінші съезі* 1920 жылы 16—20 апрельде Москвада өтті. Съезге 358 делегат қатысты, олардың ішінде коммунистер—148 және оларға тілектестер — 23. Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер қойылды: одақтың Орталық комитетінің қызметі туралы, кәсіподақтардың міндеттері туралы және шикізат жағдайы туралы, зығыр және жүн өнеркәсібінің жағдайы туралы, одақтың транспортты қалпына келтіру ісіндегі міндеттері туралы, азық-түлік мәселесі, еңбек қорғау және басқалар. 19 апрельдегі пленум мәжілісінде В. И. Ленин сөз сөйледі. Бүкіл съездің атынан президиум Ленинді оның елу жасқа толу мерекесімен құттықтады, делегаттар Ленинді ду овация жасап құттықтады. Съезд Қызыл Армияға және III, Коммунистік Интернационалға құттықтаулар жолдады.— *346*.

125 *Сухаревка* — Москвадағы 1692 жылы I Петр салдырған Сухарев мұнарасының төңірегіне орналасқан базар. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдары Сухаревка жалдаптықтың орталығына айналды. Осы кезден бастап Сухаревка «еркін», жеке сауданың синонимі болып алды. 1932 жылы Сухаревка біржолата жабылды, ал 1934 жылы көше жүрісіне кедергі келтіргендіктен Сухарев мұнарасы бұзылды. Қазір бұрынғы Сухаревка территориясына Колхоз алаңы орналасқан.— *349*.

126 1920 жылы 23 апрельде РКП(б) Москва комитеті В. И. Лениннің 50 жылдығы құрметіне арнап кеш ұйымдастырды,

оған Москваның партия қызметкерлері қатысты. Бұл кеште Ленинді жақсы білетін, онымен Октябрь революциясына дейін де бірге қызмет істеген адамдар көсемнің қызметіне арнап сөз сөйледі. А. М. Горький, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский, сондай-ақ пролетарлық ақындар Кириллов пен Александровский көсемге деген орасан зор сүйіспеншілік пен құрметке толы сөздер сөйледі. Кешке қатысқандар қызу қарсы алған В. И. Ленин жауап сөз сөйледі.— *354.*

127 В. И. Ленин бұл арада белгілі карикатурист Карриктің 1900 жылы халықшыл Н. К. Михайловскийдің юбилейіне байланысты салған карикатурасын айтып отыр. Ленин елу жасқа толған күні бұл карикатураны оған Е. Д. Стасова жіберген еді. Ол карикатурада Михайловскийді құттықтауға келген марксистер сәби балалар түрінде бейнеленген болатын. В. И. Ленинге осы карикатураны жібере отырып: Стасова: Михайловскийдің юбилейі күні партия әлі сәби жасында болатын, оның қатарында бірен-саран адам ғана бар еді, ал қазір партия ер жетті, «ал мұны істеген Сіздің өзіңіз, Сіздің ақылыңыз бен талантыңыз» деп жазды.— *354.*

128 *«Еңбек азық-түлік пасегін енгізу туралы»* декретті Халық Комиссарлары Советі 1920 жылы 30 апрельде қабылдады, декрет 4 майда «Известия ВЦИК» газетінің 94-номерінде жарияланды.— *357.*

129 В. И. Лениннің баяндамасы бойынша съезд бірауыздан мынадай қарар қабылдады: «Шыны-фарфор өндірісінде істейтін жұмысшылардың Бүкіл россиялық IV съезі, Советтік республиканың халықаралық және ішкі жағдайы туралы Ленин жолдастың баяндамасын тыңдай келіп, шыны-фарфор өнеркәсібінде істейтін барлық жұмысшылардың атынан жұмысшы-шаруа үкіметінің алғашқы шақыруы бойынша-ақ Ұлы орыс революциясының жеңістерін қорғауға бір кісідей шығамыз деп мәлімдейді. Съезд Азербайжан Советтік республикасын құттықтай отырып, ең таяу болашақта Советтік республиканың туы бүкіл дүние жүзінде желбірейді деп үміттенеді.

Пролетариаттың ұлы көсемі — Ленин жолдас жасасын!»; бұл қарар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.— *359.*

130 *ППС* — Поляк социалистік партиясы (Polska Partia Socjalistyczna) — 1892 жылы құрылған реформистік ұлтшылдық партия. Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойына қатардағы жұмысшылардың ықпалымен партия ішінде солшыл топтар туып отырды. Кейінірек олардың кейбіреуі поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«оңшылдар» («революциялық фракция») делінетін екі жікке бөлінді. Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» большевиктер партиясының ықпалымен, сондай-ақ Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының (ПКмЛСД-ның) ықпал жасауымен біртіндеп дәйекті революциялық позицияға көшті.

Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» көпшілік бөлегі интернационалистік позицияда болды; ол 1918 жылы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды (Польша Коммунистік партиясы 1925 жылға дейін осылай аталды).

Оңшыл Поляк социалистік партиясы дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын жүргізе берді; ол Галиция территориясында поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты. Поляк буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрынырақта Германия мен Австрия басып алған Польша территориясындағы Поляк социалистік партиясының бөліктерімен бірігіп, қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды. Үкімет басына келген соң, ол өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне жәрдемдесті, ұдайы антикоммунистік насихат жүргізді және Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және қанау саясатын қолдады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жекелеген топтары Польша Коммунистік партиясына қосылып отырды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен (май, 1926) кейін Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, бірақ іс жүзінде фашистік режимге қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, антикоммунистік және антисоветтік насихатты одан әрі жалғастыра берді. Бұл жылдары Поляк социалистік партиясының солшыл элементтері бірқатар науқандарда бірыңғай майдан тактикасын қолдап, поляк коммунистерімен ынтымақтасты.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да жікке бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакциялық, шовинистік бөлегі Лондондағы реакциялық поляк эмигранттық «үкіметіне» қатысты. Поляк социалистік партиясының өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл оккупанттарға қарсы күрестің халықтық майданына еніп, Польшаны фашистік құлдықтан азат ету жолын-

да күрес жүргізді, сөйтіп СССР-мен достық байланыс орнату позициясына көшті.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс оккупациясынан азат етіліп, Поляк ұлт азаттығы комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды да, Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаны құруға қатысты. 1948 жылы декабрьде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.— *360.*

131 *Реквизициялау және конфискелеу туралы декретті* Халық Комиссарлары Советі 1920 жылы 15 апрельде қабылдады. Декретті 20 апрельге дейін біржола редакциялап бітіру жұмысы юстиция халық комиссары Д. И. Курскийге тапсырылды.

Біржола редакцияланған декретке 16 апрельде В. И. Ленин қол қойды және ол 1920 жылы 22 апрельде «Известия ВЦИК» газетінде жарияланды.— *367.*

132 Ленин П. И. Поповқа жазған хатында Советтік республика халқының империалистік соғысқа дейін және Октябрь революциясынан кейінгі тағам өнімдерін тұтынуы туралы салыстырмалы кестенің жобасын жасады және оны Орталық статистика басқармасына (ЦСУ) жіберіп, пікір айтуын өтінді. Орталық статистика басқармасы жіберген деректерді Ленин РКП(б) IX съезінде жасаған Орталық Комитеттің баяндамасында пайдаланды (қараңыз: осы том, 278—279-беттер).— *370.*

133 Документтің «2. II. 1920 мәжіліс» деген тақырыбының астында Ленин жазған мынадай сөздер бар: «XII. азық-түлік тиелген 2274 вагон; I. азық-түлік тиелген 1415 вагон». Бұл сөздер, сірә, 1919 жылғы декабрь мен 1920 жылғы январьда келтірілген азық-түлік тиелген вагондардың саны туралы мәліметтер жазбасы болса керек.

Қорғаныс Советі қаулыларының жобасы Қорғаныс Советінің 1920 жылғы 2 февральдағы қаулыларына түгелдей енгізілді; Ленин қосымша жазған бұл қаулылар Лениннің қолы қойылып, 3 февральда барлық ведомстволарға жіберілді (қараңыз: осы том, 374-бет). Қорғаныс Советінің қаулылары Лениннің XXIV жинағында жарияланған, 64—67-беттер.— *373.*

134 Қаулының жобасын паровоз жөндеуде және транспортқа запас бөлшектер жасауда істейтін жұмысшыларға берілетін жеңілдіктер туралы Л. Б. Красиннің баяндамасы талқылануына байланысты Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 5 февральдағы мәжілісінде Ленин ұсынды.

Жобаның төртінші пунктінен басқа пункттерінің бәрін Ленин сызып тастаған.

Баяндама бойынша мынадай қарар қабылданды: «Паровоз жөндеуде және транспортқа запас бөлшектер жасауда істейтін жұмысшыларға берілетін барлық жеңілдіктер туралы мәселені егжей-тегжейлі қарау және заводтардың тізімін жасап Халық Комиссарлары Советіне табыс ету Халық шаруашылығы жоғары советіне, Азық-түлік халық комиссариатына және Қатынас жолдары халық комиссариатына тапсырылсын».— *375.*

135 *«Жөндеу жұмысына ең жақсы шеберханаларды тәуліктегі 24 сағат бойына толық пайдалану туралы»* мәселе Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 16 марттағы мәжілісінде кәсіподақтардың Москва губерниялық советінің председателі Г. Н. Мельничанскийдің баяндамасы бойынша тыңдалды. Лениннің паровоз жөндеу жөніндегі жұмыстарды жедел әрі толассыз жүргізу қажеттігі туралы мәселе қоюы темір жол транспортындағы аса ауыр жағдайға байланысты еді, мұның өзі Халық Комиссарлары Советінің дәл сол мәжілісте басқа да бірқатар мәселелерді талқылауына түрткі болды, ол мәселелерді шешу де темір жол транспортының жағдайын жақсартуға бағытталды (шетелден паровоздар және темір жол транспортын жөндеуге қажетті запас бөлшектер алуға заказ беру мүмкіндігін қамтамасыз ету туралы және маршруттық вагондар мен паровоздарды жөндейтін фабрикалар мен заводтарды зерттеу туралы).— *375.*

136 Бұл документте француз социалистік партиясының Страсбургтегі съезіне әзірленген және «Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің» листогында басылған қарар жобасына (1—13 пункттер) В. И. Ленин жасаған сын ескертпелер бар. Бұл жобаны, сондай-ақ аталған листокта басылған екінші жобаны да Ленин «Публицистің заметкалары» деген мақаласында жан-жақты сынға алды. Ол қарарлардың екі жобасының екеуі де түкке жарамайтындығын, бұл жобалар II Интернационалдың көсемдері бұқараның большевизмге және Совет өкіметіне тоқтаусыз ұмтылып отырғанын көргеннен кейін құтылу жолын пролетариат диктатурасын сөз жүзінде мойындаудан іздеп отырғандығының, ал іс жүзінде «не пролетариат диктатурасының жаулары болып, не оның маңызын түсіне алмайтын немесе түсінгісі келмейтін және оны жүзеге асырғысы келмейтін адамдар» (осы том, 142-бет) болып қала беретіндігінің айқын дәлелі екенін көрсетіп берді.— *376.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

**Год русской революции.* (1917—1918 гг.). Сборник статей. М., «Земля и Воля», 1918. 233 стр.— *1—4, 5—6, 7, 9—11, 16—17, 19—20.*

** Гусев, С. И. Очередные вопросы хозяйственного строительства.* (О тезисах ЦК РКП). Материалы к 9-му съезду РКП. Изд. РВС Кавказфронта. Б. м.,тип. штаба Кавказского фронта, [1920]. 30 стр.— *280—281.*

Десятый съезд Российской Коммунистической партии. Стенографический отчет (29-го марта — 4 апреля 1920 г.). М., Госиздат, 1920. 412 стр. (РКП(б)).— *282, 285—286, 287, 288, 289, 290, 291, 293—295, 298—299, 302—306, 307, 308, 310, 318, 327, 328, 329, 340—341, 346, 356.*

Декабрьское восстание в Москве 1905 г. Иллюстрированный сборник статей, заметок и воспоминаний под ред. Н. Овсянникова. Отдел печати Московского Совета р. и к. д. М., 10-я Гос. тип., 1919. 275. [2] стр. (Материалы по истории пролетарской революции. Сборник № 3-й). — *28.*

Декрет [СНК] о переделах земли. [30 апреля 1920 г.].— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 102 (949), 13 мая, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства — *111—113.*

Декрет СНК о потребительских кооперативах. [29 марта (11 апреля) 1918 г.].— «Правда», М., 1918, № 71, 13 апреля (31 марта), стр. 1, в отд.: Действия и распоряжения ВЦИК, СНК и С. р. и к. деп.— *110—111.*

Декрет [СНК] о централизации управления, охране дорог и повышении их провозоспособности. [23 марта 1918 г.].—«Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 59 (323), 28 марта, стр. 2, в отд.: Действия правительства. — *296—297.*

Декрет Совета Народных Комиссаров об объединении всех видов кооперативных организаций. [27 января 1920 г.].— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 21 (868), 31 января, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства.— *111—112.*

Доклад ЦК РКСМ. (За год работы).— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 15, 24 марта, стр. 2—3. Подпись: Центральный Комитет РКСМ.— *260—261.*

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Заключение мира с Эстонией.—«Правда», М., 1920, № 23, 3 февраля, стр. 2, в отд.: Последние известия.— *97.*

Из отчета по изданию газет «Правда» и «Беднота».— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 15, 24 марта, стр. 4. — *260—261.*

«Известия Всероссийского Совета Крестьянских Депутатов», Пг.— *13—15.*

— 1917, № 88, 19 августа, стр. 3—4; № 89, 20 августа, стр. 3—4.— *13—15.*

«Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1.— *185.*

— 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.—*13—15.*

— 1917, № 255, 19 декабря, стр. 4.— *190.*

«Известия ВЦИК Советов Крестьянских, Рабочих, Солдатских и Казачьих Депутатов», М., 1918, № 59 (323), 28 марта, стр. 2.— *296—297.*

«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 63 (615), 23 марта, стр. 2. — *106—107.*

— 1919, № 141 (693), 1 июля, стр. 3.— *112.*

— 1920, № 9 (856), 15 января, стр. 1. — *108—110, 124.*

— 1920, № 10 (857), 16 января, стр. 1.— *114—116.*

— 1920, № 14 (861), 22 января, стр. 1, 2. — *70, 108—110, 124.*

— 1920, № 16 (863), 25 января, стр. 1, 2.— *56, 106—107, 114—116.*

— 1920, № 19 (866), 29 января, стр. 2.— *114—116.*

— 1920, № 21 (868), 31 января, стр. 2. — *111—112.*

— 1920, № 24 (871), 4 февраля, стр. 1.— *114—116.*

— 1920, № 25 (872), 5 февраля, стр. 2. — *114—116.*

— 1920, № 28 (875), 8 февраля, стр. 2—3. — *97—98, 117, 138, 160, 162, 163, 168—170, 177—178, 194, 218—219, 315.*

— 1920, № 52 (899), 7 марта, стр. 1.— *212.*

— 1920, № 68 (915), 28 марта, стр. 1. — *268—269, 270, 360.*

— 1920, № 75 (922), 6 апреля, стр. 2.— *360.*

— 1920, № 80 (927), 16 апреля, стр. 1. — *359—360.*

— 1920, № 102 (949), 13 мая, стр. 2.— *112.*

«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 13, 2 марта, стр. 1 — *282—283, 284, 285—286.*

— 1920, № 14, 12 марта, стр. 1, 2.— *231, 233, 241—242, 243, 260, 273—274, 280, 281, 293.*

— 1920, № 15, 24 марта, стр. 1—4.— *260.*

— 1920, № 16, 28 марта, стр. 1—2.— *260.*

Информационно-статистический отдел. (Отчет с 18 апреля 1919 г. по 1 марта 1920 года).— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 15, 24 марта, стр. 1—2.— *260.*

«Искра», [Мюнхен], 1902, № 18, 10 марта, стр. 1. — *354—355, 356.*

К ликвидации деникинщины.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 80 (927), 16 апреля, стр. 1, в отд.: Дела дипломатические.— *359—360.*

[*Калинин, М. И. Доклад на I Всероссийском съезде трудовых казаков 29 февраля 1920 г.*].— «Правда», М., 1920, № 47, 2 марта, стр. 1. Под общ. загл.: 1-й Всероссийский съезд трудовых казаков. — *181.*

[*Каменев, Л. Б.*] *Основные задачи рабочего класса в настоящий момент.* (Тезисы Л. Каменева).— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 14, 12 марта, стр. 1.— *280.*

Каутский, К. Славяне и революция.— «Искра», [Мюнхен], 1902, № 18, 10 марта, стр. 1.— *354—355, 356.*

«Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 7—8, ноябрь—декабрь, стлб. 969—974. — *140.*

«Коммунистический Субботник», М., 1920, 11 апреля, 4 стр. — *343.*

Конституция (Основной закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики. Опубликована в № 151 «Известий Всерос. Центр. Исп. Комитета» от 19 июля 1918 г. М., Гиз., 1919. 16 стр. (РСФСР). — *70, 209, 224, 274—275, 276—277, 343.*

Кржижановский, Г. М. Конспект статьи Г. Кржижановского «Задачи электрификации промышленности».— «Правда», М., 1920, № 20, 30 января, стр. 1. — *67.*

— *Основные задачи электрификации России.* М., Госиздат, 1920. 51 стр.; 1 л. карт.— *67, 117.*

[*Ленин, В. И.*] *Декрет о земле съезда Советов рабочих и с. д.* (Принят на зас. 26 октября в 2 ч. н.).— «Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.— *13—15*.

— *Декрет о мире, принятый единогласно на заседании Всероссийского съезда Советов рабочих, солдатских и крестьянских депутатов 26 октября 1917 г.*— «Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 208, 27 октября, стр. 1.— *185*.

[*Ленин, В. И.*] *Директива Политбюро ЦК РКП(б) по вопросу о Рабочей инспекции*. 23 января 1920 г.— *70*.

— *Доклад ВЦИК и Совнаркома 5 декабря* [*1919 г. на VII Всероссийском съезде Советов*] — *қараңыз:* Ленин, В. И. Речь тов. Ленина 5 декабря.

— *Доклад об очередных задачах Советской власти* [*на заседании ВЦИК 29 апреля 1918 г.*].— *328*.

— [*Доклад Центрального Комитета 29 марта 1920 г. на IX съезде РКП(б)*].— В кн.: Девятый съезд Российской Коммунистической партии. Стенографический отчет. (29-го марта— 4 апреля 1920 г.). М., Госиздат, 1920, стр. 8—21. (РКП(б)).— *282*.

— *К организациям РКП по вопросу о порядке дня партийного съезда.*—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 13, 2 марта, стр. 1. Подпись: ЦК РКП.—*282—283, 284—285, 286*.

— *Об обмане народа лозунгами свободы и равенства.* (Речь на съезде по внешкольному образованию). [19 мая 1919 г.].— В кн.: [Ленин, В. И.] Две речи на 1-м Всероссийском съезде по внешкольному образованию. (6—19 мая 1919 года). М., Госиздат, 1919, стр. 10—32. (РСФСР. День советской пропаганды). Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *317*.

— [*Отчет Центрального Комитета 18 марта 1919 г. на VIII съезде РКП(б)*].— В кн.: VIII съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Москва, 18—23 марта 1919 года. Стеногр. отчет. М., «Коммунист», 1919, стр. 11—23. (РКП(б)). — *259*.

•— *Очередные задачи Советской власти.* М., изд-во ВЦИК, 1918. 30 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин. — *296—300, 328, 329*.

Письмо к организациям РКП о подготовке к партийному съезду — *қараңыз:* Ленин, В. И. К организациям РКП по вопросу о порядке дня партийного съезда.

— *Письмо к рабочим и крестьянам по поводу победы над Колчаком.*— В кн.: Ленин, В. И. Письмо к рабочим и крестьянам Украины по поводу побед над Деникиным. М., Гиз., б. г., стр. 17—32. Подпись: Н. Ленин. — *43*.

Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 28 (875), 8 февраля, стр. 2—3. — *97—99, 160—161, 162, 168—170, 194, 315.*

Мирный договор между Россией с одной стороны и Германией, Австро-Венгрией, Болгарией и Турцией с другой. М., тип. Моск. Совета раб. и солд. депутатов, 1918. 150 стр.; 1 л. карт. — *278.*

Москва, народному комиссару по иностранным делам. [Радиотелеграмма азербайджанского министра иностранных дел].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 16 (863), 25 января, стр. 1, в отд.: Дела дипломатические. — *56, 106—107.*

Об объединении Советских Республик: России, Украины, Латвии, Литвы, Белоруссии для борьбы с мировым империализмом. [Декрет ВЦИК от 1 июня 1919 г.].—«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1919, № 21, 6 июня, стр. 280—281. Под общ. загл.: Декреты Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета. — *107—108.*

[*Об отношении к кооперации.* Резолюция, предложенная IX съезду РКП(б) большинством кооперативной секции 3 апреля 1920 г.].— В кн.: Девятый съезд Российской Коммунистической партии. Стенографический отчет. (29-го марта — 4 апреля 1920 г.). М., Госиздат, 1920, стр. 330—331. (РКП(б)). — *302, 305—306.*

[*Об отношении к кооперации.* Резолюция, предложенная IX съезду РКП(б) меньшинством кооперативной секции 3 апреля 1920 г.].— Там же, стр. 253—258. Под загл.: Тезисы доклада тов. Крестинского. — *302—303, 305—306.*

Об очередных задачах хозяйственного строительства. [Резолюция, принятая на IX съезде РКП(б) 31 марта 1920 г.].— Там же, стр. 371—383. — *310.*

Обращение в ноябре 1917 г. ко всем народам — қараңыз: Воззвание международной (циммервальдской) социалистической комиссии и заграничного представительства ЦК большевиков.

Обращение ВЦИК к польскому народу.—«Правда», М., 1920. № 25, 5 февраля, стр. 1. — *105, 108—109, 158, 198—199, 213.*

Обращение НКИД к Грузии и Азербайджану.—«Правда», М., 1920. № 4, 6 января, стр. 2, в отд.: Последние известия.— *56, 106—107.*

Организационно-инструкторский отдел. [Отчет о работе].— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 15, 24 марта, стр. 2. Подпись: А. Соколов. — *260—261.*

Организационный отчет ЦК. (К 9-му съезду партии).—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 16, 28 марта, стр. 1—2. — *260—261.*

Осинский, Н. и др. Тезисы о коллегиальности и единоличии. (К IX съезду РКП).—«Экономическая Жизнь», М., 1920, № 68, 28 марта, стр. 1. Подпись: Н. Осинский, Т. Сапронов, В. Максимовский. — *282—283, 284, 285—286, 287—288, 295—296.*

От Народного комиссариата по иностранным делам. 5-е февраля 1920 г.—«Правда», М., 1920, № 26, 6 февраля, стр. 1. — *120.*

От Народного комиссариата по иностранным делам. [2 апреля 1920 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 75 (922), 6 апреля, стр. 2, в отд.: Дела дипломатические. — *360.*

От Совета Народных Комиссаров РСФСР правительству Польши и польскому народу. Заявление. [28 января 1920 г.].— «Правда», М., 1920, № 20, 30 января, стр. 1. Под общ. загл.: Перед важным решением. — *106, 108—109, 110, 158, 197—198, 213.*

Отчет о деятельности отдела ЦК по работе среди женщин.— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 14, 12 марта, стр. 2. Подпись: Отдел ЦК по работе среди женщин. — *260—261.*

Отчет финансового отдела ЦК.—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 16, 28 марта, стр. 2. — *260—261.*

Очередные задачи хозяйственного строительства. (Тезисы ЦК к партийному съезду).—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 14, 12 марта, стр. 1. — *231, 233, 241—242, 243, 273—274, 280—281, 293.*

[*Пилсудский, И.*] *Ко всем жителям Украины.* (Прокламация Пилсудского). Варшава, 28/IV, 1920 г.— В кн.: «Красная книга». Сборник дипломатических документов о русско-польских отношениях 1918—1920 гг. М., 1920, стр. 104—105. (РСФСР. Народный комиссариат иностранных дел). — *359.*

Письмо Независимой с.-д. германской партии — қараңыз: Aufbau der Internationale.

Пленум Московского Совета нового состава.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 52 (899), 7 марта, стр. 1. — *212.*

По организационному вопросу. [Резолюция, принятая на IX съезде РКП(б) 3 апреля 1920 г.].—В кн.: Девятый съезд Российской Коммунистической партии. Стенографический отчет. (29-го марта—4 апреля 1920 г.). М., Госиздат, 1920, стр. 389—394. (РКП(б)). — *307, 308.*

Политический отчет ЦК. —«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 16, 28 марта, стр. 1. Подпись: ЦК РКП(б). — *260—261.*

Положение о комитетах по всеобщей трудовой повинности. [29 января 1920 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 25 (872), 5 февраля, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *114—116.*

Положение о Рабоче-Крестьянской инспекции. —«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 28 (875), 8 февраля, стр. 3. Под общ. загл.: Постановления и резолюции Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета 7-го созыва, принятые на 1-й сессии (2—7 февраля 1920 г.). — *138, 218—219.*

Положение о Рабоче-Крестьянской инспекции. [Проект, предложенный Московской рабочей инспекцией].—«Правда», М., 1920, № 4, 6 января, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения Советской власти. — *70, 109—110.*

Положение об Укрсовтрударме, принятое по соглашению Совета Народных Комиссаров РСФСР с Всеукраинским Революционным Комитетом. [20 января 1920 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 16 (863), 25 января, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *114—116.*

[*Порядок дня IX съезда РКП(б)*].—«Правда», М., 1920, № 30, 11 февраля, стр. 2, в отд.: Извещения. — *153.*

Постановление Всероссийской Чрезвычайной Комиссии.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 9 (856), 15 января, стр. 1. — *108—110, 124.*

Постановление ВЦИК и Совета Народных Комиссаров [об отмене смертной казни. 17 января 1920 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 14 (861), 22 января, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *108—110, 124.*

Постановление Народного комиссариата земледелия. О порядке производства внутринадельных переделов в отдельных сельских обществах, селениях и других сельскохозяйственных объединениях. [1 июля 1919 г.].—«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1919, № 36, 26 июля, стр. 415—416. — *111—113.*

Постановление Совета Народных Комиссаров о порядке всеобщей трудовой повинности. [29 января 1920 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 25 (872), 5 февраля, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *114—116.*

Постановление Совета Народных Комиссаров о сборе льна. [10 февраля 1920 г.].—«Экономическая Жизнь», М., 1920, № 31, 12 февраля, стр. 2. — *289, 293.*

Постановление Совета Рабоче-Крестьянской Обороны о Первой Революционной армии труда. [15 января 1920 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 10 (857), 16 января, стр. 1. Под общ. загл.: Красная армия труда. — *114—116.*

Постановление Совета Рабоче-Крестьянской Обороны [об использовании сил и средств Запасной армии республики для улучшения железнодорожного транспорта в районе Московско-Казанской железной дороги. 23 января 1920 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 19 (866), 29 января, стр. 2, в отд.: Действия и распоряжения правительства. — *114—116.*

Постановления и резолюции Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета 7-го созыва, принятые на 1-й сессии (2—7 февраля 1920 г.).—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 28 (875), 8 февраля, стр. 2—3.—*138.*

«Правда» («Рабочий Путь»), Пг., 1917, № 171 (102), 10 ноября (28 октября), стр. 3. — *185.*

**Программа Российской Коммунистической партии (большевиков).* Принята 8-м съездом партии 18—23 марта 1919 г. М.— Пг., «Коммунист», 1919. 24 стр. (РКП(б)). — *111—112, 156—157, 291—292.*

Проект положения о Рабочей инспекции [предложенный ВЦИК и ВЦСПС].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 14 (861), 22 января, стр. 1. Под общ. загл.: Введение к проекту положения о Рабочей инспекции. (К заседанию сессии ВЦИК 1-го февраля). — *70, 110.*

Работа в деревне.—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 15, 24 марта, стр. 3—4. — *261.*

Радиотелеграмма грузинского министра иностранных дел.— «Правда», М., 1920, № 22, 1 февраля, стр. 1. — *106.*

Резолюции и постановления IX съезда РКП.— В кн.: Девятый съезд Российской Коммунистической партии. Стенографический отчет. (29-го марта — 4 апреля 1920 г.). М., Госиздат, 1929, стр. 369—397. (РКП(б)), в отд.: Приложения. — *313, 327, 328, 329, 340—341, 346, 356.*

Резолюция Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета рабоч., солдат., крест. и казач. депутатов, принятая в заседании от 29-го апреля 1918 года, по докладу тов. Ленина «Об очередных задачах Советской власти». — В кн.: Ленин, В. И. Очередные задачи Советской власти. М., изд-во ВЦИК, 1918, стр. 27. Перед загл. кн. авт.: Н. Ленин. — *296, 297—299, 329.*

Резолюция об электрификации.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 28 (875), 8 февраля, стр. 2. Под общ. загл.: Постановления и резолюции Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета 7-го созыва, принятые на 1-й сессии (2—7 февраля 1920 г.).— *118, 163, 177—178.*

Решение по русскому вопросу.—«Правда», М., 1920, № 43, 26 февраля, стр. 2, в отд.: Телеграммы. Под общ. загл.: Среди союзников. — *175—176.*

Сборник секретных документов из архива бывшего министерства иностранных дел. №№ 1—7. Изд. Нар. ком. по иностр. делам. Пг., тип. Ком. по иностр. делам, декабрь 1917 — февраль 1918. 7 кн. — *188—189, 198—199.*

Святицкий, Н. В. Итоги выборов во Всероссийское учредительное собрание. — В кн.: Год русской революции. (1917—1918 гг.). Сборник статей. М., «Земля и Воля», 1918, стр. 104—119. — *1—4, 5—6, 7—8, 9—11, 17, 19—20.*

Снятие блокады.—«Правда», М., 1920, № 12, 18 января, стр. 1.— *96, 163, 164, 167—168.*

«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1919, № 21, 6 июня, стр. 280—281. — *107—108.*

— 1919, № 36, 26 июля, стр. 415—416. — *111—113.*

Соглашение центральной Советской власти с Башкирским правительством о Советской Автономной Башкирии.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1919, № 63, (615), 23 марта, стр. 2. — *107.*

Тезисы ЦК РКП о мобилизации индустриального пролетариата, трудовой повинности, милитаризации хозяйства и применении воинских частей для хозяйственных нужд. —«Правда», М., 1920, № 14, 22 января, стр. 1. — *86.*

Томский, М. П. Задачи профессиональных союзов. (Тезисы М. Томского).—«Экономическая Жизнь», М., 1920, № 54, 10 марта, стр. 1. — *240—241, 247, 282—283, 285—286, 295—296.*

Троцкий, Л. Д. Жан Лонге.—«Коммунистический Интернационал», Пг., 1919, № 7—8, ноябрь—декабрь, стлб. 969—974. — *140.*

— *Труд, дисциплина, порядок спасут социалистическую Советскую республику.* Доклад на Московской городской конференции Российской Коммунистической партии 28 марта 1918 г. М., «Жизнь и Знание», 1918. 32 стр. (Дешевая б-ка. Кн. 175-ая).— *296—297.*

Учетно-распределительный отдел. [Отчет о работе].—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1920, № 15, 24 марта, стр. 2. — *261.*

Финляндия и Советская Россия.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1920, № 68 (915), 28 марта, стр. 1. Под общ. загл.: К мирным переговорам. — *269.*

«Экономическая Жизнь», М., 1920, № 31, 12 февраля, стр. 2. — *288—289, 293.*

Finland and the Bolshevists. —«The Times», London, 1919, No. 42, 239, Oktober 24, p. 4. — *190.*

Fjorton staters arméer och resurser mot Soviet-Ryssland. Härnadståget skall börja i dagarne.—«Folkets Dagblad Politiken», Stockholm, 1919, N:r 195, 25 august, s. 1. Под общ. загл.: Imperialismens drapslag mot den ryska revolutionen. — *74, 136, 189—190.*

«Folkets Dagblad Politiken», Stockholm, 1919, N:r 195, 25 august, s. 1. — *74, 136, 189—190.*

«Freiheit», Berlin. — *59.*

— 1920, Nr. 1/A1, 1. Januar. Morgen-Ausgabe, S. 2. — *59.*

«L'Humanité», Paris. — *144.*

In difesa della republica dei Soviet. [Резолюция, принятая на съезде социалистических партий в Италии 7 октября 1919 г.]. —«Avanti!», Milano, 1919, N. 279, 8 ottobre, p. 1. Под общ. загл.: La terza giornata del Congresso socialista. — *137.*

Judaslohn. —«Die Rote Fahne», Wien, 1919, Nr. 96, 2. September, S. 2. — *142.*

**Kautsky, K. Die Diktatur des Proletariats.* Wien, Brand, 1918. 63 S. — *336.*

— *Terrorismus und Kommunismus.* Ein Beitrag zur Naturgeschichte der Revolution. Berlin, Berger, 1919. 154 S. — *108—109.*

L. L. Offener Brief an Jakob Weltner.—«Die Rote Fahne», Wien, 1919, Nr. 84, 12. August, S. 1. — *142.*

«La Lanterne», Moscou. — *187.*

[*Lenin, W. I.*] *Die Diktatur des Proletariats und der Renegat Karl Kautsky.* Leipzig, Frank, 1919. 83 S. Перед загл. авт.: N. Lenin. — *248.*

— *The Proletarian Revolution and Kautsky the Renegade.* The Communist party. London, Strand, [1920]. 128 p. После загл. авт.: V. I. Ulianov (N. Lenin). — *248—249.*

Longuet, J. Comment on trompe nos camarades Russes. —«Le Populaire», Paris, 1920, N 624, 10 janvier. — *140.*

Loriot, F. Tout doux, Longuet!—«La Vie Ouvrière», Paris, 1920, N 37, 16 janvier. — *140.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

Аванесов, В. А. (1884—1930) — советтің мемлекет қайраткері; 1903 жылдан РСДРП мүшесі. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясына белсене қатысушы. 1907 жылдан 1913 жылға дейін Швейцарияда болған; РСДРП біріккен тобының секретары болды. 1914 жылы Россияға қайтып келді, большевиктерге қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москва Советіндегі большевиктік фракцияның және Москва Советі президиумының мүшесі. 1917 жылғы Октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1917—1919 жылдары — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиум мүшесі және секретары. 1919 жылы — 1920 жылдың басында — Мемлекеттік бақылау коллегиясының мүшесі, 1920 жылдан 1924 жылға дейін — Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары, Бүкіл россиялық төтенше комиссия коллегиясының мүшесі, одан кейін сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары, 1925 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің Президиум мүшесі. 1922—1927 жылдары — СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі.— *69, 70—72.*

Авилов, Н. П. (Глебов, Н.) (1887—1942) — 1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — партияның Петроград комитеті Атқару комиссиясының мүшесі, Петроград кәсіподақтарының Орталық бюросында, онан соң ВЦСПС Президиумында қызмет істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Халық Комиссарлары Советінің құрамына почта және телеграф халық комиссары болып кірді. 1918 жылдан жауапты әскери-саяси жұмыста болды. 1920 жылы — ВЦСПС президиумының мүшесі, одан кейін совет, партия және кәсіподақ жұмысында болды. 1925 жылы ВКП(б) XIV съезінде «жаңа оппозицияға» қосылды, партияның XV съезінен кейін өз қателіктерімді мойындаймын және партия шешімдеріне бағынамын деп

мәлімдеді. 1928 жылдан Дондағы Ростовта ауыл шаруашылық машиналарын жасау заводының (Ростсельмаш) директоры болды.— *246.*

Адлер (Adler), ***Фридрих*** (1879—1960) — Австрия социал-демократиясы оң қанатының лидері. 1916 жылғы 21 октябрьде террористік әрекет жасады — Австрия премьер-министрі граф Штюргкті атып өлтірді. Австриядағы 1918 жылғы революциядан кейін контрреволюция лагеріне өтіп кетті. В. И. Ленин Адлерді социализмнің масқара опасыздарының және сатқындарының бірі деп сипаттады. Адлер центристік II ½ Интернационалды ұйымдастырушылардың қатарында (1921—1923), ал одан соң — «Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтіннің лидерлерінің бірі болды.— *64, 148, 150—152.*

Аржанов, М. М. (1873—1941)—партияда жоқ. Октябрь социалистік революциясына дейін транспортта жұмыс істеген. 1919 жылдан 1922 жылға дейін — Республика Революциялық-әскери советі жанындағы Әскери хабарлар орталық басқармасының (ЦУПВОСО) бастығы, кейіннен Қатынас жолдары халық комиссариатында басшы қызметте істеді. Өмірінің соңғы жылдарында Қатынас жолдары халық комиссарының ғылыми-техникалық советінің мүшесі болды.— *373.*

Б

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясының оң қанаты мен II Интернационал лидерлерінің бірі, «австромарксизм» дейтіннің идеологы. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдары Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі болды. 1919, 1927 және 1934 жылдары Австрия жұмысшы табының революциялық бой көрсетулерін басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды.— *148—152*

Брак (Bracke), *(Александр-Мари Деруссо*)* (1861—1955) — Француз социалистік партиясы лидерлерінің бірі, оның сыртқы байланыстар жөніндегі секретары. 1900 жылдан Француз социалистік партиясының бірқатар мерзімді басылымдарында қызмет істеді: «L'Hummanité» («Адамзат») газеті редакторларының бірі болды; әлденеше рет депутаттар палатасына сайланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. Француз социалистерінің III Интернационалға қосылуына қарсы болды. 1923 жылдан бастап «Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтінде Француз социалистік партиясының өкілі болды.— *144.*

Бубнов, А. С. (1883—1940) — көрнекті партия және мемлекет қайраткері. 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Ива-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

ново-Вознесенскіде, Москвада, Петербургте және Россияның басқа қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Москва облыстық бюросының мүшесі, партияның Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және өткізуге белсене қатысты, Петроград Әскери-революциялық комитетіне және қарулы көтеріліске басшылық жасау жөніндегі Әскери-революциялық орталыққа кірді. 1918 жылдан жауапты партия, совет жұмысында және әскери жұмыста болды. «Солшыл коммунистердің» антипартиялық тобына кірді. Украина Совет үкіметінің және Украина КП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, Украин майданы, Солтүстік Кавказ әскери округы Революциялық-әскери советтерінің мүшесі болды. 1920—1921 жылдары оппортунистік «демократиялық централизм» тобына кірді. 1922—1923 жылдары РКП(б) Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болды. 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды; кейін троцкизмге қарсы күреске қатысты. 1924 жылдан — Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясы Саяси басқармасының бастығы және СССР Революциялық-әскери советінің мүшесі, 1925 жылы — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары. 1929 жылдан 1937 жылға дейін — РСФСР халық ағарту комиссары. Партияның Орталық Комитетінің мүшесі және мүшелігіне кандидат болып бірнеше рет сайланды.— *291.*

Буров, Я. И. (1881—1950) — 1905 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси-ағарту жұмысында болды: 1918—1920 жылдары Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің үгіт-нұсқау поездарын ұйымдастыруға қатысты, 1922 жылы Егіншілік халық комиссариатында шаруалардың орталық үйін құру жөнінде жұмыс істеді, кейінірек редакторлық және әдеби жұмыспен шұғылданды. Өмірінің соңғы жылдарында — аудандық мәдениет үйінің директоры.— *80.*

Бухарин, Н. И. (1888—1938) — 1906 жылдан большевиктік партияда болды; Москваның әр түрлі аудандарында насихатшы болып істеді. 1911 жылы шетелге эмиграцияға кетті. 1915 жылы «Коммунист» журналына жазып тұрды, мемлекет туралы, пролетариат диктатурасы туралы, ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы және басқа мәселелер жөнінде маркстік позицияға жатпайтын позиция ұстады. Партияның VI съезінде жұмысшы табы мен ең кедей шаруалардың одағын теріске шығаруды негізге ала отырып, революцияны дамытудың антилениндік схемасын ұсынды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін «Правданың» редакторы, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) әуелі «аралық»

позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің тобына қосылды; 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитеттің Саяси бюросынан шығарылды. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан шығарылды.— *240, 246, 247, 290—291, 295.*

В

Верфейль (Verfeuil), *Рауль* — француз социалисі. Центристік позицияда болды, «Le Populaire»-ге («Халық Газеті») жазып тұрды. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді, Француз социалистік партиясының Тур конгресінен кейін (декабрь, 1920) Франция коммунистік партиясына қосылды, 1923 жылы одан шығып кетті.— *140.*

Виганд (Wigand), *Карл* — Американ «Universal Service» информациялық агенттігінің Берлиндегі тілшісі.— *158—161.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссия королі (1888—1918).— *146, 196, 377.*

Вильсон (Wilson), *Вудро* (1856—1924) — американ мемлекет қайраткері. 1913 жылы Демократиялық партиядан Америка Құрама Штаттарының президенті болып сайланды және бұл орында 1921 жылға дейін болып келді. Ел ішіндегі жұмысшы қозғалысын аяусыз басып-жаныштау саясатын жүргізді. Вильсон үкіметінің сыртқы саясаты тонаушылық, экспансионистік сипатта болды, әсіресе Латын Америкасы елдері жөнінде осылай еді, ол осы елдердің істеріне талай рет қарудың күшімен қол сұғып келді. Американ миллиардерлерінің мүдделерін қорғай отырып, Вильсон Америка Құрама Штаттарын Антантаның жағында дүние жүзілік империалистік соғысқа киліктіруге себепші болды.

Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Вильсон Россияны бөлшектеуді көздеді, Америка Құрама Штаттарының Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1918 жылы Америка Құрама Штаттарының дүние жүзілік үстемдігін орнатуға бағытталған империалистік «бітім программасын» («он төрт пунктті») ұсынды. 1920 жылғы президент сайлауында жеңіліске ұшырап, саяси қызметтен шеттеп кетті.— *150, 151, 377.*

Г

Гендерсон (Henderson), *Артур* (1863—1935) — лейбористік партия мен ағылшын кәсіптік қозғалысы лидерлерінің бірі. 1908—1910 және 1914—1917 жылдары — лейбористердің парламенттік фракциясының председателі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуа-

зиялық-демократиялық революциясынан кейін империалистік соғысты жүргізе беруге үгіттеу үшін Россияға келді. 1919 жылы — Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі, 1923 жылдан бастап — «Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтіннің Атқару комитетінің председателі. Англияның буржуазиялық үкіметтеріне бірнеше рет кірді.— *151*.

Глебов, Н. — *қараңыз:* Авилов, Н. П.

Гольцман, А. З. (1894—1933) — революциялық қозғалысқа 1910 жылдан қатысты. 1917 жылы апрельде большевиктер партиясына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмысында басшы қызметтер атқарды. 1917 жылдан 1920 жылға дейін — металлистер одағы Орталық комитетінің мүшесі. 1920—1921 жылдары — ВЦСПС президиумының мүшесі; кәсіподақ айтысы кезінде Троцкийдің платформасын белсенді жақтады. 1922 жылдан Халық шаруашылығы жоғары советінде, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Орталық бақылау комиссиясында, Азаматтық әуе флоты бас басқармасында жауапты жұмыстар атқарды.— *299—300*.

Гуковский, И. Э. (1871—1921) — революциялық қызметін 1898 жылдан бастады, большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін — финанс халық комиссары, 1919—1920 жылдары РСФСР-дің Эстониядағы уәкілетті өкілі.— *97*.

Гулькевич, К. Н. (1865 ж. туған) — патша дипломаты. 1914—1916 жылдары — сыртқы істер министрлігінің кеңесшісі. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы қарсаңында — Норвегияда төтенше кіші елші. 1919 жылы — Колчактың ақ гвардиялық үкіметінің Швециядағы кіші елшісі.— *101*.

Гурдо (Gourdeau), *Анри* (1881—1961) — жұмысшы және коммунистік қозғалыстың ең байырғы қайраткерлерінің бірі. 1900 жылдан — Франция социалистік партиясының мүшесі. «La Lutte Sociale» («Әлеуметтік Күрес») газетінің редакторы болды. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. Француз коммунистік партиясын құруға қатысты. Француз коммунистік партиясы Басшы комитетінің, одан кейін Орталық Комитетінің мүшесі болды. Гитлерлік Германия Францияны оккупациялаған кезде нацистерге қарсы астыртын күреске қатысты. 1959 жылға дейін — Париж муниципалдық советінің және Сена департаменті Бас советінің мүшесі.— *140*.

Гусев, С. И. (Драбкин, Я. Д.) (1874—1933) — большевик. Революциялық қызметін 1896 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» бастады. РСДРП II съезінде — Дон комитетінен делегат, көпшілік жағындағы искрашыл. 1904 жылғы декабрьден 1905 жылғы майға дейін Көп-

Д

Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы октябрь күндерінде — Петроград Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Брест келіс сөздері кезінде совет бітім делегациясының құрамына кірді. 1918 жылғы апрельден ноябрьге дейін — РСФСР-дің Берлиндегі уәкілетті өкілі. Советтік Россияның бірқатар капиталистік елдер үкіметтерімен келіс сөздеріне қатысты. 1925—1927 жылдары троцкистік оппозицияға қосылды.— *97*.

Ищенко, А. Г. (1895 ж. туған) — 1917 жылдың апрелінен партияда болды. 1917 жылы июльде — Петроградта су транспорты қызметкерлері одағы Орталық комитетінің мүшесі. 1917 жылдың октябрінде — миноносецтер флотилиясының комиссары. 1919 жылдан 1921 жылға дейін және 1924 жылдан 1927 жылға дейін — су транспорты қызметкерлері одағы Орталық комитетінің председателі. 1923 жылғы троцкистік оппозицияға белсене қатысты, Москвадағы троцкистік орталықтың мүшесі болды, сол үшін 1927 жылы партиядан шығарылды; 1929 жылы ноябрьде партияға қайта алынды, контрреволюциялық қызметі үшін 1935 жылы февральда партиядан қайта шығарылды.— *240, 246*.

К

Калинин, М. И. (1875—1946) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1898 жылдан партия мүшесі. Алғашқы астыртын маркстік жұмысшы үйірмелерінде және В. И. Ленин құрған Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағында» жұмыс істеді. Бірінші орыс революциясына белсенді қатысушы. Петербургте, Тифлисте, Ревельде, Москвада және Россияның басқа да қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. 1912 жылы партияның VI (Прага) конференциясында РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды, одан соң РСДРП Орталық Комитеті Орыс бюросының құрамына енгізілді. «Правда» газетін ұйымдастырушылардың бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде Петербург партия комитеті Атқару комиссиясының мүшесі болды. Петроградтағы 1917 жылғы Октябрь қарулы көтерілісіне белсенді қатысушы. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроградтың қала басы, одан соң қала шаруашылығы комиссары. 1919 жылғы марттан — Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1922 жылғы декабрьден — СССР Орталық Атқару Комитетінің Председателі, 1938 жылдан — СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі, 1919 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі.— *181*.

Каменев (Розенфельд), Л. Б. (1883—1936) — 1901 жылдан большевиктік партияның қатарында болды. «Пролетарий» және

«Правда» газеттерінің редакцияларына кірді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметке және соғысқа көзқарас жөнінде жартылай меньшевиктік позиция ұстады, партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты. 1917 жылы октябрьде өз атынан және Зиновьевтің атынан жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетінде қарулы көтеріліс туралы Орталық Комитеттің қарарымен өздерінің келіспейтіні жөнінде мәлімдеме жариялады; бұл партияның құпия шешімін білдіріп қою, революцияға опасыздық жасау еді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Москва Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі. 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі оны троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *280.*

Капп (Карр), *Вольфганг* (1858—1922) — герман юнкерлері мен империалистік соғысқұмарлар топтарының өкілі. 1917 жылы реакциялық «отандық партияның» негізін қалаушылардың бірі болды. 1920 жылы мартта контрреволюциялық әскери-монархиялық төңкерісті басқарды, төңкеріс сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Швецияға қашып кетті. 1922 жылы Германияға қайтып оралды.— *195, 196.*

I Карл (Габсбург) (1887—1922) — Австрия императоры (1916—1918).— *187—189, 228.*

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, оппортунизмнің неғұрлым қауіпті және зиянды түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппорту-

низмге қарай ауытқушылық көрсеткен еді, мұнысы үшін оны К. Маркс пен Ф. Энгельс қатты сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды; бұл еңбектері, оларда жіберілген қателіктерге қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, 1910—1911 жылдары, оппортунизм позициясына көшті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Каутский центризм позициясында болды, социал-шовинизмді интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Реакциялық әсіре империализм теориясының авторы. Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революцияға және жұмысшы табының диктатурасына, большевиктер партиясына және Совет мемлекетіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы», «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. — *5, 9—10, 13, 16, 109, 248, 336, 354—355.*

Керенский, А. Ф. (1881—1970)—эсер. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — барып тұрған социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді. 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді. — *195, 222—223, 232, 270, 352.*

Киселев, А. С. (1879—1938)—1898 жылдан партия мүшесі. Россияның көптеген қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Иваново-Вознесенск Советінің председателі, РСДРП(б) Иваново-Вознесенск комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет, шаруашылық және кәсіподақ жұмысында болды. 1920 жылы — кен жұмысшылары одағының председателі, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) — антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобын жақтаушы. Партияның XII съезінде РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясы Президиумының мүшесі болып сайланды, кейінірек — РСФСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары және СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары. 1924 жылдан 1938 жылға дейін — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары. — *70—72.*

Клар (Clar), *Фанни* — француз социалист әйелі. Француз социалистік партиясының центристік қанатына қосылды. «Le Populaire»-нің («Халық Газеті») редакторы болды. 1920 жыл-

және IV съездерінде РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі, V съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Біраз уақыт антипартиялық «Вперед» тобында болды; кейінірек саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдары халық комиссары болды. 1919 жылдан бастап дипломатиялық жұмыста болды. 1920 жылдан сыртқы сауда халық комиссары және сонымен қатар 1921—1923 жылдары Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді. 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкілі. — *68.*

Краснов, П. Н. (1869—1947)—патша армиясының генералы, 1917 жылғы августағы Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. 1917 жылы октябрьдің аяғында антисоветтік бүлік кезінде Керенский Петроградқа аттандырған казак отрядтарының командирі болды. 1918—1919 жылдары Дондағы ақ казак армиясын басқарды. 1919 жылы шетелге қашып барып, онда антисоветтік қызметін тоқтатпады; кейінірек гитлершілдерге қызмет етті. Тұтқынға алынып, СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімі бойынша өлім жазасына кесілді. — *328.*

Крестинский, Н. Н. (1883—1938)—1903 жылдан партия мүшесі. 1917 жылы — РСДРП(б) Екатеринбург облыстық комитеті председателінің орынбасары, ал одан кейін Урал облыстық комитетінің председателі. 1918—1921 жылдары РСФСР финанс халық комиссары болып істеді, РКП(б) Орталық Комитетінің секретары (1919 жылдан) болды. 1918 жылы «солшыл коммунистермен» бірге Брест бітімін жасасуға қарсы шықты. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) Троцкийдің платформасын жақтады. 1921—1930 жылдары — советтің Германиядағы уәкілетті өкілі, одан кейін СССР сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. — *246, 247, 290, 305.*

Кржижановский, Г. М. (1872—1959) — Коммунистік партияның ең қарт қайраткері, белгілі совет ғалымы, инженер-энергетик. Революциялық қозғалысқа 1893 жылдан араласты; В. И. Ленинмен бірге Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырушылардың бірі болды. РСРДП II съезінде Орталық Комитеттің құрамына сырттан сайланды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москва Советінің мүшесі, большевиктер фракциясына кірді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Москваның энергетика шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту жолында жұмыс істеді. 1920 жылы Лениннің тапсыруымен Кржижановский Россияны электрлендіру жөніндегі

комиссиясы (ГОЭЛРО) басқарды. 1921—1930 жылдары Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына басшылық етті, СССР Халық шаруашылығын өркендетудің бірінші бесжылдық жоспарын жасауға қатысты, 1930 жылдан 1932 жылға дейін Кржижановский Отын өнеркәсібі халық комиссариатындағы Энергетика бас басқармасының председателі болды. 1932—1936 жылдары — СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы жоғары техникалық білім жөніндегі комитеттің председателі және РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары болды. ВКП(б) Орталық Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып бірнеше рет сайланды. 1929 жылы СССР Ғылым академиясының мүшесі болып сайланды, 1929 жылдан 1939 жылға дейін — СССР Ғылым академиясының вице-президенті, СССР Ғылым академиясының өзі құрған Энергетика институтының үзбестен директоры болды, энергетика саласындағы біркатар ғылыми еңбектердің авторы. — *67—68, 117.*

Криспин (Crispien), *Артур* (1875—1946) — герман социал-демократиясы лидерлерінің бірі, публицист. 1917—1922 жылдары Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының оң қанатын басқарды. 1920 жылы «тәуелсіздер» партиясы делегациясының құрамында Коминтерннің II конгресіне қатысты. Германияға қайтып барған соң Коминтернге қосылуға қарсы шықты. 1922 жылы Германия социал-демократиялық партиясына қайта оралып, оның Орталық Комитетінің мүшесі болды. Германияда фашизм өкімет басына келгеннен кейін Швейцарияға эмиграцияға кетті. — *64.*

Крыленко, Н. В. (1885—1938) — 1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі, советтің көрнекті мемлекет қайраткері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Солдатская Правда» газетінде істеді, РСДРП(б)-ның майдандағы және тылдағы әскери ұйымдарының Бүкіл россиялық конференциясына қатысты. Советтердің Бүкіл россиялық I съезінің делегаты. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі ретінде Халық Комиссарлары Советінің құрамына енді, кейінірек — жоғарғы бас қолбасшы. 1918 жылдан советтік юстиция органдарында — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Жоғарғы революциялық трибуналының председателі, юстиция халық комиссарының орынбасары, Республика прокуроры болып істеді; 1931 жылдан — РСФСР юстиция халық комиссары, ал 1936 жылдан — СССР юстиция халық комиссары. Партияның XV және XVI съездерінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды. — *242.*

Кун (Kun), *Бела* (1886—1939) — венгр және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Венгрия Коммунистік партиясының негізін қалаушылардың және оның бас-

шыларының бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде Томскіде соғыс тұтқыны болды, соғыс тұтқындары арасында революциялық насихат жүргізді. 1916 жылы РСДРП(б) жергілікті ұйымымен байланыс жасады, большевиктер партиясына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Томск губерниялық комитетінің мүшесі. 1918 жылы — РКП(б) шетелдік топтар федерациясының председателі. 1918 жылы күзде Венгрияға қайтып оралды. 1919 жылы февральда қамауға алынып, мартта босатылды. Венгр совет республикасы құрылғанда Кун іс жүзінде венгр совет үкіметінің басшысы болып, онда сыртқы істер халық комиссарының және Әскери істер жөніндегі халық комиссариаты коллегия мүшесінің ресми қызметтерін атқарды. Венгрияда совет өкіметі жаныштадғаннан кейін Австрияға, содан соң Россияға кетті. 1920 жылы — Оңтүстік майдан Революциялық-әскери советінің мүшесі, кейіннен Қырым Революциялық комитетінің председателі. 1921 жылдан Уралда басшы партиялық жұмыс атқарды, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, РКП(б) Орталық Комитетінің РКСМ Орталық Комитетіндегі уәкілі, Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының мүшесі. — *143.*

Л

Лежава, А. М. (1870—1937) — совет мемлекет қайраткері. 1904 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін шаруашылық және совет жұмысында басшы қызметтер атқарды. 1918—1920 жылдары — Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының председателі, 1920 жылдан 1925 жылға дейін — сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары, 1925—1930 жылдары — РСФСР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары. Бірнеше сайлауда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды. 1933 жылдан 1937 жылға дейін СССР Субтропикалық дақылдар бас басқармасының бастығы болып істеді. — *81.*

Лейсиань (Leiciagne), *Люси* — француз социалист әйелі. Француз социалистік партиясының центристік қанатына қосылды, 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. Француз социалистік партиясының Тур конгресінде (декабрь, 1920) коммунистік партияны құрған көпшілікке қосылды, оның Басшы комитетіне сайланды. — *140.*

Ленсбери (Lansbury), *Джордж* (1859—1940) — ағылшын лейбористік партиясы лидерлерінің бірі. 1892 жылы Социал-демократиялық федерацияға кірді, 1906 жылы лейбористерге қосылды. 1910—1912 және 1922—1940 жылдары парламент мүшесі болды. 1912—1922 жылдары күнделікті «The Daily Herald»

(«Күнделікті Хабаршы») газетін шығарды және оны редакциялады. 1929—1931 жылдары — қоғамдық жұмыстар министрі. 1931—1935 жылдары — лейбористік партияның председателі. — *315.*

Ле Троке (Le Troquer), *Андре* (1884 ж. туған)—француз саяси қайраткері, журналист. Француз социалистік партиясының мүшесі, «L'Humanité» («Адамзат») газеті редакторларының бірі болды. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. 1943 жылдың ноябрінде Алжирдегі француз комитетінің әскери және теңіз істері жөніндегі комиссары болып тағайындалды. 1946 жылы — ішкі істер министрі, 1946 жылғы декабрьден 1947 жылғы январьға дейін — ұлттық қорғаныс министрі. 1954 жылдың февралында Ұлттық жиналыс председателінің қызметіне ие болды. — ***140.***

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Ленин, Н.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер. — *3, 34, 39, 43, 51, 70, 79, 80, 96, 140, 149, 181, 189—190, 212, 222—223, 246, 247, 248, 296—297, 309, 328, 354, 385.*

Либкнехт (Liebknecht), *Карл* (1871—1919)—герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері; неміс социал-демократиясының сол қанаты басшыларының бірі; Вильгельм Либкнехттің ұлы. Оппортунизм мен милитаризмге қарсы белсене күресті. 1912 жылы рейхстагтың депутаты болып сайланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында революциялық-интернационалистік позицияда болды. «Интернационал» тобын ұйымдастырушылардың және оның басшыларының бірі болды, бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1916 жылы антимилитаристік насихат жүргізгені үшін каторгаға кесілді. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде Р. Люксембургпен бірге неміс жұмысшыларының революциялық авангардын басқарды. «Die Rote Fahne» («Қызыл Ту») газетін редакциялады. Германия Коммунистік партиясының негізін салушылардың және Берлин жұмысшыларының 1919 жылғы январьдағы көтерілісі басшыларының бірі болды. Көтерілісті басып-жаныштаннан кейін контрреволюционерлер оны айуандықпен өлтірді. К. Либкнехттің қызметін бағалай келіп, Ленин былай деп жазды: «бұл есім — көсемнің пролетариат мүдделеріне берілгендігінің, социалистік революцияға адалдығының символы... Бұл есім — империализмге қарсы сөз жүзінде емес, іс жүзінде бітіспес күрестің... символы» (Шығармалар толық жинағы, 37-том, 495-бет). — ***185, 196, 266, 321.***

Литвинов, М. М. (1876—1951) — партия және мемлекет қайраткері, көрнекті совет дипломаты. 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. «Искраның» агенті болды, 1905—1907 жылдар-

дағы бірінші орыс революциясына қатысты. 1914 жылғы июньнен бастап — Халықаралық социалистік бюрода РСДРП Орталық Комитетінің өкілі. Октябрь социалистік революциясынан кейін дипломатиялық жұмыста болды. 1921 жылдан—сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. 1930 жылдан 1939 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары. 1941—1943 жылдары — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және СССР-дің Америка Құрама Штаттарындағы елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін 1946 жылға дейін сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Партияның XVII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі және СССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды. — *32, 79.*

Ллойд Джордж (Lloyd George), *Дэвид* (1863—1945)—ағылшынның мемлекет қайраткері және дипломаты, либералдар партиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. Жұмысшыларға жағыну, оларды алдап-арбау және уәде беру арқылы Англияда жұмысшы табының революциялық партиясын құрғызбауға тырысты. 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позицияларын нығайтуды көздеді, отарлар мен тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз басып-жаныштап отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокаданы ұйымдастырушылардың, оған дем берушілердің бірі. — *150, 151, 165, 377.*

Лозовский (Дридзо), С. А. (1878—1952)—1901 жылдан РСДРП мүшесі. 1909 жылдан 1917 жылға дейін эмиграцияда тұрып, ымырашыл-большевиктер тобына қосылды. 1917 жылы июньде Россияға қайтып оралды; Кәсіподақтардың Бүкіл россиялық III конференциясында (июль, 1917 ж.) ВЦСПС секретары болып сайланды. 1917 жылы декабрьде партияның саясатына қарсы шыққаны үшін РСДРП(б) қатарынан шығарылды. Кейін интернационалист социал-демократтар тобын басқарды, осы топтың құрамында 1919 жылы декабрьде РКП(б) қатарына қайтадан алынды. 1920 жылы — кәсіптік одақтар Москва губерниялық Советінің председателі. 1921 жылдан 1937 жылға дейін — Профинтерннің бас секретары; одан соң Мемлекеттік әдебиет баспасының директоры. 1939—1946 жылдары СССР сыртқы істер халық комиссарының (кейін министрінің) орынбасары. Партияның XV съезінен бастап — ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, XVIII съезде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. — *240, 242.*

Лонге (Longuet), *Жан* (1876—1938)—Француз социалистік партиясының және II Интернационалдың лидерлерінің бірі, публицист. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Француз

социалистік партиясының центристік-пацифистік азшылығын басқарды; француз центристерінің органы—«Le Populaire» («Халық Газеті») газетінің негізін салушылардың және редакторларының бірі болды. Француз социалистік партиясының Коминтернге қосылуына және Франция коммунистік партиясын құруға қарсы шықты. 1921 жылдан — Вена (II ½) Интернационалы Атқару комитетінің мүшесі. 1923 жылдан —«Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтіннің басшыларының бірі.

30-жылдары Лонге социалистер мен коммунистердің фашизмге қарсы бірлесіп қимыл жасауын жақтады, фашизмге және соғысқа қарсы күресу жөніндегі халықаралық ұйымдарға қатысты. — *5, 16.*

Лорио (Loriot), *Фердинанд* (1870—1930)—француз социалисі; бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — интернационалист, Кинталь конференциясында (1916) Циммервальд солшылдарына қосылды. 1920—1927 жылдары Франция коммунистік партиясында болды. Коминтерннің III конгресінің делегаты.

1927 жылы оңшыл оппортунист ретінде коммунистік партиядан шығарылды. — *140.*

Луи (Louis), *Поль* (1872—1955)—француз социалисі, жазушы және журналист. «Le Populaire» («Халық Газеті») және басқа көптеген газеттер мен журналдарға жазып тұрды. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. Турдағы конгресте (декабрь, 1920) Француз социалистік партиясы жікке бөлінгеннен кейін коммунистік партияға кірді, 1923 жылы одан шығып, кейінірек «Пролетарлық бірлік партиясы» дейтіннің негізін салды. 1944 жылдан бастап Париждегі реакциялық «Le Parisien Libéré» («Еркін Париждік») газетіне жазып тұрды. — *140.*

Лутовинов, Ю. Х. (1887—1924)—1904 жылдан партия мүшесі. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің қудалауына ұшырады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Доңдағы және Украинадағы азамат соғысына белсене қатысты, Украина КП(б) Орталық Комитетінің астыртын жағдайдағы құрамына кірді. Кейіннен кәсіподақ және совет жұмысында болды. 1920 жылдан металлистер одағы Орталық комитетінің мүшесі, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; ВЦСПС президиумының мүшесі болды. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921)—антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобына белсене қатысушылардың бірі.— *246, 290.*

Люксембург (Luxemburg), *Роза* (1871—1919)— халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, II Интернационалдың сол қанаты лидерлерінің бірі. Польша социал-демократиялық партиясының негізін қалаушылардың және оның

басшыларының бірі болды. 1897 жылдан бастап герман социал-демократиялық қозғалысына белсене қатысты, бернштейншілдікке және мильеранизмге қарсы күрес жүргізді. Р. Люксембург бірінші орыс революциясына (Варшавада) қатысты.

Бірінші дүние жүзілік соғыс басталған күннен-ақ интернационалистік позиция ұстады. Ол Германияда «Интернационал» тобын құрудың инициаторларының бірі болды; бұл топ кейіннен «Спартак» тобы, одан соң «Спартак одағы» деп аталды. 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде неміс жұмысшыларының революциялық авангарды басшыларының бірі болды. Германия коммунистік партиясының Құрылтай съезіне басшылық етіп қатысты. 1919 жылдың январында контрреволюционерлер оны тұтқынға алып, айуандықпен өлтірді. — *196, 321.*

М

Макдональд (MacDonald), *Джеймс Рамсей* (1866—1937) — ағылшынның саяси қайраткері, Тәуелсіз жұмысшы партиясы мен лейбористік партияның негізін салушылардың және лидерлерінің бірі. Барып тұрған оппортунистік саясат жүргізді, таптық ынтымақ және капитализмнің біртіндеп социализмге ұласуы жөніндегі теорияны уағыздады. Бірінші дүние жүзілік соғыстың бас кезінде пацифистік позиция ұстады, содан соң империалистік буржуазияны ашық қолдау жолына түсті. 1918—1920 жылдары антисоветтік интервенцияға қарсы шыққан ағылшын жұмысшыларының күресіне бөгет жасауға тырысты. 1924 және 1929—1931 жылдары премьер-министр қызметін атқарды. Макдональдтың лейбористік үкіметі жұмысшыларға қарсы саясат жүргізді, ағылшын отарларында ұлт-азаттық қозғалысын басып отырды. 1931—1935 жылдары Макдональд «ұлттық үкімет» дейтінді басқарды, оның саясатын консерваторлар белгілеп отырды. — *248—249.*

Максимовский, В. Н. (1887—1941) — 1903 жылдан партия мүшесі. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — партия және совет жұмысында болды: партияның Москва облыстық комитетінің секретары, партияның Орталық Комитетінің есеп-бөліс бөлімінің меңгерушісі, РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары болып істеді. Брест бітімін жасасу кезінде — «солшыл коммунист»; 1920—1921 жылдары — антипартиялық «демократиялық централизм» тобының белсенді қайраткері; 1923 жылы 46-ның троцкистік платформасына қол қойды, одан кейін «жаңа оппозицияға» қосылды. Партияның XIV съезінен кейін оппозициядан қол үзді. 1929 жылдан бастап елдің әр түрлі жоғары оқу орындарында ғылыми-оқытушылық қызметте болды. — *282—283, 284, 285—286, 287—288, 296.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариат-

тың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз—Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер). — *8, 11—12, 316, 339,*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923)—меньшевизм лидерлерінің бірі. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде центристік позицияда болды. 1917 жылы интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды. — *5, 13.*

Мейера (Mayéras), *Бартелеми* (1879 ж. туған)—француз социалисі, журналист. Центристік позиция ұстады. «Le Populaire»-ге («Халық Газеті») және француз центристерінің басқа да органдарына белсенді түрде жазып тұрды. Француз социалистік партиясы басқармасының мүшесі бола жүріп, ол партия ішіндегі ашық социал-шовинистік элементтермен бірлікті жақтады. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. — *140.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943)—француз саяси қайраткері; 90-жылдары социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакциялық буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасының жендеті болған генерал Галифемен бірге қызмет істеді.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран басқа да бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге «тәуелсіз социалистер» тобын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызмет атқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды: 1920—1924 жылдары—Француз республикасының президенті. 1924 жылы июньде, солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен қызмет істеуден бас тартқаннан кейін отставкаға кетуге мәжбүр болды.

В. И. Ленин мильеранизмді пролетариат мүдделеріне сатқындық ретінде, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі ретінде әшкерелеп, оның әлеуметтік түп-тамырларын ашып көрсетті. — *150, 151, 165.*

Милютин, В. П. (1884—1938)— социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан — большевик. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. РСДРП(б) Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында партияның Орталық Комите-

тіне мүше болып сайланды. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде егіншілік халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. 1918—1921 жылдары — Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, одан соң басқа да жауапты совет және шаруашылық жұмыста болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық бақылау комиссиясына мүше болып сайланды. — *293—294, 302, 303, 304, 306.*

Моранж (Mauranges) — француз социалисі, центрист. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. — *140.*

Морен (Maurin), *Морис* (1879 ж. туған) — француз социалисі. Француз социалистік партиясының центристік қанатына қосылды. 1920 жылдың ноябрінде II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. 1938 жылға дейін — социалистік партияның тұрақты әкімшілік комиссиясының мүшесі. — *140.*

Муре (Mouret), *Жан* (1863 ж. туған) — француз социалисі. Француз социалистік партиясының центристік қанатына қосылды. 1919 жылы депутаттар палатасының мүшесі болды. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. — *140.*

Н

II Николай (Романов) (1868—1918) — орыстың соңғы императоры, 1894 жылдан 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясына дейін патшалық құрды. 1918 жылы 17 июльде жұмысшы және солдат депутаттары Урал облыстық Советінің қаулысы бойынша Екатеринбургте (Свердловск) атылды. — *188, 189, 190.*

Нобель (Nobel) — швед кәсіпкері, Совет өкіметі орнағанға дейін Бакуде орасан зор мұнай кәсіпшіліктерінің иесі болды.— *361.*

Новых, Г. Е. — қараңыз: Распутин, Г. Е.

Носке (Noske), *Густав* (1868—1946) — Герман социал-демократиялық партиясының оппортунист лидерлерінің бірі. 1918 жылы, Германиядағы Ноябрь революциясы кезінде, Кильдегі матростардың революциялық қозғалысын басып-жаныштауға басшылық еткендердің бірі болды. 1919—1920 жылдары әскери министр болды; Берлин жұмысшыларын жазалауды және

К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтіруді ұйымдастырды, сол үшін «қанды ауыз ит» деп атанды. Кейіннен Пруссияның Ганновер провинциясының президенті болды. Фашистік диктатура жылдарында Гитлер үкіметінен мемлекеттік пенсия алып тұрды. В. И. Ленин Носкені «социал-сатқын» деп, «монархия мен контрреволюциялық буржуазияға қызмет ететін, жұмысшылардан шыққан ең жексұрын жендеттердің» бірі деп атады (Шығармалар толық жинағы, 38-том, 337-бет). — *64, 146.*

О

Оболенский, В. В. — қараңыз: Осинский, Н.

Олейников — ақ гвардияшыл офицер. 1919 жылдың аяғында Совет өкіметі жағына шығып, Американың, Англияның және Францияның империалистік саясатын әшкерелейтін бірқатар құпия документтерді Совет үкіметіне табыс етті. — *101.*

Осинский, Н. (Оболенский, В. В.) (1887—1938) — 1907 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін РСДРП(б) Москва облыстық бюросында істеді, большевиктік «Социал-Демократ» газеті редакциясының құрамына кірді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін—РСФСР Мемлекеттік банкінің басқарушысы, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1918 жылы — «солшыл коммунистер» платформасы авторларының бірі. 1918—1919 жылдары «Правда» редакциясында және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің насихат бөлімінде істеді; Коминтерннің I конгресінің делегаты болды. 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық централизм» тобына белсене қатысты. Кейін троцкистік оппозицияға қосылды. 1921—1923 жылдары — егіншілік халық комиссарының орынбасары, 1925 жылы — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі. Партияның X, XIV—XVII съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1926—1928 жылдары — СССР Орталық статистика басқармасының басқарушысы, 1929 жылы — СССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары. Кейінгі жылдарда басшы партиялық және әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды. — *282—283, 284—285, 288, 296.*

П

Паликó (Palicot) — француз социалисі. Француз социалистік партиясының центристік қанатына қосылды. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. Француз социалистік партиясының Тур конгресінде (декабрь, 1920) коммунистік партияны құрған көпшілікке қосылды; партияның Басшы комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. — *140.*

Пеше (Pecher) — француз социалисі. Француз социалистік партиясының центристік қанатына қосылды. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. — *140.*

Пилсудский (Piłsudski), *Юзеф* (1867—1935) — буржуазиялық-помещиктік Польшаның реакцияшыл мемлекет қайраткері, фашистік диктатор. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) Германия жағында қимыл жасаған поляк әскери жасақтарының командирі болды. 1918—1922 жылдары поляк мемлекетінің басшысы болды, еңбекшілердің революциялық қозғалысын қаталдықпен қудалады. 1920 жылы ақ пандық Польшаның Совет мемлекетіне қарсы соғысын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1926 жылы майда мемлекеттік төңкеріс жасап, фашистік диктатура режимін орнатты. 1934 жылы гитлерлік Германиямен одақ жасасты. — *359.*

Подвойский, Н. И. (1880—1948) — көрнекті партиялық және әскери қызметкер. 1901 жылдан большевиктік партияның мүшесі, бірінші орыс революциясына белсене қатысушы. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі. Октябрь қарулы көтерілісін әзірлеу және өткізу күндерінде—Петроград Әскери-революциялық комитетінің председателі, Қысқы сарайға тіке шабуыл басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Әскери және теңіз істері жөніндегі комитеттің мүшесі, Петроград әскери округінің қолбасшысы. 1919 жылы — Украинаның әскери-теңіз істері жөніндегі халық комиссары. ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып талай рет сайланды. Өмірінің соңғы жылдарында насихат және әдеби жұмыспен шұғылданды. — *242.*

Попов, П. И. (1872—1950) — статистик. 1924 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1918 жылдан Орталық статистика басқармасын басқарды. СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі болды, 1926 жылдан 1949 жылға дейін РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының құрамына және Ленин атындағы Бүкіл одақтық ауыл шаруашылық ғылымдары Академиясының құрамына кірді, РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының ауыл шаруашылық бөліміне басшылық етті. Кейін СССР Орталық статистика басқармасы жанындағы ғылыми-методологиялық советтің мүшесі. Статистика жөніндегі бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. — *370.*

Пуанкаре (Poincaré), *Раймон* (1860—1934)—француз буржуазиясының саяси және мемлекет қайраткері. 1893 жылдан бастап бірнеше рет француз үкіметінің құрамына кірді, француз буржуазиясының неғұрлым агрессияшыл топтарының пікірін білдіруші болды. 1912 жылы Францияның премьер-министрі, ал

1913 жылдан 1920 жылға дейін президенті болған. Бұл қызметтерінде ол өзін бірінші дүние жүзілік соғысты әзірлеудің белсенді жақтаушысы етіп көрсетті, сол үшін «Пуанкаре-соғыс» деген атқа ие болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1922—1924 және 1926—1929 жылдары — Францияның премьер-министрі. Оның саясатының ерекшелігі барынша антисоветтік бағытта болғандығы, француз еңбекшілерінің өмірлік праволары мен демократиялық бостандықтарына шабуыл жасағандығы, француз коммунистерін қуғындағандығы болды. — *377.*

Р

Радек, К. Б. (1885—1939) — 900-жылдардың басынан Галицияда, Польшада және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында интернационалистік позицияда болды, алайда центризмге қарай ауытқып отырды: ұлттардың өзін өзі билеу правосы туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1917 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Сыртқы істер халық комиссариатында істеді, Коминтерн Атқару Комитетінің секретары болды. РКП(б) VIII—XII съездерінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1918 жылы «солшыл коммунист», 1923 жылдан — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1929 жылы өз қателіктерін мойындап мәлімдеме жасады, партияға қайта алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, 1936 жылы ВКП(б)-дан қайта шығарылды. — *186, 290—291.*

Раковский, Х. Г. (1873—1941) —90-жылдардың басынан Болгарияда, Румынияда, Швейцарияда, Францияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист. 1917 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында болды. 1918 жылдан — Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі, 1923 жылдан бастап Англияда және Францияда дипломаттық жұмыста істеді. Троцкистік оппозицияның белсенді қайраткерлерінің бірі болды, сол үшін оны 1927 жылы ВКП(б) XV съезі партиядан шығарды. 1935 жылы партияға қайта қабылданды, 1938 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан қайта шығарылды. — *288, 292.*

Распутин (Новых), Г. Е. (1872—1916) —II Николай сарайында үлкен ықпалы болған авантюрист. Тобол губерниясының шаруаларынан шыққан. 1907 жылы «әулие диуана» және «сәуегей» болып келіп, патша семьясының сеніміне кірген. «Распу-

тиншілдіктен» патшалық Россияның билеп-төстеуші жоғарғы тобына тән болған қара түнек дүниесі, жауыздық, моральдық азғындаушылық мейлінше айқын көрінді. Распутинді Петроградта монархистер тобы өлтірді, олар осы әрекетімен патша әулетін сақтап қалғысы және өрлеп келе жатқан революцияны тұншықтырғысы келді. — *185.*

Реннер (Renner), *Карл* (1870—1950)—Австрияның саяси қайраткері, Австрияның оңшыл социал-демократтарының лидері және теоретигі. «Австромарксизм» дейтіннің идеологтарының және «мәдени-ұлттық автономия» жөніндегі буржуазиялық-ұлтшылдық теория авторларының бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. 1919—1920 жылдары — Австрия канцлері, 1945—1950 жылдары — Австрия президенті. — *148.*

Ренодель (Renaudel), *Пьер* (1871—1935)—Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі. 1902—1914 жылдары —«Le Peuple» («Халық») газетінің, 1914—1920 жылдары —«L'Humanité» («Адамзат») газетінің редакторы; 1914—1919 және 1924 жылдары депутаттар палатасының мүшесі болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1927 жылы социалистік партияның басшылығынан шеттеп кетті, ал 1933 жылы партиядан шығарылды; кейін шағын неосоциалистік топ құрды. — *8.*

Рену (Ranoult), *Даниэль* (1880—1958) — Франция жұмысшы және коммунистік қозғалысының көрнекті қайраткері, журналист. 1906 жылдан 1920 жылға дейін — Француз социалистік партиясының мүшесі, 1908 жылдан «L'Humanité» («Адамзат») газетінің редакторы. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. Француз коммунистік партиясының негізін қалауға қатысты, оның Басшы комитетіне сайланды. Гитлерлік Германия Францияны оккупациялаған кезде концлагерьлерде тұтқын болды, 1945 жылдан 1950 жылға дейін — Француз коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, 1950 жылдан 1958 жылға дейін — Орталық финанс бақылау комиссиясының мүшесі. — *140.*

Рид, Джон (1887—1920)—американ жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, жазушы және публицист. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында әскери тілші болды, империалистік соғысқа қарсы шықты. 1917 жылы Россияға келді. Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап қарсы алды, революцияның оқиғаларына «Дүниені дүр сілкіндірген он күн» деген кітабын арнады. 1918 жылы Америка Құрама Штаттарына қайтып барғаннан кейін Социалистік партияның сол қанатына қосылып, оның жұмысына басшылық етті. Америка Құрама Штаттары Коммунистік жұмысшы партиясының негізін салу-

шылардың бірі (сентябрь, 1919 ж.). 1919 жылы октябрьде Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болып сайланды, 1920 жылы Коминтерннің II конгресінің жұмысына қатысты. Москвада қайтыс болды, Қызыл алаңда, Кремль қабырғасының іргесіне жерленді. — *51.*

Роз (Rauze), *Марианна* — француз социалист әйелі. «Le Populaire» газетіне («Халық Газеті») және басқа социалистік басылымдарға жазып тұрды. Француз социалистік партиясының центристік қанатына қосылды, 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. — *140.*

Рыков, А. И. (1881—1938) — 1899 жылдан большевиктік партияда болды. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. РСДРП III съезінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған лениндік бағытына қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — ішкі істер жөніндегі халық комиссары, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председателі, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты; 1928 жылы — ВКП(б) ішіндегі оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды. — *243, 289, 293—295, 298—299, 304.*

С

Сазонов, С. Д. (1861—1927)—патшалық Россияның көрнекті дипломаты, ірі помещиктер мен капиталистердің мүдделерін білдірді. 1904 жылдан Европа елдерінде бірқатар дипломатиялық қызметтерде болды; 1909 жылы сыртқы істер министрінің орынбасары; 1910—1916 жылдары — сыртқы істер министрі; 1916 жылы Лондондағы елші болып тағайындалды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Колчактың, бұдан соң Деникиннің Париждегі өкілі болды, сонда эмиграцияда қалды. — *101.*

Самба (Sembat), *Марсель* (1862—1922)—Француз социалистік партиясының реформистік лидерлерінің бірі, журналист. Француз социалистік баспасөзіне белсенді түрде жазып тұрды. 1893 жылдан бастап депутаттар палатасының мүшесі. Бірінші дүние

жүзілік соғыс кезінде—социал-шовинист. 1914 жылғы августан 1917 жылғы сентябрьге дейін Францияның империалистік «ұлттық қорғаныс үкіметінде» қоғамдық жұмыстар министрі болды. 1915 жылдың февралында Антанта елдері социалистерінің Лондон конференциясына қатысты; бұл конференция оларды социал-шовинизм программасы негізінде біріктіру мақсатында шақырылған болатын. — *144.*

Сапронов, Т. В. (1887—1939) — 1912 жылдан большевиктік партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет, партия және кәсіподақ жұмысында басшылық қызмет атқарды. Талай рет партияның саясатына қарсы шықты. 1918 жылы —«солшыл коммунист». 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде антипартиялық «демократиялық централизм» тобын басқарды. 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды. 1925—1927 жылдары —«жаңа оппозицияға» және троцкистік-зиновьевшілдік блокқа белсене қатысушылардың бірі. 1927 жылы ВКП(б) XV съезі антипартиялық қызметі үшін оны партиядан шығарды. — *282—283, 284, 285—286, 287—288, 289, 290, 293, 296, 300.*

Свердлов, Я. М. (1885—1919) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1901 жылдан партия мүшесі. Нижний Новгородта, Сормовода, Костромада, Қазанда, Москвада, Петербургте және Россияның басқа да қалаларында революциялық жұмыс жүргізді. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Уралдың большевиктік ұйымдарына басшылық етті. РСДРП VI (Прага) конференциясынан (январь, 1912 ж.) кейін РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кооптацияланып, Орталық Комитеттің Орыс бюросының құрамына енгізілді. «Правда» газетінің редакциясына кірді. Революциялық қызметі үшін талай рет патша үкіметінің қуғындауына ұшырады; түрмелер мен айдауда 12 жыл болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Урал партия ұйымы басшыларының бірі. Бүкіл россиялық VII (Апрель) конференциясында РСДРП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды, Орталық Комитет секретариатының жұмысына басшылық етті. Свердлов Октябрь социалистік революциясын әзірлеуге және өткізуге белсене қатысты. Петроград Әскери-революциялық комитетінің және көтеріліске басшылық ету жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталықтың мүшесі. 1917 жылы 8 (21) ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі болып сайланды. — *244—245, 259.*

Свинхувуд (Svinhufvud), *Пер Эвинд* (1861—1944) — Финляндия саяси және мемлекет қайраткері. 1917—1918 жылдары — Финляндия жұмысшы революциясына қарсы аяусыз террор жүргізген Финляндия буржуазиялық үкіметінің басшысы. 1931 жылдан 1937 жылға дейін — Финляндия республикасының пре-

зиденті. Кезекті президенттік сайлауда сәтсіздікке ұшырағаннан кейін саяси қызметтен шеттеп кетті. — *190.*

Святицкий, Н. В. (1887 ж. туған) — эсер, Құрылтай жиналысының мүшесі, 1918 жылы — Самарада Құрылтай жиналысы мүшелерінің контрреволюциялық комитетінің секретары. Колчак төңкерісінен кейін және Құрылтай жиналысының көптеген мүшелері қамауға алынғаннан кейін эсерлердің «Халық» тобына кірді, бұл топ Совет өкіметіне қарсы қарулы күрестен бас тартты. Кейін совет мекемелерінде жұмыс істеді.— *1, 3—4, 9—10, 19.*

Сервантье (Servantier) — француз социалисі, «Le Populaire» газетіне («Халық Газеті») жазып тұрды. Француз социалистік партиясының центристік қанатына қосылды. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді.— *140.*

Середа, С. П. (1871—1933) — совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1903 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Смоленскіде, Киевте, Калугада партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Рязань Советі атқару комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — жауапты жұмыстарда: 1918—1921 жылдары— РСФСР егіншілік халық комиссары, 1921 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының және Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мүшесі, РСФСР Орталық статистика басқармасы басқарушысының орынбасары және басқарушысы, 1930 жылдан — Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары.— *289.*

Сикст-Кенен (Sixte-Quenin), *Анатоль* (1870—1957) — француз социалисі, публицист. 1900 жылы муниципалдық кеңесші болды. 1910, 1914, 1918 және 1932 жылдары парламент депутаты; «Le Populaire» газеті («Халық Газеті») құрылғаннан бастап оған жазып тұрды. Француз социалистік партиясының центристік қанатына қосылды, 1920 жылы II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді.— *140.*

Сталин (Джугашвили), И. В. (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін— большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті

құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Республика Революциялық-әскери советінің мүшелігіне еніп, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің Бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті нығайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Теоретик және зор ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресін басқарды. 1941 жылдан Сталин—СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі, Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945)—Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалануға ұшырауына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын марксизм-ленинизмге жат деп тауып, батыл айыптады, оған біржола тыйым салды, Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды.— *70—71.*

Т

Тома (Thomas), *Альбер* (1878—1932) — француздың саяси қайраткері, оңшыл социалист. 1910 жылдан бастап — социалистік партияның парламенттік фракциясы лидерлерінің бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. Францияның буржуазиялық үкіметі құрамына қару-жарақ істері жөніндегі министр болып кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін соғысты соза беруді жақтаған үгіт жүргізу үшін Россияға келді. 1919 жылы — Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі. 1919—1932 жылдары Ұлттар лигасы жанындағы Халықаралық Еңбек бюросын басқарды.— *144, 151—152, 175, 176, 188—189, 228,*

Томази (Tommasi), *Жозеф* (1886—1926) — француз социалисі, кейіннен коммунист. Француз кәсіптік қозғалысына белсене қатысты. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. Француз социалистік партиясының Тур конгресінен кейін (декабрь, 1920) коммунистік партияға кіріп, онда бірқатар жауапты қызметтерде болды.— *140.*

Томан (Toman), *Карл* — австриялық коммунист, кейіннен ренегат. Австрия коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, оның Орталық органы — «Die Rote Fahne» газетінің редакторы болды. 1927 жылы фракцияшылдық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1934 жылдан кейін фашистер жағына шығып кетті, Төменгі Австрияда нацистік бургомистр болды.— *148.*

Томский, М. П. (1880—1936) — 1904 жылдан большевиктік партияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға, шақырымпаздарға, троцкистерге ымырашылдықпен қарады. 1917 жылы — РСДРП(б) Петербург комитеті Атқару комиссиясының мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — кәсіподақтардың Москва советінің председателі. 1919 жылдан — ВЦСПС президиумының председателі. Партияның VIII съезінен бастап РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, партияның XI съезінен бастап РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына бірнеше рет қарсы шықты. 1928 жылы Бухаринмен және Рыковпен бірге ВКП(б)-дағы оңшыл оппортунистік уклонды басқарды.— *70—71, 242, 246, 282—283, 286, 290, 295.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркеншіiн жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, ауданаралықшылдар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды, алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеген еді, сөйтіп ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық-әскери советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты. 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партия-

ның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деген капитулянттық теорияны қорғады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп те ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *140, 194, 207—208, 242, 293, 296, 299, 309.*

Трубецкой, Е. Н. (1863—1920) — князь, орыс буржуазиялық либерализмі идеологтарының бірі, идеалист-философ. 1906 жылға дейін — кадет. 1906 жылдан — конституциялық-монархиялық «бейбіт жаңарту» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Патша өкіметінің бірінші орыс революциясын жаныштауында, елде столыпиндік режим орнатуда көрнекті роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, белсенді деникинші.— *225.*

Трульстра (Troelstra), *Питер Йеллес* (1860—1930) — голланд жұмысшы қозғалысының қайраткері; оңшыл социалист. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрушылардың (1894) және оның лидерлерінің бірі болды. 900-жылдардың басында барып тұрған оппортунизм позициясына көшті. Голланд Социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1907 жылдан бастап «De Tribune» («Трибуна») газетінің төңірегіне топтасқан және 1909 жылы Голландия социал-демократиялық партиясы болып қалыптасқан сол қанатына қарсы күресті. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — германофильдік бағдардағы социал-шовинист. В. И. Ленин Трульстраның оппортунистік саясатын қатты сынады, оны «буржуазияға қызмет етуші және жұмысшыларды алдаушы сатқын, оппортунистік көсемнің» (Шығармалар толық жинағы, 39-том, 212-бет) үлгісі деп атады.— *220—221.*

Ф

Фор (Faure), *Поль* (1878 ж. туған) — француз социалисі, журналист. 1901 жылы Франция социалистік партиясының негізін салушылардың бірі болды. 1920 жылдан — «Le Populaire» газетінің («Халық Газеті») бас редакторы. Жан Лонгемен бірге II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитетті басқарды; бұл комитетті 1920 жылдың басында Француз социалистік партиясының центристік элементтері құрған еді. Коммунистік және социалистік партиялардың бірлесіп қимыл жасауына қарсы шықты. Екінші дүние жүзілік соғыс алдында пацифизм бүркенішін бетке ұстап, мюнхендік саясатты қолдады. Гитлер-

лік Германия Францияны оккупациялағаннан кейін Петеннің үкіметіне кірді.— *140.*

Фош (Foch), *Фердинанд* (1851—1929) — француздың әскери қайраткері, маршал. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — француз армияларының қолбасшысы, одан соң Франция бас штабының бастығы, Антанта қарулы күштерінің жоғарғы бас қолбасшысы. 1918—1920 жылдары — Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны белсене ұйымдастырушылардың бірі. Жоғары одақтық әскери советтің председателі және Версаль шарты авторларының бірі.— *164—165, 168.*

Фро (Frot), *Эжен* (1883 ж. туған) — француз саяси қайраткері. Француз социалистік партиясының мүшесі болды, центристік позиция ұстады. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. 1934 жылы — Даладье үкіметінде ішкі істер министрі. Екінші дүние жүзілік соғыс алдында мюнхендік саясатты қолдады. 1941 жылы январьда Петеннің үкіметіне кірді. Коммунистік қозғалысқа және Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *140.*

Фроссар (Frossard), *Людовик Оскар* (1889 ж. туған) — француз социалисі, кейіннен Француз коммунистік партиясының ренегаты. 1920 жылдың басында II Интернационалды қалпына келтіру жөніндегі комитеттің құрамына кірді. Франция коммунистік партиясының негізін салуға қатысты, оның Басшы комитетіне кірді. 1923 жылы коммунистік қозғалыстан қол үзіп, реформизм жағына шығып кетті. Екінші дүние жүзілік соғыс алдында мюнхендік саясатты қолдады. 1939—1940 жылдары — информация министрі. Коммунистік қозғалысқа және Совет мемлекетіне қарсы шықты.— *140.*

Ц

Цюрупа, А. Д. (1870—1928)—Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалысқа 1891 жылы кірісті; 1898 жылдан РСДРП мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП Уфа біріккен комитетінің, кейін большевиктік комитетінің, жұмысшы және солдат депутаттары Советінің мүшесі, Уфа губерниялық азық-түлік комитетінің және қалалық думаның председателі. Октябрь қарулы көтерілісі күндерінде — Уфа Әскери-революциялық комитетінің мүшесі. 1917 жылғы ноябрьден бастап — азық-түлік халық комиссарының орынбасары болып істеді; 1918 жылдың басынан — РСФСР азық-түлік халық комиссары. 1921 жылдың аяқ кезінен — Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары. 1922—1923 жылдары — Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары, 1923—1925 жылдары — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі, 1925 жы-

лы — ішкі және сыртқы сауда халық комиссары. Партияның XII—XV съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болды.— *81, 299, 361—362.*

Ч

Чернов, В. М. (1876—1952) — эсерлер партиясы лидерлерінің бірі. 1917 жылғы май — августа — буржуазиялық Уақытша үкіметтің егіншілік министрі; помещиктердің жерін тартып алған шаруаларға қарсы қатал жазалау саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — антисоветтік бүліктерді ұйымдастырушылардың бірі. 1920 жылы эмиграцияға кетті: шетелде жүріп антисоветтік әрекетін тоқтатқан жоқ.— *5, 13.*

Черчилль (Churchill), *Уинстон* (1874—1965) — ағылшын саяси қайраткері, консерватор. 1918—1921 жылдары әскери министр болып тұрған кезінде Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция жасауға дем берушілердің бірі болды. В. И. Лениннің сөзімен айтқанда, Черчилль — «Советтік Россияны өлердей жек көруші адам».

1924—1929 жылдары — финанс министрі. 1940—1945 жылдары — коалициялық үкіметтің премьер-министрі, консервативтік партияның лидері. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында екінші майдан ашуды кешеуілдету саясатының басты инициаторы болды, бұл саясаттың мақсаты Совет Одағын әлсірету болатын. 1945 жылы сайлауда жеңілгеннен кейін Черчилльдің үкіметі отставкаға кетті. 1946 жылы Черчилль Фултонда (Америка Құрама Штаттары) сөз сөйледі, бұл сөз СССР мен халықтық демократия елдеріне қарсы «қырғи қабақ соғыс» программасы болды. 1945—1950 жылдары «парламенттік оппозицияны» басқарған және 1951—1955 жылдары тағы да премьер-министр болған Черчилль герман милитаризмін қайта туғызуға және СССР мен халықтық демократия елдеріне қарсы әскери-саяси блоктар құруға бағытталған саясат жүргізді. 1955 жылы отставкаға кетті.— *136, 165, 168, 189—190, 193.*

Чириков, Е. Н. (1864—1936) — жазушы. Әңгімелері мен повестерінде мещандық тұрмысты сынады, халықшылдықтың дағдарысын көрсетті. Бірінші орыс революциясының жеңіліске ұшырауына байланысты жазушының творчествосында декаденттік тенденциялар пайда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, онда Совет өкіметіне қарсы бағытталған мақалалар жазды.— *225.*

Чучин, Ф. Г. (1883—1942) — 1904 жылдан большевиктік партияның мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — солдат депутаттары Томск Советінің мүшесі, Анжер және Суджа кен орындарының комиссары, РСДРП(б) Сибирь облыстық бюросының мүшесі. 1918—1919

жылдары чехословак корпусының бүлікшілері мен Колчак әскері басып алған территорияда астыртын партиялық жұмыс жүргізді. Партияның IX съезіне қатысты. 1923 жылдан Москваның жоғары оқу орындарында ғылыми-педагогтық жұмыста болды.— *303—304, 305, 306.*

Ш

Шейдеман (Scheidemann), *Филипп* (1865—1939) — герман социал-демократиясының барып тұрған оңшыл, оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі, социал-шовинист. Германиядағы 1918 жылғы Ноябрь революциясы кезінде «Халық уәкілдерінің советі» дейтіннің құрамына кірді, оның қызметі контрреволюцияшыл буржуазияның мүдделеріне сай белгіленіп отырды. 1919 жылғы февраль — июньде Веймар республикасының коалициялық үкіметін басқарды, 1918—1921 жылдардағы неміс жұмысшы қозғалысын қанга бояп жаныштауды ұйымдастырушылардың бірі болды. Одан кейінгі жерде белсенді саяси қызметтен қол үзді. — *8—9, 64, 159.*

Шляпников, А. Г. (1885—1937) — 1901 жылдан бастап большевиктік партияда болды. Россияның бірқатар қалаларында партиялық жұмыс жүргізді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — РСДРП(б) Петербург комитетінің мүшесі, жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі атқару комитетінің мүшесі және Петроград металлистер одағының председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін еңбек халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне кірді; одан кейін кәсіподақ және шаруашылық жұмыстарында болды. 1920—1922 жылдары — антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобының ұйымдастырушысы және лидері. 1933 жылы партияны тазарту кезінде партия қатарынан шығарылды.— *286—287, 289, 290.*

Шмидт, О. Ю. (1891—1956) — аса көрнекті совет ғалымы, академик, математика, астрономия және геофизика саласының маманы, Арктиканы зерттеуші, қоғам қайраткері. 1918 жылдан партия мүшесі. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының құрамына (1918—1920), Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының басқармасына (1920), Халық ағарту комиссариатының (1920—1921) және Финанс халық комиссариатының (1921—1922) коллегияларына кірді. 1921 жылдан 1924 жылға дейін — Мемлекеттік баспаның меңгерушісі, 1932 жылдан 1939 жылға дейін — Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының бастығы; Үлкен Совет Энциклопедиясының негізін салушылардың бірі және бас редакторы. Бірқатар жоғары оқу орындарының профессоры. Советтік Арктиканы зерттеу жөніндегі экспедицияларды талай рет басқарды. Бірқатар ғылыми еңбектердің авторы. Өмірінің соңғы жылдарында

Э

Ю

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(16 декабрь, 1919—30 апрель, 1920)

1919

16 декабрь. Ленин «Құрылтай жиналысының сайлауы және пролетариат диктатурасы» деген мақала жазады.

1919 жылғы 16 декабрь мен 1920 жылғы 24 январь аралығында. Ленин реквизициялау және конфискелеу туралы декреттің жобасына ескертпелер жазады.

17 декабрь. Ленин Жұмысшы және Шаруа Қорғанысы Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда темір жолдар жұмысының жағдайын қадағалап отыруға мүмкіндік беретін есеп беру формаларын белгілеу туралы, баспашылардың жағдайы туралы мәселелер, радио мамандарының есебі туралы декреттің жобасы, отын тасып алудың тәртібі туралы қаулының жобасы, Кулебаки және Выкса заводтарының қорғаныс жөніндегі заказдарды орындауына байланысты бұл заводтарды жемmен қамтамасыз ету туралы, әскери заказдарды орындау үшін жұмыс істеп жүрген киіз басушылардың бәрін 1920 жылғы 15 мартқа дейінгі дайындау кезеңінде армияға шақырудан босату туралы және басқа мәселелер талқыланады.

17 және 23 декабрь аралығында. Ленин юстиция халық комиссары Д. И. Курскийге екі записка жазып, Халық Комиссарлары Советінің қағазбастылықты жою туралы қаулысының ол жазған жобасына ескертпелер жасайды.

18 декабрь. «Смена» газетінде Петроград губерниясының жастарына Лениннің «Біздің ізбасарларымызға» деген құттықтауы басылған.

18—20 декабрь. Ленин халық ағарту комиссары А. В. Луначарскиймен әңгімелесіп, Москвада Карл Маркске орнатылған жақсы ескерткіштің жоқтығына оны кінәлайды және 1920 жылғы 1 майға дейін осындай ескерткіш орнатылуына тілек білдіреді.

19 декабрь. Ленин 5-ші армияның қолбасшысы М. Н. Тухачевскиймен әңгімелеседі; транспорт жағдайының нашарлығына байланысты армия бөлімдерін қысқа мерзімде басқа жаққа ауыстыру мүмкін болмағандықтан, Оңтүстік майданға бірінші кезекте 5-ші армияның командирлер құрамын жеткізуді, ал кететін командирлер құрамын армияның әскери курстарын бітірушілермен алмастыруды ұсынады; Тухачевскийге коммунистік командирлер құрамын әзірлеу кезінде 5-ші армияның командованиесі басшылыққа алған негізгі қағидаларды баяндама түрінде талдап әзірлеуді тапсырады.

Ленин П. Н. Лепешинскийдің Түркістан республикасының халық ағарту министрі болып тағайындалуына байланысты онымен әңгімеледі, Түркістан комиссиясының председателі Ш. З. Элиаваға Лепешинскийді ұсынып хат жазады.

Ленин 1905 жылы Москвада болған қарулы көтерілістің он төрт жылдығына арналған Пресня ауданының митинг-концертінде сөз сөйлейді; содан соң Прохоров (Трехгорная) мануфактурасының жұмысшыларымен әңгімелеседі.

Кеш дегенде 20 декабрь. Ғалымдардың тұрмысын жақсарту туралы мәселенің Халық ағарту комиссариатында талдап зерттелуіне байланысты Ленин ғылыми қызметкерлер үшін ерекше «академиялық» паек енгізуді ұсынады.

20 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Қырғыз (Қазақ) революциялық комитетінің құрамы туралы және Шығыс халықтары коммунистік ұйымдары Орталық бюросының құрамы тура-

лы мәселелер, интернационалистер съезінің РКП(б)-ға қосылу туралы қаулысы жайындағы хабар және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясында сенбіліктер туралы баяндама жасайды және баяндама бойынша қорытынды соз сөйлейді.

20 және 24 декабрь аралығында. Ленин Доссор ауданынан Астраханьға мұнай өнімдерін таситын колік транспортын және Ембі мұнай ауданына қарай темір жол салуды ұйымдастыру үшін Мұнай бас комитеті уәкіл етіп тағайындаған М. Д. Крюковпен әңгімелеседі.

21 декабрь. Ленин Тула және Рязань губернияларындағы партия, совет ұйымдарын Москваны азық-түлікпен жабдықтау үшін барлық шараларды қолдануға шақырған үндеулерге қол қояды.

22 декабрь. Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателіне записка жазып, шіркеу үйлерін мектеп үшін пайдалану туралы нұсқауды қысқа мерзімде талдап жасау және оны Кіші Халық Комиссарлары Советіне енгізу жөнінде ұсыныс жасайды.

23 декабрь. Ленин Петроград Советінің председателі Г. Е. Зиновьевке хат жазып, Петроградтағы қорғаныс құрылыстарын қалпына келтіру туралы, паровоздар мен вагондардың жеткіліксіздігі салдарынан азық-түлік ісі тоқтап қалатын болғандықтан оларды жөндеу қажеттігі туралы, жанғыш сланецті пайдалану туралы нұсқаулар береді.

Ленин Түркістан республикасының делегациясын қабылдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Қазан, Симбирск және Самара губернияларының губерниялық азық-түлік комиссарларының Азық-түлік халық комиссариатының астық тиелген маршруттық поездарды Москваға жөнелту туралы бұйрығын орындамағаны туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасын жазады; совхоздардан алынған артық ауыл шаруашылық өнімдерінің есебі туралы қаулының жо-

басын толықтырады; Ленинге Советтердің VI съезінің РСФСР заңдарын орындау туралы қаулысын бұлжытпай жүзеге асыру туралы нұсқау хаттың жобасына Халық Комиссарлары Советінің атынан қол қою тапсырылады. Мәжілісте сондай-ақ ғалымдардың жағдайын жақсарту туралы мәселе, полк соттары туралы 1919 жылы 10 июньде бекітілген Ереженің күшін шектеу жөніндегі қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

24 декабрь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Ембі мұнай ауданына баратын темір жол салу туралы мәселе, Темір жолдарда әскери тәртіп енгізу жөніндегі ерекше комитеттің (Еском) өз қызметі туралы баяндамасы, Қорғаныс Советінің Шығыста жолаушылар жүрісіне рұқсат етпеу туралы 1919 жылғы 5 ноябрьдегі қаулысының күшін 2 айға ұзарту туралы қаулының жобасы, армияны жабдықтауды жақсарту шаралары туралы, Урал жұмысшыларын азық-түлікпен, киім-кешекпен жабдықтау туралы, өнімдерді Симбирск ауданынан Москваға тасымалдау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

26 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің РСФСР халқы арасында сауатсыздықты жою туралы декретіне қол қояды.

Ленин Москва түбіндегі шымтезекпен жұмыс істейтін «Электропередача» электр станциясының басқарушысы Г. М. Кржижановскиймен шымтезектің елдің отын балансындағы маңызы және электрлендіру үшін оны пайдалану мүмкіндіктері туралы әңгімелеседі.

Ленин Қорғаныс Советінің отын бас комитетерінің жанындағы ерекше уәкілі А. В. Эйдукке темір жолдарда отын тиеуді күшейту үшін және діни мейрам күндерінде жұмысқа шықпай қалушылықты болдырмау үшін шұғыл шаралар қолдану жөнінде жарлық береді.

Ленин Харьковқа губерниялық атқару комитетіне немесе губерниялық революциялық комитетке тікелей провод арқылы беру үшін паровоз жөндеуді және орталыққа көмір жеткізуді бұдан да гөрі күшейте түсудің қажеттігі туралы записка жазады.

Ленин Г. М. Кржижановскийге хат жазып, одан Советтік Россиядағы шымтезек қоры және оны электрлендіру базасы ретінде пайдалану мүмкіндіктері туралы «Экономическая Жизнь» газетіне мақала жазуды өтінеді.

27 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичериннің Россия телеграф агенттігі Петроград бөлімшесінің советтік сыртқы саясат тұрғысынан жол беруге болмайтын материалдарды жариялап жібергені туралы мәлімдемесі талқыланған кезде партиялық баспасөз цензурасының шаралары мен әдістерін белгілеу туралы қарардың жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті казак секциясының казактардың Бүкіл россиялық съезін шақыру жөніндегі ұсынысы, ВЦСПС председателі М. П. Томскийдің кәсіподақ жұмысына байыпты назар аудару қажеттігі туралы мәлімдемесі, ВЦСПС фракциясы туралы ереже және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Г. В. Чичеринге жазған хатында РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Грузия үкіметіне Деникинге қарсы бірлесіп соғыс қимылдарын жасау туралы ұсынысын жіберу жөніндегі шешімін хабарлайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Қызыл Армияны сабынмен жабдықтау туралы, жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау туралы, жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін енгізу туралы, халықты картоппен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

28 декабрь. Ленин «Деникинді жеңгендігіміз жөнінде Украина жұмысшылары мен шаруаларына хат» деген мақала жазады.

Ленин Копенгагенге М. М. Литвиновқа телеграмма жазып, одан солшыл социализм мен коммунизмдегі идеялық ағымдарға, әсіресе коммунизмді анархо-синдикалистік бұрмалауға немесе коммунизмге қарсы шаптығуға қатысы бар материалдардың бәрін жинап Москваға жіберуді өтінеді.

Ленин Ф. Э. Дзержинскийдің Төтенше комиссия органдарына жолдаған телеграммасының көшірмесіне «*Таяу күндері бақылау шаралары* туралы мағлұмат алынсын» деген жарлық жазады, ал Дзержинскийдің телеграммасында қыс жағдайында темір жолдағы қалыпты жүрісті қамтамасыз ету үшін шұғыл шаралар қолдану туралы жарлық берілген болатын.

30 декабрь. Ленин Москваның металл өңдейтін кәсіпорындарының 34 мың жұмысшысы мен қызметшісіне жұмыссыздық қаупі төніп отырғаны туралы, сондықтан оларды темір жол жөндеу шеберханаларында жұмыс істеуге тартудың жоспарлары туралы Москва қалалық кәсіподақ советінің мүшесі Г. Н. Мельничанскиймен телефон арқылы сөйлеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; шикізат дайындау туралы нұсқау жайындағы баяндама жөніндегі және Петроград ауданы Әскери советінің жылжымалы темір жол составын жөндеу жөнінде Төтенше комиссия құру туралы қаулысының күшін жою мәселесі жөніндегі қаулылардың жобаларын жазады. Мәжілісте сондай-ақ жалдаптыққа қарсы күрес жөніндегі Ведомство аралық ерекше комиссияның өз жұмысының сипаты, әдістері мен қорытындылары туралы баяндамасы, сабын қайнататын заводтарды мал және өсімдік майларымен жабдықтау жөніндегі шаралар туралы, темір жол шеберханаларының жұмысшыларына сыйлыққа ұн беру туралы, К. Маркске ескерткіш орнату жөнінде скульптор С. Д. Меркуровқа заказ беру туралы мәселелер, су транспортын басқару ісін Қатынас жолдары халық комиссариатына көшіру жоспары және басқа мәселелер талқыланады.

31 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Кавказ революциялық комитеті туралы, Украинадағы партия және совет қызметкерлері туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Қызыл Армияның командирлер құрамы үшін белгіленген жеңіл-

діктерді Қатынас жолдары халық комиссариатының мекемелерінде істейтін мамандарға да беру туралы декреттің жобасы, маман мастеровойлар мен темір жол жұмысшыларын армиядан кері шақырып алу туралы қаулының жобасы, 1901 және 1886—1888 жылдары туған азаматтардың бәрін әскери қызметке шақыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Басманный ауданы жұмысшыларының жаңа жылдық кешінде Қызыл Армияның жеңістері туралы және экономикалық күйзеліске қарсы күресте алда тұрған міндеттер туралы сөз сөйлейді; Пресня, Рогожск-Симонов және Лефортово аудандарында жаңа жылдық кештерге қатысады.

Декабрьдің екінші жартысы. Ленин РСФСР халқының империалистік соғысқа дейін және Октябрь социалистік революциясынан кейін азық-түлік өнімдерін тұтынуы туралы салыстырмалы кестелердің жобасын жазып, оны пікірін айтуы үшін Орталық статистика басқармасының бастығы П. И. Поповтың атына жазылған хатпен бірге Орталық статистика басқармасына жібереді.

Ленин РКП(б)-ның шығыс халықтары арасындағы саясаты туралы записка жазады.

Жыл аягы. Ленин Джон Ридтің «Дүниені дүр сілкіндірген 10 күн» деген кітабына алғы сөз жазады.

Ленин Кострома фабрикалары жұмысшыларының жұмыссыздарға көмек сметасын бекітуді өтініп келген делегаты Голубевпен әңгімелесіп, оны Кострома фабрикаларын іске қосу туралы мәселені шешу үшін Халық шаруашылығы жоғары советіне және жұмыссыздарға көмек көрсету үшін финанс халық комиссары Н. Н. Крестинскийге жібереді.

1919 немесе 1920 жыл. РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мәжілістерінің бірінде Ленин «Орыс тілін тазарту туралы. (Бос уақыттағы, ягни жиналыстардағы сөздерді тыңдаған кезде туған ойлар)» деген заметка жазады.

1920

Жыл басы. Ленин Мұнай бас комитеті коллегиясының мүшесі И. М. Губкинмен жол мүлде жоқ бо-

лып отырған жағдайда Ембі ауданынан мұнай тасымалдаудың мүмкіндіктері туралы және Урал облысының темір жол линияларына жақын орналасқан солтүстік бөлегінде мұнай кен орындарын пайдалану туралы әңгімелеседі.

1 январь. 5-ші армия Революциялық-әскери советінің председателі И. Н. Смирновтың Кузбасс көмір кеніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы телеграммасын алғаннан кейін Ленин хатшыға телеграмманың көшірмесін Л. Б. Красинге жіберу туралы және тас көмір кенінде істейтін жұмысшыларды армиялық жабдықтауға тіркеу туралы телеграммада сөз болған мәселені Қорғаныс Советінің күн тәртібіне енгізу туралы жарлық жазады.

2 январь. Ленин Тула губерниясы Ефремов уезі шаруаларының 1919 жылы 17 декабрьде болған азық-түлік жөніндегі съезінің уәкілдері И. И. Силаевпен, М. А. Перелыгинмен, И. М. Воронинмен әңгімелеседі; әңгіме кезінде азық-түлік салымы туралы, азық-түлік және реквизиция отрядтарының теріс әрекеттері туралы, мектептердің жағдайы туралы және басқа мәселелер жөнінде пікірлерін жазады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Почта және телеграф халық комиссариаты мен Қатынас жолдары халық комиссариатының ведомстволары бойынша берілетін әскери есеп туралы баяндама жасайды; Әскери-санитарлық бас басқарманы әскери мекеме деп тану туралы қаулының жобасы талқыланғанда жобаға түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ губерниялық және уездік ревкомдарды тарату туралы, телеграф-телефон ісінің мамандарын барлық мекемелерден шығарып алу туралы, емдеу-санитария ісі қызметкерлерінің жағдайын жақсарту туралы, Москвадағы қуатты радио станциясының дұрыс әрі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету туралы қаулылардың жобалары, Подмосковье көмір бассейніндегі істің жайын жақсарту және өнімділікті арттыру үшін пакты істелген жұмыс туралы баяндама, Ковров паровоз жөндеу шеберханасының жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

3 январь.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда еңбек міндеткерлігі туралы, Кавказдағы партия ұйымдары туралы, жергілікті жерлердегі темір жол және азық-түлік жұмыстарын күшейту үшін басқа ведомстволардағы бірқатар жауапты қызметкерлерді Қатынас жолдары халық комиссариаты мен Азық-түлік халық комиссариатының қарамағына жіберу туралы, Сибирьдегі азық-түлік жүктерін тасымалдау туралы, Украинадағы әскери саясат туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Су транспорты бас басқармасын (Главодты) қайта құру туралы мәселе талқыланғанда Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын жазады; Халық шаруашылығы жоғары советінің көлік транспортындағы апатты жағдайды жою жөніндегі шаралары туралы мәселе талқыланғанда Халық шаруашылығы жоғары советі органдарының кей жағдайларда еркін баға бойынша жем сатып алуына рұқсат ету жөніндегі ұсынысқа қарсы шығып, оған қарсы дауыс береді. Мәжілісте сондай-ақ Ембі мұнайын көлікпен тасымалдау туралы мәселе, электрмен жабдықтау жөніндегі комиссия қызметінің қорытындылары туралы Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

3 январьдан кешірек.

Ленин кубаньдықтардан құралған 32-ші дивизияның делегаты В. П. Плошадкинді қабылдап, одан Кубаньдағы жағдай туралы сұрайды.

5 январь.

Балашиха мақта-мата фабрикасы (Москва уезі) жұмысшылары жалпы жиналысының жұмысшылардың азық-түлік жағдайының ауыр екендігі туралы баяндаған запискасын алғаннан кейін Ленин азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. И. Свидерскийге записка жазып, одан фабрика өкілдерін қабылдауды және Азық-түлік халық комиссариатының шешімі туралы өзіне міндетті түрде хабарлауды өтінеді.

5 және 23 январь аралығында. Халық шаруашылығы жоғары советі органдарының еркін баға бойынша жем сатып алуына рұқсат ету туралы Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылы 3 январьда қабылдаған қаулысы Азық-түлік халық комиссариаты саясатының негізін бұзады және жем дайындау жөніндегі монополияны жояды деп А. Д. Цюрупаның РКП(б) Орталық Комитетіне хат жазуына байланысты Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне жолдаған запискасында былай деп жазады: Халық Комиссарлары Советінің бұл қаулысының күшін жоюды мен қолайсыз деп есептеймін, сондықтан Мемлекеттік бақылау комитетін Халық шаруашылығы жоғары советі органдарының еркін баға бойынша жем сатып алуына рұқсат етілгені туралы Азық-түлік халық комиссариатына әрбір ретінде хабарлап отыруға міндеттейтін қаулыны пікір сұрау арқылы өткізуді ұсынамын.

9 январь. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жергілікті жерлердегі отын дайындау жұмыстарына басшылық етуді реттеу шаралары туралы қаулының жобасына түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ «Жеке вагондарды пайдалану ережелерінің» жобасы, Мариинск жүйесі Белозерск каналындағы «Польза» шлюзін салу жөніндегі жұмыстарды стратегиялық жұмыстар деп тану туралы декреттің жобасы, Оренбург-Ташкент темір жолын көмірмен барынша жақсы әрі тоқтаусыз қамтамасыз ету туралы қаулының жобасы, Омскіде радио станциясын салу туралы, Урал және Пермь жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтауды күшейту нормалары туралы, Кизел кені жұмысшыларын жылы киіммен жабдықтау туралы, Пермь және Екатеринбург губернияларында ағаш дайындау жұмыстарындағы көліктерді жеммен қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

10 январь. Ленин Петроград губерниясы жұмысшы және шаруа әйелдерінің съезіне сәлем жолдап хат жазады.

Совет өкіметінің Түркістандағы ықпалын баянды ету үшін Амудария және Сырдария өзендерінде сауда керуендерін ұйымдастыру және Волга бойында баржа-дүкендер ұйымдастырудан тәжірибе алған С. В. Малы-

шевті сонда жіберу қажеттігі туралы Түркістан майданының қолбасшысы М. В. Фрунзенің телеграммасына Ленин «бұл істі шештіңіздер ме? және *қалай* шештіңіздер?» деген записка жазып, партияның Орталық Комитетіне сұрау салады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Латвия буржуазиялық республикасымен уақытша бітім жасасу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Москваны көлік транспортымен қамтамасыз ету туралы және дайындалған шөп пен сұлыны көлікпен тасып алу шаралары туралы мәселе, темір жолдар арқылы әскери жүктерді тасу есебінен азық-түлік тасуды ұлғайту туралы қаулының жобасы, су транспортын басқару туралы ереженің жобасы, картоп дайындау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

12 январь. Ленин ВЦСПС коммунистік фракциясының мәжілісінде шаруашылық органдарын басқару ісіндегі коллегиялылық пен дара басшылық туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин 3-ші армияның Революциялық-әскери советіне жолдаған телеграммасында Революциялық-әскери советтің армияның барлық күштері мен құралдарын транспортты қалпына келтіруге және Челябинск, Тобольск және Екатеринбург губернияларында шаруашылықты ұйымдастыруға бағыттау, 3-ші армияны «1-ші Революциялық еңбек армиясы» етіп қайта құру туралы ұсынысын мақұлдайды; барлық күштерді артық азық-түлікті жинауға және транспортты қалпына келтіруге бағыттау жөнінде кеңес береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің барлық мүшелеріне 3-ші армияның Революциялық-әскери советінің орасан зор маңызы бар ұсынысын өзінің 13 январь күні Халық Комиссарлары Советінің талқылауына салатыны, бұл ұсынысты принципінде мақұлдап, оны жариялап, еңбек армияларын ұйымдастырудың негізгі ережелерін бекіту қажет деп есептейтіні туралы хат жазады.

13 январь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Латвиямен уақытша бітім және Эстониямен бітім жасасу туралы мәселелер, 1920 жылғы 1 февральдан бастап барлық жергілікті төтенше комиссиялардың ең ауыр жаза қолдануды (атуды) тоқтатуы туралы және осындай жаза қолданылуы мүмкін істердің бәрін Революциялық трибуналға беру туралы бұйрықты Бүкіл россиялық төтенше комиссия атынан басып шығару жөнінде Ф. Э. Дзержинский жасаған ұсыныс, партия мен Совет өкіметінің Қырымдағы міндеттері туралы тезистер, Қырым революциялық комитетінің құрамы туралы мәселе, Украинадағы мемлекеттік өкімет туралы және Украинаның Россиямен қатынастарының формалары туралы мәселеде партияның бағытын белгілеу жөніндегі ұсыныс талқыланады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті коммунистік фракциясының мәжілісінде еңбек міндеткерлігі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; 3-ші армияның Революциялық-әскери советінің Шығыс майдан Қызыл Армиясын 1-ші Революциялық еңбек армиясы етіп қайта құру жөніндегі ұсынысы туралы баяндама жасайды, 3-ші армияны неғұрлым тиімді пайдаланудың әдістері туралы ұсыныстар әзірлейтін комиссияның құрамына сайланады. Мәжілісте сондай-ақ Мемлекеттік құрылыс комитетінің 1920 жылға арналған темір жол программасы туралы декреттің жобасы, отын дайындау, тасу және тиеу жұмыстарындағы кісілерді азық-түлікпен, көлікті жемшөппен қамтамасыз ету туралы, Ембі мұнай ауданынан мұнай таситын көлік транспортын ұйымдастыру туралы қаулылардың жобалары, совет қызметшілерінің жағдайын жақсарту туралы, жергілікті кассаларды дұрыс пайдалануға ерекше бақылау жасау шаралары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

14 январь. Ленин Иваново-Вознесенск губерниялық азық-түлік комиссары М. З. Мануильский мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі А. С. Киселевті қа-

былдап, олардан Иваново-Вознесенскідегі жағдай туралы сұрайды, қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары С. Д. Марковқа 24 сағаттың ішінде Иваново-Вознесенскіге Москва темір жол торабынан астық тиелген 19 вагон жөнелту және өнім өндіретін губерниялардан азық-түлік тиелген маршруттық поездардың жүрісін жеделдету жөнінде нұсқау береді.

Ленин Брянск темір жол торабындағы жүк түсіру комиссиясының мүшесі П. Н. Солонконы қабылдайды; оның Брянск маңындағы көмір кені, күкіртті колчедан және фарфор өндірісіне қажет құм туралы хабарын естігеннен кейін ол Солонконың жаңа тас көмір кенін ұйымдастыру туралы ұсыныс жасалған баяндау запискасын Көмір бас комитетіне жібереді, осы қазындылар туралы белгілі болған-болмағандығын, атап айтқанда не белгілі екендігін, әдебиеттің бар-жоғын, бұл қазындыларды игеру үшін не істелгендігін және не істеліп жатқандығын өзіне хабарлауды талап етеді.

Ленин Шығыс майдан армияларынан 1-ші еңбек армиясын құру туралы мәселе жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін Халық Комиссарлары Советі құрған комиссияның мәжілісінде председательдік етеді.

15 январь. Халық ағарту комиссарының орынбасары М. Н. Покровскийге жолдаған запискасында Ленин мемлекеттік кітапханаларға барлық ақ гвардиялық газеттерді жинап алу туралы жарлық беруді, сондай-ақ 1917 жылдан бастап совет газеттері комплектілерінің толықтығын тексеруді ұсынады.

16 январь. Ленин М. П. Томскийге Москваның 10 мың металлист-жұмысшысын транспортты жөндеуге жіберу жоспарына байланысты Москвадағы кәсіподақ органдарында байқалған қағазбастылық, салақтық және бюрократизм туралы хат жазады; ВЦСПС коммунистік фракциясынан «бюрократизмге, қағазбастылыққа, бойкүйездікке және оралымсыздыққа қарсы күрес жүргізудің» практикалық шараларын белгілеуді өтінеді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Темір жолдарда әскери тәр-

тіп енгізу жөніндегі ерекше комитетті (Осков) және Бүкіл россиялық төтенше комиссияның Транспорт бөлімін (ТОВЧК) қайта құру туралы мәселе жөнінде Бүкіл россиялық төтенше комиссияның транспорт бөлімінің қызметі туралы нұсқау туралы қаулының жобасын жазады, Темір жолдарда әскери тәртіп енгізу жөніндегі ерекше комитетті тарату туралы қаулының жобасын толықтырады. Мәжілісте сондай-ақ студенттерді — радиотелеграф және телефон мамандарын армияға шақырудан босату туралы, Уралда ағаш дайындау ісінде билліктің көптігі туралы және темір жолдарға арнап отын тиеу туралы қаулылардың жобалары, Қорғаныс Советінің баспа өндірісін шоғырландыру жөніндегі шаралар туралы 1919 жылғы 17 декабрьдегі қаулысының орындалуы туралы баяндама, Қатынас жолдары халық комиссариатының саяси бөлімін күшейту туралы, Тула бекініс ауданының жағдайы туралы мәселелер, Кашира мемлекеттік электр станциясына арнап құрылыс материалдарын тасу туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

17 январь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; ақ гвардиялық әдебиетті Халық ағарту комиссариатына беру туралы қаулының жобасын толықтырады; Почта және телеграф халық комиссариатының почта мен телеграфтың жағдайы туралы баяндамасы талқыланғанда қаулының жобасына түзетулер енгізеді және жобаның жекелеген пункттерін бекіту туралы немесе Кіші Халық Комиссарлары Советінің қарауына беру туралы белгілер салады; совет қызметшілерінің жағдайын жақсарту және тегін қоғамдық тамақтандыруды енгізу шараларын талдап жасау жөніндегі комиссия жұмысының нәтижелері туралы баяндама талқыланғанда қаулының жобасын редакциялайды. Мәжілісте сондай-ақ 1920 жылы егіс көлемін көбейту туралы, өлім жазасын жою туралы, А. И. Герценді мәңгі есте қалдыру туралы декреттердің жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

17—18 январь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Г. В. Чичериннің Әзербайжанның мусаватистік үкіметімен

бітім келіс сөзін жүргізу мүмкіндігі туралы баяндамасы жөніндегі және орыс кооперациясы арқылы Советтік Россиямен сауда қарым-қатынастарын бастауға Антантаның әрекет жасайтыны туралы мәселе жөніндегі қарарлардың өзі жазған жобаларын бекітуге ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ соғыс мәселелері, украин мәселелері: Россия мен Украина арасындағы мемлекеттік өзара қатынастардың формасы туралы, боротьбистер туралы, Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің ішкі ұйымдасуы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

18 январь. Ленин бөртпе сүзекке қарсы күрес жүргізу үшін материалдар апара жатқан Б. С. Вейсбродтың қарамағындағы төтенше санитарлық комиссия эшелонын Оңтүстік майдан мен Украинаға негұрлым тез өткізу туралы денсаулық сақтау халық комиссары Н. А. Семашконың өтінішін өзінің қызу қолдайтындығын С. Д. Марковқа телефон арқылы хабарлауды хатшысына тапсырады.

18 январь мен 5 май аралығында. Ленин қазіргі классикалық орыс тілі сөздігін бастырып шығару қажеттігі туралы А. В. Луначарскиймен әңгімелеседі.

19 январь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда еңбекті және өнеркәсіпті ұйымдастыру туралы тезистер, блокаданың тоқтатылуына байланысты шетелмен товар айырбасын ұйымдастыру туралы мәселені талқылаудың қажеттігі туралы мәлімдеме талқыланады.

20 январьдан ертерек. Ленин 1906—1909 жылдардағы шетелдік қупия баспасөзден Лениннің Герцен туралы жазған мақалаларын іздеуге шаралар қолдануды Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы В. Д. Бонч-Бруевичке тапсырады.

20 январь. Ленин Москвадағы жабылып жатқан металл өңдеу заводтарының жұмысшыларын темір жолдардың жылжымалы составын жөндеуге тарту ісінде металлистер Орталық Комитеті қандай көмек көрсете алатындығы туралы ВЦСПС председателі М. П. Томскиймен және металлистер одағы Орталық Комитетінің мүшесі А. З. Гольцманмен, Уралдағы жағдай туралы, жұмысшылар мен шаруалардың көңіл

күйі, олардың Совет өкіметі мен большевиктер партиясына көзқарасы туралы Оралдан келген Я. Розентальмен әңгімелеседі.

Ленин Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының хатына РКП(б) жауабының жобасын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Германия тәуелсіз социал-демократиялық партиясының Коминтерн мен РКП-ге арнаған үндеуіне берілетін жауаптардың өзі жазған тезистерін талқылауға ұсынады, жауапты түпкілікті тұжырымдайтын комиссияға сайланады. Мәжілісте сондай-ақ еңбек армияларын ұйымдастырудың жобалары, Украина Коммунистік (большевиктер) партиясының конференциясы мен Украина Советтерінің съезі туралы, боротьбистер туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Украин еңбек армиясының Советі туралы ереженің жобасын редакциялайды, оған «Ертең Халық Комиссарлары Советіне» деп жазып қояды.

21 январь. Ленин Сибирь революциялық комитетінің председателі И. Н. Смирновқа және 5-ші армияның Революциялық-әскери советіне жіберген телеграммасында Прибайкальеде буферлік мемлекет құрудың шарттары туралы ұсынысты мақұлдайды, чехословактарды қарусыздандыру және эвакуациялау туралы мәселелер жөнінде нұсқаулар береді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда шикізат дайындау туралы нұсқаудың жобасы, санитарлық шаралар жүйесі туралы, өлім жазасын жою туралы декретті қолдану әдістерін түсіндіретін нұсқау хат бастырып шығару туралы мәселелер, темір жолдарда азық-түлік жүктерін тасымалдауды жақсарту туралы қаулының жобасы, кәсіподақтардың Москва советі құратын, азық-түлік тиелетін экспедициялық поездарды пайдаланудың нақты қорытындылары туралы баяндама және басқа мәселелер талқыланады.

Кеш дегенде 23 январь. Ленин Советтік Россияның темір жолдарын электрлендірудің мүмкіндіктері мен перспек-

тивалары туралы қатынас жолдары халық комиссары Л. Б. Красинмен әңгімелеседі.

23 январь. Г. М. Кржижановскийдің «Правдаға» арнап әзірлеген «Өнеркәсіпті электрлендіру міндеттері» деген мақаласының қолжазбасын оқығаннан кейін Ленин оған хат жазып, мақаланы мақұлдайды және онда Россияны электрлендірудің мемлекеттік жоспарын кеңірек айту жөнінде кеңес береді.

Ленин Эстониямен бітім келіс сөздерін жүргізудің барысы туралы Г. В. Чичеринмен әңгімелеседі, келіс сөздерді тезірек аяқтап, бітім шартын жасасу қажеттігін атап көрсетеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Мемлекеттік бақылауды Жұмысшы-Шаруа инспекциясы етіп қайта құру туралы мәселе жөніндегі қарардың өзі жазған жобасын бекітуге ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ шетелдегі орыс интеллигенттеріне арналған үндеудің жобасы, уәйісшілдердің («құдай жауынгерлерінің») діни сектасына дербес мұсылман құрамаларын жасақтауға рұқсат ету туралы Түркістан революциялық-әскери советінің қаулысына қарсы Қазан губерниялық партия комитетінің және Шығыс халықтары коммунистік ұйымдары Орталық бюросының наразылығы, Украинадағы азық-түлік жұмысына Петроградтан, Иваново-Вознесенскіден, Москвадан және жалпы алғанда өнеркәсіпті губерниялардан 400—500 қызметкер беру жөніндегі И. В. Сталиннің өтініші, Стерлитамакты Башқұрт республикасының территориясына қосу жөніндегі Башқұрт революциялық комитетінің ұсынысы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Москва-Қазан темір жолы ауданында темір жол транспортын жақсарту үшін Запас армияны пайдалану туралы қаулының жобасын талқылаудың барысында оны толықтырады. Мәжілісте сондай-ақ жылжымалы состав дайындайтын заводтарды отынмен жабдықтау туралы қаулының жобасы, Кавказ еңбек армиясының советі туралы ереженің жобасы, барлық отын мекемелерінің жұмысшылары мен қызметшілерін әскери тәртіпке бағындыру туралы қаулының жобасы, темір

жол күзетінің барлық мекемелерін біріктіру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 январь. Ленин Москва жұмысшы инспекциясы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті ВЦСПС-пен бірлесіп және Мемлекеттік бақылау жазған «Жұмысшы және Шаруа инспекциясы туралы ереженің» жобаларына ескертпе мен қосымша жазып, бұл жобаларды И. В. Сталинге, В. А. Аванесовқа, М. П. Томскийге және А. С. Киселевке жібереді және оларға РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 23 январьдағы директивасы негізінде үш жобаның бәрін бір жоба етіп қайта өңдеу жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин Пресня ауданы жұмысшылары мен қызыл әскерлерінің партиялық емес конференциясында сөз сөйлейді, Эстониямен бітім жасасудың шарттары туралы сұраққа жауап береді.

25 январь. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің үгіт-нұсқау поездары мен пароходтары бөлімінің меңгерушісі Я. И. Буровпен әңгімелеседі; оның 1919 жылғы жұмыс қорытындылары туралы баяндамасын тыңдағаннан кейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің үгіт-нұсқау поездары мен пароходтарының жұмысын күшейту туралы нұсқаулар береді.

26 январь. Ленин кооперация туралы мәселе жөніндегі жеке кеңесте председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советі декретінің жобасы жөнінде директивалар, кооперацияның алуан түрлерін біріктіру туралы және тұтыну кооперациясының азық-түлік дайындау және оны бөлу ісіндегі ролі туралы мәселелер жөніндегі қаулылардың жобаларын жазады.

Петроград еңбек армиясы туралы ереженің жобасымен танысқаннан кейін Ленин сол жобаға оны Халық Комиссарлары Советінің 27 январьдағы мәжілісінің күн тәртібіне қою, жобаны көбейтіп бастырып, көшірмелерін барлық мүдделі халық комиссариаттарына жіберу жөнінде хатшыға жарлық жазады.

27 январьдан ертерек. Ленин үгіт поезының Оңтүстік Урал мен Сибирьдегі жұмысы туралы В. И. Ленин атын-

дағы үгіт поезының бұрынғы саяси комиссары Л. И. Рузермен әңгімелеседі, оған поезд жұмысының тәжірибесі туралы баяндап запискалар жазуды тапсырады.

27 январь. Ленин Украин революциялық комитетінің мүшесі В. П. Затонскийдің совет-поляк қатынастары туралы жауапсыздық интервьюін Россия телеграф агенттігінің жариялап жібергені туралы Г. В. Чичериннің баяндау запискасын Россия телеграф агенттігінің жауапты жетекшісі П. М. Керженцевке жібереді, оған мынадай бұрыштама жазады: жұмыста ескеріліп, орындалатын болсын, интервьюдің жариялануына кінәлы адамды анықтап, оны жазалау керек, мұның орындалғаны, мұндай тәртіпсіздіктерді болдырмаудың шаралары хабарлансын.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының құрамы туралы мәселе, мұсылман Шығысы жұмысшылары мен шаруалары арасындағы коммунистік жұмыс туралы тезистер және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин халық шаруашылығы советтерінің Бүкіл россиялық III съезінде сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; поляк үкіметіне үндеудің жобасы туралы баяндайды, осы жобаны редакциялау үшін құрылған комиссияның құрамына сайланады; кооперативтік съездердің советтерін жою туралы қаулының жобасын түзетеді. Мәжілісте сондай-ақ советтік шаруашылықтарды басқару туралы нұсқаудың жобасы, кредит кооперациясы туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

27 және 30 январь аралығында. РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша Ленин Совет өкіметінің Башқұрт республикасы жөніндегі саясатының мәнін Башқұрт республикасының халқына түсіндіру шараларын қолдану жөнінде Түркістан майданының қолбасшысы М. В. Фрунзеге нұсқау береді.

28 январьдан ертерек. Ленин Совет өкіметіне көмектесуге тілек білдірген американ инженері Р. Килимен әңгі-

мелеседі, оның оңтүстікке, Түркістанға баруына кеңес береді.

29 январь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігін жүзеге асырудың тәртібі туралы, «Унион» тоңазытқышын босату және жедел жөндеу туралы қаулылардың жобаларын талқылау барысында оларға түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Главснабпродармды қаржыландырудың тәртібі туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасы, мемлекеттік есепті жасау туралы мәселе, еңбек міндеткерлігі жөніндегі комитеттер туралы ереженің жобасы, кәсіптік-техникалық білім беру туралы декреттің жобасы, Кәсіптік-техникалық білім беру комитетінің правολары мен міндеттері туралы ереженің жобасы, кооперативтік ұйымдардың барлық түрлерін біріктіру туралы декреттің жобасы талқыланады.

30 январь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда шетелдік еңбекші интеллигенцияға үндеудің жобасы, милиция туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда темір жолда істейтін дәрігерлерге қызмет вагондарын пайдалану правосын беру туралы, Симбирскідегі жарқабақты және Волгадан өтетін көпірді бекіту жұмыстарын істеу туралы, армия қатарына шақыру әзірлігінен және жалпыға бірдей әскери оқудан өтуге тиістілердің есебін алу туралы қаулылардың жобалары, Москва-Қазан темір жолының өткізу қабілетін күшейту туралы, Уралда еңбек өнімділігінің төмендеуі туралы мәселелер, Москвадағы трамвайларды әскери тәртіпке бағындыру туралы, темір жол машинистерін, кочегарларын және котельщиктерін мобилизациялау туралы қаулылардың жобалары және басқа мәселелер талқыланады.

31 январь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сессиясының күн тәртібі туралы мәселе талқыланғанда Ленин-

ге Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы мен Халық Комиссарлары Советінің атынан жалпы саяси баяндама жасау тапсырылады. Мәжілісте сондай-ақ партия съезі туралы, бірыңғай партия билеті туралы, кәсіптік одақтардың III съезі туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда губерниялық халық шаруашылығы советтеріне өнеркәсіпті басқару туралы нұсқаудың жобасы, қар күреу міндеткерлігін жүзеге асыру үшін Ішкі Істер халық комиссариаты қолданған шаралар туралы баяндама, қағаз бөлу туралы мәселе, еңбекшілерді моншамен қамтамасыз ету туралы декреттің жобасы, сыртқы сауда жөніндегі тезистер және басқа мәселелер талқыланады.

Январьдың аяғы. Ленин Г. М. Кржижановскийдің «Россияны электрлендірудің негізгі міндеттері» деген кітапшасының жоспарын, содан кейін қолжазбасын қарап шығады; VII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясына дейін шұғыл түрде басып шығару үшін қолжазбаны баспаханаға жібереді; Мемлекеттік баспа меңгерушісі В. В. Воровскийден кітапшаны тезірек басып шығару жөнінде баспаханаға нұсқау беруін өтінеді.

1 февраль. Ленин «Сыйлық беру туралы жалпы ереженің» жобасына ескертпелер жазады.

Ленин Қорғаныс Советінің мүшелеріне транспорт жағдайының өте-мөте ауыр екендігі және оны апаттан сақтап қалу үшін шұғыл шаралар қолдану қажеттігі туралы хат жазады.

Ленин губерниялық және уездік атқару комитеттері председательдерінің кеңесінде ағымдағы кезеңнің міндеттері туралы сөз сөйлейді.

2 февраль. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; транспорттың жағдайы туралы баяндама жасайды және қаулылардың нобайын жазады. Мәжілістен кейін Ленин протоколды түзетеді және оған қол қояды;

протоколға жазған қосымшасында Қорғаныс Советінің шешімдеріне басшы совет қызметкерлерінің назарын аударады.

Ленин VII сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бірінші сессиясында Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы баяндама жасайды.

5 февраль. Ленин шымтезек дайындау ісін ұйымдастыру үшін және губерниялық орман комитеттерінің қызметін үйлестіру үшін Уралға жүргелі жатқан И. И. Радченкомен әңгімеледеді.

Ленин Нижегород радио лабораториясының жұмысы туралы почта және телеграф халық комиссарының орынбасары А. М. Николаевпен әңгімеледеді; лаборатория меңгерушісі М. А. Бонч-Бруевичтің өтінуі бойынша Нижегород радио лабораториясының шұғыл әрі ерекше маңызды жұмыстарына байланысты өвертапқыш А. Ф. Шоринді дереу қамаудан босату жөнінде Нижегород төтенше комиссиясының председателіне нұсқау береді; Нижегород губерниялық атқару комитетінің председателіне жолдаған телеграммасында оған радио лабораториясына жәрдемдесіп, қолдап отыруды тапсырады.

Ленин Нижегород радио лабораториясының меңгерушісі М. А. Бонч-Бруевичке хат жазып, радио саласындағы зор жұмысы үшін оған алғыс айтады, «қағаз бен «қашықтықты» білмейтін газет» жасау ісінде барынша көмектесуге уәде береді.

Ленин Москва торабы теміржолшыларының конференциясында сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; паровоздарды жөндеуде және транспортқа арнап запас бөлшектер өндіруде істейтін жұмысшыларға берілетін жеңілдіктер туралы мәселені талқылаудың барысында қаулының жобасын жазады.

6 февраль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; боротьбистер туралы мәселе жөнінде өзі жазған қарардың

жобасын бекітуге ұсынады; Түркістан майданы мен 2-ші армияны транспорттағы жұмыстарға пайдалану туралы ұсыныстың талқылануына байланысты Ленинге осы мәселе жөнінде Л. Б. Красинмен сөйлесу тапсырылады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; партия съезі туралы мәселе талқыланғанда Ленинге Орталық Комитеттің есепті баяндамасын жасау тапсырылады. Мәжілісте сондай-ақ ВЦСПС фракциясының жергілікті атқару комитеттері, халық комиссариаттары, Халық Комиссарлары Советі және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті арасындағы өзара қатынастар туралы қарары және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин губерниялық төтенше комиссиялардың IV конференциясында сөз сөйлейді.

7 февраль. Ленин «Соғыс болған соң, соғыстағыша болсын» деген мақала жазады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда ағарту қызметкерлері үшін Қызыл Армиядағы сауатсыздықпен күресу жөніндегі еңбек міндеткерлігін енгізу туралы, темір жол әкімшілігі мен жол комиссарларына әкімшілік жазалар қолдану правосын беру туралы және тәртіп жөніндегі соттарды жою туралы қаулылардың жобалары, Балтық-Мариинск облысындағы су транспорты қызметкерлерін азық-түлікпен жабдықтау туралы мәселе, дезертирлікпен күресу жөніндегі майдан комиссарларына дезертирлерді жасырушыларға жазалар қолдану правосын беру туралы қаулының жобасы, зығыр мен тері дайындау туралы, темір жолдарда отын қорын жасау туралы мәселелер, жергілікті және орталық үгіт пункттерінің қызметкерлеріне тылдағы қызыл әскер пасгін беру туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

8 және 14 февраль аралығында. Ленин «Интернационалды қалпына келтіру комитеті» қарарының жобасына ескертпелер жазады, бұл жоба Француз социалистік партиясының Страсбургте болатын конгресіне арналған еді.

9 февраль.	Ленин Благуше-Лефортово ауданының партиялық смес конференциясында сөз сөйлейді.
10 февраль.	1-ші еңбек армиясының Революциялық-әскери советіне жолдаған телеграммасында Ленин ведомстволық егесті тоқтатып, барлық күшті темір жол транспортын қалпына келтіруге, азық-түлік жинауға және оны тасып жеткізуге, ағаш дайындауға жұмсау жөнінде жарлықтар береді.
	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қар күреу жөніндегі еңбек міндеткерлігін жолға қоюдың қанағаттанғысыз болып отырған себебін тексерудің нәтижесі және оны жолға қоюды жақсарту шаралары туралы, қоғамдық тамақтандыру жөніндегі декретті жүзеге асыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.
14 февраль.	Ленин «Публицистің заметкалары» деген мақала жазады.
	Ленин С. П. Середа мен А. Д. Цюрупаға жазған хатында олардың назарын Е. А. Преображенскийдің 11 февральда «Правдада» басылған «Уақытты зая жібермеңіздер» деген мақаласына аударады, автордың коллективтік огород шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту және коллективтік шаруашылықтарды ұйымдастыру үшін қала маңындағы жерлерді пайдалану жайындағы ұсыныстарын қабыл алуға, тиісті декреттің жобасын әзірлеуге кеңес береді.
14 және 25 февраль аралығында.	Ленин Француз социалистік партиясының Страсбург конгресіне арнап Жан Лонгеге хат жазады, онда Альбер Тома, Марсель Самба және Брак (А. Деруссо) сияқты көрінеу оппортунистердің Француз социалистік партиясынан шығарылуы — бұл партияның III, Коммунистік Интернационалға енуінің басты шарты деп көрсетеді.
16 февраль.	Ленин Москва Советінің депутаты болып сайланады.
17 февраль.	Кавказ майданы Революциялық-әскери советінің мүшелері И. Т. Смилга мен Г. К. Орджоникидзеге жолдаған телеграммасында Ленин Кавказ майданы әскерлерінің жағдайы өзін

толғандырып отырғанын білдіреді, майданды нығайту үшін бірқатар шұғыл шаралар қолдануды талап етеді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда партияның Россиядағы мұсылман халықтар жөніндегі саясаты туралы нұсқау берілетін телеграмманың жобасы, РКП(б) Орталық Комитеті жұмысшы әйелдер бөлімінің әйелдер арасындағы жұмыс жөнінде басшылыққа алынатын мақалалар жарияланатын әрайлық журнал шығаруға рұқсат етуді сұраған өтініші және басқа мәселелер талқыланады.

17 және 26 февраль аралығында. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша РКП(б) ұйымдарына партияның IX съезіне әзірлік туралы хаттың жобасын жазады.

18 февраль. Ленин американ информациялық агенттігі — «Universal Service»-нің Берлиндегі тілшісі Карл Вигандтың радио арқылы келіп түскен сұрақтарына және ағылшын газеті — «Daily Express» тілшісінің сұрақтарына жауаптар жазады.

Украин еңбек армиясы Советінің председателі И. В. Сталинге жолдаған телеграммасында Ленин Донбасста дайындалған көмір мен тұздың күзетілуін және тасылып алынуын ұйымдастырудың, кедейлерге астық пен тұз бере отырып, салымды толық жүзеге асырудың, армиямен бірге Харьков жұмысшыларының бір бөлегін азық-түлік жұмысына жұмылдырудың қажеттігін атап көрсетеді.

Ленин Сибирь революциялық комитетінің Сибирьде совет ақшасы знактарының жеткіліксіздігіне байланысты ақшаның орнына совет грифі бар заем облигациясын шығаруға рұқсат етуді сұраған өтініші туралы Н. Н. Крестинскиймен әңгімелеседі.

19 февраль. Ленин телефон байланысының меңгерушісі, Почта және телеграф халық комиссариаты коллегиясының мүшесі Г. Л. Волленбергтің Кремльдің Харьковпен телефон арқылы тікелей байланыс жасауын жолға қою жөнінде бірнеше рет қойылған талаптарды орындамағаны туралы оған хат жазып, кішкене, бірақ

маңызды іске салақ қарағаны үшін Волленбергке сөгіс жариялайды.

Кавказ майданын нығайту үшін бас қолбасшының Украин еңбек армиясының құрамынан бөлімдер беру жөніндегі жарлығына наразылық білдірген И. В. Сталиннің телеграммасын алғаннан кейін Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне өзінің бас қолбасшымен келісетіндігі туралы записка және Деникинді біржолата талқандау үшін Кавказ майданын нығайту басты міндет болып отырғандығы туралы Сталинге Саяси бюро атынан жолданатын телеграмманың жобасын жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; ағаш дайындауда істейтін жұмысшыларды азық-түлікпен және көлікті жеммен жабдықтау туралы қаулы жобасының 1-ші пунктіне ескерту жазады; Москваның санитарлық жағдайы және Москва Советінің қаланы тазалау үшін қолданып отырған шаралары туралы мәселе талқыланғанда Москва төтенше санитарлық комиссиясы туралы қаулының жобасын редакциялайды. Мәжілісте сондай-ақ бандитизмге қарсы күрес жүргізу шаралары туралы, Чрезкомснегпутьті қайта құру туралы, сыртқы сауда мәселесі жөніндегі мемлекеттік есеп туралы қаулылардың жобалары, Москваны азық-түлікпен жабдықтау туралы, Москва үшін өрттің қауіптілігі туралы, қағаз бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 февраль. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда 1-ші еңбек армиясына арналған азық-түлік туралы, Подмосковье көмір бассейніндегі істің жайы туралы, Қатынас жолдары халық комиссариаты Саяси бас басқармасының қызметі туралы, Москва Советінің жанынан жылжымалы составты жөндеу жөніндегі Москва торабының бас және участкелік шеберханалары мен деполарында еңбек жағдайын жақсарту жөнінде комиссия құру туралы және басқа мәлелелер талқыланады.

21 февральдан ертерек. Ленин американ газеті «The World»-тің тілшісі Линькольн Эйрді қабылдап, онымен әңгімелеседі, Эйрдің Совет мемлекетінің

сыртқы және ішкі саясаты туралы қойған сұрақтарына жауап береді.

21 февраль. Ленин «Жұмысшы-әйелдерге» деген мақала жазады.

Ленин «Daily Herald» газетінің директоры лейборист Дж. Ленсбериді қабылдап, онымен Англиядағы жұмысшы қозғалысы туралы әңгімелеседі.

22 февраль. Ленин Коминтерн Атқару Комитетінің боротьбистер туралы қаулысының жобасына ескертпелер жазады.

Ленин Харьковтегі Украин революциялық комитетінің мүшесі Д. З. Мануильскийге телеграмма жазып, Украинадағы шаруаларға көзқарас жөніндегі саясат туралы нұсқаулар береді.

Харьковтегі И. В. Сталинге жолдаған телеграммасында Ленин украин тілінің толық тең праволылығын қамтамасыз етуге шаралар қолдану жөнінде нұсқаулар береді.

23 февральдан ертерек. Ленин Батыс майдандағы жағдай және поляк әскерлерінің белсенді қимылға көшу мүмкіндігіне байланысты ол майданның халі туралы өзіне баяндау жөнінде Батыс майдан Революциялық-әскери советіне жарлық береді.

23 февраль. Ленин Украинадағы шаруаларға көзқарас туралы мәселе жөнінде А. Д. Цюрупамен әңгімелеседі.

24 февраль. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Түркістан халқына киздеме беру туралы, қағаз өнеркәсібін жақсарту шаралары туралы, Александров-Гай — Ембі темір жол линиясын салудың барысы туралы мәселелер, мұнай ісінің мамандарын мобилизациялау туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

25 февраль. Ленин губерниялық оқу бөлімдерінің мектептен тыс оқу кіші бөлімдері меңгерушілерінің Бүкіл россиялық III кеңесінде сөз сөйлейді.

Ленин Люберцы ауыл шаруашылық машиналары заводының жұмысшыларына азық-түлік

жөнінен көмектесу қажеттігі туралы Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшелеріне хат жазады.

26 февраль. Ленин Пермь губерниясы, Усолье уезі, Половодовск болысы шаруаларының өкілдері Ф. С. Санниковты, Г. И. Михалевті және П. П. Москалевті қабылдайды; олармен деревнядағы жағдай туралы әңгімелеседі; Пермь губерниялық партия комитетінің мүшелеріне хат жазып, уездік партия комитетінің адам құрамын тексеру жөніндегі олардың өтінішін орындауды және ол тексерудің нәтижелерін хабарлауды тапсырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда 1920 жылы Москваны отынмен жабдықтау туралы мәселе, Россиядағы Балық шаруашылығы және балық өнеркәсібі жөніндегі бас басқарманы қайта құру және оның жергілікті жерлердегі органдары туралы декреттің жобасы, Қатынас жолдары халық комиссариаты жанындағы агрономия басқармасы туралы ереже, бүлінген темір жол құрылыстарын қалпына келтіру жөніндегі шұғыл шаралар туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

27 февраль. Ленин Весьегонск мұғалімдер одағы (Тверь губерниясы) атқару комитетінің председателі А. Виноградовты қабылдайды, онымен мұғалімдердің жағдайы және олардың Совет өкіметіне көзқарасы туралы әңгімелеседі; Весьегонск уезінің мұғалімдеріне азық-түлік пайегін көбейту мүмкіндігі туралы қажетті мағлұматтарды шұғыл түрде жинауды және бұл туралы өзіне телефон арқылы хабарлауды өтініп, Азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшелеріне записка жазады.

Кеме жүзу маусымы басталған бойда Гурьевтен мұнай тасып алудың барлық шараларын қолдану қажеттігі туралы Каспий флотының қолбасшысы Ф. Ф. Раскольниковқа телеграмма жазады.

Республика Революциялық-әскери советінің председателі Л. Д. Троцкийге жолдаған телеграммасында Ленин Польшамен соғыс қақтығысының болмай қоймайтындығына байланыс-

ты бүкіл назарды Батыс майданды күшейтуге аудару жөнінде нұсқау береді.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда қатынас жолдарының инженерлері мен техниктерін мобилизациялау туралы қаулының жобасы, маршруттық поездарды жөндеген жұмысшыларға сыйлық беру туралы қаулыны Азық-түлік халық комиссариатының орындамағаны туралы, Кама көпірін мерзімінен бұрын салып бітірген жұмысшыларды наградтау туралы, ағаш отып тасып жеткізу жөніндегі нарядтарды Қатынас жолдары халық комиссариатының орындамағаны туралы және басқа мәселелер талқыланады.

28 февраль. Петроградтағы Г. Е. Зиновьевке жолдаған телеграммасында Ленин бұрынғы Ерікті экономикалық қоғамның кітапханасын күзету жөнінде шаралар қолдануға жарлық береді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, жалпы алғанда кітапхана ісінің жағдайы, жеке алғанда шетел кітаптарының, газеттері мен журналдарының жағдайы нашар екендігі туралы сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ Г. Ф. Гриньконың боротьбистерді толық бағыну шартымен Украина Коммунистік (большевиктер) партиясының құрамына қабылдау жөніндегі ұсынысына байланысты Х. Г. Раковскийдің телеграммасы, 5000 коммунисті транспортқа мобилизациялау жөнінде партияның барлық мүшелеріне арналған үндеудің жобасы, су транспорты жұмысшылары Орталық Комитетінің (Цекводтың) және ВЦСПС фракциясының су транспортын басқару туралы мәлімдемесі және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; бүкіл Россия көлемінде еңбек міндеткерлігін жүзеге асыру туралы баяндаманы талқылау барысында қаулының жобасын толықтырады. Мәжілісте сондай-ақ Халық Комиссарлары Советі 1919 жылы 23 декабрьде тағайындаған комиссияның советтік шаруашылықтарды ұйымдастыру туралы мәселе жөніндегі баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

1 март. Ленин Глухов мануфактурасы жұмысшыларының делегациясын қабылдайды, олар өз ману-

фактурасын Москваның азық-түлікпен жабдықталуына теңестіруді өтінген еді; делегаттармен әңгімелескен кезде Глухов мануфактурасының жағдайын қағазға жазып отырады.

Ленин еңбекші казактардың Бүкіл россиялық I съезінде баяндама жасайды.

Ленин медицина-санитария еңбегі қызметкерлерінің Бүкіл россиялық II съезінде сөз сөйлейді.

2 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатын екі халық комиссариаты етіп бөлу туралы мәселе, Г. В. Чичериннің панисламистердің Константинополь декларациясы жөніндегі хаты және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Сыртқы сауда халық комиссариатының товар қорын жасау туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасын жазады; қалалар мен өнеркәсіп орталықтарын сүт және огород өнімдерімен жабдықтау үшін ауыл шаруашылық кәсіпорындарын ұйымдастыру туралы қаулының жобасы талқыланғанда оған түзетулер енгізеді.

3 март. Ленин Л. Д. Троцкийдің «Шаруашылық құрылыстың кезектегі міндеттері» деген тезистерінің жобасына ескертпелер жазады.

4 март. Ленин «Жұмысшы әйелдердің халықаралық күніне» деген мақала жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; кәмелетке толмағандарды соттау туралы декрет жобасының талқылануына байланысты декреттің жобасына ескертпе, 4-және 6-пункттерге қосымшалар жазып, жобаға белгілер салады және түзетулер енгізеді.

5 март. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; қызыл әскер паегіне көшіруге байланысты мәселелерді қараудың тәртібі туралы қаулының жобасын талқылаудың барысында жобаның 3-параграфын толықтырады. Мәжілісте сондай-ақ Ембі мұнай құбы-

рын салу туралы, темір жолда жұмысқа шықпай қалушылыққа қарсы күрес жүргізу жөніндегі комиссияны ұйымдастыру туралы, темір жол жұмысшылары мен қызметшілерін барлық мекемелер мен ұйымдардан қайтару туралы, темір жол қызметшілерінің азық-түлік жағдайы туралы мәселелер, офицерлерді тіркеу туралы қаулының жобасы, Уфа губерниясындағы астық күзеті туралы, отын жөніндегі жағдай туралы мәселелер, жабылып жатқан кәсіпорындардың жұмысшыларын тіркеу және пайдалану тәртібі туралы қаулының жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

6 март. Ленин жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Москва Советінің мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин Москва Советінің III Интернационалдың бір жылдығына арналған салтанатты мәжілісінде сөз сөйлейді.

8 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда экономикалық құрылыс туралы, милиция жүйесіне көшу туралы, ұйымдастыру мәселесі жөніндегі тезистер, Орталық Комитеттің пленумы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

9 март. Ленин Сибирь революциялық комитетіне жолдаған телеграммасында меньшевиктер мен эсерлердің Қиыр Шығыстағы буферлік мемлекеттің үкіметіне қатысуы туралы келіс сөзде оларға ешқандай кеңшілік жасамау жөнінде нұсқау береді.

Архангельскідегі Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі Г. И. Ломовқа жолдаған телеграммасында Ленин Ухта өзенінің мұнайлы ауданы туралы баспасөзде жарияланған материалдар мен есептерді іздестіруді тапсырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; совхоздар ұйымдастыруды жақсарту шаралары туралы баяндама бойынша қаулының жобасын жазады. Мәжілісте сондай-ақ Халық Комиссарлары Советінің мәжілістеріне халық комиссарларының кешігіп келуіне қарсы шаралар туралы,

1919 жылғы санақтың деректері бойынша совхоздар мен еңбек коммуналарының жағдайы туралы мәселелер, кендір жинау туралы декреттің жобасы, темекі өнеркәсібінің жағдайы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

10 март. Ленин жөндеу үшін және алдағы уақытта губернияға азық-түлік тасып жеткізуге пайдалану үшін поездардың Иваново-Вознесенск жұмысшыларына берілуін тездету, картоп егілетін жерді жырту үшін бірнеше трактор бөлу, Гаврилов-Посадты Владимир губерниясынан Иваново-Вознесенск губерниясына беру жөнінде және басқа өтініштер жасаған Иваново-Вознесенск губерниясының өкілдері В. С. Смирнов-Малков пен М. З. Мануильскийді және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі А. С. Киселевті қабылдайды; осы мәселелерді алдын ала қарау үшін Азық-түлік халық комиссариаты, Егіншілік халық комиссариаты, Қатынас жолдары халық комиссариаты, Главод, Центротекстиль және Еңбек халық комиссариаты өкілдерінің Киселев председательдік ететін кеңесін шақыруды, ал кешке Қорғаныс Советінің талқысына салуды ұсынады; кеңес шақыру туралы жарлық жазады.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Қорғаныс Советінің жарлық беретін мәжілістерін ұйымдастыру туралы қаулының жобасын талқылаудың барысында ол жобаны редакциялайды. Мәжілісте сондай-ақ темір жолдағы ерекше шұғыл жұмыстарға пайдаланылатын тұрақты жұмысшылардың артельдерін ұйымдастыру туралы, Кашира электр станциясының құрылысын жұмыс күшімен жабдықтау туралы мәселелер, темір жолда жұмысқа шықпай қалушылыққа қарсы күрес жүргізуді ұйымдастыру туралы қаулының жобасы, ағаш дайындауда істейтін жұмысшыларды азық-түлікпен, көлікті жеммен жабдықтауды күшейту туралы, Иваново-Вознесенск жұмысшыларын азық-түлікпен жабдықтау туралы мәселелер, Темір жолдардағы революциялық әскери трибуналдар туралы ереженің жобасы, құрылысшы жұмысшыларды армия қатарына шақырудан босату туралы және басқа мәселелер талқыланады.

11 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына немесе Ұйымдастыру бюросына записка жазып, Сыртқы істер халық комиссариатының цензурасы меньшевик Абрамовичтің Р. Гильфердингке хатын өткізіп жібергені туралы Я. Берзиннің хабарын тексеру және Сыртқы істер халық комиссариатын жау элементтерден тазарту жөнінде ұсыныс жасайды.

Кавказ майданы Революциялық-әскери советінің мүшелері И. Т. Смилга мен Г. К. Орджоникидзеге жолдаған телеграммасында Ленин майдан Революциялық-әскери советінің басты міндеті Кавказ еңбек армиясын ұйымдастыру емес, қайта Польшамен соғыстың болмай қоймайтындығына байланысты Батыс майданға әскерлерді неғұрлым көп әрі неғұрлым тез тасымалдау ісін әзірлеу деп атап көрсетеді.

Батыс майдан Революциялық-әскери советінің мүшесі И. С. Уншлихтке жолдаған телеграммасында Ленин Польшаның соғыс қимылдарын сөзсіз бастайтындығына байланысты поляк тілінде үгіт жүргізуді күшейте түсу жөнінде нұсқау береді.

12 март. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Сыртқы істер халық комиссариатымен алдын ала келісім болмаса да, шетелдіктердің майдан арқылы өткізілуі жөнінде Сыртқы істер халық комиссариатының наразылық білдіргені туралы баяндайды; орманшыларды ағаш дайындау жұмыстарына тарту туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасын жазады; Астрахань және Царицын губернияларының халқын балық кәсіпшіліктерінде еңбек етуге мобилизациялау туралы қаулының жобасын талқылаудың барысында оған түзету енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ азық-түлік жағдайы туралы, отын тиелген поездарды күзету шаралары туралы және басқа мәселелер талқыланады.

13 март. Ленин Россияны электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның Г. М. Кржижановский ұсынған мәлімдемесінің жобасы туралы онымен әңгімелеседі.

14 март. Г. М. Кржижановскийге хатында Ленин оған мақала жазуды немесе мақала жазу жөнінде мамандардың біріне заказ беруді, онда Рос-

сияны электрлендірудің мейлінше тиімді әрі қажет екендігін нақты материалға сүйене отырып дәлелдеп беруді ұсынады.

15 март. Республика Революциялық-әскери советі председателінің орынбасары Э. М. Склянскийге жазған запискасында Ленин Қырымға шабуыл жасауды әзірлеу туралы директива жазу жөнінде Республика Революциялық-әскери советіне нұсқау береді.

Ленин су транспорты жұмысшыларының III съезінде сөз сөйлейді.

Ленин ВЦСПС пен Кәсіптік одақтардың Москва Советі коммунистік фракцияларының біріккен мәжілісіне қатысады; М. П. Томскийдің кәсіптік одақтардың міндеттері туралы тезистері талқыланғанда 8 рет сөз сөйлеп, халық шаруашылығын басқару ісіндегі дара басшылық принципін қорғайды.

Ленин Азық-түлік халық комиссариаты мен Орман бас комитеті өкілдерінің темір жол станцияларына және сал ағызылатын өзендерге ағаш отынды шанамен тасып жеткізуді қамтамасыз ету туралы мәселе жөніндегі кеңесінде председательдік етеді.

16 март. Ленин Харьковке боротьбистердің Бүкіл украиналық конференциясының президиумы атына сәлем жолдағандары үшін алғыс айтып, большевиктер партиясына қосылу жөнінде басталған істің сәтті болуына тілектестік білдіріп телеграмма жазады.

Ленин Үлкен театрдағы салтанатты-қаралы мәжілісте Я. М. Свердловты еске түсіруге арнап сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Дон губерниясының шекарасын белгілеу туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды; паровоздарды және темір жол транспортын жөндеуге қажет запас бөлшектер алуға шетелге заказ беру мүмкіндігін қамтамасыз ету туралы қаулының жобасы талқыланғанда Л. Б. Красинге записка жазып, жобаға шетелден сарапшы электр техниктерін шақырту туралы және бұған 500 мың сом бөлу туралы пункттер енгізуді ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ егіс да-

қылдары мен картоп тұқымдарын дайындау туралы және тұтынушы аудандарда тұқым қорын жасау туралы декреттердің жобалары, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің комиссиясы әзірлеген революциялық трибуналдар туралы ереже, міндетті түрде етке мал тапсыру туралы декреттің жобасы, қызылша плантацияларында істейтіндерге сыйлық беру туралы қаулы, Қырғызстанда азық-түлік органдарын ұйымдастыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

17 март. Кавказ майданы Революциялық-әскери советінің мүшелері И. Т. Смилга мен Г. К. Орджоникидзеге жолдаған телеграммасында Ленин барлық күш-жігерді Бакуді алуға жұмсау жөнінде нұсқау береді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; ВЦСПС-ке мүше коммунистерге кәсіподақтардың өтіп жатқан съездерінде өнеркәсіп орындарын басқару туралы мәселе жөнінде ВЦСПС фракциясының РКП(б) Орталық Комитетінің тезистерімен үйлеспейтін қарарын өткізуге право беруді өтінген ВЦСПС фракциясының мәлімдемесі жөніндегі қарарлардың жобаларын жазады.

19 март. Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Солтүстік еңбек армиясын құру туралы, Республиканың шекараларын күшейту жөніндегі шұғыл шаралар туралы, еңбек мобилизациялары мен міндеткерліктерін жүзеге асыру тәртібі туралы мәселелер, 1920 жылғы кеме жүзу маусымында Волга пристаньдарының жағалауға орналасқан мұнай қоймаларын босату жөнінде шұғыл шаралар қолдану туралы декреттің жобасы, кеме жүзу маусымының басталуына байланысты шұғыл шаралар туралы Главодтың баяндамасы, Совет республикасына империалистік мемлекеттердің шабуылы мен блокаданың келтірген шығындарын есептеу жөнінде комиссия құру туралы, әскери қызметке шақырылған теміржолшыларды тиімді пайдаланбау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

20 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Қатынас

жолдары халық комиссариаты туралы, темір жолдардағы революциялық трибуналдар туралы, Башқұрт республикасы туралы мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; концессиялар туралы тезистердің жобасы талқыланғанда оған түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ бірыңғай азық-түлік паегі туралы декреттің жобасы, жергілікті жерлерде азық-түлік өнімдерін кооперацияның қатысуымен және кооперацияның қатысуынсыз дайындаудың тәсілдері мен нәтижелерін іріктеп және анкета арқылы тексеру программасы туралы, маршруттық поездар ұйымдастыру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

22 март. Ленин Шығыс халықтары коммунистік ұйымдары орталық бюросының өкілдерін: бюро председателі С. Саид-Галиевті, оның орынбасары М. Султан-Галиевті және бюроның орталық органы — «Эше» газетінің редакторы Б. Мансуровты қабылдап, олармен автономиялы Татар республикасын құру туралы, Қазандағы баспа ісінің және татар ұлттық әдебиетінің жағдайы туралы, татарлардың тұрмысы мен олардың орыс халқымен қарым-қатынастары туралы әңгімелеседі.

23 март. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; міндетті түрде етке мал тапсыру туралы декреттің жобасын және ГОЭЛРО туралы ереженің жобасын талқылаудың барысында оларға түзетулер мен қосымшалар енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ орман концессиясы жөнінде Эстониямен шарт жасасу туралы, совет қызметшілерінің жағдайын тексеру және оны жақсарту шараларын іздестіру үшін комиссия құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 март. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің орталық органдарының тікелей басшылық етуіне жататын және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің нұсқауына сәйкес 1-ші топқа тіркелген кәсіпорындардың тізімін Халық Комиссарлары Советінің Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бекітуіне жібергені туралы Бүкіл россиялық Ор-

талық Атқару Комитетіне қатынас қағаз жазады.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша Ленин Харьковтегі А. Я. Шумскийге телеграмма арқылы былай деп хабарлайды: 105 делегаттың Орталық Комитеттің сайлауына қатысудан бас тартуы және олардың өткізілген сайлауды заңсыз сайлау деп наразылық білдіруі салдарынан Украина Коммунистік (большевиктер) партиясының конференциясында тозгісіз жағдай қалыптасуына байланысты Саяси бюро осы жанжал тынғанша, құрамында конференциядағы фракциялық жұмысқа қатыспаған Шумский және Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің ескі құрамы мен жаңа құрамынан 2 өкілден болатын уақытша орган құруға қаулы етті.

25 март. РКП(б) Москва жалпы қалалық конференциясы Ленинді РКП(б) IX съезіне делегат етіп сайлайды.

Ленин Англия, Америка, Бельгия, Италия, Франция және Жапония үкіметтерінің өкілдерімен аталған державалар мен Советтік Россия арасындағы ықтимал бітім шарттары туралы келіс сөз жүргізу жөнінде Л. Б. Красин мен М. М. Литвиновқа берілетін уәкілдік қағаздарға, Советтік Россиядан тыс жерлерде сыртқы сауда мен товар айырбасын ұйымдастыру және жүргізу жөнінде Л. Б. Красинге, В. П. Ногинге және М. М. Литвиновқа берілетін уәкілдік қағаздарға қол қояды.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда су жолымен жүк тасымалдау туралы, национализацияланған ағаш қоймаларының иелерімен есеп айырысу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда маусымдық тоқыма шикізатын дайындауға миллиард сом сақтау туралы, Москва мен Петроградты астықпен жабдықтау туралы мәселелер, ағаш материалдарына мемлекеттік монополия туралы ереженің жобасы, жерді қайта бөлу туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

27 марттан ертерек. Ленин Баку мен Азербайжандағы жағдай туралы, мусаватистік режимнің құлауы туралы, Советтік Россияның Закавказьенің ұлтшылдық үкіметтері жөніндегі тактикасы туралы Сыртқы істер халық комиссариаты Таяу және Орта Шығыс елдері бөлімінің меңгерушісі Н. Н. Наримановпен әңгімелеседі.

28 март. Ленин Грозныйда қолға түсірілген бензин қорын күзетуді және тасып алуды ұйымдастыру қажеттігі туралы А. И. Рыковқа записка жазады.

Ленин Донбасстағы көмір өнеркәсібінің халі туралы, Украинадағы совет және шаруашылық қызметкерлері кадрларының жағдайы және Украина Коммунистік (большевиктер) партиясындағы фракциялық күрес туралы РКП(б) IX съезіне келген И. И. Шварцпен («Семенмен») әңгімелеседі.

Ленин Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда су транспортын күшейту туралы қаулының жобасы, Москва-Қазан темір жолымен азық-түлік жүктерін тасымалдау туралы, бензин туралы және басқа мәселелер талқыланады.

29 март. Ленин кіріспе сөз сөйлеп, РКП(б) IX съезін ашады, съездің президиумына сайланады, РКП(б) Орталық Комитетінің баяндамасын жасайды, партияның IX съезі делегатының жеке анкетасын толтырады.

30 март. Ленин РКП(б) IX съезінің екінші (таңертеңгі) мәжілісінде партияның Орталық Комитетінің баяндамасы бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

31 март. Ленин партияның IX съезінің төртінші (таңертеңгі) мәжілісінде шаруашылық құрылыс туралы баяндама бойынша жарыс сөзде сөз сөйлейді.

Марттың аяғы. Ленин граммофон пластинкаларына жазу үшін транспорт жөніндегі жұмыс туралы және еңбек тәртібі туралы екі рет сөз сөйлейді.

Ленин жақсартылған паек алатындардың қатарына 15 ғалым мен инженерді — ГОЭЛРО мүшелерін, олардың орынбасарларын, аудан-

	дардың жауапты басшыларын қосу жөнінде жарлық береді.
Март— апрель.	Ленин «Компромистер туралы» деген мақала жазады.
Апрельдің басы.	Ленин 3-ші Бекініс полкінің (бұрынғы 438-Оренбург жұмысшы полкінің) делегаттарын қабылдайды, олар Ленинге оның полктің құрметті қызыл әскері болып сайланғаны туралы куәлік табыс етеді.
2 апрель.	Ленин Кавказ майданы Революциялық-әскери советінің мүшесі Г. К. Орджоникидзеге жолдаған телеграммасында сақ қимылдап, мұсылмандарға, әсіресе Дағыстанға кірген кезде, барынша жылы шырай білдіру қажеттігі туралы нұсқаулар береді.
3 апрель.	Ленин РКП(б) IX съезінің сегізінші (кешкі) мәжілісінде кооперация туралы мәселе бойынша жарыс сөзде сөз сөйлейді.
4 апрель.	Ленин РКП(б) IX съезінің тоғызыншы (таңертеңгі) мәжілісінде РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланады.
4 немесе 5 апрель.	Ленин РКП(б) IX съезінің Екатеринбург партия ұйымынан сайланған делегаты А. А. Андреевпен әңгімелеседі, одан Уралдағы жағдай туралы, заводтардың жұмысы туралы, шаруалардың пиғылы туралы сұрайды.
Ерте дегенде 4— кеш дегенде 6 апрель.	Ленин кен жұмысшыларының Бүкілроссиялық I құрылтай съезінде сөз сөйлейді.
5 апрель.	Ленин РКП(б) IX съезінің оныншы (таңертеңгі) мәжілісінде съезді жабарда сөз сөйлейді. Съезд жабылғаннан кейін Орталық Комитет мүшелігіне кандидаттардың тізімі жөнінде сөз сөйлейді.
	РКП(б) IX съезінің жұмысы аяқталған кезде съезд делегаттарының ұсынысы бойынша Лениннің жақындап келе жатқан елу жылдығына байланысты Ленинге құрмет көрсетіледі; В. И. Ленин Шығармаларының толық жинағын шығару туралы шешім қабылданады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болып сайланады. Мәжілісте Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы мен Секретариатының құрамы мен міндеттері туралы, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық III съезі туралы мәселелер, Украина мәселелері және басқа мәселелер талқыланады.

6 апрель. Ленин РКП(б) IX съезінің Қазан губерниясынан сайланған делегаттарымен: губерниялық партия комитетінің секретары Г. С. Гордеевпен, губерниялық кәсіподақ советінің председателі А. И. Догадовпен және губерниялық атқару комитетінің председателі И. И. Ходоровскиймен автономиялы Татар республикасының құрылуына байланысты мәселелер жөнінде әңгімелеседі.

Ленин Қазандағы В. В. Адоратскийге жолдаған хатында оның азамат соғысының тарихы мен Совет республикасына арналған материалдар жинауының мүмкіндігі туралы сұрайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мәжілістер мен кеңестерге салақ қатысқандарға ықпал жасау шаралары туралы қаулының жобасы, санақ өткізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

6 және 21 апрель арасында. Ленин Г. В. Чичериннің ағылшын тред-юниондары делегациясының Советтік Россияға келетіні туралы хабарлаған хатына РКП(б) Орталық Комитетінің делегацияны қабылдау үшін комиссия құру және оның құрамы туралы шешімінің жобасын жазады.

Ленин телефон арқылы Г. В. Чичеринмен ағылшын делегациясын қабылдаудың Ленин жобасы негізінде жасалған жоспары жөнінде сөйлеседі, түзетулер мен толықтырулар ұсынады.

7 апрель. Ленин кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық III съезінде сөз сөйлейді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің (СТО) пленум мәжілісінде председательдік етеді, онда жобаланып жатқан Иваново-Вознесенск

электр станциясының мемлекеттік маңызы бар деп тану туралы Халық шаруашылығы жоғары советінің ұсынысы, ағаш ағызуда істейтін жұмысшыларды азық-түлікпен жабдықтау туралы, қар көшкініне қарсы күрес жөніндегі еңбек міндеткерлігін көктемгі су тасқынына қарсы күресте де қолдану туралы, су-транспорт ісінің мамандарын әскери тәртіпке көшіру туралы мәселе жөніндегі қаулылардың жобалары, Урал жұмысшыларына сыйлық беру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

8 апрель. Ленин бір күндік газет—«Коммунистический Субботник» газетіне арнап «Ғасырлық укладты талқандаудан жаңаны жасауға қарай» деген мақаласын жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда Ұлттар лигасына берілетін жауаптың жобасы, Польшамен жүргізілетін келіс сөз туралы және Антантаның Польша мен Советтік Россия жөніндегі саясаты туралы, Башқұрт істері туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің Сибирь бюросын ұйымдастыру және оның құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда кәсіптік машығы бар адамдардың санағын жүргізу туралы, Халық Комиссарлары Советінің қант қызылшасы, спирт, крахмал, шырын, темекі, май және дәрі өнеркәсібін шикізатпен жабдықтау туралы 1920 жылғы 5 марттағы қаулысын қайта қарау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

13 апрель. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда егіс көлемінің есебін жүргізу туралы, Тюмень және Челябинск губернияларын Сибирь революциялық комитетінің қарамағынан шығару туралы және басқа мәселелер талқыланады.

14 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Цеквод туралы, Главодтың Саяси секретариаты туралы мәселе, Англияға берілетін жауаптың Г. В. Чичерин ұсынған жобасы, Украинадағы және РСФСР-дегі кәсіптік білім беру ісін бі-

ріктіру туралы, максималистердің РКП(б)-ға енуінің шарттары туралы мәселелер, ағарту қызметкерлерінің жағдайын жақсарту жөнінде шаралар қолданудың қажеттігі туралы Халық ағарту комиссариатының мәлімдемесі және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Бірінші еңбек армиясының Революциялық советі туралы ережені түпкілікті редакциялау үшін Халық Комиссарлары Советі тағайындаған комиссияның мәжілісінде председательдік етеді; дәлелсіз себептермен мәжіліске жарты сағат кешіккен А. И. Рыковқа кешігу туралы декретті қолдану жайында қаулы жазады.

Кеш дегенде 15 апрель. Ленин Россияны электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссияның председателі Г. М. Кржижановскиймен әңгімелеседі, комиссияға молайтылған 15 азық-түлік паегін бергізу туралы жарлық еткенін растайды.

15 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда үгіт пункттері туралы, Главполитпутьтің қызметін су транспорты саласына қолдану туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; су жолы қызметкерлерін азық-түлікпен жабдықтау ісінің жолға қойылуын дереу тексеру үшін құрамында ВЦСПС-тің, Азық-түлік халық комиссариатының, Қатынас жолдары халық комиссариатының және Цекводтың өкілдері бар комиссия құру туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ советтік шаруашылықтарды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы қаулының жобасы, Главпродукттен жоспардан тыс берілетін өнімдерге бақылау жасаудың практикалық әдістері туралы және осындай жолмен босатылатын өнімдерді қысқарту үшін немесе толық жою үшін қолданылатын шаралар туралы мәселе, реквизициялау мен конфискелеу туралы декреттің жобасы, егіс көлемінің есебін жүргізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 апрель. Ленин мұнай шаруашылығын ұйымдастыру үшін, мұнай мен мұнай өнімдерін тасып алу үшін Еңбек және Қорғаныс Советі төтенше

уәкілдіктер беріп, Баку ауданына жіберілгелі отырған А. П. Серебровскиймен әңгімелеседі.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; офицерлердің есебін алу туралы қаулының жобасы талқыланғанда оған түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ Балтық флотын көмірмен жабдықтау туралы, кен жұмысының забойшыларын мобилизациялау туралы қаулылардың жобалары, Донецк бассейніндегі көмір өнеркәсібінің жағдайы туралы, темір жол және су транспортының жұмысшыларына арнап азықтүліктің сақтық қорын жасау туралы мәселелер, кең табанды Александров-Гай—Ембі линиясын салу туралы және тар табанды Красный Кут — Александров-Гай линиясын қайта салу туралы декреттің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

19 апрель. Ленин тоқыма өнеркәсібі жұмысшыларының Бүкіл россиялық III съезінің таңертеңгі мәжілісінде сөз сөйлейді.

20 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Республиканың ақтардан тартып алынған алтын қорын сақтайтын орын туралы мәселені талқылауға қояды. Мәжілісте сондай-ақ Орталық Комитеттің Урал облыстық бюросы туралы мәселе, Великобритания сыртқы істер министрі Керзонның нотасына берілетін жауап, Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын қайта құру туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; кітап қорларын және басқа баспа басылымдарын национализациялау туралы декреттің жобасын талқылаудың барысында оған түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ жер қойнауындағы байлықтар туралы декреттің жобасы, әдебиеттерді бөлу туралы қаулының жобасы, атқару комитеттерінің мүшелеріне және совет мекемелерінде істейтін қызметшілерге тәртіп бұзғаны үшін және әкімшілік жолымен берілетін жазалар туралы ереженің жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

22 апрель. Ленин советтік құрылыстың міндеттері және интеллигенцияның ондағы ролі туралы А. М. Горькиймен әңгімелеседі. Профессор С. П. Костычевтің ғылыми маңызы зор эксперименттер жүргізу үшін кейбір материалдарға мұқтаж екендігі туралы Горькийге жазған хатына Ленин Горький осындай мәселелер жөнінде тілек білдірген кезде оған барынша көмек көрсетудің қажеттігі туралы жарлық жазады.

Ленин Самарадан келген жұмысшылар Каюров пен Серебровты қабылдайды, олармен РСФСР-дің азық-түлік жағдайы туралы әңгімелеседі, олардың кедейлерді ұйымдастыру үшін деревняға жұмысшылар жіберу жөніндегі ұсынысын қолдайды.

23 апрель. Ленин В. И. Лениннің елу жылдығына байланысты оған сыйлық ретінде астық тиелген 20 вагонды Москваға жеткізген Түркістан майданының өкілдерін қабылдайды, олардан Самара мен Башқұртстандағы істің жайы туралы сұрайды, олармен совет өкіметінің міндеттері және партияның Түркістандағы саясаты туралы, Шығыстың отар елдерін азат етудің перспективалары туралы әңгімелеседі; жеткізілген вагондардың 10-ын шымтезек өндіруде істейтін жұмысшыларға, қалған 10-ын Москваның, Петроградтың және Иваново-Вознесенскінің балаларына беруге нұсқау береді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді; барлық ведомстволар мен мекемелердің «Гознакқа» жәрдем беруі туралы мәселе жөніндегі қаулының жобасын жазады; француз кәсіпкерлерімен товар айырбасының шарттары туралы Л. Б. Красин мен М. М. Литвиновқа берілетін жауап телеграмманың жобасын редакциялайды. Мәжілісте сондай-ақ су-техника отрядтарын ұйымдастыру туралы, армияда жүрген мамандарды пайдалану жөніндегі практикалық шаралар туралы және мамандардың тиімсіз пайдаланылуын түпкілікті тергеу туралы, пристаньдарда және су жолымен тасымалдау кезінде азық-түлік жүктерін күзету туралы, су транспорты үшін қызметкерлерді мобилизациялау туралы және бұл мобилизациялаудан Халық шаруашылығы жоғары советінің

мекемелерінде істейтін су жолы қызметкерлерін босату туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Егіншілік халық комиссариатына «Советтік Россияға эмиграцияға бару жөніндегі герман одақтарының біріккен ұйымымен» шарт жасасу праволарын беру туралы қаулының жобасы, Герман қоныстанушылар одағына жер бөліп берудің басты-басты негіздері туралы 1917 жылғы 7 августағы қаулыға енгізілетін қосымшаның жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин өзінің елу жылдығы құрметіне РКП(б) Москва комитеті ұйымдастырған коммунистік кештің аяқталатын кезіне қарай келіп, большевиктік партияның міндеттері туралы сөз сөйлейді.

26 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Украинадағы жағдай туралы, Дон облысы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

27 апрель. Ленин «Коммунизмдегі «солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітабын жазуды аяқтайды.

Ленин «Ғылым және демократия. 1904—1919 жж. мақалалар жинағы» деген кітапты оқиды; Ленинге бұл кітапты автор К. А. Тимирязев сыйға тартқан болатын; ол Тимирязевқа тартқан сыйы мен жылы шырайлы сөздері үшін алғысын айтып, хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; бірыңғай азық-түлік паегін енгізу туралы декрет жобасының талқылануына байланысты жобаға ескертпелер және декретті әзірлеу жөніндегі комиссияға директивалардың жобасын жазады; талқылаудың барысында Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының уақытша басқармасының бір топ мүшелеріне тағылған айыптар туралы Ф. Э. Дзержинскийдің баяндамасы бойынша қабылданатын қаулының, шетелден паровоздар мен олардың запас бөлшектерін сатып алу үшін әдейі сақталған қордан алтынмен 20 миллион сом қарыз алу

жөнінде Сыртқы сауда халық комиссариатына рұқсат ету туралы, советтік мекемелер мен лауазымды адамдардың телеграфты пайдалану тәртібі туралы, Сыртқы сауда халық комиссариатында туатын принциптік және ведомство аралық сипаттағы мәселелерді қарау үшін және Халық Комиссарлары Советіне ұсыныстар енгізу үшін комиссия құру туралы қабылданатын қаулылардың жобаларына түзетулер мен қосымшалар енгізеді.

28 апрель Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда транспортқа жұмыс істейтін заводтардың екпінді тобы туралы Халық шаруашылығы жоғары советі мен Қатынас жолдары халық комиссариатының келісімі туралы мәселе, стратегия мәселелері жөнінде бас қолбасшымен келісім жасау туралы баяндама, Польша туралы, ағылшын жұмысшы делегациясын қабылдау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда отын үнемдеу үшін жағдай жасау туралы қаулының жобасы, азық-түлік жұмыстарына бөлінетін ішкі күзет бөлімдеріне (ВОХР) Азық-түлік халық комиссариатының қатынасы туралы ерекше ереженің жобасы, паровоздардың запас бөлшектерін көптеп өндіруді және паровоздарды одан әрі көптеп жасауды ұйымдастыру үшін шұғыл шаралар қолдану туралы және басқа мәселелер талқыланады.

29 апрель. Ленин шыны-фарфор өндірісі жұмысшыларының Бүкіл россиялық съезінде сөз сөйлейді.

30 апрель. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда дәрігерлерді жедел даярлау туралы қаулының жобасы, Батыс майданға азық-түлікпен, дәрі-дәрмекпен және т. б. көмек көрсету шаралары туралы, барлық телеграф-телефон линияларын күрделі жөндеуден өткізу жөнінде шұғыл шаралар қолдану туралы және басқа мәселелер талқыланады.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

1920 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ҚОСЫМШАЛАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Л40 Шығармалар толық жинағы: Орысша 5-бас. аударылды. / Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты.— КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.— Алматы: Қазақстан.— Басп. 1973 жылдан шығады.

Т. 40. Декабрь, 1919— апрель, 1920.
1980—580 бет.

ББК 11,5
3К2

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
М. Г. Власова

Дайындаушының көмекшісі
Г. Ю. Вульман

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Я. С. Цырульников

Есімдер корсеткішін дайындаған
С. Ф. Буточникова

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдері туралы материалдарды, В. И. Лениннің табылмаған еңбектерінің және ол редакциялаған документтердің тізімдерін дайындаған
Э. В. Клопов

Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 1264

Сдано в набор 19. 12. 79 г. Подписано к печати 23. 12 80 г. Формат $84\times108^1/_{32}$. Бумага тип. № 1. Обыкновенная новая гарнитура. Высокая печать. Физ. лист. 18,125+3 вкл. $^1/_4$ П. л. Усл. п. л. 30,66. Уч. изд. л. 27,36. Тираж 15000 экз. Заказ № 231. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера. 41.